



«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша  
шығарылып отыр

**“Мәдени мұра”  
Мемлекеттік бағдарламасын  
іске асыру жөніндегі  
қоғамдық кеңестің құрамы**

Әшімбаев М.С., *кеңес төрағасы*  
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*  
Абдрахманов С.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Биекенов К.Ү.  
Бұрханов К.Н.  
Досжан А.Д.  
Ертісбаев Е.Қ.  
Есім Ғ.  
Қасқабасов С.А.  
Қошанов А.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сейдімбек А.С.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.Қ.  
Түймебаев Ж.Қ.  
Хұсайынов К.Ш.  
Шаймерденов Е.



ӘДӘЛЕТ

ЖАЛПАҚТЫҚ



20 томдық

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

Қасқабасов С., *төрага*  
Қорабай С., *төраганың орынбасары*  
Егеубаева С.  
Жолдасбеков М.  
Жүсіпов Қ.  
Келімбетов Н.  
Қирабаев С.  
Мағауин М.  
Мұқанов М.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әзібаева Б.  
Егеубаева С.  
Жармұхамедұлы М.  
Қорабай С., *жауапты редактор*

Томды баспаға дайындаған: Егеубаева С.

Сарапшы: Әміренов Ә., *филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# ӘДЕБИ ЖАЛПЫ АҒАМА

5 - том

Жүсіп Баласағұн

ЖҮПТЫ АҒАМА

  
Алматы

Алматы 2007

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр*

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

Ә22 **Әдеби жәдігерлер.** Жиырма томдық.

5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. — 536 бет. — (Әдеби жәдігерлер)

ISBN 9965–806–42–X

Орта ғасырдағы көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Баласағұнның (1017—1075) «Құтты білік» («Құтадғу білігі») дастаны — әлем әдебиетінің асыл мұраларының бірінен саналатын өлеңмен жазылған трактат.

Түркі халықтарына ортақ классикалық көне дәуір туындысында халқымыздың рухани жан дүниесі мен өмір салты терең ашып көрсетілген. Дастанда сондай-ақ жалпы адам баласын ғасырлар бойы толғандырып келген ізгі мұраттар, оқу, білім, тіл өнері, ел басқару, құқықтық, этикалық және т.б. имандылық мәселелері қамтылған

Ә 470280000–13  
00(05)–07

ББК 84(0)4

© Егеубаев А.Қ., 2007  
© Әдебиет және өнер институты, 2007  
© «Таймас» ЖШС, көркемдеу, 2007

ISBN 9965–806–42–X (5-т.)  
ISBN 9965–806–42–1

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚАДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV—XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жарыққа шығару.

Оқырманға ұсынылып отырған «Әдеби жәдігерлер» сериясының бесінші томы орта ғасырда өмір сүрген аса көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Хас Қажыб Баласағұнның «Құтты білік» дастанына арналып отыр.

Қазақ жерінде орналасқан ежелгі Баласағұн қаласында өмірге келген Жүсіп есейе келе Фараб (Отырар), Қашқар, Бұхара қалаларынан білім алған өз заманының алдыңғы қатарлы зиялы адамдарының бірі. Өзінің атақты «Құтты білік» философиялық дастанын Қарахан әулетінен шыққан Табғаш Қара Боғраханға арнап жазған. Бұл еңбегі үшін Жүсіпке Хас Қажыб атағы беріледі.

«Құтты білік» («Құтадғу білігі») — әлем өркениеті тарихынан мәңгілік орын алған түркі тектес халықтардың тұңғыш классикалық шығармасы. Түркі тіліндегі энциклопедиялық туынды болып саналатын дастанды орта ғасырларда ирандықтар — «Туран шаһнамасы», туған жұрты — түркілер — «Хандардың әдеп-қағидалары», машындықтар — «Мемлекеттің дәстүрі», бүкіл шығыс әлемі «Өмір зейнеті», «Падишаларға насихат» деп таныған, түркі зиялылары «Құтты білік» деп атап, бұл кітапты ұлылықтың негізі деп білген.

Жүсіп Баласағұнның атақты дастанында адамгершілік, философиялық тәмсілдер, парасат пен ақыл-ой сұлулығы, жар таңдау, бала тәрбиесі, елдік құру, мемлекет түзу, ел басқару, тәлім-тәрбие мен білім-ғылым сияқты өмірлік, әлеуметтік мәні зор көкейкесті мәселелер жырланған.

Поэманы көрнекті түркітанушы ғалым В.В.Радлов 1891—1900 жылдары алғаш рет түркі тілінен неміс тіліне түпнұсқасынан аударып, бүкіл әлемге танытты. 1971 жылы Н.Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген атпен дастанның орыс тіліндегі еркін аудармасын жасады. 1983 жылы С.Н.Иванов «Благодатное знание» деген атпен алғаш рет орыс тіліне аударды. 1986 жылы белгілі ақын, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Құрмашұлы Егеубаев (1950—2006) дастанды алғаш рет қазақ тіліне аударып, оқырман назарына ұсынды. Ғалымның бұл аудармасы 1989 жылы Пекин қаласындағы «Ұлттар» баспасында араб әрпімен екінші қайтара басылды.

Томға енгізіліп отырған дастан мәтіні А.Қ.Егеубаев аударған соңғы басылым — «Жүсіп Баласағұн. Құтты білік» (Алматы, Өлке, 2006) кітабы бойынша дайындалды.

«Әдеби жәдігерлер» сериясының талаптарына сәйкес том А.Қ.Егеубаев жазған ғылыми түсініктермен толықтырылды. Онда жер-су, жұлдыз атаулары, мифологиялық және ұғынықсыз сөздер, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге түсініктер, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған резюме, пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді. Сондай-ақ том А.Қ.Егеубаевтың «Құтты білік» дастаны туралы жазылған «Түркі әлемінің ұлы мұрасы» атты кіріспе мақаласымен ашылды.

«Құтты білік» дастанының А.Қ.Егеубаев аударып дайындаған басылымы еш өзгеріссіз күйінде беріліп отыр.

## ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҰЛЫ МҰРАСЫ

### Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білігі» (XI ғ.)

Ежелгі Түркістанның батысы мен шығысында бірдей IX ғасырдан бастап-ақ ықпалды іргелі елдік құрған Қарахандар әулетінің билігі дәуірлеп тұрған заманнан (841—1212 жж.) бізге жеткен Жүсіп Хас Қажыбтың «Құтты білік», Махмұт Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі», Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» туындылары мен Құранның түсіндірмесі адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұралары болып отыр. Осындай кең толғамды, парасатты пайымдаулары мол ғылыми ойдың, ақындық өнердің үздік дара туындыларының дүниеге келуіне белгілі бір өркениетті ахуалдың құнарлы топырағы, тарихи-әлеуметтік орта тынысы мен қоғамдық-саяси жағдайлардың заңдылықтары, алғышарттары болғаны күмәнсіз. Бұл классикалық шығармалар сол кездің өзінде белгілі дәрежеде әдеби-мәдени дәстүрдің, көркемдік-эстетикалық танымның қалыптасқан мектебінің болғандығын меңзейді. Мұндай үрдісті, өркенді шығармалардың дүниеге келуі, жазылуы — тұтас бір шығармашылық кезеңнің, өрісті дәстүрдің мәуесі. Сол кезеңнің өзінде-ақ түрлі ірілі-ұсақты, мәнді-мәнсіз сан алуан шығарма, жазбалардың болғандығын бүгінге дейін сақталып келген түрлі тізбелерден («Библиографиялық көрсеткіштер») жақсы аңғаруға болады. Бір қызығы, Орта Азия мен Қазақстан жерінде жазылған шығармалар, кітаптар жөніндегі көне сипаттамаларда, библиографиялық тізбелерде осы екі ірі еңбектің аты да аталмайды. Өлдебір елеусіз, орта қолдау авторлар жөнінде нақты деректер жиі кездеседі. Мәселен, Әбу Сейіт Сәмәдидің (1113 ж.ө.) белгілі «Китаб әл-әнсәб» атты еңбегінде сол дәуірдегі белгісіз, ұсақ авторлар жөнінде жүздеген бет мағлұматтар жазылғанда, Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқаридың әлемге аян еңбектері хақында еш дерек түспеген. Аталып, түстеліп, хатталып ен тағылған шығармаларға қарағанда «Құтты білік» пен «Түркі тілі сөздігінің» бізге тұтастай сақталып жеткені де ерекше жағдай.

Түрік мәдениетінің ұлы да ұлағатты әдеби ескерткіші «Құтадғу білігі» дастанын жазған Жүсіп Баласағұнның өмірі мен қызметі, мақсаты, жас шамасы хақындағы там-тұмдаған деректерді негізінен шығарманың өз тексінен ғана табамыз. Дастанның ел өміріндегі маңызы, сипаты мен қасиеті, мұрат-мақсаты мен тілі жайлы мағлұматтар да тексте кездесетін (кіріспе, қорытынды тарауларынан) автордың өз пайымдауларынан жақсы аңғарылады.

Жүсіп Хас Қажыб X ғасырдың соңы мен XI ғасырдың алғашқы жылдарында қазіргі қазақ елінің жер ауқымына енетін ежелгі Баласағұн шаһарында туып өскен, атаулы этикалық-философиялық даналық мұрасын жазып қалдырған ғұлама ғалым, ойшыл ақын.

Жүсіп Хас Қажыб 1010—1015 жылдар шамасында Шудың бойында, Талас даласында Баласағұн шаһарында дүниеге келген. Баласағұн мен Қашқар

сол кезеңдегі Қарахан мемлекетінің бас қалалары ретінде елдің батысы мен шығысындағы ірі орталықтар, қос астана екендігі тарихтан белгілі жайлар. Ғұлама ойшылдың туған жылы, өмір сүрген дәуірінің хронологиясы туралы пікір, болжамдар әр түрлі. Зерттеушілер оны негізінен шығарма деректеріне, текстегі мағына, меңзеулерге сүйене отырып есептеп шығарған. Түркияның атақты ғалымы Рәшит Рахмати Арат ақын атақты дастанын аяқтағанда шамамен 54 жаста болған, демек, 1015—1016 жылдары туған деген болжам айтады. Ал сол елдің екінші бір әйгілі зерттеушісі А. Ділашар Жүсіп Хас Қажыб дастанды жазуды елу жасында бастаған, сонда 1018 жылы туған болып шығады деп жазады. А. Ділашар ойшыл ақын 1068 жылы Қашқарға аттанды, шығармасын сонда жазды деген де болжам білдіреді. Дастанның кіріспесінде: «Қашқарда жазып бітірдім», — деген дерек түсірілген (24,25,59-бәйіттер). Соған сүйенсе керек. Дегенмен, Баласағұнда бастап Қашқарда аяқтаған деген Р.Р. Арат пікіріне ден қойған жөн деп ойлаймыз. Бұған мынадай мысалдарды да келтіре кеткеннің артықшылығы жоқ. Жүсіп Баласағұнның өзі «Иыл алтмыш екі ерді төрт иүз білә, бітиу түкәттім бұ сөз үлгүлә» (6495-бәйіт)\*, «Түкәл он сәкіз айда айдым бұ сөз, Өдүрдүм адырдым сөз әудіп терә» (6624)\*\*. «Бұл сөзді үлгілеп 462 жылы жазып бітірдім», «Он сегіз айда айттым бұл сөзді, сөздерді теріп түзіп сараладым, таңдадым», — деп жазады. Тексте айтылғандықтан болар, зерттеушілердің дастанның жазылған жылына қатысты пікірлері негізінен бір жерден шыққан. Тек Құрбанғали Халид қана «Тауарих хамса» кітабында (Қазан, 1910 ж.) Баласағұнның «Иыл алтмыш екі ерді төрт иүз білә» дегені ескі жыл санау бойынша төрт жүзінші жылдың алпыс екінші жылы еді деген мағынада, яғни хыжра бойынша 362 жыл болып шығады деп түсіндіреді де, Уамбери (Г.Вамбери), тағы басқа Еуропа зерттеушілерімен бұл мәселеде келіспейтінін жазады. Құрбанғали Халид өз пікірін кітабының «Алты шаһар хабарлары» тарауында: Һарун өлген соң Садық таққа отырып, айналасының бәрін ислам дініне енгізді (350—400 хыжра) деп дәйектей отырып, Садықтың уәзірі Жүсіп Қыдырхан — лақабы имам Патшах — «Құтадғу білігі» кітабын жазып, Садық Бұғраханға тарту еткен. Жүсіп Қыдырхан хан болмаған, атына «хан» сөзінің тіркелетіні өз аты солай болу керек. Себебі Бұғраханнан ұл болмай, Нұрғалия хан атты жалғыз қызы қалып, содан Алып Арыстан хан туады деп, Алып Арыстан хан таққа отырғанға дейінгі бірқатар жайларды айқындап кетеді. Садықтың атын (915—955 жж.) С.Г.Кляшторный да тілге тиек етеді.

Ал А.Н.Кононов өз кезегінде В.В.Бартольдқа сүйеніп, ол кезеңдегі Қарахандар билеушісінің аты-жөнін: «Тауғаш-Бұғра-Қарахан Әбу Әли Хасан, Арслан Қарахан Сүлеймен ұлы» деп білдіреді. С.Г. Кляшторный: «Дастан сыйға тартылған елбасының аты арабша Әбу Әли әл-Хасан, лақабы Нәсір әл-хақ-уад-дин Мәлік әл-машрық еді де, түркіше лауазым-мәртебесі Тауғаш Бұғра Қарахан болатын», — деп түйеді. Дастанның жазылуының тарихи себептерін, әрі түркі жұртына мұсылмандық ұшқындары келе бастаған кезеңдегі туған шығарма екендігін ескерсек, Құрбанғали Халид айтқандары жобаға үйлеседі. Әйтсе де осы күнге дейінгі зерттеулердің бәрінде де В.В.Бартольд болжамы

\*Жүсіп Хас Қажыб. Құтадғу билігі. Пекин: Ұлттар, 1984. 1328-бет.

\*\* Бұл да сонда. (Дастанның әр бәйітінің рет саны болғандықтан, бұдан былай беттерін көрсетпедік.)

негізге алынып жүр. Біз де жылдар бойы дүние жүзі түріктанушыларының танымында қалыптасқан тұжырымға тоқтағанды жөн көрдік.

Сөйтіп, Шу бойынан шыққан Жүсіп осынау қалың елдің моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында жазып, сол «Құтты білік» атты даналық дастаны ғұлама атын күллі Туран еліне, Шығыс әлеміне танытты. Батыс пен Шығысты тең шарлап кеткен бұл әдеби жәдігер он ғасырдай мерзім өткенде өз атамекеніне оралғандай болды, 1986 жылы қазақ жерінде өз ана тілімізде алғаш рет жарық көрді\*.

Сол X—XII ғасырлардың өзінде-ақ Орта Азия, Қазақ елі аумағын мекендеген халықтардың мәдени даму биіктерінің бірі болған философиялық поэманың даналық ойлары күні бүгінге дейін аса құнды, өміршең. «Құтты білік» — ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш шығармасы. Философиялық толғамдарымен де, көркемдік нақыстарымен де, поэтикалық ойлау ерекшелігімен де шеберліктің үздік үлгісіндей бұл ауқымды дастан сол дәуірдегі өнер өрісін, көркемдік таным биігін қапысыз аңғартады. Дастанға белгілі түріктанушы, академик А.Н.Кононов: «При всей своей моралистической направленности «Кутадгу билиг» не является и не может считаться, как иногда на этом настаивают, книгой сухих этико-дидактических наставлений и нравочений. Это — философское произведение, в котором анализируется смысл и значение человеческой жизни и определяются обязанности и нормы поведения человека в обществе; при этом Юсуф не страшится критиковать общество, в котором он сам живет»,\*\* — деп сипаттама берсе, туындыны орыс тіліне толық, еркін аударып шыққан С.Н.Иванов: «Благодатное знание» — выдающееся произведение тюркоязычной литературы (XI в.)\*\*\* деп бағалайды. Дастанның авторы әлеуметтік-эстетикалық, адамгершілік-имандылық мұраттарды халықтың санасына жақын қарапайым да қанатты тілмен, сол кездегі ғылыми танымның жоғары деңгейінде аса ұғынықты, ұтымды жеткізеді. Бүгінгі халық әдебиетіндегі, халықтың тұрмыс-дәстүріндегі моральдық-психологиялық, эстетикалық ерекшеліктердің, заңдылықтардың сол XI ғасыр шығармасындағы сүттей ұйыған негізін, тұғырын көргенде, түптеп келгенде, шынайы творчество, құбылыс жалпы халық санасымен, халықтың эстетикалық ой-өрісінің даму деңгейімен тікелей сабақтас екеніне тағы бір көз жеткізгендей боламыз. «Құтадғу білігтен» орта ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың, ғылым мен мәдениеттің, тіл өнерінің, саясаттың даму дәрежесін де пайымдап, мол мағлұмат аламыз.

Жүсіп Баласағұнның бұл кітабы арқылы қарахандар дәуіріне барлау жасап, тарихи-этнографиялық, ақпараттық-эстетикалық, тіл ерекшеліктеріне қатысты орамдарға байланысты құнды пайымдаулар түйіндеп, пікір қорытуға болады. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Сол заманғы ғылым мен мәдениеттің

\* Ж.Баласағұн. Құтты білік. Ауд. А. Егеубаев. Алматы: Жазушы, 1986.

\*\* Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласағұнского «Благодатное знание». Юсуф Баласағұнский. Благодатное знание. М.: Наука, 1983. С. 507.

\*\* Иванов С.Н. О «Благодатном знании» Юсуфа Баласағұнского». Там же. С. 518.

жетістіктері де аңғарылып отырады. Дастан көне түрік өркениетінің мәуесі болғанымен, жалпыадамзаттық, адамгершілік-имандылық мұраттарды терең толғап, күллі адам баласына тән ізгі қасиеттерді ұлағат етіп ұсынады. Академик А.Н.Кононовтың жоғарыда аталған еңбегіндегі: «В «Кутадгу билиг» нашли свое выражение идеи давно волновавшие многие народы», — деген тұжырымды ойы өте әділ айтылған баға.

«Құтадғу біліг» 1069 жылы он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы — Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тарихта ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі — Баласағұнда (зерттеулерге қарағанда ертеректе Күз Орда деп те аталған) туып-өскен — Жүсіп Баласағұн. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында жазған. Шу бойындағы Баласағұн қаласында бастаған бұл шығармасын Қашқарда аяқтап, Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту етеді. Хан ойшыл ғұлама еңбегін жоғары мәртебелеп, «Хас Қажыб» деген лауазымды атақ, өз қасынан бас кеңесшілік қызмет берген. Сөйтіп, Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған.

Қарахандар мемлекетінің тарихын талдап, зерттей түсу дастанның қоғамдық-әлеуметтік, тарихи негізін, алғышарттарын білуге көп көмегін тигізеді анық.

Ғылымда бұл жөнінде бірқатар зерттеулер, болжамдар, қарама-қайшы пікірлер баршылық (В.В. Григорьев, В.В. Бартольд, О. Притсак, В.В. Радлов, О.Г.Большаков т.б.).

Алтай түркілерінің УІ ғасырдың орта тұсындағы Тынық мұхит — Қара теңіз аралығына дейін созылған елеулі ықпалы деректерден белгілі. ІХ ғасырға дейін ұлан-ғайыр жер аумағында қуатты империя құрған батыстүркі мен шығыстүркі қағанаты ішкі алауыздықтың, сыртқы жаугершіліктің әсерінен күйреді. Іргесі ыдырап, сөгілді. Ол дәуірден әлем мәдениетінің жалпыға мәлім ірі феномендері, әйгілі түркі сына жазулары, Орхон — Енисей ескерткіштері, күні бүгінге дейін әр аймақтан табылып қалып жүрген балбалдар қалды. Содан кейінгі ІХ—XIII ғасырлар арасы (841—1212 жж.) Қарахандар әулетінің дәуірлеген дәуірі. Қарахандар әулетінің, ханының, империясының шығуы жөнінде онға тарта болжам бар. Қазір қарахандар мемлекетінің негізі қарлықтар (В.В. Григорьев) деген болжамға ден қоюшылар басым. Қарахандар елі «Афрасиаб үйі», «Мүлік әл-Хақани» деп те аталған. В.В. Бартольд та негізінен Қарахандар әулетінің саяси, әлеуметтік, мәдени қаңқасын құраған үш тайпаны ғана атайды. Олардың қатарында қарлық та бар. Қарлықтар кімдер? Батыс Алтай аймағын, Қара Ертісті қапталдай мекендеген түркілер. Қарлықтардың (таулықтардың) алғашқы легі Орта Азияға VIII ғасырдың басында-ақ өтіп, Әмудария жағасына дейін жеткен. Алтайда, Тұғарстанда, Жоңғарияда иелік ете берген. Ал 681—682 жылдары, Монғолияда екінші түрік қағанаты пайда болғанда, қарлықтар «Өтүкен қожалықтарына» бағынады. Мұны келтіріп отырғанымыз «Құтадғу білігте» «Өтүкен», «Өтүкен бегі» деген атаулар кездеседі... Дастан беттерінде кездесетін шығыл, йағма атауларына да, адам аттары мен жер-су атауларына да әдеби еңбектегі тарихи шындықтың түйінді бір деректері деп қарау керек. «Возникновение Караханидского каганата было естественным следствием развития древнетюркской государственности, носителями которой стали карлуки. Они унаследовали западно тюркский каганат и восстановили ту систему, которая сложилась, в основных чертах,

еще в VI в.»\* Тарихшы М.Ақынжанов: «...қарлықтар Алтай, Тарбағатай тауларынан бастап, Жетісуға дейін, одан әрі Талас, Сырдария өзендеріне дейін өзіне қаратып, 766 жылдары Қарлы атымен феодалдық мемлекет құрды. УШ ғасырдың аяғында, IX ғасырдың басында бұл мемлекет өте күшейіп... қазақ аталып кеткен барлық ру-ұлыстарды бағындырды»\*\* деген жеке өзінің байламын осыдан қырық жыл бұрын жазады. Кляшторныйдан алған мысалмен салыстырып көргенде ойландыратын да пікір. Дастан мәтінінде «Йабғу» деген сөз кездеседі. «Йабғу, — деп жазады «Худуд әл-әлемнің» авторы, — бұл қарлықтар ханының бұрынғы лауазымы». Әл-Жиһәзи, Гардизи Тахир Мәрбәзи және әл-Мәсудидің дәлелдері бойынша, ұйғырлар ықпалы әлсіреген кезде түркі тайпаларына жоғарғы билік қарлықтың Йабғасына көшті.

Қарахандар елінің ең жоғарғы, мәртебелі қаған (шығылдар) орталығы Баласағұнда орналасады да, кіші қаған (йағмалар) орталығы әуелі Таразда болып, кейін Қашқарға (Ордакент) ойысады. Осы кезеңдерде, кейін XII ғасырдағы жаугершілік уақыттарда да Баласағұн тарихи оқиғалардың нақ ортасында тұрды. Ескі екі керуен жолының біреуі Самарқанд — Ташкент — Тараз — Баласағұн арқылы Қытайға ұштасып жатты. Шу өзенін бойлап Іле Алатауының бауырына қарай тартқан жол Шелекті басып Шығыс Түркістанға, бір тармағы Іледен асып, Қойлық, Қопал, Алакөл арқылы Монғолияға бастайтын жаңа керуен жолы да батыс пен шығысты жалғастыратын күретамырлардың бірінен саналған. Осының өзі-ақ Баласағұн шаһарының дамуына қызу ықпал жасаған. Кейін, XIII ғасырда, Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырада «Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз, Кісі көркі — жүз, Жүздің көркі — көз» деген «Құтты біліктің» бір бәйіті жазылғаны тегін болмас..

«Құтты білік» көшірмелерінің өзі бір шеті Мысырдан, бір шеті Венадан шығуы тағы да кездейсоқтық деп ойламаймыз. Бұл мәдени даму тынысының қарымдылығының, қызу қарым-қатынас пен өркениетті үрдістің белгісі. Баласағұн қаласының орны жөніндегі болжамдар да біршама. Мысалы, В.В.Бартольд күйреген Ақ Бешім мен Боран бекеті ме деп шамалайды. Қазақ ғалымдары (*проф. Ф. Шәлекенов*) қазіргі Ақтөбедегі экспедициялық іздестіру, зерттеу жұмыстарына сүйеніп, оны Баласағұн деп дәлелдейді. Қалайда, Жетісу жеріндегі қазақ даласындағы іргелі астана.

Баласағұн қаласы — тарихта әлденеше күйреп, әлденеше қалпына келтірілген көне шаһар. Бірақ біздің негізгі әңгімеміз негізінен түркі жұртының тұңғыш классикалық дастаны хақында болғанымен, шығармаға қатысты деректердің қай-қайсысы да назардан тыс қалмауға тиіс. Сондықтан да, толық болмаса да, сол дәуір, қала жайлы бірді-екілі тұжырымды мағлұматтарды білдіре отырғанды жөн санадық.

Дастанның басты мақсаты — бақытты қоғам, құтты ел түзу ғой. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап, мемлекет құру, ел басқару ісіне дейін баянды баяндайды. Ғұлама ақын бірде өмір, тұрмыс заңдылығынан туған, бірде қиялын оятқан утопиялық тебіреністерге бағады, терең мағыналы пәлсапалық пайымдаулар түйеді. Баласағұн — ірі саяси, мәдени кіндік шаһар. Орта ғасырлардағы тарихи керуен жолдарының оған соқпай өткені жоқ. «Құтты білікте» елші, жиһанкездердің, саудагерлердің, колөнершілердің мінез-құлқы, олармен

қарым-қатынас жасау реттері жеке-жеке арнайы тарауларға негіз болғандығы тегін емес. Осындай сараң деректердің өзі-ақ сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайдан хабардар етеді. Қаласәулеті, сауда-саттықтың өркендеуі, отырықшылықтың қалыптасуы, өнер, ғылым — осының бәрі де «Құтты білік» секілді дастанның дүниеге келу заңдылығын, тарихи алғышарттарын танытады.

Дастанның өз кіріспесінен де кітаптың сол кезде-ақ дүниеге кеңінен мәлім болғанын білеміз. «Машрық уәлаятында, күллі Түркістан елдерінде Бұғрахан тілінде, түркі сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты әр кезде ешкім жазған жоқ»\*. Машын, Шын, Шығыс елдерінде «Шахтардың әдеп-қағидалары», «Мемлекеттің дәстүрі», «Өмір зейнеті» десе, ирандықтар «Шахнама түркі», бағзы біреулер «Падишаларға насихат», турандықтар «Құтадғу білігі» десіп ат қойыпты\*\*.

Бізге «Құтты біліктің» үш қолжазбасы жеткен. Әрқайсысының тағдыры, бүгінге жету жолы бір-бір аңыз, өзінше бір тарих. Вена нұсқасы Венада сақтаулы тұр. Кейде көшіріп алынған жеріне қарай Ғират нұсқасы деп те аталады. Академик А.Н.Кононов көшірушінің есімі Хасан Қара Сейіл Шамс (?) болу керек, ... 1439 жылы 17 маусымда көшіріп біткен деген пікір білдіреді\*\*\*. Араб әрпімен жазылған нұсқадан ұйғыр әрпімен көшірілген. Бұл қолжазба белгісіз себептермен Ғираттан Тоқат қаласына (Түркия) жетеді, одан 1474 жылы Стамбұлдан шығады. «Хыжра бойынша 879 жылы, жылан жылы Тоқаттан Стамбұлға Фенәризада Қади әлі Әбдіразак Шейх-заде Бақсы үшін жаздырып алады»\*\*\*\*. Бұдан кейін қолдан-қолға көшіп жүргенге ұқсайды. 13—14-бетінде: «Біз Налбанда Хамзадан сатып алдық. Хайреддин молланың жұма мешітінің жанында; делдал Хожа Қажы куәгер» (190) деген жазуы бар. 1796 жылы елшілік қызметте жүріп Австрия ғалымы Иосиф фон Хаммер-Пургшталь (1774—1856) букинистен сатып алып, Венадағы Король кітапханасына тапсырады. Вена нұсқасын тұңғыш рет венгер ғалымы Г.Вамбери 1870 жылы Инсбург қаласында бастырып шығарды. Сәл кейінірек, 1890 жылы, орыс ғалымы В.В. Радлов жариялағты.

Екіншісі — араб әрпімен жазылған Каир нұсқасы; 1896 жылы Каирде кітапхана директоры, неміс ғалымы Б. Мориц тапқан. Каир нұсқасының көшірмесін 1898 жылы В.В. Радлов Петербург ғылым академиясының Азия музейіне алдырған. Мұны да бастырып шығарған. Көшірме қазір Ресей ғылым академиясы Шығыстану институтының Ленинград (Санкт-Петербург) бөлімшесінің қолжазбалар қорында сақтаулы.

Үшіншісі — ең толығы, жақсы сақталғаны Наманған (Ферғана) нұсқасы. Араб әрпімен жазылған. 1913 жылы Наманған қаласынан, Өзбек КСР-і, Мұхамедхожа ишан Ләләріш дегеннің жеке кітапханасынан А.З. Валидов тапқан. Кейінірек, 1925 жылы, өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте қысқа сипаттама жазады.

Қазір Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақтаулы.

Үш нұсқаны салыстырып қарағанда, Каир, Наманған нұсқалары өзара

\* *Жусін Баласағұн*. Құтты білік. — Ауд. Аскар Егеубай. А., 1986.

\*\* Сонда.

\*\*\* *Кононов А.Н.* Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание», в книге Ю.Баласагунский «Благодатное знание». М., 1983.

\*\*\*\* *Р.Р.Арат*. Құтадғу билигі. I. Метин. Истамбул, 1947.

\* *С.Г. Кляшторный*. Эпоха «Кутадгу билиг». Советская тюркология. №4, 1970.

\*\* *М. Ақынжанов*. Қазақтың тегі туралы. А.: Қазмембас, 1957. 29-бет.

жақын, үндес келіп отырады да, Вена-Гират нұсқасы көп жағдайда бұлардан алшақтап кетеді.

«Құтадғу біліктің» үзінділерінің неміс тіліндегі алғашқы аудармасы мен толық басылымын Г. Вамбери жасаған. Одан кейін В.В.Радлов өзінің мәтіні мен өзінің неміс тіліндегі аудармасын жариялағты. Үш қолжазбаның басын қосып, транскрипцияланған құрама мәтінін, аудармасын, индекстік сөздігін жасаған түрік ғалымы Р.Р.Араттың сіңірген академиялық еңбегі аса зор.

А.А.Валитова диссертация, мақалалар жазып, сыни мәтінін құрастырды. Кезінде француз ғалымы А.П.Жауберт, дат ғалымы В.Томсон, неміс дәрігері Отто Альбертс, Н.И.Ильминский, Ф.В.Мюллер, А.Лекок, тағы басқалар әр түрлі дәрежеде назар аударып, пікір білдірген.

Егер тарихи дәйектілікке жүгінсек, ғылым алдындағы әділдік үшін алғашқы зерттеуші ретінде, шартты түрде болса да, француз ғалымы А.П.Жауберт (1779—1847 ж.ж.) есімін атауға тиіспіз. Мәтінің мазмұнын түсіндіріп, оқуда жіберіп алған елеулі ауытқуларына қарамастан, оның «Құтадғу білігі» арналған хабарламасы алғашқы ғылыми көзқарас болды әрі поэмаға бірқатар ғалымдардың назарын аударды.

Флюгель, И.Н.Березин, Н.И.Ильминский соның мақаласына сүйенді. Содан кейін барып Г.Вамбери, В.В.Радлов...

Өзбек тіліндегі жолма-жол аудармасы мен өзбек әліппесінің ыңғайына қарай транскрипцияланған мәтіні Ташкентте 1972 жылы (Қ.Кәрімов) жарық көрді. Орыс тілінде таңдаулы тараулары тым еркін, көркемделіп аударылып «Наука быть счастливым» деген атпен 1977 жылы (Н.Гребнев, «Худ. лит.» баспасы), толық әдеби аудармасы 1983 жылы (С.Н.Иванов, «Наука» баспасы) жарыққа шықты. Ұйғыр тіліндегі аудармасы мен ұйғыр фонетикасының ерекшеліктері ескеріле отырып, латын әрпімен транскрипцияланған мәтіні Пекинде 1984 жылы (бір топ аудармашылар) жарияланды.

Қазақ тілінде толық мәтіні көне түрік тілінен тұңғыш рет аударылып, 1986 жылы (А.Қ.Егеубаев, «Жазушы» баспасы) жеке кітап болып шықты. Осы басылым 1989 жылы Қытайда (Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Пекин, «Ұлттар» баспасы; ауд. А.Қ.Егеубаев.) араб әрпімен екінші қайтара жарияланды. Осы аударма, зерттеу еңбегінің нәтижесінде 1989 жылы «Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» дастанының (XI ғ.) қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына идеялық-көркемдік әсері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды.

«Құтты білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түрік тілдес халықтар тарихындағы әдебиеттану, тілтану, тарих, мәдени-тарихи қатынастар саласындағы алатын орыны, маңызы мен мәні аса зор. Бұл тұрғыда қазақ халқының да рухани-кәметтену жолының күретамыры Жүсіп Баласағұнның эстетикалық әлемінде жатыр. «Құтадғу білігі» дастанының Орхон-Енисей жазбаларымен (V—VIII ғғ.) тамырластығы және XIV—XV ғасырлардағы қазақ жырауларының үрдісімен, классикалық қазақ әдебиеті үлгілерімен сабақтастығы өркенді әдеби дәстүр арнасын танытады. Қазақ мақал-мәтелдерімен, қанатты сөздерімен, шешендік сөздер табиғатымен, Абай тағылымының, Шәкәрім қажының көркемдік дүниесінің Жүсіп Баласағұнның рухани-көркемдік әлемімен жарастығын білдіретін желілер өте көп.

Поэmanın философиялық-эстетикалық таным өзектері, мәтінің образды-семантикалық құрылысындағы ерекшеліктер мен заңдылықтар түрік поэзиясының төл сипаттарын саралауға да мүмкіндік береді. Ел ішінде ежелден кен таралған адамшылық, имандылық хақындағы, өмір, тіршілік жайлы тұжырымдардың, ырым-нанымға, танымға айналып кеткен қағидадай әдет-ғұрып, салттарының бедерлі белгілерінің ескі мұра беттерінен, өлең шумақтарынан, ұшқыр сөздерден, мақал-мәтелдерден көзге жылы ұшырай жамырап көрінуінің өзі тарихи көркем танымның, тарихи поэтиканың, тарихи сананың мағыналы заңдылықтары.

«Құтты біліктегі» қазіргі қазақ әдебиетінде қаз-қалпында жүрген ұшқыр сөз, мақал-мәтелдердің бірқатарын өзбек, қырғыз, татар, ұйғыр халықтарының әдебиетінен де кездестірдік.

Осылардың өзі-ақ дастанның поэтикасының тарихилығын меңзейді. Бұл орайда И.В.Стеблева: «Первым оригинальным сочинением тюркоязычной художественной литературы до сих пор считается поэма XI в. «Кутадгу билиг» Юсуфа Баласагунского... Те формальные показатели, которые мы перечислили выше, позволяют считать памятник XI в. «Кутадгу билиг» первым произведением классической тюркоязычной литературы, которая в творчестве отдельных поэтов просуществовала вплоть до XX в.»\* — деген пікірін еске сала кеткеннің артықтығы жоқ. Қалай дегенде де, классикалық түрік поэзиясының тарихы осы «Құтадғу білігі» дастанынан басталағынына ешбір күмән болмасқа керек. Осы тұжырымды қолдайтын пікірлер де айқын\*\*. Түрік өлеңінің бір мәуелі бұтағы, түрік өркениетінің құнарлы өлкесінің бірі — қазақ өлеңі, қазақ халқының эстетикалық таным тәжірибесі осынау шоқтықты биіктерден айналып өтпеген, бірге өріліп, бірге көктеген. «Орхон-Енисей жазбалары» мен «Құтадғу білігі» сынды көп қырлы жауһарлардың ішкі-сыртқы бітімінен көзге ұрып тұрған қазақтың көркемдік әлемімен сабақтастық заңдылықтарын тереңнен талдап-зерделей түсу қазақ әдебиетінің тарихына да мағыналы да қызықты беттер қосатынына, рухани дүниеміздің тынысын кеңейте түсетініне күмән жоқ. Бұл желілер дастан мен классикалық қазақ әдебиеті шығармаларының арасындағы көркемдік-эстетикалық таным үрдісінің сабақтастығынан (1), образдар жүйесі табиғатының бірлігінен (2), жалпы поэтикасынан (3), тарихи сана мен тарихи танымның диалектикалық өзектестігінен (4), қоғамдық-әлеуметтік, этникалық түп-тегінің (топырағының) бірегей жаратылысынан (5) тарамдалады.

Түрік жырының тарихи поэтикасынан қазақ поэзиясының бұған дейін ауызға көп алына қоймаған тағы бір түйінді сипатын байқаймыз. Қазақ өлеңін, жалпы түркі поэзиясын былайғы жұрт әйтеуір бір шығыс саздары деп қарайды.

Ол анық.

Ал, шын мәнінде, қазақ жыры әу басынан-ақ абстракциялық солықтаулардан ада, бедерлі де тегеурінді, берік бітімді поэзия ғой. Керісінше, әсем саз, әсіре сыршылдықты ғана күйттеп кетпейтін, ойшыл һәм нақты-бейнелі поэзия үлгісі. Осы сипаттарды әсіресе ежелгі түрік жырларынан, оның ішінде «Құтты білік» дастанынан жақсы пайымдауға болады. Түрік-қазақ поэзиясына ежелден етене

\* Стеблева И.В. Поэзия тюрков V—VIII вв. н.э.: Автореферат дисс. на соискание ученой степени канд. филологических наук. М., 1965.

\*\* История всемирной литературы. Т. 2. М.: Наука, 1987.



тән сипаттар: метафора өзегіндегі нақтылық, дәлдік, ой-толғам желісіндегі өмірлік тәжірибе, тұрмыс-тіршілік диалектикасынан туған айқындық, троптар жүйесіндегі қолмен қойғандай тиянақтылық — осылардың бәрі де араб-парсы саздары басым көрінетін жалпы шығыс әлемінің көркемдік-эстетикалық шарттылықтарынан мүлде бөлек қасиеттер. Поэтика тарихындағы әр кезеңдерде әрқилы көрінгенімен, бұл сипаттардың өзегі бір көркемдік заңдылықтары қазақ поэзиясының бұрын-соңды ерекше қасиет-қисындарын, ішкі-тысқы өлеңдік табиғатын, дүние поэзиясы алдындағы өз үнін айқын, ашық танытады. Мысалы, дастандағы «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл!», «Жауды көрсе — ердің жүзі қызарар, «Жауға кірсе — жердің жүзі қызарар!», «Таяқты жауға темір қалқан дайында!» (бәрі де «Құтты білік» дастанынан) деген жолдарды хас поэзия емес деп айта аламыз ба, олай болса осындай бітімді жыр үлгісін басқа дүние поэзиясынан кездестіре аласыз ба? Бұдан да әсерлі, бұдан да қуатты поэтикалық түзілімдер болуы мүмкін, бірақ мына жаратылыс қайталанбайтын қуатты, күрделі құбылыс. Берідегі Ақтамберділер аса бір сыршыл махаббат сезімінің өзін айдан анық өрнекпен «Азу тісін ақситып аруды сүйер ме екенбіз!» — деп естен кетпес кесек суретпен елестетеді. Мұны ұққан ғана ұғар. Бәлкім, басқа дәуірдің, басқа этностың өкілдері (ақын-жыраулары) бұлай жырлау өз алдына, осының өзін түйсініп, көзіне елестете алмауы мүмкін.

Ұлттық бояуы қанық осындай поэзия үлгілерін бес ғасыр жырауларынан да аса жиі кездестіреміз.

Поэтикалық дәстүрдің осы арнасының өзі-ақ қазіргі қазақ жырының тарихи поэтика заңдылықтарын тереңнен аша түсетін толымды үрдіс.

«Құтадғу білігі» — дәстүр, поэтикалық таным биігін білдіретін арналы дәстүр.

Бұл сипаттама этикалық-даналық дастанның өз заманындағы, өзінен бұрынғы көркемдік, философиялық үрдіспен, кейінгі өзіне тектес әдеби-эстетикалық өркендермен тікелей тамырластығынан, рухани үндестігінен танылады. Жүсіп Баласағұнның дүниетаным, біліктілік тұрғыда сол кездегі әлемге мәлім ойшылдармен қанаттас түсіп отыратындығы көрініп тұрады. Неміс зерттеушісі, дәрігер Отто Альбертстің: «Юсуф в молодые годы являлся наследователем и даже учеником Авиценны», — деп топшылауы тегіннен-тегін айтылған сөз демейміз. Егер әлем философиясынан ондай аналогиялар іздесек, «Құтадғу білігі» дастанындағы әлеуметтік ойлар желісін ағылшын Адам Смиттің «Богатство народов» (1775 ж.) атты әйгілі де абыройлы еңбегінің үндес идеалдарымен ұштастыруға әбден болар еді. Бірақ біз үшін топырағы бір, рухы туыс Күлтегін жазуларымен, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» Әбу Нәсір әл-Фараби даналығымен, қазақтың бес ғасыр ойшылдарымен, Ұлы Абай философиясымен табиғи жақындығы әлдеқайда берік, әлдеқайда жанды жалғастық ретінде қадірлі. Дана Фарабидің қуатты қоғам, бақытты мемлекет туралы толғаныстары дүние жүзі ойшылдарынан лайықты бағасын алған. Осы әл-Фарабидің даналық ойлары мен Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-эстетикалық көзқарастарының сабақтастық желісі айқын аңғарылады. Фараби әлеуметтік трактаттарында ақыл, білім, ғылымның пайдасын, адамның құт-бақыты, жақсы әкімдердің құлық-табиғаты туралы көзқарастарын білдірсе, «Құтты білікте» осынау әлеуметтік мәні терең ой-толғамдар өлеңмен, дидактикалық поэзия үлгісімен көркем жырланады.

Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат» тағы басқа әйгілі туындыларының ой-идеялары мен «Құтты білік» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, бір тектес ел-жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Екі ғұламаның ел, ел басы, қоғам туралы ой-толғамдары бір арнадан тоғысып отырады. Екеуі де адамгершілікті, имандылықты, мейірім-рахымшылықты адам баласының асыл қасиеті ретінде жоғары қояды. Парасат, білімді адамшылықтың алды деп таниды. Барша жұртты тең көруді, тең көріп, еңбегі мен парасат пайымына қарай бағалауды парыз деп біледі. Әлеуметтік салмағы зор «Құтты білік» сынды дастанның көркемдік-танымдық сипаттары, күллі қасиеті өз тұсындағы, өзіне дейінгі ойшылдар мен зердешілдердің талантты туындыларымен астастыра қарағанда кемелдене, барынша айдындала түседі. Күлтегін жырларынсыз, Фарабидің өлмес мұраларынсыз бұл біліктілік туралы дастанның іргесі үнемі жалаңаш қала бермек. Жүсіп Баласағұнның көркемдік әлемі осындай тектес құбылыстармен сабақтастыра қарағанда ғана қатпарланып, даралана көрінеді. Бұлардың арасында ірі көркемдік-танымдық құбылыстардың басын тоғыстырған үлкен мәдени-шығармашылық заңдылық жатыр. Қандай да құбылыстың, болмысқа эстетикалық көзқарастың ішкі табиғаты, белгілі бір дәстүр өзегінде түзілген, өсіп-өнген топырағы болатыны белгілі. Классикалық көне түрік поэзиясының алғашқы кітабына да осы тұрғыдан қараған жөн. Осыншама кемел де келісті поэзия шығармасы, келісті кітап бірден дүниеге келе қоймағаны күмәнсіз. Бұл орайда «Құтты біліктің» алдында ерте, ерте орта ғасыр дәуіріндегі түріктердің өркенді мәдениеті тұр. Түрік дүниесінің біртуар айтулы құбылыстарының ішкі дәстүрлі байланыстары зерделей үңіліп, тереңнен талдауды қажет ететін тұтас бір этностың этнологиялық өркендеу желілері қойындасып жатқан күрделі жүйе. Сол құнарлы топырақтың қазіргі алуан түсті, түбі бір, топырағы ортақ түркі тілдес халықтардың кейінгі мәдениетіне ұласу тұсындағы жұмбақтары қызық та мәнді-мағыналы мәселелер. Бұл орайда да Жүсіп Баласағұнның творчествосы үлкен бір кезеңді сан қырынан алдыға тосатын бірегей бітімді туынды. Орхон-Енисей жазбалары тарихи ескерткіштер болумен қатар, поэзия туындылары екендігіне күмән жоқ. «Осынау өзіндік көркемдік мәнері басым, көркемдік өрнектерінің түйінді заңдылықтары айқын дерлік жырларының» (М.О.Әуезов)\* көркемдік-эстетикалық нышандарының кейініректегі «Құтадғу білігі» сияқты шығармалардан бой көрсетуі тұтас бір әдеби дәстүрдің болғандығының тағы бір айғағы. Әрине, V—VI ғасырдан кейінгі төрт-бес ғасыр кезеңнің өзіндік даму кеңістігі екендігін, көркемдік, талғам деңгейінде көп жаңғырулар, түлеулер жатқандығын естен шығаруға болмас. Әйтсе де, өркені де, өрісі де бір өзіндік көркемдік дәстүрі барынша қанық дараланған жырлар.

Екеуі де бір өркениеттің ескерткіштері болғандықтан, рухының, сөз орамдарының, тілдік-стильдік ерекшеліктерінің тектестігі анық. Оның сыртында ел, жер, кісі аттары, бірқатар тұрақты сөз тіркестері, ой орамдары, тарихи кезең мен әлеумет сипаттарын білдіретін ұғымдар Күлтегін жырларында да, Жүсіп Баласағұн дастанында да бірдей кездесіп отырады. Осылардағы

\* Әуезов М. Шығармалар. Он екі томдық. Алматы: Жазушы, 1969. 11-том.

ономастикалық, антропоним сөздермен қатар, жүздеген жекелеген сөздер тілімізде қазір де жиі қолданылады. Сына жазулары мен «Құтадғу біліг» арасындағы дәстүрлі байланысты тек қана түркі сөздерінің біртектілігінен, лексикалық бірегейлігінен ғана емес, поэтикасынан, көркемдік заңдылық шарттарынан да танымыз. Орхон-Енисей жазбалары — тарихи шежіре, жылнама рухындағы шағын дастандар. «Құтты білік» — этика-философиялық дастан. Руна жазуындағы жырлардың эпостық сазы, рухы қазақ эпосы мен батырлар жырымен үндесетін болса, бір жағынан, біз тілге тиек етіп отырған дастанмен де етене қойындасып кетеді. Мәселен, түркілердің көркемдік таным дүниесіне тән үлгідегі бір ғана дәстүрлі эпитеттерден-ақ (алып ер, қара жер, шырын сөз, қызыл қан, қара тер, қасиетті жер-су т.б.) ортақ заңдылықты, жаратылысынан біткен жақындықты алға тарту қиынға түспейді.

Өлең әуезесі жағынан келгенде, ішкі үндестікке бай, бірер тармақтан абзацтарға, шумақтарға ұласып қайтып отыратын, ағынды судай екпінді-экспрессивті Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк тебіреністері әр бәйіті берік өлшемге бағынған рационалды, дидактикалық «Құтадғу білігтен» гөрі, классикалық қазақ әдебиетіндегі шешендік сөздерге, билер толғамына, эпикалық қарымы кең қаһармандық жырларға өте-мөте іш тартады. Бұл — ақиқат (аксиома). Құтты білімдегі сипаттармен ұштасатын көркемдік-рухани туыстық нышандары өзге бір қырынан білінеді. Әсіресе шығармалардың композициялық, структуралық принциптеріндегі ерекше заңдылықтар назар аударарлық. Күлтегіннің кіші жазуы алғашқы жолында-ақ «Тәңіріні» ауызға алуден басталады. «Құтты білік» те солай. Күлтегіннің үлкен жазуы: «Биікте көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған», — деп басталатыны мәлім. Жүсіп Баласағұн да алғашқы тарауларда әуелі әуе, көк, жер, арасында адам жаратылғанын айтады, тек кеңірек, ауқымдырақ көркемдік тыныспен әңгімелейді. Қазақ зерттеушісі Н.Келімбетов «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» атты еңбегінде И.В.Стеблеваның зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, Орхон-Енисей жазуларының композициялық құрылымының принципті белгілерін талдап көрсеткен: «Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір циклдің өзі міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын болған: 1.Оқиғаның басталуы; 2. Сол оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3.Осы циклде айтылуға тиісті ой-пікірдің түйіні...»<sup>\*</sup> Осындай ішкі реттілік «Құтты білік» дастанында да байқалады. Бірқатар бәйіттерде, кітап ішіндегі тарауларда, кітаптың тұтас бітімінде осы өз ішінен тұйықталып отыратын сюжеттік заңдылық (оқиғаның, ойдың басталуы // дамып, өрбуі // айтпақ түйін, тиянағы...) басым. Бейнелеп айтқанда, сюжеттік шеңбер ішіндегі бірінен бірі кішірек әр түрлі көлемдегі сюжеттік шеңберлер тәрізді. Сөз орайында Жүсіп Баласағұн бәлен дана, бәлен ғұлама былай деген, былай деп түйген екен деп өз толғамын тиянақтап, түйіп, дәлелдеп отырады. V—VIII ғғ. жазбаларында да осындай сілтемелер (Тоныкөк. «Елші сөзі мынадай», «Сөзді былай жіберді», «Ол үш қаған кеңесіп...», «Түргеш қағаны былай деді...», «Түргеш қағанынан елші келді, сөздері мынадай...» т.б.) жүйелі кездеседі.

Дастанның басты мұраттарының бірі: құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, «кедейді — орташаға, орташаны — байға» («Құтты білік») жеткізу, елдің әлауқатын өсіріп, іргесін нығайту.

<sup>\*</sup> Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Алматы: Мектеп, 1986. 46-б.

Халық байып, ырысы артты елінің,  
Тілін безеп көтерді елі Елігін.

Құт дарыды, өсті халық өрісі,  
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі.

\* \* \*

Жаксылардың көтер жебеп, еңсесін,  
Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

Заңды түзе, сұмдық сонда сасады,  
Құтың өсіп, абыройың асады.

Осы жолдардың өзі-ақ ел тірлігін, елдің бір әлеуметтік кезеңдегі суреттерін елестеткендей. Орхон-Енисей жырларында да «Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» дей келе:

Бектері де, халқы да сенімді екен,  
Сол үшін де елін сонша билеген екен,  
Ел ұстап, заң жасаған...

деген сияқты ойларымен әлеуметтік толғамдарын сездірмей ме? Осындай ойлар ежелгі кезең әдебиетінің азаматтық, саяси-әлеуметтік мұраттарын айқын танытады. Ой бірлігі, мағыналық үндестік әскери іс, жорық тәсілдері жайлы тарау, тармақтардан да көзге көрініп тұрады. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге, ұшқыр ойлы тіркестерге қатысты да шығармашылық мектептің табиғи қалыптасқан арналарын аңғармау мүмкін емес. Тәрбие, моральдық-этикалық өсиеттер, адамдардың арасындағы қарым-қатынас негіздері хақында да ой тебіреністер бір өзекеден шығып отырады. Көбінесе арасында бес ғасырға жуық заман өткенімен, мағына, ой-толғам, бейнелеу тәсілдері жағынан да қатар түсіп отыратын тұстар шығармалар тініндегі дүниеге көзқарастың, белгілі бір қалыптасқан идеялық-эстетикалық тұжырымдардың сабақтастығынан. Ежелден символдық мәнге ие болған, баламалы астарлы мағынаға ие болған сөздер, поэтикалық түйіндер, семиотикалық құймалар мен таңбалар шығармаларға өзгеше тарихи көркемдік шырай қосумен бірге, ұлттық-этникалық қасиеттерін әрлей түскен.

«Құтадғу біліг» дастаны XI ғасырдың жұлдызды шығармаларының бірі ретінде өз бойына классикалық түркі әдебиетінің, поэзиясының бірегей қасиеттерінің, эстетикалық тәжірибелерінің нәрін жиған туынды. Қоғамдық-әлеуметтік мақсаты айқын, танымдық талғамы биік поэтикалық құбылыс. Таза әдеби шығарма ретінде ол өзіне дейінгі түркі поэзиясының ішкі заңдылықтары мен барша көркемдік қасиеттерін шығармашылықпен сіңіріп, әдебиеттің кейінгі кезеңдеріне өзгеше даму арналарын ұсынған шоктықты эстетикалық белес. Қазақ халық поэзиясына да, жыраулар поэзиясы деген атпен танылған бертіңгі XV—XIX ғғ. жыраулығына да табиғатынан жақын тұрған өзгеше арналы әдеби үрдістің, ерекше тарихи әдеби дәстүр желісінің асыл арқауы.

Жүсіп Баласағұн поэмасы басқа түркі тілдес ұлттармен бірге, қазіргі қазақ жұртшылығының да рухани алтын қазығы. Оның қазақ әдебиетімен, халық әдебиетімен де тамырластығы, бір топырақтың өркені екендігі дау тудырмайтын тарихи шындық. Ғұлама ақынның туып-өскен жері Баласағұн да, дастанның тілі, образдық-стистикалық жүйесі де, түркі

өлеңінің классикалық өлшем, үлгісі мен тарихи, философиялық-эстетикалық аспектілері де бұл ойымызға толық негіз бола алады.

Шынайы талантты энциклопедиялық бітімдегі шығарма — тарихи түйінді құбылыс. Халықтық сипат, ұлттық мінез-құлық қырлары, сана, дәстүр болмысы солардан бедерленіп көрінбек. Ұлттық ой-сана, менталитет ұзақ сүзіліп, баяу қалыптасатын әрі баянды сақталатын күрделі түзілім. «Құтты білік» дастанының беттерінен де қазақ елінің жаратылысынан тән сипаттарының куәгері болғандаймыз. Халқымыздың қанына сіңген әдет-құлықтар, қасиеттер: үлкенге — құрмет, кішіге — ізет, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімділік пен қайырымдылық сынды көптеген адамгершілік өнеге-сипаттар мемлекеттік іс, тұрмыс, өмір, мораль, әдеп-иман тақырыптарын жырлаған тарауларда ақындық ой-маржандарымен астасып жарқырай көрініп отырады да, бір-бірімен ұласып келісті бір тұтас ұлттық бітімді көзге елестетеді. Бала тәрбиесі, әйел алу, жар таңдау, қонақ шақырып, қонақ күту, қазметшілермен, алуан мамандық иелерімен қарым-қатынас жасау жөніндегі тараулардағы осындай мағынадағы ойлар, тұжырымдар халқымыздың қазіргі бойында тумысынан біткен, тұрмысында бар, санамызға ана сүтімен сіңіп, бабалар ақылымен дарыған қасиет-сипаттармен жалғасып, жақын түсіп отырады. Баланы жасынан қолыңда тәрбиеле, жатқа жіберме, үйінде өсір, өнер-білім үйрет, имандылыққа баулы, еңбекке баста дейді ақын (63-*мару*). Ұзын жолдың бойына үй тікпе, тасыған арынды өзенге жақын қонба, қамал қасынан алыс жүргін дейді (64-*мару*). Бұлар әдет-нанымнан да, әдеби шығармалардан да жақсы таныс түйіндер.

Қазір де халық эстетикасында тұрақты мағыналық баламалары берік қалыптасқан, белгілі бір символдық мәні ежелден қанық «чақ», «көк», «қызыл», «қара», «жасыл» түстер бояу реңдеріне қарай қалыптасқан поэтикалық қызметіне орай (ақ құс, ақ сүт, қара зәңгі, қара түн, жер мыстай қызыл болғанша, жердің жүзі қызарар... т.б.) жиі қолданылады. Осының бәрінің де халық санасына берік сіңген негізгі мағынасына қосарлы символдық мәні, семантикалық астары бар. Мәселен, ақ пен қара күні бүгінге дейін екі түрлі мағынаның баламасы. Қазіргі әдеби тілімізде тұрақты тіркестерге айналып жеткен «ұйқы — өлім», «ұйқы — ғафылдық» (5267), «асыққан шайтан ісі» (5218), «немене ексең, ертең соның өнеді» (4733) секілді баламалар да дастан беттерінен жиі көзге түседі. Аю, түлкі, бөрі, қозы, арыстан т.б. хайуанаттар жаратылысының ерекшеліктерін адамның әр түрлі мінез-құлық бітімін таң-балайтын баламалар ретінде сипаттап қолдану да дастанның поэтиканың тарихилығына қатысты соны мысалдар. Күлтегіннің үлкен жазуындағы «Әкем қағанның әскері бөрідей болыпты, жаулары қойдай болыпты» дейтін теңеулерін еске түсіретін дастандағы:

1040. Құт дарыды, өсті халық өрісі,  
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі.
449. Тәртіп орнап жұрт байыды, білісті,  
Бөрі мен қой бірге тұрып су ішті.
2310. Қарысқанда — керек ірбіз білегі,  
Жауласқанда — арыстанның жүрегі.
- Доңыздай доң, аш бөрідей азулы,  
Ызалы аюдай, дәл қодастай ашулы.

Аяр болса қызыл түлкі секілді,  
Кекшіл болса хас бурадай кесірлі, —

секілді бәйіттер дала поэзиясының малсақ қауым түйсігіне жақын зерлерін білдірсе;

1218. Сабаз ердің сөзін ұқ та, біле бер:  
«Сабыр етсең — бұзылған іс түзелер!»
- Сабырлы ер өз тілегін табады,  
Сабырлы аушы, шыдаса ақ құс алады!» —

деп, адамшылық, қайсарлық, табандылық, сабыр, кісілік сияқты қасиеттердің пайдасын зердеге жеткізеді.

«Құтадғу білігі», бір жағынан, ақылына өсиет сөз. Өмірдің өз табиғатынан, тұрмыс толғамдарынан туған даналық. Сол ақыл сөз, тағылымды толғаныстар уақыт өте келе түрленіп, құбылып, мақал-мәтелдерге, нақыл, қанатты тіркестерге айналған. Он ғасыр бойына мәйегін сақтап, сүйегін бұзбай, қазіргі қазақ тілінің шұрайына айналу үрдісі айтуға ғана жеңіл түрлену (трансформация). Оның үстіне, «Құтадғу білігтегі» қанатты сөздердің бәрін бірдей автордың ғана төлғамсы дей қою да қиын. Бүкіл бітімімен, поэтикалық айшықтарымен сол замандағы түркі жұртының тіл байлығынан алынғаны да баршылық. Бұл пікірімізді М.Қашқаридың сөзімен өрбіткен дәйекті болар деймін. Ол атақты сөздігінде: «Мен ең бір қызыл сөзге жүйрік түркілердің бірімін, бәрінен жақсы түсінісемін, бәрінен жақсы түсінемін, тегімнен ең бір жауынгер, өжетпін, ең бір озығымын, — дей отырып, — түркілердің күллі шаһарларын да, сахараларын да бастан-аяқ аралап шықтым. Түркілердің түркімен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін анықтап шығып, олардан үйрендім, пайдаландым. Сонымен, олардың әрбірінің тілі менің діліме етене жақсы үйреністі. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке салып шықтым. ...Әрі бітпес-түгесілмес бір байлық болып қалсын деп, ұлы тәңірге сыйынып, бұл кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-әлтүрки» — «Түркі тілдер диуаны» деп ат қойдым», — деп жазады. Тіл біліміне, тіл ұстартуға сол кезден-ақ терең мән берілгендігі Махмұт Қашқари сөзінен де көрініп тұр. Осыншама саралап талдауға қарағанда, Жүсіп Баласағұнда айтылатын «хан тілінде» («хақан тілінде») деген тіркеске назар аударсақ, жалпы түркі қауымына ортақ мемлекеттік тіл деген ұғым болуы да әбден мүмкін. Оны сол кезеңдегі үзенгілес, қанаттас шығармалар тілі арқылы дәлелдеу қиынға түспейді. Иә, бұл болжамның табиғаты бөлек, өзге бір әңгіме желісінің тақырыбы. Ал дастандағы қанатты сөздердің бүгінге жету жолын, түрлену үрдісінің көріністерін шартты түрде мынадай ыңғайда жіктеп қарадық:

1) Жұмырланып, жетіліп тілдің поэтикалық ерекшеліктерімен ұшқырланып мақал-мәтелге, шешендік сөзге, қанатты сөзге, өнегелік шағын шумақ, жырларға айналып, халық санасына, әдебиетіне шығармашылықпен сіңу арқылы жеткен толғамдар; Мыс.: «Шайтан ісі — абыраған, асыққан, Асыққан іс ығын бермей жасытқан» (5217). — «Асыққан — шайтанның ісі» (*қазақ мақалы*). «Кісі сүйсе айыбы асыл көрінер, Сүймесе егер, асылы айып көрінер» (533) — «Сүйгеніңнің шұнақтығы байқалмас» (*халық мақалы*).

2) Түпнұсқадағы бәз күйінде, қаз-қалпында сақталған ұлағат, өсиет сөздер; Мыс.: «Ұлық болсаң, кішік бол» (4532). «Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз, Адам көркі — жүз, жүздің көркі — көз» (274).

\* М. Қашқари. Түркі тілдері диуаны. Үрімші: Шыңжаң халық нәшрияты. 1-т., 3-б.

3) Мағынасы, мәні, өзегіндегі нәрі, өміршең қағидасы жаңа сөз тіркесімен, жаңа үлгімен жеткен ой-толғамдар; Мыс.: «Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса, Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса» (4116) — «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» (мақал); «Күштілерім сөз атса, бас изеймін шыбындап» (Абай); «Ас — арқауың, онсыз күнің қараңғы, Құлқын-өңеш билемесін адамды» (3667) — «Ас — адамның арқауы» (мәтел), «Құлқынның құлы» т.с.с.).

4) Халықтың наным-сеніміне, ырым-нанымына, салт-дәстүрі мен әдеп-танымының көрінісіне айналған; тұрмыс, этика шарттарына сіңген ұлағат, өсиет сөздер; Мыс.: «Қол созба асқа, тұрған кісі алдында, Ал, ей, зерек, қойған асты алдына» (4130); «Оң қолмен ал қойған асты алдына» (4129); «Әйелдердей түсіп кетпе қызығып, әйелдердей және қалма сызылып» (4132);

5) Тіршілік-тұрмыстың үлкенді-кішілі заңдылықтарына айналған рәсімдер; Мыс.: «Өсекшіге араласпа жақындап, Өсекшінің өртер тілі лапылдап» (4212); «Аузыңды бақ, енер содан кесел де!» (4615); «Әдептінің түр-түсі де әдемі» (4604); «Айтарыңды сайлап сөйле, жүректі ер!» (3878); «Сөйлемесең, сөзін саған құл болар, Сөйлеп қойсаң, сені өзі құл қылар...» (3880); «Көңіл жақын болса, жақын алыс жер, Көңілді бақ, алыс кейде қарыс жер!» (3705).

6) Халық даналығына ұласып, ұлттық парасат-сана қисындарымен суарылып, мазмұнын байытқан толғаныстар. Мыс.: «Тіршілікке алданбағын, өшеді, Дүниеге алданбағын, көшеді!» (1274); «Жамандықты қусаң, азап шегесің, Жамандыққа жақсылық қыл, жеңесің!» (929); «Ақыл — бұйда, ере түссең — жетелер, Сөйтіп арыз-тілегіне жетеді ер...» (159); «Ақылдылық — асылы ізгі жандардың, кішілікте кісілік бар, аңғарғын...» (934) т.с.с.).

Көлемі 6645 бәйіт ауқымды дастанның ойлары, насихат-уәзипалары осылайша алуан қырымен халқымыздың тұрмысына, салт-дәстүріне, санасына, әдебиетіне сіңіп, кең таралып кеткен. Шығарманың халық рухына осыншама қойындасып, біте қайнасып, өлмейтін өрелі сөзге айналуы сирек құбылыс. Бір жағынан, толғам тереңдігі, көркемдік шындықтың әлеуеті тәңгі етсе, екінші жағынан, халықтың өз тәжірибесінен, халықтың өз рухани тірлігінен еркін алып қолданған, игерген даналық сөздері, мақал-мәтелдері тілге орамды, жүрекке жылы тиіп баурап алады. Ойды ой жаңғыртып, ойды ой дамытып, сан ғасырлық әдеби көркемдік таным диалектикасын алға тартады. Шешендік сөздердің жанрлық табиғатынан байқалатын ой мен сөздің өзгеше ұтқыр жарастығынан туған ақылман түйіндеулер де орта ғасыр шығармасына жат емес.

Қазіргі қазақ әдебиетінің алуан қырлы жанрлық нышандарының бірқатар алғашқы белгілерін де осындай ежелгі дәуірдің құнарлы көркем дүниелерінен көреміз. Шешендік сөздердің, жұбату мен жоқтаудың, естіртудің, көңіл айтудың, түс жорудың, жоғарыда өзіміз айтып отырған мақал-мәтел, афоризмдердің, өсиет сөздің, батырлық жырдың алғашқы түрлік, жанрлық белгілері «Құтадғу біліг» дастанының тағы бір маңызды қызметін аша түседі. «Классикалық түркі поэзиясының тарихы «Құтадғу біліг» поэмасынан басталады»\* деген пікірдің бір дәлелі осындай таза теориялық бітімінен де аңғарылады.

Кейінгі кезеңдердегі халық әдебиетіндегі, ауыз әдебиетіндегі, классикалық поэзия үлгілеріндегі ағартушылық мұраттардың бір ұшығы осынау ежелгі дәуір дастанында жатыр. XVIII—XIX ғасырларда жарық көрген, сол кезеңде жазылған туындылардың дені осындай насихат-ғақлия мәнерінде жазылып,

саяси-әлеуметтік, моральдық, этикалық мәселелерді батыл да ашық үнмен толғаса, сол арқылы халыққа жол нұсқауды ниет етсе, мұндай этика-дидактикалық бағыттың түп-тамырын тағы да ежелгі түркі толғауларынан табамыз. Өткен дәуірдің зерттеушілері (И.Березин, Ә.Диваев, А.Янушкевич, Бессонов, Н.Веселовский, Б.Бреслин т.б.) жинастырып, жариялатқан халық әдебиетінің інжу-маржандары да негізінен аталған әдеби-ағартушылық бағыттағы мұралар екені белгілі. Замана «судан ылай болып» (Әбубәкір К.) бұзылып, адам құлқы азып, тоғышарлық толқыны қатты соққанын толғаған кітаптар XX ғ. басына дейінгі жарық көрген басылымдардың да қатарында көп кездеседі\*.

Олар да бірде оқу, білім, бірде әлеуметтік әділдік мәселелерімен, адамгершілік идеяларды жырлау өрнегімен, тіл өрнегімен дастанның мазмұн, бітімімен шарпысып қалып отырады. Уақыт, заман, қоғам тынысы осылардың қай-қайсысында да қанық түскен.

Сондай-ақ, XV—XX ғасырлар арасындағы қазақ әдебиетінің мұраларына ой жүгіртсек, басқа мәселелермен бірге жоталанып көрінетін гибраттық, насихаттық сарындар өзгеше бір бөлек арна жалғастырып жатыр. Ақылды кісі, жақсы адам, жақсы ат, жақсы жар, жақсы ана, адал дос, жетелі бала, жақсы хан, даналық... Осыларға қарама-қарсы — надандық, зұлымдық, аярлық, зинақорлық, пасықтық, ақымақ дос, ақылды жау т.с.с. «Құтадғу біліг» дастанында да ойды толымды мәнерлеудің бір тәсілінің табиғаты да осындай типтік айырмашылықтарға (контрастарға) негізделген. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлерінен кеңінен таныс насихат, дидактикалық, өсиет сарындарының жанрлық бірегей сипаттарға ұласуы өзінше бір даму өзегі. Бұл тұрғыда М.Сералин, Ақмолла, Ыбырай Алтынсарин, тағы басқа ондаған акын-жыраулардың өлмес мұралары осы дәстүрлі арнада жарқырай көрініп, тарихи мән-мағынасы бұрынғыдан да тереңдей түседі.

Ұлы Абай өлеңдеріндегі үндес өрнектерді атамағанның өзінде, қарасөздеріндегі философиялық тамырластық қандай! Дүниенің арғы-бергісін ой көзімен саралап-салмақтаған Абай аға да құттың кілтін бір түйінге тірейді. Ол — адамның өзі. Ниет-құлқы, білімі, еңбегі, адалдығы... Арсыз, надан, жалқауларға жаны күйген Абай да, Баласағұндай, тығырықтан жол іздеп, құтты қоғам, ізгілікті қоғам жолын аңсайды. Баласағұн мен Абай арасындағы үндестік тақырыптық, поэтикалық үндестік қана емес, ең бастысы рухани үндестік, дүниетаным табиғатының тектестігі. Философиялық-эстетикалық көзқарас, танымдық мектеп тұтастығы. Бұған қос ғұламаның қоғам, адам, ел жөніндегі әр қырынан айтылған ойлары дәлел. Абай өзінің өлеңдеріндегі толғамдарына қара сөздерінде қайта бір оралып, пысықтап талдап, түсіндіріп отырғандай әсерде қаласыз. Қарасөздегі терең тебіреністері өлеңінде шымыр да ұшқырлық қасиетке ие бола бастайды. Абай дүниетанымы тұтастай Сократ, Фараби, Баласағұндардың заманауи ойларына жетелейді. Фараби, Баласағұн, Абай дүниетанымы мен эстетикалық құнарының күретамыры Сократ, Платон, Цезарь, Аристотель секілді әлемдік алыптар қиялымен қанаттасып, қатар соғатындай. Сондықтан да Абай — Баласағұн әлемі ілім, таным дүниесінің туысқандығынан туған. Баласағұн мен Абай эстетикалық әлемінің

\*Егеубаев А. Идейно-художественное влияние поэмы «Құтадғу билиг» Юсуфа Баласағунского (XI в.) на развитие казахской литературы (вопросы традиции, поэтики и перевода). — Автореферат канд. дисс. Алматы, 1989. Стр. 14—17.

\* История всемирной литературы. М.: Наука. Том 2. Стр. 201.

тамырластығының мынадай төрт сипатын даралап көрсетуге болар еді. Біріншіден, дүниетаным, эстетикалық көзқарас, адамгершілік мұрат бірлігі; екіншіден, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну; көркемдік танымда реалистік-рационалдық қасиеттерге жүгіну; үшіншіден, тақырып тамырластығы, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы; төртіншіден, поэтикалық табиғатының үндестігі (ойшылдық, суреткерлік қисын, шешендік, афоризм, нақыл... жалпы поэтика табиғатындағы жақындық).

Әл-Фараби — IX—X ғасырлардағы өркениеттің алып шыңы.

Жүсіп Баласағұн — X—XI ғасырдағы көркемдік-эстетикалық дүниенің жұлдызды биігі.

Абай — XIX—XX ғасырлардағы қазақ халқының көркемдік таным дүниесінің асқар биігі, дәстүр егесі.

Қазақ жырауларының кемелді кезеңі — бес ғасыр жырлары осынау ұлы тұлғалардың иығында тұрған дала бұлбұлдарының сұлу саздарындай өнердің кереметтей толысқан, көркемдік жағынан да, ойшылдық жағынан да тәу биікке самғап шығып, күрделі де қағдарлы әсемдік дүниесін түзген, рухани маркайған дәуірінің белесі. Бес ғасыр жырауларының шығармаларынан да өлең құрылымы, ұйқас түзілімі, мазмұн үндестігі, ой сарындастығы, поэтикалық рухы жағынан «Құтты білікке» қабысып түсіп отыратын тұстарды тым көп ұшыратамыз. Бір ғана әйел затына қатысты, болмаса адамның өмір кезеңдерін қамтитын кәрілік пен жастықтың қадірін түсіндіре отырып, өмірдің мәнін білдіретін жас шамасына қатысты жырлардың өзі-ақ сонау Күлтегін жазбаларынан бастап бірнеше ғасырлық кезең тынысын сезіндіреді.

Жүсіп Баласағұн:

Алпысты ассаң — шілденің аптабынан  
Аттадым де қысқы аяз қақпанына.

Елу отыз жиғанды кері алады,  
Алпыс қолын тигізсе, нең қалады? —

десе, Күлтегіннің үлкен жазуында:

Әкем қаған өлгенде  
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.  
Ұмай текті шешем — қатынның бағына,  
Он жасында інім Күлтегін Ер атағын алды.  
Он алты жасқа...  
Ол жиырма бір жасқа (келгенде)  
чача Сенгүнмен шайқастық...  
...  
Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде...  
...Күлтегіннің жиырма жеті жасында...  
...Күлтегін сол соғыста,  
Отыз жаста еді...

деген сияқты жыр тармақтарын оқимыз. Адамның жас шамасына, өмір кезеңдеріне қатысты мұндай ойлар руна жазбаларында да, «Құтты білікте» де әр түрлі поэтикалық ренде, әлденеше кездеседі. Бұқар жырау, Шал ақын, Сүйінбай, Ақан сері, Әріп т. б. ақын-жыраулар бұл тақырыпты сан қырынан тереңдетіп әкетеді. Бұл дәстүрлі тақырып бастауы тағы да Орхон, Енисей жазбаларының жұмбағы көп жылдарында жатыр. Қаған, батырлардың жасын, сол жастарына қарай кезіндегі ерліктерін хикаялайтын жолдарды еске түсіріп көріңіз... Бұл

сол бір қаһармандық жырлардан өсіп-өнген, кейін жыр, дастандарда міндетті түрде болуға тиісті шартты қисынға айналып кеткен сипаттар секілді. Адамды, жастықты («Дәл он жеті жасында, кәмшат бөркі басында» дегендей) былай қойғанда, қазақ мал екеш малдың өзін жас шамасына қарай атап түстейді. Осы сияқты ана, жар, жаман әйел мен жақсы әйел туралы толғамдар да «Құтты біліктен» (62-тарау) XIX—XX ғасырлардағы қазақ ақындарына дейін жалғасқан тақырып арнасы.

«Құтты білік» дастанының ғасырлар сынынан өткен, заманалар бойы мәнін жоғалтпай жеткен түрлі әдеби, тарихи, этникалық, философиялық, көркемдік заңдылықтары өзінше бір әлем. Олардың барлығын мысалдармен тізбелемей-ақ, әдеби шығарма тұрғысынан алғандағы кейбір сипаттарын шартты түрде жүйелеп атаса да еркін аңғарылады.

«Құтадғу білігі»:

а) түркі тіліндегі сөз өнерінің, ой өнерінің сөлін бойына жіған, бірегей бітімді поэзия шығармасы;

ә) дастанның бүкіл мазмұны ел бірлігін сақтап, елді құтайтуға, қорғауға, өнер, ғылым, білімді дамытуға шақырады. Кісілікті қорлауға, орынсыз қантөгіске, әлеуметтік әділетсіздікке жаны қас ақынның дүниенің қызығы, құты — білім, ақылда, адамшылықта деген мүддесін биік көтерген толғаныс;

б) насихат, ғақлия саздары айқын, елдік, мемлекеттік құрылысты егжей-тегжейлі түсіндірген тарихат;

в) адам баласының отбасы бақытына, тұрмыс қызығына (бала тәрбиесі, туысқандық қарым-қатынас, отбасы, ана, жар, адамшылық) терең мағына қосқан тебіреніс;

г) заманның, уақыттың озмыштығына ойшылдықпен мән берген, дүниенің асыл мәнін байсалды түсіндірген ақылман дастан.

Жүсіп Хас Қажыб әдебиетте әділетті, ырысты елдің, құтты мемлекеттің үлгісін жасаған. Өз өмірі, күйініш-сүйініші жайлы, өмірдегі өкініші, кәрілік пен жастық жайлы, халықтың салт-дәстүріндегі ерекшеліктерді (түс жору, жоқтау) де, тұрмыс ерекшеліктерін (көшпенділер, аңшылар өмірі мен тұрмыстық белгілерін, мінез-құлық, тұрмыс тіршілігін білдіретін штрихтар) де астастыра отырып, өзі тамаша білетін түркі фольклорының маржандарын таланттылықпен сіңіре өрбітіп, өз дәуірінің барынша кемел суреттерін түсірген. Экспрессивті, эмоционалдық әсері күшті риторикалық, сұрақ-жауап үлгісі ауқымды дидактикалық дастанды ширатып, тілге жеңіл, жүрекке жақын оралымды мәнерге жеткізген. Дастанның бірнеше тарауы ұйқас жағынан да, өлшем жағынан да классикалық қазақ поэзиясында бертінге дейін кездесетін (Бұқар жырау, Жанақ, Шөже, Мәделі, Алмажан, Сүйінбай, Кемпірбай т.б.), әлі де ұшырасып қалатын бір бітімде шыққан. Алғашқы шумақ он бір буынды қара өлең үлгісі, одан былайғысы аттамалы ұйқаспен (ааба -әа-ва-ға-да...) жазылады. Осы үлгі Абайда да, Сұлтанмахмұт, Ақан серіде де кездеседі. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...», «Базарға қарап тұрсаң әркім барар...» деген өлеңдері құрылымы жағынан нақ сондай өлең бітіміндегі классикалық дүниелер.

Дастан мен қазақтың классикалық әдебиеті үлгілеріндегі үндестік, образ жасап, ой түзу тәсілдерінің бірлігі, қайсыбір тұстардағы өлең құрылысы мен

ұйқас шарттарының да егіздің сыңарындай ұқсас шығып отыратындығы ақынның қазақ даласынан, Шу бойында туып-өскендігінен ғана емес, тіл, ой өнерінің терең тамырлы даму заңдылығының көрінісі. Өлең түрі, өлең құрылымы сирек құбылатын, аса жиі өзгеріске түсе бермейтін тілдің өзіне ғана тән қасиеттерінен нәр алып, ұзаққа бастайтын тұрақты категория. Яғни шығарманың туу алғышарттарын қалыптастыратын, авторын толыстырып, іштей дайындайтын қасиет — ең әуелі өскен орта, географиялық, мәдени-әлеуметтік кеңістік. Эстетикалық мектеп, халықтың рухани әлемі.

Өлеңмен жазылған бұл философиялық трактаттың жанрлық ерекшелігі, поэтикасы автордың ақындық талантын, үздік дарыны мен білімділігін де, сол кездегі жазу өнерінің қаншалықты дәрежеде дамығанын да көрсетеді. Әуелі екі кіріспеді ақын жаратқанға шүкіршілік етіп, кітаптың жалпы мәнімен таныстырып өтеді. Кіріспенің өлеңмен жазылған нұсқасы текке үндес, жақын. Соңғы тарауларда Жүсіп Қас Хажыб өмірдің өтпелілігін, заманның опасыздығын, достардың жафасын айтып, өзінің кемшілік күнәларына күйініп күніренеді, кейінгілерге өсиет сөздерін қалдырады. Оқиға әрбуі жоққа тән, соншалықты көлемді дастан композициялық жағынан шымыр, ұтқыр. Поэма көлемі сексен бес тарау, яғни кіріспе түйінсіз таза тексі 6645 егізжол. Негізгі нұсқадағы бәйіттердің ұзын саны 6520. Қорытынды іспеттес үш тарау өзара үндесіп келеді де, негізгі текстен ұйқас, ырғақ, өлең құрылымы жағынан өзгешелеу шыққан.

Ақын ойларын сол кездегі астрономия, геометрия, математика, медицина, философия, тағы басқа ілімдер саласындағы мағлұматтарымен безендіріп отырады. Оларға қатысты тараулар да бар. Белгілі бір ойды айтқаннан кейін оны бір дананың, қарияның, не елбасының, не ғалымның сөздерін келтіріп дәлелдеп, түйіп тастайды. Кейіпкерлердің атының күн, ай сынды аспан денелеріне орайластырып қойылуының өзінде мән бар. Бұл тәңіріні пір тұтқан түркі жұртының космологиялық наным-танымына қатысты есімдер. Түркі атауларымен қоса араб, парсы, иран есімдері де кездеседі. Күллі шығыс елдеріне мәлім Нұшырбан, Фаридун, Заххақ, Афрасиаб т. б. есімдер қазаққа да мағлұм. Бірақ бұлар өте аз қолданылған. Кейіпкерлерімен қоса бір рет те болса аталып қалатын адам аттарының ұзын саны отыз екі, ал соның жиырмасы (ішінде Құраннан келтірілген де есімдер бар) араб-иран есімдері. Жер, ру, ел аттары аталады. Бірқатар ғұлама ғалымдардың, жиһанкез батырлардың, билеушілердің аттары ауызға алынады, немесе мифтер мен аңыздардағы кең тараған белгі-қасиеттері арқылы меңзеледі (4710—4718, 6547, 6548, 6549, 6550 т. б. бәйіттерді қ.). Демек поэзия туындысы, иә философиялық туынды дегенмен, осындай нақты деректілік белгілері ғылыми, ақындық ой-толғамның негізділігін күшейте түскен. Осы сипаттарының өзі-ақ өркендеген іргелі мәдениеттің, қалыптасқан жазба мәдениетінің мәуесі екендігінің дәлелі. Жалпы дастанның тексінде шамамен төрт жүздей ғана кірме (араб, парсы) сөздер кездесті. Араб, парсы тілдерінің синтаксистік түзіліміне бейім жолдар жоққа тән. Мұны назар аударса санап, түстеп отырғанымыз «Құтадғу білікке» араб, парсы әдебиетінің, мәдениетінің ықпалы, әсері күшті деген кейбір ертеректе айтылған әр алуан пікірлердің негізсіз екенін білдіру ғана. Сондықтан да «хан тілі» десек те, «қарлық-қыпшақ», «оғыз-қыпшақ», «түркі тілі» десек те, «Құтты біліктің» қоспасы аз, таза түркі тіліндегі шығарма

екендігі шүбәсіз. Жаратылыстану, математика ілімдеріне қатысты терминдер, ел-жер, кісі аттары да ерте орта ғасыр сипаттарын көзге тосады. Дидактикалық сарындағы ақылман дастанның жанрлық табиғаты тереңнен, әрідегі ғасырлар қойнауындағы өркениет топырағынан тамыр байлағанын атап айтқан жөн. Бұл ежелгі Мысыр еліне, үнді жұртына, араб, парсы («Саясатнаме», «Пәнднаме») әлеуметіне ежелден-ақ мәлім өсиет, даналық сөз түріндегі (дидактикалық) жанр. «Құтадғу білігі» жазылғаннан кейін, бес ғасырдай кезең өткенде еуропалықтар да еркін қолданған дидактикалық сарын. Ренессанс дәуірінде француздарда, немістерде, ағылшындарда да осы жанрда халықтық мәні терең туындылар дүниеге келді. Ежелгі славян жұртының «Златоструй», орыс халқының «Златоуст», «Домострой» секілді мұралары жанрлық ерекшелігі жағынан ең әуелі дидактикалық шығармалар.

Шығарманың образдар жүйесі, көркемдігі жөнінде сөз еткенде қанатты, бейнелі сөздердің, мақал-мәтелдердің жиі ұшырасатынын айтудың артықшылығы жоқ. Текстің кез келген жолдарынан афоризмге тән ұшқырлық, қанатты сөзге тән ұтымдылық көрініп-ақ тұрады. Кестелі сөз, көркем ой... Көркем ойдың төл тумасы көркем тіл. Троптардың басым көпшілігі ежелгі түркілердің нанымына, дәстүріне, көшпенді жұрттың тіршілік-санасына жақын ұғымдардан туындайды. Заман бояуларын қанық түсіреді. Бәйіттердің структуралық түзілімдері, ырғақ-сазы қанатты сөздерге, мақал-мәтелдің поэтикалық бітіміне іш тартып тұрады. Ішкі ұйқастар мен үндестік үйлесім, сөздің поэтикалық трансформациясы, жалпы ой үлгілерінің ұшқырлығы және қанатты сөздердің, шешендік сөздердің бітіміне, философиялық түйіндеулеріне жақын, тұтасып келуі шығарманың тұтас стиліне, бейнелеу жүйесіне ерекшелік, белгілі бір поэтикалық тұтастық, заңдылық береді. Ұйқастары берік, теңеулері дәл де нақты. Бұл түркі өлеңінің тарихи қағидасы. Бұл ойларымыздың дәлелін кез келген бәйіттен-ақ көруге әбден болады. Мәселен:

180 Тоғұллы өлүр көр қалыр белгүсүз,  
Сөзүн езгү сөзлә өзүн өлгүсүз.

(Бәйіттің аудармасын келтірмей, қазақ тілінің фонетикалық ерекшелігіне қарата жасаған транскрипциясын ұсындық).

Ішкі мағыналық қуаты қандай. Туған — өлер, белгісіз болып қалар, сөзінді өзің өлмейтіндей жақсылап айт. Өмірдің өзіндей шынайы да қарапайым. Мақал, нақыл сөздер көбінесе ауыспалы келер шақпен айтылып, әр уақытқа да тән әрекет, ой-тұжырымды білдіріп тұрады. Бәйіттерде баяндауыштар әмәнда бастауыштан кейін түсіп отырса да, ішкі үндестік тәртібіне қарай инверсияға түскен шумақтар да баршылық.

Поэма ассонанс, аллитерация, анафора, символика, эпифора, қала берді полиптотон сынды суреткерлік айшықтарға бай. Ақын ішкі ұйқасқа, ішкі үндестікке жиі барады. Бәйіттің басындағы ассонанс, аллитерация ауық-ауық сөз арасындағы, сөз ішіндегі аллитерацияға ұласып кетеді. Кейде 187-бәйіттегідей:

Сеңә сөзләдім мен сөзүм ай оқұл,  
Сеңә берді бұ пәнд өзүм ай оқұл, —

алдыңғы, әрі соңғы сөздерді, бунақтарды тұтас, қаусыра ұйқастырады. Өлең техникасы аса жетік әрі еркін, барынша табиғи таланттылықпен түрлендіріледі. Алғашқы тармақтың соңғы сөздерін келесі тармақтың басында қайыра қай-

талау арқылы поэтикалық экспрессия тудыру үлгісін де кездестірдік. (Мыс.: «190. Кісіден кісіге өсиет сөз ол, Өсиет сөзді ұстанса, жүз пайда ол»). Бұл үлгі қазіргі поэзияда да (*М.Мақатаев, К.Салықов*) кездесіп қалады.

Аллегория, гипербола, контраст, лаконизм, символ секілді әдеби мәнгердің кесімді классикалық үлгілеріне үндесетін ақындық өрнектер уақыт көшінде жасымай, тотығып күнгірт тартпай, сара алтындай сақталып жеткендігі өлең сөздің өлмейтіндігінің бір дәлеліндей.

Образды түзу әдістерінде де өзіндік ерекшеліктер басым. Көне дастан бір қарағанда қарапайым тілмен жазылғандай көрінгенімен, жалпы көркемдік әсері тегеуірінді, өзінше бір поэтикалық ойлау жүйесі көзге ұрып тұрған ескерткіш. Бейнелеп ойлап, бейнелеп сөйлеу, бейнелеп көру — эстетикалық талғам биігінің, терең де тебіреністі философиялық толғаныстың жемісі. Негізінен лаконизм кездесе де, бұл көргенді көргендей жеткізетін қарадүрсін көшірме емес, күрделі бейнелердің астасуынан туған поэтикалық сурет. «Арыстан мінсен, қылышыңды қамшы қыл!» (2354), «Таяқты жауға темір қалқан дайында». Қарапайымдылығына да, көркемдік қуатына да күмән жоқ. Қарттық жайында: «Жебедей ем, илдім садақтайын» (371), «Жас кезең у ішсем де шырын еді, У қылды ішкен асты бүгін енді» (370) деп, ойын сомдап түсірген. Сүйекті де суретті, ішкі жігерге (динамикаға) бай, бейнелі тіркестер тасқа түскен таңбадай санаға жазылып қалады: «Білімсізге төрден орын болса, көр: Төр — босаға, ал босаға болды төр!» (262), «Тіл — арыстан, есік баққан ашулы» (164), «Ақыл — бұйда, ере түссең жетелер» (159), «Сүйіктіңнің міні — басты қадірі» (532), «Надан, пасық сөзге өгіздей жайылар, Тойса, ыңқылдап жатып күйіс қайыар» (988), «Бұл тіршілік көрген түстей өтеді» (1132), «Адам білсен, үй түн түнеп түнерген, Ақыл шырақ жарық төгіп жіберген» (1840), «Білім деген шым бүркеген бір теңіз, Бұркыар су аяқ басып жүрсеңіз» (2380). Мұндай мысалдарды әр беттен-ақ тізіп түсіру қиынға түспейді. Бұл бәйіттер поэзия шығармасының ғана зерлері емес, көркем ойлап, келістіріп сөйлеудің көрнекті үлгісі. Ел тұрмысы мен тарихи-мәдени танымының жанды көрінісі. Күрделі ойлар — жұрттың барлығына бірдей етене жақын түсінікті бейнелеулер. Бар болмысымен жүрекке шұғыл жетіп, санаға сіңіп қалатын толғамдар. Қылыш, қамшы, таяқ, қалқан, жебе, садақ, шырын, у, күл, төр, босаға, бұйда, өгіздей жайылып күйіс қайыру, шым тағы басқа сөздердің әрқайсысы сахара халқының ұғымында өз бояуымен, астарлы һәм тұрмыстық сан алуан мағыналарымен әсерлі поэтикалық ассоциация туғызады. Мәселен, «төр» мен «босаға» ұғымдары қазақ халқы үшін ұлан-ғайыр философиялық ойларға ұштасып кетеді. «Өгіздей жайылып, күйіс қайыру» малсақ халықтың миына жедел жететін сурет. Ақын шығарманың ең әуелі халыққа қажеттігін жақсы бағамдаған, сөйтіп елдің психологиялық ерекшеліктеріне, рухани-эстетикалық тәжірибесіне иек артқан тәрізді. Халықтың жан дүниесіне жақын келіп, түсінісушіліктің өзінше бір психологиялық «кілтін» ұстаған. Керек жерінде грация, гипербола, гротеск, литота, ирония, сарказм сипаттарын астастыра, бірін бірімен күшейте қолданады. Күрделі шеберлік. Адамды түнек үйге теңеу, бұрын да, қазір де кездеспеген, кездесе бермейтін тапқырлық. Сондай-ақ дәстүрлі троптардан, дәстүрлі заңдылықтардан шығып, өзінше тың өрнектер түзумен шығарманың көркемдік-эстетикалық күдіретін, өміршеңдігін күшейте түскен.

«Есізлік от ол от күйіргән болұр, Йолында көчк йок өтүлгән болұр» (249) — «Жамандық от ол, от күйдірер болар...», «Көкіш тұрна көктә үнүн йаңқұлар, Тізілміш тәтір-тәг ұчар йалпұнар» (74) — «Көкіш тырна көкте үні саңкылдап, түйелердей тізіліп, желініп ұшар», «Ай дүниә йамалы ұлқұлққа көрк, Ай мүлкәтқа нұр ай йайық құтқа өрк» — «Ай — дүние жамалы, ұлықтықтың көркі, Мемлекетке — нұр, өткінші құтқа — тізгін», «Йақыз йер бақыр болмақынша қызыл» — «Қоңыр жер мыстай қызыл болғанша»... Жамандықты отқа, бәлеге, өртке балау, көктегі тырналардың түйелердің тізілген керуеніне ұқсауы, жердің мыстай қызаруы (яғни ақырзаман болғанша...) — бәрі де ақындық қиял мен өмірдегі табиғи құбылыс, заңдылықтардың ұштасуы, содан туған тірі суреттер. Әсіресе гипербола, кесек сөйлеп, ірі кескіндеу халық әдебиетіне, фольклорға өте-мөте тән қасиеттер. «Құтты біліктегі» осындай кесек поэтикалық бейнелерді оқыған сайын тілге халық эпосындағы биік, кесек ақындық самғаулар да оралып отырады («Ер Тарғын», «Қобыланды», «Алпамыс» т.б. еске түсіріңіз).

Әсірелеу, ірілендіру тәсілдерін тілге тиек еткенде, ашып айтатын ерекшелік — «Құтты білікте» орынсыз әсірелеу, өмір шындығынан алыс толғамдардың әсте кездесе бермейтіні. «Құтадғу білігі» поэзия туындысы болса да, реалистік қалыптарды қатаң сақтай алған, тіршілік диалектикасына негізделген, мейілінше табиғи шыншыл шығарма. Әйгілі Шығыс жұлдыздарында (Фирдоуси, Науаи, Низами, Хафиз...) кездесе беретін гиперболалық самғаулар Жүсіп Баласағұнда жоқ. Дастан — реалистік поэзия әрі философиялық-эстетикалық трактат. Аталған ерекшелікті тек осы жанрлық сипатына қарай түсінген жөн. «Құтты біліктегі» ақындық әсірелеулер шектен шығып кетпейтін, байсалды да ішті, әдеттегі біз білетін фантастикалық, қала берді абстракциялық шарықтауларға мүлде қиыспайтын өзгеше бітімді зерлендірулер. Бұл, бір жағынан, жоғарыда атап кеткен түркі өлеңінің төл табиғатынан да туындап жатыр.

Дастанның көркемдік қасиеттерінің ішінде күрделі троптармен қатар, лаконизмнің (әсіресе қысқа да нұсқа қанатты сөздерге қатысты) де мол ұшырасатынын білдіре отыра, образдардың автологиялық жаратылысын да атап көрсетсек дейміз. Себебі дәуірі жағынан қалай дегенмен де тым әріде жатқан ежелгі түркі поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің да бірі — осы автологиялық сипаты. Яғни сөздердің тура мағынасында әрі өлең жанрының көркемдік-эстетикалық қуатын жасытпай қолданылуы. «Құтты білікте» алуан қырлы көркемдік желілердің арасында айрықша басым көрінгені де әрі күшті, әсерлі шыққаны да осы автологиялық мәнгер.

- 3377 Егер ұл-қыз ізгі, сүйкімді болса,  
Тілегін де сондай болар.
- Егер жаман болса, сені ұлытар,  
Өзің өлсең, сені тез ұмытар.
- Жаман атқа, қарғысқа қалдырар,  
Сені сөгіп, жатын бас көтерер.
- Ол ұл-қыз — жау, жау неге керек,  
Жаусыз тірлік бәрінен ізгірек (жақсырақ).

(Жолма-жол аударма)

Арнайы телінген образ жоқ. Әр сөз өз мағынасында. Олең шырайы сөздердің төл мағынасынан, ақындық қисыннан ұшқындап тұр. Төрт бәйітте басталуы, шарықтау нүктесі, түйіні бар бір ғана ой айтылған. Кішігірім сюжет шеңбері. Поэтикалық қуат, әсер — ой қозғалысында, сөз мағыналарының құбылуы мен контрасты қалтарыстарында. Таза поэзия. Ойдың, жан-дүниенің поэзиясы.

Немесе:

2873 Ақылды кісіден кісілік келер,  
Білікті — кісілер кісісі болар.

Небәрі үш-ақ сөз. Ақыл. Кісі. Білім. Айтпағы ұшан-теңіз. Тағлымы — мәңгілік. «Бұл дүние тұзды судан аумайды, Ішсең — тілің құрғап, шөлің қанбайды», «Құрғақ құмға ұқсас екен бұл адам, Дария құйсын тоймайды көз сұғанақ», «Кірді сумен жуады, Су кірлесе немен жуады», «Бекке қатер ауыздан (астан) болар, Аспазды ісін істегенде кім күзетер» деген жолдарды да ой өрнектілігі оздырып тұр.

Риторика даналық жыр жанрына үйлесіп-ақ түсетіні анық байқалады. Табиғат лирикасының тамаша нұсқалары жаратылыстың өзіндей біртуар сұлу сезім суреттерімен баурайды. Жарқын жаз жайлы төртінші тарау, Күнтудыны сипаттайтын тараудың алғашқы бәйіттері (398—410), соңғы тараулардағы түс, жоқтау сарындары, өкініш тебіреністері ақындық шеберліктің шын биіктері! Ал мынадай поэзиялық жауһарлар мәңгі ескірмейтін жолдар:

Бұл кәрі жаһан құлқы жалған, байқасаң,  
Қылығы — қыз (тәрізді), жасы ұзақ (кәрі)...

Бақсаң, құлқы қыз секілді, қылығы қылықты, сүйкімді,  
Сүйіндірер (сүйдірер), ұстамаққа ұмсынсаң қолын бермес...

*(Жолма-жол)*

Жалған дүниенің ең бір дәл, ең бір ықшам мінездемесі шығар.

Бір ғана «ақыл» ұғымының өзіне біршама мағына сиғызады. Ақыл — шырақ, Ақыл — жан, Ақыл — көз, Ақыл — тірлік, Ақыл — сөз, Ақыл — кісен... т.с.с. Қаншама сипат берілген. Енді бірде дүниені аждаһаға теңеп «әзі өсіріп, әзі баптап, семіртер, әзі сорып, әлсіретіп жем егер!» (6389) дейді. Ақындық ой құбылысы. Сөйтіп, методологиялық, бейнелі тіл де Жүсіп Баласағұн туындысының өзіне ғана тән көркемдік ерекшеліктерін құрайды.

«Құтты білік» сынды қазіргі қазақ тілімен, басқа да туысқан түркі тектес тілдермен табиғаты бір ежелгі дәуір шығармаларын барлық поэтикалық мәнін сақтап, мазмұны мен көркемдік қасиетін жасытпай аудару өзгеше күрделі, өзіндік қыры мол іс. Этнологиялық тұрғыдағы тектестік, рухани туыстық, поэтикалық тегінің бірлігі, көркемдік дүниетаным жалғастығы сөзден бастап тармақ, шумаққа дейін жете мән бере отырып жасалатын аудармадан гөрі қайта жаңғыртуға, реставрацияға көбірек келетін іс. Тектес тілдерден аударудың теориясы мен тәжірибесіне қатысты бұл мәселелер де жаңа кезеңдегі әдебиеттанудың ендігі кезде жиірек айналысатын саласы болары сөзсіз.

Ұлттың ұлылығы ұлықтығынан емес, ұлағатынан танылмақ. Ұлтымыз ұлықтарды аз көрген жоқ. Солардың бірі есте сақталмапты, ұлт жадында қалмапты. Қалыпты: ұлағатты ұлықтар қалыпты. Нағыз ұлықтар (бұл сөздің ежелгі бір тұлғасы осындай үлгімен жазылған) асылдың сынығындай хас

ұлықтар қалыпты! Ұлағатты сөз, ұлы қасиеттер қалыпты! Ұлық ұғымының төркініне үңілсеңіз, ежелгі түркі жазбаларына жүгінсеңіз, оның ішінде «Құтадғу білігі» беттеріне де көз жүгіртіп байқасаңыз — ұлы, биік, тұлға деген ұғымдар көкіректі кең жайлап шыға береді. Ондай сәтте «ұлық» деген бертінгі тыртыған, тыраш сөз сол бір бітімі бөлек «ұлықтықтың», ұлылықтың біршама азған түріндей көрініп кетеді. Заман озғанда, сол заманның адамы да, сол адамның танымы да азбай қалсын ба!? Замананың азғаны — сананың азғаны. Кісіліктің кісі киіктеніп жерігені, қағынан безген киіктей қиыр жайлап шет қонып кеткені. Ол ең әуелі сол қасиетті ұғымдарды танып-бағалаудан, соларға көзқарастан аңғарылатын сияқты. Қызық құбылу: «ұлықты» ежелгі түркілер бәз мағынасында ұлы, биік деп түсінеді, біздің замандастар өзімізше «ұлық» деп біледі! «Құт» мәнін ежелгі түркілер білім, бақ-дәулет, жанның семіріп, сананың кемелденуі деп ұғады, біздің замандастар әдетте байлық, барлық, қарын тоқтық, қайғы жоқтық деген мағынада қолданады. Ал «ұлық» ұғымы атақты «Құтадғу білігі» дастанының кіріспе тарауында мынадай мағынада да кездеседі. «Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазған. Әмме бұл кітапты Қашқарда тамамдап, Машрық мәлігі Табғаш Бұғраханнның Құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап хәм ҰЛЫҚЛАП, Хас Қажыб деген атақ беріп ерекше ілтифат білдірген, сол үшін ол Жүсіп ұлы Хас Қажыб атанып, атақ-даңқы дүниеге жайылды». Ұлыны ұлыға балап, қастерлеген.

Ұлылық — ұлағатта. Ұлағатсыз ұл мұратқа жеткен бе, ұлағатсыз ел мұратқа жеткен бе?! Ұлағатсыз өркені өскен ұрпақ бар ма?!

Тағлымсыз — ұрпақ Тұл.  
Тұлдың тұрқы — жетімдік.  
Тұлдың құлқы — құлқындық.  
Тұлдың жұрты — құлдық.

Халық көкірегінде көзі жоқ, көңілінде сергек сезігі (интуиция) жоқ пендені «көргенсіз» дейді. Көргенділік те сол тағлым, тәлім ұшқындары. Ежелгі мұра тағлымы, халықтың дәстүрлі эстетикасы кейінгіге даналық мектебіндей. Рухани жетімдік пен тағлымсыз тасырлықтың ауыр індеті — ілгерідегі тарихи тағдырлардан тараған кісіліктің киелі тұғырларын түйсінбеу, сезінгенмен де селт етіп санадан сарғая сіңіре алмау болып тұрған мына заманда Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүгінеки, Ахмет Йасауи, Абай, Шоқан сынды алып тұлғалардың әр сөзі асыл, әр толғамы елдікке, кемелділікке бастайтын аталы арна. Санаға сіңбегеннің адамның тал бойына жарасып, мінез-құлқына дарымайтыны аян. Тұсындағы, тысындағы асыл заттың өзекжардысын өзгеден аршып танудың өзі де сол рухани түйсікке тікелей тәуелді. Бірінсіз бірінің күні қараң. Халық даналығының арналы дариясына жұлдыз болып құйылған түркі дүниесінің даналық эстетикасының әлібі мен танымы осы орайда ұлттың дәл бүгінгі күнгі арқа сүйер алтын босағасы іспетті. Ұлттық идеология дегенді жиі айта бастадық. Жөн-ақ. Бірақ идеология дегенге ет үйреніп алғандікі ме әлде басқалай себептерден бе, әйтеуір идеология хақында айтылған сөздер мен жазылған толғамдардан, жалпы жұртты жандандырмақ жиындардан кейде бәз-баяғы саяси сарындардың талансыз салқын лебі есіп тұрады. Әуелі осы идеология дегеннің өзін ағайындар не деп түсінеді екен деген ой келеді сонда. Идеологияның төркіні «идея» (франц.), «идеал» (грек.) болса, ҰЛТТЫҢ МҰРАТЫ ЕМЕЙ НЕМЕНЕ?! Ұлт мұраты, ұлттың түпкі мақсаты, былайша айтқанда,



іздеген иманы емей немене?! Мұрат бітімі ұлттың мінез-құлық, тәлім-тәрбие, таным түйсігінен бастап әл-ауқат, тұрмыс-тіршілік, ішкі-сыртқы қарым-қатынастарына дейін қамтып бір мүддеге, бір ниетке жұмылдырылған ұлттың тұтас келбетін кескіндемей ме?..

Ұлттық менталитет десіп жүрген танымдық ой-сана сарасы осыған сүйеніп барып, жаңғырып, түлеп, жаңармас па? Осы ретте де, қазақ жұртының тектілігінің күретамырындай тегін диалектика өресімен бірге көне түркі мәдениетінен де іздейтініміз анық.

Ғаламдық түйсік-сезімге арна тоғыстырған ежелгі түркі жазбаларынан бастап Абай, Шоқан, Әуезовтерге дейінгі рухани таным дүниесінің самаладай самсаған құс жолы тарихтың талай тоспаларында аруақтай демеп өтері де күмәнсіз. Күнделікті күйбең тірліктің, іркіс-тіркіс сабылыс пен әлдеқандай алқыныстың жаратылысы сол бір жұлдызды жолдың көңіл көзіне іліну, ілінбеуіне байланысты да шығар. Ендігі табынатын пірің де, сүйенетін иең де сол бір үлкен мұратты, қасиетті ұғымдар. Пірсіз пенденің күні күйкі, көңілі қараңғы. Әлі де болса баршаға мәлімденіп, тәлімделіп үлгірмеген «Құтадғу білігі», құтты білім — сол асыл арқау, арқалы ағыстың бір шоктығы. Жылдар өткен сайын ордалы ойдың тереңіне тартып, даналық пен даралықтың өзгеше бітімін айғақтап тұрғандай қуатты иіріміне үйіріп тарта бермек. Осыдан он ғасыр бұрын хатқа түскен даналық толғамдар бүгін де солғындамай, еңсе көтеріп ел болсам деген үміттің отын маздата түскендей. Қазіргі Жетісу жерінде Х ғасырдың табалдырығында дүниеге келген ғұлама ақын, жаһангер ақылман, ойшыл Жүсіп Баласағұнның дүниетаным маржандары халықтың өз топырағында туған төл тебіреністері болғандықтан та, иісі түркі елінің жан-дүниесіне жақын мұрағиятты мұра.

Халықтық туынды тағдыры да халық тағдырымен егіздің сыңарындай ұқсас болады екен-ау деген де ойға қаласың. Дастанның қолжазбасының әр елде, әр түрлі кітапханалар мен мұрағаттарда, шетте өткен көшпелі тағдыр тарихынан бастап, кейіпкерлерінің болмыс, бітіміне дейін айнымайды, халықтың рухани тағдырының баламасындай. Оның әр жолынан, ойларынан елдің елдік мінез-бітімін, арман-мүддесін көргендейсің, тағдырынан елдің тағдыр-талайының сорабын аңғарғандайсың. Осыны «Құтадғу білігі» тағдыры мен тәлімі айғақтай түседі. Бір кереметі, құтты білімді қолына әлі ұстап үлгірмеген балғын-балауса буынның бойындағы ана сүтімен дарыған тағлым, адамшылық қасиеттер жүйе-жүйесінің, замандастар тірлігінде қағидаға айналған салт-дәстүр, кісілік қарым-қатынас түзілімдерінің осы көне кітап беттерінен бедерленіп көрінетіндей. Халықтық сипатты даралайтын ерекшеліктер ме, даналық толғам, қанатты сөз, мәйекті мақал-мәтелдер ме?.. Түйдек-түйдек үлгі, түйін-түйін ой. Жатырқамайсың, жатсынбайсың... Жалтақсыз қауышып, жамырай сырласып, бірге қанаттанып, қомданасың. Қазіргі әдебиетімізде, ел-жұрт аузында, халық әдебиеті үлгілерінде тұнып тұрған терең философиялық толғамдардың бастауларын, халықтық таным-нанымның нәрлі өзектерін, мақал-мәтелдердің құнарлы топырағын танығанда эстетикалық түйсіктің табиғилығына, болмысты философиялық танудың күдіретті қуагына тәнті боласыз.

Осынау түркі поэзиясының тұңғыш кітабын көне түркі поэзиясының поэтикалық нышандарын кемел жеткізген ұлы жазу десе де болады. Түркі тектес халықтар поэзиясындағы бұл алтын желінің бір ұшығы сонау тәжік-парсы, бір ұшығы қырғыз, өзбек, ұйғыр, татар, ноғай тағы басқа ел мен ұлыстардың

мәдениетіндегі көркемдік көкжиектермен ұласады. ХІ ғасырда Шу бойындағы Баласағұн шаһарында жазылып, кейін кең дүниеге танылған ұлағатты әдеби ескерткішті кезінде дат, француз, венгр, австрия, неміс, түрік ғалымдарының тесіле зерттегені, кейбір тарауларын түрлі деңгейде аударғандары тегін де емес... Әсіресе бұл еңбек хақында неміс тілінде бірқатар құнды-құнды еңбектер, пікірлер бар. Венгр ғалымы Г.Вамбери де, көрнекті түркітанушы В.В.Радлов та кезінде (1870—1890 жылдары) әуелі неміс тіліне аударған. Бірқатар батыс, шығыс ғалымдары біздің түркітанушылардан көп бұрын-ақ «Құт дарытатын ілімнің» табиғатын түсінуге барын салған. Осылардың бәрі де Жүсіп Баласағұн дастанының адамзаттық, имандылық, кісілік рухын таныта түседі. Адамға тәннің бәрі маған да тән, адамшылық қасиет адам баласының бәріне бірдей етене жақын деген түйін айқын аңғарылады.

«Құтадғу білігінің» әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық, поэтикалық бітімін даралайтын алуан сипатты өзгешеліктердің қатарында туындының тінінен тарайтын күрделі де, қабырғалы бір қасиеті оқшаулау көрінеді. Ол осы бір даналық дастанының өз заманындағы өркениеттік өзектердің жарқын белгілерін бойына түбегейлі сіңіргендігі. Нақ осы сипаттары арқылы ежелгі түркі дүниетанымының өресін, түркі мәдениеті мен көркемдік танымының тынысын, жалпы адамзат тарихындағы жарты дүниені алып жатқан жұмбағы мол құбылыс ғаламының жаратылысын тереңдей таныта түседі. Түркі мәдениетіндегі қырық қырлы дәстүр іздерін көзге тосады.

«Құтты білік» — бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл-сезімнен ажалға дейінгі жақсылы-жаманды жай-жағдаяттардың сан қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен. Ақыл, санаға ақылмен ұялатқан. «Адамды адам түсінбеу бір ақырет!» — деп ХХ ғасырдың Мұқағалиы айтқандай, адамды адамға надандық емес, адамдық қана ұқтыра алмақ.

Пенде мен пен денің пендешілігі емес, ХХІ ғасырдың табалдырығында таразы басында имандылық пен ұлт, жер тағдыры тербеліп тұрған сәтте, қайдағы бір күйкі тірліктің күйбеңін күйттеп кердендегендер мен арғы-бергіні жанмен сезіп, ақылға қондыруға жанталасқандардың арасында қаралы қанды судай тағы да сол Надандық тұр. Он алтыншы жылдан да... сексен алтыншының желтоқсанынан да... отыз екі... отыз жетінші жылдардан да күңіренген қалың елдің қыр желкесінен осы Надандықтың үңірейген обыр көздері тұнжырайды. Балауса тәуелсіздіктің саумалынан бас айналған күнәсіз масан заманның бір шалғайында тағы да сол Надандықтың, сыпайылап сипап айтсақ, қатып қалған тырысқақ тасмандайлықтың даурыққан, қарлыққан үні естіледі. Жүсіп Баласағұнның ғұламалық дастаны Х ғасырдың өзінде осы кеселдің келбетін күңірене кестелеген:

199 Білімді — аз, білімсіздер қаптаған,  
Ақылсыз — көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,  
Надандардың аңсағаны дау болды.

Біліп сөйле, сөзінде сөл, оң болсын,  
Сөзін түпсіз қараңғыға көз болсын!

179 Біліксіздер өзі нағыз басырдың,  
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

Біліп сөйле.. Білмегенге білдіріп сөйле...

Білімнің құдіретін жанмен ұғып, санамен төгілген өкініштің ащы мұңы, кеш те болса керегіңе жарар, кесірленбей көзіңді аш дейтіндей... «Білімді мыңды жығар»... демей ме ел. Сірә, бұл мақалдың да нәрлі тамыры сол көне замандарда жатыр-ау. Дана халық, көкірегі сара халық надандыққа, тасырлыққа ежелден ақыл, білім, тілді, сезімді қарсы қойған. Ақылды арқа тұтқан. «Құтты біліктің» дәстүрі де осы дәстүр. Бұл өсиет кейін талай-талай ірілі-ұсақты шығармаларда желі жалғастырды, әрине.

- 6612 Білікті бір ойдан, мұннан арылмас,  
Біліксіз құр ыржақтаудан жаңылмас.
- 6614 Білік — кісең, білікті оймен алаңдар,  
Ал біліксіз тұра шауып, алаңдар!
- 262 Білімсізге төрден орын болса, көр:  
Төр — босаға, ал босаға болды төр!
- Орын тисе данаға есік көзінен,  
Есік — биік, төр-тағыңның өзінен!
- 288 Ақыл — шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім — жарық, нұрын саған шашатын.
- Қандай десең, ақыл-ессіз түр-өңі,  
Ақыл-ессіз кісі үлессіз жүреді!

Білім мен ақылдың адам баласына шапағатын көне дәуір ғұламасы түрлі-түрлі реңмен, алуан-алуан астармен толғайды. Соның бәрінде бүгінде әр көкіректегі салт-дәстүрден, әр шаңырақтың кісілік тәлімінен сіңген сындарлы сипаттар басым.

Тарих тәлімі... Парасат сабағы... Дастанның тәлімі бүгінгі замандасқа да тағлым. Ғасырлар бойына халықты кісілікке баулыған жазу шынында несімен қымбат? Несімен қызықтырады? Тағы да сол адамгершілік, имандылық дәстүрімен!... Ақиқатқа жығылған, әлеуметке адалдық дәстүрімен. Ежелгі дәуір ақынының әлеуметтік мұраттары қашанда әсерлі, ақиқаттың өз тіліндей ашық естіледі. Қоғамға, адамға зардап атаулыға ышқынған қарсылық, рухани жиреніштің күйінішті үні сол тілден төгіліп, көкіректерге жасындай жетеді. Ақын сан-салалы толғамды бәрінен бұрын әлеуметтік-моральдық күйзеліске әкеліп тірейді.:

- 6453 Зұлымдардың қолы елді жайлады,  
Момындардың қолын жоқтық байлады!
- Маскүнемдер бетін жуған шарапқа,  
Ер атанып, аты шықты алапқа!?
- Зинақорды ерен десті, жаратты,  
Сараң десті татпайтынды шарапты.
- Адалдықты түгел арам таптады,  
Арам ниет жердің жүзін қаптады.

Иә, ақын қасіреті — адам қасиетінің кеткені. Иә, ақын қасіреті — адам қасіреті. Ел үшін, ұрпақ үшін санасынан сарғайған ақын бұл ойларын сонау «қараңғы», «түнек», «ортағасырлық найсаптықтың» ортасында тұрып күңірене айтқан еді... Айта тұрып, «Ащы айтты деп кінәлама ақынды, Ащы сөздің

түбі балдай татымды», «Кірді сумен жуады, су кірлесе немен жуады?!» деп жұртына жан күйзелісін қоса сездірген-тін. Осы тұрғыдағы қисындарын «ел бұзылса — бек түзейді, елді бек түзеді, ал бек бұзылса, бек азса — кім түзейді» деген толғамдарына тоғыстырады.

Иә, орта ғасыр күйігі...

Орта ғасыр...

Қазір ғалам маңдайын ХХІ ғасырдың кернеуі биік лебі үріп кетіп, үріп кетіп тұрған заман. Сол орта ғасыр күйігі ХХ ғасырда да талайды күңіреңткен. Атышулы «тоқырау» төрінде тұрып та осы жолдарды оқып күйзеліп, осы жолдарды оқып іштей ширғығып, іштей ширап еңсе түзеген. Сол орта ғасыр биігі ХХ ғасырда да биіктігінен таймаған. Биіктігімен дүниені үйіріп, биіктігімен сананы билеп тұр.

Жазбаға, ақындық куәге жүгінсек, ықылым заманғы трагедия ежелден ілесіп жүрген екен-ау. Түркі деген жұрттың күйігі қазақ деген ұлттың күйігіне ұласқан екен-ау, бабаның мұңы баланың басына көшкен екен-ау.

Орхон-Енисей жырларын оқыңыз... Рухын сүйіңіз...

Жүсіп Баласағұнды оқыңыз... Жадыңызға түйіңіз...

Абайды оқыңыз... Күйігіне күйіңіз...

Шәкәрім қажыны...

Бұлар ұлт-халық ретіндегі жан дүниеміздің хатқа түскен күйзеліс-күйігі. Тұтас бір этнос трагедиясының тарихы. Ел болмақтың алды ең болмағанда соны түсіну!

Жұртты жафа желі, опа тоналды,  
Сүйенерге лайық кісі жоғалды.

Байлық кімде — билік сонда. Құдірет те сол, білек те сол. Әрине, құдіретті білікке қолы жетпеген елде бұдан өзге соқпақ та жоқ өзі.

Діл қағайып, тіл мүләйім боп алды,  
Аты қалды, шындық өзі жоғалды.

Атасына, көр, аталық етті ұлы,  
Ұлы бек те, ал атасы бек құлы!..

Кедей, жетім, тұлды демер пенде жоқ,  
Азды жаһан, таңырқайтын ер де жоқ!

Ұмытты ұл-қыз ата-анаға құрметті,  
«Қария» аты ерді қорлау іспетті.

Заман сыңайын баққан үлкен тараудың ұшқындары ғана. Ежелгі әдебиет демесек, жұмыр басты пендені қай кезде де ойландыратын тебіреніс. Ақын өз заманының тілі мен діліне айналып кеткендей. ...Мұңымды айтсаң, мұңаярсың өзің де... ...Кісіліктің кісілігі кішілік ...Ақжарма сыр.

Дәуірдің ақынға, ақынның дәуірге ұласуы. Тұтас бір халық жанына айналуы. Ел болып ойлап, ел атынан тебіренуі. Жеке ақындық дарынға халықтың рухани дүниесі, халық даналығы қуат беріп, қанат бітірген. Сол ІХ—Х ғасырлардың өзінде-ақ халықтық пәлсапа, халықтық эстетика танымы жақсы мен жаман, ақ пен қараны ажыратып, шендестіріп отырған. Сол эстетика рухымен ойды сезімді тәрбиелеп, ұрпақты баулыған.

- 2660 Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,  
Сөз бен есті тектен-текке лайлама.

Көне мұра өнегесі: білімді, кісілікті кісі бол! Халықтық парасат-пайым, дәстүр, халықтық құлық деген ұғымға осы жерде баса назар аударған абзал. Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет секілді күнделікті тұрмыс әдебінен бастап елдік деңгейдегі, мемлекеттік дәрежедегі моральдық қарым-қатынас әдебіне дейін «Құтты білікте» түзілген. Қанағат, сабыр, сезім-ақыл, кішіпейілділік тәрізді небір ізгі қасиеттердің әлеуметтік бітімін тани түсеміз. «Қастық қылма, арамдықты сайлама, Тый құлқыңды, жақсылық қыл қайда да!» (1315), «Сабыр етсең — бұзылған іс түзелер» (1318), «Сабыр соңы — салқын сая жаныңа» (1317)... т.т. Сабырлық, ұстамдылық халықтық мінез-құлық ерекшелігі ретінде де мәлім. «Сабыр түбі сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа»... деген әдеп-қағидалар ұрпақ құлағына ата-баба аузымен құйылып келген «шарт».

1324. Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірме,  
Кісі үйінде көз қадірін кетірме...

1327. Дос, туғаннан лебіңді аяма,  
Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла, —

дегендер де сол сияқты.

Классикалық шығармалар заман сыңайын, дәуір бедерін уақыт көшінің бір үзік сәтіндей хаттап кетеді. Тіршілік, тұрмыстың көркем өрнектері арқылы кезеңдік заңдылықтарды, диалектикалық типтік құбылыстарды тұтас көзге тосады. Дастан бәйіттерінде сараланған әлеуметтік топтардың бірегей портреттері, қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың өзекті өрнектері, сан қырлы психологиялық кескіндеулер уақыт озса да тозбайтын, бояуы солғындамайтын таланттылықпен бедерленген суреттер екендігі күмәнсіз. Солардың бәрінің тұғырындай тұтас дәуір тұрқы туралы толғаныстары (қорытынды тараулар) көркемдік қуатымен де, ширыққан шиеленісті күйімен де, шыншылдығымен де бүкіл дастанның идеясын меңзейді. Тағы да заман азған, парықсыздық жайлап, надандық талаған тұста кайтпін ел болмақты күңірене күйзеле жырлаған. Ұлт мұраты, ұлттық қасиет дегеннің бір ұшығы осында жатыр.

Құтты ел құру үшін не істемек жөн, адам қандай, қоғам қандай болмағы ләзім, бәрін де жіпке тізгендей ақындық тілмен түгендеп шыққан Жүсіп көзі көріп, көкірегін өртеген заманның ащы шындығын ашына ақтарады. Ащы айтты деп кінәлама ақынды, ащы сөздің түбі балдай татымды дей отыра жан күйзелісін жасырмайды. Жүсіп Хас Қажыбтың ақындық мұң-зарын тарихқа жетік қазіргі оқырман да түсініп қабылдайтынына дүдәмалданбаймыз. Тура бастап, тік сөйлейтін ақиқатшыл арқалы талант осы бір түйінді тарауларда барынша серпіліп, ашыла да ашына түскендей.

6451 Ай, білікті, бақсаң заман сыңайын,  
Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын.

Біліктіге есе бермей қорлады,  
Ақылдылар тілін ашпай сорлады!

Көбейді елде қорлаушы да, зорлар да,  
Бас көтермес сорлы болды қорланған.

Адалдықтың ағы қалды, көзі жоқ,  
Қарақшы — арам, әттең, тоқтау, тезі жоқ!

деп ғұлама заманның бар кейпін өлең жолына толық түсіріп кеткен. Сірә, қоғам, дәуір шындығын ешбір тарихи жылнама, шежіре, пәлсәпалық зерттеулер осыншалықты суретті, осыншалықты толымды жеткізе алмас. Жүсіп ел рухын жасытып, елдіктің іргесін күлдірететін әлжуаз тұстарды бұлтартпай нұсқаған. «Опа кетті, елді жафа жалмады, Сенетін бір кісілікті ер қалмады!», «Бауырынан бауыр безіп суысты, Жатбауыр боп сөкті туыс-туысты!»

«Құтадғу білігін» осындай тұстарында тіл ұшына тағы да Орхон-Енисей жазуындағы ауыр күндер елесін суреттеген жыр жолдары келеді. Түркі жұртының толысып кемеліне келген тұсында «Ол кезде құлы — құлды болған еді, Күңі — күңді болған еді», — деп масаттанатын шабытты толғамдардың орнына:

Бек ұлдарың құл болды,  
Пәк қыздарың күң болды! —

деп ашынып аһ ұрмаушы ма еді?! Ерлік жырлары емес, нағыз намыс жырлары!

Соңындағы інілері қаған болған,  
Ұлдары да қаған болды.  
Соңындағы інісі ағасындай болмады,  
Ұлдары әкесіндей болмады.

Біліксіз қағандар отырған екен,  
Жалтақ қағандар отырған екен.  
Әміршілері біліксіз екен,  
Жалтақ болған екен.

.....  
Інілі-ағалының дауласқандығынан,  
Бекті халқының жауласқандығынан,

Түркі халқы елдігін жойды,  
Қағандығынан айырылды\*.

Бұл Баласағұн дәуірінен де әрідегі, одан төрт-бес ғасыр ілгерідегі тарих. Құт дастанындағы орамдар болса X—XI ғасырлар суреттері:

Кішіде — әдеп, қалмады ақыл ағада,  
Сыйластық жоқ, бөктік дау-шар, жалаға!

Жақындықтың бәрі пұлға сатылды,  
Адал адам таппай жаным ашынды!

Кетті әділдік сұм-аярлық арбады,  
Құдайшылық сұрар кісі қалмады!

Ел ақшаның құлы болды, табынды:  
Күміс кімде болса, соған жағынды!

Заманақыр келді, Жарғы бұзылды,  
Жамандарды көріп, жақсы бұзылды!

Ақылды ұғар, біліктілер біледі,  
Жыл, ай, күнмен заман түгел құбылды!

Ақырзамандай ауыр кездегі адамдардың құлқын да: «Саудагерлер аманатты ұмытты, Ұста өнеге, мұрагерін ұмытты!», «Білікті айтпай ақиқаттың ашығын,

\* М. Жолдасбеков. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1990. 47-бет.

Ұят кетті, әйел беті ашылып!» — деп, жеке-жеке мінездеп, талдап айырып береді.

Қорытынды тараулардағы осынау әлеуметтік толғамдар 85 тарау бойы насихатталып, уағыздалып шыққан моральдық-этикалық тебіреністердің астарын ақтарып, тәрбиелік мағынасын мүлде тереңдетіп жібереді.

Жақсы мінез-құлық, тәлім-тәрбие жөнінде небір даналық ойларын білдіріп, ізгілікке мезгегенде ақын адамның жеке тұлғасының сол бір аласапыран кезеңдерде әлеумет ортасында қаншалықты мәнді орын алатынын ескерсе керек. «Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» дейді қазақ. Осы мақалдың өзекті ойы бірнеше бәйітте ұшырасады.

881 Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,  
Айнымайды алғанша ажал қапсырып.

Іште біткен қылық, парыз мойнына,  
Бірге кірер қара жердің койнына! —

деген бәйіт те осы мақал ойымен жамырап табысқандай.

2580 Таяқ — еттен, сөз сүйектен өтеді,  
Сөз қалады, таяқ табы кетеді, —

десе де, тіл ұшына кәдімгі «Сөз сүйектен, таяқ еттен...» келеді. Күнтуды (Әділ хан) отырған күрзінің үш сирақты екендігін тілге тиек ете келіп, үш тағанды, үш сирақты нәрсенің қашан да берік, тиянақты болатындығын, қай жерге қойса да қолмен қойғандай қона кететіндігін түсіндіреді. Төрт аяқты нәрсе тақтайдай тұзу жерде болмаса, аса орнықты емес. Үш сирақтың бірі қыңыр болса — бәрі қисық шығады, бірі құласа — бәрі құлайды дегенді тағы айтады.

800 Міне, мені көргін, заңмын, әділмін,  
Тұрқымды сен байқа, барла — бәрін біл.

Мен отырған күрзі мынау, төрімде,  
Үш сирақты, көр де тоқы көңілге.

Үш тағанды нәрсе берік, мызғымас,  
Үш аяғы тұрғанда ұстап, жылжымас!

Егер үштің бірі тайса, жетеді,  
Қалған екеу өзі-ақ ұшып кетеді.

Үш сирақты нып-нық, тұзу тұрады,  
Төртеу болса, бірі қыңыр шығады.

805 Бірі тұзу болса — тұзу бәрі де,  
Бәрі тұзу болса — тұзу мәні де.

Бір қыңырдан — бәрі қисық шығады,  
Бар қисықтан — әмән қырсық туады.

Қай тұғыр да қисық болса, тұра алмас,  
Тұзу нәрсе — орнықты, ешкім жыға алмас.

Осы үш тұғыр туралы ойды ел бірлігі, елді басқару жөніне қарай реті келгенде әрі қарай тереңдете түседі.

Бірі — дана, ғалымдар, зейінділер,  
Бірі — хатшы, білсін дер кейінгілер.

Үшіншісі — жүректі ер, батырларың,  
Жау десе, жайдай жайпар жасындарың.

Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса,  
Қалған жұртты үйіріп, қонсыға алса...

деп, елге бас-көз болар бектердің үш түрін, тобын түсіндіреді. Үшеуінің пайдасын, қызметін саралайды. Мемлекеттік жүйені танытатын желі. Ал мына жолдардың мағынасы аса айқын:

Ішпек-жемек — әуелгісі бұлардың  
Қатын алмақ — бірі рахат-құмардың.

Үшіншісі — тән саулығын, тірлігің,  
Бұл үшеудің ұстау қажет бірлігін.

Бұл да тіршіліктің үш негізгі тиянақтары, біз үшін кәдімгі «Әуелгі байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, содан кейін — он саулық!» деген әйгілі мақалмен үндестігімен қымбат.

2711 Елді аларда, алмас қылыш жарқылдар,  
Ел басқарсаң, алтын қалам жалтылдар.

Білім, ақыл елдің ішін түзетер,  
Үш батырың күллі әлемді күзетер.

Тағы да үш ұғым. Үш сала, үш бағыт.  
Үш биліктің бірлігі.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяр» дейді қазақ ұғымы. Төл қазынамыздың төркіні тереңде жатқан текті нақылы. Оған мына бәйітті оқығанда көзіміз жеткендей.

2748 Күміш көрсә иалнұқ (адам, пенде) көңүл тұтмаса,  
Иарағай аны шын фәріштә тесә.

(Яғни «Пенде күміс көрсә, көңіл бұрмаса, оны шын періште десе болар...»).

Дастаннан «Ұлуғ болдұң әрсә кішіг тұт көңүл, Ұлуғқа кішіглік иарашұр оғұл» (4532) — (Ұлық болған болсаң көңіліңді кішік тұт, Ұлыққа кішіктік жарасар, ұл!) деген бәйітті оқығанда еріксіз тіл ұшына «Ұлық болсаң кішік бол» келеді. Мұндай біртектілік жол сайын көзге ұрып тұр. «Жаманға жолама, жаласына қаларсың» — «5256. Есізге қатылма көйүргәй есіз...»; «Не ексең, соны орасың» — «4733. Бұл дүние іші бір тарыжай (егінжай) сынды, Мұнда не ексең, ертең сол өнер.»; «Ет бұзылса, тұз себеді, Тұз бұзылса не себеді?» — «Кірді сумен жуады, Су кірлесе немен жуады?» т.т. Бұлармен қатар, жұртшылыққа таңсық, поэтикалық қарымы жағынан алымды әрі қарапайым, әрі ұтқыр тіркестердің даналығы қай ғасырда да тозбасы анық.

Соның бәрі елдің елдігін түзеу мүддесіне қарата жазылған.

Біліксіздің тілін тыйған жөн болар,  
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.

Жүсіп Баласағұнның өзі айтқандай, білік те, құт та — білімді сөз, білікті ой. «Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас.»

Халықта Құт, Дәулет, Ырыс... Несібе... деген құдіретті ұғымдар бар. Сол сөздің қат-қат мағыналық астарын ұлт дүниетанымымен аастастыра алуан

қырынан ашқан кенеулі толғам, келісті тілек, ықыластар, ырым-нанымдар қаншама. Атамыз қазақ «Құт қонған...», «Құт дарыған...» деп сүйінеді елге, жерге, текті кісі, тәңірлі шаңыраққа мейірімі түскенде. Қаншама тілге жүйрік, сөзге сергек дегенмен, қазақ жұртының кез келген жерде оңды-солды сапырып шашып-төге бермейтін, қадірін кетірмей қастерлеп қолданатын ұғымдарының бірі де — осы Бақ-Дәулет, Береке киесі! Әрі соның бәрі бір арнадан, халықтың жан-дүние жайлауынан барып тоғысып, өзгеше бітімді кіршіксіз де, кірпияз адамдық қасиеттер төрінен табылып жатады. Жартыкеш ұғым, жалаң сөз ғана емес, біртұтас таным дүниесі. Ел-жұрттың ықылым заманнан бергі пейілін, ниет-құлқын, жан сарайын қанық түсірген бірегей ұғым, рухани ғалам! Түркі дүниесінің ұлы ойшыл ақыны, энциклопедияшы ғұламасы Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн әлемге әйгілі «Құтадғу білігі» («Құтты білік») дастанына осы дәулет, құт-береке, ырыс ұғымын басты тұлғалардың бірі етіп алғаны тегін болмаса керек.

Ел санасындағы сан сырлы құт, дәулет сымбатының ежелгі дәуірден бейнелі келісті түскен тұсы да осы »Құтты білік» дастаны. Дүниедегі ғаламат тарихи-мәдени, әдеби ескерткіштердің бірегейі, иісі түркі жұртының рухани мақтанышы «Құтадғу білігтегі» ұлағатты төрт ұғым — Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Оғдұрмыш сынды төрт бас кейіпкердің бірі — осы Дәулет. Оған Айтолды аты берілген. Бұларды қазақ табиғатына бейім нұсқасына сүйеніп атасақ: Әділет (Күнтуды), Дәулет (Айтолды), Ақыл (Өгдүлміш), Қанағат (Оғдұрмыш) болып шығады. Күнтуды — Әділет, яғни әділ заң, әділ елбасы, әділетті әмір. Айтолдымен алғаш жолыққанда өзінің дүниеге ақиқат нұрын бірдей түсіретін әділетті де, мейірімді екендігін, тұрақтылығын, ақ жол, әділ заңды ұстанатындығын айғақтап, атамыз қазақ атын күнге балап Күнтуды қойғандығын түсіндіріп, Дәулеттің есімі неге Айтолды екендігін сұрайды.

- 730 Айтолды айтты: — Дана кісі атымды  
Қойған екен Айға мензеп затымды.
- Ай туғанда кіп-кішкентай болады,  
Күннен-күнге көтеріліп толады...
- Ай толғанда, көзі ашылар әлемнің,  
Жүзі жайнар жаһандағы әр елдің.
- Толған ай да, қарасаңыз, шетінен,  
Бозаң тартып, ажары азып кетілер.
- Нұры сөніп, семіп мүлде жоғалар,  
Қайта туып, қайта толар, оналар.
- 735 Мен де айдай жаңаланып тұрамын,  
Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым.
- Ғәріп жанға түссе жүзім, жанарым:  
Көркі артып, нұр жуады қабағын.
- Байып, тасып, даңқы алысқа жайылар,  
Кетуім мұң — су алғандай шайылар.
- Жиған-терген мүлкі күлдей шашылар,  
Таз қалпына түсер, еңсе басылар.
- Шайыр сөзін есті мұны меңзеген,  
Білікті сөз — білімсізге көз берер:

«Бақ қонса, адам атақ-даңқы артылар,  
Жаңа айдай толысар да, жарқырар.

Көңіл қойма, ол опасыз, ессіз ол,  
Толған Дәулет, толған Айдай сарқылар!..»

Бақ-дәулет. Құт-береке. Адам баласының бақыты мен талайлы тағдыры. Талай-талай аңыздардан, ертегілерден жұмыр басты пендеге соншалықты таныс ұғым. Халық ертегілеріндегі Дәулет, Бақ хақындағы толғамдарды еске түсірсек, дастандағы бас кейіпкердің бірі Дәулет-Айтолды бейнесінің түп-төркіні түсінікті бола түседі. Мындаған ғасыр ойшылдардың санасын жайлаған, небір шешендердің тілін, көсемдердің күнін байлаған ұлан-ғайыр ұғым. Адам баласының бақыты атты күрделі ұғым бір ғана бейнелеумен, кейіптеумен хатқа түскен. Және де қандай бейне! Жұлдызы жамырап, топырағы гүлдеген қасиетті Жер-Судың иесі, ақындары аруларына «айды алқа» (Мағжан) қылып таққан, батырлары ай астында жортқан, аруақтары басына айын тігіп жатқан түркі жұртына, дала ғұрпына Айдан, Күннен, Жұлдыздардан жұмбақ, олардан айқын, түсінікті қандай ұғым болсын. Жаратылыс тілін ғарыш денелеріне қарап ұғу, сол арқылы табиғат заңдылықтарын шешіп, ғарыштан ғалам жұмбақтарына бойлау ежелгі түркілердің таным дүниесінің өзгеше таным үрдісі. Космологиялық зерде. Дүниетаным өрісі. Сол бір Ай келбеті, толған Ай мен солған Ай арасындағы аспан денелерінің ажары қазақ баласына қаншалықты таныс, қаншама ұғынықты десеңізші! «Құтадғу білігтің» құтты мемлекет, қуатты қоғам құру хақындағы күрделі ойлары осылайша елдің таным дүниесінің ажарлы айшықтары мен төл санасының аясында берілгендіктен де — соншалықты ұғымды, ғұмырлы.

«Орын сайлап, жантаймас Ай жайланып,  
Мекен-жайсыз жүрер сырғып айналып.

Саратанмен жанып, бірге өшеді,  
Ол көшпелі, бұл да бірге көшеді.

Ай бұрыжы\* — Саратан, ол тынбайды,  
Үйі айналса, Ай да бірге зулайды.

745 Қай үйге еңсің, тәрк қып шыға береді,  
Кіріп-шығып, шығып-кіріп желеді.

Мен де Айдан айнымаймын, білемін,  
Бірде-өрте, бірде ылдиді жүремін.

Келіп-кетіп шарқ ұрамын, жатпаймын,  
Кең жаһанды кезсем де, орын таппаймын.

Затыма сай, «Айтолды» деп атаған,  
Білімдінің айтқаны аумас батадан».

Шыр етіп жерге түскеннен қазақ баласының маңдайына жаза көр деп тілейтін «бармақтай бақтың» бітімі осы. Тағы да сол Айтолды-Дәулет: өзім Бақ-Дәулетпін, басырмын, сондықтан «Кім жұғысса, соны ұстап алып еремін», көзім көрмегендіктен жақсы-жаман демеймін, таңдап жатпаймын, еріп жүре беремін дейді. Иә, иә... Бақ кімге қонбайды, дәулет кімге бітпейді... Бірақ соның бәрі қайда?! «Бір қылығым: айнып кете беремін, Тұрақсызбын, маған сенбе дегенім» деп тағы ескертеді. Су, сөз, дәулет бір орында тұрмайды:

\* Бұрыж, он екі бұрыж — Зодиак ұғымын береді.

668 Құтты кісі «Құттымын!» деп лепірме,  
Даңқты кісі даңқыңды айтып есірме!» —

деп сескендіреді Айтолды. Жұртқа игілік шуағы тисе, Айтолды да нұрлы, ажарлы. Құттың өзі де, көзі де — өзі. Ұлылық та, бектік те, мейірім, шапағат та Дәулеттен тарайды. Жүзі нұрлы, қылық-құлығы сырлы, сабырлы. Қайда барса, жұрт сонда барып «еріп жүреді». Тозақ та ұзаққа төзбей тоз-тозы шыға безіп кетеді, өйткені сабыры бар! Уайым да тайқып кете береді, өйткені шаттығы бар! Дәулетке қарсы шыққан жан азаппен өтеді, бой ұсынып жақын тартқан жан мұратына жетеді. Құтты құрғамын дегендердің өзі құриды (670 — 685-бәйіттер).

Айтолдың сипатына сүйінген Құнтуды Елік тағы да сауал тастады:

«Елік айтты: — Ұқтым қадір, бағанды,  
Мінің бар ма? Айт, білейін шамаңды...

Айтолды айтты: — Жоқ залалым, жоқ мінім,  
Жоқ мінімді тергіштер бар, күптімін.

685 Тұрақсыз хәм опасыз деп сөгеді,  
Жұртқа жайып, тілдің кәрін төгеді.

Тұрақсыздық мінім емес, біл өзін,  
Жананы аңсап, түлеп тұру — мінезім...

Ескі нәрсе — бәрі тозған, сүйкімсіз,  
Сүйкімсіздің жүгі болар сүйкімсіз.

Барша ескілік — түбі азапқа айналар,  
Ал азапқа тозақ әркез сай болар.

Жаңа нәрсе табылса, ескі не керек,  
Жақсы нәрсе болса, жаман не керек?!»

Елбасы тағы толғанды:

Із қала ма жүріп өткен жерінде?

Айтолды айтты: — Жарда ойнаған киікпін,  
Сол мінезбен сүйікті хәм күйікпін.

Ұшқырмын мен, іздеген жан таба алмас,  
Тапқаныммен, ұстап мәңгі қала алмас.

700 Қатты ұстаса ер, болса ақылдың ұстасы,  
Қаша алмаймын одан, сөздің қысқасы!

Сол Дәулетті ұстаудың, сақтаудың жолы бар ма өзі?

Іздеген жан болсын жібек мінезді,  
Көңілі таза, тілі майда, жігерлі!

Аяса өзін, мекерлікті білмесе,  
Жауыз істің маңынан да жүрмесе.

705 Жиған малын ысыраптап, шашпаса,  
Құлқын оңдап, жөн-жосыққа бастаса.

Құрмет қылса үлкендерге өзінен,  
Кішілерге мейірім төксе сөзімен.

Пандықпенен қорсынбаса кісіні,  
Күлкі қылып, басынбаса кішіні.

Кісілерді кішіктікпен тыңдаса,  
Кіші сөзін аяқ асты қылмаса.

Тектен-текке шарапка аран ашпаса,  
Көңіл — арсыз көрінгенге лақпаса.

710 Міне, осылар баянсыз құт кісені,  
Кісендесе, қашпайды, өзі-ақ түседі!

\* \* \*

Тұта білсен, дәулет тозып, безбейді,  
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді

\* \* \*

Құт та келер, тұта алмасаң — озады,  
Дүние берер, тұта алмасаң — тозады!

Қонған құттың біл қасиет-қадірін,  
Қадірді ұққан — көрмес тірлік жәбірін!

Бағыңды байлама, бақытыңды басқа теппе, ырысыңды шашпа, несібеннен қағылма дейді қазақ. Бұған қатысты сенім-нанымдар, жұрт аузындағы қағидаға айналған ырым-дәстүр, аталы сөздер қашанда тіл ұшында тұрады. Соның бәрінің жылы ұясы сонау ежелгі түркі дүниетанымы. Түркі жұрты жаралғалы тұрмыс-тіршіліктен сіңген, сонда туып мысқалдап қалыптасқан қағидалар. Бір кереметі адам баласын күні бүгінге дейін арбап келген, әлі де алдандыра беретін дәулет екеш дәулеттің өзінің сұрқын ашып, оған парасат-сананы, жақсы мінез, жампоз кісілікті жарыстыра ақылшы ету арнасы әріден тартылған ғұмыртанымның заңға айналған тұжырым тірегіндей. Сананың сарғайып піскен сары алтындай дәні. Халықтың сол тарихи таным топырағына түскен дән көктеп, тіл жарып жүре берді.

Қазіргі қазақ жұртында көзге көрінбей көңілді билеген Қанағат, Рахым деген күдіретгі ұғымдар болса, сол ежелгі құнарлы топыраққа түскен кісіліктің кіршіксіз дәнінің жемісі. Бұл екеуі де дастанның бас кейіпкерлері, басты рухани-эстетикалық арқаулары.

\* \* \*

Ақылман дастанның халықтың тәні мен жанын сұлуландырып, рухын аспандата түсетін талай-талай тамаша толғамдары әдебиеттің ең бір өміршен қасиеттерін дәлелдеп береді. Ұлттың елдігін, зердесі мен сезім тұңғығын ұғындыра түсетін ой орамдары ұлттық сана, таным мен салт-дәстүріміздің тұнық қайнар бастауы ретінде қастерлі.

Бұл күндері менталитет деген ұғымды жиі қолдана бастадық. Қазақ жұртының ежелгі әдеті тілге де, жүрекке де таңсық нәрсеге үйірсектік, тосын нәрсеге еліккіштік. Бұл сергектіктің, әсершіл қызығушылықтың жақсылығын да, зиянын да қазақ ағайындар көрудей-ақ көрген. Бұл Абайды да талай күйіндірген мінез. Иә, қазақ жұртының бүгінгі күнгі менталитеті дегенде тұтас бір ұлттың қырық қырлы бірегей бітімі елестейтіндей. Ал осы ұлттық менталитеттің өз тарихы, өз тағдыры бар. Ол, бір жағынан, тарихқа бойлау, санамен сарғая сіңіру арқылы ұлттың жаратылысынан өзіне ғана тән бітім тұлғасын, мінез-құлық табиғатын, айналып келгенде өзін-өзі табуына, тануына

жәрдемдеседі. XX ғасырдың аласапыранынан арып-ашып шыққан қазақ жұртының қазіргі менталитеті ұлттың әуелден өзіне тән хас қасиеттерін толық танытады дей алмаспыз. Соңғы бір ғасырға жуық кезең шамасында рухани топан су тасқынына тұншыққан қазақ халқының көш басын қайта түзеуіне дейін, ұлттық менталитетін сауықтыруына дейін ұзақ жылдар керек. Осы ұзақ жолда шөліркеген ұлттың өзегіне нәр болып тамып, қанын тазартып, жанын жаңғыртатын бір күретамыр осынау ғасырлар қойнауынан тінін бұзбай жеткен түркі танымы, түркі эстетикасы.

Осы тұрғыда, «Құтты білік» — халықтың құтына, ырысына айналған ілім. Ұрпақтан-ұрпаққа, адамға құт берген, береке-ырыс әкелетін білім. Көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа ғасырлар бойы адамдық, азаматтық, қасиеттерін, әдеп-салиқалылық дәстүрін сіңірген дастан. Дана дала төсінде не өтпеді, не болмады.

- 6434 Қанша берік бекет, орда қаланы,  
Жермен-жексен етіп ажал тонады!
- 6435 Қанша шаһар, қаншама бау жайнаған,  
Қалған курап, бағын өлім байлаған.

Талай шаһарлар, талай сарайлар із-тозсыз жоғалды, талай баһадүрлер, асылзадалар құмға айналып құрдымға жұтылды. Талай ғалымдар, ғұлама бекзадалар, ақ иінін ай сүймеген арулар ескерусіз, елеусіз өтті, қадірсіз кетті. «Оған да тек екі кез бөз бұйырған!...» (6443). «Құтадғу біліг» («бітік» — жазу, жазба) ғана он ғасырға жуық ұлан асуды асып жаңғыруға бет алған ұлыстың алдынан шығып отыр. Кітапты қолға алған сайын, өлең жолдарына үңілген сайын ұлы даланың ұлы тарихына танданып, туған ел, өскен жердің рухани қазынасының қайнар бұлақтарының таңдайға балдай тиетін мұздай мөлдір кәусарынан татқандай боласыз. Халық атты ұлы ұғымға ұласқан ұлы қадір-қасиеттің, тәлім-тәрбие мектебінің табалдырығынан аттағандай, күн айналған күмбезінің нұрын сезінесіз. Бұл жазба жүзінде ғана емес, ұлттың тұла бойына дәстүрмен сіңіп, тіршіліктен дарыған, сол жұрттың өзімен бірге өсіп-өніп отыратын рухани нәр дәні. Сондықтан да, ақылман шығарманы оқығанда түркі халықтары ғылымының, тілі мен өнерінің тынысын танып, құнарлы топырағының ыстық табы бойға тарағандай күй кешесіз. Жүсіп Баласағұнның өзі де:

Кітап атын «Құтадғу біліг» қойдым,  
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың! —

дегенде де осы ізгі ниетті аңғартқан шығар.

«Әділдік — құт. Құт құрығы — кішілік. Әділдіктің заты — тұнған кісілік!» — дейді ғұлама. Әділет — әділ хан, елбасы. Жаһанға жарығын тең шашқан күндей КҮНТУДЫ:

Заң алдында бәрі бірдей мен үшін,  
Кесем әділ. Болмайды ешбір келісім...

Біл, әділ заң — басқарудың тұғыры,  
Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлыны!

Бек елінде тура заңды ұстаса,  
Бар тілекке жетер қолы, қысқасы! —

дейді өзін таныстырғанда.

Айдай бірде толып, бірде солып ортайып тұратын ай дидарлы Айтолды-дәулет — уәзірі. Осынау төрт бас кейіпкердің портреттері, әдеби көркем

тұлғалары арқылы-ақ ел өмірінің төрт діңгегі — Әділет, Дәулет, Ақыл, Қанағат жайлы ұлағатты ғибрат айтылады..

Кісілер көп, кісілікке кендеміз,  
Адалы аз, адам атты пендеміз.

Кісі сирек емес, сирек кісілік,  
Кісіліктің қадірін біл, түсініп! —

дейді даналық дастан ұлағаты.

Қоғамның, тіршілік-танымның әр сәтіне, әр құбылысына Жүсіп Баласағұнның өз түйіні, айқын көзқарасы, байсалды байламы бар. Адалдық, тіл, білім, ерлік, ездік, байлық, мәрттік, махаббат сынды терең мағыналы астарлармен, аллегориялық парықтаулармен өмірдің мәні зерделене түседі. Сипаты айқын, сырлары қанық. Тіл өнеріне арнайы жеке бір тарау арнаған ғұлама көлемді дастанның әр тұсында түркі тіліне деген ерекше құрмет сезіммен тебіренеді. Дастанның соңғы қорытынды тарауларында да «түркі тілін үркек, тағы киіктей» сылап, сипап қолыма үйреттім, мәнерлеп зерледім, тіздім, сөйтіп осы сөздерді жаздым дейді.

Кітаптың сексен бес тарауының әрқайсысы бір-бір мәнді-мағыналы тақырыпқа арналған да, сол тақырып аясы, ақынның көзқарасы ұтымды тіл, бедерлі оймен нақышталған. «Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылатын» алтыншы тарауда:

155. Ақылды ұғар, білімділер біледі,  
Түгел болар білімді есті тілегі! —

деп қайырады. Білімсіздік, нағандық — кесел, дерт. Дертінді емде, көзін ашылсын дейді. Ал жетінші тарауда тұтастай «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда, зияны айтылады»:

Ақыл, білім тілмәші — тіл, тіл — кепіл,  
Жадыратар ерді шырын тіл деп біл!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.

Тіл — арыстан, есік баққан ашулы,  
Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды! —

Алдыңғы тарауда ақыл, білім мәні сөз болса, енді сол ақыл мен білімнің тілмәші — тіл хақында небір зерлі ой кестесін төгеді. Бірде қазіргі қазақ халық әдебиетіндегі мақал-мәтел, қанатты сөздерге етене жақын, құлаққа жылы тиетін ұшқыр тіркестермен жаныңды баураса, бірде тіл туралы тосын да, тапқыр ой ұшқындарымен тәнті етеді.

Тілімнен көп жафа шектім, есебім:  
Бас кесілмес үшін тілді кесемін!

Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын,  
Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын! —

дейді ғұлама.

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,  
Және сөйлеп, және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлесең, «Езбесең!» — деп жек көрер,  
Сөйлемесең, «Мылқау екен!» — деп сөгер.

Олай болса, тең ортасы керегің, «Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!»(175), «Тілінді бақ, басың аман болады, Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады!»(176) дейді. Басқа пәле тілден демекші, қызыл тілдің де қырық қырлы қасиеттерін санаға сіңіре түседі. «Біліп айтқан сөз даналық деседі, Білімсіз сөз қайран басты кеседі!» (170). Тіл өнерін дертке балаған Абай атамыздың ақындық-фило-софиялық дүниетанымы да Баласағұн әлеміне шарпысып жатқан жоқ па?!

\* \* \*

Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болсын,  
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

дейді дана ақылы. Сол асыл сөзді, толғамды тілді ұлына өсиет етіп, атадан балаға мирасқа тапсырады.

Күллі сөзді жисаң да, ақылды асырмас,  
Керек сөзді сөйлер кісі, жасырмас.

Сөзді ұлыма арнадым мен, ер-батыр,  
Ұлым, тыңда, менде алтын-кен жатыр.

Саған арнап сөз сөйледім, ей, ұлым,  
Өсиетімді қабыл алғын, құлыным!

Күміс, алтын қалса менен сендерге,  
Оларды сен бұл сөзіме теңгерме!

Күмісті іске тұтсаң — бітіп қалады,  
Сөзімді іске тұтсаң — күміс табады...

Осы шағын үзінділерден-ақ, ойшыл ақынның, сол кезеңдегі оқымысты хакімдердің орта ғасырлардың өзінде тіл өнеріне қаншалықты мән бергендігін аңдауға болар. Шығарма ел басыларына, хан құзырына ақыл-кеңес ретінде жазылғанын, мемлекет түзуге аса қажетті мәселелердің жеке-жеке талданғанын ескерсек, тіл, білім, рухани дүние хақындағы ақын толғамдарының әлеуметтік мағынасы барынша жарқырай көрінеді. Парасат, білім, тіл, сана жайында автор ауқымды дастанның әр тұсында-ақ оралып соғып, әлсін-әлсін тиянақтап, пысықтай түседі. Соның бәрінде тілдің қасиетін, білімнің қадірін әмәнда асқақтата, жарық дүниедегі асылдың асылына балап толғайды.

Әдеби аяда, этика-философиялық дастанның көркемдік өнегесі, кейінгі түркі тілдес әдебиеттерге ұласқан дәстүрі, тақырыптық тынысы, халықпен бірге жасайтын өміршеңдігі айқын сезіледі. Шығарма тақырыптарын шартты түрде: а) имандылық, әдеп-адамгершілік тұғырлары, ә) тіл, білім, ақыл-парасат сипаттары, б) әлеуметтік-қоғамдық түйіндер, в) тұрмыс-тіршілік толғамдары, г) мемлекет түзіп, ел түзеу туралы толғаныстар, д) табиғат, жаратылыс суреттері деп қысқа қайырып топтастыра білдіруге де болар еді. Тақырып аясының кеңдігімен бірге, троптардан бастап тұлғалы көркем суреттер мен портреттерге дейін типтендіру, сол арқылы заманның хатқа түскен мәңгілік таңбаларындай әлеуметтік, қоғамдық, психологиялық ірі құбылыстарды даралау сынды суреткерліктің кемеліне келген шеберлігі асыл мұраны қашанда өзінің өзгеше биігінен танытады.

Халықтық, ұлттық мінез-құлық, жалпы этнологияға, әлеуметтік-психологиялық жаратылысқа қатысты бітімді кескіндеулер күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған, кейін де символдық сипатын сақтап қала беретін поэтикалық

таңбалар. Жаугершілік заман, жауынгерлік рух, ерлік-батырлық туралы ауыз әдебиетінде де, кейінгі заман шығармаларында да жеткілікті жазылған. Жауынгерлік, батырлық ұғымы әр дәуірде әр түрлі ыңғайда танылып, суреттелгені де мәлім.

Баласағұн заманындағы батырлық, бағландық тіні тіпті бөлек. Ежелгі дәуір ақыны ең әуелі жау-дос, жауынгерлік, ерлік деген абстракциялық түсініктердің нақты суреттерін сызады. Олардың қоғамдық, әлеуметтік қисындарын алға тартады. Қызыл сөзбен әспеттемей, поэтикалық әрін де жоғалтпай, өзекті заңдылықтарын түсіндіреді. Жау дегеннен-ақ жау шапқандай байбаламдап, ұрандап, жан таласып, жан берген деп «үрейді» ұшырмайды. Ежелгі түркілердің Баласағұн жазған танымы өзгелеу, әлдеқайда байсалды, биіктеу көрінеді. Жаудың аты — жау. Жаусыз қалай жауынгер болмақ?! Жау болмаса, қалай батыр атанасың!? Атың, атағың, күш-қайратың, кісілігің, білім-парасатың, адамшылық қасиетің, арсыздығың — бәрі де жауыңмен күресіңнен танылады. Ерлер жаугершілікте сынға түседі, жаугершілікте ширайды. Жаумен жауынгер болып шығасың, жау атыңды жалпақ әлемге жаяды, абыройыңды асырады. Жау екен деп жаныңды отқа тастама. Күшті, саны басым жау болса, елші салып тілдес, жақындаспаққа ниет қыл. Табысқын, сыйласқын, сонда да мәмлеге келмесе, табысуға иілдесе — соғыс, жеңіп ал дейді. Ал жауласқан екенсің, сақ, сабырлы бол, шабуылды шұғыл бастап, тез бітір, жау әскерінің аз-көбін біліп, сырынды алып қоймасын, көзі үйреніп үлгірмесін дейді.

Туғаннан соң текке өлу жоқ, біл енді,  
Жауды көріп қалтыратпа тізеңді!

Өрттей тиіп, мәрттей жауды алқымда,  
Ажал жоқта айбалтадай жарқылда!

\* \* \*

Намысшыл ер жаудың қанын шашады,  
Намыссыз ер жер бауырлап қашады!

Бұл тұста, соғысудың тактикасы мен стратегиясына қатысты айтатын айла-шарғыларын, тәсілдерін мазмұндамай-ақ қояйық, оның есесіне «Тобырлы емес, толымды әскер керегі», «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл», «Таяқты жауға темір қалқан дайында!» секілді поэтикалық құдіреті көзге ұрып тұрған бірер мысалды оқып көрейік:

2366 Сызба ұрысты — жау сырынды алады,  
Көп қараса, көзі де әбден қанады...

Көрмеген жау даңқын дақпырт асырар,  
Көргеннен соң, көз үйреніп — басынар...

Жасындай ти, есін жиып алмасын,  
Жігі адымда! Өлдің — сөзсаң арбасып.

\* \* \*

2380 Қыз-келіншек ләззаты — неке қиған түндері,  
Ер-жігіттің ләззаты — жау қайырған күндері!

2384 Жауды көрсе, ердің жүзі қызарар,  
Жауға кірсе, жердің жүзі қызарар!



Ел қорғауды, қаһармандықты осындай оралымды ойлармен әрі ақтайды, әрі қайрап жігерлендіреді. Қолбасылар, әскери құрылымдар, баһадүрлерді қалай ұстау туралы толғаныстары өз алдына. Бұл да бір заманына сай бөлек ұғым, серпінді сергек тебіреністер.

2425 Ел жаулаушы қылышымен алады,  
Ел бастаушы қаламымен алады!  
  
Қылышпенен басылар ер, ашынар,  
Ал қаламсыз-басшысыз ел шашылар.  
  
Елді, жерді табындырса қаламың,  
Түгенделер тілегің мен талабың! —

деген де тебіреністері бар. Хас сарбаздар хақында:

2400 Жақсы болар — жамандарда мақтасаң,  
Жаман болмас — жақсыларды жақтасаң.  
  
Ер — мақтаса, арыстанмен алысар,  
Ат — баптаса, ұшқан құспен жарысар! —

деп, қосынды ұстау, тәрбиелеу, қолбасының қосын алдындағы қақын, парызын саралайды.. Бәйіттен бәйітке ауысқан сайын бүтін тараудың мазмұны айшықталып, қаһарман баһадүр тұлғасы көзге елестейді. Қандай басшы, қандай батыр жаһангер болмақ керектігі бүтін тұлға-бітіммен, мінез-құлық, ақыл-парасатымен аңғарылады. Елдік, ерлік деген қасиетті ұғымдар таза поэтикалық суретке айналумен бірге, санаға берік ұялайды.

2045 Жүректілер жүрексізді бастаса,  
Жүрек бітер бәріне де басқаша!  
  
Біл, арыстан басшы болса иттерге,  
Арыстандай күркірер кеп иттер де!  
  
Арыстандар басы болса ит бір күн,  
Арыстандар жасар еді ит тірлік!  
  
Мейірбанды болсын бектер жайсаң жан,  
Қылығынан жайсаңдығы байқалған! —

секілді терең тамырлы ойлары да сол бір елдік танымды тереңдете түседі.

Орта ғасырға дейін де түркі жұрты елдік құрып, талай күйреп, талай еңсесін түзеді. Күлтегін жырлары сол тарихтың тасқа қашалған қысқаша шежіресі. Ал Баласағұн түркі елінің тағы бір серпіліп, тізесін жазып өркеніетке ден қойған тұсы. Сондағы, қайтсек ел боламыз, қайтсек іргелі ел, берік мемлекет боламыз дегендегі құтты тұғыр, алтын бесік — білім, білік еді. Үлкен мұратқа бет бұрғанда, тәңірінен тілек тілеп, елдікке ден қойғанда сол мемлекеттің, халықтың қаймағы — ерлері, анасы, баласы, ақсақалы қандай болмақ? Елдіктің таяныш, тіректері бектері мен игі-жақсылары қандай болып, қайтпек керек? Осы сауалдарға жауап іздей отырып, Жүсіп Баласағұн сан түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің, сан алуан адамдардың портреттерін жасайды.

Жаратты адам баласын да бір Алла,  
Есті-ессіз, ұлық-кішік бар — онда.  
  
Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,  
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым!

Бәрін соның алаламай бөлектеп,  
Басқаратын қандай болу керек бек?!

Иә, бек деген кім? Бек қандай болмақ ләзім? Жақсыға да, жаманға да, естіге де, ессізге де сипаттама береді. Бек деген ұғымды биіктетіп, даралай түседі.

Ақыл керек, бекке керек білік те,  
Сақилық та керек лайық жігітке!

Бек халықты тек білікпен сендірер,  
Барлығын да ақылына жеңдірер.

Бек дегенің білікпенен берік тұр,  
Білік кетсе, «бек» қалады — желік құр!..

Иә. Нақ солай.

Шыншыл, сара болу керек ел бегі,  
Көңілі — ақ, тілі — тұзу, зерделі!

Жұртқа сыйлы, көңілі — тоқ, көзі — тоқ,  
Білімді, ойлы, пейілі кең, сөзі — шок.

Жасай алар ізгілік пен ірілік,  
Заң, ұятты сақтай білер жүгініп!

Осындай бек болар халық көсемі,  
Ұрпағы өссе, тарайды ұрқы көшелі!..

Осындай бәйіттермен бектердің ұлт көңіліндегі тұлғасы көзге елестейді. Ақыл да, сабыр да, ізгілік те, мейірімділік пен қаталдық та ең әуелі ел басындағы бекке қажетті қасиеттер. Елі үшін, жері үшін алаңдаған бектің көңілі күпті, жаны мазасыз, өзі үшін емес, елі үшін қорқып тұрады. «Қорқақ келер тауқа бек көңілі, Қорыққан ісін бұлтартпайды өмірі!» — дейді. Керісінше:

Бегің қорықпай, кейде қорқып тұрады ел,  
Бегің онда қорқау болды, ұға бер...!

Яғни елдің құты — білімді, мейірімді бек. Ұшқалақтық, жеңілтектік, ызақорлық, қызбалық, тыраштанушылық, ашкөз сұғанақтық, өтірікші, опасыздық — осының бәрі де, орта ғасыр ғұламасының сөзімен айтқанда, «надандықтың белгісі!»

Мешкей тынып, сұғанақ көз тояр ма?!  
Ашкөзділер жаһанды жеп тояр ма?

Сұғанақтық — дауасыз дерт, арылмас,  
Күллі жаһан емі қонбас, жазылмас!

Барлық аштар, жесе ақыры тояды,  
Сұғанақ көз көрде ғана қояды.

Сұқ құтаймас, қанша мүлік жиса да,  
Кедеймін дер, әлемді оған қиса да!

Надандықтың, пақырлықтың бір сиқы. Парасатсыздықтың, тойымсыздықтың XI ғасыр басындағы хатқа түскен сипат-бітімі. Ар-намыс ұғымдарын да ел мұрағы тұрғысынан санаға сіңіреді. Елді ұйыту, елді береке-бірлікке, құтқа бастау жолдарын меңзейді. Елді әділ заңмен басқарған жөн, «Зұлым

күшпен бек ұзаққа бармайды, күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды», — дейді.

Асыл сөз бар. — Қыздырмасын елді — кек!  
Күшпен ұзақ ұстай алмас елді бек!

Елді тұтас ұстағысы, әділ билегісі келетін бекке бұлардан басқа да ұш қасиет керек дейді ғұлама. Қаһарман жігерлілік, жомарттық және шырын тіл. Бек те, ұлық та, құл да, күң де тілге, сөзге жүгінген. «Түксиген жүз, іріген сөз, құр керден» елді бектен жирендіреді, өнерлі ойлы бектің «даңқы өсіп, төрден орын тиеді» дейді тағы.

Аты бек те, зағы болса қап-қара,  
Қараның ең қоры ол елде, маскара!

Бектің бойы мен ойы қандай болу керектігінен бастап, ауқаттану, жүріп-тұру, сарайдағы жұртпен қарым-қатысына дейін егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Бектерге, ел хакімдеріне деген мың жыл бұрынғы көзқарас. «Ішкен кезде ұмытылар керекті іс, Мастан шығар неше түрлі керексіз!» дей отыра, моральдық-әдеп тұрғысынан да бірқатар ой таратады. Бегі ойнап, шарапқа шомылса, ел ісіне ақылы қалай жетсін деп ширықтыра түседі.

Қара ішсе, мал мен мүлкін салады,  
Бегі ішсе, елдің шырқын алады!

Тоқсан толғамның түйіні — әділ заң, білім, ақылда. Елдің құтын тасытып, ырысын арттырсаң, елден де береке көресің, мүмкіндігі мол, бай елден өзің де аласың. Елді саясатпен түзе. «Ел былығы саясатпен арылар!» Егер ер елге әділ заң түзбесе, ел обырлардың жеміне айналады, «ел қырқысып, бұзылар, тұғыр құлар, бектік жығылар» — дейді ойшыл.

Өзің — бексің, дүниеге құл болма,  
Үкім күтпе, өзің билеп бұр жолға!

Бек тұлғасы осылай жырланса, ел басы — Күнтуды, уәзір, елшілер, ғалымдар, қолбасылар хақында да ретіне орай іші-тысын бірдей түгендеген түгел сөзбен толымды тұжырым түйіндейді.

Жақын тұрса бектер ізгі адамға,  
Жақсылыққа іңкәрланар жаман да.

Егер бекті нектесе жамандар —  
Ел үстінде жалаңдар сол арамдар.

\* \* \*

Бектер ессіз болмайынша, тегінде...  
Ессіздердің көзі ашылмас елінде!

Егер ізгі болса елдің басшысы,  
Түгел ізгі болар атшы, қосшысы!

Қарапайым даналық. Трактаттың кез келген пенденің көкейіне қона кетерлік оңтайлы орамдары.

Кім дана бек болса, жақын білімге,  
Біліктіні жақын тартар түбінде.

Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда,  
«Білімсіз, надан!» десе, қорлық адамға! —

деп бір түйеді. Жүсіп Баласағұн пайымдауынша, «кісі асылы екі түрлі: бірі — бек те, бірі — дана елбасы», ізгі, ұлағатты кісі екі түрлі: «бірі — ұстаз да, бірі — шәкірті». Қараны айтсын, ханды айтсын, ең әуелгі қасиетті, қадірлі нәрсе білім деп санайды.

Білімсізге төрден орын болса, көр:  
Төр — босаға, ал босаға болды төр!

Орын тисе данаға есік көзінен,  
Есік — биік төр-тағынның өзінен!

Күллі құрмет білімдіге тиесі,  
Мейлі, ол төр, мейлі, есіктің иесі!

Елдің ісін қолға алар бек сымбаты бұл. Елдік, мемлекеттілік үшін от басынан бастап әділ заңға дейін бәрі елеулі, бәрі маңызды. Адамның мінез-құлық ниетінен бастап қауымның әл-ауқатына, сұлулық танымы, махаббат-ынтықтық сезімінен бастап елге-жерге деген перзенттік парызға дейін — бәрі қасиетті, мағыналы. Мұның бәрі елдікке, мемлекеттілікке ықпал жасайтын күштер. Тіршілікте ұсақ, мәнсіз-мағынасыз ештеңе болмайды. Күллі жаратылыстың, ақырында фәни жалған мен бакилықтың да жарасымды үйлесімі, табиғи ұнасымы, қастерлі жарастығы болмағы шарт. Бақыт та, құт та сол күдіретті жарасымда. Кісілік те, береке, құт та, даналық та сонда. «Көрсөкырлық, ұятсыздық, ұлығым, Бәрі түгел — жамандардың қылығы!» «Ессіз бүгін қанша есірер, құлшынар, Ертен сонша өкінішке тұншығар!» Дастанның өзекті ойы осыған саяды.

«Құтадғу біліг» ежелгі түркі жұртының поэзия түріндегі тұңғыш кітабы, адам мен қоғам хақындағы мәні терең философиялық трактаты. Оны аудару көне түркі поэзиясының ішкі қасиеттерін бүгінге жеткізумен қатар, ежелгі тілдің қазіргі төркіндес түбірі бір тілдермен сабақтастығын, туыскандығын іс жүзінде көзге тосу деген сөз. Басқа аударма ерекшеліктеріне қарағанда көне тілден туысқан тілдерге аударудың өз тәжірибесі, өз сипат-заңдылықтары бар. Сөздердің бәз күйіндегі тұлғаларда кездесуі, мағынасы ұмытылған, ұмытыла бастаған тұлғасы таныс сөздер, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, образдар, метафоралар, жалпы поэтиканың тарихилығы — міне, осының барлығы тектес тілдерден аударудың өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктерін түзеді. Бұл жерде еркін аударма да, сөзбе-сөз аударма да, мағыналық аударма да, көркемдеп, мазмұндап аудару да толық жемісті шыға бермейтіні заңды. Қазіргі тілдің ежелгі замандағы күретамыры іспетті көне түркі тілінің поэтикалық нәрін, көркемдік қуатын жасытпай, сонымен бірге дәл де тиянақты аудару бір жағы шеберлікті керек етсе, екінші жағынан үлкен жауапкершілік жүктейді. Көптеген сөздердің тұлғалары сақталса да, мағынасы мүлде өзгеріп, түлеп шыққан, кейбір идиомдар мағынасын әлі күнге дейін өзгертпей сақтаса, кейбірі мүлде жаңа мағыналық қырынан көрінген. Оның үстіне тілдің қоғамдық-әлеуметтік факторлардың бірі ретіндегі тарихилық нәрін қосыңыз. Міне, осындай сан-алуан қасиеттерін ескере келсек әрі дастанның поэзия туындысы екенін еске алсақ, ежелгі, осыдан оншақты ғасырлар бұрынғы туындыларды қазіргі туыстас тілге аударудың барша мәселелері қораланып шыға береді. Бұл аударма тәжірибесінде соңғы жылдары көрініс бере бастағанымен, теориялық тұрғыда тиянақталып белгілі бір зерттеу-зерделеу жұмыстары жасалып,

ғылыми жағынан тиянақталмаған сала. «Құтты білік» секілді көне түркі мәдениетінің бірегей де бітімі берік туындыларын аударып, насихаттауда осы мәселелердің де ғылыми-тәжірибелік мәні өзгеше. Сонымен бірге, мұндай сипатты аудармалар тілдің байлығын танытумен қатар, ұлттың эстетикалық таным өресінің қаншалықты таза да биік екендігін, тарихи поэтика тарапынан рухани дүниеміздің қаншалықты сан қырлы бай келетіндігін де анық аңғартады. Біз осынау көне түркі ескерткішінің бір жағынан өзбек, ұйғыр, қазақ, түрік тілдеріне аударылған (филологиялық, әдеби, жолма-жол аударма тектерін) нұсқаларын, екінші жағынан орыс тіліндегі түрлі (еркін, жолма-жол) аударма нұсқаларын қарап, салыстыра келгенде көп жайды байқадық. Соларды түйіндей айтсақ, көне тілден қазіргі туысқан тілге аударғанда туындының көркемдік-эстетикалық табиғаты, тіл ерекшелігі, тілдің ғасырлар бойғы даму, түлеу, өзгеру тәжірибелері ескерілуі, ең бастысы түпнұсқаның бар бояуы сол тіл түбірінің тектестігі негізінде сақталуы, мүмкіндігінше толық жетуі шарт.

«Құтты білік» түрік елінің ел болу жолындағы қоғамтану, елтану дастаны десе де сияды. Көркемдігі кемел, ойы зерек, тұғыры берік ақылман трактаттың қазақ жерінде жазылуының өзі, осы өңірді мекендеген жұрттың құпия да қастерлі жазуы болғандығының өзі көп жайды меңзесе керек.

«Құтты білік» жазылған тұста «Игорь жасағы жайлы жыр» да, «Монғолдың құпия шежіресі» де дүниеге келмеген-тін.

Орта Азия, түрік тарихының аласапыранға килігіп, түркі дарабоздарының шашасына да, санасына да шаң тимеген тұнық тұста туған туынды.

Сонысымен де қымбат. Қазіргі қазақ еліне байырғы елдік, мемлекеттік дәстүрін, суреткерлік салтын сезіндіруімен қымбат.

Асқар ЕГЕУБАЙ,  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*

Жүзін Баласағұн



ЖҮПЛУ  
ЖЛЛЛК

## I.

### *Бісмилләхи-р-рахмани-р-рахим!*

#### *Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!*

Әзіз уа күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз. Әрі ол атақ-даңққа бөлене берсін! Ол кім не тілесе — тілеуін берді, өзі нені қаласа — соны жасады; кімге жафа көрсетсе — көрсетті; уа, неге ықтияр болса, неге құлқы соқса — соны істеді.

Адамдардың ең абзалы, пайғамбарлардың қасиетті ұлы елшісі Мұхаммед Мұстафаға сансыз сәлем, мархабат болсын! Оның серіктестері болған әзіз, уа қымбатты сахабаларына Алла разы болсын! Тәңірінің ризық, нұры жаусын!

Бұл бір бек әзіз кітап. Шын<sup>1</sup> хакімдерінің<sup>2</sup> мысал-хиқыматтарымен безендірілген. Машын<sup>3</sup> ғұламаларының, ақындарының өлең-жырларымен жасандырылған бұл кітапты оқыған, бұл бәйіттерді басқаларға таратқан адамдар осы кітаптан да жақсы, ізгірек болар.

Шын-Машын ғалымдары мен хакімдерінің бәрі бірауыздан мынадай бір келісімге келді, Мәшрық<sup>4</sup> уәлаятында күллі Түркістан елдерінде (түрік халықтары жасаған жерлерде) бұғрахан<sup>5</sup> тілінде түркі сөзімен бұл кітаптан жақсырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес; бұл кітап қайсы ықылым замандарда, қай патшалыққа жетсе де өмірді терең парықтап, пайымдағаны үшін, керемет көркемдігі үшін сол елдердің хакімдері мен ғалымдары ықыласпен қабыл алып, әрқайсысы әр түрлі лақап ат берген. Шынлықтар «Әдәбүл-Мүлік» («Шахтардың әдеп-қағидалары») деп атады. Машын мәлігінің<sup>6</sup> хакімдері «Айинул мемлекет» («Мемлекеттің дәстүрі») десе, мәшрықлықтар «Зийнәтүл-үмәрә» («Өмір зейнеті») деді; ирандықтар «Шахнамаи түрки» деп атады; ал бағзы біреулер «Пәнднәма-ли мүлүк» («Падишаларға насихат») бүтін десті; турандықтар «Құтадғу біліг» деп ат қойды<sup>7</sup>.

Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа кісі жазып шығарған. Әммәбұл кітапты Қашқарда тамамдап, Машрық мәлігі<sup>8</sup> Табғаш Бұғраханның құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылықап әрі ұлықлап Хас Хажыб<sup>9</sup> деген атақ беріп, ерекше ілтипат білдірген, сол үшін ол Жүсіп, Ұлы Хас Хажыб атанып, атақ-даңқы жер жүзіне жайылды.

Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі — Әділ (Әділет), екіншісі — Дәулет (Бақыт, құт),

үшіншісі — Ақыл, төртіншісі — Қанағат. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түрліше ат берген. Әділетке «Күнтуды Елік» атын беріп, хан орнына қойған; Дәулетке «Айтолды» деген ат беріп, уәзір орнына қойған; Ақылға «Өгдүлміш» атын беріп, уәзірдің ұлына балаған; Қанағатқа «Одғұрмыш» атын беріп, уәзірдің туыс, ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой-толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал-жауап сөздер арқылы әңгімелеп, желілеп жеткізген.

Тағы да мұны оқығандардың көкірек сарайы ашылып, жазған адамды жақсы дұғамен еске алсын деп, иншаллау тағала!

## II.

- 1 Күдіретті бір хақ озық баршадан,  
Мадақ, мақтау, құрмет лайық бір соған!  
  
Ақ, зұлжалал<sup>10</sup>, ұлылықтың иесі,  
Жаратушы, кемел қадір-киесі.  
  
Өзірлеген жер-көк, жұрттың иесі,  
Же жадырап, ризығыңды тиесі.  
  
Көпке есепсіз ризық беріп, сақтайды ол,  
Тойындырып бәрін, өзі татпайды ол.
- 5 Тірі жанды ешқашан аш қалдырмас,  
Жеп-ішкізер, өзегін еш талдырмас.  
  
Не тілесе — барлығына жетеді,  
Кім-кімді де, қаласа ұлық етеді.  
  
Сәлем, пейіл расулға таңдаулы,  
Достарына ықтиярым ауған-ды.  
  
Мұхаммед — елші, халайықтың басы ол,  
Барлығының көзі менен қасы<sup>11</sup> ол.  
  
Өзіз кітап — бұл ұлылық негізі,  
Біліктіге болғай білім теңізі!
- 10 Құт білікпен безенген бұл, жамағат.  
Шүкір қылып ал да, тіле қанағат.  
  
Күллі дана сөзі түгел сүзілген,  
Інжу-маржан тізбегіндей түзілген!  
  
Шыңғыс ханы, Машындардың бектері,  
Даналары жердің, асыл тектері.  
  
Бұл кітапты баршасы алып хаттаған,  
Қазынасының ішіне ерек сақтаған.  
  
Бір-біріне мирас қылып қалдырған,  
Басқаларға бермей, жеке алдырған.

- 15 Зияны жоқ, көп пайда, нұр-арайы,  
Мәнін ұқпас түркілердің талайы.  
  
Тындағанға — ұғынықты, қадірлі,  
Жазбасы — ауыр, надандарға кәдімгі!  
  
Кітап сөзі қолдан демеп, көзді ашар,  
Екі дүние ісін бірдей ондасар.  
  
Машын-Шынның хакімдері жарысып;  
Мадақтасты таң-тамаша қалысып.  
  
Шығыс елі, күллі түркі ішінде,  
Дүниеде — кітап жоқ бұл пішінде.
- 20 Кітап құнын білсе, білер білікті,  
Ақылсыз жан нені сезіп, біліпті!?  
  
Берме кітап кісілерге кез келген,  
Сену қиын, дос та болса көз көрген.  
  
Білімсіздер қасиетін біле алмас,  
Ақылдылар оқып, көзін бір алмас.  
  
Бұғра хан тұсында бұл жасалды,  
Хан тілінде айтылды хәм таралды.  
  
Бұрын-соңды мұндай кітап жазған кім,  
Енді асырып, келістіріп жазар кім?!
- 25 Кім бар, қане, жазып бере алушы,  
Мадақтайын шықса, егерде, жазушы.  
  
\* \* \*  
  
Әр ұлыста, орда, сарай, шаһарда,  
Жаңа атпен, кітап түрлі ат алған.  
  
Әр елдің бек даналары көріпті,  
Ел рәсіміне бейім жаңа ат беріпті.  
  
«Әдәбіл Мүлік» деп атапты шынлықтар,  
«Әнисул Мәмәлік»<sup>12</sup> деп атапты машынлықтар.  
  
Мұны ұлықтар күллі Шығыс елінде,  
«Зийнатұл үмәрә» деп таратқан, тегінде.
- 30 Ирандықтар «Шахнама» деп қараған,  
Турандықтар «Құт білімі» санаған.

Ат қойғанмен бұрып әр ел тіліне,  
Жақын күллі адамзаттың діліне!

Және ат беріп, қосқан сөздің шырайын,  
Ізгі құлын жарылқасын құдайым!

Ай, кітапты қабыл алып қарарсың,  
Түркі тілі ғажабына қанарсың.

Оқып кара, кітап ұнар баршаға,  
Көп шаһарға қол жеткізер патша да.

(Кітап күллі кісіге ақыл береді,  
Шахтар оқып, артар құрмет, беделі!)

35. Ел, мүлікті<sup>13</sup> тұтушы кім? Әкім кім?  
Не оған керек? Айтқан ойлы хакімдер.

Мәліктердің<sup>14</sup> құралы, елін сақтауы,  
Әмірліктің тәртібі мен шарттары.

Неден мүлкің<sup>15</sup> күйреп, бақи болмағы?  
Неден билік кетіп, қолда қалмағы?

Қандай болмақ күллі әскер, қолдары,  
Тұратын жер, қандай жорық жолдары?

Тәртіп-жөні бұл кітапта қадап-ақ,  
Сипатталған, ұғындырған саралап.

40. Және елді берік ұстар кісіге,  
Бұйырады ел басқару ісі де.

Оңтайлы адам керек бұған, ойлы адам,  
Айдай ашық, шырағдандай жайнаған.

Патшаларда қалың халық қақы бар,  
Ал халықта патшалардың қақы бар.

Қара халық күзетсін де патшасын,  
Патша елінің жан мен тәнін сақтасын.

Ұрысқа енген патша қандай болмағын,  
Түзуді ұрыс үстінде әскер-қолдарын...

45. Айтады, көр, қандай айла тұтуды,  
Жау шерігін қалай бұзып, ұтуды.

Қалай істеу керек мәлік жұмысты,  
Түзу жолға салу керек ұлысты.

Ондай ханы болса, халқы сүйінер,  
Жүзін көрсем деп талайлар иілер.

Құты барға қызмет бер, жанастыр,  
Бәзбіреуді қу, қақпаңнан әрі асыр.

Жақын ұста сені жақын тұтқанды,  
Құтсыз деп қу, жауыз шектен шыққанды...

50. Саясаттың басын шауып алмаққа,  
Парасатқа көңіл беріп бармаққа,

Білікті, есті ерлер керек ержүрек,  
Қазына керек тарататын елге ерек.

Таусылмаса қара халық тағаты,  
Барлық істің ішіндегі — рахаты!

Біраз сөзді өсиет еттім, құнтта,  
Дұға қылсаң, мені де ата, ұмытпа!

Байқап көргін: бұл кітапты берген ер —  
Елдің басы, өнерімен өнген ер.

55. Ақылымен құрмет көріп, мақталып,  
Рахатта өмір сүрді шаттанып.

Мейірлі, адал, бір Аллаға қараған,  
Өзі сақи, білікті һәм таза жан.

«Күзорда»<sup>16</sup> елі оның тұрған мекені,  
Түп-тегінен қызыл тілдің шешені!

Туған елден шығып барып, алыста,  
Бұл кітабын жырмен жазып тауысқан.

Түгел жазып, жүйеге сап, тегінде,  
Тамамдады жырмен Қашқар елінде.

60. Хандар ханы Тауғаш Қара Бұғра —  
Хан алдында, құзырына оқыған.

Сыйлықты артық көп-көп берді, құрметтеп,  
«Қалам хақы, ақылына — құрмет!» — деп.

Хас Хажыбтық атақ берді тағы да,  
Мұны өзінің жақын тұтты жанына.

Сол мәні үшін қадірледі, байқағын,  
Нағыз Жүсіп Хас Хажыб деп айтады.

Баяндар һәм кітап мәнін тізімдеп,  
Төрт керемет қасиеттен түзілген:

65. Бірі оның шындық жолы — ӘДІЛЕТ,  
Екіншісі — құт пен ырыс, ДӘУЛЕТ.  
Үшіншісі — АҚЫЛ менен парасат,  
Төртіншісі — ұстамдылық, ҚАНАҒАТ.  
Әрбіріне басқа-басқа ат тағып,  
Баяндайды қалатындай жатталып.  
Әділдікті КҮНТУДЫ ЕЛІК атапты,  
Өздеріне соны әмірші жасапты.  
Ал дәулетті АЙТОЛДЫ деп санаған,  
Уәзірлік орынды оған балаған.
70. ӨГДҮЛМІШ деп ат қойыпты ақылға,  
Жалғыз ұлы ол уәзірдің қасында...  
ОДҒҰРМЫШ деп аталыпты қанағат,  
Уәзірге дейді жақын, жұрағат.  
Бұл төрт нәрсе хиқыматын, сырларын,  
Хатқа тізген, көрсең кітап жырларын.  
Кітаптар көп арабша да, тәжікше,  
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.  
Тек білікті білер мұның құрметін,  
Ақылды ұғар ақыл-ойдың қымбатын.  
(Тек білікті білер мұның түйінін,  
Ақылды ұғар шын ақылдың қиынын.)
75. Біл, түркіше жырмен жазып арнадым,  
Дұға қылсаң, мені ұмытып қалмағын.  
Мен жаһаннан өтем, естіп, қанғайсың,  
Көзіңді ашып, көп ғибрат алғайсың.  
Илләха, сен жарылқағын, аңғар да,  
Ризық бер күллі момын жандарға!

### III. ТАҚЫРЫПТАРЫ

	Құтты білік	Бәйіт
1-бап.	Өзіз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады	1—33
2-бап.	Әләйхис-сә-ләм, құдіретті пайғамбар!	34—48
3-бап.	Төрт сахабаның қасиеттері, құдіреті туралы айтылады	49—62
4-бап.	Жарқын жаз, аса қадірлі ұлық Бұғрахан қасиеті айтылады	63—123
5-бап.	Жеті жұлдыз, он екі бұрыж туралы айтылады	124—147
6-бап.	Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады	148—161
7-бап.	Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады	162—191
8-бап.	Кітап иесі өзі үшін кешірім сұрайды	192—229
9-бап.	Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары айтылады	230—286
10-бап.	Білім, ақылдың қасиетін, пайдасын айтады	287—349
11-бап.	Кітапқа ат қойылуы және қарттық туралы айтады	350—397
12-бап.	Сөз басы — Күнтуды Еліктің өзі	398—461
13-бап.	Айтолдының Күнтуды Елікке қызметке келуі айтылады	462—580
14-бап.	Айтолдының Күнтуды Еліктің қызметіне (құзырына) көрінуі айтылады	581—619
15-бап.	Айтолды Елікке өзі Дәулет екендігін айтады	620—656
16-бап.	Айтолды Елікке Дәулеттің сипатын әңгімелейді	657—764
17-бап.	Күнтуды Елік Айтолдыға Әділдің сипаттарын айтады	765—791
18-бап.	Күнтуды Елік Айтолдыға әділдіктің сипатының қандай екендігін айтады	792—954
19-бап.	Сөздің қадір-қасиеті және турашылдығы, шыншылдығы жайында	955—1044
20-бап.	Құттың құбылмалылығы мен дәулеттің баянсыздығын әңгімелейді	1045—1157
21-бап.	Айтолдының ұлы Өгдүлмішке айтқан ақыл-кеңесі	1158—1277
22-бап.	Айтолдының ұлы Өгдүлмішке өсиеті	1278—1341

23-бап.	Айтолдының Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады	1342—1547
24-бап.	Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады	1548—1580
25-бап.	Өгдүлміштің Елікке жолығуы баяндалады	1581—1590
26-бап.	Өгдүлміштің Күнтуды Елікке қызметке кіруі айтылады	1591—1849
27-бап.	Өгдүлміш Елікке ақылдың қасиеті туралы әңгімелейді	1850—1920
28-бап.	Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады	1921—2180
29-бап.	Өгдүлміш уәзір қандай болу керектігін айтады	2181—2268
30-бап.	Өгдүлміш Елікке әскер басшылары, қолбасылар қандай болу керектігін әңгімелейді	2269—2434
31-бап.	Өгдүлміш Елікке ұлығ хажыбытыққа қандай ер керек екендігін айтады	2435—2527
32-бап.	Өгдүлміш Елікке қақпа басыға қандай ер керектігін айтады	2528—2595
33-бап.	Өгдүлміш Елікке елшілікке жіберуге қандай кісі керектігін айтады	2596—2671
34-бап.	Өгдүлміш Елікке шежіреші-хатшылыққа қандай кісі керектігін айтады	2672—2742
35-бап.	Өгдүлміш Елікке қазынашылыққа қандай кісі керек екенін айтады	2743—2827
36-бап.	Өгдүлміш Елікке асбасшы (хан салар) қандай болуы керектігін айтады	2828—2882
37-бап.	Өгдүлміш Елікке ыдысшы басшысы қандай болуы керектігін айтады	2883—2956
38-бап.	Өгдүлміш Елікке қызметшілердің хақы, бектердің парызы қандай болуы керектігін айтады	2957—3186
39-бап.	Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа хат жазып жолдағаны айтылады	3187—3288
40-бап.	Өгдүлміштің Одғұрмышқа баруы айтылады	3289—3317
41-бап.	Одғұрмыштың Өгдүлмішпен сұхбаттасқаны айтылады	3318—3511
42-бап.	Одғұрмыш Өгдүлмішке дүние айыптарын айтады	3512—3645
43-бап.	Өгдүлміш Одғұрмышқа бұл дүниемен бірге о дүние қамын ойламақты айтады	3646—3712
44-бап.	Одғұрмыштың Елікке хат жазып жолдауы айтылады	3713—3895
45-бап.	Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа екінші хатты жазып, жолдауы айтылады	3896—3970
46-бап.	Өгдүлміш пен Одғұрмыштың екінші қайтара әңгіме-сұхбат құрғаны айтылады	3971—4030

47-бап.	Өгдүлміш Одғұрмышқа бектерге қызмет істеудің заңдары мен тәртіп-тәсілдері туралы айтады	4031—4164
48-бап.	Өгдүлміш сарайдағы қызметкерлермен қалай қарым-қатынас жасау туралы айтады	4165—4319
49-бап.	Өгдүлміш Одғұрмышқа Қара халықпен қалай қатынасу керектігін айтады	4320—4335
50-бап.	Әулиелермен қатынасу жайы айтылады	4336—4340
51-бап.	Білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігі айтылады	4341—4354
52-бап.	Оташылармен қалай қатынасу керектігі айтылады	4355—4360
53-бап.	Құшнаштармен (бақсы, балгер) қалай қатысу туралы айтылады	4361—4365
54-бап.	Түс жорушылармен қатысу туралы айтылады	4366—4375
55-бап.	Жұлдызшылармен қалай қатынасу туралы айтылады	4376—4391
56-бап.	Ақындармен қалай қатынасу жөнінде айтылады	4392—4399
57-бап.	Дикандармен (тарышылармен) қалай қатысу жайлы айтылады	4400—4418
58-бап.	Сатушылармен қалай қатысу жайлы айтылады	4419—4438
59-бап.	Малшылармен қалай қатысу айтылады	4439—4455
60-бап.	Шеберлермен (қолөнершілермен) қалай қатысу жөні айтылады	4456—4468
61-бап.	Кедей, пақырлармен қатысу жайлы айтылады	4469—4474
62-бап.	Қандай әйел алу керектігі айтылады	4475—4503
63-бап.	Ұл-қыз туса, оларды қалай тәрбиелеу керектігі айтылады	4504—4526
64-бап.	Қол астындағы қызметшілерді қалай ұстау жайы айтылады	4527—4572
65-бап.	Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (қонаққа) барудың салт-дәстүрлерін айтады	4573—4643
66-бап.	Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (дәмге) шақырмақ жөнін айтады	4644—4679
67-бап.	Одғұрмыш Өгдүлмішке бұл дүниеден жүз бұрып, барға қанағат етіп, о дүниеге пейілді болу туралы айтады	4680—4933
68-бап.	Күнтуды Еліктің Одғұрмышты үшінші жолы шақыртуы айтылады	4934—5030
69-бап.	Одғұрмыштың Өгдүлмішке таман келуі айтылады	5031—5034
70-бап.	Күнтуды Еліктің Одғұрмышпен көрісуі айтылады	5035—5131
71-бап.	Одғұрмыштың Елікке ақыл-кеңес беруі айтылады	5132—5466
72-бап.	Өгдүлміш Елікке ел басқару заңын айтады	5467—5631



73-бап.	Өгдүлмiштiң текке өткен тiрлiкке ашынып, тәубаға келгендiгi айтылады	5632—5720
74-бап.	Одғұрмыштың Өгдүлмiшке кеңес беруi айтылады	5721—5761
75-бап.	Адалдыққа — адалдық, кiсiлiкке — кiсiлiк жасау туралы айтады	5762—5952
76-бап.	Одғұрмыштың науқастанып, Өгдүлмiштi шақыртуы айтылады	5953—5992
77-бап.	Өгдүлмiш Одғұрмышқа түс жору туралы айтады	5993—6031
78-бап.	Одғұрмыш Өгдүлмiшке түс көргенiн айтады	6032—6036
79-бап.	Өгдүлмiштiң Одғұрмыштың түсiн жоруы айтылады	6031—6046
80-бап.	Одғұрмыштың бұл түстi басқаша жорығаны айтылады	6047—6086
81-бап.	Одғұрмыштың Өгдүлмiшке өсиетi	6087—6285
82-бап.	Одғұрмыштың құмары Өгдүлмiшке Одғұрмыштың өлiмiн естiртедi	6286—6292
83-бап.	Одғұрмыштың шәкiртiнiң Өгдүлмiшке көңiл айтуы	6293—6298
84-бап.	Өгдүлмiштiң егiлiп, Одғұрмышты жоқтауы	6299—6303
85-бап.	Елiктiң Өгдүлмiшке көңiл айтып жұбағуы	6304—6520

\* \* \*

I.	Жiгiттiкке ашынып, өкiнiп, қарттық-егделiк хақында айтқандары	6521—6564
II.	Заманның бұзылғанын, достардың жафасы туралы айтады	6565—6604
III.	Кiтап иесi Жүсiп ұлығ Хажыб өзiне ақыл-кеңес бередi	6605—6645

## *Бiсмилләхи-р-рахмани-р-рахим!*

### *Аса қамқор, ерекше мейiрiмдi Алланың атымен бастаймын!*

#### **1. ӨЗiЗ УА ҰЛЫ ТӘңiРДiң Құдiреттiлiгi айтылады**

1. Алла атымен бастадым сөз әлiбiн,  
Жарылқаған, жаратқан бiр тәңiрiм!  
  
Шексiз құрмет, шүкiршiлiк мың да бiр,  
Ол ажалсыз, хаққа лайық кiл қадiр...  
  
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түндi,  
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күндi.  
  
Тiледi де, жаратты бар болмысты,  
«Бол!» — дедi де, бiрден бәрiн болғызды.
5. Жаралғанның бәрi мұңлық, мұңы көп,  
Ием ғана жалғыз шерi, мұңы жоқ.  
  
Ей, ерiктi, күштi, мұңсыз құдайым,  
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!  
  
Ұлылық — сен, биiк құдiрет-күш еңсең,  
Сенен бөлек жоқ өзiңмен түсер тең!  
  
Саған өзге кiрiге алмас, дарасың,  
Әуелгi де, соңғы да өзiң, сарасың.  
  
Жалғыздығың қосылмайды еш санаққа —  
Еркiң жеттi күллi нәрсе, тарапқа.
10. Күмәнсiз, хақ, мәңгiлiк сен, бiр ғана,  
Санақтан тыс, қатынассыз, бiр дара!  
  
Iш пен тысты бiрдей бiлген асылсың,  
Көзден — жырақ, көңiлiме жақынсың.  
  
Барың аян, күн мен айдай жарықсың,  
Ақыл, көңiл жетпес, тегiң алыс тым.

(Барың анық, Күн мен Айдай қанықсың,  
Тегің жұмбақ, ақыл жетпес жабықсың.)

Бірегейсің, еш қоспасыз бір мүсін,  
Жараттың сен нәрселердің күллісін.

Жараттың сен кішісін де, ірісін,  
Өтер бәрі, өзің мәңгі тірісің!

15. Жаралғанға түгел танық\* жаратқан,  
Қос дүниені\* анық қолға қаратқан.

Ұқсасы жоқ, десең, меңзеп қарайық,  
Қандайлығын біліп болмас, халайық.

Жатпайды — ояу, ұйықтамас, жүгірмес,  
Меңзер белгі жоқ, тұр-түсі білінбес!

Кейінде-алда, не солыңда, онда жоқ,  
Асты, үстіде: отырар жай онда жоқ.

Өзі орынсыз, жаратқан сол орынды,  
Онсыз орын болмас, білгін соныңды.

20. Сыры жақын, ай, ділі әзіз, жаны адал,  
Сенің барша сурет, ізің танымал!

Жараттың мың тіршілікті, ел, жерді,  
Құрлық, құдық, тау, дала, көл, белдерді.

Жасыл көкті безендірдің жұлдызбен,  
Қара түнді жарық еттің күндізбен!

Қанша ұшқан, жүрген, тынған, інде өскен,  
Ішіп-жемі сенен болып күн кешкен.

Көк үсті мен жер қойнының арасы,  
Мұқтаж саған, жоқ өзгеше шарасы.

25. Хаққа бүтін сенсең, ділді табындыр,  
Көңілің сенсе — ақылыңды бағындыр!

Қандай деме, көңіліңді баққайсың,  
Бәріне де көншіп, тыныш тапқайсың.

Қайда, қандай?! — деме, ұста өзіңді,  
Шетсіз, шексіз, біл, ұзатпа сөзіңді.

(Хақ қайда деп, қандай деп те сұрама,  
Барлық жерде ол, біл де соны шулама!)

Мұңсыз ием! Мен бір мұңлық құлыңмын,  
Күнәмді кеш, мейіріңе жылындыр!

Табындым мен, сенде үміт, сенім де,  
Қолыңды бер, мұңға батқан жерімде!

30. Мені сүйген пайғамбармен бір еткін,  
Қиямет күні қолын беріп, деметкін.

Оның әділ төрт досына мың сәлем,  
Жеткіз түгел: бармын, қолдап тұрса мен...

Ұлы күні жүзін көрсет, жебесін,  
Ізгі сөзбен қолдан тұтып, демесін.

Саған лайық өзім мақтау таппадым,  
Сөзді кестім. Өзіңді өзің мақтағын!

## 2. ӘЛӘЙХИС-СӘЛӘМ, ҚҰДІРЕТТІ ПАЙҒАМБАР!

Рахымды ием пайғамбарын жіберді,  
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

35. Түнек түнде шамы болды халықтың,  
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!

Ол Алланың жаршысы, ерім, білгейсің,  
Сен содан соң тура жолға кіргенсің!

Ата-анасын қиып мұнда келді ол,  
Үмбетіне тілек тілеп, берді жол!

Күндіз жемей, көр, түнімен жатпады,  
Сені қолдап, қолдамады басқаны.

(Қара, Алладан, күндіз демей, түн демей,  
Сені өтінді, өзге жайлы үндемей.)

Сені тілеп, бейнет шекті күні-түн,  
Риза болсын, мақта: ақта үмітің!

40. Үмбеті үшін — күллі қайғы-бейнеті,  
Үзілмесін деп рахат, зейнеті.

Мейірбан боп атадан да анадан,  
Хақтан дәйім тілеп, сені қалаған,

Елге деген рахымы ол құдайдың,  
Қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы.

Жібек мінез, ақылды әппақ пейілді,  
Жаны жомарт, қолы ашық, мейірлі.

Қара жерде, жасыл көкте әзіз-ді,  
Оған құрмет берді тәңір жаны ізгі.

45. Бастаулардың басы еді, оңдысы,  
Болды кейін пайғамбардың соңғысы!\*

Пейіл бұрдым енді оның жолына,  
Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына.

Илләхә! Менің көңілімді күзеткін,  
Қияметте пайғамбармен бір еткін!

Қияметте көрсет толық жүзіңді,  
Қолымды ұстап, раббым, өткіз өзімді!

### 3. ТӨРТ САХАБАНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ, ҚҰДІРЕТІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Төрт серігі бар еді оның сенетін,  
Бірге тұрып ақыл-кенес беретін.

50. Қайын ата — екеу, екі күйеу баласы,  
Игісі елдің, кісілердің сарасы.

Бәрінен де Атық\* ұлы, ірі де,  
Хаққа түзу көңілі де, ділі де!

Тәрік қылды, мал, жан-тәнін, жүдеді,  
Тек пайғамбар сүйінішін тіледі.

Сонсоң, Фаруқ\* еді кісі сарасы,  
Тіл-ділі сай, халықтың ең данасы.

Діннің көркі, жәрдемші еді асқан ол,  
Бет пердесін шарифаттың ашқан сол\*.

55. Үшіншісі — Осман, жомарт, ақылды,  
Таңдаулы ер, саки, кең-мол, асыл-ды.

Пида қылды: барша малын, қосты өзін,  
Пайғамбар да оған берді қос қызын.

Әли — сонсоң, жігерлі, мәрт, сері ер-ді,  
Жүректі, отты, ақыл-ойы кемел-ді.

Қолы ашық, сара-таза жүрегі,  
Білімді, есті, даңқты әрі ірі еді.

Бұлар діннің, шарифаттың тұғыры,  
Тартқызды азап кәпір, дінсіз қылығы.

60. Бұл төртеуі төрт тұғырдай\* мен үшін,  
Түзілсе олар, болар тірлік келісім.

Мен оларға мың-мың сәлем жолдадым,  
Үзбей жеткіз, сүйеуші ием, қолдағын!

Сүйіндіріп сәлемімді жеткізгін,  
«Ұлығ» күні қолдан тартып, өткізгін.

### 4. ЖАРҚЫН ЖАЗ\*, АСА ҚАДІРЛІ ҰЛЫҚ БҰҒРАХАН ҚАСИЕТІ АЙТЫЛАДЫ

*(Жадыраған жаз жайлы, аса жоғары мәртебелі, құдіреті күшті,  
рахымды ғәм мархабатты, ақиқат пен діннің сүйеніші — Ұлы  
билеуші Табғаш ұлық Бұғра-Қарахан Әбу Әли-Хасан бинни  
Арсланханға Алланың нұры жаусын!)*

Туғардан\* есті әлемге көктем желі,  
Жәннаттың жолын ашты зерлегелі.

Қара жер ағы кетіп, жұпар шашты,  
Безенбек болып, дүние көркін ашты.

65. Сүйкімсіз қысты қуды көктем лебі,  
Жарқын жаз дәулет құрды, өктемдеді,

Күн жайнап, қайта орнына жүгірді,  
Балықтан\* Қозы\* тұмсығына ілінді...

Қу ағаштар жасыл тонын жамылды,  
Безеніп: көк, қызыл, сары тағынды.

Жасыл торқа қара жерді қаптады,  
Шын керуені жайды Қытай заттарын.

Тау, дала, жер жасыл кілем төсенді,  
Көкке оранып, қолат-қырлар безенді.

70. Мың-мың шешек гүлін ашты күлімдеп,  
Дүние толып, жұпар шашты дүбірлеп,

- Қалампырды самал желі таратты,  
Кин\* жұпары кеуледі әлем, алапты.
- Қаз-үйрек, қыл\*, аққулар қалықтады,  
Қиқулап биік-төмен шарықтады.
- Ұшса бірі, қайсыбірі қонады,  
Бірі жүзіп, бірі суға қанады.
- Көкіш\*, тырна қиқу салып үзіліп,  
Ұшты көкте түйелердей тізіліп.
75. Серігін іздеп үн шығарып ұлар құс  
Аңсағанын шақырғандай гөзәл қыз!
- Қасы — қара, қандай қызыл тамағы,  
Кекілік сайрап, күліп-күліп алады.
- Қара шымшық шықылықтап баурайды,  
Үні ерке қыз үнінен аумайды!
- Шешектерге төгер бұлбұл мың үнін,  
Оқығандай ыбры\* сүресін күні-түн.
- (Гүлзарда мың құйқылжиды сандуғаш,  
Күні-түні сайраса, үні талдырмас!)
- Елік-айран гүл үстінде ойнайды,  
Арқар, киік жұптаса өріп тоймайды.
80. Қабақ түйіп, аспан жасын селдетті,  
Гүл жүз ашып, күлімдетті жер-көкті.
- Өзі-өзіне қарап жаһан бұл шақта,  
Қуанып, сүйіп толды ғажап нұр-баққа,
- Тілін ашты дүние мені тербетіп:  
«Көрмедің бе, — деді, — хақан келбетін?!»
- Ұйықтап жатсаң, тұр, аш енді көзіңді,  
Естімеген болсаң, есті сөзімді:
- Түмен жылдар жүзім солған, тұл едім,  
Тұл киімін шешіп, қайта түледім!
85. Бегім ұлы хақан болды, нұрландым —  
Қабыл қылса, бердім, жаным — құрбандық!»

- Бұлт күркіреп, ұрды наууат\* қайратты,  
Жасын ойнап, хақан туын жайнатты.
- Бірі қыннан шықты, елді түзетер,  
Бірі үнімен күллі әлемді гулетер!
- Аты құтты, құтқа толып қос жаһан,  
Тұтты әлемді Тауғаш ұлығ Бұғра хан.
- Дін әзізі, сүйеніші дәулеттің,  
Милләтқа — тәж, ей, діндәрі шәриаттың.
- 90 Алла берді тілегінді қалдырмай,  
Хақ медетің бола бергей, талдырмай.
- Дүние жамалы, ай, ұлылық реңі,  
Билік нұры, опасыз құт шідері!
- Заман саған берді дәулет, берді таң,  
Берсін тәңір тақпен бірге енді бақ!
- Әлем тынды, хақан таққа отырды,  
Дүние түгел куә болып, қосылды.
- Шартараптан келді көктің құстары,  
Үнді, Рүмнен, елдерден бек тысқары\*.
- (Келді аспаннан күллі ғалам құстары,  
Бірі — хинди райы, бірі — қайсары\*.)
- 95 Атын атап, дауыс қосып, сайрасты,  
Қуанысып, сүйінісіп жайнасты.
- Түрлі шешек жерге көркем тұр берген,  
Тау, дала, жер жасыл-көкті бүркенген.
- Қызмет жасар бірі оңды ділімен,  
Есік ашар бірі нұрлы түрімен.
- Түтшік\* тұтар, қайсысы қол ұсынып,  
Шашар жұпар, кейі әлемге тұшынып.
- Сияпат жасар бірі келіп Шығыстан,  
Батыстан бірі қызмет етіп тырысқан.
- 100 Қызметке келіп, құт есікте тұрады,  
Есікте тұрған құлдай қызмет қылады!

Тұрды осындай қызметке жер беті,  
Бой иді жау; жебеді өзін ерледі.

Хақан даңқы жетті әлемге кез келген,  
Ұйқы қашты көре алмаған көздерден!

Заң түзелді, жаһан тыншып жайланды,  
Әділ заңмен аты аңызға айналды.

Көрсем десе, кім сакидың суретін,  
Көрсін келіп хақан жүзін, құдіретін!

105 Кісі іздесе, опалы, әсте жапасыз,  
Көр: опалы ісі қате-қапасыз!

Пайда қылсам, — десең өзің, — зарарсыз,  
Көңіл беріп, қызмет қып бағарсыз.

Құлқы түзу, асыл жанды мейірбан,  
Көрем десең, келіп көр де мейірлен.

Асыл текті, қылығы ізгі, жаны мәрт,  
Әлем сенсіз қалмасын, ай, қаңырап.

Түркі құты, ей, Алла дәулет, бақ берді,  
Шүкір ет те, мың есімін жатта енді.

110 Келтірейін сөздің көне мақалын:  
«Ұлға қалар аты, орны атаның!»

Орны қалды, аты қалды атаның,  
Тағы басқа болсын, өссін атағың!

Мың-мың қолдар сыйын беріп, табынды,  
Менің сыйым: «Құтты білік», қабыл қыл!

Сыйы олардың келіп, кете барады,  
Менің сыйым сенде мәңгі қалады.

Жиған дүние таусылады, қалмайды,  
Жазылған сөз кең жаһанды шарлайды.

(Жиған дүние азып-тозып қалады,  
Жазылған сөз мәңгі иесін табады!)

115 Бұл кітапқа жазылды аты хақанның,  
Түркі құты, мәңгі өшпейтін ат алдың!

Уа, раббым, бер тілегін, құт дарыт,  
Барлық істе демеп, жебе, құтқарып.

Сүйінгенін қолдап, жауын аздырғын,  
Сүйінішін көбейт, мұңын аз қылғын!

Нұрлы нөсер жаусын, шешек гүл ашсын,  
Қу ағаштар көктеп, көкке ұлассын.

Айналып көк, қолдап нұрын үйірсің,  
Құты тасып, дұшпан басы иілсің!

120 Бұл қара жер мыстай қызыл\* болғанша,  
Жасыл шешек оттай сөніп, солғанша.

Түркі құты мың жасасын, кесірсіз,  
Көре алмастың көзі отпен тесілсін.

(Түркі бегі көп жасап, құт дарысын,  
Көре алмастың көздерін шоқ қарысын!)

Тағы нендей болса мақсат-тілегің,  
Дәйім тәңір болсын арқа сүйерің!

Ел сүйініп, қуаныссын, мақтансын,  
Лұқманның\* жасын жасап, шаттансын!

## 5. ЖЕТІ ЖҰЛДЫЗ, ОН ЕКІ БҮРҰЖ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Кешірімді ием, жаратқан хәм өсірген,  
Сөз бастадым Алла атымен өзім мен.

125 Күллі әлемді қалауынша ол жаратты,  
Күн мен Айды жағып, нұрын таратты.

Жаратты, көр, шыр айналған ғарышты,  
Бірге онымен тағдыр тынбай жарысты.

Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,  
Қара түнді, жарық күнді жаратты.

Зер сияқты көкте олардың қайбірі,  
Бірі — жолбасшы, шолғыншыдан ал бірі.

Халайыққа жарық берер жарасып,  
Жол көрсетер кейі, кетсең адасып.

- (Бірқаншасы, біл, халайық — шырағың,  
Бірқаншасы, жолдан шықсаң — құлабыз\*.)
- 130 Қайсысы — бері, жоғарыда — қайбірі,  
Бірі — жарық, көмескілеу — қайбірі.
- Секәңтір\* бәрін ең үстінен айналар,  
Бір бұрұжда екі жыл, сегіз ай қалар.
- Сонсоң Оңай\* болар екінші орында,  
Он және екі ай уақыты бар оның да.
- Үшіншісі — Күруд\*, көк мұз қасарған,  
Жақындасса — құрыр, жасап, жасарған.
- Төртінші — Күн жарық шашқан ғаламға,  
Жылу, жарық төгер жақындағанға.
- 135 Бесінші — Сәбит\*, нұрлы жүзін бұрғанда,  
Сүйінерсің, тыншып қандай мұңнан да!
- Одан кейін Арзу\*, тілек келеді,  
Жақындаса, тілегіңді береді.
- Бұлардың алдын Иалшық\* жүріп, шолады,  
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады.
- Бұдан басқа он екі Өкәк\* көрінер,  
Бірі жұп боп, бірі тақ боп бөлінер:
- Жаз жұлдызы — Қозы\*, сонсоң Үд\* келер,  
Әрәндір\*, Құшық\* жақын, жуық жіктелер.
- (Жаз жұлдызы — Қозы, сонсоң Үд тұрар,  
Ерәндізбен Құшық бірге жұп құрар.)
- 140 Арыстанмен\* Бұғдай басы\* қос болар,  
Сонсоң Үлгі\*, Шадан\*, Иа\* дос болар.
- Келер сонсоң Оғлақ\*, Көнәк\* һәм Балық\*,  
Олар туса, болар көгің жап-жарық.
- Үші — көктем, үші — күздің жұлдызы,  
Үші — қыстың, үші — жаздың жұлдызы.
- Үшеуі — су, үшеуі — жел, үшеуі — от,  
Үш топырақ; жаһан туған түгел боп!

(Үш от, үш су, үш жел түгел таралды,  
Үш топырақ — ғалам солай жаралды.)

Бір-біріне жаулар бұлар мың жылдан,  
Жауға жауды салып, шоғын тындырған.

(Бірі-біріне жаулар бұлар өлгенше,  
Жауды жауға салып қойған сөнгенше...)

- 145 Қатыспайтын жаулар еді, жарасты,  
Көріспейтін жаулар кегін таратты.

(Жаратушы хақ жаратты апарып,  
Жаратты да, жарастырды қатарын.)

Жаратушы жарылқады, жасады,  
Жарастырды тұзын, тұзді қатарын.

Адам жайлы баяндайын енді мен,  
Қадір тапқан ақыл, білім, есімен.

## 6. АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ БІЛІММЕН, АҚЫЛМЕН ЕКЕНДІГІ АЙТЫЛАДЫ

Адамды хақ жаратты да ескерді:  
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді әрі тілін тербетті,  
Ұят берді, берді құлық, келбетті.

(Ділін оңдап, ерік берді тіліне,  
Ұят берді қылық-құлық, тініне!)

- 150 Білік берді — адам бүгін жетілді,  
Ақыл берді — талай түйін шешілді.

Кімге хұда берсе білім, ақылды,  
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!

Ақылды — ұлы, біл, білімді — білікті,  
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.

(Ақылды — ұлық, білікті — ұлы, қарасаң,  
Екеуі ұлы етер құлдың сарасын.)

Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,  
Сөзді естіп, аларынды көздеп ал:

«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,  
Білім кімде, сол білікті болады.

155 Ақылды ұғар, білімділер біледі,  
Түгел болар білімді, есті тілегі!»

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:  
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.

Білімсіздер бар кеселді көреді,  
Емдемесе, тектен-текке өледі.

(Надандарды дерт пен бәле үйіреді,  
Емдемесе, ерте сөніп, күйінер...)

Кел, ай, надан! Дертке дауа жасағын:  
Надан білім алса, құты тасады.

Ақыл — бұйда, ере түссең — жетелер,  
Сансыз арыз-тілегіне жетер ер!

160 Ақыл болса, пайдасын ер көп көрер,  
Білім білсе, әзіз тірлік өткерер!

Ақыл күллі ісінді алып шығатын,  
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

(Күллі ісінді ақылыңмен баптағын,  
Уақытыңды біліміңмен сақтағын.)

## 7. ТІЛ ӨНЕРІНІҢ ҚАСИЕТ-СИПАТЫ МЕН ПАЙДА-ЗИЯНЫ АЙТЫЛАДЫ

Ақыл, білім тілмәші — тіл, тіл — кепіл,  
Жадыратар ерді шырын тілді біл!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,  
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.

Тіл — арыстан, есік баққан ашулы,  
Үй иесі, сақтан, жұтар басыңды!

165. Не дейді, ұққын, тілден жафа шеккен ер,  
Сөз бұл есте тұтып, істе ескерер:

«Тілімнен көп жафа шектім, есебім:  
Бас кесілмес үшін тілді кесемін!

Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын,  
Тілінді бақ, тісің сынып қалмасын!»

(Жұрттың тілі удай, сөйлеп шет қылар,  
Кісі құлқы сұм, етінді жеп тынар.)

Білім берді, білікті өткір тіл берді,  
Тіл иесі, басыңды бақ, біл де енді!

Тілесей сен есендікте жүруді,  
Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді.

170. Біліп айтқан сөз — білікті саналар,  
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.

(Біліп айтқан сөз — даналық деседі,  
Біліксіз сөз қайран басты кеседі!)

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,  
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,  
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.

(Көрген емен көбік сөзбен оңғанды,  
Тобықтай түй тоқсан ауыз толғамды!)

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,  
Көп сөз басты иіп жерге, жеп тынар.

Көп сөйлесең, «Езбесін» деп, жек көрер,  
Сөйлемесең, «Мылқау екен», деп сөгер!

175 Бұлай болса, тек шеберлік — керегін,  
Тілді, ширақ болсаң, өсер беделің!

Тілінді бақ, басың аман болады,  
Сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады.

(Тілді күтіп, бақсаң — аман басың да,  
Сөзді қысқа қылсаң — ұзын жасың да!)

Зияны көп, пайдасы мол — ақталар,  
Сондықтан тіл мақталар да датталар!

Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болсын,  
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

(Тауып сөйле, сөзің оңды, жөн болсын,  
Сөзің басыр адамдарға көз болсын!)

Біліксіздер өзі нағыз басырдың,  
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

(Біліксіздер — надан, көзін байлаған,  
Білімдіден өнеге ал, ей, надан!)

180 Туған өлер, көрсең қалар белгісіз,  
Сөзіңді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз!

Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:  
Бірі — ізгі сөз, бірі — ізгі құлығы!

Туған адам өліп, сөзі қалды, көр,  
Өзі кетіп, ізгі аты қалды, көр!

Тіршілікте келсе өзіңнің өлмегің —  
Сөз, құлқыңды онда, жақсарт, ей, бегім!?

Тілді сөктім һәм мадақтап демедім,  
Мұным — сөздің сырын ұқсын дегенім.

185 Күллі сөзді жисаң да, ақылды асырмас,  
Керек сөзді сөйлер кісі, жасырмас!

Сөзді ұлыма арнадым мен, ер-батыр,  
Ұлым, тыңда, менде алтын — кен жатыр.

Саған арнап сөз сөйледім, ей, ұлым,  
Өсиетімді қабыл алғын, құлыным!

Күміс, алтын қалса менен сендерге,  
Оларды сен бұл сөзіме теңгерме!

Күмісті іске тұтсаң — бітіп қалады,  
Сөзімді іске тұтсаң — күміс табады.

(Күмісті іске тұтсаң — құрып, азады,  
Сөзімді алсаң, саған күміс қазады!)

190 Қалар мұра — сөз, кісіден кісіге,  
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе,

(Кісілерге мирас ата сөзі ғой,  
Ата сөзі, ұқсаң — құттың көзі ғой!)

\* \* \*

Білікті бек түйме бүгін қасыңды,  
Именіп кеп айтсам құзыр, расымды!

## 8. КІТАП ИЕСІ ӨЗ ҚҰЗЫРЫН АЙТАДЫ

Тілек еді — білікті бек сөз қымбат  
Кейінгіге бір жәдігер қалдырмақ!

Әуелі — ес, сөз туды, көр, сонан соң,  
Сөзің жаңсақ шықса, өзің қор боларсың!

Халық тілі жаман, «жаман» деуге әзір,  
Кісі құлқы тар, етінді жеуге әзір.

195 Байқап көрсем, жеңілдеді жүгім де,  
Төксем дедім бар сөзімді тілімде.

Қандай десең, саған айтып көрейін,  
Тыңда, мәрт ер, тілге кезек берейін:

«Иалнұқ\* десті жаңылғаны үшін де,  
Иаңлұқ\* десті адам болғаны үшін де!»

Сен айт маған: жаңылмайтын кісі кім?!  
Мен айтайын: жаңылғандар түмен, мың!

Білімді — аз, білімсіздер қаптаған,  
Ақылсыз — көп ақылдыны таптаған.

(Білікті аз, білектілер толып жүр,  
Ақылды жоқ, ақымақтар оңып жүр.)

200 Білімсіздер білімдіге жау болды:  
Надандардың аңсағаны дау болды.

(Жау болды да біліктіге білімсіз,  
Қастық қылды білімдіге білімсіз!)

Кісіден кісі айырмасы — парқы көп,  
Айтсам, білім — бұл парықтың нарқы дөп.

Бұл сөзімді білімдіге арнадым,  
Білімсіздің тілін ұға алмадым.

Білімсізбен ешбір сөзім жоқ менің,  
Ай, білікті, қызметшіңмін мен сенің.



- Сөйлегенім үшін саған, имендім,  
Кешірім сұрап, жөн көрдім бас игенді.
- 205 Сөз сөйлеген жаңылар һәм адасар,  
Есті естісе, түзеп-ондап жарасар.
- Сөз бұрындық\* дерлік таққан түйеге,  
Түйе ере берер бұйда, иеге.
- Біліп сөйлер кісілер көп өмірде,  
Оны білген ерлер жақын көңілге.
- Бар жақсылық, пайда келген білімнен,  
Болды көкке жол, мысалы, білімнен.
- Білікпенен сөйле күллі сөзді сен,  
Ұлы деп біл күллі білікті ерді сен.
- 210 Қара жерге жасыл көктен келді сөз,  
Сөзбен адам қадір тапты, енді сез!
- Кісі көңілі түпсіз теңіз дегендей,  
Інжу сынды білім жатқан тереңде.
- Кісі інжуді шығармаса теңізден,  
Тас не, інжу не, пайдасы не, тегінде?!
- Қара жердің қатында алтын тас болар,  
Егер, шықса, бек басында тәж болар.
- Білімді ілім шығармаса тілімен,  
Жылдап жатсын, жарық шықпас білімнен.
- 215 Ақыл, білім ең аз нәрсе, күшті, нық,  
Егер болса, істет, ұшып көкке шық!
- Не дер екен елдің бегі аңдағын,  
Көріп білген ақыл, білім салмағын:
- «Ақыл керек ерге жаһан бастауға,  
Ақыл, жүрек керек елді ұстауға.
- Ақылымен тұтты, әлемді ұстаған,  
Білімімен биледі, елге нұсқаған!»
- Дүниеде жаралғалы бар адам,  
Ақылымен келді үйретіп заң адал.

- 220 Қай кез болсын, бұл күнде де, бұрын да,  
Білімдіге тиді билік орын да.
- Ер кемісі ақылменен жоғалар,  
Ел бұлғаңы білімменен оңалар.
- (Кісі міні ақылменен күзелер,  
Халық міні білімменен түзелер.)
- Бұл екеумен тындырмасаң жұмысты,  
Білімді қой, ал қолыңа қылышты!
- Ақылды бек — басшысы елдің, шырығы,  
Қылыш жұмсау — білімсіздің қылығы.
- Ақыл болса, жаһан тұтпақ ерде ерек,  
Білім болса, ел билемек ерде ерек,
- 225 Қос қасиет қосылғанда ер кемел,  
Кемел ерге — бүтін жаһан, жер келер.
- (Бұл екеуі біріксе — асыл, ер бүтін,  
Бүтін ерге — тиер әлем, жер бүтін!)
- Ізгілік пен жақсы қылық — амалы,  
Мұнымен ер екі дүниені алады.
- Сен ізгілік тілер болсаң, одан да,  
Кел, ізгілік жаса, сөзді доғар да.
- (Қайырым күтсең ақылыңмен аңғар да,  
Қайырым жаса қайырымды жандарға!)
- Кісі мәңгі болмас, мәңгі — ат, ары,  
Мәңгі қалар оның жақсы атағы!
- Өзің мәңгі емес, атың мәңгілік,  
Атың мәңгі болса, затың — мәңгілік!

## 9. ІЗГІЛІК ҚЫЛМАҚТЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ, ПАЙДАЛАРЫ АЙТЫЛАДЫ

- 230 Егер қолың ұзын болса — халыққа  
Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа!
- Жігітшілік өтер, өшер тірлігің,  
Дүние — түс, көшерсің тез бір күні.

- Ізгілік — олжа. Тірлігінді олжа қыл,  
Соңыра ол — жер, киерің, болжағын!
- Тыңда, кісі ізгілері не деді:  
«Жүрген — тынып, туған ақыр өледі!»
- Жалғанға сан жаңылыс ер келді, көр,  
Біраз жүріп, ақырында өлді, көр.
- 235 Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба,  
Өзі өлді, қалды аты — ізі ғаламда.
- Саған тиді енді орынның кезегі,  
Жақсы боп өт, жақсылық ет еселі.
- Тірі өлер, ақыры жер жастанар,  
Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар.
- (Тірі өледі, төсеніп жер — жастығын,  
Аты өлмейді, өлсе де өзі жақсының!)
- Екі түрлі ат, тілде жүрер, қалғанда:  
Бірі — жақсы, бірі — жаман, жалғанда.
- Жаман — сөгіс, жақсы мақтау табады,  
Байқап қара, көңілің нені қалады!?
- 240 Жақсы болсаң, атың жақсы мақталар,  
Жаман болсаң, ай ер, сөгіп, датталар,
- Байқа, Заххак\* сорлы неге сорлады,  
Фәридун\* жолын қалай қолдап, оңдады?
- Бірі ізгі ер еді, оны мақтады,  
Бірі зұлым еді, оны даттады.
- Жақсылық па, жамандық па қаларың?  
Мақтауы ма, сөккені ме аларың?
- Не тілейсің, бірін қалап, таңдағын,  
Жаман — жақсы болса, өкініп қалмағын.
- 245 Мұны меңзеп сынаған ер дегені,  
Сыншы білер елдің ісін келелі:
- «Жақсы атты ер, білсең алғыс алады,  
Жаман атты өлсе, қарғыс табады!»
- Көп сынадым құлқы жаман зұлымды,  
Күнде кейін кетті күші үзілді.

(Көп сынадым, жафашы сұм пенденді,  
Күннен-күнге кері кетіп, жерге енді.)

Талай көрдім бұл жамандар ісінен —  
Қайыр көрмес, әй, білімді, түсін, ер!

Жамандық — от, от күйдіріп өтеді,  
Жолын бөгер күш жок, құл қып кетеді.

- 250 Қарап тұрсаң, бізден бұрын барғанды:  
Қара халық, бек билеген жалғанды.

Қайсыбірі білікті боп толығып,  
Өтті заман-дүние ісіне қол ұрып.

Кім білімді болса жаһан бегінен,  
Әділ заңды солар түзеп, теліген.

Бұл күнде кім ізгі атанса, жақсы боп,  
Солар жүрді жақсылардың басы боп.

Кім дана бек болса, жақын білімге,  
Біліктіні жақын тартар түбінде.

- 255 Қолына алған ісін біліп атқарар,  
Білімді істе тұтып, халқын басқарар.

Қара халық байыды, елін түзеді,  
Ел баюын — қағидам деп жүреді.

Аты ізгінің өзін сақи атайды,  
Сақи өлсе, аты өлмейді, жасайды.

Өлерін біліп, өзі әзірлік етеді,  
Тіріде атын хатқа жазып кетеді.

Кім оқыса, білер бүгін оларды,  
Мінәжат қып, жақсы өнеге алар-ды.

- 260 Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда,  
«Білімсіз, надан!» десе, қорлық адамға!

Не дер екен, тыңда, білімді адамды,  
Жасы жеткен, сынап көрген ғаламды:

«Білімсізге төрден орын болса, көр,  
Төр — босаға, ал босаға болды төр!

Орын тисе данаға есік көзінен,  
Есік — биік төр-тағыңның өзінен!

Күллі құрмет білімдіге тиесі,  
Мейлі, ол — төр, мейлі, есіктің иесі!»

265 Кісі асылы екі түрлі, қараңыз,  
Бірі — бек те, ірі — ел басы, данаңыз.

Басқалардың барлығы бір малға тең,  
Қаласаң оны, мұны ұста қолға сен!

Қайсысысың, енді маған айтқайсың,  
Екінің бірі, үшіншіден қашқайсың.

Қылыш алсаң — ел, жорықты түзерсің,  
Қалам алсаң — жөн-жосықты сүзерсің\*.

Ізгі жарғы қалып келді олардан,  
Мирас етсе, кісі өрлеп, оңалған.

270 Сөз, өсиет — мұра өліден тіріге,  
Мирас тұтса, пайда өзіне, діліне!

Рас, надан соқырмен тең бүгілген,  
Ай, қараңғы! Үлес алғын білімнен!

Кісі көркі — сөз, бұл сөздің көп түрі,  
Ізгі сөзді ерді мақтап, жорт тілім.

Мысал келді, мұны меңзер, түркіше,  
Соны қосып түймесем, сөз түрліше:

«Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз,  
Кісі көркі — жүз, жүздің көркі — көз!»

275 Тілмен адам өң береді сөзіне,  
Жақсы сөзбен нұр береді өңіне!

(Адам сөйлер тілімен өз сөздерін,  
Жақсы сөзден нұр жуады өндерін.)

Назар салсаң, бұл түркінің бектері,  
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.

Түркі бектері ішінде атын асырған,  
Алып Тоңға Ер\* еді, құты тасыған.

Білімі — ұлы, артық қадір бағасы,  
Білімді, ойлы әрі халық сарасы.

Зерек, дана көңілі сара, сері еді,  
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!

280 Тәжіктер оны Афрасиаб атапты,  
Ол елдерді талап, тұтып, тапапты.

Қажет шексіз білім, ақыл, даналық,  
Қолға алуға дүниені қаратып,

Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,  
Кітапта жоқ болса кімдер түсінген!?

Жақсы айтыпты хас батыр, ер кешегі:  
«Тас түйінді азулы ерлер шешеді!»

Өнер керек жапанды ұстап, ұғуға,  
Гүр арыстан керек құлан кууға.

(Даңқ, қуат керек әлем жаулауға,  
Гүр арыстан керек құлан аулауға!)

285 Жиһангерге қасиет керек мың, түмән,  
Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмән.

Жаудың бойын қылышымен бұқтырып,  
Түзесе елін әділ заңмен ұқтырып!

## 10. БІЛІМ, АҚЫЛДЫҢ ҚАСИЕТІН, ПАЙДАСЫН АЙТАДЫ

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,  
Ақыл, білім жайлы келді сөйлегім.

Ақыл — шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім — жарық, нұрын саған шашатын.

Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,  
Екеуімен қадірі артып, бекінер.

290 Нушин рауанды\*, көр, сенбесең, айғақтан,  
Ой көзімен дүниені жайнатқан.

Байыды елі, заңды түзу түзді өзі,  
Жақсы атақпен жақсы дәурен сүрді өзі.

- Дана айтыпты: «Күнәһар да тамұқта,  
Білімімен құтылар деп тамұқтан!»
- Қара, ақылға бейім адам баласы —  
Қалам бермес жетпей жасы, шамасы!
- Ақылды адам, көр, қартайса — қайғырар,  
Ақыл кетті дер, қаламы қайрылар.
- 295 Егер, тәлбә\* кісі өлтірсе — құны жоқ,  
Өлім де жоқ, қалар дерттің құлы боп!
- Қандай десең, ақыл-ессіз түр-өңі,  
Ақыл-ессіз кісі үлессіз жүреді.
- Ақылдыға лайық құрмет, жүгініс,  
Ақымақ жан топырақ қой бір уыс.
- Көрсен бағып, мына бір сөз жаңылтпас:  
«Онсыз надан өзін-өзі жарытпас!»
- Қарап тұрсаң, күллі сөздің рәсімін,  
Ақыл, білім — ең асылы, әсілі.
- 300 Ақыл болса, асыл болар — болса ер,  
Білім болса, бектік қылар — қылса ер.
- Ақыл кімде болса — болар асыл ол,  
Білім кімде болса — бек хәм басың ол.
- Кісі ұланы қара жерге қол салды,  
Барлық істе ол білімін қолданды.
- Ақылымен кісі асыл атанар,  
Бекке ел ісі білімімен жасалар.
- Қадірі артып, мың барқадар тапқандар,  
Ақылмен іс атқарды да, мақталды.
- 305 Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,  
Қадірі көп, аз білімді аз деме!
- Төрт нәрсе бар, аз деп ұғып кейіме,  
Дана айтқан сөзді түйгін зейінге:
- Бұл төртеудің біреуі — жау, бірі — өрт,  
Үшіншісі — тіршіліктің торы — дерт.

- Бұдан кейін біреуі бар, ол — білім,  
Осал көрме төртеуінің ешбірін.
- Көп бұлардың пайдасы мен залалы,  
Бірі беріп, енді бірі алады.
- 310 Кимиә тектес — білім — затты тоғытқан,  
Және ақылдың ордасы оны қорытқан.
- Жұпарға ұқсап білім де тез таралар,  
Сақтап болмас басқалардан даралап.
- Жұпар, жасыр — оны иісі білдірер,  
Білім, жасыр — тілің айтып бүлдірер.
- Білім — байлық, азаймас хәм жоғалмас,  
Ұры-қары қол жеткізіп ала алмас!
- Ақыл, білім бейне кісен кісіге,  
Кісенді көп бармас қылмыс ісіне.
- 315 Сәйгүлігін ер кісендеп ұстайды,  
Жәй күлігін ер күзетке-ақ тастайды.
- Кісендеулі ат керегінше жайылар,  
Тұсаулы ат тілегінше жайылар.
- (Кісендеулі қашпас алар керегін,  
Тұсамысты саспас, табар тілегін.)
- Ақыл — сенің анттасқан нақ жолдасың,  
Білім — сенген мейірімді қандасың.
- Наданға жау — білгені мен көргені,  
Екеуі сор, білмесе одан өңгені.
- Бар түркіде мысал мұны меңзеген,  
Сен соны ұғып, құйып алғын зердене:
- 320 «Ақылды ерге ақылы ес-дос болар,  
Наданға аты-ақ қоңыраулатып қас болар.
- Біліктіге білім — күллі тон, асы,  
Білімсіздің қылығы — сұм жолдасы!»
- Ай, ақылды ер! Бойыңды ашу алмасын,  
Ай, білікті ер! Атың дауда қалмасын!

- Өкпе, ашумен ешқашан іс етпегін —  
Егер, олай қылсаң, жафа шеккенің!
- Өкінерсің ренішті істе сен,  
Адасарсың қызбалықпен істесең.
- (Ренішті істің соңы — өкініш,  
Жаңыларсың қызбалықпен етіп іс!)
- 325 Ерге керек төзімділік, күш-қайрат,  
Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап.
- Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,  
Білімділік, ақылдылық қажетті.
- Ақыл керек білім таңдап аларға,  
Білім керек іске жақсы қарарға.
- Жарамды мен жарамсызды аңдаса,  
Керектіні керексізден таңдаса,
- Барлық іске зерек болса, парықтап,  
Ала білсе өз керегін анықтап.
- 330 Сонда толық болар ісің, пішінің,  
Білімді асты жейді баппен пісіріп.
- Мұндай кісі тілегіне жетеді,  
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді.
- Қызбалық пен ашу жауың қордалы,  
Бұл екеуін тұтқан анық сорлары.
- Естігін не деген екен дана бек,  
Ей, шырайлым, бұл сөзді еске ала кет:
- «Білім күтпе қызба адамнан, тасырдан,  
Ашулы адам адасады ақылдан.
- 335 Қызбалық — сұм, ақыл-естен тандырап,  
Жайсаң ерді ашу қапы қалдырап!»
- Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,  
Білімді сөз — шырын, жанның құнары:
- «Біраз нәрсе кісінің — қас-дұшпаны,  
Білсе оларды өзін қинап қысқаны.

Бұның бірі — тілдің жалған айтқаны,  
Бұдан басқа — айтқан сөзден қайтқаны.

Үшіншісі — шарапқа аңсар ауғаны,  
Шәксіз, текке етер өмір қалғаны.

- 340 Тағы бірі — қырсық, қикар қылығың,  
Сүймес ешкім, алған жанды шырығың.

Енді бірі — зымияндық бықсыған,  
Кісі үйін түтіндетіп, тықсырап.

Және бірі: ашулы тіл — у, ашық,  
Өлтіреді шағып сөксе, тіл ашып.

Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,  
Одан құт, бақ безер аулақ жосылып.

Басы айналып, тағдыр оған иілмес,  
Сырт айналар, айныр, қайта сүйінбес!»

- 345 Ізгі кісі, кел, ізгілік — шырайы,  
Ізгілік ісі — ақылдылық шынайы.

Не дейді, ұққын, тыңда ілім білгенді,  
Сынап, ұғып қолына алған күллі елді:

«Жақсы, қанша жасар, кәрі болмайды,  
Жаман қанша түзегенмен оңбайды.

(Ізгі қанша көп жасасын — алжымас,  
Арам қанша баптағанмен — мандымас!)

Жаман жасы — қысқа, өкініп қартаяр,  
Жақсы жасы — ұзақ, қамсыз марқаяр.

Жақсы күнде табар жаңа бір тілек,  
Жаман күнде мұңмен сөнер біртіндеп!»

## 11. КІТАПҚА АТ ҚОЙЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАРТТЫҚ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ

- 350 Кітап атын «Құтадғу біліг» қойдым —  
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың.

Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен,  
Екі дүниені ұстауды көздедім мен.

- Көрген адам қызығын қос жалғанның,  
Бақытты жан сөзімде жоқ жалғандық.
- Күнтуды хан деп бастадым сөзімді,  
Соның жөнін айтайын деп ей, ізгі!
- Айтолдыны жыр еттім — мархаббатты,  
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың.
- 355 Бұл Күнтуды — түп-түзу заңның өзі,  
Ал Айтолды — бақыт һәм құттың көзі.
- Заты — Ақыл, бастайтын ұлылыққа,  
Аты Өгдүлміш сөйледім мұны жұртқа.
- (Ақыл жасар ғажайып, ғаламатты,  
Ақыл деген көктетер азаматты!)
- Одғұрмышты сөз еттім тағы да мен,  
Ақыбет\* деп ат қойдым мағынамен.
- Тіліме төрт нәрсені тиек еттім,  
Көз ашылар, көңіліңе түйе кеткін.
- Жақсы жігіт, сүйсінткен сүйініш күй,  
Сөзімді зия қылмай, көңілге түй!
- 360 Қатулан, әділдіктен таймасын жол,  
Қор қылмай, жігіттіктің пайдасын көр.
- Қадірін біл, жігіттік кетер тастап,  
Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қашпақ.
- Барында жігіттіктің күші бойда,  
Қор қылмай, ибадат ет, пейіл қой да!
- Жігіттік опындырып жандым, күйдім,  
Өкініштен пайда жоқ, сөзді тидым.
- Асқан адам қырықтың қырқасынан,  
Айырылар жастық шақ сырласынан.
- (Қырықтан өтсе кімнің тірлік жылы,  
Жігітшілік қош айтар білгін, мұны.)
- 365 Елу жасым мені де құрсауға алды,  
Қарға түстес басымды қырау шалды.

«Кел! Кел!» — деп, шақырды үні алпыс жастың,  
Жолымда ажал жатпаса, тартынбасын!

Алпысты ассаң — шілденің аптабынан,  
Аттадым де қысқы аяз қақпанына.

Елу отыз жиғанды кері алады,  
Алпыс қолын тигізсе, нең қалады?!

Ей, елу, менде қалған өшің бар ма?  
Етек-женді жұлмалап есімді алма!

370 Жас кезде у ішсем де шырын еді,  
У қылды ішкен асты бүгін енді.

Жебедей ем, көңілім садақтай-тын,  
Көңілім — оқтай, енді өзім садақтаймын.

(Бой жебедей, көңіл еді садақтай,  
Көңіл — жебе, бойым енді садақтай!)

Алды қарттық бергенін жігіттіктің,  
Саған да келер кәрін тігіп бір күн.

Тұтқын болдым ай, жылға, шектім жапа,  
Ай, жанашыр, ал келіп, қылма қапа!

Кісенсіз-ақ шалынып жүре алмаймын,  
Көзім нұры түнерді, көре алмаймын.

375 Кетті шаттық, ләззаттың түні балды,  
Жігіттіктің оты өшіп, күлі қалды.

Мойынсұнған, қария, ажалыңа,  
Жоқта өткенді, өкін, күй азабыңа.

Өткен — өтті... Жыла, өкін... Бәрібір, құл:  
Енді қалған аз күннің қадірін біл!

О, ием, мәңгі тірі, қайғы-мұңсыз,  
Тәуелді еттің ажалға қайырымсыз.

Дұғам бұл сөз — тілегім, жұбанышым,  
Ұзартқын бұл дүние қуанышын.

380 Бұл сөзімді дәт тілеп бастап едім,  
Тамамдауға медет бер, қоштап ием!

Жырла тілім жаратқан қасиетін,  
Қуат берген, жолатпай қасіретін.

Таңдады да жаратты, жандым еріп,  
Түзу жолға бастады, сабыр беріп.

Түнекте едім, түнімді сөкті барып,  
Зұлматта едім, күн нұрын төкті жарық.

Адасқан бір пенде едім, жөн сілтеді —  
Сақтамаса, өртейтін өрттің селі.

(Азып жүрген едім мен, нұсқады жол,  
Отқа түсер едім, тек ұстады ол.)

385 Сайлап, таңдап, еңсемді биіктетті,  
Азған жолдан құтқарды, күйік кетті.

Көкірегімде шындықтың шамын жақты,  
Тіл безесем сөздерім жалын шашты.

Көңіл берді, көз, ақыл, білім берді,  
Сөз айтуға сайратты тілімді енді.

Оңға бастар пайғамбар үмбетімін,  
Сүйініп сол, жар болғай, бірге ділім.

Мұның бәрі иемнің мейірімі,  
Мендей құлға түскені пейілінің.

390 Шүкірлікті мен қалай өтер екем,  
Тірі болсам, ай-жылдар жете ме екен.

Біл, илләһә! Күнәмді бір сен енді,  
Саған ғана ашамын мұң-шерімді.

Саған шүкір ете алмай егілемін,  
Шүкір қылғай мен үшін өзіңе өзің!

Түзу бастап, ақ жолды кеспегейсің,  
Иман тонын үстімнен шешпегейсің.

Шығарда бұл тәнімнен жаным менің,  
Шахадатпен\* үзілсін соңғы демім.

395 Қара жердің астында қалсам жалғыз,  
Рахмет нұрын саулатып маған жауғыз!

Құлшылықсыз құлыңмын жазығым көп,  
Кешір өзің, мейірім, фазылыңмен!»

Момындардың жарылқап түгел бәрін,  
Бақилықтың білдіргін бүгін мәнін.

## 12. СӨЗ БАСЫ — КҮНТУДЫ ЕЛІКТИҢ ӨЗИ

Ақыл қолдар, ал білімнен құт туар,  
Бұл жалғанның құлқын саған ұқтырар.

Сұм жаһан кәрі кемпір қасын керген,  
Қыз қылықты, қарасаң, жасы келген.

400 Қыз қылықпен қылымсыр, құлқы кербез,  
Сүйіндіріп, ұмсынсаң — қолын бермес!

Сүйсең — сүймес, қашады киіктей нақ,  
Безсең — құшар аяқты, күйіп бейбақ!

Кейде, елтітіп, қырланып, көзін қадар,  
Кейде, көрмей — қуланып, төмен қарар.

Қарасаң, жүзін тездеп бұрып алар,  
Наз қылып, маңайлатпай тұрып алар.

Қартаймайды, қартайтты талай бекті,  
Сөзі бітпес, бектердің талайы өтті.

405 Данышпан бек бар еді жаһан басы,  
Жасады ұзақ, жасарды ғалам жасы.

Ол — Күнтуды әлемге аты мәлім,  
Даңқы мәлім, құты мен заты мәлім.

Құлқы түзу, жаны мәрт өмірі ұдай,  
Көзі қарақты, сөзі шын, көңілі бай.

Білікті бек, ойы ұшқыр, ғадал еді,  
Жаманға — өрт, жауына тажал еді.

Және жайсаң, мейірімді асқақ ер-ді,  
Атаң-даңқы күн сайын асқан ер-ді.

410 Білімді бек қадірлі құлығымен,  
Тірлік етті жарасты қылығымен.

Құштарланып жүргізді саясатты,  
Бұл құштарлық жарасар парасатқа.

Мұны меңзер келіп тұр шәйір сөзі,  
Ашылар оқығанның оны көзі:

«Ерге — айбын, жайсаңдық керек бірдей,  
Жамандықтан жүрсе алыс, өректімей...

Айбын, жігер жарасар кісілікпен,  
Ер қадірі — берсе, егер екеуін тең!»

415 Сол құлқымен Күнтуды ер атанды,  
Күн мен Айдай нұрлантып кең жаһанды.

Кім ақылды, шақырып тартты жақын,  
Кім білімді, ұлы етті атын-даңқын!

Ағылды оған жаһанның даналары,  
Елдің ақыл-білімді саралары.

Өзі түзіп ел ісін, ел бағасын,  
Және іздеді ақылды, ер сарасын.

Іс бастаса, өзіне қамқор болар,  
Ісін істеп, дамылдап, көңіл толар...

420 Айтты бір күн отырды да қамығып,  
«Бектік ісі — ұлы іс» білсең қадірін!

Басты ауыртар, көрсең оның көп ісі,  
Көп істі істер — кең ақылы, өрісі.

Ауыр екен билік жалғыз басыма,  
Есті Ер қажет ұлағатты іс қасына.

Енді ақылды кісі маған керек бір,  
Елдің басы, білімді, есті ерек бір.

Мейірімді, түзу күллі қылығы,  
Тіні шыншыл, болса жанның тұнығы.

425 Істей берсе сол ер менің ісімді,  
Көре білсе, сезіп сыртым-ішімді.

Не дейді есті, жасы келген адамды,  
Бастан кешіп, сынап білген ғаламды:

«Жәрдемшілер керек ерге қолдаушы,  
Білімді, ойлы, даналар — ел қорғаушы.

Көмекшілер керек істі білетін,  
Істі білген ер көреді тілегін.

Көп болса олар бек машақат көрмейді,  
Заң бұлжымай, ісі оңалып, өрлейді.

430 Барша істе көмекші жөн, білгейсің,  
Бек ісі үшін көптеп жия бергейсің!»

Ел басы, көр, жәрдемші іздеп таппады,  
Барлық іске қол тигізді, жатпады.

Күнде, қара, қалың бейнет қамады,  
Тыныш қалса, бейнет тағы алары.

Құтты, әзіз ер сөзді сынап, тыңдаған,  
Үшбу сөзді жақсы айтыпты, аңдағын:

«Тыншу күтсең — бейнет жүрер жалғасып,  
Сүйінішке қайғы жүрер жалғасып.

(Масаттансаң, бәле келіп табады,  
Қуаныштың ізін қайғы жабады.)

435 Бек қанша өссе, бас ауруы молаяр,  
Бас қанша өссе, киер бөркі зораяр.

(Дәреже өссе, уайым да аумақты,  
Үлкен бастың бөркі сонша салмақты)».

Көз, құлағын тікті Елік\* күллі елге,  
Оған барша қақпа ашылды бір демде!\*\*

Парықсызды өз қолымен жазалап,  
Ессіздерді қуды елінен қаралап.

Басқарды сақ. Сүйінді елі, әулеті,  
Марқайды өзі. Артты күнде дәулеті.

Барлық жерде ерге сақтық керек бек,  
Бектік іске керек сақтық ерекше!

440 Қырағы, сақ болсаң — алға асарсың,  
Кілең пайда көріп, ұзақ жасарсың.



Мұны меңзер шайыр тілін ұғып ал,  
Шайыр тілін, білсең, сөздің нұры бар:

«Қырағылық, сақтықпен ер мақталды,  
Осалдықпен мыңдар ажал тапқанды.

Барлық істе сақ бол, қапы қалмағын,  
Қос дүниеде тілерің сол, аңдағын.

Бейғам кісі, байқа, осалдық қылады,  
Жау да әуелі осалдарды қырады.

(Елі жарқын — сақ, қырағы адамның,  
Көрі жақын — уайымсыз наданның!)»

445 Не дейді екен тыңда, әлемді тұтқан ер,  
Сақтықпенен жауын ұтқан, жыққан ер:

«Ел басқарсаң, сергек, сақ жүр түсініп:  
Сақтық — ерлік, шариғаттың ісі бұл.

Енжар болсаң — ұйқы басар, нас басар,  
Ай, қадірлім, ғафыл болма, бақ қашар!»

Хан сақтығы елге пайда әкелді,  
Мұндай пайда елге бірлік әперді!

Тәртіп орнап, жұрт байыды, білісті,  
Бөрі мен қой бірге тұрып су ішті.

450 Әділ болды. Мақтады елі, сүйінді,  
Жаулары естіп, бойын иді, күйінді.

Бәзбіреулер пана тұтты, пір тұтты,  
Есігін сүйіп бәзбіреулер жүр тіпті...

Көңілі хош кісі ақылын білгейсің,  
Сөзі бейне шешек атқан гүл дерсің:

«Билік, бектік ізгі нәрсе, жөн нәрсе,  
Ай, шырайлым, жөн-жосығы оң келсе!

Ізгі бектік болар еді ізгірек,  
Заңды түзу жүргізсе егер үлгілеп!

455 Бегі ізгі боп, түзу жүрсе бек ісі,  
Қандай құтты болар еді ел іші.

Құттың құты — ердің ізгі есімі,  
Ізгі аты — мәңгілік құт есігі.

Бектікпен ер табар еді бақ қанша,  
Елдің ісін кісілікпен атқарса!»

Жақсылығы тиіп күллі халқына,  
Жер-жаһанға жайылды күш, даңқы да.

Аты шығып, дұға қылды әулеті,  
Күн-күн санап ұлғайды атақ, дәулеті.

460 Жаһан халқы естіп, оған шұбады,  
Тиер ме деп мерей, бақыт шуағы.

Жаһан көрді, құты тасып, көктеді,  
Қозы-лақпен бірге өрді көк бөрі.

### 13. АЙТОЛДЫНЫҢ КҮНТҮДЫ ЕЛІККЕ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЛУІ АЙТЫЛАДЫ

Айтолды атты бар еді бір ер кісі,  
Даңқын естіп, келді елбасын көргісі.

Жігіт еді жаны жомарт, жұғымды,  
Көңілі зерек, ақылды, ойлы, ұғымды.

Көрікті еді, көз қарығар түрінен,  
Сөзі майда, шындық тамған тілінен.

465 Күллі өнердің бәрін түгел үйреніп,  
Жүрген ер-ді өнерді еркін игеріп.

\* \* \*

Бірде өзін-өзі сөгіп қамыққан:  
Өнерім — мың, қалдым оқшау халықтан!

Неге мұнда бекер жүріп қурайын,  
Күнтудыға барып қызмет қылайын!

Соған болсын күллі өнер, еңбегім,  
Қайыры — оның, тисін менің көмегім,

(Білгендерім ел ісіне жарасын,  
Сергиін мен, бұған бейнет тарасын.)

Ақылды бек мейірімді, білікті,  
Шетке қақпас білімді, есті жігітті.

470 Ой сырына тек ақылды қанады,  
Білім сатса — тек білімді алады.

(Ақылды ұғар, білсе ақыл қадірін,  
Білікті алар, сатса білік ғалымың!)

Шайыр сөзі мұны терең меңзепті,  
Ұшқыр сөзбен тілін безеп, тербепті:

«Білім құнын біліктілер біледі,  
Ақыл мәнін білікті ұғып жүреді.

Қайдан білсін надан білім бағасын,  
Қайда болсын, білімді алар алғасын!»

(Білімдінің атын білер — білікті,  
Білім жайлы біліксіз не біліпті?)

Білік құнын білген ғана ұғады,  
Гауһар сынын зергер ғана ұғады!)

\* \* \*

Атты ерттетіп, қолын созды тонына,  
Бұрдым, — деді, — бетті қызмет жолына.

475 Алып керек-жарақтарын, тұрды да,  
Елбасына жүзін бұрды бұл дана.

\* \* \*

Және айтты: Мұнан тұрып барармын,  
Хан ісіне өзімді бек салармын.

Бөтен жерде керек азық, мал даяр —  
Қолым қысқа болса, жүзім сарғаяр.

(Ғаріптік жерде болу керек мал-жайың,  
Олар бітсе, семер жүзің сарғайып.)

Ал ғаріптік ерге қатты батады,  
Ғаріптіктен ердің басы қатады.

(Мүсәпірсің, бол дананың данасы,  
Қырық қадам кеткенде елден, шамасы!)

Шүбәсіз мол алтын-күміс керекті,  
Қай қашанда қаржы жөні ерек-ті.

480 Білімі теңіз ғұламаға сыр ашқан,  
Ай, шырайлым, пейіл беріп, құлақ сал:

«Қызметке кірмек болса, кімде-кім;  
Екі нәрсе қажет, дұрыс білгенің!..

Біріншіден, тірлік керек кеселсіз,  
Жүзің жайнап, істі баянды етерсіз.

Екінші, саф алтын керек, ақылдым,  
Өз ісінде қажетке оны асырғын.

Жарар қызмет бұлардан да басқаға,  
Оны білсе, қалмас берік қақпа да!

485 Алтын-күміс, тауарларды\* тиеді,  
Тығырықта, — деді, — себі тиеді.

\* \* \*

Сапар ұзақ, асуларды алса да,  
Аяңдады, аялдады қаншама...

(Үйден шығып, жолға түсіп жөнелді,  
Біраз жүрді, біраз шаршап-бөгелді.)

Келіп жетті Елік тұрған ордаға,  
Ақыл-ділі күткен тілек орнына.

Кентке кіріп, түсер жайды көрді ойлап,  
Түсер жер жоқ, дүние тар, көрдей нақ.

Мүсәпірлер үйін тапты. Түнерді,  
Кешке жатып, сабыр қылып түнеді.

490 Енді естіңіз не дегенін дананың,  
Сөзін өрді, түйіп тірлік сабағын:

«Жалғыз басқа, кірсе қалың жат елге,  
Уайым көп, жетіп жатыр қатер де.

Нақ жетімсің жоқ бір таныс, жайлы жер  
Ал жетімнің жан серігі — қайғы-шер.

Білісі жоқ. Бейне соқыр қамыққан,  
Сөкпе адасса, соқыр жолдан — бағыттан.

Келсе адам бөтен елге тегінде,  
Тілсіз тынар, ұқсап ер де келінге!

495 Жолаушыны мархабатпен қабылда,  
Ішкіз, жегіз — қан жылысын тамырда.

Жатты күткен жанның көзі ашылар,  
Мүсәпірдің сөзі нұрдай шашырар.

Қай жерде де болсын таныс-білісің  
Қалмас сонда орындалмай бір ісің!

(Барлық жерде біліс керек кісіге,  
Біліспенен бітер күллі ісі де!)»

Айтолды да кешіп қиын жағдайды,  
Ғаріптіктен мұңайды, өңі сарғайды.

Адамдардан таныс тапты, сырласты,  
Отау\*\* ұстап, күлді жайнап. Мұң қашты.

500 Достар тапты. Жанға жақын балады,  
Құрметтеді ініні де, ағаны...

(Жолдас-жора тауып, тартты ішіне,  
Жүзін ашық ұстады үлкен, кішіге.)

Бір атақты ермен дос боп, сеністі,  
Кенесті де, Айтолды сыр бөлісті.

Адаш тұтты Айтолды ерді түсі игі,  
Есімі оның Көсеміш-ті, ісі ізгі.

(Ісі игі ер, Көсеміш ол, ақылды,  
Бауыр тартқан алысты да, жақынды.)

Айтолды оған ашты көңіл сөздерін,  
Тілегі не, не үшін жаһан кезгенін.

Туған елден мұнда не үшін келгенін,  
Айтып берді барлық сезген, білгенін.

\* \* \*

505 Елікке жақын бір хас хажыб бар еді,  
Есімі — Ерсік, Елікке сай жан еді.

Ал Көсеміш соған барды бір күні —  
Сөз сөйледі, сыр айтпағын білдіріп...

Хажыб оның әрбір сөзін аңдады,  
Тілегі не? Сұрап, естіп, талғады.

(Айт, — деді Ерсік, — ниетінді жасырмай,  
Тұнсын ойың, күміс тұма тасындай.)

Көсеміш те айтты күллі білгенін,  
Кім екенін, неге келіп жүргенін.

### Хажыбтың Көсемішке жауабы

Хажыб айтты: — Құзырыма келсін деп,—  
Мен көрейін, мені де ол көрсін деп.

510 Елбасына сөз айтайын сендірер,  
Көрісетін күнін өзі белгілер...

### Көсеміштің Айтолдыға айтқаны

Көсеміш тұрып, шықты. Үміт жайқалды,  
Айтты келіп: «Күнің туды, Айтолды!»

Сен Хажыбпен танысуға жүр енді,  
Тілейтұғын тілегінді тіле енді!

Көрсін, білсін сөздерінді тындасын,  
Тілегің не, енді өз тілің жырласын.

Түсіндірдім сөйлеп сенің сөзінді,  
Келістіріп айтқын тағы өзің де!

515 Түйіпті ойшыл білген тілдің киесін:  
«Сөзі қандай болса, сондай иесі.

Көше берер әр ауызда сөз деген...  
Өз ісіне жақын әркім өзгеден.

Жанашырлар жан-тәнімен берілген,  
Саған жақын бола алмайды өзіңнен...

Тілер болсаң өзіңе-өзің мейірім,  
Доғар сөзді. Ақ өзіңе — өз пейілің!»

(Өзіңе-өзің мейірбандық тілесен,  
Бір өзіңнен мейірбан жоқ, тілге сен!)

\* \* \*

Тонын киіп Айтолды өре тұрды,  
Көсемішпен шықты да, ере жүрді.

520 Жетіп, ашып қақпаны, кетті еніп,  
Хажыб кісісі қарсы алды, көріп келіп.

\* \* \*

Көсеміш ішке, хажыбқа барып білді,  
Қайта шығып, хажыбқа алып кірді.

\* \* \*

Хажыб қарсы ап, төрінен орын берді,  
Жылы сөйлеп, пейілімен көңіл бөлді.

### Хажыбтың Айтолдыға сауалы

Айтты Хажыб: — Қалай көңіл-күйің?—деп,  
Қайда келіп түстің, қалай үйің? — деп.

Бар ма мұнда жақын-туыс, білісің?  
Не байқадың? Қалай ауқат, күйісің?

525 Айтты және: — Не өзіңнің тілегің?  
Не істейсің? Не іздеген керегің?

### Айтолдының Хажыбқа жауабы

Айтолды айтты: — Уа, Хажыб, тірегім,  
Күнтуды атын естігеннің бірі едім.

Естідім де атақ-даңқын жырақтан,  
Білдім, ақыл, сөзін — кетпес құлақтан.

Есігіне табынғалы келдім мен,  
Қызметіне пейіліммен енгім кеп.

Тілегім сол — қызметіне жарасам,  
Тек хажыбқа сөзім өтіп, қаласа.

\* \* \*

530 Ұнатты да ол, Айтолдыны жақтады,  
Тіл жеткенше қасиетін мақтады.

Жүзі нұрлы, түсі игіден түңілме...  
Адалдығы тұр, — деді ол, — түрінде.

Шын көңілмен сүйіп оны қалады,  
Деді: — Анық хан ісіне жарары.

(Өділдіктің өрті сіңген қанына,  
Осындай жан керек ханның жанына.)

Сүйдірген жан, не дейді, есті анығын:  
«Сүйіктінің міні — басты қадірі.

Кісі сүйсе, айыбы асыл көрінер,  
Сүймесе егер, асылы айып көрінер!»

(Сүйген ерден асып ешкім айта алмас:  
«Сүйгеніңнің шұнақтығы байқалмас!»

Сүйген жанның айыбы майдай тиер,  
Сүймегеннің қайырымы жайдай тиер).

535 Осы сөздің куәсіндей келді сөз,  
Бұл сөзді сен оқығын, ей, нұрлы жүз:

«Көңілің сүйсе, міні жақсы болады,  
Терісі оң боп, кемістігі толады.

Көңіл кімді сүйсе: құлар, бөлмейді,  
Көрер көзге ұрса міні, көрмейді!

(Көңіл сүйсе, құлай сүйер кімді де,  
Көрер көзге ұрса — көрмес мінді де!)»

### Хажыбтың Айтолдыға жауабы

Айтолдыға берді Хажыб жауабын:  
«Маған сенгін, шағылмасын тауаның.

Мен Елікке айтайын бұл сөзіңді,  
Тілегің не, таныстырып өзіңді.

Бұл сөздерді Елікке енді айтайын,  
Жүздесетін күнін естіп қайтайын.

540 Сені білсін, сонсоң көрсін өңіңді,  
Қор тұтпасын, қадір тұтсын өзінді.

Керегіңше көмектесіп тұрамын,  
Бар ісіңді сүйінішпен қыламын.

\* \* \*

Талай жақсы сөзді тілі сайрады,  
«Істейін!» — деп, белін қатты байлады.

Қайырымды, ізгі кісі көгерер,  
Ізгі кісі — халық жүгін көтерер!

Не дейді ер, тыңда, елді басқарған,  
Күллі істі көріп қанып атқарған:

545 «Кімнің бағы асса, игеріп ел ішін,  
Кілең ізгі заң жасасын ел үшін,

Кімнің қолы ұзын болса жұртына,  
Түзу, сынық болсын қылық, құлқы да!

Кімнің сөзі болса өтімді еліне,  
Тілі шырын, болсын жылы өңі де.

Опасыз бақ желпінтеді, бұзады,  
Тиянақсыз — тозады һәм озады».

Құтқа иланба, ізгілік қып жүргейсің:  
Бүгін мұнда ол, ертең — онда, білгейсің!

550 Құт иесі! Қуанба құр, сорың ең —  
Келген бақыт қайтар келген жолымен!..

Құт иесі! Ізгі дәулет құтпенен,  
Тұрам десең, тұрғын ізгілікпенен!

Ұлық, бектік тисе, ұстанып жақсы атты —  
Кісі алдында кішілікті мақсат қыл!

(Бақ иесі! Қимасаң құт-ырысты,  
Жақсылықпен шығысқаның дұрыс-ты...

Қонған құтты көтере алмай, қинасаң,  
Көзіңді ашып, құлқыныңды тыймасаң.

Мүмкін, ұлы-ақ, мүмкін, күшті-ақ шығарсың,  
Қас қағымда-ақ қара тастай құларсың!»

Бақытты бол! — деді Хажыб,— сен бүгін,  
Байлап алдың құттың кемер белдігін,

Әр істің өз сәті келер, саспағын,  
Сәті келсе, есік қалмас ашпаған!

555 Бар мынадай білікті ой, терең сөз,  
Білікті сөз — түгел түзу, берен сөз:

«Қай істе де аптыққандар кеш қалар,  
Асықтырған іс — өкініш, еш болар!»

(Қай істе де асыққан жан жай қалар,  
Асыққан іс күйінішке айналар!)

Абдырамай әр ісіңнің сәтін бақ,  
Ай, бек, ісің табар бабын сәтінде-ақ!

(Еш уақытта саспа, асылық ойлама,  
Бітер істің толғағы бар, ей, дана!)

### Айтолдының Хажыбқа жауабы

Айтты Айтолды, ұғып сөздің сыңайын,  
Өзімді ұстап, мен де сабыр қылайын.

Көрді мені, Хажыб тыңдап сөзімді,  
Белгілесін көрісетін кезімді.

560 Хажыб мені қай уақытта тілесе,  
Келем сол сәт, шақыруға ілесе...

Тұрды Айтолды, шықты қайта киіне,  
Тонын шешті қайтып келіп үйіне.

Көрді Хажыб Айтолдыны көзбе-көз:  
Ерек кісі басқалардан өзгеше.

Мұндай жанды көргенім жоқ, — деді ол, —  
Халық басы, білімді, есті, сөзі оң.

(Көрген емен бұл сипатты кісіні,  
Білімді, ойлы, өзгеше өзі түсінің.

Мұндай кісі қыз мінезді, нәті қыз,  
Қыз қылығын қылар, қыздың аты — қыз.

Мұндай жан — қыз, мінезі — жан шырыны,  
Қыз аты — қыз, қызықтырар қылығы.)

Мұндай кісі кездеседі өте аз,  
Аз аздығын қылар, аздың аты аз!\*

565 Қай нәрсе аз, сол нәрсе асыл, о ғажап!  
Асылды іздеп тауып болмас, бір азап!

Мұндай кісі Елікке өте керек-ті,  
Елікке керек еліне де керек, біл!

Мұндай кісі күллі істі істей алады,  
Өнерімен ер тілегін табады!»

\*\*\*

Сәті келіп айтты Елікке барлығын,  
Айтолдының ашып құлқын, тағдырын.

Айтты құлқын, хас асылға балады,  
Ақыл, білім, қасиетін санады.

#### **Еліктің Хажыбқа жауабы**

570 Естіді Елік: — Кәнеки, келтір! — деді,—  
Қайда тұр ол. Көрейін көркін! — деді.

Тілеп едім кісіні қосшы болар,  
Ел басқару ісіне басшы болар.

Бар тілекке жеттім, бірақ ісімде,  
Мұқтаж едім осындай бір кісіге.

Жүгір, менің құзырыма тап, шақыр,  
Қызметіме келтір өзін, мәрт батыр!

\* \* \*

Хажыб тұрып, қақпа алдына келді де,  
Бір ұланды жұмсады, «сөз» берді де.

575 Ұлан оның жеткізді бар сөздерін,  
Тонын киді Айтолды өңі өзгеріп.

Атын мініп ханордаға тез жетті,  
Хажыб қарсы шығып өзі кездесті.

Құрмет қылып төрден орын ұсынды,  
Айтолды үнсіз отырды, бек қысылды.

Кірді Хажыб ілтифатын ұқтырып,  
Әміршіге баян етті тік тұрып.

#### **Еліктің Хажыбқа жауабы**

Елік айтты: — Шақыр, маған кірсін ол,  
Көрейін мен, мені дағы көрсін ол.

(Кірсін!— деді ол, — жолығып, бір-бірімізді көрелік,  
Сөз — суретші. Жоқ оған көзден әділ төрелік!)

580 Шықты Хажыб. Айтты: — Айтолды барарсың,  
Ханға көрін, құт белбеуін тағарсың!

## **14. АЙТОЛДЫНЫҢ КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ (ҚҰЗЫРЫНА) КӨРІНУІ АЙТЫЛАДЫ**

Кірді Айтолды тағзым етіп, көрінді,  
Жүзін көріп ашылды Елік көңілі.

Сөз бастады, Елбасына жүгінді,  
Сүйіндірді өзін, шырын тілінде.

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Елік: — Кімсің? Атың кім? — деп сұрады, —  
Қайдан келдің? Қайда ендігі тұрағың?..

Айтолды енді сабырменен кеңесті,  
Әр сөзінен, білсең, ақыл лебі есті.

585 Сабыр, ақыл — парасаттың белгісі,  
Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі.

Мұны меңзеп шәйір бәйіт қалдырған:  
Ісің болса, саспа, баппен тындырғын!

Бастарда істі байыбына барып ал,  
Асыққандар күйінер де, жаңылар.

Барлық істе саспа, сабыр қыл-дағы,  
Сабыр тұтса, бектік құрар құл-дағы...

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Айтолды айтты: — О, құтты Елік, бағамда:  
Құл қадірі — қызметіңе жарауда.

590 Қызметшімін, босаға — орным, атым — құл,  
Ісім — қызмет, кісілікке жақынмын.

Келдім саған ұзақ қиын жол жүріп,  
Жетті арыз-тілегіме қол бүгін!

Тілегім бұл: қайтарма сен бетімді,  
Жақын тұт та, көргін қызыметімді!

\* \* \*

Сөзін естіп сүйінді Елік, сенді Елік  
Тілегенім осы,— деді, берді ерік.

#### **Еліктің Айтолдыға жауабы**

Елік айтты: — Айтолды, көрдім сені,  
Сүйінтті қылық, құлық, көркің мені.

595 Істің көркі — мейірім, ақылдылық,  
Қақпамды бақ, өзіме жақын жүріп.

Менен — мерей болады, еңбек — сенен,  
Еңбек болса, құт есік ашар, сенем!

Сен бүгіннен түзу жүріп еңбек ет,  
Қызмет етсе, құл ақысын өтер бек!

### Айтолдың Елікке жауабы

Жерді өбіп, Айтолды айтты: «Ер Елік,  
Көзін ашса — дәулет қолын береді!

Қызмет үшін келдім тастап үйімді,  
Ұзақ жүрдім, көріп тұрсың күйімді,

600 Қызметте қуат берсін жасаған,  
Сенің ісің үшін сақтап қатадан!»

Тұрды орнынан көңілі өсіп, шаттанып,  
Өңі жайнап, келді алдына қақпаның.

Не дер екен басына құт қонған ер,  
Бар тілегі түгел қабыл болған ер:

«Бектер күліп қараса егер кісіге,  
Көңілі өсіп, қан жүгірер түсіне.

Бектер ерге жылы жүзбен қараса,  
Көзі жайнап, шығар сөзі тамаша.

605 Кімді бектер жақын тұтса жанына,  
Байқа, өзгелер үйір соның маңына.

«Бек» — деген «Құт!» Жакын жүрсе кісі оған,  
Бар тілегі қабыл болып, ісі оңар!»

\* \* \*

Енді Айтолды қызметін бастады,  
Ертелі-кеш ешбір тыным таппады.

Күндіз істі, түнде атқарды күзетті,  
Не істесе де, күмәнсіз хәм ізетті.

Елбасына кіріп-шығып жүреді,  
Оң қарайды ол, сенеді бек жүрегі.

610 Күннен-күнге қызметін сіңірді,  
Қадірі артты, ел көзіне ілінді.

Адал болса, бек те құлдай құлына,  
Кішкене ерді ісі теңер ұлыға...

Қызмет қыл. Құл Бек болар еңбекпен,  
Еңбек етпей — тілегіне кім жеткен!

Есті енді дана сөзін, білікті,  
Ойын нәзік кестелепті, тізіпті.

«Жанса еңбегі, тексіз төрге лайықты,  
Жаман іспен орнын табар байыпты.

615 Қызметшілер ісін мінсіз атқарсын,  
Тілегіне жетер қадір артқан соң!»

Бұл Айтолды қызмет етті тесіліп,  
Елбасы ашты мархабатпен есігін.

Жақындасты күн-түн санап ол енді,  
Қайғы қашты, қуанышқа бөленді.

Қызмет етті, Айтолды енді теңелді,  
Елік пейіл беріп, құтқа кенелді!

Елік түрлі істе байқап, сынады,  
«Тілегенім — сол!» — деп, сенді, құлады.

### 15. АЙТОЛДЫ ЕЛІККЕ ӨЗІ ДӘУЛЕТ ЕКЕНІН АЙТАДЫ

620 Ойға шомып отырып Елік бір күн,  
Айтолдыны шақыртты. Келіп кірді.

Келіп тұрды Айтолды алдына тік,  
Келгін, отыр бері, — деп ымдады Елік.

Шығарып, қойды тобығын Айтолды, көр,  
Жастады да, үстіне отырды, көр.

Айтты Елік, түрлі ойды, білім шашып,  
Жауап берді Айтолды тілін ашып.

Сүйінді Елік, қуаныш жуды жүзін,  
Оны көріп Айтолды жұмды көзін.

625 Сөзін кесіп Елік еш тіл қатпады,  
Көзін жұмып Айтолды міз бақпады.

Елік қайта бастады үзген сөзін,  
Жауап берді Айтолды түйіп жүзін.

(Елік қайта сөздерін жалғап көрді,  
Айтолды жүзі сынық, жауап берді.)

Байқады Елік көп қырын түрлі-түрлі,  
Білім, ақыл, зейінін түгел білді.

Қарады Елік сабырмен, өңі жылып,  
Айтолды тез әкетті жүзін бұрып.

### Еліктің Айтолдыға айтқан сөзі

Түнерді Елік: — Келіспе, келіс, мейлі,  
Ұшқалақтық кісіге келіспейді.

630 Жаңылыппын бұл тұста өзім де енді,  
Не бетіммен жұртқа айтам сөзімді енді.

Не дейді екен, білімді тілін тында:  
«Асыққан іс — өкіңтер жылдан-жылға...»

Шала біткен шаруаның түюі бар,  
Шала піскен астың дерт-күйігі бар.

Бар жаңсақ іс — асыққаннан шығады,  
Ықтияттық — бар ізгі істің шырағы.

Мен де асықтым, білмей жатып сырынды:  
Жақын тұттым өтпей қызмет-сынымды.

635 Қай бек болсын, қызметші құлдарын,  
Істе сынап, оңғарса онсоң жолдарын.

Әуелі істе сынап көрсе шамасын,  
Көтерсе онсоң, біліп қадір-бағасын...

### Айтолдының Елікке сауалы

Айтолды айтты: — О, Елік, қайырымды!  
Неге ренжіп, тағаттан айырылдың?

Жазығым не, білмедім ауаныңды,  
Айтып беріп, естісең жауабымды.

Күнәм болса — қина, еркің; жазалағын,  
Жоқ болса, құр түнеріп қарамағын!

640 Мұны меңзеп өзі де, сөзі де үлгі,  
Білімді жан не деген, соны білгін:

«Қызметші жаңылса, шыдамақ жөн,  
Қатесінің себебін сұрамақ жөн.

Жазықты ма, жазала, қалт жіберме,  
Жазықсызға кінәні жат тілер ме!?

(Жазығы болса, жазалап қинау керек,  
Жоқ болса, қиянатқа қимау керек.

Күнәсін арт мойнына, қарала да,  
Кінәсіздің жүрегін жаралама!)

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Сөйледі Елік ашуланып, арқырап:  
— Ай, білімсіз, кісі екенсің ақымақ!

Қара өзіңе, кім едің сен мен үшін,  
Қайдан келген мардымсу мен керісу.

645 Қызмет етіп, жоқ сіңірген еңбегің,  
Пайдаң тиді деуге, жоқ еш бергенің!

Қызметіңсіз қадіріңді асырдым,  
Орын бердім, ал сен мені басындың.

Тобығың жастап, жайғасып кеп дендедің,  
Айтқын, мынау сен отырар жер ме еді!?

Сөзімді айттым, сөздеріңді тыңдадым,  
Мазағың ба, маған көзді жұмғаның?!

Кешірдім де, жалғадым сөз — жібімді,  
Айтқын — неге теріс бұрдың жүзіңді?!

650 Естіп, құлақ қоймап па ең ер сөзіңе;  
«Бекке жақын жүрсең, сақ бол өзіңе!»

Айтпап па еді саған атаң, анаң мен:  
«Бекке өзіңді теңгерме, ей, балам!» — деп.

Құймап па еді, топ басы: «Ұғып тегіңді,  
Басыңды бақ, басынба, — деп, — бегіңді».

Бұл бектер — от! Отқа жақын бармағын!  
Егер барсаң — күйіп, күл боп қалғаның!



(Бек деген от! Ойнама отпен, жақындап,  
Күйініп кеп — күл боларсың сақырлап.)

Аңғал болма! Өртің де бір, бек те бір,  
Өртке түссе — майдай ерір көк темір.

655 Байқап көрсен, бектер от-өрт жалынды,  
Басыңды үзіп, бас сап сорар қаныңды!

Байқап тұрсаң, қорқытар ол бұқтырар,  
Қорықпасаң, күшпен жасқап ұқтырар!

## 16. АЙТОЛДЫ ЕЛІККЕ ДӘУЛЕТ СИПАТЫН ӘҢГІМЕЛЕЙДІ

Күлді Айтолды: — Ұқтым, — деді, — өзіңді,  
Сұрап қалдың, енді естігін сөзімді.

Істің мәнін ұғып қойдым талдадым,  
Қажет енді сенің ұғып алғаның.

Міне, алдыға жеттім, келдім тосылмай,  
Көрдің өзің: мінез-құлқым осындай.

660 Орын бердің, отырмадым оныға —  
Ұқсын деп ем: «Орным жоғын сорыма».

Сөзді растап: тобығымды төседім —  
Ұсқынымды көрсін деген есебім.

Орның жоқта, тобыққа — сор, сезгемін,  
Мен, Құт-Дәулет, сол тобықтай кезбемін!

Көзім жұмдым, мейіріммен қарап ең,  
Түр, пейілімді танысын деп санап ем!

Мен Дәулетпін, көзім соқыр, — дегенім,  
Кім жұғысса, соны ұстап ап, еремін...

665 Сен сұрадың — жауабымды асырдым,  
Қарап едің — мен жүзімді жасырдым.

Бұл қылығым: Айнып кете беремін,  
Тұрақсызбын, маған сенбе! — дегенім.

Енді тыңда түрік мақал-нақылын,  
Көпті көрген ақсақалдың ақылын:

«Құтты кісі «Құттымын!» — деп лепірме,  
Даңқты кісі даңқыңды айтып есірме.

Бір орында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды,  
Жиһангерлер жүре бермей тынбайды...

670 Құт опасыз ұшып-қонба тегінен,  
Тайғақ табан, қонбай жатып жеріген...»

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елбасы айтты: — Ұқтым адал сөзіңді,  
Өз күнәңнан алдың аршып өзіңді.

Айтқын енді маған қадір-даңқыңды,  
Сөзің — өктем, сезбейсің тіл тартуды...

### Айтолдының Елікке жауабы

Айтолды айтты: — Құт көзімін, бек сенем,  
Елге игілік тисе — тиер тек менен.

Қылығым — оң, жасым кіші, қарасаң —  
Барша ұлылық, бектік менен тарасар...

675 Жүзім нұрлы, сырлы қылық, құлығым,  
Бар тілекке жетті қолым, құрығым.

Қайда болсам, сонда арман-тілегім,  
Жүргені еріп, артып маған білегім.

Сабырым бар: төзбес безер тозағы...  
Шаттығым бар: уайым өзі-ақ тозады...

Маған қарсы жан азаппен өтеді,  
Бой ұсынған, мұратына жетеді!

Мені ұрамын деген өзі ұрылар,  
Көр дайындаған, сол көрге өзі жығылар...

680 Мұны меңзер келді сөздің кезегі,  
Ұққан жанға толған ақыл өзегі:

«Қайда болсын, құтқа пейіл-бойды бер,  
Егер құтқа ерсең, жаулас қайғымен!

Бақыт қонса, құтқа толар күндерің,  
Ті-ле-гің-ді... талғап... өмір сүр, керім!

### Еліктің Айтолдыға сауалы

Елік айтты: — Ұқтым қадір-бағанды,  
Мінің бар ма? Айт, білейін шамаңды...

### Айтолдың Елікке жауабы

Айтолды айтты: — Жоқ залалым, жоқ мінім,  
Жоқ мінімді тергіштер бар, күптімін.

685 Тұрақсыз һәм опасыз деп сөгеді,  
Жұртқа жайып, тілдің кәрін төгеді.

Тұрақсыздық мінім емес, біл өзің,  
Жаңаны аңсап, түлеп тұру — мінезім...

Ескі нәрсе — бәрі тозған, сүйкімсіз,  
Сүйкімсіздің жүгі болар сүйкімсіз.

Жаңа нәрсе болса, ескі не керек?  
Жақсы нәрсе болса, жаман не керек?

(Барша ескілік — түбі азапқа айнарлар,  
Ал азапқа тозақ әркез сай болар.

Жаңа нәрсе табылса, ескі не керек,  
Арзымасқа асылды кім теңемек?!)

Ләззат іздеп, қиналар ер, сабылар,  
Ләззат-рахат тек жаңадан табылар.

690 «Опасыз!» — деп қылығымды сөгеді ел,  
Өз атымды өз мінімдей көреді ел.

Меңзеп айтқан мұны өр кісі, ер кісі,  
Қанатты сөз — қанатты ойдың белгісі:

«Туған нәрсе құрып, түбі өледі,  
Жаратушы бұйрығына көнеді.

Өтер-кетер, тірлік те бір еспе жел,  
Ұстап қалар пенде жоқ ол дес берер!

Сенбе құтқа: келсе, кетіп қалады,  
Сенбе баққа: береді һәм алады.

695 Баянды боп тұрса өзі бұл бақтың,  
Ең асыл зат — құт болар-ау, қымбаттым!

Ұшпай Дәулет, қонса алаңсыз түгелдей,  
Мәңгі жайнар, күн көзі де түнермей!»

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елік айтты: — Білдім қылық, тегінді,  
Із қала ма жүріп өткен жерінде?..

### Айтолдың Елікке жауабы

Айтолды айтты: — Жарда ойнаған киікпін,  
Сол мінезбен сүйікті һәм күйікпін.

Ұшқырмын мен, іздеген жан таба алмас,  
Тапқанымен, мәңгі ұстап қала алмас.

700 Қатты ұстаса ер, болса ақылдың ұстасы,  
Қаша алмаймын одан, сөздің қысқасы!

### Еліктің Айтолдыға сауалы

Елбасы айтты: — Мықтап шырмап алатын,  
Қандай кісен сені ұстап қалатын?!

(— Сені ұстайтын бар ма қамал, бар ма амал?  
Деді Елбасы, — сақтаушың кім таңдаған? )

### Айтолдың Елікке жауабы

Айтолды айтты: — Берік кісен бірнешеу,  
Мен санайын деген болса — із кесем:

Іздеген жан, болса жібек мінезді,  
Көңілі пәк, тілі майда, жігерлі.

Ұстаса өзін, мекерлікті білмесе,  
Жауыз істің маңынан да жүрмесе.

705 Жиған малын ысыраптап шашпаса,  
Құлқын түзеп, жөн-жосыққа бастаса.

Құрмет қылса үлкендерге өзінен,  
Кішілерге мейірім төксе сөзімен.

Паңдықпенен қорсынбаса кісіні,  
Күлкі қылып, басынбаса кішіні.

(Кісілерді кішіктікпен тыңдаса,  
Кіші сөзін аяқ асты қылмаса.)

Тектен-текке шарапқа аран ашпаса,  
Тектен -текке несібесін шашпаса.

Қол мен тілін бос ойыннан сақтаса,  
Қылық-құлқын оңдап, жөнсіз лақпаса.

710 Міне, осылар баянсыз құт кісені,  
Кісендесе, қашпайды, өзі-ақ түседі.

Бұған куә шайыр сөзі мынадай,  
Шайыр тілі — көзінді ашар шырадай:

«Дәулет үркек, ор киікке ұсаған,  
Егер келсе, тізгінде де, тұсап ал!

Тұта білсең, дәулет тозып, безбейді,  
Қолдан шықса, қайта айналып келмейді!»

#### **Еліктің Айтолдыға айтқаны**

Елік айтты: — Ұқтым, ай, Құт, бақ асыл,  
Сүйіп едім, сен де тайқып барасың.

715 Болмағанда, сен тұрақсыз, баянсыз,  
Қандай жақсы келетінің аянсыз.

Опасызсың: көрсетіп ап опаңды,  
Тұрақтамай, тарттырасың жафанды.

(Сыртың — ләззат, дайын құса, қапаң да,  
Жеңіл емес шектіретін жафаң да!)

Атадан да, анадан да мейірімді,  
Жан өзіңсің берген кезде пейіліңді.

Көрмегендей, жүз бермесең, бұрылып,  
Басқа болар еді сөз бен қылығың.

Дүние жисаң, қайта шашып тастайсың,  
Жүзін беріп шақырса, есік ашпайсың.

#### **Айтолдының Елікке айтқаны**

720 Айтолды айтты: — Уа, Елбасы қадірлі!  
Жайдым ірікпей сыр мен шама әлімді.

Қызықса кім, сынап көрсін нәсібін,  
Мені ұстаудың, айттым, білсін тәсілін.

Обалым не, жете алмаса құр текке...  
Мен — киікпін, үйренбегем бүлкекке!

Не дейді екен қариялар сарапшыл,  
Қарттың сөзі — құттың көзі, тағат қыл:

«Құт та келер, тұта алмасаң — озады,  
Дүние берер, тұта алмасаң — тозады!

725 Мықтап ұста баяны жоқ бағыңды,  
Ұстамасаң, жоғалтарсың барыңды!

(Келген құтты тұта алмасаң — лағады,  
Берген малды баға алмасаң — алады.

Қонған құттың біл қасиет-қадірін,  
Қадірді ұққан — көрмес тірлік жәбірін!)

Құтты кісі өзін-өзі сақтасын,  
Жайсыз істің маңайын да баспасын!

Өзің таза, тура жолмен жүрсеңіз,  
Бақыттының бағы сол ғой білсеңіз!

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Елік айтты: — Ұқтым асыл затыңды,  
«Айтолды» деп неге қойған атыңды?

Мәнісі не, оны да айтқын, ағайын,  
Сені бүтін біліп, ұғып алайын.

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

730 Айтолды айтты: — Дана кісі атымды,  
Қойған екен Айға меңзеп затымды.

Ай туғанда кіп-кішкентай болады,  
Күннен-күнге көтеріліп толады...

Ай толғанда көзі ашылар әлемнің,  
Жүзі жайнар жаһандағы әр елдің.

Толған ай да, қарасаңыз, шетінен,  
Бозаң тартып, ажары азып кетілер.

Нұры сөніп, семіп мүлде жоғалар,  
Қайта туып, қайта толар, оңалар.

- 735 Мен де айдай жаңаланып тұрамын,  
Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым.
- Ғарып жанға түссе жүзім, жанарым:  
Көркі артып, нұр жуады қабағын.
- Байып, тасып, даңқы алысқа жайылар,  
Кетуім мұң — су алғандай шайылар.
- Жиған-терген мүлкі күлдей шашылар,  
Таз қалпына түсер, еңсе басылар.
- Шайыр сөзін есті мұны меңзеген,  
Білікті сөз — білімсізге көз берер:
- 740 «Бақ қонса адам, атақ-даңқы артылар,  
Жаңа айдай толысар да, жарқырар.
- Көңіл қойма, ол опасыз, ессіз ол,  
Толған дәулет, толған айдай сарқылар!»
- Бұл жөнінде сыр ашайын және бір,  
Естіп ұғып, шын ниетпен сене біл!
- Мекен-жайсыз жүрер сырғып айналып,  
Орын сайлап, жантаймас Ай жайланып.
- (Айдың үйі — орны тұрған айналып,  
Шыр айналып, отыра алмас, жайланып...)
- Ай бұрыжы\* — Саратан, ол тынбайды,  
Үйі айналса, ай да бірге зулайды.
- (Саратанмен\* жанып, бірге өшеді,  
Ол көшпелі, бұл да бірге көшеді.)
- 745 Қай үйге енсін, тәрк қып шыға береді,  
Кіріп-шығып, шығып-кіріп желеді.
- Мен де Айдан айнымаймын, білемін,  
Бірде — өрде, бірде ылдида жүремін.
- Келіп-кетіп шарқ ұрамын, жатпаймын,  
Кең жаһанды кезсем де орын таппаймын.
- Затыма сай, «Айтолды» деп атаған,  
Білімдінің айтқаны аумас батадан.

Міне, мен — құт, аян мінез, тегім де,  
Айттым, түгел кеселімнің емін де.

- 750 Айттым, сенсең — шындығы осы сөзімнің,  
Қалдырсаң да, қайтарсаң да өзің біл!

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елік айтты: — Естідім бар сөзіңді,  
Сөзің — жасын һәм асылсың өзің де!

Сендей жанды аңсап, іздеп жүр едім,  
Тәңір берді, қабыл болды тілегім.

Хұда берсе кімге тілек, арызын,  
Шүкір ет, тек арқалама қарызын.

Өзім бүгін бастап, үзбей үнемі,  
Айнымастан шүкірлік қып жүремін.

- 755 Енді дана, не дер екен, сал құлақ,  
Өзі қайтқан, бізге жазу қалдырып.

«Шүкірлік қыл, медет тұтып бір өзін,  
Шүкірлік қыл, қабыл болсын тілегің.

Кей сақаба ұқпас қадір-бағасын,  
Шүкіршілік етсең, медет табасың!

Азды аз деме, шүкірлік ет еселеп,  
Көп нәсіптің, қадірін түй жетеңе!

Шүкір қылсаң, бір нәсібің он болар,  
Бірі он болса, үйге мүлік-мал толар!»

\* \* \*

- 760 Айтолдыны мақтап Елік қуансын:  
«Күндіз-түні, — деді, — оңымнан туарсың!»

Сый көрсетті, сырын ашып, тең көрді,  
Алтын, күміс, дүние-мүлік өңгерді.

Ақтарды Елік ойын, сөзін, сырларын,  
Білікті ақыл-кеңестерін тыңдады.

Көр: Айтолды сый-құрметке сүйініп,  
Қызмет етті бар өнерін үйіріп.

Қаншама істе жұмсап, сынап көрді Елік,  
Одан ерек ер жоғына сенді Елік!

## 17. КҮНТУДЫ ЕЛІК АЙТОЛДЫҒА ӘДІЛДІҢ СИПАТТАРЫН АЙТАДЫ

- 765 Елік бір күн өзді-өзі құстай торда,  
Зерікті үйде, жамырап ойы онға,  
Айтолдыны шақырды, «Келсін!» — деді,  
Қол қусырып кірді де, ол сәлем берді.  
Тұрды алдына Еліктің төр жақтағы,  
Әуелі хан тіс жарып, тіл қатпады.  
Байқап көріп, көзімен белгі беріп,  
Ишарамен отыр деп берді ерік.  
Бұл Айтолды отырды. Көзін жерге  
Бұрып, тыныш қалыппен көңіл берді.
- 770 Бақты Елбасын көзінің қырыменен:  
Қабак түйген, түнерген түрі де ерен.  
Күрзі үстінде үш айыр — үш сирақты,  
Отырды Елік айбынды күміс тақта.  
Сескендірер зор пышақ қолындағы,  
Шекер, тұрған — оңында, солындағы — у.  
Мұны көріп, Айтолды тынды тыныш,  
Қатты қорықты, жоқ дыбыс, талды тыныс.

### Еліктің Айтолдыға сауалы

- Көтерді бас, қаншама тұрып Елік:  
— Тербет тілді! Бер, — деді, — тіліне ерік!
- 775 Сақаудай бір сен неге тіс жармайсың,  
Жалғыз қалған сәтімді еске алмайсың!?

### Айтолдының Елікке жауабы

- Айтолды айтты: — Ай, Елік қадірменді,  
Сөз сөйлерге дәрмен жоқ қазір менде!  
Бүгінгі құлқын бөлек, ісің ерсі,  
Соны көріп, имендім, түсінерсің.  
Білімдіден тәбәрік — қалған ақыл:  
«Ашу бұған бектерге барма жақын!»

Бұдан да ойлы бек сөзі жеткен маған:  
«Ашулы бектер болар өрттен жаман!»

- 780 Ай, момын! Бектер мінсе қаһарына,  
Жақын тұрма. Қаларсың шатағына!»  
Ашу қысса бектерді, ол бір қатер,  
Алыс тұрғын — кеселі тиіп кетер.  
(Буырқанып бектерді ашу қысса,  
Алыс жүр — күнді айнала ұшқан құсша.)  
Мұны меңзер бір сөздің жөні, міне,  
Келді, мықтап түйіп ал көңіліңе:  
«Ашу мінген бектерге барма жуық,  
Барсаң, кетер қадірің — қайта қуып.  
Арыстандай айбатты, гүр-гүр етер,  
Қаһарына іліксең — басың кесер!»

### Еліктің Айтолдыға сауалы

- 785 Елбасы айтты: — Өз сөзіңді түсіндір,  
Неге имендің, сұры қашып түсіңнің?!

### Айтолдының Елікке жауабы

- Айтолды айтты: — Таң қалғаным бәрінен,  
Күміс күрзі — орның, соның мәні не!?  
Бұл не отырыс? Күрзің не? Енді сұрайын,  
Айтып берші, мағынасын ұғайын.  
Екіншіден, пышағы не Еліктің,  
Түгел білсем, түгі қалмас сезіктің.  
Үшіншіден, оң жақтағы шекер не?  
Солындағы — у, бәрі осының бекер ме?  
790 Байқап көрдім, өзің қабак ашпадың,  
Содан менің есім шығып, сасқаным.  
Бұл түріңді көріп өзім имендім,  
Тіл аша алмай, тілдесе алмас күйге ендім.

## 18. КҮНТУДЫ ЕЛІК АЙТОЛДЫҒА ӘДІЛДІКТІҢ СИПАТЫНЫҢ ҚАНДАЙ ЕКЕНДІГІН АЙТАДЫ

- Елік айтты: — Ұқтым. Құлақ асайын,  
Үлгілеп мен сөздерімді ашайын.
- Алғашқы күн шақырғанда мен сені,  
Құрметтедім, орын бердім еңселі.
- Көрсеттің де маған таңсық ісінді,  
Ашу-ызаға будың бермей ішінді.
- 795 Ашуландым — тұншықтырдың төзімді,  
Кәрленіп ем — тұйықтадың сөзіңді.
- «Мен құт болам! — дедің, — біліп, танып ал,  
Ұқтырдым мен, ұғын бәрін, қанып ал!»
- Бар сырынды айттың келіп бабыңа,  
Мен түгелдей түйіп алдым жадыма.
- Құзырынды ұғып, сонда кешірдім,  
Құрметтедім, мәртебенді өсірдім.
- Айтам бүгін қылық, сипат салтымды,  
Біле жүр сен барша қайрат-даңқымды.
- 800 Міне, мені көргін, заңмын, әділмін,  
Тұрқымды сен байқа, барла — бәрін біл.
- Мен отырған күрзі мынау, төрімде,  
Үш сирақты, көр де тоқы көңілге.
- Үш тағанды нәрсе берік, мызғымас,  
Үш аяғы тұрғанда ұстап, жылжымас!
- Егер үштің бірі тайса, жетеді,  
Қалған екеу өзі-ақ ұшып кетеді.
- Үш сирақты нып-нық, түзу тұрады,  
Төртеу болса, бірі қыңыр шығады.
- 805 Бірі түзу болса — түзу бәрі де,  
Бәрі түзу болса — түзу мәні де.
- Бір қыңырдан — бәрі қисық шығады,  
Бар қисықтан — әмән, қырсық туады.
- Қай тұғыр да қисық болса тұра алмас,  
Түзу нәрсе — орнықты, ешкім жыға алмас.

Құлқымды көр, түзулікте жоқ міні,  
Заң қисынсыз болса, тозақ — сот күні...

- Әділдікпен жаза кеспей тоқтаман,  
Құл ма, бек пе, еш айырма жоқ маған.
- 810 Бұл пышақты қолына алса кімде-кім,  
Кесер, турар нәрсе ғой ол, біл, серім!
- Пышақтай мен кесем аршып әр істі,  
Кесімін тез берем, біліп мәністі.
- Шекер жәбір көргендерге бұйырар,  
Қақпама кеп, әділ заңға ұйыған.
- Бал-шекерді татқан кісі жадырар,  
Жүзі жайнап, уайым-мұңнан арылар.
- У бұйырар қара жүрек кісіге,  
Заңнан қашқан, зәрін түйіп ішіне.
- 815 Келсе алдыма тезінде әділ жазаның,  
У ішкендей тартар қылмыс азабын.
- Суық қабак, кісі шошыр сұрым бұл —  
Сыбағасы күштімсінген зұлымның.
- Ұлым ба әлде жақыным ба, алыс па,  
Кештеу жүрген қонақ па әлде таныс па?
- Заң алдында бәрі бірдей мен үшін,  
Кесем әділ, болмайды ешбір келісім...
- Біл, әділ заң — басшылықтың тұғыры,  
Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлыны!
- 820 Мұны меңзеп есті кісі бүй дейді,  
Есті сөзді кім тұтса, ісі өрлейді:
- «Бектік берік — әділ заңның жөнімен,  
Бектік тегі — әділдікпен көрінер.
- Бек елінде тура заңды ұстаса,  
Бар тілекке жетер қолы, қысқасы!»
- Айтолдының Елікке сауалы**
- Ай, Елбасы, — деді Айтолды, — рахымды,  
Күнтуды деп неге қойған атыңды?

### Еліктің Айтолдыға жауабы

- Елбасы айтты: — Атымды есті ер беріпті,  
Қылығымды көріп, танып, сеніпті.
- 825 Дүниенің нұрлы жомарт алыбы,  
Күнді қара, сөнбейтігүн жарығы.
- (Жарқыраған күнді көр де, көр мені,  
Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені.)
- Туралықпен таймас күші нұрының,  
Соған ұқсас менің барша қылығым.
- Екіншіден, нұрын шашып елге тең,  
Күн туады жарқыратып жер бетін!
- Мен де күндей — жоғалмаймын, өзгеріп,  
Бар халыққа бірдей қылық, сөздерім.
- Үшіншіден, Күн туса, Жер бір түлер,  
Шешек атар мың-мың түспен гүл түгел.
- 830 Қай елге де төксе нұрын шындығым,  
Гүлдеп тасы, дәулеті өсер мыңғырып.
- Шыққан соң Күн, жаман-жақсы демейді,  
Жарық төгіп бәрін бірдей жебейді.
- Қылық-құлқым осы, мәлім әріден,  
Менен үлес тиер тегіс бәріне.
- Және күннің бұржы\* сәбит\* келелі,  
Сәбит десем, түбі берік дегенім.
- Күн бұржысы Арыстан ол құбылмас,  
Құбылмаса, мызғымас үй — бұзылмас.
- 835 Бірқалыпты қылығымды көр менің,  
Жүзім жарқын, құбылмаймын өзгеріп.

### Айтолдының Елікке сауалы

Айтолды айтты: — Ай, Елбасы құрметті,  
Жер-жаһанға мәлім атың күн текті.

Менің өзім ұзақ жолда сетінеп,  
Арып-ашып саған әрең жетіп ем.

Өзім аңсап, жәрдем, құлқың үшін де,  
Қызметіңе келдім салып күшімді.

Айтып бергін, талабыңды, бабыңды,  
Атқарайын, не сүйінтер жаныңды?

- 840 Қызметіңнен таппаса бек, қанағат,  
Не істесең де, ісің жақпас жамағат.
- Тараған сөз Ыла атты кісіден,  
Ұлағатты, мәртебелі ісімен:
- «Қызметші қызмет етсе бегіне —  
Бек сүйінер жолды ұстансын тегінде!
- Қызмет жаса болғанша ырза қашан бек,  
Ырза болса ісіне есік ашар бек.
- Төрге шығар ісмер адал ісімен,  
Ісі олақ — өзін көрге түсірер.
- (Ісін білсе ісші төрге жетеді,  
Іс білмесе, босағаға кетеді.)
- 845 Бек сүйінсе — қызметші құлына,  
Ашылады құлға құттың жолы да!»

### Еліктің Айтолдыға жауабы

- Елік айтты: — Ұқтым енді сөзінді,  
Қуант мені; ықтият боп өзің де.
- Мен айтайын, жаманатты білгейсің,  
Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.
- Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,  
Бұдан кейін, қара күшке салғанды...
- Ісі — сұйық, өсек-өтірік тергені,  
Құлқы ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.
- 850 Дөрекілік, қызбалық та — ағаттық —  
Құлы болса қу құлқын мен шараптың.
- Ондай жандар шығыса алмас менімен,  
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.
- Маған ұнап, жағам десең, белгілі,  
Мұндайлардан тый өзіңді, ей, күлік!\*
- Күнде жақын жүрсең — көңіл тартады,  
Менің де ізет, ықыласым артады.

### Айтолдыңың Елікке сауалы

Айтолды айтты: — Ұқтым. Ойдың ауанын,  
Бір сөзім бар тағы да. Айт, жауабын.

- 855 Изгілік не? Тегі қандай өзінің?!  
Мінез-құлық, ісі қандай ізгінің?!

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елбасы айтты: — Изгіліктің нышаны —  
Ел пайдасы үшін құрақ ұшады.

Изгілікте ізгілігін сатпайды,  
Кісілерге өз міндетін артпайды.

Қайырымды қайырым етпес есеппен,  
Есе күтсең — ұрғанмен тең кесекпен».

### Айтолдыңың Елікке сауалы

Тағы Айтолды айтты: — Білдім, мұныңды.  
Тағы да бір тілегімді ұғындыр?

- 860 Айтшы маған Әділдіктің мән-жайын,  
Әділдік қой ашар жұрттың маңдайын...

Әділдіктің жолы қандай болады?  
Жөні, тегі, өңі қандай болады?

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елік айтты: — Біл, әділ жан — бір шынар,  
Тілі, ділі сөзіменен бір шығар.

Тысы — ішіне, іші — тысқа жарасып,  
Туған жаннан кетпес шындық адасып.

Алақанға ұстап шығып жүрегін,  
Кісі көрсе, қымсынбай ол жүреді...

- 865 Әділдік — құт, құт құрығы — кішілік.  
Әділдіктің заты — тұнған кішілік.

Адам қымбат емес, қымбат адамдық,  
Адамдар аз емес, аз ғой адалдық.

(Кісілер көп, кішілікке кендеміз,  
Адалы — аз, адам атты пендеміз! )

Мұны меңзеп айтқан шайыр сөздерін,  
Саған арнап, ұққын байқап көр де өзін:

«Толып жатыр жүрген жандар жер басып,  
Көңілі ашық, әділ ерге — ел ғашық.

Кісі сирек емес, сирек — кішілік,  
Кішіліктің қадірін біл, түсініп!»

### Айтолдыңың Елікке сауалы

- 870 Айтты Айтолды: — Бақтияр хан, құтты Елік!  
Маған сөздің астарын аш, бүкпегін!

Кінә, міні бола ма ізгі адамның,  
Жақсылығы бола ма арсыз, жаманның!?

### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елік айтты: — Екі түрлі ол ұқсандар,  
Бірі — ізгілік жолын шындап тұтқандар.

Бірі — анадан ізгі болып туады,  
Изгі болып, түзу жолды қуады.

Бірі ізгінің — еліктеп-ақ тұрады,  
Ессізге ерсе, ессіз\* қылық шығады.

(Жақсыға ерсе, жақсы бола бастайды,  
Жауызға ерсе, жауыздықтан қашпайды.)

- 875 Ессіздер де екі түрлі, сарала,  
Екеуін де бір жаман деп санама!

Жаман болып туған мұның бірі де,  
Өле-өлгенше арылмас өз кірінен.

Жаманның да тұрар бірі елігіп,  
Жолын оңдар ізгі болса серігі...

Тумысы ізгі, тек ізгілік төгеді,  
Жаһан халқы тек шапағат көреді.

Тумысынан ессіз болса, емі жоқ,  
Көрер одан жаһан — бәле, сая — жұт!

(Тумысынан жаман қанат қақтырмас,  
Жаһанға да, жұртқа да опа таптырмас.)



- 880 Мұны меңзеп айтқан түрік мысалын,  
Естіп, ұғып, көкейіңе ұстағын:
- «Ақ сүтпенен сіңген қылық, жақсылық,  
Айнымайды алғанша ажал қапсырып.
- Табиғатпен туа біткен құлығың,  
Бұзылмайды бұзғанша ажал құрығы.
- Іште біткен әдет, қылық, ойлы жан,  
Бірге кетер қара жердің қойнына!..»
- Ізгіге егер серік болса сұм кісі,  
Жаман болар — қылық, құлық — күллісі.
- 885 Көр, жаманды қосып алса жақсы адам —  
Шырақ болды ол жақсылыққа бастаған.
- Жақсы, жаман — тағы да бір сауабы —  
Жақын жүріп түзу жолын табады...
- Ізгі бектің — түзу барша жұрты да,  
Болар ізгі жөн-жосығы, құлқы да!
- Жақын тұтса бектер ізгі адамды,  
Жақсылыққа іңкәрланар жаман да.
- Егер бекті иектесе жамандар —  
Ел үстінде жалаңдар сол арамдар!
- 890 Бас көтерсе жаман: жақсы қорланар,  
Бас көтерсе жақсы: жаман жорғалар!
- (Бас көтерсе жаман — түпке жетеді,  
Бек болса ізгі — сұмдар безіп кетеді.)
- Болса бектер ізгі, құтты қордалы,  
Бәрі де ізгі, қараша тоқ болғаны!
- Бектер ессіз болмайынша, тегінде...  
Ессіздердің көзі ашылмас елінде.
- Бектер бегі нелер ізгі заң түзді,  
Зынданға сап сұм жазасын бергізді.
- Егер ізгі болса елдің басшысы,  
Түгел ізгі болар атшы, қосшысы...

(Ессе ізгілік ел бегінің төрінен,  
Қызметшілер пиғылынан көрінер.)

- 895 Бектер ізгі болса, ессіздік жоғалар,  
Байыр халық, әлем гүлге оранар!

#### Айтолдың Елікке сауалы

Айтолды айтты: — Ұқтым мәнін, бұл да шын,  
Жария етті Елік сөздің турасын.

Ізгілікті білетін тек ізгілер,  
Пайда іздеген бере бер деп үздігер.

Күллі пенде дүние іздеп, қуады,  
Дүние қуған түбі не боп шығады?!

(Дүние-боқты аңсамайтын адам жоқ,  
Оны қуып, жұмсамайтын амал жоқ.

Адам сондай, шындық, түңіл-түңілме,  
Дүние қуған не болады түбінде?!)

#### Еліктің Айтолдыға жауабы

Елік айтты: — Бұл ізгілік — шын асыл,  
Асылға үйір шын асылдар туасы!

- 900 Не асыл болса, сол ерекше қымбатты,  
Оны істеген жандар сара, сымбатты.

Қасиетсіз жамандықты қуғандар,  
Нағыз жауыз жаманшылық қылғандар.

(Ессіздіктен тек жауыздық туады,  
Ал жауыздық ізгілікті буады.)

Қадірсіз зат шеттеп, жерде қалады,  
Жібек, торқа төрден орын алады.

Ізгі іс етсең — өрге өрлеп жүргенің,  
Жауыздығың — көрге тірі кіргенің.

(Өр секілді — ізгі іс, қиын шығуға,  
Сұм нәрсе — ылди, оңай құлап құруға.)

Мұны меңзер есті сөзді оқып көр,  
Ойлы сөздің пайдасы көп, тоқып көр:

905 «Бұл жақсылық өр секілді, кез келген  
Шыға алмайды — жан ұшырып кезгенмен.

Қасиетті істің ауыр тегі, жолы да,  
Келмейді әсте біліксіздің қолынан».

#### **Айтолдың Елікке сауалы**

Айтолды айтты: — Уа, Елік, қадірлі,  
Ізгілікте қасиет көп тәлімді...

Міні бар ма адам ұғып, тілге ілер,  
Не бар оқып, ақылға сап біз білер?»

#### **Еліктің Айтолдыға жауабы**

Елік айтты: — Изгі іс — елдің мақтаны,  
Тек ессіздер сөйлеп сөгіп жатқаны.

910 Жақын тартып, құшақ жайса мәрт жігіт —  
Жауыз ғана жасар қарсы әккілік...

Жауы қорлап, жасығанда жақсылар,  
Жаман сөгіп, күн көрсетпей қас қылар.

Кім жақсылық тілесе — істер, қарамас,  
Қор екен деп, ынжық-кем деп санамас.

(Бір күн үшін бүлініссе кімде-кім,  
Білсін, өзі өз жүрегін тілгенін.)

Кім бір күннің қызығына жүгірсе,  
Ессіздік қып, күйігін жер түбінде.

Ниеті ізгі ер не дейді, тыңдағын:  
«Жақсылық қыл, тиген жерге тырнағын»

915 Изгіліктен бүгін зиян көрмейсің,  
Ертең пайда келеді анық, сенгейсің.

Жамандығың бүгін нәсіп болғанмен,  
Анда зиян тартқызады, ойланғын!

(Жауыздардың тұрса желі оңынан,  
Жан азабын тартары анық соңынан.)

Изгілік — оң, Ессіздік — сол: Жүгің — ар...  
Оның — ұжмақ, солың — тамұқ, біліп ал!

Ессіз бүгін қанша есірер, құлшынар,  
Ертең сонша өкінішке тұншығар.

Изгі кісі қанша езіліп, қорлансын,  
Жаны жәннат табар, ізгі болғансын!»

920 Бұл — ақиқат, ай, Айтолды, білсең сен,  
Өкінбеймін жақсы атақпен өлсем мен.

Турашыл ер тілі — шындық, тыңдалық,  
Түгел сөздің түп атасы — туралық!

«Өзіз болып, ізгілікпен жүрсе кім,  
Ай, ізгі жан, соны қалап, іздедім!

Айтшы, ізгілік, кім бар тойып жеріген,  
Мен өзіңе ашпын, енді бері кел!

Изгі кісі, мейлі, қанша қор болсын,  
Ризамын, болуға оның жолдасы!»

925 Бектік маған ессіздікпен ерттелген,  
Қажет емес. Қидым саған, жеткенмен.

Кісілердің құлқы жаман, бұзық-ақ,  
Рахаты — аз, өкініші — тым ұзақ.

Шайыр сөзі көкейге оттай басылар,  
Ұқсаң мұны көзің, санаң ашылар:

«Изгі ісі үшін опық жеген жан бар ма!?  
Жаманатты зауал таппай қалған ба?»

Жамандықты қусаң — азап шегесің,  
Жамандыққа — жақсылық қыл: жеңесің!»

930 Ессіз істі мен қалайша мақтайын,  
Ессіз жанды мен қалайша жақтайын!

Көрсөкырлық, ұятсыздық, ұлығым,  
Бәрі түгел — жамандардың қылығы!

Мехнат, жафа, күйініш пен көз жасы,  
Біл, ай, жігіт, жамандықтың қордасы.

Мақтамайын қалай ізгі кісіні,  
Сүйсінбейін қалай ізгі ісіне?!

Ақылдылық — асылы ізгі жандардың,  
Кішілікте — кісілік бар, аңғарғын...

- 935 Бар қылығы ізгі — ізгі кісінің,  
Ізгіліктің ізгісі — ізгі ісіңіз!

Досың ізгі болса — ер де, сене бер,  
Ізгілікпен, ізгі доспен өнеді ер!

Рахат, Даңқ, Қуаныш һәм Салтанат —  
Ізгі ниет еншілейтін мархаббат.

Елбасы айтты: Айтолды, алғын сауабын —  
Сен сұраған сауалға осы жауабым!

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Жерді өпті де, Айтолды түрегелді:  
— Әділ төре өзіңсің, демер елді!

- 940 Жаһан ері — жасың ұзақ болғай-ды,  
Ізгілікпен — басың есен болғай-ды.

Бұзылмасын бектің құзыр, бектігі,  
Рахат кешсін, күйіндіріп кектіні!

Қалың елді ұлылықпен билегін,  
Сол билікпен — ұлы бектік, күйлі елің!

Қонған бақыт құрымасын, тозбасын,  
Дәулет күнде қақпаңды ашып, орнасын.

Бар қуаныш келіп жатсын сабылып,  
Көре алмай жау өлсін өті жарылып!

- 945 Қызметшіні ал, қадірлейтін құқыңды,  
Қыңыр болып, қашырмасын құтыңды.

(Лайық болса ол бектігіңе, тегіңе —  
Құтты болып, биіктетер сені де!)

Қызметтің көрген қызық-думанын,  
Қызметші ердің не дегенін тыңдағын:

«Қызмет ет, етсең лайық асылға,  
Асыл бектер біледі құл хақын да!

Қызмет жаса жаны жомарт, жайсаңға,  
Үйі толы алтын-күміс қайсарға.

Қызмет қылма қалтыраған сараңға,  
Басың қатып, қор боларсың аранда.

- 950 Өзі-өзінен нәрсе аяйтын сараңдар,  
Несін қисын, жұртқа қалай алаңдар?!»

\* \* \*

Сөзін кесті, Айтолды айдай жантайып,  
Кетті үйіне, көңілі өсіп, марқайып.

Содан адал қызметін жалғады,  
Түн күзетіп, күндіз тыным алмады.

Қызмет етті бір шындыққа табына,  
Елік күн-түн жақын тұтты жанына.

Жылдар өтті, түн артынан күн келді,  
Айтолды өңі еңбегімен түрленді.

### **19. СӨЗДІҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ ҺӘМ ТУРАШЫЛДЫҒЫ, ШЫНШЫЛДЫҒЫ ЖАЙЫНДА**

- 955 Елік бір күн Айтолдыны шақырып,  
Орын берді ыммен меңзеп ақырын.

Отырды ол, құрметпенен жүгіне,  
Көзін жерге тікті, абай боп тіліне.

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Елік айтты: — Сөйле, Айтолды, сөзінді,  
Неге отырсың үнсіз, бұрып көзінді?!

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Айтолды айтты: — Білсең, ай, бек, жайды ұғар,  
Бектің жүзін көрсе, құлы қаймығар.

Елік ерік бермей, қалай бастайын,  
Сауал болмай қалай жауап тастайын?

- 960 Білікті сөз — тіні барлық дауаның:  
«Шықпасын тез сауалынан — жауабың!»

Кім шақырсын — болғаны бір керегің —  
Айтпай ма екен дерегі мен себебін.

Жөн-жосықсыз сөзге кірмеу — білгенім,  
Ай, мал! — десе, — жерге тірі кіргенім.

Бек сөйлемей, тіл ашқан жан, білерсіз,  
Бір көргенсіз, ақымақ һәм жүгенсіз.

Ғұмырыңды қысқартатын — қызыл тіл,  
Есен болғың келсе, тірлік құнын біл.

- 965 Не дер екен, тыңда тілін баққан ер,  
Тірлік үшін өзін-өзі басқан ер:

«Қара бастың қарақшысы қызыл тіл,  
Қанша басты жұтты үзіп ұзын тіл!

Басты ойласаң, тыйып ұста тіліңді,  
Басың жұтар тізгіңсіз тіл түбінде!»

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Елік айтты: — Ұқтым, түгел түсіндім,  
«Тілсіз — өлік» дегенді еске түсіргін!

Тілсіз кісі екі-ақ түрлі, білерсіз —  
Бірі — сақау, бірі — надан, жігерсіз.

- 970 Сақау тілі — сөзге кенде, анық тас,  
Біліксіздің сөзі сөз боп жарытпас.

Біліксіздің тілін тыйған жөн болар,  
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.

Білімдінің сөзі жерге сумен тең,  
Су келген жер гүл көмкерген ну көркем.

Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,  
Тұнып аққан бұлақ көзі тартылмас.

Білімділік — шым бүркеген бір ұйық,  
Бұрқырар су, аяқ бассаң, құйылып...

- 975 Білімсіздің көңілі — құм, құнсыз шөл,  
Шөп те шықпас, тойып бермес құйсын көл!..

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Айтолды айтты: — Елбасы ұққан жайы бар,  
Тіл — дұшпаның, тірлігіңнен айырар.

Тірі кісі сөзін неге айтпайды,  
Айтар сөзді айтады ашық, қайтпайды.

Сауал берсе — шеш тіліңді, жасырма!  
Сұрамаса — ділмарсыма, тасынба!

Бақсаң, бейне еркек, Елік, сауалың,  
Зайыбындай, білсең, берер жауабың.

- 980 Бір әйелге — бір еркектен, тегі, біл,  
Туса туар екеу ара егіз ұл!

(Екеуінен туар бала не түрлі,  
Бір сауалдан туған жауап секілді!)

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Ұқтым түгел, — деді Елік, — бәрі шын, —  
Ұғындыршы мына сауал мәнісін:

Сен көп айттың тілдің кесір, зиянын,  
Пайда бар ма? Айтшы соның сияғын?

Тілді тістеп, жүрсең қорқып, күрсініп,  
Есіл сөзің кетпей ме өліп, тұншығып!?

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Айтты Айтолды: — Білер олжа, киесін,  
Толғаған жан тауып тілдің жүйесін.

- 985 Сөздерінің бірі — қоқыс, бірі — қақ,  
Наданды жұрт теңер малға тілі жоқ!

(Бос сөз шығар білімсіздің тілінен,  
Мал дер оны білімділер түңілген.)

Желбуаз сөз — қара құлық айғағы,  
Ойсыз басқа түсер қаңғып қайдағы.

(Қара құлқы — текке лағып сөйлеген,  
Қара басты сондай лақпа сөз жеген...)

Көпірме сөз — басқа пәле төндірер,  
Есті сөзден, құрығанда, ел жөн білер.

Надан тойса — сөзге өгіздей жайылар,  
Семіріп құр сөзден — күйіс қайыар.

Сәл тойынса, тіл қайырап жата қап,  
Сол қылқы үшін малды мал деп атаған.

990 Ақылды адам тәнді арытып, ой бағар,  
Жан семіртер, ой семіртер, ойланар...

Тән семіртер — нәр ауыздан сіңеді,  
Жан семіртер — сөз құлақтан кіреді.

Білімдінің бар екі ерек белгісі —  
Жүзі жарқын оны білсе ер кісі.

(Бірі — тіл де, екіншісі — ауызы,  
Тұтса екеуін, көл-дария табысы.)

Тіл мен нәпсі, тия алған бұл екеуін,  
Қолына алар қазынаның жетеуін.

Ерік керек тіл, құлқынды тежейтін,  
Білік керек тіл, құлқынды теңейтін.

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

995 Бәрін ұқтым, — деді Елік жайғасып, —  
Біліп алдым сөздің мән мен пайдасын.

Қайдан шығып, бұл сөз қайда барады,  
Мұны да айтып бергін, зерек қарағым!

Қашан тиып, қашан тілді шешеді,  
Бұл жөнінде естілер не деседі?

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Сөз — сыр, сиқыр, — деді Айтолды, — жүгін, ер! —  
Ойға — оны, тілге бірі ілінер.

Бірін айт та, тый тоғызын, қашпайды:  
Қажетсіз сөз қажеттісін ластайды.

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

1000 Сөздің пайда, зияны не, нақтылап  
Айт та, Айтолды, түсіндіргін жақсылап?

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

Айтолды айтты: — Жүйелі сөз — ұлылық,  
Өсірер ол құлдың-дағы құзырын.

Сөз қуаты шығарар ел төріне,  
Қара жерден самғатар ен көгіне.

Сөзін ессіз шықса, басты тіге бер,  
Биік көктен — жер түбіне жіберер!

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

Айтты тағы: — Білдір, сөздің өлшемін!  
Азы қандай! Көбі қандай? Мөлшерін?..

#### **Айтолдының Елікке жауабы**

1005 Айтолды айтты: — Көп сөз, білгін, тегінде,  
Айтпасты айтып зеріктірсе көңілді.

Біл, аз сөз сол, сұрағанда — байыптап,  
Сөзге сөзбен жауап берсе лайықтап.

(Сары алтындай салиқалы сөз деген,  
Бұлтақтамай тиер жерге көздеген.

Дәлдігімен бермес есе мірге де,  
Ақылды сөз — алысқа атар сұр жебе!)

Бұл жөнінде ақын былай жырлапты,  
Ажарды ашар жырдың сөзі қымбатты:

«Жаксы сөйлеп, сақта өзінді, бағамда,  
Сұраса — айт та, сөзді қысқа тамамда.

Көп сөйлеме, көбірек сөз тыңдағын,  
Ақылмен айт, білікпен сөз түз-дағы.

(«Айтар сөзді сайлап алғын ақылмен,  
Жауабың дөп, қатар түссін нақылмен.

Көп тыңдай біл, аз сөйлеп, тез түсіндір,  
Ниет қойып, ой мен сезім күшін біл!»)

#### **Еліктің Айтолдыға сауалы**

1010 Мәнін ұқтым, — деді Елбасы, — бәрінің,  
Айт жасырмай, сауалым бар әлі бір:

Кімді тыңдау дұрыс? Кімнің сөзі шын?  
Кімге бұрған жөн бұл сөздер өрісін?

### Айтолдының Елікке жауабы

— Данадан ал, — деді Айтолды, — сөз алсаң,  
Наданға оны жеткізе алсаң, болар шам.

Ұлықтарды тыңдап, түйіп жадына,  
Кішілерге дарыт, жетсін бағына.

Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл,  
Ізгі ойларды әз жүрекке жалғай біл!

1015 Көп сөйлеген мылжың, дана болмайды,  
Көп тыңдаған халық ойын толғайды.

Білікті жан — тілін білім билеген,  
Түкті сезбес текке тілін білеген!..

### Еліктің Айтолдыға сауалы

— Түсінікті. Бұл сөзді ұқтым! — деді Елік,  
Мынадай бір сауалға енді келелік:

Іріккен жөн бе, берген жөн бе тілге ерік?  
Ұшсын ба сөз, қалсын ба әлде күрмеліп?

### Айтолдының Елікке жауабы

Айтолды айтты: — Елбасы, ойлап қарағын,  
Тіл ашпаса, қалар білім қамалып!

1020 Бал мен уың — тілді сөккен жарамас,  
Онда жақсы, жаман да көп, аралас.

Кісілердің кісілігі ол, шырағы,  
Тілмен бәрі бір хаққа иман қылады.

Тәңір өзі жаратты сан халықты,  
Тілді хақты мақтап, тілсіз — қамықты.

Екі нәрсе тірі адамға керегі —  
Бірі — көңіл, бірі — тілдің желегі.

Тіл мен көңіл оң сөз үшін жаралған,  
Сөзі дімкәс, өзі күйкі, надан жан.

1025 Тура сөзбен талай табыс табарсың,  
Күйкі сөзден күйік, қарғыс аларсың.

Түзу сөзге келгенде тіл тартпағын,  
Қыңыр сөзді жасыр, текке лақпағын.

Үндемесең — сөз білмейтін сақау дер,  
Көп сөйлесең — көкемиға тақау дер.

Кісілердің сүйкімсізі — езбелер,  
Қадірлісі сөз қадірін сезген ер.

(Қадірлісі — тіліне ұят сінгендер,  
Жүрек сөзін жүрегімен білгендер!)

\* \* \*

Естіп Елік, гүл жайнады қабағы,  
Қолын жайып, көзін көкке қадады.

1030 Шүкірлік қып, мақтап, хаққа табынды:  
«Ай, жаратқан, мейірбанды, сабырлы!»

Берген едің бәрін ізгі — Нұрыңның,  
Қайырымым жоқ, күнәһар бір құлыңмын.

Тілегімді бердің түгел, рахым қып —  
Бердің рахат билік, дәулет, батылдык!

Мұның бәрін қалай өтей аламын?  
Өзіңді-өзің жебе, айтсам адалын!»

\* \* \*

Шүкірлік қып, қазынасын ашты кең,  
Тәбәрік ап, қарқ болды аш кілең.

1035 Айтолдыны сыйлады Елік, еледі,  
Жомарт қолмен, майда тілмен демеді.

Уәзірлік, таңба берді, байрақты,  
Қару, жиһаз, сауыт беріп жайлантты.

Барша елге үстем етті, берді ерік —  
Бойын тартып, кетті дұшпан сенделіп.

\* \* \*

Енді Айтолды барлық іске қарады,  
Бұл дәуренін қуанышқа балады.

Халық байып, ырысы артты елінің,  
Дұға қылып, мақтады елі Елігін.

1040 Құт дарыды, өсті халық өрісі,  
Бірге жусап өрді қозы, бөрісі.

Заң түзілді, жетілді елі, әулеті,  
Күннен-күнге тасыды Елік дәулеті.

Осылайша құтты заман жалғанып,  
Түзелді елі, кемелденді бар халық.

Жаңа ұлыс, жаңа қала тізілді,  
Алтын-күміс қазынаға түзілді.

Қуанды Елік көңілі өсіп, күш толып,  
Кезді әлемді сөзі, атағы құс болып!

## 20. ҚҰТТЫҢ ҚҰБЫЛМАЛЫҒЫ МЕН ДӘУЛЕТТІҢ БАЯНСЫЗДЫҒЫН ӘҢГІМЕЛЕЙДІ

1045 Түгел болды Айтолдының тілегі,  
Опасыз құт қайтты, құлап тірегі.

Білікті бек айтқан сөздің әсілін:  
«Мал жиылар, көру қиын нәсібін...»

Бұдан да артық айтыпты ер ғылымда:  
«Толғанда ырыс, бітер депті ғұмыр да!»

(Тағы айтыпты ғалым сөзін асырған:  
«Біткенде ырыс, бітер депті жасың да!

Құт толғанша қара шашың ағарар,  
Тәнің тозар, ай мен жылдар жаңарар».)

Білікті сөз — біліктінің өзі екен,  
Білікті сөз білімсізге көз екен:

«Жатқан — тұрар, көтерілген — жығылар,  
Жанған — сөнер. Жорытқандар тынығар.

1050 Не істесең де, толық істе бүгіл ер,  
Толық толса, жіңішке өзі-ақ үзілер!»

Айтолды алды бар тілегін қол созып,  
Дүние мол, әттең, ғұмыр кетті озып.

Тола-тола жіңішкеріп ай қалды,  
Жасыл жазың кәрлі қысқа айналды!

Төрт қасиет\* жараспады, алысты,  
Бірі — жеңіп, бірі ұтылып, налысты.

Тәні азып, ас болмады ішкені,  
Көңіл жасып, үстінен зіл түспеді.

1055 Күші қайтып, жаны бордай үгілді,  
Талдай сұңғақ бойы иіліп, бүгілді.

Келген кесел қатты тұтып құлатты,  
Мұңлық болып, төсегінде бұл жатты.

Оташылар тамыр ұстап көрісті,  
Кеселінің жайын айта берісті.

Қайбірі айтты: қан тасыған жайы бар,  
Қан алдырса, құлан таза айығар.

Бірі тұнба дәрі ішкізген ем десті,  
Қатқан ішін босатса деп демдесті.

1060 Бірі берді алуан шөптің шырынын,  
Дәрі тасып, алмады көз шырымын.

Бәрін жасап, көрмеген ем қалмады,  
Сеп болар деп, әрбір талды қармады!..

Дауа таппай, күн-түн меңдеп кеселі,  
Күн-күн сайын суи берді төсегі.

(Күші тайып, есін жиі жоғалтты,  
Мойынсұнып, қара жерге қол артты.)

Сақи жанды, ердің сөзін тындағын,  
Көкірегіне түйген дүние сырларын:

Шәлисә\* бер, тіриак\* бер — бәрібір,  
Мәтрідүс\* бер, чұрны\*, өгіт\* бер — бәрібір.

1065 Оташы ізде, бақсы шақыр, амалда,  
Шара таппас тура келген ажалға!

Ай, тірі жан, осал болма, құнықпа!  
Тірі жансың, өлім барын ұмытпа»

\* \* \*

Естіді Елік, Айтолдының хал-жайын,  
Ажал демі шарпығандай маңдайын.

\* \* \*

Келді Елік, тұрды түгел жиналып,  
Айтолдыны көрді жатқан қиналып.

### Еліктің Айтолдыға сауалы

Сұрады хан: — Қалай? Күйің сергек пе?  
Ұйқың қалай? Күйреп, дертті меңдетпе!

### Айтолдының Елікке жауабы

1070 Айтты Айтолды: — Елік, қиын кеселім,  
Дерт меңдеді, таба алмадық еш емін?!

Толған айым бара жатыр кетіліп,  
Сара құлқым ала болды, сетіліп.

Қарсы алушы ем туатығұн күнімді,  
Батты күнім, түнек түннен түңілдім.

Шаттық тірлік безді, түйіп қабақты,  
Жалған дүние жүзін теріс қаратты.

Қуаныш, құт кейін қалып барады,  
Мехнат, қайғы маған сұғын қадады.

1075 Сенен бүгін айырылып кетермін,  
Өкініште жылай-жылай өтермін.

(Үміт үзіп кеттім, жетті екінді,  
Өкінішпен теріс бұрдым бетімді.)

Естігейсің дана ел бегі дегенін,  
Ел бастаушы кісілердің еренін:

«Қандай жақсы дәулет айнып кетпесе,  
Қалауыңша бірге жүрсе, өтпесе!

Қандай жақсы бектік — билік өрлесе,  
Болмаса ажал, кісі мәңгі өлмесе.

Қандай әсем, жігіттік шақ — аңғырт шақ,  
Қарттық келмей, иілмеген албырт шақ!»

### Еліктің Айтолдыға сауалы

1080 Елбасы айтты: — Ай, Айтолды, көңілі оң,  
Қой, атама. Қайталама сөзіңді ол...

Күллі дерттің емі ерге табылған,  
Сен ғана ма дүниеде ауырған!

Неге тілді қайғыменен буасың?  
Неге сонша көңіл хошын куасың?!

Мен өзіңнің тілекшің боп жүруші ем,  
Сауығасың, қиналғанмен бүгін сен.

(Дертсіз жан жоқ. Ол бір аунап тұрғаның,  
Сөзің де ертен сергір, түлер бұл жаның.)

Бұл сөзді айтпа, шипа қылар бір Алла,  
Жанымды өртеп тіліңнен өрт шығарма!

### Айтолдының Елікке жауабы

1085 Айтолды айтты: — Елік, айтсам турасын,  
Ем таптырмас бұл сырқат кеп буғасын.

Қай жан болсын өлу керек туған соң,  
Қай зат болсын құлау керек тұрған соң.

Биікке — еңіс, өрлегенге — түсу бар,  
Шатқа — қайғы, тәттіге у ішу бар!

Үшбу сөзді айтпап па едім бір-бірлеп:  
«Опасызбын, тұрақсызбын, білгін!» — деп.

Айттым қылық, құлығымды, соны ұғып —  
Жаны жүдеп, жүрмесін деп торығып.

1090 Мен өлемін. Шүбәләмба, қиналма!  
«Туған адам — өлмес» десе, иланба!

Мені сөкпе, сенбе — опасыз денең де,  
Мына жалған көшеді ертең сенен де.

Жапа қылды деме мені, кет біліп:  
Менен әрмен дүние жүр ғой шектіріп.

Менен кейін сен де өлесің, байқағын,  
Дүние — жалған, сенбе ендігі айтарым...

Қызметімсіз қадірледің, ай, Елік!  
Өтей алмай қайырылдым, не дейін?!

1095 Тілек — аңсау емес менің өлмегім —  
Жұмбақ, қашан кететінім, келмегім.

Жоқ амалым, өттім дүнием кебін боп,  
Қу тірлікте құтылатын жерім жоқ.



Мен жоқ едім, жаратты өзі өскізді,  
Ұлан едім, ер жасына жеткізді.

Сақал бітті, еді иегім тап-таза,  
Ақ қу болдым, құзғын едім қап-қара!

Оқтай бойым иілді де, бүгілдім,  
Дәм таусылды, күнім жетті, түңілдім.

1100 Білімі кең, дана сөзін таны да,  
Ай, шырайлым, тұмардай түй жадына:

«Басқа ақ кірсе, әппақ құстың өңіндей,  
Сол аққудай тазарсын, ай, көңіл де!

Бойы иіліп, алса діріл тізесін,  
Бекемденіп, өз пейілін түзесін.

Қара шашың, ағарса мұрт-сақалың,  
Дайын болғын, қалғаны ажал тақалып!»

Мұны меңзер шайыр сөзін қараңыз,  
Оны ұқсаңыз, аршылады санаңыз:

1105 «Шаштың ағы — тигені өлім демінің,  
Тірі жанның шырын қылар өмірін.

Несібеңді жеп келдің бе, өмірде —  
Енді өзіңді жейді өлім тегінде!»

#### Еліктің Айтолдыға сауалы

Елік айтты: — Шыда, Айтолды, сабыр ет,  
Кесел — күнәң... алыс саған ақырет.

Сырқаттанған өле берсе, шамала,  
Ризықты тірі пенде қала ма?!

Дерт жазылар, рахым қылғай бір Алла,  
Жан жасытпа, тірлікті естен шығарма!

\* \* \*

1110 «Сақта!» деп, хан дұға оқып, жалынды,  
Қолын жайып, жаратқанға табынды.

Тұрып шықты, сабыр, шіркін, жоғалды,  
Көңілі пәс, сарайына оралды.

Кем-кетікке мал таратты, сүйер деп,  
Үміттеніп, шарапаты тиер деп.

Күміс егер сақтай алса; Күні үшін —  
Кім болса да, шашар еді күмісін!

Пара\* беріп қалса ажалдан адамдар,  
Ел жуаны өлмес еді, жарандар!

\* \* \*

1115 Айтолдыны дерті қысып, шер қапты-ай,  
Үміті өшті, жанын қояр жер таппай!

Деді өкініп: — Ессіз тірлік — зар-мұным,  
Өткізіппін ессіздіктің барлығын.

Ғафылдықпен, текке тірлік сүріппін,  
Жігіттікті зая қылып жүріппін.

Көрерім көп еді, қонды мұң-қарға,  
Ажал тұтты, сөзімде енді құн бар ма?!

(Көрмек едім жаһанды ұстап қолыма,  
Көлденеңдеп алды тағдыр торына!)

Жаһан малын тердім тоймай араным —  
Мүлік қалып, мен жоғалып барамын!

1120 Қол мен тілді тым ұзартып алыппын,  
Өлім кесіп, қысқартты хәм тарылтты!

\* \* \*

Өкінді адам күңіренді, егілді,  
Өмір-өлім өткелінде сөгілді.

(Зарлап пенде, көп өкінді, сорлады,  
Өкініштен өлімге сеп болмады.)

Өтер ұлан, мұңлұқ болып туар да:  
Тілегенмен тірлік тоқтап тұрар ма?!

Тілек болса — тіршілігің жетпейді,  
Тірлік болса — тілекке жан жетпейді!

Аз дәулетті көрсе кісі тасынар,  
Жасыл көктің үстінен сөз асырар.

1125 Мәртебе өссе — тәкаппарсып кетеді,  
Өлім тұтса — өкінішпен өтеді...

Тойынғандар шабынар нақ бурадай,  
Қарны ашса, жұтар бәрін қузамай.

(Күйсе — күйрек, рахаттан — зерігер,  
Аңсағанын тапса одан тез жерінер.)

Аштықта — ез, көтермейтін тоқтықты,  
Жүрген жанбыз ұқпай дүние — боқтықты.

\* \* \*

Күңіренді, қайраны жоқ қолынан:  
«Жаңылдым, — деп, — туралықтың жолынан!»

Неге керек күмісің мен алтының,  
Бөлмедім бе — сауабын ап жарлының.

1130 Неге қойдым жұртқа назар салғанды,  
Неге сөктім жазығы жоқ жандарды.

Қайырым етсем маңайыма, ендігі,  
Ізгіліктің қайтатыны белгілі.

Өкінішпен несін алам есімді,  
Өлім тұтты, үнім-тілім кесілді.

Не дер екен, көзі ашық, мәлім ер,  
Мейірбанды айтар сөзі әділ ер:

«Тірілерді баққан ажал — бір есік,  
Түбі бәрің бұл есікке кіресің!»

1135 Қандай екен өлім деген, бұл өмір?  
Қайдан келдім, қайда қалай жүремін?!

Неге тудым, тұрса күтіп бір өлім?  
Неге күлдім, қайғы барын білемін.

Ауыр не бар өлімнен бұл жаһанда?  
Осылай деп өледі адам қашанда.

Мұны меңзеп шайыр сөзі шашырар,  
Мәнісін ұқ, зердең-көзің ашылар:

«Қатігез жоқ ажалдан, сұм сиығы,  
Есіңе алсаң, қашар тірлік қиюы!»

1140 Түпсіз, шексіз бейне теңіз бұл өлім,  
Тас шыңырау, жапқан қайғы түнегін!»

Өлімді біл, өмір мәнін түсінгін,  
Ажал қысса құны жоқ сөз, ісіңнің.

Ау, өмірді таусылмасқа балаған,  
Дәрмен кетер, алғанда ажал жағадан.

Тойып болмас сұғанақ көз пенделер,  
Ажал жетсе — амал таппай сенделер.

Өткінші құт күпіндіріп іскендер,  
Жүрек жарып тынар, жерге түскенде...

1145 Қуаныштан жүзін күлкі көмген ер,  
Кейін жасын құрғата алмай, көрге енер.

Білімді ер, айтқан сөзге қанарсың,  
Іске түйсең, сөзден пайда аларсың:

«Ізгі орынды қалар болса кімде-кім,  
Қос жаһанда жамандық қып жүрмесін!»

Құлқы түзу, жауыздықты білмессің,  
Сөз, ісіңнен ізгіліктің лебі ессін!»

\* \* \*

Бұл Айтолды еңіреді, ес кетіп,  
Қайыры не өкінгеннің кештетіп?!

1150 Пақырларға алтын-күміс таратты,  
Ағайынға өсиет айтып, қаратты.

«Жаратқан! — деп, көзін тікті аспанға, —  
Ием сенсің! Мен білмеймін басқанды!»

Жараттың да, асырадың, өсірдің,  
Білем бәрі мейірімің өзіңнің.

Мен де өзіңе қызмет еттім жаныммен,  
Ажал жетті; Базар болдым барыммен!

Ойлап бақсам, құтылатын жайым жоқ,  
Рахымың бір, тигей енді қайыр боп.

1155 Күнәм да көп, мен бір қырсық, шерменде,  
Мархабатпен кешіресің пенденді!

Ессіз тірлік, бейқамдықпен өтті өмір,  
Өкініштің өксігіне бекті өңір!»

\* \* \*

Сөзін үзіп, ойға шомып, қамықты,  
Ұлын көріп, көздің жасын ағытты.

## 21. АЙТОЛДЫНЫҢ ҰЛЫ ӨГДҮЛМІШКЕ АЙТҚАН АҚЫЛ- ӨСИЕТІ

Айтолдының жалғыз ұлы бар еді,  
Жасы кіші, бал қылықты бала еді.

Аты — Өгдүлміш, сүттен таза, асыл зат,  
Пейілі — пәк, көркі ақылын асырған.

1160 Шақырды ұлын, шақырды үнсіз қасына,  
Құшып, көздің ерік берді жасына.

Айтты: — Ұлым, міне, аттанып барамын,  
Орным, мүлкім қалды саған, қарағым!

Қарашығым, сен көзімнің нұры едің,  
Хош-есен бол, бақилыққа жүремін...

Бір түркі айтқан, жаққан ілім жұлдызын:  
«Көрер көздің шырағы, — деп, — ұл-қызың!»

Ұл-қыз қамы түпсіз теңіз, тұңғиық,  
Ұл-қыз деумен сарғайтады мұң-күйік!..

1165 Болса кімнің қатыны һәм ұл-қызы,  
Ол байқұстың тыныш болмас ұйқысы?»

Ата «Ұл-қыз!» — деп, жанын бағып жата алмас,  
Атасының атын ұл-қыз атамас!»

Айтолды айтты: — Ұлым, менен тыңдаған,  
Сөзді ұмытпа, көңіліңді бұр маған.

Атаңмын мен, қара да еске сақтағын,  
Айтолды — атым, өсиетімді жаттағын.

Толды Айтолды, өшті тірлік өтпелі,  
Барам өліп, өкінішім көп, тегі...

1170 Тірлік — шырын, уытты удан ажалың,  
Қалай қаштым, таптым қалай амалың?!

Бұл дүниеге бейіл беріп, табындым,  
Қылмады опа, жалт бұрылды, жаңылдым.

Еліктіріп, жалған дүние арбады,  
Бердім көңіл, сырт айналды, алдады.

Жафа қылды, алды дүние құтымды,  
Сен де алданба, ұқ сөзімді ұтымды.

Керекті істің бәрін жиып тастаппын,  
Керексізден, нәпсіге еріп, қашпаппын...

1175 Түбі, ел кешер қу тірлікті кешіппін,  
Ашынамын, есер желдей есіппін.

Пара беріп, оңалатын ісім жоқ,  
Қол ұшымен жебейтін де кісім жоқ.

Не дер екен, тыңда, оянған адамды,  
Өлімді ұғып, қанық білген дананды:

«Ажал көріп, дана ойсыз аңырды,  
Ақылдылар ақыл-естен жаңылды.

Қандай сұмдық сұм ажалдың шеңгелі,  
Қандай сұмдық бұл адамды жеңгені!

1180 Сарайларды бұзатын да осы ажал,  
Бар жиғанды шашатын да осы ажал!»

Мұны меңзеп өлең-дағы жазылған,  
Оқып, біліп, шығармағын жадыңнан:

«Ештеңе жоқ жаһанда айла-шарғысыз,  
Әр айланың шарасы бар, нанғысыз...

Не нәрсенің бір амалын табасыз,  
Тек қана, әттең, өлім ғана шарасыз!»

### Өгдүлміштің Айтолдыға сауалы

Естіді ұлы атасының сөздерін,  
Тілін ашты, бұрып нұрлы көздерін.

1185 — Ата! — деді ол, — бір сөзім бар саған да,  
Соны айтайын, жауап беріп бағамда.

Бұл дүниеде көп жасадың, көп көрдің,  
Білім қудың, сан өткелді өткердің.

Тыңдап, сұрап, көп нәрсеге бойладың,  
Бәрін көрдің, тереңдеді ойларың.

Өлімнің де бар шығар бір шарасы,  
Ай, зерек ер, соны тұтып қарашы.

Болмаса өзге шара, айла алымды,  
Үлестіріп бер қазына, малыңды.

(Қазынаңды бер де, алып қал жаныңды,  
Есен болсаң, болар байлық, бағың да!)

- 1190 Қазынаңды төк, дауа ізде — жадырар,  
Есен болсаң, алтын-күміс табылар.

Тұз-дәмі бай, жаны жомарт жандардың,  
Көзі тойып, не дегенін аңғарғын:

«Малды үлестір, ішкіз-жегіз, тіріде —  
Сен жетпесең, дүние жетер түбіңе!»

Дүние емес, ерге есендік керегі,  
Құс та дәнін тірлік үшін тереді.

Тірлік болса — тілек қуып кетесің,  
Бас аманда — мұратқа бір жетесің!»

#### **Айтолдының Өгдүлмішке жауабы**

- 1195 Айтты Айтолды: — Ұлым, сен де жүгінгін,  
Сөзімді ұғып, үмітіңді үз, түңілгін!

Өлім алтын-күмісіңе қарамас,  
Білім, ақыл шылауына жарамас.

Дүние-мүлік тоқтата алса өлімді,  
Бектер бегі білмес еді көрінді...

Әкімдерге әкімдігі сеп емес,  
Біліктіні білімі кеп жебемес.

Ажалды егер тиса дәрі-дәрмегі,  
Оташыға тимес пе еді жәрдемі!

- 1200 Мәртебені сыйласа ажал, әрине,  
Әлі тірі жүрер еді-ау Нәби де!

Туғаннан соң, өзекті ерге — бір өлім,  
Өлім үшін тудым дейді кім өзін?!

Дүние — жалған, келген — кетер, қуарар,  
Аждаһадай тойым білмес сұм ажал!

#### **Өгдүлміштің Айтолдыға сауалы**

Айтты Өгдүлміш: — Ұқтым, ата, барлығын,  
Өлім барда, беу дүниенің тарлығын.

Тірлігіңді текке өткіздің несіне,  
Енді ашынып егілесің несіне?!

- 1205 Неге жидың, түбі қалар мал-жанды,  
Үлестірмей жұртқа артылып қалғанды.

Ғафылдықпен тірлік кешсе кімде-кім,  
Өкінішпен өзін-өзі тілдесін!

Не пайда, ата, өкінгенмен дәл бүгін,  
Басыңмен жер ұрғаныңмен мәңгіріп!

#### **Айтолдының Өгдүлмішке жауабы**

Айтолды айтты: — Тыңда, ұлым, қазірден,  
Қапы қалмай келер күнге әзірлен!

Осалдықтан опық жедім, құладым,  
Ұйқыңды аш, қапы қалма, шырағым!

(Осалдықпен, көр, үзілді жұлыным,  
Мен сияқты бейқам болма, құлыным!)

- 1210 Туған — өлер, тіріні өлім табады,  
Тырмыс қанша, ақыры ажал алады!

(Өлу үшін туған барлық туылған,  
Ақыры өтер өлмеу үшін қуынған.)

Бар уақыттың тұтқыны ғой ажалды,  
Уақыт жетсе, бастырмайды қадамды...

Мұны меңзеп айтқан шайыр тілінде,  
Ұқсаң егер, түгел сөз сол түбінде:

«Бар нәрсенің уақыт, күні белгілі,  
Тірі жанның тақыт күні белгілі.

Жыл, ай, күндей тіршілігің көшеді,  
Көшкен күнмен өшетінің белгілі!»

1215 — Байқа, ұлым! — дейді Айтолды тағы да,  
Халімді көр, ал ғибрат жаныңа!

Сенсің — қайғым, өкінішім, арманым,  
Қаршадайдан жетімдікте қалғаның.

Менсіз нендей боласың сен, қарағым,  
Одан басқа жоқ уайым, алаңым!

Ата еңбегі сіңсе ұлына біртуар,  
Білінеді ол ұлдың мінез-құлқынан.

(Ата жолын көрген оттай жанады;  
Құс не көрсе, соны ұшқанда алады.)

Жаны жұмсақ — қатты ұстаған баланың,  
Жүзі жарқын ата менен ананың.

1220 Қолдан, егер шығарсаңыз сіз егер,  
Ұлдан қайыр жоқ, үмітті үзе бер!

Ұл өсіргің келсе дана, жүректі,  
Қатты ұстап: үйрет білім, ізетті.

Сөзін тыңда ұл өсірген атаның,  
Жасы келген, иесі ақ жол батаның:

«Ерке-шолжың болса кімнің ұл-қызы,  
Өзі егіліп, солар мұннан нұр жүзі.

Бейбастақ қып өсірсе ұлдың қылығын,  
Кінәлі — әке, жазығы жоқ ұлының.

1225 Ұл-қыз кесір, болса ессіз, парықсыз,  
Жаман қылған бір атасы, қанықпыз...

(Кір болса ұлдың көкірегі, қолдары,  
Атасынан, тегі сондай болғаны.)

Қатты тұтып, үйретсе ата баланы,  
Ұл-қызым деп, бақ — барқадар табады.

(Тезге салып өсір ұлды, сүйгесін,  
Кейін жауың күліп, досың күймесін!)

Ата болсаң, ұлан лағып жүрмесін,  
Қолдан шығып, кейінгілер күлмесін.

Ұл-қызыңа өнер, білім танытқын,  
Өнерімен жақсы құлқы қанықсын!

### Өгдүлміштің Айтолдыға жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Ата, қалай қалармын!  
Қайғыңды жеп, күйінермін, жанармын!

1230 Қалай тірі тұрам, өзің өлгесін,  
Азабыңды сенің көзім көрмесін.

Мейірлі ием орыныңа алсашы,  
Қайғы салмай, мән-жайыма қансашы.

Ажал жетіп, тілегімді бермесе,  
Пешенеге жазғаны сол, ендеше.

Неге егіліп, неге еңіреп, күйіндің?  
Алла әмірі: — Көз жасыңды тый енді!

Дүние, дәулет қалғаны үшін егерде,  
Жыласаң да, қайта айналып келер ме!?

1235 Егер қалған берекеге тағы да,  
Егілсең де, еңіреме — жаңылма.

Бұл дүние рахатын қия алмай,  
Өткен талай ащы жасын тия алмай.

(Егілме сен, өмір-өлім арбассын,  
Тіршілікті күшпен ұстай алмассың.

Қаншама адам қабырғасы сөгіліп,  
Саған дейін өткен жасы төгіліп.)

Білдің енді опасызын жаһанның,  
Зоры да осы-ау шеккен зәбір-жапаңның.

Қанша мүлік жиғаныңмен көз толар,  
Тиер нәсіп екі құлаш бөз болар.

Тірлік үшін өкінішке көмілдің,  
Қайғыр, өкір, сақта майын көзіңнің.

1240 Кеткен күндер оралмайды қасыңа,  
Өткен — өтті. Төнді түнің басыңа.

Ал мен болсам бар қайғыңның себебі,  
Сүйін енді, күйінгенің жетеді.

Жаралған жан бір күн ажал табады,  
Жаралған — сен, ал жаратқан қалады.

Мейірімді ең, әке, жұртты қаратқан,  
Сенен де асқан мейірімді жаратқан.

Жаратты да, берді ырыс-құт өзіне,  
Маған да өзі берер. Сенгін сөзіме.

1245 Әлсіздерге қуат берер, дем берер,  
Ұлықты да, кішікті де тең көрер.

Бұл туралы есті жанға құлақ қой,  
Дана сөзі — ақылсызға шырақтай.

(Дана сөзін түсінерсің ақылмен,  
Бар кеселді ұқтырған ол нақылмен):

«Әзіздерге ізет болған әзіз ол,  
Ізет тиер, сол үшін аз қазір ол.

Кішікке — ұлық, қадірсізге — қадір ол,  
Әлсізге — әл, биіктерге — тәңір ол!»

\* \* \*

Айтолды ұлдың естіп сөзін жайланды,  
Көзін көкке тігіп, қолын жайған-ды.

1250 Шүкір қылды, ес тоқтатқан ұлына,  
Жаратқанға, ақыл берген құлына.

#### **Айтолдының Өгдүлмішке жауабы**

Айтты Айтолды: — Толды ұлыма көңілім,  
Алла қолдап, құтты болсын өмірі!

Ақылдының асыл сөзін сарала,  
Жіті қарап, мәнісін түй санаңа.

«Хұда кімге берсе ақыл-білікті,  
Қолы ұзарып алғаны бар үмітті.

Құлқы жақсы болса кімнің, сай ділі,  
Тілегі боп, туар оңнан ай-күні.

1255 Ізгі құлық ізгілікке алмасар,  
Ізгі қылық қуанышқа жалғасар!»

\* \* \*

Қолын көкке жайды Айтолды тағы да,  
Шүкіршілік етті тірлік, бағына.

«О, жаратқан! — деді, — бәрін жараттың,  
Ризығыңды қалың жұртқа тараттың.

Мені де өзің жараттың да, өсірдің,  
Күнәһар бір құлың едім, кешіргін!

Ізгі тұтып әлі күнге қолдадың,  
Құт дарыттың, бар тілекті орындадың.

1260 Бердің бәрін, ризамын тағдырға,  
Ай, ізгі ием, қарыздармын алдыңда!

Келді үкімің, кері аттанып барамын,  
Қалды артымда жалғыз ұлым-қарағым...

Ата едім, ажал келіп жықты анық,  
Қайырым ет, ұланымға құт дарыт!

Құтқа бастап, пәлелерден сақтағын,  
Қос жалғанда, саяңа алып, жақтағын.

Ізгілікке баста, сұмға талатпа,  
Мұқтаж қылма киер киім, тамаққа!»

\* \* \*

1265 Пейіл беріп, дұға қылды әдемі,  
Ізгі дұға, аласта сен пәлені.

Не айтты тыңда, тақуа қас ер кісі —  
Тақуа жан кісілердің белдісі:

«Алла кімге берсе инаят, ықылас,  
Екі дүниеде құт ұялап, ұтылмас.

Алла құлын жебеп, жөндеп, оңғарса,  
Қос жалғанда бар тілегі оң болар.

Кімге Алланың түссе пейіл, назары,  
Күллі тілек, аңсағанын алады!»

1270 Ойшыл айтқан ойлы сөзді аңғарғын,  
Ісі оңалар есті сөзді алғанның:

«Сақталады, тәңірісі сақтаса,  
Дәмі болмас, көңіл ауып татпаса.

Кім Алланы шын пейілмен жақтаса,  
Бәле-жала ашпайды оның қақпасын!»

\* \* \*

Айтты Айтолды: — Құй , — деп, — ұлым, құлыққа:  
— Өзекті ерге өлім барын ұмытпа!

Тіршілікке алданбағын, өшеді,  
Дүниеге малданбағын, көшеді!

1275 Мен өзінді бір Аллаға тапсырдым,  
Салауатын өсіргей тек жақсыңның.

Бүгін, міне, бақұлдасып кетемін,  
Өкініштен жасқа толып етегім.

Менсіз кешер өміріңнің сыры бар,  
Мен айтайын, естіп түгел ұғып ал.

## 22. АЙТОЛДЫНЫҢ ҰЛЫ ӨГДҮЛМІШКЕ ӨСИЕТІ

Хаққа табын, онда да тіл, жаныңды,  
Қапы қалмай, ол дүние қамын қыл!

Жақсы-жаман бәрі Алланың ісі деп,  
Илан, табын, тұтып соны күдірет.

1280 Тіле содан керегіңнің барлығын,  
Одан өзге күш жоқ саған, аңдағын.

Қадір тұтып, істе тәңір бұйрығын,  
Бүгін не ертең берер құтын, сыйлығын.

Тіл, көңілді кішік тұт та, жаңылма,  
Мінезді бол, аса сөйлеп, шабынба.

Дүние үшін өзінді отқа салмағын,  
Зорлап, күштеп кісі малын алмағын.

Біраз тірлік сүрдім, енді өлемін,  
Дүние маған не қылғанын көр өзің.

1285 Жинай білдім, өзім жеуді білмедім,  
Зая кешкен күннен пайда көрмедім.

Саған қалды, малым маған жүк болған,  
Қанағат қыл, күйіндірсін құт толған.

Ұстай білсең, жиылған мал жетеді,  
Екі дүниеде жүзің жайнап өтеді.

Мұнша ырысты, егер ұстай алмасаң,  
Жетпей саған, сарғаярсың, аңдасаң.

Турашыл бол, тура жүріп жұмыс қыл,  
Туралықтың өзегінде — ырыс-құт.

1290 Турашыл ер не дейді екен, көр аңдап,  
Қос жалғанда құлқы түзу — табар бақ:

«Кісі алаңсыз өтсін десе күндерім,  
Турашылдық тұғырынан ізде емін!

Белгілі, өзің бай болайын десеңіз,  
Туралықпен тапқын байлық, меселін.

Ұлық елдің ұлылығын ойласа,  
Таңдап алған түзу жолдан таймаса.

Әділ жанның мол мейірі, шуағы,  
Екі әлемде күні оңынан туады!»

1295 — Ұлым, тыңда! — деді Айтолды қамыққан,  
Ізгілікпен сақта өзінді тамұқтан!

Жақсылық қыл, есерліктен безгейсің,  
Сонда ізгілік келер, іздеп кезбейсің.

Жаманнан без, қор қылады, амал қып,  
Шағып алар бір у жылан — жамандық.

(Жаманнан без, қор қылады басыңды,  
Ол у жылан, умен булар асыңды.)

Сөз сөйлеме, сенбе екі жүздіге,  
Сыр, сөзінді ашар, жаяр үздіге.

Өсекшіні жолатпа үйге, дарытпа,  
Естігенін түгел жаяр халыққа.

1300 Сыннан өткен кісілермен жолдас бол,  
Пайдасы — мың, ал араммен оңбас жол.

Барша сөзді тыңда, алуға асықпа,  
Сырыңды ашпа, көңіліңді жасытпа.

Көп жеп-ішпе, кісілерді күндеме,  
Өйтсең сұмсың, оранғанмен бүлдеге.

(Шарап ішпе, арсыздармен қатыспа,  
Аман жүріп, ізгіліктен шатыспа.

Құтты қуар — бұл қос қылық кесірі,  
Екеуі ерге — кедейліктің есігі.)

Бос жүрмесін әйел, бекіт қақпаны,  
Кесірі көп, сырты — бұлаң қаққаны.

Жатыңды — үйге, жіберме үйден қатынды,  
Сынап алғын қатысар дос-жатыңды.

1305 Құлқыңды оңда, дүние деп күйінбе,  
Құлқың ізгі болса, болар күйің де!

(Құлқыңды оңда, қайғырмағын мүлікке,  
Келер бәрі қылығы хош жігітке.)

Енді мұны меңзер сөзді ұғып ал,  
Ұққан кісі мәйегіне құнығар:

«Жақсы мінез лайық жақсы кісіге,  
Көрер жақсы кірмегенді түсіне!

Нәрсе-тауар неге керек жаманға,  
Қанша жисын, кедейге тең әмәнда!»

Аулақ жүргін ар-ұятсыз пендеден,  
Ұятты, арлы алғыс айтсаң — дем берер.

1310 Барлық істе сабырлы бол, көшелі,  
Сабырлы жан тілегіне жетеді!

Қай істе де бол ұстамды, сабырлы,  
Ұстамдылық үйірер мал, бағыңды.

Тіліңді тый, қарай жүргін көзіңе,  
Нәпсіңді тый, құлқының — жұт өзіңе.

Қиянатшыл елден без де, жолама,  
Қара ниет кісіге ерме додада.

Әй, қозы, тек жақсы сөзді демесең,  
Бектер сөзін жаймай, тілді тежесең.

(Текті сөз бен тәтті сөз, екі басқа білгенге,  
Кейде ащы сөз — тәтті де, тәттісі — удай тілгенде.)

1315 Кісіге — өштік, өзіңе де қас қылма,  
Жақсылық қыл, нәпсі-ыңдынды басқын да.

Кіреріңде шығар жерді байқап ал,  
Қор боларсың, шыға алмасаң қайтадан!

Өкпелесең, ашуланба, налыма,  
Сабыр соңы — салқын сая жаныңа.

Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер:  
«Сабыр етсең — бұзылған іс түзелер!

Сабырлы ер өз тілегін табады,  
Сабырлы аушы шыдаса, ақ құс алады!»

1320 Егер қайғы жараласа жаныңды,  
Күт сабырмен туатын шат шағыңды.

Егер дәулет жауып алса қақпасын,  
Түзелер іс, төзіп сабыр сақтасаң.

(Сабырсыздың сазайы — қайта-қайта бас ұрар,  
Сабырлы ерге сан қақпа өз-өзінен ашылар...)

Ер мінезі — сабырыңды сақтай біл,  
Сабыр жолы көк төріне бастайды.

Әзір бол да күт — өлімді ұмытпа,  
Әсіліңді бақ — өзіңді ұмытпа.

Жұрт ішінде аузыңды бақ, лепірме,  
Кісі үйінде көз қадірін кетірме...

1325 Ойлап бастап, сайла тілдің тиегін,  
Қысыр сөзге қышымасын иегің.

Жалған сөздің сезілмесін лебі де,  
Жүзің жанып, қор боларсың теңеңе.

Дос, туғаннан лебіңді аяма,  
Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла.

Тұз-дәміңді бөліс, жаса қайырым,  
Кешіре сал, көрсең кісі айыбын.

Табынып жүр, хаққа беріп ойыңды,  
Күнәдан қаш, аулақ ұстап бойыңды.



1330 Дәулет бітсе мекерленіп, таспағын,  
Жақсылық қыл, жамандыққа баспағын.

Сенбе, дүние келеді һәм көшеді,  
Құтқа сенбе, тез тозады, өшеді.

Бұл тіршілік көрген түстей өтеді,  
Қуанба, құт құстай ұшып кетеді.

Тірлігінде ізгілігің көп болсын,  
Еншісін ал, құр өткен күн жоқ болсын!

Шарап ішпе, арамнан бой тасала,  
Пасық болма, зинақорлық жасама.

1335 Екеуінен бақтың құты қашады,  
Бағың тайса, қорлық аран ашады.

Сөзін тыңда, сыннан өткен кісінің,  
Сынап білген сырын тірлік ісінің:

«Зинақорлық, шарап уын тигізер —  
Жоқшылықтың жыртық тонын кигізер!

Ішімдіктен жан күнәға батады,  
Зинақордың ар мен құты қашады!»

Ұлым! — деді, — аяқтайын сөзімді,  
Еске сақта, сақтау үшін өзіңді.

1340 Түгел айттым, соның өзі — жұбаныш,  
Сөзімді тұт, таусылмас бақ — қуаныш.

Аталық сөз, өсиетімді жеткіздім,  
Еске түйіп, ізгі тірлік өткізгін!

### 23. АЙТОЛДЫНЫҢ КҮНТУДЫ ЕЛІККЕ АМАНАТ, ӨСИЕТ ЖАЗЫП ҚАЛДЫРҒАНЫ ЖАЙЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Қолына алып қағазы мен қаламын,  
Алла атымен кетті бастап жазарын.

Алла атымен сөзін жаза бастады,  
«Уа, жаратқан, кешір, білмен басқаны...»

Сол жаратты мың сан тірлік кеспірін,  
Ризық берді, ашықтырмай ешбірін.

1345 Болғызады хәммәға арыз, тілегін,  
Қолдау-тірек керек етпей бір өзі.

Не қаласа, түгел іске асады,  
Бәрі соның тілегімен жасалды.

Мақлұқаттың бәрі ажалды, жоқ амал,  
Бәрі өледі, бір Аллаға жоқ ажал.

Мың шүкірлік пайғамбарға мейірімді,  
Алла қолдап, оңдасын һәм пейілімді.

Сәлемімді түгелдей, тек кеткізбей,  
Дос-жарына үзбей ием жеткізгей!

1350 Ай, құтты Елік, ұзақ ғұмыр жасағын,  
Көп елді ассын, тарап бектік атағың.

Айтолды атым, толған айдай толы едім,  
Төгілдім де ортайдым, мен өлемін...

Өлім келіп, қатты салды шеңгелін,  
Дәрменім жоқ, құтыларға кем демім.

Ізгі тұтып, төктің маған мейірім,  
Өтей алмай өткеніме — кейідім.

Өсиет хат жақсылыққа — өтерім,  
Жазып қойдым саған енді жеке, ерім!

1355 Дүние қуып, қызығына түспедім,  
Күллі ісінді туралықпен істедім.

Өсиетте мейірім түсіп отырып,  
Жаздым бәрін, оқып ойға тоқығын.

Мейірімді жан не дегенін қарағын,  
Мейірімділік — кісіліктің жанары:

«Мейірлі жан сөзін тұтсаң, жағымды,  
Құт дарытып, жадыратар жаныңды.

Мейірбан жан — адамдардың адалы,  
Өсіреді жылы сөз бен қабағы!»

1360 Мейіріммен айтқан сөзді елегін,  
Ісінде тұт, ай, даңқты ер Елік!

Өмірімді сұм ажал кеп торлады,  
Өкініш пен сөзімнен сеп болмады.

Енді, тағат-ибадатпен сыйындым —  
Барлық ессіз қылығыма күйіндім.

Қалды артымда жиған күміс-алтыным,  
Тиген үлес — санай бердім алқынып...

Пайдасы жоқ. Өкініп құр зарладым,  
Басқа үміт жоқ рахымынан Алланың.

1365 Мен еріксіз кеттім, жетті кезегім,  
Ертең сен де келеріңе сенемін.

Ажал келмей, оян да, Елік, түсінгін,  
Есті жиып, тындырып ал ісінді.

Бәле орнына ізгілікпен иілдір,  
Сөз, ісіңмен ел-жұртыңды сүйіндір.

Есендікте ізгілік ет, тарылма,  
Үлес, жегіз тауар-малың барында.

Не дегенін тыңда, тура шыншыл ер,  
Кісілікпен көзін ашқан қыршын ер:

1370 «Ажал келмей, ойла қамын қазаның,  
Хаққа табын, тартып тірлік азабын.

Ажал жетсе — текке өкініп кетесің,  
Жердің койнын күңіретіп не етесің!»

Менен кейін, Елік, өзің бол берік,  
Күн өткізбе, уайымға жол беріп!

Дүние арбап, құр алданба жайлыға,  
Қай істе де қайсарлықтан айныма.

Елге түзу заң түз, ұқсын бір-бірін,  
Күнің ізгі, мәнді болар тірлігін.

1375 Дүние үшін жанған отқа жүгірме,  
Тый нәпсіні, сорың содан түбінде.

Өзің — бексің, дүниеге құл болма,  
Үкім күтпе, өзің билеп бұр жолға.

Күпірлікпен, желпіндірме көңілді,  
Сұм дүние тұл қылар гүл өңінді.

Жайсаңдармен жақындасып, танысқын,  
Арамдармен алыс жүріп алысқын.

Сұғанаққа сырынды ашып таратпа!  
Опасызды есігіңнен қаратпа!

(Сұқ кісіге сен ішінді бермегін,  
Опасызға ас татырма, сенбегін.)

1380 Ибадат қыл, қалсын күнә азайып,  
Жоқ тірлікте одан асқан ғажайып!

Өлімді ойлап, жөн әзірлік жасаған,  
Тап келеді ол шыққандай нақ тасадан.

Түбінде өлім тұтар қайда қашсаң да,  
Түбінде өлім қысар, бүгін тассаң да!

Қапы қалма, аян өмір аяғы —  
Қанша жаса, төсегің — жер, баяғы.

Айтшы, кәне, кім бар озған ажалдан?  
Аман қалған өлім атты тажалдан?!

1385 Жақсы сөз бар — жарым ырыс, тәлімді,  
Күн мен заман, тірлік жайлы кәдімгі:

«Ана ұлдары керуендей көшуде,  
Тұрмайды ұзақ олар жердің төсінде.

Перзент ата арқасында байланар,  
Ана ішінде бірнеше ай айналар.

(Сәби әке арқасында жаралар,  
Ана қарнын тек тоғыз ай паналар).

Анасынан туа ат алып, жүреді,  
Мүсәпір\* боп ғұмыр-атқа мінеді.

Күндіз-түні ол суып, тыныс алмайды,  
Алып-қашып ажалға ақыр жалғайды!

1390 Екі бекет бұл жалған мен қабірің,  
Одан өтсең — анау дүние әлібі!..

Жалған саған екі жолды тастайды,  
Таңда бірін... Тағдыр қалай бастайды?..

Жолды оңғартса, ісінді істеп шығарсың,  
Кері кетсе, басыңды ұрып жыларсың!»

Дүние де бір егінжай, құтты Елік,  
Тарысы өссе қуанысар жұрт теріп.

Қара жерге нені ексең, сол өнеді,  
Нені берсе, алар соның төлемін.

(Қара жерге не ексең — соны орарсың,  
Табиғаттан алсаң — қарыз боларсың.)

1395 Кісі қанын төкпе, мүлкін алмағын,  
Жан шығарда артар күнәң, салмағың.

(Алма затын, төкпе қанын адамның,  
Жан берерде бұл қос күнәң талар мың.)

Көрген түстей ғұмыр-ғайып оралмас,  
Құл мен бек — тең: онда құл, бек бола алмас.

(Тірлік өтер көрген түстей белгісіз,  
Құл, бек бірдей кетер, қайта келгісіз.)

Кешкен күнің — көрген түсің, құр сағым,  
Келер күнің — уайым-мұң, бір сарын.

Не деді екен болған кісі шерменде,  
Уайым-мұң ет жүрегін кергенде:

«Ғұмырынды түс көргендей өткіздің,  
Пайдаң кәні? Көзімді енді жеткізгін?»

1400 Күн өткіздің боп сұрамшақ — жарамсақ,  
Уайым қалды, өтті маздап жанар шақ!

(Күн кешірдің мысық тілеу, арызбен,  
Енді: уайым — өткен өмір, қарыз — дем!..)

Алдарқанба, тірлікке сақ қарашы:  
Аса жақын өмір-өлім арасы.

Сараң болма, сақи болғын саналы,  
Сақи аты, Елік, мәңгі қалады!

(Ақылға сен, сан пәледен қағады,  
Ақылды аты мәңгі-бақи қалады.)

Қару, жасақ, дүниеге есірме,  
Алтын-күміс, қару опа берсін не!?

Өзге үшін құрбан болма тектен-тек,  
Отқа күйме, бағанды біл, кеткенше!

1405 Саған дейін талай бектер келген-ді,  
Бұл жалғанды тастап бәрі көрге енді.

Сені аңдып күткен жауың — ажалың,  
Торып жүр ол, қапы қалма, жанарым.

Тірлік мінін көрген, білген қуарып,  
Саған айтқан сөзі, ұққай сыр алып:

«Тұзды судай байлық — шөлің қанбайды,  
Қанша ішсең — құрғатар тіл таңдайды!»

Ол — көлеңке, ынтықтырып жеңеді,  
Қусаң — қашып, қашсаң ере береді».

1410 Бұл жалғанның ісі бұлдыр сар сағым,  
Ұстатпайды көз құртындай аңсарың!

Қайраттан да, ізгі болғын, ел басы,  
Ізгі бектің ізгі елі, қандасы.

Бегі — қойшы, халық — қойы шамасы,  
Қойды баққан қойға жылы қарасын.

Күллі аш бөрі қақпаң алдын торып жүр,  
Қойды, Елбасы, сақ күзетіп, қорып жүр.

Барлық істе тізгін берме қаһарға,  
Күйгелек бек күлкі болар жаһанға.

1415 Кісілерге тіл тигізбе, жерлеме,  
Зәрлі сөз — өрт, отқа күйсін ел неге?!

Сабырлы бол, алымды бол, алғыр бол,  
Жақсылықтың барлығына салғын жол.

Бет алдында ұзын-сонар жол жатыр,  
Бұл сапарда ақыл — азық, қол — батыр.

Ай, құтты Елік, салма Сарай, Қорған да,  
Жер асты — үйің, даяр тұр ғой, зорланба!

Кең сәулетті сарай қалып, құларсың,  
Қараңғы жер — үйде жатып жыларсың!

1420 Мұншама алтын-күміс жидың несіне,  
Екі бөз ғой тиер саған несібе.

Мұны меңзер шайыр сөзін жазайын,  
Шайыр сөзі — сөздің басы, ағайын;

«Адам осал: байлық десе ақыл — мас,  
Неге қажет? Оған басын қатырмас.

Байлық жиып тілегіне жетеді,  
Тірлік бітті, жан ұшырып кетеді...»

Бек, қызыққа құмарланба, шаттанба,  
Ұшар құллі қуаныш та, мақтан да!

1425 Дүние кума, тірлігіңді тәрк етпе,  
Баянсыз ол, қор етеді әл кетсе...

Нәзік тәнің жібек, торқа ораған,  
Қара жерді төсенеді, ай, дана адам.

Салтанатты қазір тірлік ойының,  
Бір табарсың қара жердің қойының.

Жорға-жүрдек аттан түсіп, біл, ерсіз —  
Мұңлық болып — ағаш атқа мінерсің.

Ойла бәрін, ажалыңды еске алып  
Өкінбеске қара жерді жастанып!

1430 Барлық істе тауфиқ тіле хұдадан,  
Алла шәксіз қуат бергей, сұраған.

Жақсы-жаман келсе — қарсы ал, қарама,  
Аузыңды бак, бойыңды бер қазаға!

(Көтер бәрін — қуаныш па, қайғы ма, —  
Мойынсұнғын, түзуліктен айныма.)

Болғың келсе, екі дүние басшысы,  
Бес нәрсеге жоламаған, жақсысы:

Зорлық қылма, араласпа арамға,  
Қанын төкпе, кек сақтама адамға.

Шарап ішпе, алыс жүргін бүліктен,  
Бұзады олар бектігіңді, күдіктен!

1435 Мәңгілік бек болсам десең тегінде,  
Занды құр да, зұлымды құрт еліңде.

Бүгін, Елік, басшысысың халқыңның  
Сақтап елді, парасатпен салтын құр.

Мойыныңа жүк түсті, Елік, зіл батпан,  
Ақ пейілді ер, осал болма, міз бақпа.

(Сенің еңсең — әуселесі жұртыңның,  
Биікте тұр, құлы болма құлқынның!)

Нәпсі құлы — қуған ләззат, сезімді,  
Құлы болма, болсаң — құтқар өзіңді!

Кешкен тірлік өтті желдей елеусіз,  
Қалған тірлік болмаса екен кенеусіз!

1440 Қалған күннің біл қасиет-қадірін,  
Күнәнді онда, күтіп істің әлібін.

Бұл дүние бермейді опа білерсің,  
Сұм жалғаннан тілеуіңді ап жүрерсің.

Не дейді екен өткелекті өткерген,  
Дүние басы, дүниені көп көрген:

«Дүние — бекет, сен керуен өтпелі,  
Ұзын жолда жатар уақыт көп пе еді?!

Дүние — базар: мүлкі байлар көзіңді.  
Өзің де алдап, алдатасың өзіңді.

(Дүние — сарай мол пайдасы, қызығы,  
Қайту керек, алып берген ырзығын.)

1445 Түбі көшсең, көшті алдымен сал жолға,  
Керексізді қой, керегін ал қолға!»

Мен жиналдым, күнің жақын сенің де,  
Ойлан, жақсы ат қалдыруды кейінге.

Тыңда, бір ер дүниеден өтіпті,  
Өлерінде өсиет қып кетіпті,

Естіп оны, көңіліңе сақтағын,  
Тірілерге айтқандарын ақтағын:

«Ей, тірілер! — депті, — қапы қалмаңдар,  
Қапы қалып, арманда өттім жалғаннан!»

1450 Бек, баянды болсын десең бектігің,  
Сен үнемі ісін істе тектінің.

Тура жүр де, зұлымдықты жебеме,  
Қараны — аққа, қараға — ақты теңеме!

(Күшке салма, әділ жүріп, сақ болғын,  
Құлшылық қып, есігін құш хақ жолдың.)

Екіншіден, осал болма, қалғыма,  
Аяқ асты бас салмасын жау мына.

(Сайлы тұрса ақылың да, күшің де,  
Кетпес жұртың тістегеннің тісінде.)

Қай істі де екі қылмай, қиып түс,  
Сабыр сақта, ашуды бас жиып күш.

Елің де аман, осыларды орында,  
Бектік берік тұрар сенің қолыңда!

(Дүние түгел, елің аман болады,  
Көз ашылып, жүзіңе нұр толады.)

1455 Жақсыларды көтер жебеп еңсесін,  
Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

Занды түзе — сұмдық сонда сасады,  
Құтың өсіп, абыройың асады.

Ой — білікте, білекті мәз жыққанға,  
Жақсы лепес — жарым ырыс ұққанға:

«Заң иесі, қара қылды қақ жарғын,  
Елді жұтар қараниет қан жарғын.

Әділ заң құр, ай, Елбасы, жаңылма,  
Жаман болса, болмас дүние, бағың да!

1460 Сұм заң түзіп, алма қарғыс, назаны,  
Жаман атпен боларсың ел мазағы.

Әділ заңды қалдырса егер кімде-кім,  
Жақсы атағы ел ішінде жүргені!»

Өзіңді бақ, қиялыңа алданба,  
Өз тегіңді білмеу — қорлық жалғанда.

Жаманатты дарытпа да сіңірме,  
Арылмасың өліңде не тіріңде!

Орның биік, көңілің де биікте,  
Күн өтпесін, ұқсап қашқан киікке.

1465 Дүние — жалған! Үйрет бойды осыған,  
Өлім келді, қарсы жүріп, тосып ал.

Маған қара, тындырмадым ештеме,  
Күн оздырып, кейін бармақ тістеме.

Кісі өлсе, өсиеті қалады,  
Өсиетім — айтқандарым жаңағы.

Сүйген, Елік, тірегім ең сенімді,  
Пайдалы сөз бердім, бұғын белінді.

Өсиет сөз, ақ тілеудің үзігі  
Ғибратты, сөз біткеннің түзуі.

(Кісілерге ырыс — мирас сөз деген,  
Оны ұстанса, пайдасы бар жүздеген.)

1470 Шын сөзімді, жаздым ойдың ақығын,  
Мені ұмытпай, сөзімді еске тоқығын.

Арпалыстым, бейнет болды шеккенім,  
Өлім болды — тырбанумен жеткенім.

Шәксіз, өлім бір күні ақыр табады,  
Тірілердің бойдан жанын алады.

Әзірейілдің келуіне әзірлен,  
Ұзақ жолға дайындалғын қазірден.

Еш шара жоқ өлімнен бой тасалар,  
Қамдан ерте, күйікті сол баса алар.

- 1475 Не дейді ойлы тағдырына шыдаған,  
Өлетінін өлмей білген бір адам:
- «Ажал келсе, сездіреді ызғарын,  
Бетінді бұр таусылғанша тұз-дәмін.
- Қамар белбеу күмістелген, түсін, ер,  
Өлім қысса, бытыр-бытыр үзілер!»
- Өзіңе, Елік, адал қызмет сіңірдім,  
Мейіріңді өтеу үшін жүгірдім.
- Жақсылардың ісін Алла оңдасын,  
Құт дарытып, ризық беріп қолдасын.
- 1480 Мың-мың жаса, төрт құбылаң сай болып,  
Бектік құрғын басыңа күн, ай қонып.
- Сөздерімде махаббаттың шоғы мол,  
Хош-есен бол, мархабаттың қолы бол.
- О, құтты Елік! Кеттім, ажал алады,  
Бауыр етім — балам қалып барады.
- Жалынамын бір хақ жолын оңдасын  
Оттан-судан сақтап өзі қорғасын!
- Сұрайтыным көз қырынды салғайсың,  
Шет қалдырмай, маңайыңа алғайсың.
- 1485 Хақ себепші бар ісіне ғаламның,  
Қолында оның бәрі жақсы-жаманның.
- Ұл мен қыздың себепкері ата-ана,  
Бұзыла ма, қайта оңалып жата ма?!
- Атасы — мен, бетім әрі қарады,  
Шиеттей ұл жетім қалып барады.
- Қақым болса, сіңсе ісім халыққа  
Себепші бол — баламды оңға бағытта.
- Қарап қалмай, өнер-білім дарытқын,  
Білігімен қолы болсын халықтың.
- 1490 Жөн-жосықты білсін, болсын құлықты,  
Іске жарап, салсын алыс құрықты,

Шолжаңдатпа, білсін тәртіп, талапты,  
Талап қысқан бала құтты, талантты.

Не дер екен селеу шашты қария,  
Біліп айтқан ақыл-ойы дария:

«Жастайынан білік үйрет ұлына,  
Жастай білсе, көкке жетер қолы да!

(Білім үйрет сәбиіңе сарыла,  
Уызда ілім, сүттей сіңер қанына!)

Аяма, соқ — аршы қырсық-түйнектен,  
Ұл мен қызға таяқ білік үйреткен...»

- 1495 Ұл-қыз жастай нені білсе марқайып,  
Соны ұмытпас өле-өлгенше қартайып.

(Сәбиінде көкірекке түйгені  
Өлгенінше санасында жүреді!)

Үшбу хатын бітіп, орап, байлады,  
Қолын созып, берді ұлына арнайы.

\* \* \*

«Балам! — деді, — тигіз Елік қолына,  
Бұл — аманат, бердім бата жолына.

Хатты оқысын, ой соңынан ой туар,  
Ажалды ойлар, Сөзім болсын бой тұмар!»

\* \* \*

Ұлығ тынып, ұлына айтты тағы да:  
«Ұқ та мұны, жүргін шындық жағында».

- 1500 Ұлын құшып, қам көңілін демдеді,  
Өпті жылап, аққан жасы селдеді.

\* \* \*

Айтты: «Ай, ұлым, көрдің мені, ақтағын —  
Қандай халде кеттім, есте сақтағын.

(Қара, балам, атаң қалай өлгенін,  
Болды екі бөз — екі қарыс жөргегім.

Туғанда анам жөргекке орап еді мәпелеп,  
Туған балам ақыретке орап енді «әкелеп!»)

Нақ осы күн, келер, шәксіз басыңа,  
Түбі өлесің, қапы қалма, жасыма.

Керек сөзді айттым — ойға тоқырсың,  
Сөзді ұмытпай, маған дұға оқырсың.

Елбасы егер қалсын десе қасымда,  
Жөн-жосықпен қызмет қыл, басынба.

1505 Даңғырлама, бостан-босқа жүгірме,  
Құлқың — түзу, шырын болсын тілің де!

Кештеу жатып, ерте тұрып жүргейсің,  
Ерте тұрсаң ырыс артар — білгейсің.

Бір Алланың қасиеттеп бұйрығын,  
Қызмет көрсет, ханға оң болсын пиғылың.

Жаманнан без, арамдықтың жолын кес,  
Ізгілік қыл, қақпас пенде қолыңды еш.

Сау-сәлемет жүресің, сөзіңді өзің күзетсең,  
Есендікте өтесің, өзіңді-өзің күзетсең!

(Сақта өзінді, сөзді, деннің саулығын,  
Ширақ жүрсең, берер тірлік бар нұрын!)»

\* \* \*

1510 Сөзін тиып, жасын төгіп егілді,  
Ұлын құшып уайымға көмілді.

\* \* \*

Айтты аһ ұрып: — О, қу жалған, опасыз,  
Неге сонша арттың дүние жафасын.

Рахат көрген бұл өзім мен түр-өңім,  
Қара жердің қойнына енді кіремін.

Қандай болып тусам бұрын анадан,  
Сондай болып кетем бүгін жалаңаш!

Өлім қысып жатқан ерді тыңдағын,  
Еңіреткен өкінішті мұң-жалын:

1515 Бір қарыннан шықтым, кірем қарынға,  
Жылан жейді тәнді балға малынған.

Есіл тірлік, ессіз жастық, қаламын,  
Күйік қысып көрге кіріп барамын!

\* \* \*

Есін жиып, келді Айтолды әліне,  
Айтты: малын үлестір деп бәріне.

Ағайынмен бақұлдасты, бүгілді,  
Жасыл көкке жанымды ал деп жүгінді.

Қолын жайып, көзін көкке қадады,  
Тіл байланып, шаһадатпен\* қарады.

1520 Жаны үзілді, күні түнге ауысты,  
Хақ атымен тіршілігін тауысты.

Пәкиза жан тұрақ іздеп самғады,  
Жаны ұшты, құр келбеті — қалғаны.

Болмағандай жоғалды жан, не шара?!  
Бұл жаһанда аты қалды, бейшара!

Көңілі түзу кісі айтқан деседі,  
Өзі оянған ғафылдықтан кешегі:

«Тәннің үйі — қара жердің аясы,  
Шырын жанның, тән — баспана, саясы.

1525 Жан ұшқанда бос қалар үй — денесі,  
Қайда екенін білер тек жан егесі?!»

Биік ұшса, жан жәннатқа енгені,  
Төмен түссе, бір пәленің келгені.

Екеуінің бірі болар, алайда  
Жаның мәңгі қалар тірі қалай да!

Адам мұңлық болғанымен күнәсіз,  
Құрып тәні, өшер сөзі, шүбәсіз!

Қайдан келді? Енді қайда барады?  
Қай жерде тұр? Енді қанша қалады?

1530 Біліктілер айта ала ма мән-жайын?  
Ақылдылар ұға алар ма әрдайым?

Білікті жоқ шешер мұның жұмбағын,  
Жалғыз Алла қанық білер сырларын.

Тұрғаны да, жүргені де белгісіз:  
Көз алдында — әуедей тек көргісіз.

Кісі өмірі, шолақ, қысқа дегенмен,  
Тілі — ұзын, ойы ұшқыр береннен!

Ессіз адам бөркін киіп маңғырттың  
Тұтқыны боп кергір пасық паңдықтың...

1535 Екі күндік ғұмыры бар қас-қағым,  
Кеуде керіп, несі кердең басқаны?!

Тыңда өзін, көзі ашық не деген,  
Өлімді өзі ұғып көнген, көреген:

«Ай, сұм ажал, өлім неткен кесірлі,  
Мың амал да қайтара алмас бетіңді.

Құтқармайсың жердің жүзі — өрісің,  
Жаман, жақсы ізін баққан бөрісің.

Ұзақ өмір берсе дана адамға,  
Өлшеп қойса тірлікті арам, наданға!

1540 Жақсы, жаман түгел өлер шетінен,  
Ұлық, кішік көшер жердің бетінен!»

Ей, тірі жан, баққан ажал құтқармас,  
Қанша жаса — қиып түсер құтты алмас.

Жақсы айтқан, елдің бегі, ер жігіт,  
Істің мәнін зерделеген кең біліп:

«Қандай жақсы, арылса өмір наласы!  
Керемет қой, өлмесе жан баласы!

Рахатқа жеткізді өлім ділімді,  
Өлім бұзды тірегімді, түбімді.

1545 Тоқтауы жоқ, туғанды ажал алады,  
Өлім құшып, қара жерді табады!

Адам емес, адамдықты қимаймын,  
Адал емес, адалдықты қимаймын.

(Кісі өлсе де, кісілігі өлмесе,  
Кісі күйген шындығын бір көмбесе.)

Қиқармысың, момынбысың — бәрібір,  
Өзгертпессің қария тірлік әлібін!

## 24. КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШТІ ШАҚЫРҒАНЫ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Күтті Елбасы ауыр қаза ақырын,  
Айтолдының ұлына айтты ақылын.

«Елжіреме, — деді Елбасы, — түңілме,  
Қайғы өтеді, шаттық келер түбінде.

1550 Саған ғана тиісті емес бұл қаза,  
Күйінемін, маған тиген бұл жаза,

Күңіренбе, ерік берме зарыңа,  
Қызмет ет, жақын жүріп жаныма,

Атаң өлді, мені атам деп санағын,  
Маған ұл бол, мені әкеңе балағын!»

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Жерді сүйіп, бұл Өгдүлміш деді еріп:  
«Елге еге боп, ұзақ ғұмыр сүр, Елік!

Қызметшіңмін, құлыңмын мен қолыңда,  
Қыршын жаным пида сенің жолыңда.

1555 Бар өмірін атам саған арнады,  
Мен де солай өтсем, болмас арнамым!»

\* \* \*

Бала Еліктің ақ ниетін көрді анық,  
Атасының өсиетін берді алып.

Елік хатты оқып, тағы кейіді:  
«Амалым не! Теңіз еді зейіні!

Енді, қайдам, сендей адам туарын,  
Төрім жүдеп, қақпам қалды қуарып.

Тірлігінде қызметіңді сіңірдің,  
Өлеріңде қимай мені жүгіндің!

1560 Оны өтемей жаным қалай жай табар,  
Хақыңды енді тәңір өзі қайтарар!

Жан разы, қайырылсам да қанаттан,  
Мың есе артық қайтарады жаратқан!»



\* \* \*

Сөзін үзіп, Елік жасы сорғалап,  
Сүйретіліп кетті өксіп, жорғалап.

Кірді үйіне күңіреніп, қамығып,  
Аза тұтты көп күн қара жамылып.

\* \* \*

Аза тұтты баласы да қайғырып,  
Үлестірді кем-кетікке байлығын.

1565 Әке орнын күтіп ұлы табына,  
Жақсыларды жақындатты жанына.

Өмір сүрді ата сөзін ұстанып,  
Бағы жанды, маңдайына құт дарып.

Енді тыңда ақылды жан не деді,  
Елдің ісін бастан кешкен біледі:

«Ата сөзін қасиетте, құрметте —  
Аталы сөз шығарады нұр-көкке!»

Ата-анаңның қуанышын еселе,  
Құт, құрметке бөленеді пешенең!..»

1570 Елік те енді қуат тасып, өрледі,  
Әділ заңды күн-түн демей жөнделді.

Байыды жұрт, кенелді елі тегінде,  
Дұға қылып, мадақтады ел бегін де!

\* \* \*

Елік бір күн жалғыз өзі қалғанда,  
Кітап оқып, қара көзі талғанда.

Іші толып, көңілді мұң қаптады,  
Сырласатын тірі пенде таппады.

Айтолдыны еске ап, өзін демеді:  
«Ай, дарига, асқан ерен ер еді!»

1575 Ізгі досым, сарайымның көркі еді,  
Елге адал қызмет етті тер төгіп.

Қурады орны, қалды иесіз ісі де,  
Қайдан табам, сенем қандай кісіге!»

Өгдүлмішті алды есіне, ойлады:  
«Ұят бопты-ау, оны ұмыта қойғаны...»

Өлерінде Айтолды айтқан аманат,  
Ұлы еді ғой. Оны ұмыту жаман-ақ.

Атасы өлсе — ұлы тірі, табайын,  
Бірі кетсе, бірін қолға алайын!»

\* \* \*

1580 Тез арада Өгдүлмішті алдырды,  
Жабылды есік. Тек екеуін қалдырды.

## 25. ӨГДҮЛМІШТИҢ ЕЛІККЕ ЖОЛЫҒУЫ БАЯНДАЛАДЫ

Келді Өгдүлміш тағзым етіп сыйлады,  
Қуаныштан балбұл жанды дидары.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Сұрады Елік көзін қадай көзіне,  
Тағдыр қандай сыйын тартты өзіңе?

Қандай жолмен өтіп жатыр күндерің?  
Неден безіп, нені аңсап іздедің?

Атаңнан соң тағдырыңнан не көрдің?  
Не қайырым, не қиынға бөгелдің?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

1585 Айтты Өгдүлміш: «Уа, Елік, даңқты ер!  
Атағыңа жердің жүзі, қанықты ел.

Жырақ жүрдім, Елік, қызмет етпедім,  
Тағдыр суық қабак түйіп, шеттедім!

Талай күндер Елік жүзін көрмедім,  
Сағынышпен шерге шомып, күлмедім.

Бүгін мені есіңе алып, шақырдың,  
Үміттендім, көңілде таң атырдың.

Шақырған соң, алып ұштым басымды,  
Күнім жайнап, көз шырадай ашылды!»

\* \* \*

1590 Елік сынап сауал берді кідірмей,  
Өгдүлміш те жауап берді мүдірмей!

## 26. ӨГДҮЛМІШТІҢ КҮНТҮДЫ ЕЛІККЕ ҚЫЗМЕТКЕ КІРУІ АЙТЫЛАДЫ

Елік айтты: Бұдан былай, ей, балам,  
Көңілің жықпа, қызметке кел маған.

Атаң артық еңбек етті, білемін,  
Маңдай терін өтей алмай жүр едім.

Әке ақысын енді саған өтейін,  
Ел аузында қаңқу сөзден кетейін.

Не дегенін тыңда Үш Орда бегінің,  
Білгір сөзге ақылы сай өзінің:

1595 «Кісі еңбегі өтсе саған, құнтта —  
Өлік құсап ол еңбекті ұмытпа!

(Біреу саған етсе зиян, қиянат,  
Түй ішіңе, ойға сабыр ұялат.)

Кісі екенсің, тінің сенің — кісілік,  
Кісілерге адамдық ет кішіріп.

Кімге кімнің сіңсе еңбегі молырақ,  
Еселеп бер есесін де соңыра!

Кісі еңбегін білмесе егер кісілер,  
Түгел сиыр болғандығы, түсін, ер!

(Кісілікпен танытасың затыңды,  
Кісілікпен шығарасың атыңды.)

Мал атанба, кісілікпен ісің оң,  
Кісілерге кісілікпен кісі бол.

(Жаны ашып, ұқпаса ойын адамның,  
Малдан несі артық ондай наданның.)

1600 Кісілерді кісі еткен — кісілік!  
Кісілікпен аты шығар кісінің!»

### Өгдүлмiштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлмiш, жерді сүйіп: «Тамаша,  
Елік маған жылы жүзбен қараса!

Мен — құлыңмын. Сен — әміршім, әмір бер!  
Ұлы бектер құлын бектей қадірлер!

Құрмет тұтқын, еркін, қорла — сорыма,  
Мен өзімді пида қылдым жолыңа!

\* \* \*

Жүріп кетті, тұрды да сәт аялдап,  
Жалғыз өзі жетті үйіне аяндап.

1605 Содан бастап құт белбеуін тағынып,  
Қызмет етті тек Елікке бағынып.

Күндіз-түні пейіл қойды іске енді,  
Түн күзетіп, іс басында түстенді.

Ырза болып Елік жиі шақырды,  
Құты тасып, бақ есігі ашылды.

Не дейді екен қызметші білген ер,  
Құлшылықпен құтты аттай мінген ер.

«Ай, бектердің сүйінішін баққан жан,  
Күллі бектің тілеуі — ісі атқарған!

1610 Бекке жақпас іс жасаса құлдары,  
Кінәлі өзі, өз сағының сынғаны!

Бек қалаған қызметке бармаса,  
Бар тірлігің босқа өткені, далбаса!»

\* \* \*

Өгдүлмiшті Елік жиі шақырып,  
Істі ұқтырды, айтты білген ақылын.

\* \* \*

Бірде Елбасы деді өртеніп: «—Дариға-ай!  
Қандай ерді жоғалтқанмын, япырмай!

Есігімде сүйретілген тірі көп,  
Іске жарар, сүйенетін бірі жоқ!»

1615 Бәрі олақ, кері кетті жұмысым,  
Қане, кім бар түзер істің тынысын!?

Сынап білген жақсыны да жаманды,  
Тыңдап, көргін көңілі ояу адамды:

«Тілеген жан — бар тілекке жетеді,  
Тілегендей кісілер аз, нетеді!?

Толып жатыр адалы да адамы,  
Тілегіңе сай бірі жоқ, ғажабы!»

Жарамдысы кісілердің — керегі,  
Жарамдысы, пайдалысы, ерені.

1620 Естігейсің, шайыр былай деп еді,  
Шайыр сөзді мағынамен тереді:

«Жүргендердің жақсылары сирек-ті,  
Жақсыларын ажал ерте күйретті.

(Жүргендердің жақсысы жоқ, білгенім,  
Жақсы болса жүргені жоқ, білгенім!?)

Құмырсқадай жүргендердің көптігі,  
Көп ішінде іске жарар жоқ бірі».

Елік ойын мәтелдеді, балады:  
Ұрықты жан өлсе ұрқы қалады!

Ұлдың құлқы әкесіндей болады,  
Нені ексең, жерден соны орады!»

1625 Айтолдыдан тусаң солай туарсың,  
Ұл боп тусаң, ата жолын қуарсың!

Ата өлді — орны қалды қуарып,  
Көгерт қайта, ата жолын қу анық!

Мәпелейін — кісі болсын келісті,  
Келістінің ісі болар жемісті!

Айыбы жоқ атасына теңесең,  
Бір айыбы, балғын, бала демесең.

Жақсы айтыпты құтты кісі халықта,  
Сәулесімен тартқан елді жарыққа:

1630 «Бектер кімді тартса қолдап қасына,  
Бектен кейін сол тұрар іс басына.

Жақын келіп, бек ойына толар кім,  
Түгел болар тілегі де олардың.

Бектің өзі кімге жылы қарайды,  
Жапырылып бәрі соны қалайды.

(Бектің көзі кімге күлім қағады,  
Жұрттың көзі соның сөзін бағады!)»

Елік айтты: — Енді маған шара жоқ,  
Білім берсем, шығар бала дана боп!

Ата ақысын өтейін де ақтайын,  
Кіші жанды мейіріммен баптайын.

1635 Бұл Айтолды, адам еді дана асыл,  
Кісілікпен кісі етейін баласын.

Өзі ізгі жан — ізгілікті бағалар,  
Адамшылық ізгілікпен қаланар.

Ізгі жанын суытпайды адамдар,  
Ізгі еңбегін ұмытпайды адалдар.

Тыңда, енді бабамыздың нақылын,  
Сол нақылмен толысады ақылың:

«Ей ізгі жан, ізгілік ет, жаңылма,  
Ізгілікті жұтпас қарттық, қабыр да!..

1640 Ізгілігің қартаймайды, қалады,  
Ғұмыры — ұзақ, аты алысқа шабады!»

\* \* \*

Өгдүлмішті Елік сеніп, үптеді,  
Бар міндетті сеніп соған жүктеді.

Қызметі бағын ашты, ашығы.  
Ісі жанып, абыройы тасыды.

Барлық істі заң жолымен жөннеді,  
Қадірі артып, көңілі өсіп, өрледі.

Қашандағы мұның сөзі болды сөз,  
Елікке — тіл, Елікке өзі болды көз.

\* \* \*

1645 Елік құстай мәпеледі, ұшырды,  
Іші-тысы толды, пісті, ысылды!

Түсінді Елік: Ісім енді оңалды,  
Қай жағынан келсін міні жоғалды.

Таптым кісі, жетік істің мәніне,  
Жасы толса, кемелденер әлі де!

(«Ұл»-дан ұлы шығар деп жұрт жорыған:  
Болар бала танылады боғынан...)

Ұлы болар ұл өжет боп туады,  
Болар бала көрініп-ақ тұрады.

Тұнсын мына бәйіт те ой-зеренде,  
Оқып көрсең, мағынасы тереңде:

1650 «Әр нәрсенің бар ерекше шырайы, —  
Белгісі сол, танытатын шынайы.

Жеміс түрін айырасың гүлінен,  
Бар нәрсенің мәні ұғылар түрінен!»

\* \* \*

Өгдүлміш те табынып һәм сабылып,  
Қызмет етті күндіз-түні сарылып.

Қажетсіз іс-әдеттерден арылды,  
Игі іс үшін күйінді де тарылды,

Машақаты кетті Елік бегінің,  
Мәртебесі артты қалың елінің!

#### **Еліктің Өгдүлмішке сауалы**

1655 Бірде Елік Өгдүлмішті шақырып,  
Күллі іс жайлы сөз қозғады ақырын.

Елік айтты: — Құлағың сал, ей, ұлым!  
Мен айтайын, болсын таза бейілің.

Не пайдалы? Не пайдасыз еліңе?  
Игіліктің жөні неде, желіле?..

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

— Елік-бегім! — деп Өгдүлміш жүгінді,  
Кісілердің көсемі сен, білімді!

Екі әлемде кісілерге, керегің —  
Ізгі қылық, түзу құлық, — дер едім.

1660 Екінші — ұят, үшіншісі — әділдік,  
Осы үшеуі бақ-дәулетің бәріңнің.

Құлқы түзу болса елі сенеді,  
Қылығы түзу төрден орын тебеді.

Ұят, намыс — абыройын сақтайды,  
Ұятсыздық ердің басын таптайды.

Тағы бірі — түзу қылық қарымды,  
Қос жалғанда сындырмайды сағыңды!

Ұят, шындық, ізгі құлық — үшеуі,  
Қосылғанда құбылаң тең түседі.

#### **Еліктің Өгдүлмішке сауалы**

1665 Ал жаман не? Жауыздық не? Бағалап,  
Айтқын, — деді — жаңағыңа қанағат!

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

Айтты Өгдүлміш: — Тыңдап, сынап көріңіз,  
Мен айтайын, көңілді, бек, бөліңіз.

Үш нәрсе бар жер қылатын адамды,  
Үш күнә бар оттай қарыр табанды.

Біріншіден — арсыз, мақтан, жамандық,  
Екіншіден — алдау-арбау, арамдық.

Үшіншісі — алып сатар, сараңдық,  
Ақымақ қылар осы үш түрлі надандық!

1670 Пейілі — тар, жаман адам жұғысса,  
Қырсық шалып, кері кетер жұмыс та!

Аты шықса кімнің өтірік, өсекпен,  
Төмен болар қадірі елге есектен.

(Аты шықса кімнің өсек, жалғанмен,  
Құтыла алмас ел ішінде танғанмен! )

Боқты терген сасық қоңыз сияқты,  
Сараңдықтан асқан не бар ұятты.

Сараң жайлы не дейді ілім біліп ал:  
«Ей, аш көзді, қолы жұмық, іші тар!

Алтын жидың, бірақ жеуді білмедің,  
Алтын жиып елге неге бермедің?

1675 Дүние жиып, жемейтұғын жарандар,  
Жейтіндер бар, асты әзірлеп, қараңдар!»

Бұл үш түрлі қасиеттің жолы — құт,  
Бұл үш түрлі надандықтың жолы — жұт.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік айтты: — Ұқтым түгел, қарағым,  
Айтшы тағы мына сөздің жауабын.

Білікті боп туа ма адам анадан,  
Әлде есейіп жасы келіп қана ма!?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — О, құтты Елік, қысқасы,  
Білім, сана — бұл өнердің нұсқасы.

1680 Туып оқу-тоқусыз, жүре сауат ашады,  
Білік білсе, соңынан ісі де өрге басады.

Анадан да шарана білімсіз боп туады,  
Біліп, оқып, үйреніп, дана жолын қуады.

Ақыл-есі адамның табиғаттан бұйырар,  
Қабілетті үйренбес, қабілетке сиынар!

Адам естен басқаны білімімен алады,  
Білім, оқу-тоқуды еңбегімен табады!»

\* \* \*

Жақсы сөзге Елік жаны семірді,  
Марқайып бір, өзін құтты сезінді.

1685 Ата жолын ұлы қуды, ұл басты,  
Атасы өтті, ізгі жолы ұласты.

Тілек етті, шүкір етіп Аллаға,  
Жақсы жарғы мирас болсын баршаға.

Өгдүлміштің кісілігін таныдым,  
Талай істің тап басады тамырын.

Қайырымға қайырым жасау — парызың  
Өте әрдайым жақсылықтың қарызын.

(Жасаған жөн ізгілікке — ізгілік,  
Ізгілікті ала алмайсың үздігіп.)

Не деді екен кісілердің сарасы,  
Көп ішінде көп білетін данасы:

1690 «Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те —  
Кісілікті кісілікпен құрметте!

Кісілік сол, опаға — опа жасағын,  
Опалы бол, шықсын атың, атағың!»

\* \* \*

Күннен-күнге Елік сеніп қарады,  
Аты-даңқы бүтін елге тарады.

Елдің ішін жайлап белгі-нышаны,  
Ғаламды алды даңқы ізгі дұғалы.

Тұтастары бектігіне табынды,  
Бек ішінде білігімен танылды.

1695 Жылы сөзді, кішік мінез ғұрпымен,  
Күн өткізді жарасып ел-жұртымен.

Шырын сөзбен оңдап көңіл, құлықты,  
Өзі елінің іші-тысын жылытты.

Адаш-қолдаш\*, достар тапты бағалап,  
Құрбы-досқа арқа сүйер азамат.

(Тұтас болса ағайынның арасы,  
Ала алмайды жәдігөйдің жаласы.)

Қалың болса кімнің құрбы-жолдасы,  
Тірегі оның берік шың-күз болғаны.

Күшті болар, болса кімнің арқасы\*,  
Күшті кісі — болар құттың ордасы.

(Білектілер бір өзіне сенеді,  
Білікті хәм бірлікті ер жеңеді.)

1700 Құт-дәулетке жарқын көңіл жарасар,  
Болса ізетті, ғалым көркі тамаша.

Жақсы айтыпты есті кісі, ұстанғын,  
Ісі өрлейді есті сөзді тұтқанның:

«Кімде-кімге дәулет қонып, бағы асса,  
Кішілікпен, көңілді оңдап, жарасса...

Дәулет егер күліп келсе кісіге,  
Кішіктікпен тұтсын берік, түсіне.

(Күліп келіп, төксе бақыт жарығын,  
Кісілікпен көтер, шығар қарығың.)

Күрүт\* тектес құттың түпкі тамыры,  
Көңіл-хошы — оның жұлдыз жарығы.

1705 Құлқы жақсы кісі — бақтың иесі,  
Ісі гүлдер, тиіп құттың киесі!»

Кісі қоры — ұлықсыған көкірек,  
Күннен-күнге басылар да өкінер...

(Күні құрсын өркөкірек, керденнің,  
Өзін көрмей, өзгелерден терген мін!)

Құт жүз бұрса — барша жұртқа лайықты,  
Бек жарасар ақылды ерге байыпты.

Осы жайлы бәйітті енді оқығын,  
Оқығын да, ай, қолы ашық, тоқығын:

«Біліксізге жарасса егер бұл бақыт,  
Біліктіге — таққанмен тең күн-жақұт.

1710 Бұл бақ-дәулет жарасса егер наданға,  
Тегінен сай білікті, есті адамға.

(Дәулет қонса, ақымақ та «зиялы»,  
Кісіліктен бөлек, әттең, сияғы...

Дәулет қонса ақылдыға, ағайын,  
Шуағымен нұрландырар маңайын.)

Біліксіздің шығарса атын дәулеті,  
Біліктінің арттырар даңқ, сәулетін.

Ақымаққа қонған бақыт тоналар,  
Қалай қонса, солай ұшып жоғалар!»

Бұл сөздердің куәсіндей сөз келді,  
Ай, ақ көңіл, көңілге түй, көр де енді:

«Ақылдыны құт құрметке бөлейді,  
Күн мен түнін кереметке теңейді.

(Ал ақымақ өзі байлар өз бағын,  
Түсіне алмай құт, тірліктің озғанын.)

1715 Құт наданның берекесіз басына,  
Бір күн тұрмас, кезіккендей қасына!»

\* \* \*

Өгдүлмішті сынап Елік, сенді анық:  
Өсірер ер туған екен ел бағын.

Қадір тұтып төбесіне көтерді,  
Қадірсіз ғып, көрді жасап бөтендік...

Қадірлесе — ісін мүлдем жандырды,  
Қадір кетсе — іспен айыз кандырды.

Қорған болды. Пейіліне сенді Елік,  
Қазынасын басқарсын деп берді ерік.

1720 Мойнына артты ұлы аманат сан қилы,  
Аманатты алған ерге жан пида!

Істі Өгдүлміш келтірді әбден бабына,  
Күнде оны Елік жақын тұтты жанына.

Парықтады: білді болса кеселін,  
Хаттап-шоттап реттеді есебін.

Сақтанды өзі, бек сақтады бегін де,  
Қылдай сызат түсірмеді сенімге.

Кәріқұлақ, көнекөздің тілінен,  
Бұл тірліктің кіл шындығы білінер:

1725 «Алтын-күміс кісіге асыл, салмақты,  
Ұстамды ер алтыннан да ардақты.

Ерді сүйреп кетпесе алтын көгені,  
Бұл жалғанның бар қызығын көреді!

(Ішті кеулеп, құмарланса алтынға,  
Алтын арбап, жоғалады өз нарқың да!..)»

Білгендіктен білімді айтқан, білерсің:  
Шыншыл, түзу жанды көзге ілерсің.

Бұдан да асыл сөз бар, ұқсаң, бұрыннан.  
«Мейірімді ер садағасы шыбын жан».

Тура дейді, қандай өзі туралық?  
Аманат күн туралықта тұралық!

1730 Нағыз ер кім арасында ерлердің?  
Кімнің құлқы түзу, соны ер дегін.

Абыройға қандай адам лайықты? —  
Сахи — лайық, сараң әркез айыпты!

Күні-түні нәрсе жисын, қарашы,  
Ризық көрмес, мұңлық адам баласы.

Бірі тынбай кең жаһанды кезіп жүр,  
Теңізге еніп, бірі жаннан безіп жүр.

(Адам саған еңбек етсе, біл өңін,  
Кетпе ұмытып, секілді бір тірі өлік. )

Қайсыбірі — тау қопарып қабаттап,  
Енді бірі жер өлшеп жүр адақтап.

1735 Таудан асып, бірі дария кешіп жүр,  
Құдық қазып, бірі суын ішіп жүр.

Бірі — ұрыста ай қылышы жарқылдап,  
Біреу өліп бара жатыр, салқындап.

Бірі — алаяқ, қаракшы, ұры, тас жүрек,  
Бірі — зұлым, барымташы, қаскүнем.

Бәрі осының — бір құлқынның қамы екен,  
Құлқынға құл болғандар кіл тағы екен.

Мұның бәрі надандықтың қылығы,  
Надан да мал, қуған құлқын құрығы!

1740 Білікті жан бір Аллаға қараған,  
Дәм мен тұзын ақтап, көрер қанағат.

Деген екен қанағатшыл ер кісі,  
Көргендері сөздеріне тең кісі:

«Жаһанды кез, үйіңде жат — өлесің,  
Маңдайыңа жазылғанды көресің!»

Ей, білген құл, түзет сөз бен көңілді,  
Ырзығың бар, бүркенгенше көріңді!

Байлықты бұл тілесе ері жалғанның,  
Өзі дұрыс әділдікпен алғанның.

1745 Келсе егер бар жаһанды билегің —  
Тағы да сол, ақиқатпен жүр, бегім!

Күллі әлемді әділетпен билеген,  
Парасатты бір ақсақал бүй деген:

«Бұл жалғанның күтсең байлық, ырысын,  
Түзу болсын сөзің, ойың, жұмысың.

Дүниені тұтқың келсе тағы да,  
Тіл, көңілді түзу ұста, жаңылма!»

Еліңді, бек, әділдікке бөлесең,  
Құтты жұрттың қуанышын көресің.

1750 Ақиқатпен, таза атқар бар істі,  
Кісілікпен тындыр, біліп мәністі!

\* \* \*

Өгдүлміштің артты бағы, беделі,  
Сырлас болып, елін тыңдап еледі:

Елік оны бар қырынан сынады,  
Кемелдігін көрді, сеніп құлады.

Елік көрді Өгдүлміштің толғанын,  
Қай істе де сөзсіз тура болмағын.

Сүйсінесің, ақылды ердің ойына,  
Надан, естіп, сіңір түгел бойыңа:

1755 «Қызметшісін бектер тұрсын тексеріп,  
Қызметті де беру керек тек сеніп.

Құл көрсетсін істі алғанын игеріп,  
Сонсоң ғана құрмет білдір, сый беріп.

Құлдың ісі ұнап тұрса бегіне,  
Құл мал табар, бек мақтанар теңіне!

(Құлдың ісі ойдан шықса көгерер,  
Құл — құрметке, бек даңққа бөленер!)»

Жақсы айтыпты Йағманың\* бір бегі,  
Барлық іске пайдалы екен — білгені:

«Іс берсең, бек, іс жөнін білгенге бер,  
Түзу жолмен тұп-тура жүргенге бер!

1760 Бек олаққа іс берсе, сөнді деп біл,  
Өзге емес, бүлдірген өзі деп біл!

(Олақпенен жұғыссаң, көзіңнен көр,  
Өзге емес, тағы да өзіңнен көр.)»

Алла қолдап, болса құтың молығар,  
Қызметшің де кемел жаннан жолығар.

Оңдамаса, тасқан көңіл басылар,  
Сұм қол беріп, бар құтыңды қашығар!

(Өрлегенді құлдыратам десе де,  
Жолықтырар берекесіз кешеге.)

Ондай надан от шығарар ордаңнан,  
Түтін буып, ісі қирар қолға алған!

(Ондай надан шашар төрге күліңді,  
Тозақ қылар көрген күн мен түніңді!)

\* \* \*

Өгдүлмішке Елік сеніп алды да —  
Уәзір етті, тартты істерін алдына.

1765 Барлық елге жетер билік берді енді,  
Қолы ұзарды, тілі оймен зерленді.

Ыдыс, таңба, құрал-жабдық, киімін,  
Атын берді\* — құты өсті үйінің.

Жылы сөйлеп, нұсқап, жөндеп ақырын,  
Қолдап, мақтап, берді Елік ақылың.

Кішісі бар, ұлығы бар сарайдың,  
Қуә тұтып, жаннан артық балайды.

Қызметшінің келді бәрі жарысып,  
Қошеметтеп, тарту тартты табысып.

1770 Ал Өгдүлміш ізгі заңын енгізді,  
Құрметтеді, теңеді елге теңсізді.

Бар зұлымды кетірді елдің ішінен,  
Арылды өзі жайсыз қылық, ісінен.

Түзелді заң — түзелді елі, жетілді,  
Тыншыды Елік, ел іргесі бекіді.

Сүйінді көп, ал сүймеген дұшпаны,  
Туы құлап, қашты елінен тысқары.

(Жайнады елі елестетіп лағылды,  
Туы құлап, жаудың тауы шағылды.)

Құтылды Елік, татты балын бірліктің,  
Рахатын көрді тыныш тірліктің.

1775 Мұндай пайда ілімдіден келеді,  
Зерек, сергек, білімдіден келеді.

Мақтамассың қалай ерді білімді,  
Білімсіздік ірітеді тініңді.

Біліктімен ісің жанып тұрады,  
Білімсізден кілең сұмдық тұнады.

Құт-ырыс та — біліктіге жарасар,  
Не жақсылық келер содан, қарасаң.

Былай депті Ыла бегі, аңдағын,  
Сөздің мәні — наданға көз, барлағын:

(Шайыр тілі әсте әдемі толғайды,  
Жұпар сынды мәнін сезбей болмайды.)

1780 «Біліксізге дәулет келіп, қонса құт,  
Бүтін халық бұзылар да, болар жұт.

Ақылдыға тисе егер де бектігің,  
Ел көгерер, бұл бір сөзі тектінің!»

(«Қорлығынан надан, таяз бегіңнің,  
Азап шегіп, бағы таяр еліңнің.

Басқарса елді білімді ер — білікті ер,  
Бағымыз деп бағына бер, жігіттер!

Біліксізбен тапса дәулет ұнасым  
Біліктімен тасыр еске ұласып.

Біліксіздің қалып қойса қасында,  
Білімдіні жоқтар өлсе — басында.

Білімді басын көтерсе төрден —  
Біліксіз бықсыр шаладай сөнген».)



\* \* \*

Күні туып, Елік жүзін нұрлантты,  
Шүкірлікпен есіне алды бір хақты.

Көзін көкке тігіп, Елік: «Жаратқан!  
Өзің, — деді, — білік нәрін таратқан.

Білім бердің, бердің қуат, өмірді,  
Туралық бер, бекіндіріп көңілді!

1785 Ізгі жолда қайрат бергін сен бүгін,  
Көтерейін қолымдағы ел жүгін!»

\* \* \*

Пақырларға үлестірді мал-мүлік,  
Көңілін беріп, бір Аллаға салды үміт.

Ай мен күні қуанысып жарысты,  
Ел марқайып, бір оңалып қалысты.

Бұл адамның адамына бұйырар,  
Оның да өліп кететіні қиын-ақ.

Бегі әділ болса, елі бақытты,  
Халқы түзу болса, бегі бақытты!

1790 Жаман-жақсы, өлсе — топырақ қабады,  
Топырақ болар — бірақ аты қалады.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік бір күн жалғыз өзі отырып,  
Сөз бастады Өгдүлмішті шақырып:

— Ай, Өгдүлміш, бері қара, біл, — деді  
Ата еңбегі, тері саған сіңбеді!..

Үлкеннен жол көруші еді балақан —  
Өлгенде атаң, ұлан едің балапан.

Үйретпеді атаң өнер, білімін,  
Жәрдемім жоқ, мен де көптің бірімін.

1795 Мұнша өнер, мұнша білім, сананың,  
Көзі қайда? Қайдан алдың, қарағым?!

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

— О, әміршім! — деді Өгдүлміш, — Елінде,  
Ұзақ жасап, даңқың өссін сенің де!

Алла кімге ризық, ниет қылады,  
Сол тілекке жетіп, аты шығады.

Көпті көрген ақсақалды қария,  
Айтқан мақал түркілерге жария:

«Іс оңалып, орындалмағы арманың,  
Ұлылығың — бұйрығы бір Алланың!

1800 Алла әмірін тимас күшпен тамам ел,  
Қусырылса көк аспан мен қара жер.

Барлық істе медет керек Алладан,  
Алла қосса, тілек қалмас алмаған!»

(Күшпен тартып ала алмайсың берместі,  
Күшпен тегі келтірмейсің келместі!

Қашанда адам ұзақ-сонар жолдасың,  
Қыдыр қолдап, бір хақ өзі оңдасын!)

Және атаның ықыласы, батасы,  
Тиер ұлға жоқ сөзімнің қатасы.

Жетсем — атам бата берген өренмін,  
Атамның ақ батасымен көгердім.

Қыдыр ием себеп қылды Елікті,  
Құр қалмадым өнерден һәм біліктен.

1805 Елік қолдап, берді маған қол ұшын,  
Тағдыр қоштап ержеттім мен толысып.

Жылы қарап, бек ниеті ауған жан,  
Бәхрә қылса, шығар тілек, арманнан,

Кісі көңілі бейне бау сән беретін,  
Бектер сөзі су, бақсаң, нәр беретін.

Су тиген бау құрғамай, бүр ашады,  
Мың-мың шешек гүлдеп, жұпар шашады.

Бек жарлығы жылы тисе құлына,  
Көңілі өсіп, нұр қосылар нұрына.

1810 Бек жарлығы айтылса ащы, зілденіп,  
Қурайды тез көктей солған гүлдейін.

Бағу керек құл ниетін бір хақтың,  
Пейіл берсе — ашылады бар қақпа...

Мұны меңзеп шайыр сөзін толғаған,  
Оны да ұғып алғын енді, ойлы адам:

«Хақ қаласа, пейілін түзеп құлының,  
Жолын оңдап, ашар кілтін білімнің.

Білім білсең, күнің құтты өтеді,  
Қанша кішік болсаң да, ұлы етеді!»

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

1815 Айтты Елік: — Дұрыс, сөзің сіңімді.  
Қалай алған біліктілер білімді?

Даналықты кісі үйреніп, тани ма?  
Әлде ана құрсағында дари ма?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш, тілі тербеп көмейін:  
«Бұған дағы жауап беріп көрейін.

Жаратса хақ ақыл-еспен әуелі —  
Бастау болар бар білімге мәуелі.

Күнде толып, күнде үйреніп бағады,  
Не тілесе, соны біліп алады.

(Не тілесе — соны түйіп, түсінер,  
Білген сайын, іштен жиі күрсінер.)

1820 Ілім білген дана атанар ақыры,  
Білім елге пайда берер, ашығы!

Жаралғаннан Алла ақыл-ой бермесе,  
Еш тілекке жете алмайды, ендеше...

Бала білім жолын қусын десеңіз,  
Бесігінде-ақ ілім шоғын көсеңіз...

(Бала миы дақ тимеген қағаз нақ,  
Миға сөзін ұмытпасқа жазар бақ.)

Бала шақта ұл ілім қуып өтеді,  
Ержеткенде тілегіне жетеді.

Өнер-білім, ізгі қылық, құлықты,  
Үйренсе адам түзер тұлға ғұрыпты.

1825 Білікті ұстап, өнерді адам үйренер,  
Ал ақыл-ес жаралғаннан бірге өнер.

(Өнер, білім үйренеді-ау, таң қалман,  
Сіңсе ғой ол адамға ақыл, талғамнан).

Бұл жөнінде түркілерден тараған,  
Мақалды оқып, өнегесін қарағын:

«Кісі үйренер, артар білім, қарасақ —  
Қанша үйренсін, таппас ақыл, парасат!

Ақыл-зейін болмағы Алла әмірі,  
Табиғаттан, бақсаң, белгі тәлімі!»

Ақыл-зейін хақтың берген еншісі,  
Білім-кенге түскен мидың елшісі.

(Ақыл да, біл, бір Алланың рахымы,  
Берсе ерге үлес, беретін сол ақылы.)

1830 Ақылды ер тұрар биік күллі елден:  
Біліктіге береке мол білгеннен!

Санасызды адам деу де қиын-ақ,  
Сендірмейді, айтқан сөзі сұйық-ақ.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

— Ұқтым бәрін! — деді Елік, — түсіндім,  
Мынадай бір сауалды ойға түсірдім:

Жақсы аштың жігін білім, ақылдың,  
Парқы қандай ақыл — асыл затыңның?

Қайда оныңның мекен-жайы тұрағы?  
Қайда өніп? Қайтсе, қалай шығады?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

1835 — Ақыл, — деді ол, — қымбатыңның қымбаты,  
Ақыл жоқта, құнсыз тәннің сымбаты.

Ақыл тұрар қатпарында миыңның —  
Бас қой орны — қимас асыл сыйыңның.

Кісіге ақыл бейне кісен тәрізді,  
Ісі үлгілі, қылығы оңды әрі ізгі!

Сүйген құлын сақтап Алла рахыммен,  
Тілін, құлқын кісендепті ақылмен!

(Қойыпты Алла — пендем мойнын үзер деп, —  
Қылық, тілді ақылменен шідерлеп.)

Тірі — ақылды, ақылсыз жан — бір өлік,  
Ей, ақылсыз, ақыл болсын тілерің!

1840 Адам — білсең — үй, түн түнеп түнерген,  
Ақыл — шырақ, жарық төгіп жіберген...

Бар жақсылық ақылменен келеді,  
Біліммен ер аты мәшһүр, келелі.

Екеуінде адамдықтың белгісі,  
Ақыл, білім адастырмас, ей, кісі!

(Екеуімен ұлылыққа ер жетеді,  
Түзу жолды түзетін де екеуі.)

Малдан адам айырмасы ақылда!  
Малда ми бар — жоқ қой ақыл, мақұлда!

(Тең келетін нең бар, айтқын, ақылға!  
Қасиетте, қасиетің — басыңда!)

Мұны меңзеп сөйлепті ақыл, ойлашы,  
Іске асырсаң, ақылдың көп пайдасы:

1845 «Мал мен кісі айырмасы — ақылда,  
Білім болса, адам дана, батыр да!

Малға айналма, ұстан ақыл, білімді,  
Біліп сөйлеп, жарқын ұста тіліңді!

(Қадірле адам, затыңды ашар — білімді,  
Ұғып іс қыл бастағы ақыл піріңді!)

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Дәнін ұғып ойдың асыл нарқының,  
«Тағы да айтшы, — деді Елік, — жарқыным!

Енді ақылдың баяндағын қыр-сырын,  
Тегі нендей? Қандай өзі құлқының!?

Заты қандай? Мәні қандай? Түр-өңі?  
Жасы? Тұрқы? Мінезі мен реңі?»

## 27. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ АҚЫЛДЫҢ ҚАСИЕТІ ТУРАЛЫ ӨНГІМЕЛЕЙДІ

1850 Айтты Өгдүлміш: — Ақыл ісі баянды,  
Құлқы тура, жолатпайды аярды.

Жасы кіші, жүзі нұрлы, көрікті,  
Бар ізгілік бір өзінен өріпті!

Жомарт, ойлы білер істің шамасын,  
Әділ, таза сақтар жұрттың арасын.

(Қиянаттан сақтайды адам баласын,  
Шаң тигізбей ұстар намыс жағасын.)

Қайда барса — іс қиюын табады,  
Сөйлесе ақыл — тіліңнен бал тамады.

Жүзі игі барлық жерге сыйымды,  
Табыстырар қиыспайтын қиырды.

(Жүзі жылы, сүйкімді елге, әсілі,  
Кісілерге тиер пайда, нәсібі.)

1855 Көзі жіті, қырдағыны шалады,  
Қандай істе еш таймайды табаны.

Былық істі былғанбай-ақ кешеді —  
Не түйінді қас-қағымда шешеді.

Алды-артыңды — барлап — оң мен солыңды,  
Білер істің жөнін, сәтін орынды.

Ұшқанды — ұстап, қуып жетіп қашқанды,  
Сынықты — сап, түзер асып-тасқанды.

(Ақылсыздар өкініп дер: Ай, ақыл!  
Сенсіз қалың мұңға түстім мен пақыр.)

Ақымақтар ақылды аңсап, жоқтайды:  
«Ақымақ басым, ақыл қашан тоқтайды!?

- 1860 Бір өзіңнен маған нәсіп болмады,  
Кісі көңілі сенсіз өлік, қор жаны...
- (Еш себі жоқ; кештім тірлік шөгірін,  
Ақылсыз жан — сұлдер, арсыз көңілің!)
- Ақыл — жарық, басырларға көз болар,  
Тіріөлікке — жан, мылқауға сөз болар!»
- Ақылдылар ақылды әркез мақтайды:  
«Ең ізгі дос! Сенен ешкім артпайды!
- Ақыл — түзу. Бар ісі — оң, солы жоқ!  
Ақыл — әділ. Аярлық, тор, соры жоқ!»
- Ақыл-есі бар адамның белгісі:  
Біліп бәрін, келер біле бергісі.
- 1865 Ақыл-естің мақтамайын, мақтайын,  
Түзік жолы — сағат сайын, сәт сайын!
- (Бәрінен де жақсы ақылдың құлығы,  
Ай, жыл бойы түзу жолы, қылығы.)
- Есті жанның тілі — шындық шұрайы,  
Бар қылығы тегіс шымыр шығады!
- Одан салқын, сабырлылық еседі,  
Жете көріп, істі асықпай шешеді.
- Жап-жас жігіт, ісін көрсең — қарт дана,  
Мұқтаж оған бек те, текті жас бала\*.
- Мұны меңзер сөзді оқып, ойлап көр,  
Ұға түссең, мәні ашылар, бойлап көр:
- 1870 «Ісі кәрі, өзі ұлан Ақыл жас,  
Ақыл қайда, сонда барып жақындас.
- Қарттық — сабыр, сүп-сүйкімді кішілік,  
Пайдасы көп, жаны тұнған кісілік».
- (Жасты да ақыл кемеліне келтірер,  
Ессіз кәрі тоқсанында желпінер.
- Жас ақылы — шығар сөлі шырынның.  
Ақыл қайда болса, солай жығылғын.
- Кішілігі — махаббат, кәрілігі — мархабат,  
Мейірімді жанынан шуақ алған шартарап!)

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

- Масайрады Елік мақтап баласын:  
Ойың — дария, сөзің — терең данасың!
- Тәңір саған көп қасиет дарытқан,  
Тағы да өзі маған сені танытқан.
- (Ізгіліктің бәрін беріп түгендеп,  
Сыйысың сен хақтың өзі жіберген.)
- Бұл еңбек жүк, жүктің ең бір ауыры,  
Арқаласаң, зейнет көрер қауымың.
- 1875 Кім ізгілік іздесе, ауырды арқалар,  
Ауыр жүкті алған, табар барқадар!
- (Адамдықтың жолы да ауыр, жүгі ауыр,  
Ауырлықтың бар ләззаты бір ауық.)
- Жүгімді алдың — іс жүрсе деп құмарттың,  
Тыным бердің маған, өзін жүк арттың.
- Алла маған тауфиқ берсін, күш берсін,  
Үш есе көп ақы ап, бір іс істерсің!
- Білемін, сен біраз қызмет атқардың,  
Адалдық пен мейірінді ақтармын.
- Адал қызмет өзгелігі өзгеден,  
Өзің емес, бек пайдасын көздеген!
- 1880 Қызмет сырын білген ерді тыңдағын:  
«Бектің жаны — бейіш, тапса құл бабын!»
- Бек шаттанып, дәулет тасар әлденіп,  
Құл-құтаны қызмет етсе жан беріп.
- Қызметшімен бек иығы түзелер,  
Бек жаны жай, тындырса ісін тілеген.
- Басты ауырттар жүк, бейнетті алса құл,  
Бектің арыз-тілегіне салса жол...
- Мұндай құлды тапса әмірші ақыры —  
Болар еді ол да хақтың рахымы.
- 1885 Бізден бұрын талай жаһан бектері,  
Сол тілекке жете алмастан кетті өліп!»

Бүкіл әлем шаттық құшты бақ дарып,  
Елікке арнап дұға қылды бар халық.

Естіп басқа ел кісілері тамсанды,  
Жүзін оның бір көрсек деп аңсады.

Жылдар өтті, күндер — айға алмасты,  
Ел құтайып, түзу заңы жалғасты!

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік бір күн Өгдүлмішпен тілдесті:  
«Білгенінді айт, сұрамасын білместі?»

1890 Тәнің жеті мүшеден тұр жаралып,  
Әрбірі оның өз қалауын алады.

Көңіл құрты қандай? Нендей көз құрты?  
Бұл екеуден не қалайды өз құлқың?»

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Аңсап, тағат жоғалып,  
Аласұрса көңіл хошы сол анық!

Көздің құрты — сүйікті өнді бір көру,  
Көңіл құрты — жан зауқымен бірге өлу.

(Бір көрінсе сағынғаны — шынары,  
Жайнар еді, шіркін, көздің шырағы.)

Шыкса алдынан аңсағаны — сыңары,  
Сайрап еді-ау, шіркін, көңіл құмары.)

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Сұрады Елік: — Нышаны не сүюдің?  
Махаббат деп өртенудің, күюдің?

1895 Сүйемін деп ант ішеді шетінен,  
Бұл құштарлық мағыналы несімен?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Сүйген көңіл көрінер —  
Сүйгендігін білер қарап өңінен.

Көзің бірақ кейде алдана береді  
Көңіл ғана кедергісіз сезеді.

Білгің келсе, сүйер иә сүймесін —  
Ашып қара көңіліңнің күймесін.

Сүюде бар белгі, білмес еш пенде —  
Сайрап кетер көзің көзге түскенде.

1900 Шайыр сөзін мұны меңзеп жырлаған,  
Ай, ербозы, еске түйіп, тыңдап ал:

«Ғашықтықты ғашықтардың өңі айтар,  
Тілін ашса, қызыл тілдің өзі айтар.

(Кірпігі айтар дір-дір еткен жүректей,  
Еріні айтар жанды өртеген тілектей.)

Білсем десең сүйер иә сүймесін,  
Белгі берер көзің көзге тигесін.

(Батылың барып, көзді көзге қадасаң —  
Сүйгендігін күйіп-жанған жан ашар!

Қара көздер өртке күйіп шарпысар,  
Сыр беріп ап, қайран жүрек тартысар!»)»

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік айтты: — Бұл сөзің де қонымды,  
Бір бұйымтай. Берсең енді сонымды.

Енді сенен, керекті сөз сұрайын,  
Жете ойланып, сөзінді айтқын лайық.

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

1905 Айтты Өгдүлміш: — О, халықтың Елігі,  
Бектің атын шығарады білігі.

Бектің өзі — болар білім ордасы,  
Құл сөзі құр, біліксіз тіл толғасы...

Сұрау — оңай, қиын боп тұр — жауабы,  
Бек білігі болғай жауап сауабы\*.

Маған — қиын. Елік алды оңайын.  
Қыстама енді. Бек, садаған болайын.

(Керекті сөз айту үшін, о бегім,  
Хан білімі керек екен, білерім...

Маған — ауыр, Елік тілі — ұстара,  
Құдіреттім, сұрақ қойып, қыстама!)

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

«Сұраушының, — деді Елік, — күйі мұңлық,  
Білмегенін құл сұрап, ұрар құлдық!

1910 Олай болса, мұныма — сүйінген жөн,  
Мен сұраған сөзге — сөз үйірген жөн.

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Ей, ізгі бек, тірегім,  
Сөйлегеннен, тыңдау абзал, білемін.

Сөз сөйлеуші жанын қинап тынады,  
Тыңдаған жан сергіп, семіріп шығады.

Деген екен сынап көрген көрікті ер,  
«Тіліңді тый, ақылыңа ерік бер!»

Көп тыңдаған дана болар көп біліп,  
Көп сөйлеген басын берер көпіріп!

1915 Есті сөзден — ғибраттанар құлағың,  
Көп мылжыңнан лайланар ой-бұлағың.

(Естігеннен қанар құлақ құрышы,  
Көпірме сөз пайда бермес, дұрысы.)

Көңіліндегі айтылмаған сөз — алтын,  
Бақыр болар, шықса — нарқын жоғалтып.

(Көрікті ой, біле білсең, ұққанға,  
Тоз-тоз болар отыз тістен шыққанда!)

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Дұрыс айттың. Жоқ сөзінде, сенде — мін!  
Мықтап тақтың құттың қамар белбеуін.

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — О, құтты Елік, ақылды!  
Құрмет тұтам өзім құлдық затымды.

Бек жолында құлы жанын салады,  
Ақылы жетсе, бек көңілін табады.

1920 Білгенімді, тыңда, айтайын мен енді,  
Кешіргін тек, қате кетсем егер де!

## 28. БЕКТІККЕ ЛАЙЫҚ БЕК ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕКТІГІ АЙТЫЛАДЫ

Елік айтты: — Көңіліңді бұрайын,  
Енді мына сауалымды сұрайын:

Жаратты адам баласын да бір Алла,  
Есті-ессіз, ұлық-кішік — бар онда.

Ақылды бар, ақымақ бар, бар ғалым,  
Бай-кедей бар, надан, аңқау, бар залым.

Бәрін соның алаламай бөлектеп,  
Басқаратын қандай болу керек Бек?

1925 Жетілсе елі, байып бектің бағына,  
Даңқы тарап, өссе халық саны да!

Қазына толып күміс, жібек, лағылға,  
Қырғын тоқтап, жауы иіліп табынса.

Әскер толып, тұрса күші дігірлеп,  
Тұрмыс, заңды тураласа іліммен,

Бектің аты бар жаһанға тараса,  
Күн-күн сайын өссе құты тамаша.

Ұзақ жасап, шат-шадыман ғұмырдан,  
Рахат көрсе үзілгенше шыбын жан!

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

1930 Айтты Өгдүлміш: — Құтты Бек,  
Қиын сауал қойып, қатты тұтты кеп!

Бектік ісін бектің бәрі біледі,  
Заң, саясат, салтты солар түзеді.

Бектік үшін туған олар анадан,  
Істі үйреніп, игілігін қалаған...

Бектік іске Алла кімді қалады —  
Ісіне сай ақыл, көңіл алады.

Кімді бек қып жаратпақ хақ, сенеді,  
Соған ақыл, жүрек, қанат береді.

1935 Бектің ісі тек бектердің еншісі —  
Бектер ісін ұғар бекке тең кісі.

Білер жетік бұл істі Елік өзі де:  
Атасы бек еді, енді — өзі бек!

#### **Еліктің Өгдүлмішке жауабы**

Сөйледі Елік: — Ұқтым. Шын сөз айтқаның,  
Сөзің жұпар. Тура сөйлеп, қайтпадың.

Іс істеуші тек ісімен жүреді,  
Ал сапасын көрушілер біледі.

Мен — істеуші, сен — көруші, қарасаң,  
Көрушіден істеуші алар бағасын!

1940 Алла саған ақыл, білім, ес берді,  
Ақыл, білім жеткізерін ескерді.

Қаршадайдан маған келіп жалдандың,  
Заңды танып, әділетті аңғардың!

Барлық істі өзің біліп, ұғындың,  
Бауырмалсың сөзің, құлқың жұғымды.

(Мейірбансың маған сөз бен ісіңмен,  
Ниетімді кісілікпен түсінген.)

Мейірбанға айтар кісі жан сырын,  
Бауырмал жан жанын берер, бар шыным.

Мейіріңе кәміл сеніп, сырластым,  
Мейіріммен сөйле, үнсіз тұрмассың!

1945 Тыңда, айтыпты бауырмал жан ашығын,  
Бауырмалдық кісіліктің басы, біл:

«Бауырмалды ақылды көп мақтаған,  
Мейірлі ерді ел де сүйіп жақтаған.

Білім-ойдан ұққан менің тәлімім:  
Бауырмал жан тапсаң — білгін қадірін!»

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

Айтты Өгдүлміш: — Елік, елге ағасың,  
Ұзақ, тыныш жаса! Даңқың тарасын!

Бұл бектікке асыл текті ер керек,  
Күшті, батыл, епті, қайсар, ержүрек.

1950 Атасы бек... болса — ұлы да бек болар,  
Ұл туса бек атасындай текті олар!

Ақыл керек, керек пәктік, білік те,  
Сақилық та керек лайық жігітке!

Бек халықты тек білікпен басқарар,  
Халық ісін ақылымен атқарар.

«Бек» дегенің «білікпен» бір берік тұр,  
«Ләмі» кетсе — «бек» боп қалар «білік» құр...

Ақыл, білім һәм ес керек орасан,  
Білімдінің жауы да көп, қарасаң!

1955 Не дер екен, тыңда, білген білікті ер,  
Бастан кешіп түйгені мол біліп кең:

«Бек білімді, зерек болсын — қырағы,  
Тосын қырсық сонда ығып тұрады.

Мың қасиет керек, қылық мәнді, ірі,  
Ізгі атың қалу үшін мәңгілік!»

Асыл текті адам ұлы, парықта,  
Білікпен тек, болды сара, даңқты.

Жақсы тектен туар жақсы адам да,  
Жақсы жандар төрге шығар әмәнда.

1960 Қасиетті — бектік, құрмет — тілері,  
Құрметімен елде сақтық түзеді!

Халыққа алып ұлдар керек саспайтын,  
Ұлы істерде ұлы жорық бастайтын.

(Халыққа ұлы ерлер керек қаһарлы,  
Саспай шығар өрт алса да жаһанды!)

Не дегенін, тыңда Өтүкен\* бегін де,  
Сынап айтқан, біліп айтқан тегінде:

«Шыншыл, сара болу керек ел бегі,  
Көңіл, тілі — түзу, дара, зерделі!

(Шыншыл, сара басшы керек халыққа,  
Халық үшін түсіп шығар тамұққа!)

Жұртқа сыйлы, көңілі — тоқ, көзі — тоқ,  
Білімді, ойлы, пейілі кең, сөзі — шоқ...

1965 Жасай алар ізгілік пен ірілік,  
Заң, ұятты сақтай білер жүгініп!

(Басшы керек, елін сүйер ер керек,  
Болмау үшін адамы — құм, жер — кебек...)

Осындай бек — болар халық көсемі,  
Ұрпағы өссе — тарайды ұрқы көшелі.

Бастар кісі білігімен іс басын,  
Істі оңғарар ақылды ұғып ұстасын.

Бегі халқын білігімен бастайды,  
Білім жоқ па — ақылы іске аспайды!

Бек жаңылса, бектігін дерт жеңгені,  
Дауа тауып, емдеген жөн, ей бегім!

1970 Дерт дауасы — ақыл, білік, ел бегі,  
Бектік дертін ақылменен емдегін!

(Елдігінді — ақылыңмен емдерсің,  
Ақылыңа, бегім, білім дем берсін.)

Болу керек бек білікті, ақылды,  
Емде ақылмен, кесел шалмас басыңды.

Елдің бегі болса ақылды, саналы,  
Екі әлемде сыйлы орнын алады.

Екі әлемде ердің мәшһүр болғаны,  
Құт ұялап, басына бақ қонғаны.

Мұны меңзеп шайыр айтқан сөз екен,  
Бақсаң, мәні білімсізге көз екен:

1975 «Бақыт не өзі? Ашып айтып бер дедім...  
Кім бақытты арасында пенденің?

Кімдер жомарт — сол бақыттың иесі,  
Бақыт берген жанға бақыт тиесі!

(«Алып-беру құтты дүние сабағы,  
О дүниеде ол төрден орын табады».)

Құлқы таза, қылығы ізгі бектердің,  
Сүйінішті күндері де өткерген.

(Қайтпаса бек әділдіктен, шындықтан,  
Бақыт құшар бұғауда да шыңғыртқан!)

Алла кімге ізгі құлық береді,  
Оған қоса жөн-жосықты келелі...

Құт, дүние бұйырады — құлқына,  
Көре ме өзі, бере ме әлде жұртына.

1980 Хұда қолдап, құт қондырса құлына,  
Құлқы түзу, ізгі болар қылығы.

(Әуелі Алла оңдар пейіл-пиғылын,  
Төгер сонсоң құт, береке, сыйлығын.)

Ізгі құлық, қасиет керек мың түрлі,  
Ел басқарып, серпу үшін бұлтыңды.

Ізгі болса, құрыр қылық күйігі,  
Ізгі құлық — бектің нәсіп, киімі.

Хұда кімнің құлқын бұзса, жаман-ды,  
Замана оғы тиіп, жөнін табар-ды!

(Ниеті — сұм, жүрсе жұртты қаралап  
Құдай атар, өлімші қып жаралап.)

Егерде бек қырсық болса бір пақыр,  
Ісі — теріс, сүйініші — мұң тақыр.

(Бегің залым болса шөлдей қу тақыр,  
Қылығы — у, қуанышың су татыр!)

1985 Софы болсын бек, тақуа құлқынан,  
Асыл текті тазалыққа ынтызар.

(Ізгі кісі ізгілікке ұмтылар,  
Ұрқы текті тектіні іздер ұрқынан).

Қорқақ болар тақуа бек көңілі,  
Қорыққан ісін бұлтартпайды өмірі.



Бегің қорықпай, кейде қорқып тұрады ел,  
Бегің онда қорқау болды, ұға бер...

Сергек сезім бектер көркі сабырлы,  
Естиді ондай мұңынды да, зарынды.

(Болмаса, егер бегің софы, тақуа,  
Бек ісінде болмайды әсте бәтуә.)

Бекке іс үшін ақыл керегі аян-ды,  
Ақылмен кең бастаған іс баянды.

1990 Ақылды ердің себі тиер ісіңе,  
Кірмес ісің ақымақтың түсіне.

Көңіл жоқ па, көрер көзден пайдаң жоқ!  
Ақыл жоқ па, құр көңілден қайран жоқ!

(Жүрегі жоқ тасбауыр жан, соқыр нақ,  
Жүрек жоқта, ақыл байғұс ақымақ!)

Ел басқарған ер не дейді тыңдағын,  
Сыннан өткен сабырлы ердің сырбазын:

«Қай кісіде — ордасы ақыл-білімнің,  
Ер деп сана, төк мадағын тіліңнің.

Білігі мол, ақылды, ойлы адамның,  
Кішігі — ұлы, жақсы дегей жаманын...

(Жаман болсын — мақта, көзі ашық қой,  
Білімсізді қасында оның басып қой!)»

1995 Білік — қанат, құт-ырысың торықпа.  
Ақылдыны «дана!» деуден қорықпа.

Ұшқалақтық — жауыз, бәрін аздырар,  
Қолы жетсе, бектің жүзін боз қылар!

Ыза, қызбалық, тыраштардың кергісі —  
Мұның бәрі надандықтың белгісі.

Асыққанда іс шала болып қалады,  
Асыққанда ас ішкен кесел табады.

Барлық істі ойлап істе, сабыр қыл,  
Ибадатқа асыққын да табынғын.

2000 Ашкөзденбе, ұятты ойла, адал бол,  
Ашық айтып, әділ іске жарар бол!

Мешкей тынып, сұғанақ көз қояр ма!?  
Ашкөзділер жаһанды жеп, тояр ма?!

Сұғанақтық — дауасыз дерт, арылмас,  
Күллі жаһан емі қонбас, жазылмас.

Барлық аштар жесе ақыры тояды,  
Сұғанақ көз көрде ғана қояды.

Сұқ құтаймас, қанша мүлік жиса да,  
Сұқкөз кедей әлемді оған қиса да!

2005 Бек кісіге — керек ұят, ақыл, ар,  
Зұлмат күш жоқ, ақыл-арды жапырар.

Ұятты бар адамдар пәк, момын да,  
Ұятты іске тигізбейді қолын да.

(Күшті болса кімде ұят құрыштай,  
Сақтар арын, арамды орып қылыштай.)

Кімге тәңір берсе ұят, намысты,  
Оған қоса бергені құт, даңқты!

Барша арамнан сақтаса, ұят сақтайды,  
Игі іске бастаса, ұят бастайды.

Ұят — қасиет, нұр құяды ер өңіне,  
Сүйрейді ұят ізгіліктің төріне.

2010 Шыншыл тілі сай боп көңіл паркына,  
Күні туса, пайда қылса халқына.

Түніл, бектер қиянатшыл, сұм болса,  
Халқы сорлап, күн көре алмас құл да онша.

Діл, тіл қырсық болса, құлқы талансыз,  
Ондай елден құт қашады амалсыз.

Үміт артпа, сөзі сұйық, қу бекке,  
Қапа болып өтер тірлік құр текке.

Болу керек бек жігерлі, бек — сергек,  
Салғырт болса — оған қалай ел сенбек?!

2015 Екі нәрсе елдің бағын ашады,  
Заң мен сақтық — ел тұғыры қашанғы...

Сақ болса бек — берік елдің іргесі,  
Жауы жасып, тынар үнсіз күндесі.

Қай бек елде заңды тура ұстаса,  
Елдің де онда күні жарқын, қысқасы!

Осы екі жай — бұл бектіктің сынағы,  
Олар болса, мықты бектің тұрағы.

Сақтықпенен жаудың бетін қайтарған,  
Тыңдап көрші, батыр қалай айта алған:

2020 «Ай, ел бегі! Келсе елді сақтағың,  
Жөн сақтықпен жіті қарап, баққаның.

Сақтықпенен болды бектік құзырлы,  
Осалдықтан ұлы бектік бұзылды.

Сақтықпенен жау еңсесін езгейсің,  
Елге әділ боп, рахат көре бергейсің.

(Сергек қара, қадағала жауларды,  
Елді бапта, баптағандай бауларды.)

Екі нәрсе елдік бетін аздырар,  
Түзу жолдан тайдырар да жазғырар:

Бірі — күш те, бірі — ғафыл әлсіздік,  
Екі пәле берер елге әрсіздік,

2025 Жауды басып, келсе тыныш ұстағың,  
Көз, құлақпен бақ баққандай құс таңын.

Сақтықпенен бектер жауын күйреткен,  
Осалдықпен елін, бағын күйреткен.

Осал болса, бектер ісі бітпейді,  
Осал болса, ұзақ бектік етпейді.

Сақ тұрса ер, осалды әркез соға алар,  
Сақ болғай бек, жауың да бас сағалар!

Сақ жүрсе бек, соқтыға алмас ешбір қол,  
Тиісе қалса, табар ақыл-есің жол.

2030 Зұлым күшпен бек ұзаққа бармайды  
Күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды:

Асыл сөз бар. «Қыздырмасын елді — кек!  
Күшпен ұзақ ұстай алмас елді бек!»

Зұлымдық — өрт, тисе өртеп қырады,  
Заң — су, ақса, нимат\* өніп-шығады.

Елді, ей, дана, десең ұзақ билейін,  
Заң түз, үйрет, көгерт елді, сүйрегін.

(Елді, ай, дана, келсе ұзақ билегің,  
Заң түз де үйрет, көктет, бұрсын бүйрегін!)

Әділ заңмен ғалам жайнап, ел сүйінер!  
Зұлым күштен ғалам қайнап, ел күйрер!

2035 Зұлым күшпен қырды талай орданы,  
Ақыры аштан қатты, тағдыр қорлады.

Ділің ондап, бектер заңын үйретсе,  
Бектік мәңгі, күйремейді еш — күйретсе...

Бәрінен де асқан сұмдық, құтты бек,  
Тараса аты: «Бек суайт боп шықты!» — деп...

Болсын бектің сөзі — берік, ісі — айқын,  
Халық сенсін! Тірлігі озып, құтайсын.

Өтірікші опасыз ғой, жотасыз —  
Опасыз жан халқына да опасыз.

(Өтірікшінің ісі жалған, көз бояу,  
Көзбояушы — сұм; көреді өзге ояу.)

2040 Былай депті кісілікті кішік ер,  
Кісілік — опа, кісілікті түсінер:

«Тілі жалған кісінің біл арамын,  
Пиғылы арам жанды мал деп санағын!»

Алдамшыдан опа тілеп қор болма,  
Сыналған сөз, малды мал деп қарағын!»

Елдің ері — болсын батыл, білекті,  
Жауға қойса, жұлып алар жүректі.

- Әскер басы — болсын қайсар, ірі, епті,  
Жүрексіздер алса содан жүректі!
- 2045 Жүректілер жүрексізді бастаса,  
Жүрек бітер бәріне де басқаша.
- Бұған күә бәйіт сөзі тағы бар,  
Жүрегіңе жазып, сырын танып ал:
- «Біл, арыстан басшы болса иттерге,  
Арыстандай күркірер кеп иттер де!
- Арыстандар басы болса — ит бір күн,  
Арыстандар жасар еді ит тірлік!»
- Мейірбанды болсын бектер жайсаң жан,  
Қылығынан жайсандығы байқалған.
- 2050 Сақи бектің атақ-даңқы жайылар,  
Даңқпен бірге жаһан бекір жайы бар.
- Жиылар да толар әскер-жасағы,  
Жасағы көп бектің бағы тасады.
- Баһадүрді тыңда бұзған орданы:  
«Ей, мәрт, жең де, ерге тарат олжаны!
- Сақи болғын, ішкіз-жегіз, сыйлағын,  
Азайса егер, тағы олжалап жинағын.
- (Ішкіз-жегіз, таусылар деп тартынба,  
Тағы олжа тұр бұл олжаның артында!)
- Мәрт батырдың, олжа-азығы кемімес,  
Лашын құстың дән-ырзығы кемімес.
- 2055 Қылыш, балта, оқ, күш, жүрек барында —  
Дүние үшін қорықпайды ер, тарылма!
- (Қылыш, балта, оқты ержүрек ерлерге,  
Байлық мұң ба, тепсінісіп келгенде!)
- Жиһангер бек бәрін қайдан алады:  
Қайда әскері — сонда байлық, тамағы.
- Ел қорғауға жер қайысқан қол керек,  
Қол ұстауға түрлі тауар мол керек.

Нәрсе алуға — болу керек бай халқын,  
Заң түз елді байытуға найқалтып!

- Бірінсіз бұл төртеуі де сұлайды,  
Бәрі тайса — бектігің де құлайды.
- 2060 Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап,  
Жақсы атымен, дақ тигізбей намысқа.
- Үшқалақтық — бірі, екінші — сараңдық,  
Үшінші — ашу, оған егіз надандық.
- Қырсығың — сор, бетті жер қып жүргізер,  
Бесінші — өтірік, жерге тірі кіргізер!
- Бек бұлардан бойын аулақ ұстасын,  
Атын сақтап, бақса сөздің нұсқасын.
- Ең қорлығы — өзімшілдік, залымдық,  
Өзімшілдік — торланғаны бағыңның.
- 2065 Шайыр меңзеп айтқан ойды осыған,  
Түсін де ұстан, сөзіңе — сөз қосылар:
- «Қырсық құлық адамға ауыр жүк тегі,  
Қырсық буса ер — байлаудағы ит дегін.
- (Қырсық қысса, ісің оңға баспайды,  
Оққа байла, буып-қорлап тастайды!)
- Жау қылмаған жаулықты істеп есірер,  
Бұл да жауың. Жаудан мұның несі кем?!»
- Елді тұтас тұтқың келсе, Елік, сол —  
Қолың жетсе, үш нәрсеге берік бол:
- Қылыш ұстап, жауды қырса он қолың,  
Мал таратып, сый көрсетсін сол қолың.
- 2070 Сөйлеп кетсең, шырын тамсын тіліңнен,  
Бек, ұлық, құл — бәрі сөзге жүгінген!
- (Жылы сөйлеп айдаһарды арбарсың,  
Жылы сөзбен ділді ділге жалғарсың!)
- Мұның бәрін білсең жұртың сүйеді,  
Халқың сүйсе, төрден орын тиеді!

Жүзі нұрлы, сөзі шырын, жаны асыл —  
Бұл пішінге құлқы тұрса жарасып.

Ділі жұмсақ, өзі сақи, қолы ашық,  
Мейіріммен жүрсе жұртқа жаны ашып.

Түрлі өнерді білсе түгел, саралап,  
Маңайынан алыс жүрсе жаманат.

2075 Ондай кісі ел ішінде саралар,  
Сара адамда күнә болмас қаралар.

Әлем халқы соған құлдық етеді,  
Жер-жаһанда ол тілеуіне жетеді.

Түксиген жүз, іріген сөз, құр керден,  
Жирендiрер, жөн таба алмас сұм да елден.

Ұшқалақтық, жеңілтектік, дау-дамай,  
Қара құлқы, жырақ жүргін, барма олай!

Қара құлқы бек біткенге жараспас,  
Жұқса — қорлар, бек екен деп санаспас.

(Содыр, сойқан, бетсіздіктің бәрінен,  
Қашық жүргін, сырт айналып әріден.)

2080 Құл қара да, бектер әппақ, қарашы,  
Айырып бақ ақ-қараның арасын.

Болам десең тұлғалы бек, ұлы бек —  
Түрлі өнерді тұт та, таныт — құдірет!

Аты бек те, құлқы болса қап-қара,  
Қараның ең қоры ол елде, масқара!

Бек шырайлы, сақал-шашы басылған,  
Орта бойлы, болсын мәшһүр, асыл жан!

(Бек көрікті болсын — жауы күйінсін,  
Орта бойлы болсын — көзің сүйінсін!)

Көрікті өңін көрген сүйіп, шаттансын,  
Ел-жұрты аңдап қуаныссын, мақтансын!

2085 Айбатымен жауын буып тастасын,  
Көрер көзді көркімен-ақ жасқасын.

(Жауын жасқап айбаты мен қабағы,  
Көрер көзді қарықтырсын ажары.)

Ұзын бойлы ойсыз сырық ол да бір,  
Тапалдарда не көрік бар, не қадір!?

Олай болса, орта бойлы керегі,  
Орта бойлы қонымды, ізгі себебі.

Көпті көрген, көп жасаған кісінің,  
Сөздері бар тыңдап, түйгін түсініп:

«Бойы қысқа, тапал — шақар ежелден,  
Шақар қайда — жанжал, шатақ кемерден.

2090 Орта бойлы болсын, соған қонымды,  
Ісінді орта тұтқын, ойлым, толымды!»

Шарап ішпе, бек, бейбастық жасама,  
Бұл екі істен бастағы құт қашады!

(Шарап ішпе, зинақорлық қылмағын,  
Құтың қашар, басыңа мұң шырмалып.)

Бектер ішіп, бой алдырса тәттіге,  
Күні де ашты, елі мұңлы, дертті де.

Жиһангердің — ойын болса құмары,  
Елін бұзып, телімсек боп тынады.

Бектік дәурен өтер — күйіп-жанарсың,  
Құстай ұшар — қарманарсың, қаларсың!

2095 Ішімдікке құмар байқұс наданға,  
Білікті ер айтқан, сақта сананда:

«Ей, маскүнем, құлқын құлы, ішпегін,  
Қайыршылық — жолы ашылар, түспегін!»

Қара ішсе, мал мен мүлкін салады,  
Бегі ішсе, елдің шырқын алады.

(Қара ішсе — малы желге ұшады,  
Ішкіш бектің — тозар елі құсалы!)

Ішімдік — жау. Шарапшы алып күмісті,  
Ішкен даукес бастар ұрыс-керісті.

- Ішкен кісі ақылынан алжасар,  
Ал ақылсыз ісі қисық әрқашан.
- 2100 Ердің сөзі, ұққан адам затыңды,  
Құлқын құлы, тыңда айтқан ақылды:
- «Ішкен кезде — ұмытылар керекті іс,  
Мастан шығар — неше түрлі іс керексіз!»
- Қанша ізгі ішімдіктен бүгілді,  
Қанша істер ішімдіктен бүлінді!?
- Бегі ойнап, шарап ішсе, ақыры —  
Қалай жетсін ел ісіне ақылы!
- Фәсад\* келсе құт та қашар, күй кетер,  
Фәсад\* дәйім бектігіңді күйретер.
- 2105 Құт, бақыт пәк — тазалықты тілейді,  
Дәулет — игі, ізгіліксіз жүдейді!
- Бек — зинақор, ішкіш болса бұзылған,  
Елі де ішер, құр қалып құт-қызырдан.
- Қара\* мінін, бек тексерер, түзетер,  
Бектің мінін кім түзетер, кім өтер?!
- Кір мен ласты кісі сумен жуады,  
Су былғанса, кірін немен қуады?!
- Кісі ауырса берер дәрі-дәрмегін,  
Оташыны кім емдейді, әл беріп?!
- 2110 Бектер үлгі — түзу құлық, ісімен —  
Ғибрат алып, жүрер халық ізімен!
- Бегі қандай заң, ғәдетті ұстайды,  
Халқы көріп, сол әдеттен шықпайды.
- Бұған қуә сөз айтыпты бір дана,  
Мәні түзу, өзің ойлап біл қара:
- «Қандай жолмен жүріп өтсе бектері,  
Құлының да сол ізбенен кеткені!
- Ізгі болса бегі, түзу істері,  
Анық құлы одан да ізгі іс істері!»

- 2115 Пайда қандай өркөкірек, паңдықтан,  
Тәкаппарлық түзу жолдан қаңғыртқан!
- Талаптанып, кішік тұтқан көңілді,  
Ұлық болды бектер құтты, өмірлі.
- Зерек жанның не дегенін естігін,  
Білген бектің түрлі кейіп-кеспірін:
- «Көкірек бектер кекірейген мардымсып,  
Қадыры кетер, алып жұрттың қарғысын!»
- Көкірек кісі көкке ұша алмайды,  
Кішік көңіл еншісінен қалмайды...
- 2120 Күпірлік — сор, жүрегінді мұздағар,  
Кішік — кісі, көңіл — құсты жырлатар.
- Бектер болсын — жайсаң — жаны жайдары,  
Сұмнан түңіл — алпыс екі айлалы.
- Кішіпейіл, болсын жарқын мінезі,  
Кешіретерді кешіре алсын бір өзі.
- Мейірімге жылынған ер мейірлі,  
Мейірленген қызыметке бейілді.
- Ел басына лайық ынта, кең пейіл,  
Кең пейілге қоса жайсаң мол мейір!
- 2125 Қамқор, жайсаң деген аты тараса,  
Бар тілегі шығар алдан таласа.
- Ынта, пейіл болмаса, бек — тірі өлік,  
Екі дүниеде кешер тірлік сүреңін.
- Қамқор көңіл саясатпен ыңғайлы,  
Сес, бұйрықсыз билік тағы тұрмайды.
- Саясатпен жұртын, заңын түзетер,  
Саясатпен елін-жерін күзетер.
- Мына бәйіт сөздерімнің дәлелі,  
Дәлел болса — құжжат\* та анық, кәделі:
- 2130 «Бұл саясат бек қақпасын зерлейді,  
Саясатпен бектер елін жөндейді.

- Саясатты жаманға үйрет. Бағы бар —  
Ел былығы саясатпен арылар!»
- Ел тұғыры, бектік түбін сақтайтын —  
Екі нәрсе — көк жұлдызы\* батпайтын:
- Бірі — елге әділ заңды қаратқын,  
Екінші — әскер, ерге күміс таратқын.
- Әділ заңнан жұрт көңілі тасады,  
Күміс болса, әскер күші асады.
- 2135 Бұл екі топ болса разы бегіне,  
Жайланар да жайнар бегі, елі де...
- Әділ заңын бермесе бек еліне,  
Ел қорғаусыз қалса обырдың жеміне,
- От қойғандай қырқысып ел бұзылар,  
Тұғыр құлап, бектік, шәксіз жығылар.
- Бек әскерін сүйінтпесе ырза ғып,  
Қылыш қыннан шықпас текке, онда анық!
- Қылышпен бек ұзартады қолын да,  
Қылышсыз бек — билей алмас құлын да!
- (Қылышпен бек ұзартар өмірін де, қолын да,  
Қылышсыз бек — қырсыз бек ерген жұрттың соңында!)
- 2140 Қылыш, балта сақтар жаудан еліңді,  
Қылышты бек — бастайды елін сенімді!
- Қылышымен жауды қуған жапырып,  
Тыңдап, байқа, жиһангердің ақылын:
- «Ай, ел бегі! Сақтансаң тек сақтайды —  
Қылыш жетпес жанға у бірақ аттайды...
- Қылыш, балтаң сақшы болсын қасыңда,  
Қылыш тұрса — тыныш тұрмыс, басың да!
- Қылыш тұрса — жауың бұғар жасқанып,  
Қынға кірсе — ербеңдетер бастарын.
- 2145 Қадірле, бек, ерлеріңді қылышшы,  
Аштық көрмей, бол ғұмырлы, ырысты!...»

- Айтты Өгдүлміш: «Құрметті Елік, әділ ер!  
Аты — ұлық демесең, ел ісі бір әбігер.
- Ел басқардым дегенше, өртке кірдім дегейсің,  
Уайым, мұң жүгінен төрт бүгілдім дегейсің.
- Сүйініші — күйініш, қайғы-мұңын жамылар,  
Рахметі — сөккені, тақпаған ат тағылар.
- Қай жағына қарасаң, үңірейген үрей тұр,  
Рахат, шаттық аңсасаң, парыз деген дүлей тұр!
- 2150 Қалың түнек — қастарың, қостаушың аз демейтін,  
Керістің жоқ шет-шегі, келісімді аз жебейтін.
- Өтірікші, арсыздар бүтін елді бүлдірер,  
Бүлінген ел — намыссыз, бек түземей кім түзер!
- (Көңілің алаң, тұманды, ел қамы еншің бір сенің  
Құрау-құрау көңілді талайды иттей мұң-шерің.)
- Қай ісіне бұрылсаң, жылмандаған қатер бар,  
Қатерде не рахат, жіпке тізген қатенді әр!
- Ақылды сөз — асыл сөз, інжу-маржан секілді,  
Ақылды ердің сөзін ұқ, оңға бұрып бетіңді:
- «Елік, қылша мойының, дағарадай басын бар,  
Соған бола ақылды ер, дана екен деп бас ұрмас.
- 2155 Бектік — қылыш, басыңды қыр желкеңнен аңдыған,  
Мың келеді күніне қауіп-қатер қаңғыған!
- Күллі бектік ісінде жаңсақтық бір өріп жүр,  
Бірі жұтып өз басын, бірі рахат көріп жүр!
- Екі дүние қамын да, парызындай ойласаң,  
Мына түрлі істерді, тындырмай бір қоймасаң:
- Сыйын Алла атына, түзет көңіл, тілінді,  
Екі қылмай бұйрығын, сүйрет тағдыр-жүгіңді.
- Рабыңнан келсе не, разы бол, табын да,  
Қызмет көрсет табынып, арың да сол, бағың да.
- 2160 Бар халыққа көңіліңнен орын тауып, мейір бөл,  
Туу үшін ізгілік, ізгілік қып, пейіл бер.

Қайырым ет халыққа, кесірінді тигізбе,  
Кеселден без алысқа, мойныға азап кигізбе!

(Жақсылық ет, жарылқа, кесірлермен кескілес,  
Өзің аттан салмасаң, үніңді ешкім естімес.)

Сонда тірлік ләззаты, түгел саған қарайды,  
Нәсіп көріп, ойнап-күл, жер сүйгенше самайды.

Бүтін жаның үзілсе, үміт үзбе Алладан:  
Ізгіліктің тірлікте өтеусізі қалмаған!

\* \* \*

Аяқтадым сөзімді, Елік, тыңдап байқадың, —  
Бекке осындай сипаттар, білік керек, айтарым.

2165 Кімде осы белгілер болса, кемел беделі,  
Бек деп атап, қолына — ел тізгінін береді.

Ондай кісі бек болар, жүректерде жатталар,  
Оның әрбір ісінен қалғандары бақ табар.

Не дегенін тыңдайық білімді, ойлы кісінің,  
Сөзі де үлгі басқаға, үлгісі мол ісінің:

«Бек білімді, ақылды, адал болсын, ақ болсын.  
Парасаты, ақылы ізгілерге жақ болсын!

Өзі жомарт, өзі есті бек басқарған билік те,  
Болып тұрар нақ сондай. Жүйрік ес қой жүйрікке...

2170 Кешірімді, мейірлі, көңілі тоқ, көзі тоқ,  
Бегің болса, халайық, жұрттың басқа сөзі жоқ!»

Осындай бар қасиетін шығара алса жарыққа,  
Бақ құсындай қонады қалың қара халыққа.

Қайсы ел бегі осындай кемел болса, келісті,  
Сол ел құтқа бөленіп, көрмес еді кемістік.

Ел үстінде нұр сеуіп, құтты күндер туар-ау,  
О, дариға-ай, осындай бектер де өліп, тынады-ау!

\* \* \*

Білгендерім осы, Елік, қалған ойда сақталып,  
Соны ақылым жеткенше баяндадым ақтарып!»

## Еліктің Өгдүлмішке сауалы

2175 Елік айтты: — Ұқтым. Сөзің сенімді,  
Күнсандықтай аштың ақыл-көніңді.

Тағы да бір сауал бергім келеді.  
Маған ашық айтып берсең деп едім.

Бегі сондай ұлы-ақ болсын керемет,  
Уәзірі қандай болмақ? Не дер ең?

Қазынасы толса алтын-күміске,  
Ел жетіліп, көбейсе ғой ұлыс-кент.

Әділ заңмен басқарса елін, таймаса,  
Көңілі хош әскер туы жайнаса.

2180 Халық баққа жетіп, зорлық көрмесе,  
Бектің даңқы көкке күнде өрлесе,

(Мұндай елде, мұндай бектің қасында,  
Қандай уәзір керек екен, расында!?)

## 29. ӨГДҮЛМІШ УӘЗІР ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Елік ұғып, біле біл,  
Уәзір — бектің созған қолы, тірегі.

Уәзір керек бекке, істің ұйтқысы,  
Жақсы болса — тыныш бектің ұйқысы.

Көтереді ол бектің ауыр жүгін де,  
Бекітетін бектікті өзі түбінде.

Керек бұған кемелденген сара жан,  
Құштар жүрек, көңілі жүйрік, дана жан.

2185 Ақылы мол, теңіз сынды білімі —  
Іске ықтият, қызылы бар жүзінің.

Қырағы сақ, болса арлы, турашыл,  
Туралықпен өтсе күні туғасын.

Ұлы іске бұл сайлы ер керек, кемел ер,  
Қылқы сара, құлқы дара ерен ер.

Ақыл керек, керек білім, зеректік,  
Сезімталдық, мәрттік бірі керектің.

- Асыл ұрық ақылды ердің ұрығы,  
Қайда да өнер, болмас қурап құруы.
- 2190 Дін басында болсын пәктік, иман, ар,  
Сонда халық сенер, ерер, иланар.
- Сақи кісі — кісілердің сарасы,  
Бар байғұсқа дәрмен берер, қарасып.
- Сақи кісі сақтықтан бір шеттемес,  
Сәтін білер, мәнсіз іске беттемес.
- Бектен кейін елге басшы уәзір,  
Елігі үшін сөз, қылығы тұр әзір!
- Тексіз кісі бетсізбенен шамалас,  
Ал бетсіздер уәзірлікке жарамас.
- (Тексіз кісі кісіге опа бермейді,  
Бекке көмек істеуге әлі келмейді.)
- 2195 Тектілердің күшті ары, намысы!  
Тексіз байғұс жафалы әрі тар іші!
- Не дейді екен заңды білген ер кісі,  
Ел басқарған, жөн білетін кең кісі:
- «Ақ ниетті, ақ жүректі тектілер,  
Жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер.
- Жапасы көп — сенбе тексіз қиқарға —  
Шекер беріп, жілік майын құйсаң да!»
- Ұяты бар, көзі де тоқ ер керек,  
Өзі ұятсыз, бөрі-тажал не керек!?
- 2200 Токкөз керек білмес малға сұқтана,  
Ашкөз тоймас дүниені жұтса да!
- Кісілікті ұят сақтап қалады,  
Ұяты бар кісі — адамның адамы.
- Іс берсең бер ұятты-арлы адамға,  
Намысты жан ашпайды есік арамға.
- Ұятсыздың ұятсыз, нас тілі де,  
Жөн сөзі жоқ, кісі қоры тіріде.

- Тыңда адамды ұяты — көз, жолы хақ,  
Ақыл айтқан ақ жүрегін қолына ап:
- 2205 «Ұятсызға жақындама, жырақ тұр,  
Ұятсыздың көзі ұятсыз, құлақ тұр.
- Жүзін көрсең, етсіз сүйек, бір елес,  
Өзін көрсең, үңірейген құр өңеш!»
- (Құр қу сүйек етсіз өңі бетсіздің...  
Бітіп бермес тесік өзі тексіздің...)
- Ұят болса күні жарық, өңі — гүл,  
Тұрар жұртты нұры шарпып көзінің.
- (Арлы адамда — сый-сияпат, құрмет те,  
Даңқ та, атақ та — бұйырмас құр дүрмекке.)
- Болу керек түсі жылы, адал, ақ  
Іс-түсіне сүйсінердей жамағат.
- Адал болса бектің құлық-қылығы,  
Жылдар-айлар бұзылмайды ел шырығы.
- 2210 Іс басшысы ісін дұрыс бақпаса,  
Бектің күллі ісі теріс, басқаша...
- (Бек құтының берекесі кеткені,  
Уәзірі бақты басқа тепкені.)
- Адал болса, білсе істің мәнісін,  
Бегі сонда сеніп берер бар ісін.
- Түсі игінің, қарасаңыз, ісі игі,  
Елге игілік ізгі құлық, ісі үлгі.
- Нұрлы кімнің сырт бітімі, түсі де,  
Сондай нұрлы болар сұлу іші де!
- Тіршіліктің білген жақсы-жаманын,  
Тыңда терең, білікті ойдың адамын:
- 2215 «Көркіне іші үндес келер кісінің,  
Өңі қандай — түрі сондай ісінің.
- Тысын көріп, ішін танып аласың,  
Бөлу қате іш пен тыстың арасын!»



- Салауатты, бапталған шаш-сакалы,  
Уәзірдің ісі де алға басады!
- Білімге ұста, жүйрік болса есепке,  
Жазуға ұста, керең болса өсекке.
- Есеп-қисап — уәзірдің күллі ісі,  
Қалады ісі есептеуді білмесе.
- 2220 Қисаптаумен сақтайды ісін, елдігін,  
Айырады жыл, ай, күнін, мерзімін.
- Сақ болған соң, «Сақыш» атын балаған,  
«Сақыш» деген «сақ» «іс» білер, қараған...
- Сана болмай ісі оңалмас кісінің,  
Санамен ол ығын табар ісінің!
- (Түйсік болмай, істің бабы табылмас,  
Түйсік болса, ешбір пендең жаңылмас.)
- Жазғанда адам білгендерін түсірер,  
Жазбадан ер не істегенін түсінер.
- Жазу-сызу — білім-білік белгісі,  
Жазу білген түйсікті, есті ер кісі!
- 2225 Жазу-сызу білмесе, адам қайырлап,  
Жыл, ай, күннің сәтін қалай айырмақ.
- Жазып хаттап қалдырмаса даналар,  
Есеп-қисап, білімді кім бағалар?!
- Дүниені жаратпастан бір Аллаң,  
Ең әуелі қалам, тақта\* шығарған!
- Ал құлдары не істеп, нені бүлдірді —  
Періштелер жазып алып білдірді.
- (Көңілі — жаз, сөзі жылы, байыпты,  
Жақсы мінез жақсыларға лайықты.)
- Мінезі — бай, тілі майда болғай-ды,  
Осы жолда жұрты сүйіп қолдайды.
- 2230 Мінезді ердің жаны гүлдеп, бағы асар,  
Досымен де, жұртымен де жарасар...

- Тындап жайсаң, момын кісі ақылын,  
Алып көрші, адал пейіл асылын.
- «Көңілі жай — сүйкімді де, сыйымды,  
Тасбауырдың сыюы да қиын-ды.
- (Мінездіге түгел кәрі-жас — бауыр,  
Күллі тасқа соғылады тасбауыр...)
- Жаны жақсы жақын билік, зейнетке,  
Жаны доғал жақын жүрер бейнетке!»
- Уәзірге бітімі ерек ер керек,  
Сауатты, ойлы, парасатты, ең зерек.
- 2235 Қылқы түзу, көңіліне тілі сай,  
Шыншыл адал, ұятты, елге ділі жәй.
- Іскер, сергек, тоққөз баққан аранды,  
Айыра алар жақсы менен жаманды.
- Көңілі сара, аманатын сақтайтын,  
Болса иманды, іскер, адал сатпайтын.
- Кімде болса мұндай білім, қасиет,  
Уәзірге алса жарар, бас ием...
- Болса бектің уәзірі осындай,  
Бекпен бірге елін түзер тосылмай.
- 2240 Түгенделіп Еліктің бар тілегі  
Елі түлеп, бақытты өмір сүреді.
- Ел бұзылар, уәзірі сұм болса,  
Бай кедей боп, ұл телмендер құлдарша.
- (Дария — бастан, балық бастан бұзылар,  
Уәзір қандай болмағы елдің тұзынан...)
- Елге пайда ізгі уәзір жолықса,  
Бек жаны хош ел ырысы молықса.
- Тындап қара, ақылы дария дананы,  
Құрмет тұтқан байтақ әлем алабы:
- «Ізгі болса бек те, көңіл, сөзі де,  
Қызметкері тартып тұрар өзіне.

2245 Бек сұм болса, мойнында ел зары бар —  
Қызметшісі де әділ жолдан жаңылар.»

Жақсы бектің, жақсы болар құлы да,  
Зияны жоқ, ізгі құлық, сыры да.

Бектің өзі айналғанша залымға,  
Жақындатпас арамын да, аңын да!

Жаман қайда, бәрі сонда жаманның,  
Жақсы ес\* тіле, өзің жақсы жаралдың!

(Жаман жүрер жамандықтың басында,  
Жақсы жүрер жақсылардың қасында!

Таласа да тірлік үшін бір-бірін,  
Бұзбайды екен шиебөрі бірлігін.

Серік болмас көкте қарға лашынға,  
Лашын — бұлтта, құзғын боқтық басында!)

Жаман-Жақсы жараспайды ешқашан,  
Түзу-Қисық қабыспайды ешқашан.

2250 Жарық күнге жарық бермес қара түн,  
Қызыл отқа қонақ болмас қара су.

Білгің келсе, біліспеген кісіні,  
Білішін\* біл, сұрап ал да түсініп.

(Білгің келсе адамның жөн-жосығын,  
Сұра әуелі кім екенін досының.)

Күллі нәрсе үйірімен жүзіп жүр,  
Қыңырларға қатынаспай түзу жүр!

Дәлеліндей бұл бәйітті оқығын,  
Оқып, ойлап, көңіліңе тоқығын:

«Жүгірген аң, ұшқан құс та, қарашы,  
Тең-тұсымен, серіктесіп, жарас-ты.

(Дос-досымен, тұрымтайың тұсымен —  
Жердің құрты жұғыспас көк құсымен.)

2255 Жаман-жақсы қатыспайды, біліп ал,  
Бар нәрсенің өз жұбы бар, жігі бар».

Уәзір — бектің кеңесшісі, сырласы,  
Кеңесшісі — теңі, бейне құрдасы.

Ізгі кісі, теңінді ізде табысар  
Құлқы жаман — қырсық болып жабысар.

Бектер жаман кісіменен жұғысса,  
Аты шулап, пәле тиер ұлысқа.

Жақын тартса бек жақсыны көшелі,  
Жақсы ат қалып, ел түзеліп өседі.

2260 Болса сондай уәзірі хандардың,  
Бегі — тыныш, қарасы\* — тоқ, аңғарғын.

Месел қайтпай. Өрлеп тірлік өріне,  
Қайсы ісі де келіп тұрар жөніне.

Халқы байып, елі мен жері жасанар,  
Қазына толып, жылдар құтқа апарар.

Мәңгі-бақи қартаймастай ат қалар,  
Қартайса, өлсе — орны жақсы сақталар.

Мына жалған ол жалғанға ауысып,  
Мәңгі жасар құт-дәулетпен қауышып!

(Көрген адам бұл дүние қызығын,  
Білмес, әсте, ол дүние бұзығын!)

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

2265 Елік айтты: Түгел сөзді ұғындым,  
Шықты бүгін кіл ізгі сөз ғұмырлы!

Қолбасшылар қандай болса дер едің?  
Баһадүрсіз жауды қалай жеңемін?

Ісін де істеп, әскерін де бастаса,  
Ісі өрлеп, қателікке баспаса.

Қандай жандар, айтқын, жауды жаратын,  
Қолды бұзып, қамалын да алатын.

### 30. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ӘСКЕР БАСШЫЛАРЫ, ҚОЛБАСЫЛАР ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН ӘҢГІМЕЛЕЙДІ

Айтты Өгдүлміш: — Елік, соған келейін,  
Жаудан үстем болсын күшің, мерейің.

2270 Шәксіз, бекке қажет мықты қолбасы,  
Ұйқы қашып, сассын жаудың ордасы.

Мұндай іске жігіт керек құрыштай,  
Өзі ержүрек, көпті көрген қылыштай.

(Батыр керек көп бейнетті өткерген,  
Тасжүректі не сұмдықты көп көрген.)

Әскер бастап, ат ойнатпақ қиын-ды,  
Шерік бастап, жау жайратпақ қиын-ды.

Сара ер керек, сақ, қырағы, талмайтын,  
Ғафылдықпен отқа түсіп қалмайтын.

Жаны жомарт, өзі мерген, қолы ашық,  
Батыр... Ақыл... тұрсын түгел жарасып.

2275 Сақи болсын әскербасы ғаламат,  
Жиналса оған кіл саралар, даралар!

Адаш-құрдас, достың біліп жан қамын,  
Үлестірсе әскерлерге бар малын.

Өзі ат-тонын, қару-жарақ қалдырса,  
Бұл жаһанда қолбасы аты жаңғырса.

Ұл-қызым деп, әйел деп мал\* бақпаса,  
Жер-суым деп, құт деп күміс таппаса.

(Ұл-қыз, үй деп мал-дүние жимасын,  
Алтыны емес, аты жерге симасын.)

Бар тілегі болса қылыш үшінде,  
Жаулап, беріп, еселесе күшін де!

2280 Тойындырса, киіндірсе құбылтып,  
Ат, ер-тұрман, қыз-ұл берсе шұбыртып.

Сонда ержүрек ерлер келіп қолына,  
Шыбын жанын қияр еді жолына.

(Ерен ерлер қаулап күші тасады,  
Жан пидамен тау-қиядан асады.)

Жүрек керек, өрлік керек, тағы ақыл,  
Қайрат-Жүрек, әскерде — екі қанатың.

Сужүректер шыдай алмас дабылға,  
Жүрексіздер батыр қатын жанында.

(Жауға шапсаң, жүрексіздер керексіз,  
Жүрексіздер қатынға тең демекпіз.)

Жүрексіздер шерік легін бұзады,  
Қол бұзылса, ер бір-бірін бұзады.

(Сужүректер шерікке үрей береді,  
Үрейленсе, шерік қалай жеңеді?!)

2285 Жүрек керек, сабыр керек айқаста,  
Жау ат салса — құт, жиылып байкастап.

(Кір ұрысқа, мұздай қару жасанып,  
Жау ат қойса — сен қарсы сал қасарып.)

Бір өлім бар: көнбе, мейлі, көн, мейлің,  
Ажал жетпей, баһадүрлер өлмейді.

Жауды жеңген, ажалды естен шығарып,  
Былай депті, аты мәшһүр бір алып:

«Туғаннан соң текке өлу жоқ, біл енді,  
Жауды көріп қалтыратпа тізеңді!

Өрттей тиіп, мәрттей жауды алқымда,  
Ажал жоқта айбалтадай жарқылда!»

2290 Намыс керек, намысты ерлер қашаннан,  
Өш алғанша, жауды қуып қасарған!

Намысшыл ер жаудың қанын шашады,  
Намыссыз ер жер бауырлап қашады.

Намыс үшін қорқақ ерлік қылады,  
Өкінішті ер өзін жарып тынады!»

Жүректі ер ар-намысшыл келеді,  
Намысты ер тек күресіп өледі.

Мәрт қылықты, қыз құлықты еріңді,  
Құрметтейді сүйіп, сеніп елің де!

2295 Сыпайы ер көңіліңді ерітер,  
Тілі — ащы, қытымырлар жерітер!

Әскербасы, өктем келсе, кердеңдеп,  
Жау алдында тартады азап, сергелдең.

Қапы қалар, тәкаппар ер, өркеуде,  
Иә, көрге енер, иә бұзылар көркеуде!

Сүйкімді, мәрт ер болуды қаласа —  
Аты шығып, атақ-даңқы тараса.

Ессіздерге ол ес болады қорықса,  
Естілерге серік болсын торықса!

2300 Әскербасы саясатты меңгерсін,  
Әскер ісі саясатпен, сезерсін.

Саясатпен әскер басы шығады,  
Басшы болса, ер де алаңсыз тұрады.

(Саясатпен әскерің де сенімді,  
Басы өлсе де, жібермейді кегінді.)

Елік, әскер босып қалса, басшысыз,  
Бұзылды әскер, қалғаны елің сақшысыз.

(Онда әскерің бүлінеді, іриді,  
Билігіңнің бас діңгегі шіриді.)

Ессіздерді саясатпен бұрған жөн,  
Естілерге құрмет жасап тұрған жөн.

Ізгілерге ізгілік ет, сыйла да,  
Тілегін бер, тектен текке қинама!

2305 Күллі пенде бір жақсылық іздейді,  
Жақсылыққа құл ғой, болсын кім мейлі.

(Құрмет жаса, түзет көптің құлығын,  
Кісі өзін сыйлағанның құлы, біл!)

Ай, құлықты, сөзді тындап, жаттарсың,  
Бәйітті оқып, көңіліңіз шаттансын:

«Жақсылықтың — құлы, азат адам да,  
Жақсылық қып, баста түзу қадамға.

Адамдыққа — сен де жаса адамдық,  
Кісіліктің жолы солай қаланбақ!»

Әскербасы талай істі меңгерсін,  
Жауға шапса, сол білгені дем берсін:

2310 Қарысқанда — керек ірбіз білегі,  
Жауласқанда — арыстанның жүрегі!

(Шайқасқанда арыстандай алып түс,  
Айқасқанда қабыландай жарып түс.)

Доңыздай доң, ашбөрідей азулы,  
Ызалы аюдай, дәл қодастай ашулы.

Аяр болса қызыл түлкі секілді,  
Кекшіл болса хас бурадай кесірлі.

Сауысқандай екі шоқып бір қарап,  
Құзғындай боп шолса алысты көз қадап.

Арыстандай айбат жасап — бүргенде,  
Үкі сынды ояу болса — түндерде.

2315 Жаугер болар бұл сипатты асылдар,  
Хас жауынгер қару-жарақ асынған.

(Мұндай жасақ талай бектің арманы,  
Қолбасшыға белгілі ғой аржағы.)

Жарақтанған, жау алғыш ер тегінде,  
Жауды жаншып, қайтарады кегінді!

Нан-тұзы мол, ішер асқа бай болсын,  
Киім-кешек, ат, қаруы сай болсын.

Ас-су, нан-тұз — жауынгердің өзегі,  
Ішкен асы тіршіліктің көзі еді!

Ыла есімді айтқан екен көп үшін:  
«Құтты кісі, тұз бен нанды көп ұсын!

2320 Атақ-даңқың шықсын десең — тұз-нан бер,  
Өлмей тірі жүрсем деген тұз-дәм жер!»

Сыйлап сақи кісілікпен жүреді,  
«Тұз-нан хақы — ер хақы», — деп біледі.

Ас бергейсің — ұлылықты тілесен,  
Көп жасайсың жұртпен тойып, жүдесең.

Көп іс керек атты қолдың басына,  
Жосық түзіп, іс істеуге асыра.

Кеулі бүтін, сөзі шынды — ер дейді,  
Суайт бекке халық сеніп ермейді.

2325 Екіншіден, сый бермеген — сорлайды,  
Сараңда — дос, сараңда қос болмайды.

Үшіншіден, жүрек керек түгімен,  
Жүрексіздер жауды күрсе сүрінер!

Төртіншіден, білу керек айла-амал,  
Айлалыдан арыстан да жайраған.

Қол бұзуға болу керек — шыдамды,  
Қол бастауға — батыл әрі орамды.

Мұндай ерге ауыр емес ауырың  
Күйретеді қабырғасын жауының!

2330 Мұндай ерлер жауға шапса қол бастап,  
Қашар дұшпан шыбын жанын қорғаштап.

Бұл қолбасшы жауға шапса — қырағы,  
Күндіз-түні ұйқы көрмей шығады.

(Жорықта ер жалтақтап ас аңдымас,  
Түнді-күнге жалғар, қатып, қалғымас.)

Тобырлы емес, толымды әскер керегі,  
Сара ер мен қару күшті себебі.

(Сансыз емес, сара сардар керегі,  
Сара сарбаз, сансыз қару жеңеді!)

Қалың шерік, басар басшы — тірексіз,  
Қолбасшысыз әскер қорқақ, жүрексіз.

Ер айтыпты сынап, құрған көп кеңес:  
“Он екі мың әскер тегі көп те емес!” —

2335 Түзетіпті ер көрген талан-талайды,  
“Маған төрт мың әскер болса, жарайды!

Тозар іштен қалың әскер жайылып,  
Түзеп болмас, жауға жиып қайырып!»

«Сара сардар, қару қажет жеңіске!» —  
Деп түйіпті, жау күйреткен келісті ер.

Не дейді екен батыр, шыққан атағы,  
Сөзін ұққан — жеңіс дәмін татады:

«Сара ер ізде, сансыз әскер — қашқан жел,  
Құмға сіңген дариядай тасқанмен.

(Сара, күшті сарбаздарды сайлағын,  
Қару-жарақ, бес қаруын байлағын).

2340 Көп әскерден азы жақсы жинақы,  
Көп әскермен талай күйреп, қирадық.

(Шымыр шерік — көк найзаның сүңгісі,  
Шашылған қол — күннің тоз-тоз сұлгісі)

Жауға аттанса батыр қолын аударып,  
Жақын тартсын сол жауының жауларын.

Шолғыншы\* сап, шарлаушы\* сап саралап,  
Көз, құлақты тіксе алысқа жағалап.

Шарлаушы мен шолғыншы өтсе тереңдеп,  
Қысса сырттан тұрған жауды елеңдеп.

Әскер түзіп, сақшыларды реттесе,  
Ер кейіндеп, із ілгері кетпесе.

2345 Күзет қойып, тұрған жерін таңдаса,  
Сақшылары сақтығынан танбаса.

Байрақшы ер шайқасты аңдап, талмаса,  
Жауынгерден ешкім шеттеп қалмаса.

Орда\*, әскерді түсірсе онды тұраққа,  
Жиса ерлерді, тиса ұзатпай жыраққа.

Сақ болмасаң, осалдықпен түк өнбес,  
Қапы қалсаң, жау да кегін жібермес.

Жауға таяп, жақын жерден барласа,  
Шебін құрып, от пен суын таңдаса.

2350 Бақса әскерін, жау «тіл» алып кетпесе,  
Аз ба, көп пе жауға дерек жетпесе.

Бекемденіп, жаудан «тілді» ілген жөн  
«Тілден» жаудың құлқын анық білген жөн.

Тыңдап алып, сонсоң ісін бастаса,  
Жауды жаншып, басын қағып тастаса.

Бұл — сақтық пен білгендіктің пайдасы,  
Кім сақ болса, артық жаудан айласы.

Зерек бектің сөзін тыңдап, алшы ұғып:  
«Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл!»

2355 Жауды аларға екі түрлі қару бар,  
Сол екеуі-ақ жан шығарар жауыңнан.

Ең әуелі, асыр жаудан айланды,  
Айламенен сал қан-қызыл ойранды.

Екіншіден, қырағы бол, сақтанғын,  
Қырағылық — қорғаның да, қақпаның.

Сақтықпенен тұрып алсаң, сіресіп,  
Жауыңның да қатырасың сілесін.

Жаудың күші асып тұрса — асықпа,  
Амалын тап. Жасағыңды жасытпа.

2360 Лажы болса, келіспекке кел жуық —  
Жараспаса, кір соғысқа бел буып.

Қапы қалдыр. Кес кәлләсін. Қаз көрін.  
Қайдан білсін әскеріңнің аз-көбін!

Көзің жетсе ала-алмасқа белдесіп,  
Елші жібер, жалғасып көр, елдесіп.

Тілге ие бол. Сақта өзіңді, еліңді,  
Дауға кірме. Тый тіліңді, сезімді.

Бұған болмай. Жауың жаулық бастаса,  
Көңіл бермей, соғыс тілеп жасқаса.

2365 Істі созба, тарт шерікті шайқасқа,  
Мақта ерлерді, мал таратып, ойқаста.

Созба ұрысты — жау сырыңды алады,  
Көп қараса, көзі де әбден қанады...

Не дегенін тыңда жауды жеңген ер,  
Бастан кешіп, бәрін көзбен көрген ер:

«Көрмеген жау даңқын дақпырт асырар,  
Көргеннен соң, көз үйреніп — басылар...

Жасындай ти, есін жиып алмасын,  
Жіті адымда! Өлдің — созсаң арбасып.

2370 Біраз күшті тосқауылға қалдыр да,  
Садақшы, оқшы кірсін — жүгір алдында!

Жау алдына шығар ақбас жауынгер  
Батырларды, шерік бастап, жауын жер!

Сақа сардар батыл, епті — шабысса,  
Жаугер, қайсар қайыспайды алысса.

Жас сарбаздар лап етер де, басылар,  
Беті қайтса, ірге жимай — шашылар.

Алды-артыңды мықтыларға шалдырғын,  
Оң-солыңа басқаларын қалдырғын.

2375 Тепсініссе, шерік бастап батырлар,  
Ұландарды сал күреске жақындап.

Ең әуелі жаудыр оқты алыстан,  
Жақындасса, дұрыс найза салысқан.

Аралассаң — сілте қылыш, балтаны,  
Тісте, тырна, жағасынан ал тағы!

Тіре арқаны, бұрма жауға сыртыңды,  
Өлгенше ұрыс, берме бірақ ырқыңды.

Не дейді екен, ұрыс көрген ер кісі:  
«Сабыр сақта. Сабырлы — ердің белдісі!»

2380 Қыз ләззаты — неке қиған түндері,  
Ер ләззаты — жау қайырған күндері.

Гүр алыптар қияда ойнақ салады,  
Ат ойнатып жауын құл ғып алады.

Жауды көрсе ер қайраты тасады,  
Қас батырдан ездің түсі қашады.

Шерік көрсе ер арыстандай атылар,  
Иә өзі өлер, иә өлтіріп, жапырар.

Жауды көрсе, ердің жүзі қызарар,  
Жауға кірсе жердің жүзі қызарар!

(Көздеріне қып-қызыл қан құйылар,  
Аттың жалын аттар тістеп, қиылар!)

2385 Ат, қаруы қып-қызыл қан болады,  
Қызыл жүзі жап-жасыл боп оңады.

Жау ат қойып, төніп келсе жайпардай,  
Берме арқанды, шашырасын қайта алмай!..

Жау жылысса, сен де жылжы, тақымда,  
Ізіне түс, қайратынды шақыр да!

Тұрмай, қашса, тез қуып жет, тұтқында,  
Сен тұтқында, ол алмасын тұтқынға.

(Тағы қашса, тағы да қу, ұзатпа,  
Тұтып түсір қыл арқанды тұзаққа.)

Сапқа тізіп әскерлерді шашылған,  
Қайтадан сал қашқан жауға жосылған.

2390 Қашқан жауды ұзақ қума зорығып,  
Жете алмасың қайтар жолға торығып.

Күйінген жау өлімге бет бұрады,  
Өлім қуса, кімдер қарсы тұрады!

(Жеңілген жау — өлімге бой ұрған жан,  
Не рахат, оған қарап тұрғаннан.)

Осал кісі тік жүріп-ақ өледі,  
Болмаса осал, тілегін бір көреді.

Мұндай жерде өзіңе сақ боларсың,  
Ажал — соқыр, соқырға тап боларсың.

Айтты кісі, көпті көрген өз басы,  
Сыннан өткен ердің сөзі — сөз басы:

2395 «Жау қашты деп, қамшы баспа атыңа,  
Қайырылып қағып түсер қапыда.

(Жау қашса да, тоқта, қуа бермегін,  
Қуғандардың көрдік «тойып» келгенін.

Ойласаңыз, қашқан жауға — қатын ер,  
Бөркің бар ғой ер деп берген басыңа ел!?)

Күйреген жау қайта шауып ала алмас,  
Су тиген от қайта қоздап жана алмас.

Ашынған жан: Ажалды аңсар бас тығып,  
Өлмек болған ала жатар жастығын!»

(Жан кешкені, ұрыста ердің қашқаны —  
Өзі өледі, аяп нетсін басқаны!)

Өжеттерді мақта, сыйын байласын,  
Насаттансын, жүзі нұрмен жайнасын!

Көтер көкке баһадүрлер бурасын,  
Сый, шаттықтан жүрегі аттай туласын.

2400 Жақсы болар — жамандарды мақтасаң,  
Жаман болмас — жақсыларды жақтасаң.

Ер — мақтаса, арыстанмен алысар,  
Ат — баптаса, ұшқан құспен жарысар.

Жаралыны емдеткізіп, жазып ал,  
Тұтқындарды айырбастап алып ал.

Өлген болса, ақ арулап жерлейсің,  
Ұл-қызына несібесін бергейсің!

Қылығыңды ерлер көріп сенеді,  
Жау шапқанда сен үшін жан береді!

2405 Жылы сөзбен, жылы жүзбен, мал тарат,  
Бұл үш нәрсе табар жанға мархабат.

Азат, еркін адам бұған құл болар,  
Жан пида деп, сүйінішпен нұрланар.

Мұны меңзер сөздің жөні келді, бек,  
Шындығына көңілім хақ сенді, бек!

«Жылы шырай, жылы сөзбен сыйла мал,  
Азат жандар осы үшеуге жиналар!

Бұл үш нәрсе құл қылады еркімен,  
Алтын-күміс құл етер деп, қинама!

(Келер сүйіп, азат жандар ұятты,  
Безер күйік босқан киік сияқты!)»

2410 Әскер басы болса керек осындай,  
Қол бастаса ол, ізгі болар қосын да!

Бар алтынды үлестіріп бағыңыз,  
Сары алтындай тазарады жаныңыз!

(Бер, алтынды артқа тығып сақтама —  
Келер қайтып көңіл болып тап-таза!)

Бұл үшеуі құлды құрдай жүгіртер,  
Бекті өсіріп, жауын жаннан түңілтер!

Табылса егер бекке осындай қолбасы,  
Ісі өрлеп, сәулеттенер ордасы.

Қолбасшы ер мұндай болса, бағынды  
Асырады, шаттандырып жаныңды.

2415 Уәзірге аңандай жан жарайды,  
Қолбасыға мынандай жан қолайлы.

Сен соларға! Сенсең — қуат аласың,  
Бар тілекті тек солардан табасың!».

\* \* \*

Айтты Өгдүлміш: — Ай, құтты Елік, асылы,  
Екі ұлы іс бар — аты да ұлы, заты ұлы:

Бірі — уәзір, екіншісі — қолбасы,  
Қалам, қылыш қарулары қолдағы.

Елді түзеп, қуар бұлар наласын,  
Біріксе олар, кім үзеді арасын.

2420 Дара — сара, пысы төмен басқаның,  
Бағынбаса... қаққан абзал бастарын.

Пайдасы көп, адал болса антына,  
Керібақса... кері тиер халқыңа.

Бегі болса ізгілердің данасы,  
Бұл екеуі — саралардың ағасы.

(Бегі болса саралардың санасы,  
Бұл екеуі — ағалардың жағасы.)

Екеуі елге берер ырыс, пайданы —  
Елі құтты бектің жаны жайдары.

Қалған сөз бар, ел басшысы данадан,  
Ақылды сөз жанға нәрдей тараған:

2425 «Ел жаулаушы қылышымен алады,  
Ел бастаушы қаламымен алады.

Қылышпенен басылар, ел ашынар,  
Ал қаламсыз — басшысыз, ел шашылар.

Қылышпенен билерсің де, жеңерсің,  
Мезгіл жетіп, шырмауықтай семерсің.

Елді, жерді табындырса қаламың,  
Түгенделер тілегің мен талабың!»

Білгенімді, Елік, саған арнадым,  
Сен сұрадың — айттым, ойлан қалғанын!

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

2430 — Ұқтым сенің сөздерінді, — деді Елік, —  
Енді мына сауалға бер төрелік.

Бәрін біліп, бәрін билер ісіңнің,  
Хажыб қандай болу керек, түсіндір!

Хажыбтарды билей алар қандай жан?  
Бола ма жан қызмет үшін сарғайған!

Қуанса елі, өзі, бегі және де,  
Халық тілі дұға қылса бәріне!

\* \* \*

Айт! — деді хан, — тағы сырлы сөзді шаш —  
Шамшырақтай сөздеріңмен көзді аш!

### 31. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ҰЛЫҒ ХАЖЫБТЫҚҚА ҚАНДАЙ ЕР КЕРЕК ЕКЕНІН АЙТАДЫ

2435 Айтты Өгдүлміш: — Қиын сұрақ бұл да аса!  
О, құтты Елік, құтың тасып, мың жаса!

Ұлы Хажыб адал болсын, ақ болсын,  
Дінге берік, ақиқатқа жақ болсын!

Тегі асыл боп, ізгі жаны ашылсын,  
Күн мен айын елін ойлап батырсын.



Тегі ізгіден ізгілікті ер туады,  
Ізгі жанның жуар елді шуағы.

Ізгі жанды ер — ізгіліктің иесі,  
Рахат та, байлық та оған тиесі.

(Бар ізгілік ізгілерден келеді,  
Ішіп-жерің, киерің мен мінерің).

2440 Құлқы жақсы сөзіңді ұғар мүлтіксіз,  
Сөз тыңдаған ердің іші кіршіксіз.

Көзі де тоқ, арлы, нәзік, ақылды,  
Зерек болып, білсе білік асылды.

Қарамас ер параңа да, басқаңа,  
Парақор бек күлкі болар, масқара.

Бітпек істен пара кесел табады,  
Біткен істің берекесін алады.

(Пара әуелі құлқыныңды майлайды,  
Содан кейін өн-бойыңды жайлайды.)

Ұяты бар, құлқы түзу ер болса,  
Ісі ізгі, жан-мінезі кең болса.

2445 Ұяты бар, ессіз іске бармайды,  
Жаманатсыз, кісіліктен танбайды.

Арлы ерге дәулет болар жұғымды,  
Арлы ерге құт та қонар ғұмырлы.

Білімді жан ісінен еш жаңылмас,  
Түйсігі бар мал үшін еш тарылмас.

Білікті ердің ойы өлмейді, сеніңіз,  
Білген құлдың сөзі өлмейді, сеніңіз:

«Бектің ісін — білікті ер күйлі етер,  
Білімсіздер күллі істі күйретер!

(Бектің ісін білікті істер сара бас,  
Білімсіздер ештеңеге жарамас!)

2450 Білімсізді ақымаққа балағын,  
Сырты — тірі, тіріөлік деп санағын!

Білімімен өрлеп адам ұланы,  
Ісі өніп, жұрттан үстем тұрады!

Білікті орны — көк төрінде асыл ғой,  
Білімсіз құр, сыр бояушы пақыр ғой!»

Ақыл — зерек ұстар істің құлағын,  
Білім-зейін — кеудеңдегі шырағын.

Дүниенің бар қызығы ақылда,  
Ақыл болса ардақталар атың да.

2455 Ақылсыз жан — ағашқа тең жеміссіз,  
Кімге керек мәуесіз құр келіссіз.

Зейіндінің қос жалғанда алды ашық,  
Даңқы шығар зейініне жалғасып.

Зейін-зердең — кісілігің, бастысы:  
Кісілердің серкесі, елдің басшысы.

Өнді болсын, сақал-мұрты басылған,  
Ер дауысты, сөзі айқын жасыннан.

Сүйкімді өңі көрер көзді қандырса,  
Кірсе-шықса, тек сүйініш қалдырса.

2460 Сақал, шашқа ұқыпты ер сымбатты,  
Сымбатымен құрметті де қымбатты.

Дінді білсін. Дық түсірмей көңілге,  
Көңілі ақтың — ісі де ақ өмірде.

Тақуа жан дін ісі үшін аянбас,  
Тақуа жан ізгіліктен тая алмас.

Тақуа жан жейді жұрттың қайғысын,  
Тақуалар елдің ізгі, сайлысы!

Хажыб дәйім назарында жұртының,  
Сұлуы жөн ішінің де, сыртының.

2465 Көрікті өңді көріп, көңіл ашылар,  
Көз қуанып, сезім тулап, тасынар.

Мұны меңзер дана сөзі тағы бар,  
Есті сөзге ер көңілі жадырар!

«Қандай жақсы көркем еді кісі өңі,  
Екі көзің суын қанбай ішеді!

(Нұрлы жүзден көзің шоқтай жанады,  
Сұлулықтың кәусарына қанады.)

Құтты көркін байқап көріп, түй ішке,  
Ісің оңды болар, тілмен тиіспе!..»

Жүрегі мен ақылы сай жарасса,  
Құлқы нұрлы болса, тіпті тамаша.

2470 Көңілі бар — кісі сөзін жұтпайды,  
Көңілі жоқ — бас ұрсаң да ұқпайды.

Көңілі жоқ көзіне де ілмейді,  
Ақылы жоқ істің жөнін білмейді.

Көңілсіздің жүрер ілбіп сұлдері,  
Көңіл ауса, анық ісің гүлдері.

Ақылды боп, аяу жүрсе есінде —  
Көңілі аусын кедей, жетім-жесірге.

Зеректікпен заңды жақсы түсінсін,  
Зейінімен қолға әлемді түсірсін.

2475 Аузын ашса ақ жүрегі көрінсе —  
Майда тілден шырын шекер төгілсе.

Құрыстырмай, бұзбай кескін-кейібін,  
Кісілікпен кең ұстаса пейілін.

Сыпайының сөзі әділ, дұрыс-хақ:  
«Тіл, көңілді кішік ұста, ер қыпшақ!»\*

Көңілі пәк, кішіктерге құт үйір,  
Жылы сөз бен жылы жүзге жұрт ұйыр.

Ықыласқа елтір, еріп халық та,  
Құлдық ұрып, түсер тіпті тамұққа!»

2480 Сабыр келіп, өзін төзім жаныса,  
Көзіне — ұят, тілге — тізгін дарыса.

Құлағы сақ, ақыл-білім кең болса,  
Ісі — ізгі, тіл мен тіні тең болса.

Парасатпен өнер білсін, хат танып,  
Құллі істі білігімен атқарып.

Өнерге ұста, түзіп білім нұсқасын,  
Ұлығ Хажыб жүзін жарқын ұстасын.

Қызметтің ең нәзігі, тозағы,  
Хажыбтықтың машақаты болады.

2485 Хажыб болса бәрі керек осының,  
Ел бастауға біліп жөнін, жосығын.

Мұны меңзер шәйір сөзін аңғарғын,  
Шәйір сөзі — көзі надан жандардың:

«Он нәрсе бар хажыбтыққа керекті,  
Ақыл, ажар, тіл, бой, білік, зеректік.

Жіті жанар, сақ құлақ һәм кең пейіл,  
Құлық-қылық осыларға тең келер!»

Бектің өзі қанша өмір сүреді —  
Оң көзі боп Хажыб бірге жүреді.

2490 Заңды Хажыб бұлтартпаса басынан,  
Ел алдынан құт қақпасы ашылар.

Мұны меңзеп келді сөзі дананың,  
Көңіл беріп тыңдаған жан алады:

«Хажыбтық іс — ұлы істердің төресі,  
Істесе — істер жеткен ақыл-өресі.

Хажыбсың ба, бек пе — істер ісің бір,  
Үлкен келер, кіші келер — түсіндір!

Хатшы, ісші, қазынашы — қабылда,  
Тоншы, етікші, асшы келер — тарылма!

2495 Жат елшісі келсін-кетсін — бағала,  
Мұрсат беріп, сыйла, жат деп қарама.

Қонатын жай, ас-суын бер — жасқама,  
Аш па, тоқ па — ескерусіз тастама.

Жол аузында жұртты бастап қарсы алғын,  
Заң, дәстүрді бұзғызбауға жан салғын.

Кедей, жетім, жесірлерді елегін,  
Түгел тыңдап, жеткіз бекке дерегін.

Кісі келсе нақақ күйіп, сорлаған,  
Халін біліп, салғын дұрыс жолға аман.

2500 Ішкі-сыртқы кемшілікті көргесін,  
Тыйсын, аршып жөнін білсін, тергесін.

Бітпес іс көп күткен оның жарлығын,  
Ұлы Хажыб қолы жөндер барлығын.»

Қай іске де жәрдем тиер Хажыбтан,  
Іс бұзылса сөгіс естір халықтан.

Хажыб, хақан, сақ болмаса — сорлайды,  
Кейде берік, тас болмаса — оңбайды.

Ең әуелі — бектің сөзін сақтасын,  
Екіншіден — нәпсіні ақыл ақтасын.

(Нәпсісіне шідер болсын ақылы,  
Туралығын білер болсын жақыны!)

2505 Үшіншіден — өзін бекем ұстасын,  
Сөзі текке шықпасын да ұшпасын.

Арбаса да пара-жала алмасын,  
Сырттағанды бегіменен жалғасын.

Екі мінді көрсең, Елік, жолатпа,  
Іс тапсырып, ондайларға қол артпа:

Бірі — тілі үйір болса жалғанға,  
Бірі — арамға, ұлықсыған паңдарға.

(Өсекшінің сөз тоқтамас тіліне,  
Сұмға сенбес өліде де, тіріде).

Ал екеуі бір адамнан кездесе,  
Болмас, Елік, атынан-ақ безбеске.

2510 Үш нәрсе бар, қызметші ес қылар,  
Байқамаса, өзін-өзі жеп тынар:

Естігенді тіл шашпасын, бақыла,  
Көзін жұмса, теңсіз\* көрсе қапыда.

Үшіншісі — әділдіктен таймасын,  
Сүйінішпен кешер күнін, айларын.

Сөзін алғын білікті бек, дананың,  
Істе себі тиер білсең амалын:

«Басыңды ойла, бектің сөзін таратпа,  
Кесір келсе, келер қарап қабаққа!

(Көп мылжыңнан — лағып басың қаңғырар,  
Қаңғыған бас баққан жауға алдырар!)

2515 Елге жайсаң, қара басың шабылар,  
Тілді тиып, бақпаған тіс қағылар!

Талай көрдім лайықсызды, тиылған —  
Сөзді жайып, қыл мойыннан қиылған.

Көп естідім: қу тіл сайрап, сүйдірген,  
Сырын ашып талай ерді күйдірген.

Дана сөзі әр нәрсені аңдаған:  
«Басын жұтар өзін ұстай алмаған!»

Хажыб құлқы басқаға оқтай тимесін,  
Көрер көзін, айтар сөзін билесін!

2520 Уақсыз уақта бек алдына кірмесін,  
Сұрамастан, текке сөйлеп жүрмесін.

Дана ойы жолыңды ашып дұрыстар,  
Ақылды сөз астарында ырыс бар:

«Сәті түссе, жүздесіп қал бегіңмен,  
Сөйлегін тек сауал болса берілген.

(Сәті түссе, жүздес бекпен көзбе-көз,  
Сауал берсе, жауап қайтар сөзге-сөз.)

Бар нәрсенің мезгіл, сәті келеді,  
Дер кезінде көздің өзі-ақ көреді!»

Болса осындай қасиеттер басыңда,  
Бақыт жүрер ұлы Хажыб қасыңда.

\* \* \*

2525 Міне, осылар, Елік, менің білгенім,  
Баян еттім, ашып тілдің ілгегін.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елбасы айтты: — Сөзінді ұқтым шынайы,  
Өзім сенен тағы бір сөз сұрайын!

Не істеу керек, айтшы, қақпа басшысы?  
Қандай адам лайық оған, бастысы?

### 32. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ҚАҚПА БАСЫҒА ҚАНДАЙ ЕР КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Мәртебелі Ұлы Елік!  
Тыныш, ұзақ жаса, нұрлы жүрегің!

Қақпа басы\* жамандықтан жерінсе,  
Жан-тәнімен қызметке берілсе.

2530 Қақпа алдында батқан күнді атырса,  
Қақпасында атқан күнді батырса.

Қызмет қылса біліп заңды, парызды,  
Құлқы түзу, болса ашық, жаны ізгі.

Жомарттықпен жұрт көңілін ауласа,  
Ерлерді алтын-күміс беріп баураса.

Жатпас бұрын сақшыларын тексерсе,  
Орнын, ісін айтып, қатты ескертсе.

Жат адасып келсе, жөнін білген жөн,  
Ұйқысызды жақын тартып жүрген жөн.

2535 Қақпаларды қалай жауып шығады,  
Сол күнгі оның қызметі тынады.

Тұрса қайта атқан таңмен таласа,  
Күндіз-түні сақшылар сақ қараса.

Көмекшісін түгел жиып қасына,  
Қабылдауға бастап кірсе асыға.

Көрінсін де шықсын, тұрып қалмасын,  
Есікке өзге адам қойсын, алмасып.

Топ-тобымен көрінсе ерлер, аңдасын,  
Жарамды иә жарамсызын барласын.

2540 Қабылдау бітіп, кірмеген ер атынан,  
Өзі кіріп, айтса бәрін сағылап.

Сорлылардың мұң-мұқтажын жақтаса,  
Қиянатқа бермей аршып, ақтаса.

Алтын-күміс сый әперсе біріне,  
Біріне — іс, атақ берсе біріне.

Кім істеп жүр жан-тәнімен еңбегін?  
Кім босқа жүр? Кімнің қандай ермегі?

Кім пайдалы? Кім жарамды, жарамсыз?  
Кім болымды? Кім тиімді, алаңсыз?

2545 Кімді өсіріп, кімге берсін қайырым?  
Соның бәрін берсе бекке айырып.

Айта шықса жақсы жарлық, тыңдаса  
Ер көңілі қалар жайнап, бір жасап!

Отырар һәм тұрар жерді баптасын,  
Орын түзсін, жұрт қақпасын бақпасын!

Бөгде адамды көрсе келген шалғайдан,  
Ішке тартсын, сыйлап қақпай маңдайдан!..

Ас тартқанда көзбен көріп барласа,  
Жарамсызын тез қайтарса, алмаса.

2550 Шырындарды қадағалап сақтаса —  
Оған жолда арам қолдар батпаса!

Ас, дастарқан қайта есіктен шыға ма —  
Үлестірсін бектен сарқыт-сыбаға!

Қанша жанға жеткізсін бұл асыңды,  
Құр қалдырмай алыс пенен жақынды.

Екі нәрсе даңқты өсірер тегінде  
Есікте — Ту, тартылған ас төрінде.

Екі кісі сарай даңқын асырар,  
Бектің аты шығып, бағы ашылар.

2555 Бірі — Хажыб, азат жаны сарайдың,  
Қақпа басы, тағы бірі жарайтын.

Бұл екеуі гүлдендірер сарайды,  
Ұлықтықпен аттары алыс тарайды!

Бдысшы, аспаз, төсекшісі — түгелдей  
Шарапшыны бақсын дәйім, жібермей.

Құсшы, аңшы, садақшылар бабында,  
Күнде әзір тұрса қақпа жанында.

Әуелі өзі қайтса үйіне тамаққа,  
Қолдастарын ерте кетсе қонаққа!

2560 Ішсін-жесін, тойсын, — асын жимаса,  
Құр қайтармай қолда бармен сыйласа.

Ат, тон-толым\* қалса жетер: аржағын,  
Тағы көрер, үлестірсін қалғанын.

Жат жерлікті кеткенше іске үйреніп,  
Көріп, біліп, қосшы қоссын, үй беріп.

Іс бергенше, күтіп, сырттан қарасын,  
Тағам, киім, ат-әбзелін, жарағын.

Біліп тұрса ерлерінің хал-жайын,  
Аш па, тоқ па? Киім жайын арнайы.

2565 Қолы қысқа — соры қалың адамға,  
Мұңын ұғып, қақын берсе табанда.

Біреу-міреу келмей жүрсе сарайға,  
Сұрап-білсе жөнін оның қалайда.

Науқастанса, көңіл сұрап тұрған жөн,  
Босып, қыңыр кеткен болса, тиған жөн.

Бұлар бекке бауырмалдық, білгендік,  
Сүйінсін деп, қызметіне жүргендік.

Айтқан, тыңда, бектің ісін баққан ер,  
Қызметімен бектен қадір тапқан ер:

2570 «Қызметші болсын бекке жанашыр,  
Жанашырлық — іске жан сап қарасын!

Іскер, адал, жанашыр құл бір ғана,  
Бек билігін биіктетер күн санап!

Мейірленіп бек пайдасын ойлайды,  
Өз пайдасын еске де ала қоймайды.»

(Адал адам, арам ойға бармайды,  
Бегі үшін қызыметтен талмайды.)

Азған шөптің, пайда тисе — құлымын,  
Гүл арам ба, кесем тамыр-жұлынын.

Жетелі құл, артық ұлдан жетесіз!  
Күйінесіз, көнесіз — не етесіз?!

2575 Жаны ашымас қандастан без алысқа,  
Жәйінді ұғар сен адал дос, танысқа.

(Алыс артық, жаудай қысқан жақыннан,  
Құтың болса, ырыс кетер жатыңнан!

Берекесіз туыстан без, тозарсың,  
Жаны таза досыңды сүй, озарсың!)

Тілің майда, сөзің шырын татысын,  
Жүзің жарқын, жаның досқа ашысын.

Ащы сөзбен суық жүзің мұздатар,  
Көңіл қалып ғұмыр бойы сыздатар.

(Қату қабақ жақыныңды жат қылар,  
Кісі жанын түсінер ме баққұмар?!)

Мұны мензер бәйітті оқып алыңыз,  
Ащы сөзден тұшынады жаныңыз:

«Сөзбен сөгіп — ащы тілін тигізсе,  
Сүйекке — дақ, көңілге өртін тигізсе.

2580 Таяқ — еттен, сөз сүйектен өтеді,  
Сөз қалады, таяқ табы кетеді!

(Таяқ табы тез бітеді, қарамас,  
Тілмен сөксе, бітпес, уы тарамас!)

Жауға аттанса — бектер қару асынып, —  
Сейілге, аңға, елге аттанса асығып.

Хауіп-қатер болмай тұрмас абайла,  
Бекке залал жасалмауын қарайла.

Қатер бекпен жорықта, анда шалысар,  
Ат үстінде, құс салғанда жабысар.

(Қиу салып жау қуғанда килігер,  
Киік қуып болдырғанда шүйлігер...)

Сенімсізді қусын алыс түгелдей,  
Сезіктіні бақсын таса жібермей.

2585 Жаны жақын жігіттерің сенімді,  
Жақын жортсын сақтап, қорғап бегінді.

Әскербасы сақшы тізсін жолына,  
Ұшқыр әскер тобы ерсін соңына.

Кіші ұлықтар арасына кірмесін,  
Жырақ, шетте жортқан жақын жүрмесін.

Қалай тұрып, қалай жүрсе ел сарайда,  
Жорықта, ұлық, сақта соны қалайда!

Қақпа ағасы — жанашыры ерінің,  
Нақ осындай болу керек, Елігім!

2590 Бек нанын жеп, бектің ісін атқарар,  
Міне, осындай ерлер керек қақпаға!

\* \* \*

Айттым бәрін, өзің ойлап қарарсың,  
Ер таңдасаң, сөзімді ойға аларсың!

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

— Ұқтым мұны, — деді Елік, — мынадай,  
Және сауал, болмас оны сұрамай.

Сен білесің, бектер биік атағы,  
Елден елге елші жолдап жатады.

Елшілікке қандай парыз жүктелер,  
Қандай адам елшілікке дөп келер.

2595 Қандай жанға елшілікті берген жөн?  
Қандай жанға бек өзіндей сенген жөн?

### 33. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ЕЛШІЛІККЕ ЖІБЕРУГЕ ҚАНДАЙ КІСІ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш Елікке,  
— Атқарса ізгі бұл істі де білікпен!

Елші болғай ер біткеннің сарасы,  
Білікті, ойлы, парасатты дарасы.

Алланың ең асыл құлы — елшілер,  
Ізгілер де ақылды, ұлы — елшілер!

Сан түрлі істі істер елші ұдайы,  
Елшілермен келер істің шырайы!

2600 Болсын елші зерек, сергек, сабырлы,  
Тілге шешен, білікті де алымды.

Зерек білсе, сөздің тысын, ішін де,  
Түзей алса, елдің бұзық ісін де.

Не деді екен, тыңда, әлемді шарлаған,  
Жиһангер ер, елін бастап, талмаған:

«Ақылды ерді қатар қойма малғұнға,  
Біліктіні көтер елдің алдында!

Қандай істе ақыл озса — жетегі,  
Байқадым көп ісінді алып кетеді!

2605 Қандай іске білім қосса білікті ер,  
Ісі өрлеп, қол жеткізер үмітке!

Ақыл жұмсап, білікпенен бастаса,  
Кісі істемес іс қалмайды, қысқасы!»

Мейірімді көңілі тоқ, көзі тоқ,  
Құлқы бүтін, қылығы да, сөзі де оқ...

Жанашыр ер тілер бектің пайдасын,  
Бегін, онда, шын сүйгені, ойласаң!..

Шын табынған пайдасымен танылар,  
Ондай жанды таппаса, бек жаңылар.

2610 Сүйген құлың — бауырындай бауырмал,  
Жүрек қаны — ол, жақынырақ бауырдан.

Сұқ көзділер көзін ашып қарамас,  
Ондай пенде елшілікке жарамас!

(Ашкөз пенде бұл құлқынның құлы ғой,  
Құлқын құлы — қу тамақтың пұлы ғой.)

Құлқын жолы ұсақ-түйек толы егес,  
Бұл елшілік сараңдардың қолы емес.)

Көзі тоқ ер кедейлігін білдірмес,  
Сабырымен сараңдарға ілдірмес.

(Көзі тоқ ер кедей болсын бай сана,  
Сабыр етсе ер қай істен де пайда бар.)

Сұқтар — сараң, сараң біткен қомағай,  
Қомағайдан безер жұртың жоламай.

Көңілі тоқ — байдың байы — дәулетті,  
Былай депті елеңдетіп әулетті:

2615 «Ашкөздерге ештеменің жоқ құны,  
Байыта алмас бұл дүние тоқтығы.

Құлқын құлы, ұтылар һәм тұтылар,  
Бұл құлдықтан өліп қана құтылар!»

Ашкөздердің көзін ашып бермекке,  
Ақыл айтқан, құлағың сал, ер бекке:

«Бай боламын десең жерді еңсеріп,  
Көңіліңді байытып ал, ей серім!

Тоқ көз құл — Бек! Ашкөз тоймас құмартып,  
Сұқ көз бектен көңілі тоқ құл артық!

2620 Қомағай бек — қайыршыдан бейшара!  
Көзі тоқ құл — бай да, бек те, не шара?!»

Білу керек ұят, сабыр, намысты —  
Ұмытасың дүние-боққа налысты.

Ар-ұятсыз сүйкімсіз ер жер болар,  
Ар-ұятпен адам бүтін ер болар.

(Арлы болсаң алдына ашық қарарсың,  
Аранды ашсаң арандалып қаларсың!)

Жақсы атанар парасатты, сабырлы,  
Құлқы таза сүйікті де қадырлы.

Ақыл, білім — қос қанаты адамның,  
Ісін білер, тілін білер ғаламның.

2625 Бәйітті оқып, мағынасын пайымда,  
Есті сөзді ал, ақыл-білім жайында:

«Ақылмен ұқ, тындыр да істі біліммен,  
Жылмен — бақыт, келсін құтың күніңмен!

Ақылмен ер жетер тілек, зейнетке,  
Біліммен біл, ақылмен ұқ, еңбектен!»

Ақылменен жазбаларды оқырсың,  
Оқуменен ой-парасат тоқырсың.

Оқып-жазып, сөзді түйген кісілер,  
Өзін баптап білім — кенге түсірер.

2630 Түрлі өнерді біліп алса шетінен,  
Парасаттың нұры ойнар бетінен.

Кітапты оқып сөздің мәнін түсінсе,  
Шәйрді ұғып, өзі де өлең түсірсе.

Жұлдыз танып, жори білсе түсті де,  
Сөзі дәл кеп, емдесе оның үстіне.

Хандасаны\* білсе санның түбірін,  
Жер, аспанды білсе санға жүгініп.

Нард, шатранж\* ойнағанда жаркылдап,  
Ұтып алса қарсыласын алқымдап.

2635 Аушы, құсшы мерген болса ғажайып,  
Чөганға\* ұста, таңқаларлық халайық.

Тілін ашса-ақ, сайрап кетсе сан тілді,  
Жазбаларды, білсе әріпті сан түрлі.

Білген елші қасиет, сырды жаңағы,  
Бір тілегін қиналмай-ақ табады.

Елшісі есті, зерек, дана, ақылды,  
Бетер еспен билер алыс-жақынды.

- Елші жауыз болса, жаман наданнан,  
Бек беделі аса қоймас табаннан.
- 2640 Елші ердің төрт құбыласы тең болсын,  
Елде — кісі, сыртта бүтін ел болсын!
- (Шеше білсін түрлі қиын түйінді,  
Тани білсін қабақтан-ақ күйінді.)
- Сүрінбесін тосын, жұмбақ сындарда,  
Мыңды біліп, тұлға болсын мыңдарға.
- Алуан сөзді айтқан досы, қасы да,  
Ұғып, біліп, түйіп алса басына.
- Елші кемел ері болса елінің,  
Аты әлемге кетер еді бегінің!
- Ақсақалдың кеткен сөзі нақыл боп —  
Мұны ұқпаған кісілерде ақыл жоқ:
- 2645 «Кім білікті, аты даңққа бөленер,  
Кім өнерсіз, ат-атақсыз көнерер.
- Өнерімен кісі елден бөлінер,  
Өнері асса, самғап көктен көрінер!
- (Біліксіздер, аты шықпай қартаяр,  
Білікті ердің атына елі марқаяр!)»
- Білікті ер қолын көкке тигізер,  
Ұлы таудың басын жерге игізер.
- Әр сауалдың берсе тездеп жауабын,  
Ойдың дәнін ұстатса, аршып қауағын.
- (Өңгімеде сөз тізгінін ұстаса,  
Білмегенді білдімсініп қыспаса.)
- Шарап ішпей, өзін-өзі сақтаса,  
Құт та қонар, бет алдына лақпаса.
- 2650 Білікті ішсе, надан болар білімсіз,  
Қандай болар есірсе егер біліксіз.
- Ішімдік бұл жауы ақыл-есіңнің,  
Шоғы даудың, төбелес пен кесірдің.

- Қаншама есті, білікті, ойлы кісілер,  
Шарапқа бас сұғып, қалған ісінен!
- Қанша арлы, құлқы жақсы адамдар,  
Шарап ішсе, жыңды болар, қарандар!
- Қайран ақыл, ұят, білік, кісілік,  
Шарап арбап, жалап құртқан пішінін!
- 2655 Шарап ішпе, ішсең құтын қашады,  
Ішкен сайын ессіздігің асады!
- Ішке кірген шарап сөзді шығарар,  
Шыққан сөзден жаның күйіп қуарар.
- (Тәтті шарап ащы сөзді тудырар,  
Ал ащы сөз өзекті өртеп, ду қылар).
- Бәйітімен айтыпты сөз шайырың,  
Оқы, берер іші-тысын айырып:
- «Егер ішсең, шарап мысы басады,  
Ішінді алып, сырынды елге ашады.
- Білімді ішсе, жұрдай болып ақылдан,  
Надан ішсе, сөзді ұмытып шатылған!»
- 2660 Тіл, жүрегің шырын болсын қайда да,  
Сөз бен есті тектен-текке лайлама!
- Тілі шырын кісі болар жағымды,  
Сөзі сырлы сындырмайды сағынды...
- Көңіл бұрып, айтқан сөзді ұмытпа,  
Не естісең де, көкірегіңе құлыпта.
- Сырты-іші бірдей болсын ажарлы,  
Түр-тұрпаты тұрсын арбап назарды.
- Өзі биік, өзі ер мінез жан болса,  
Сегіз қырлы, қайтпас қара нар болса.
- 2665 Тілі майда, шырын болса сөздері,  
Ерір ұлық-кішілердің өздері.
- Елшілікте сөздің құны бағалы,  
Бір ауыз сөз елдің тілін табады.



Бір ауыз сөз елдің атын өсірер,  
Бір ауыз сөз ердің атын өшірер.

Бір сөзбенен қия-шыңға шығарсың,  
Бір сөзбен-ақ жауды көрге тығарсың!)

Қымбатты Елік, тапсаң ондай асылды,  
Туыстырып берер дос пен қасыңды!

Жұмса ондайды алыс, тауып ақылын,  
Бөтен — алыс, бірақ елшің жақының!»

#### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

— Сөзінді ұқтым, бәрі дұрыс, — деді Елік,  
Жауабын айт. Тағы сауал беремін.

2670 Сен не айтасың, сөзіңнен нәр терейін,  
Нәрлі сөздің ақы-пұлын төлейін.

Шежіреші-хатшы қандай болады?  
Ол жұмысқа қайтсем көңіл толады?!

#### 34. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ШЕЖІРЕШІ-ХАТШЫЛЫҚҚА ҚАНДАЙ КІСІ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Елік! — деді Өгдүлміш, — жаңылмайтын  
Білікті жан бұл істі қабылдайтын.

Үшбу сөзде айтайын білгенімді,  
Көңілімде тірліктен түйгенімді.

Бектер қанша білімді болғанымен,  
Сөзін жазар жан керек толғауымен.

2675 Жылнамашы бар сырды білгені жөн,  
Бәрін түйіп ішіне жүргені жөн.

Шықпау үшін құпия, жиған дерек,  
Адал пейіл, қасиет, иман керек.

Кетсе жұртқа жайылып ішіндегің,  
Өзегіңді өрт тілер — түсін, бегім!

Сөзді қанша сақтаған ақылыңда,  
Екі адамға айтарсың, ақырында.

Хатшы, уәзір — оларсыз алаңдайсың —  
Екеуінен жасырып қала алмайсың.

2680 Екеуіне ашасың қырларыңды,  
Сыр бергенің — бергенің ық жағыңды.

Осы екеуі білетін сөзіңді бар,  
Сақтамаса өз ісін өзі бұзар!

(Сақта екеуін өзіндей жанарыңның,  
Бірі сатса — тайғаны табаныңның.)

Өтүкеннің\* бегі айтқан тебіреніп:  
«Тілін тисын — сыр ашсаң еміреніп!»

Сенімді бек, сертіңнен айнымағын,  
Сыр аштың ба — кетті бас, тайды бағың!

(Сыр бердің бе — тіліне ие болсын,  
Сырға берік пәктерге кие қонсын.)

Аузың ашық үңгірдей, тасы уәлі,  
Жылт етсе сөз, жұлдыздай шашылады.

2685 Дүниеге тарайды, жиып болмас,  
Күллі халық естиді, тиып болмас.

(Күллі әлемді шарлайды, көрерсіздер,  
Қалайша оған қақпақ боп, бөгерсіздер!)

От пенен су ауыздан кезек шығар,  
Бірі — өртеп, бірі басып жебеп тұрар.

Керексіз сөз — шыққан өрт, қырар жалын,  
Ауыз ашып, күйдірер, шығармағын!

Жақсы сөз тас бұлақтай нұр береді,  
Қайда ақса, жер жайнап, гүлденеді.

О, білікті ер, шалқырсың, тасынарсың,  
Көңіл сырын көлдетпей, жасырарсың?!

2690 Бәйітті оқып, шын мәнін ұғынарсың,  
Тынарсың да, сыр ашпай тығыларсың:

«Жүрек сырын, тілге ашпай, үйірерсің,  
Ашып алсаң — опынып, күйінерсің.

- Зұлым жауы қызыл тіл қара бастың,  
Тілді тұтып, жан үшін жағаласқын!»
- Болсын хатшы білімді, ойлы, жақсы,  
Хатқа жүйрік, ізгірек, бәлиғатты\*!
- Сұлу жазу серпілтер, еліктірер,  
Қуаныш көңіліңе келіп кірер.
- 2695 Сөз бен жазу жарасса табындырар,  
Кереметтей хат тілі бағындырар!
- Ыла ұлының сөздерінен аңғарғын,  
Жазу бағы — өнер қуған жандардың.
- «Күллі ізгі сөз жазбадан құрытылмас,  
Жазылған сөз мәңгілік, ұмытылмас.
- Жазбашылар жазбаса жазбаларын,  
Білер ме едің, білімнің қазыналарын?!
- Қалдырмаса, даналар қатқа жазып,  
Кім айырар өткенді ақ, қара ғып?!
- (Кім ұға алар көненің жұрнақтарын?!  
Кім біле алар өткеннің қымбаттарын?)
- 2700 Болмаса егер жазуың мақұлдаған,  
Кім сенеді құр сөзге тақылдаған?!
- (Жазылған сөз тас болып қала берер,  
Тіл мен жағың жаңылып, тана берер!)
- Сәлем жолдар кісілер елден-елге,  
Тіл қайтпекші? Хат жазып бермегенде!
- (Қасиет бар жазуда өлтірмейтін,  
Санасы жоқ, наданды келтірмейтін.)
- Жазу — қымбат, сырыңның тас қамалы,  
Бектер елді жазумен басқарады!»
- Бек ісіне пайдалы, шарапатты,  
Үш түрлі ер, ел басы, барақатты:
- Бірі — дана ғалымдар, зейінділер,  
Бірі — хатшы, білсін дер кейінгілер.

- 2705 Үшіншісі — ер жүрек батырларың,  
Жау, бөріге салатын жасындарың.
- Ойшыл, зерек даналар кеңеседі,  
Сөйленеді ел мұңы, келешегі.
- Хатшы хатқа ел ісін түсіреді,  
Хатпен кіріс-шығысты түсінеді.
- Қылыш алып батырлар жауға шабар,  
Қырып, жаншып, бағынса — сауға салар.
- Қосса басын, жүрегін бұл үш түрлі ер,  
Мың тілекке жетер ел, үміттілер!
- (Төтен келген жауың да шаба алмайды,  
Тарихыңды жазылған ала алмайды.
- Дәуірлейді елін де, бектерің де,  
Хатың қалар келмеске кеткенінде).
- 2710 Бұлардан тыс бар талай тобың елде,  
Үшеуінің ботадай соңына ерген.
- Ел алса бек қылышпен жасқары анық,  
Ел басқарса қаламмен басқарады.
- Білім, ақыл ел ішін түзетеді —  
Бұл үшеумен ғаламды күзетеді.
- Бек билігі біліммен басталады,  
Күллі ісін ақылмен атқарады.
- Қылышымен ел\* түзіп, жұртты бағар,  
Қаламымен ел түзеп, қазына салар.
- 2715 Бек қылыштан қан тамса — халқын алар,  
Қара\* тамса, қаламнан — алтын ағар.
- Екі нәрсе тұғыр бұл дүниеге,  
Өткен істің қамы, һәм бірі — келер.
- Ұлық сипат екеуі ұққын, бегім,  
Елші бектер, даналар тұтсын берік...
- Бұл жөнінде бәйіт бар толғандырар,  
Ордалы ойға ой қосып қорландырар:

«Білім білсе ер үшін ізгі сымбат,  
Қылыш ұрса өнер ол тіпті қымбат!

(Білім білсе — шығарар елдің даңқын,  
Қылыш ілсе — қорғайды елдің даңқын.)

2720 Жақсы елді қылышпен алар түзіп,  
Елін түзеп қаламмен табар тілек...

(Қылышпен жауға жапа шеккізеді,  
Қаламмен тілекке елді жеткізеді!)»

Бауырмал һәм көзі тоқ, сараңдықтан —  
Алыс жүрсін, айнымай адамдықтан.

Көзі тоқ жан сұқтанып, тырбанбайды,  
Мүлік алса басқалар, қызғанбайды.

Сараң құлы, малының табын-табын,  
Ей, шырайлым, оны кеш, тарылмағын.

Қомағай бек құлы ғой қу құлқынның,  
Қайтып ойлар құлқынын бұл жұртымның.

2725 Сұқ көз хатшы білімін аздырады,  
Хатын бұзып, құлқынға жаздырады!

Алтын, күміс көргенде қызығады,  
Бектің басын, не басын жұлғызады.

Елгезек жан іс қуып, табынады,  
Қашан болсын есіктен табылады.

Бек ырзығы дегенде ес қалмайды,  
Тәнін-жанын, малын да бекке арнайды.

Шарап ішпес, жаны пәк, таза болсын,  
Жаман қылық, сұмдықтан ада болсын.

2730 Шарап ішсе, хатшы азар білімінен,  
Қате жазар қалған соң білігінен.

Хатшы жүргей күні-түн қастарында,  
Іздеген сәт, табылсын қас-қағымда.

Екі жанды лайықты таңдап алғын,  
Екі істі тапсырғын барлап алдын:

Бір — хатшы, қаламды аттай ағызған,  
Бірі — елші, тілінен май тамызған.

Алыс-жақын, жат-жұрттың арасында,  
Керіс шықса — сұрайсың, табасың да!..

2735 Ісің оңса — оңдырған осы екеуі, —  
Ісің күйсе — тоздырған осы екеуі!

Бірі жазып, сөзінен жаңылғанда,  
Бірі — оңдаса тілімен жақын манда!

Хатшың сондай жан болсын, оны тапсаң,  
Сеніп соған, ай, Елік, қолыңды артсаң!

Осындай жан керегі, болсаң сенер  
Кісілікті тілесен, содан келер!

(Ондай жанға өмір бойы сенген жөн.  
Адамдықтың шарттарына көнген жөн.)

\* \* \*

Міне, Елік, білгенім, баяндадым,  
Ісім бітті, сөзді үзіп аялдадым!

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

2740 Елік айтты: — Түсіндім бұларыңды,  
Ұқтыр бүгін тағы бір сұрағымды.

Қандай болсын, қазынашы түсіндір,  
Қазына — кілт, тұғыры ғой ісімнің.

Айтқын, қазына — береке, беделімді,  
Кімге сеніп, алаңсыз берерімді.

Алтын-күміс, қазынаны қолға алса,  
Айтқан істі ойдағыдай оңарса!

### 35. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚҚА ҚАНДАЙ КІСІ КЕРЕК ЕКЕНІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Ойласаңыз, Құтты Елік  
Алтын-күміс қуаныш Һәм құт, көрік!

Адал, кемел, заңға жүйрік, турашыл,  
Болсын, ойын әрне бұрып тұрмасын.

- 2745 Әлем кезіп, дүние нарқын түсінген,  
Сарттар басы хатқа былай түсірген:  
«Жаның тәтті, бар одан да тәттірек,  
Алтын-күміс шыбын жаннан тәтті, бек!  
Егілместі — алтын-күміс егілтер,  
Еріместі — алтын-күміс ерігер!  
(Жеріместен — алтын-күміс жерітер,  
Сергіместен — алтын-күміс сергітер!  
Иілместің басын алтын иеді,  
Үйілместі басыңа алтын үйеді!)  
Күміс көрген адам көңіл бермесе,  
Жарар оны шын періште ер десе!  
(Алтын көріп, адам көңіл бұрмаса,  
Көзі тұнып, дымы құрып тұрмаса.  
Ондай жанды періште деп санаңыз,  
Шынында да періштеге балаңыз.)  
Алтын көрсе ердің өзі жұмсарар,  
Күркіреген кердің сөзі жұмсарар!»
- 2750 Көңіл тойып, ерді жебеп тұрса бақ,  
Қазынасы арта берсе күн санап.  
Ен байлыққа тойып көзі, жасқанса,  
Хақтан қорқып тұрса — көңіл мастанса...  
Айыра алса адал менен арамды,  
Парықтаса жақсы менен жаманды.  
Көзі тоқтар жатқа сұғын салмайды,  
Адал жандар ласқа қолын малмайды.  
Алтын-күміс көріп өскен жасынан,  
Аулақ жүрер сұғанақтық насынан.
- 2755 Өзі Алладан қорыққан кісі, табынып,  
Ақ жолынан айнымайды қабынып.  
Адалдығың — асылдардың асылы,  
Рахат, хайыр адалдықта әсілі.  
Адалдардың жаны күндей жайнайды,  
Мәңгі-бақи құты бастан таймайды.

Құлағың сал мейірімді ер сөзіне,  
Мейірлі сөз медет болар өзіңе:

«Шыншыл болсын, көңіл, тілің, қылығың,  
Дүние, дәулет келер, берер шырының!

- 2760 Адалсың ба, құтты күнің бақытты,  
Сау-саламат өткіз сүйген уақытты!

(Көңіл таза — деніңнің сау болғаны,  
Денің сау ма — көңілің тау болғаны!)»

Бауырмалдық, сақтық керек, сергектік,  
Мың түрлі іске ояу, зерек ер жетпек.

Ұятты біл, ұятсыздан қашық бол,  
Парасатқа, пәк көңілге асық бол!

Ар-ұятың жаман істен сақтайды,  
Бұзықтарды ұят түзеп, ақтайды.

Шарап ішпей, өзінді-өзің ұстағын,  
Өзін тұтқан табар құтын, ұшпағың.

- 2765 Шарап ішкен — мал, ырысын ішеді,  
Құты қашып, мүскіндікке түседі.

Қазынашыға қараулау жан қолайлы:  
Сараң малға, нәрсеге сақ қарайды

(Сонда құны қазынаңның артады,  
Арзаныңды алтын қылып жарытады!)

Сенімді адам үмітіңді ақтайды,  
Бек ырысын тасытады, баптайды.

Сенімді адам, сирек адам ұқсаңыз,  
Бектей көріп, ақ пейілін жықпаңыз!

Қазынашың іскер болса, саспағын —  
Мол байлықты ұстар қосып бастарын.

(Бәрін ойлап, жөн-жөнімен бағалар,  
Қайда — пайда, қайда — зиян саралар.)

- 2770 Есі бар жан ешқашан да жаңылмас:  
Санға жүйрік, білер ісін қағылмас.

Ұмытшақтық — ессіздіктің белгісі,  
Ессіз кілтші ісін бұзар ез кісі.

Есеп-қисап жүрген жерге ес керек,  
Есеп білмес, есі жоқтар не істемек?!

Жазу білу қажет есеп жазарға,  
Хаттамасаң, қалай тұрар назарда?!

Жазсаң айқын: күллі кіріс-шығысың,  
Жазу сақтар қазынаңның жұмысын.

2775 Күнің, айын, жылын түгел жазып қой,  
Күллі санды ашық-айқын салып қой.

Есебінді жазу сақтап білгізер,  
Хатталса есеп алшаң-алшаң жүргізер.

Жанашыр жан сөзін ұғып, түсініп,  
Есеппен бек тұтар жігін ісінің:

«Хатталмаған іс есінде тұра ма?!  
Жазып қой, ұл, құр көңілге құлама?!

Жазсаң — тұрар, жазбағаның — жоғалар,  
Есепке осал ісші ұлыр тоналар.

2780 Білер болса түрлі жазу сырларын  
Сақтап соны, таныса істің қырларын.

Қызметші болса есептен сүрінер,  
Есептесер сәттерде өліп-тірілер.

(Болса егер, қазынашы жаңылар,  
Есептессе — басын ұрып, аңырар!)

Есеп-қисап жөнін кемел білген жөн,  
Оған қоса сақ, ширақ боп жүрген жөн!

Хандасаны\* жете жақсы түсінсе,  
Күрделі есеп-амалды еске түсірсе.

Нәзік есеп бұл хандаса тегінде,  
Есептейді жер мен көктің шегін де!»

2785 Құлағың түр біліп өмір сүргенге,  
Білікті сөз олжа сынды білгенге:

«Хандасаның терең қисап, есебі,  
Тек хакімдер бас қатырып шешеді.

Дәндей шағар жеті қабат көкті де,  
Есептейді талдап жерді, шекті де!»

Білікті, есті керек білмес таласты,  
Естілердің күллі ісі жарасты.

Біліктілер түзу жолдан таймайды,  
Түзу жүрген ердің күні жайнайды.

2790 Ақылы жоқ өзін ұстай алмайды,  
Білімі жоқ ісін істей алмайды.

Қазынашы ісі ішінде ғой сарайдың,  
Ондай адам сақтанса игі санаймын.

Тура жүріп, түзу тұтсын қабағын,  
Түтін, жалын қақтамасын ажарын.

Көзін бағып, ие болсын тіліне,  
Ақыл тізгін салсын нәпсі тініне.

Көзін көрсе — көңіл ауып қалады,  
Көңіл ауса — кімдер ұстай алады.

2795 Көңіл — басшы, тән-жанды алған қолына,  
Бек бастаса, құлы ереді соңына.

Білікті жан нақ айтыпты ақылын:  
«Көңілің мен көзіңді тый, батырым.

Жеті мүше, тән көңілге бағынар,  
Көңіл жүгін артып адам қамығар.

Көңілсіз жан жансыз сурет баяғы,  
Көңілсіз жан білікті атын жояды!»

Сақи емес, керек берік, сақ адам,  
Қазынашы шашпас, қолға қараған.

2800 Жақсы нәрсе бұл жомарттық, жаны кең,  
Сахи болма, бірақ кісі малымен.

Білу керек сауда-саттық, айланы,  
Саудасы жоқ, білмейді әсте пайданы.

Нарқын білсін күллі нәрсе тауардың,  
Баға-құнын айыра алсын олардың.

Құнын білсе, тектен текке алданбас,  
Сатарда-алып арзымасты малданбас.

Тәтті сөйлеп үлкенге де, кішіге,  
Жайлы болса алыс-беріс ісіне.

2805 Тез қайтарса, сенен сұрап алғанын,  
Қашан да тез берер сұрап барғанын.

Саудада адал, құлқы түзу адамға,  
Іздегенін тауып берер табанда!

Олжаны бек әскерлерге арнаса —  
Тең жеткізіп, қиянатқа бармаса:

Қазынашы қысса — әскерге жақпайды —  
Әскер көңілі бегіне кір сақтайды!

Сахи басын тындап, ұғып аларсың,  
Ей, бейшара, қам көңілің ағарсын:

2810 «Сүюшіні жерітудің амалы —  
Сұрағанын бермей серттен танады.

Бермесінді атап қойып, айныма,  
Қадір кетер, сөзден табан тайды ма!

Бек айныса — абыройы қашады,  
Сенім кетті, құты кеміп сасады!»

Пысық қажет, жақындатпа езбені,  
Ез келді ме — берекенің безгені.

Барлық ісші бек ісіне жүгірген,  
Есігіне мұқтаждықтан жүгінген.

(Қара көзі қара жерге тесіліп,  
Кіріптар боп ашқан қызмет есігін.)

2815 Қолы қысқа қызметшіге жаны ашып,  
Жарлық берсе — бекке тұрар жарасып.

Қазынашы малын бермей, сүйресе,  
Мұқтаж ісші у ішкендей күй кешер.

Қазынашы бермей оны сүйресе,  
Мұқтаж жан да күйер — үміт күйресе.

Керегінді тапсаң сол сәт жөнімен,  
Шағын нәрсең пілдей болып көрінер.

Көксақалдың сөзін, ерім, аларсың,  
Мұқтаждардың мұқтажына жарасын!

«Тілегенің дер кезінде табылса,  
Байғазыға аздау болар жаның да!

2820 Керегінде азың пілге теңелер,  
Күллі нәрсе парқындай ол еленер!»

Мұндай есті, ұятты адам табылса,  
Инабат, ой, білігімен танылса,

Қазынаңды тапсыр, сеніп алаңсыз,  
Қақын сақтап, құтты содан табарсыз!

#### **Еліктің Өгдүлмішке сауалы**

Елік айтты: — Ұқтым! Жақын кел тағы,  
Сауалым бар, жауабыңды бер тағы.

Қандай болу керек астың басшысы,  
Қандай болу керек оның қосшысы?

2825 Жесе бегі сезіктенбей асын да,  
Сенсе бегі, сақтаса аман басын да.

Ас-ауқат та, көңіл сенбей, жүрмейді,  
Күдіктенсең, асың тастай сінбейді!

Енді, осының жайын айтып жібергін,  
Ерім, өзім біліп, ұғып жүрермін!

#### **36. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ АСБАСШЫ /ХАН САЛАР/ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ**

Айтты Өгдүлміш: — Қадірлі Елік, бұл іске,  
Инабатты, жаны сау ер кіріссе!

Түзу, адал, сара кісі табылса,  
Жүзін көрген бар күдіктен арылса.

2830 Адам тіле судан тұнық, сүттен ақ,  
Мейірімді. Ұятты-арлы. Іске — бап.

Қайсар, іскер, шыншыл шыққан сенімнен,  
Өз бегіне жан-тәнімен берілген.

Бекке қатер келсе келер тамақтан,  
Кім сезеді асшы тұрса жалақтап?!..

(Ажал аспен кетсе бірге қайнасып,  
Кім біледі ас басшының айласын?!)

Екі шоқып бір қараса бек деген,  
Сақтап өзін, ішіп-жесе еппенен...

Ел бегінің мың-мыңдаған жауы бар,  
Жауы бардың, құрылған тор-ауы\* бар!

2835 Ас басшысы адал, ширақ болмаса,  
Қорғанса да, қатер жеңер — сорласа.

Дәмді асы дер кезінде жайылар,  
Көргенді, мәс кісі керек жайы бар.

Бейнеттеніп, бекке сіңсе еңбегі,  
Айдан анық: өрлеп, өсіп, өнбегі.

Ізгі кісі не дегенін тыңдағын,  
Таңқаларлық ақыл тұнған сырларын:

«Қай нәрсеге сіңсе бейнет, еңбегі,  
Сол сүйікті, сүйкімді сол жердегі!

2840 Қай нәрсеге кісі өмірін арнайды,  
Жан-тәнімен соны сүйіп, таңдайды!

Тірлік есіл емес-ау, еңбек — есіл,  
Сол еңбекпен өтелмес, тірлік — есіл!

Өмір өтсе, ер жігіт ашынбайды,  
Есіл еңбек өксігі басылмайды!»

Болғаны жөн көзі тоқ, көңілі бай,  
Сұлу, таза, шырайлы, өңі бір ай!

Білу қажет шарифатты, дін жәйін,  
Ондай адам адал жолда әрдәйім.

2845 Бектер нәзік, нәзік-таза талғамы,  
Сай болмаса қалай өтер тағамы.

Таза болса — асшы — таза тамағы,  
Таза болса ас-су ұнай қалады.

Көзі ашқарақ — аухатқа да ашқарақ,  
Қолын былғап, бүкіл асты лаस्ताмақ...

Барлық қырсық сұғанақтан келеді,  
Сұғанақты дауасыз дерт женеді.

Қаншама адал, ақ ниеттің ішінде,  
Тазасы өзің, өзіңе сен, түсін де!

(Қанша сүйсін, сені өзіңдей сүймейді,  
Бейнетіңе дәл өзіңдей күймейді.

Бәрінен де, өзіңе-өзің тазасың,  
Өзіңе-өзің кейде көр де қазасың!)

2850 Сенген жұртты түнілдірме, тарылма,  
Басыңды бақ, сақтан өзің, жаңылма.

Мұны меңзер асыл сөзді біліңіз,  
Ұмытпай һәм еске сақтап жүріңіз:

«Бәріне сен. Жаның үшін сене біл,  
Өз жанарың — жанашырың, сенерің!

Ғазиз жаның барлығынан қымбатты,  
Ғазиз жанға ықыласыңды бұр қатты!»

Жүзі нұрлы, болсын ойлы, құлықты,  
Сақал-шашы, тіл, ділі оң, ғұрыпты.

2855 Сұлу жүзге тамақ ішпей тоярсың,  
Настың асын у көргендей, қоярсың!

Сүйген Алла тазалығын ғаламның,  
Тазалықпен тарар даңқы адамның.

Таза, дәмді болсын суың, асың да,  
Тазалыққа тәнті досың, қасың да!

Адамдарды асқа жақын бастырма,  
Нас адамның — ісі де нас, қас қылма!

Туралық һәм шындық болсын болғасын,  
Тура жүрмей түзілмейді жөн-жосын.

(Не істесе де ықыласпен істесін,  
Аспазшындай ас дүмбілез піспесін!)

2860 Ас басшысы болса арамза, күйелеш,  
Қосшысы да сау сиырдың қиы емес!

(Жайлап алса қазан басын мыстандар,  
Бұралқы иттер, жер кемірген тышқандар.)

Қалың ұры қаптаса асқа егерде,  
Дастарханның берекесі келер ме!?

Нан алдында тек ізгілік киелі,  
Ас обалы ас басшыға тиеді!

Құлқы түзу ердің сөзін тыңдағын,  
Құлқы түзу татар әлем тұз-дәмін:

«Адал жаннан бақыт қашып құтылмас,  
Түзік жанның күні ешқашан тұтылмас.

2865 Қайда тисе қиянаттың аяғы,  
Қайырымды жандар қалмай, таяды.

Қиянатшыл қол ұсынса — бұл анық —  
Жер қуарып, теңіз кетер суалып.

(Сұмырай келсе су құриды, наныңыз,  
Сұмырай көрсең, суға айналар қаныңыз!)

Бегін сүйіп, жанын қияр жан болсын,  
Ұят-ар мен ынсап білер нар болсын.

Білім, ақыл болу керек аспазда,  
Мерзімінде баппен тамақ асқанда.

Қызмет етсе өзі жүріп, жөн біліп,  
Кіргенде де, шыққанда да көзге іліп.

2870 Өзін ұстап, іске тұтса ақылың  
Көзін тиып қосса білім — асылың.

Аты шықса опалы боп бегіне,  
Жақсы аты қалар мәңгі тегіне...

Ақылды адам атақ-құрмет алады,  
Білікті адам ықыласқа қанады.

Ақылдыдан адамшылық қалады,  
Біліктілер — адамдардың адамы!

(Ақылды-есті — кісілердің кісісі,  
Білімділер — кісілердің кішісі.)

Не дейді екен көп білетін бас кісі,  
Есті кісі — кісілердің бастысы:

2875 «Опалы, есті — адамдықтың шынары,  
Адам үшін өзін құрбан қылады.

Опасыз сұм, құлық қылқы шамалы,  
Уәде берсе, сөзін жұтып алады!»

\* \* \*

Айттым бәрін, білгенімнің дерегін.  
Ас басшысы болса осындай, о, Елік.

Өзі кіріп, дастарханын баптаса,  
Бегі алаңсыз ауқаттанса, саспаса!

\* \* \*

Айттым, Елік, ақылыма келгенін,  
Білгенім мен жүрегімнің сезгенін!

2880 Елік айтты: — Ұқтым. Өссін мерейің,  
Сауалым бар. Енді соған келейің.

Айтқын: Қандай болу керек ыдысшы?\*

Қайтсе оңдар шырыншылар жұмысты?

Иланса бек кідік көрмей қылығын,  
Ішсе сеніп шарап, шәрбат, шырынын!

### 37. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ЫДЫСШЫ БАСШЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Елік, ойлап қарасам,  
Бұған жұмсар білікті жан таба алсаң?!

Сыннан өткен, өзің бағып өсірген,  
Көңілін ұстап, тура жүрген кісі жөн.



2885 Көңілі тоқ, мейірлі, әділ оттан да,  
Пейіл-кұлқы түзу болса оқтан да.

Осындай жан ұстаса ыдыс құлағын,  
Іске жарап, төгер шырын құнарын.

Ыдысшы ұстар күллі түрлі дәріні —  
Гуәріш, мәжүн, чұрны қосқан кәдімгі.

Алуан түрлі дәріні ұстар даяр қып,  
Қаласа ішіп, жейтін иә жалайтын.

Құрғақ, балғын жеміс, шәрбәт, қауыздар —  
Барлығы бар, өтетұғын ауыздан.

2890 Бекке қатер келсе-келер тағамнан,  
Қанға содан жақсы-жаман таралған.

Ыдысшы, аспаз шалағай боп кездесе,  
Бектің шырқы кеткені де келмеске!

Не дейді екен, тыңда білген адамды:  
«Ауызды бақ, ақырын же тағамды.

Аузыңда ынсап болса, тимес маңдайға,  
Аз тағамның дәмі татыр таңдайға.

Аузын бақпай, тірлік текке озғасын —  
Көрдім талай жұтқандарды өз басын.

2895 Дерт кісіге жабысады ауыздан,  
Дертке дауа дәрі де енер ауыздан.

Білім керек, ақыл керек кісіге,  
Ақыл бастар — адамшылық ісіне.

Ақылды жан қатыспайды жаманға,  
Біліктінің ісі бүтін әмәнда.

Қисық жебе отын болып шығады,  
Қисық адам — тұтқын болып тынады!

Тура жүріп, істі тындыр ер бегім!  
Туралықтан өзге жақсы көрмедім!»

2900 Ыдысшыға нақ осындай ер керек,  
Жүрегі-ақ, көңілі таза, елгезек.

Жұмысына түзу, адал қарасын,  
Жамандықтан тартсын бойын, санасын.

Өз қолымен жасап, дәмін алғасын,  
Өзі жауып, өзі соқса таңбасын.

Ең дұрысы, барлық дәрі, тұнбаны,  
Таза қолмен жасап, құйып тұрғаны.

Жеміс\*, жүләб\*, жүләңбінді\* баптаса,  
Бар шарапты өзі жасап, сақтаса.

2905 Ашынса да, күйінсе де, жаны ашып,  
Хақын өтеп ас, табағын қарасын.

Еңбектенсе, құртпай соңын құрдымға,  
Бейнеттенсе, бағы жанар құлдың да!

Кісі неге сіңірсе еңбек, жігерін,  
Көктер жаны соған тамыр жіберіп.

Мұны меңзер сөз бар сөздің жәннаты,  
Ақылды сөз — білім-ойдың қанаты:

«Неге сіңсе маңдай тері адамның,  
Содан жаны алар ләззат, табар мұң.

(Неден мехнат көрсе өгіздей жегіліп,  
Сүйер соны жан-тәнімен беріліп.)

2910 Бейнеттеніп ер өмірін арнаса,  
Сүйіп соны, жүгін сүйреп, талмаса!»

Мұндай кісі келсе, құтқа жоры да —  
Ыдысшы ісін ұстат соның қолына.

Осындай ер керек арлы, сабырлы,  
Ісі, көркі жадыратар жаныңды.

Іс басшыға көмекшілер қымбатты,  
Сақалсыз, жас, болсын түгел сымбатты.

Жүзі жылы, күн нұрымен шайғандай,  
Бойы талдай, шашы қара, ай маңдай.

2915 Қыпша белді, жауырыны қақпақтай,  
Өзі реңді, көзі ұшқынды шақпақтай.

(Өппақ еті, жүзі қызыл шырайлы,  
Сәмбі талдай бал денесі былайғы.)

Жасыл, сары, қырмызы, көк тамаша,  
Киім киіп, табақ тартса — жарасар.

Мұнтаздай пәк, сақалдары болмасын,  
Ыдыс, тағам қыл-қыбырға толмасын!

Ыдысқа түк жүрсе ілесіп — жарамсыз,  
Қыл-қыбырмен қалай дәмін аларсыз.

(Тәбетің де ерке қыздай қылықты,  
Үп еткен леп үркітеді тымықты.)

Ыдысшылар «көсе» болсын дегенді,  
Айтқан сөздің келгендейін кері енді:

2920 «Ыдысшы пәк, сұлу болса сүйінер,  
Ұсынғаны тілді балдай үйірет.

Көркі сұлу, құлқы сұлу тағы да  
Не берсе де жаға түсер жанына!»

Көзі ашық, көкірегі ояу ерлерім,  
Бәйтшінің байқа нені меңзерін:

«Көркі болса, маңдайдан күн көрінер,  
Не берсе де, балдай шырын төгілер.

Қарны аштар көрсе, тағат қалмаса,  
Сусағандар ішсін қанша, қанбаса!»

2925 Ыдыс басы болсын, міне, осындай,  
Қосшылары өзіне сай қосылғай.

Сонда оларға бектер сеніп, нанады,  
Жақын тұтып, пейіл беріп бағады.

\* \* \*

Ай, елбасы, бұл істерге, андағын,  
Бауырмал, тоқ, арлы жанды таңдағын.

Бірі — елші, хатшы — бірі, қарасаң,  
Бірі — ыдысшы, асшы — бірі, қарасаң.

Әрқайсысын қатты таңдап, барлағын,  
Лайық болмай, кейін қапы қалмағын!

2930 Елші, хатшы болса егерде кеселді,  
Зиялы елге тиер, тияр меселді.

Кесел болса ыдысшы, аспаз сияғы,  
Өміріңе, жанға тиер зияны.

(Ас басына алсаң арам, масылды,  
Күнәсіне берерсің өз басыңды.

Ыдысшыға кетсе қулар жанасып,  
Дәрі орнына зәр ішерсің адасып).

Таңдағанда, ақылға сал, ей Елік,  
Қателессең, таба алмассың себебін!..

\* \* \*

Айтты Өгдүлміш: — Құтты бектің заты да,  
Ісі де ұлы, ұлы бектік аты да!

Ұлы істерден басың қатар көбіне,  
Бас ауырса, қалар бектік жөніне.

2935 Дана ақылы-ай, көріпкелден аумаған,  
Кеңессе бек — ақыл-інжу саулаған:

«Еңбек еткін, ләззат қуып не етесің,  
Михнат пен рахат бірге, жетесің!

Бек киналса, халқы құтқа батқаны,  
Ел байыса, бек бақытын тапқаны!

Ләззатшыл ер! Егілмегін тым аса,  
Бейнет ақыр рахатқа ұласар.

(Шаттансаң да, шамаңнан тыс тасынба,  
Сығырайып мехнат отыр қасыңда!)

Ай, мәрт батыр, жадына түй тегінде,  
Ыдысшы, аспаз болсын қанша сенімді

2940 — Бәрінен де, сөзді қойып, бағарсың —  
Өзіңе-өзің бауырмалсың, адалсың!

(Сені өзіңдей сақтай алмас тірі жан,  
Сөзді созбай, осы жайды біліп ал.)»

Дана ердің өсиетін жазып ал,  
Жазып, оқып, ұмытпастай қанып ал:

«Шырын жанға опалы іздеп таппадым —  
Сенетігұн бір өзімнен басқаны.

Қатты сақта, жайсын жаның желегін,  
Кетер болса, емін табам демегін!»

\* \* \*

Айтарымды айттым, Елік, түсінгін,  
Ем, дауасын, жөнін сөзге түсірдім.

2945 Міне, осындай жандармен бек көгерер,  
Жауын жайпап, даңқы тарап жөнелер...

Бәрін айттым, тиістіні білуге,  
Тағы да бір сөзім қалды тілімде.

Тыңдаса Елік, оны-дағы төгейін,  
Тыңдамаса, көкірегіме көмейін!

#### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік айтты: — Тежеу бар ма білікке,  
Айтқын, кәне, сөйлер сөзді ірікпе!

Алу керек сенен сөздің ақығын,  
Білімің — теңіз, дариядай — ақылың!

#### Өгдүлміштің Елікке сауалы

2950 Айтты Өгдүлміш: — Елік — ойдың мекені,  
Елге өнеге, білім содан жетеді.

Айтып бердім қызметшінің тірлігін,  
Сыйлайтынын құл бегінің түндігін.

Қызметшіні қалай ұстау керегін,  
Қайтсе олар, қандай пайда берерін.

Құлда бектің болса қанша қақысы,  
Құлдың бекте болмай ма екен ақысы?!

Егер, құлдар көрсе хақын бектердің,  
Ісін көріп, құл хақын бек ескергін.

2955 Қызметші дүние үшін іс қылар,  
Мал таппаса — еңбегі еш, іш тынар...

#### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік айтты: — Сөз төркінін байқадым,  
Қызметші хақы қалай қайтады?

#### 38. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ХАҚЫ, БЕКТЕРДІҢ ПАРЫЗЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Қызметіңе жараса,  
Бар бегінде құлдың хақы, қарасаң...

Ең әуелі ішіп-жемін берерсің,  
Іске күші сай тұруын елерсің...

Қызметшінің еңбегі — сор, жолы — ауыр,  
Түсінген бек сезер өзі-ақ бодауын.

2960 Құлы бектің сүйінішін малданар,  
Жан-тәнімен жақсы істеуге қарманар.

Ыстық-суық, аш-тоғына қарамас,  
Кірер оққа, қылыш, балта аралас.

(Жаяу-жалпы қалқан болар жаныңа,  
Жалғыз түйір құн сұрамас қанына.)

Оңға-солға, артқа ма әлде алдыға...  
Бек бағы үшін мехнат шегер тағы да...

Жауға шапса, бектің қалқан-жарағы,  
«Өзі өлсе де, бегі өлмесін!» — қалауы!..

(Жау ұмтылса, бегін оқтан қағады,  
Өзі өлсе де, бегі тірі қалады.)

Бек сүйінсін деп ондайлар жаншылып,  
Күндіз-түні бейнет шегер сарсылып.

2965 Қызмет хақын бегі өтеп, жарасса,  
Ізгілікпен, мейіріммен қараса.

Сөзін тыңда Үш орданың ханының,  
Ел сарасы, жұрты сүйген табынып:

«Ай, ұлы бек — иесі ұлы халықтың,  
Құлыңды елеп, ұлық тұтып, қарық қыл!

Қызметшімен бектің қолы ұзарар,  
Қызметшімен ел мен жұрты құралар.

(Бектер ұлық болып туар тегінен,  
Қызметші озып шығар теңінен!)»

Ұлы болсын, асыл болсын бек қанша,  
Қызметшімен шығар, жақсы ат қалса.

2970 Адамшылық — кісіліктен, бағамда,  
Адамшылық — тариқат\* қой адамға...

Мүрруэт\* ол тариқат қой, заты шын,  
Кісі еңбегін білсе, беріп ақысын.

Ісші есікте үміт күтіп күн кешер,  
Үміт өшсе, адамдық та бірге өшер.

Қызметшісін көрсе, бектер бағалап,  
Кім пайдалы, пайдасызын саралап.

Қызметіне лайық болсын ақысы,  
Әділ сонда, бек пен құлдың хақысы.

2975 Ай, бек, кісі хайуаннан қор емес,  
Соны білсең — болмас өкпе, сор, егес.

Малды да адам баптап, әбден бағады,  
Сонсоң ғана терін сылып алады.

(Әуелі адам тойындырар малды да,  
Сонсоң іске қосар салып алдына.)

Жылы сөйлеп, пейіл берсе аялап,  
Қызметкер де бектен жанын аямас.

Жүрегі еріп, құл да қалбақ қағады,  
Қинар өзін, бек көңілін табады.

Мұны мегзеп сөз айтыпты ғұлама;  
Білігімен адам қолы ұзарар:

(Бұл сөзде тұр тоқсан ойдың торабы,  
Білікті сөз білген құлға қонады.)

2980 «Ізгілікке ер — жанын қиып, жай табар,  
Жақсылықты он есе қып қайтарар!

Пайда көрсе, құлдық ұрып ереді,  
Құл боп соған, өзі бейнет шегеді!»

Ісін өтеп, қызметшінің күйін біл —  
Ашты тойдыр, жалаңашты киіндір.

Ай, құтты Елік, бекті сонда не дейін,  
Кедейліктен құтқармаса кедейін?!

(Ай, құтты Елік, бектің сағы сынбай ма,  
Құлдың мойны ұқсап тұрса ырғайға!

Құлы кесе жоқшылықтың қамытын,  
Кедей, — дер ел, — бегінің де жаны тым?!)

Тында, болмас қарт ойының нашары,  
Қария сөзі жігіт көзін ашады:

2985 «Кісіге егер сіңсе еңбегі кісінің,  
Еңбегінің хақын өтеу — кісілік.

Жаны ашымай, кісі еңбегін жегенді,  
Кісі демей хайуанға теңейді!»

Екі түрлі қызметші, түбі, біл,  
Бірі — ерікті үміт қуған, бірі — құл!

Құлақкесті құл еріксіз, табынар,  
Табынбаса — сабаған соң: жалынар.

Еріктілер өз еркімен жалданар,  
Мандай термен тапқандарын малданар.

2990 Еріктілер — ізгілікке жығылар,  
Ізгілікпен құл қылудың сыры бар...

Еріктіні құлдай ұстау жараспас,  
Ерікті — еркін! Құлың құл ғой — таласпас.

Бек сарайы — рахаттың сарайы,  
Пайдасын көр! Қылық етпей анайы...

Құл байыса, бектің аты шығады,  
Дұғамен бек аты мәңгі тұрады.

Бек пен құлдың тірлігінің сияғы,  
Сатушы мен алушыдай баяғы

2995 Сатушы оған сатар айтып бағаны,  
Алушы алып — айналымға салады.

Жыл, ай, күндер өтер — пайда жиылар,  
Есептесер, тағы түсім құйылар.

Енді бек пен қызметші келісер —  
Есептесер, ортақтасар, сенісер.

Бегі құлға берер нәрсе, ақылын,  
Қызметшісі қызмет жасар сапырып.

Қылыш сілтеп, құлы жанын салады,  
Ұлыс — шаһар, елі пайда табады.

(Қызметші шығар қылыш құрсанып,  
Буырқанып, жанын қиып бұрқанып.)

3000 Жау жеңілер, қазынасы толығар,  
Тілегі боп мал, нәрсесі молығар.

Мұның бәрі жазылған іс маңдайға,  
Қадірле бек, татырғанды таңдайға.

Сарттар\* басы не дегенін тыңдағын,  
Жаһан кезген, тауып пайда сырларын:

«Пайдалы құл — жақын болар ұлыңнан,  
Пайдасыз ұл — жаудан жаман ұрынған.

Тірі жанның бәрі пайда қуады,  
Пайдасызды үйде қарттық буады.»

3005 Әскер — бектің қанаты мен құйрығы,  
Қанатсыз құс ұшпас — тағдыр бұйрығы!

Әскері мол бектің күші еселі,  
Әскермен ол көп түйінді шешеді.

Қай бекке еріп ерен ерлер аттанар,  
Әлемге сол сайыпқыран атанар!

Күллі өнерді жиып алса бойына,  
Орындалар келген тілек ойына.

Жиһангерге өнер керек мыңдаған,  
Уысында тұрар сонда бұл ғалам!

3010 Үйрен, ұлым, арзан көрме өнерді,  
Киелі өнер аққұс тектес төбенде.

Өнер құты — киесіндей аққудың,  
Құс қуғаның — өнер қудың, бақ қудың!

(Құты құстай құтты өнерді тегі сен,  
Көктегі аққу деп атасаң келісер! )

Дүниені қартайтқан һәм қартайған,  
Басы әппақ қарт айтыпты марқайған.

«Қадір тұтып, үйрен білім, өнерді,  
Қадірлетер ол даңқыңды, өренді.

Білімді біл, ойлан, текке жүрмегін,  
Сәті келсе, туар ізгі күндерің!»

#### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

3015 Сөзін естіп, өзегіндей жасынның,  
Сүйінді Елік: — Асыл тектім! Ақылдым

Кісіліктің жөнін жақсы ұғындым,  
Ізгіліктің шуағына жылындым.

Өзім бекпін, ел тізгіні қолымда,  
Айтқаным — заң, оңды оңым, солым да.

Бектік құрып, қуанбаспын мен енді,  
Жанды бағып жүре алмаспын мен енді!

(Бұл бектіктен не қуаныш, не қайыр?  
Тыныштықпен батпаса Күн не Айың?)

Бір тілегім: менімен кім жанасса,  
Дәулет дарып, күші тасып, бағы асса!

3020 Сүйініш қой бекті еске алып тұрғаның,  
Жақсы атақпен дұға оқыса ырзамын!

Алтын — күміс, қазына, мүлік жинадым,  
Келгендіктен әскерлерге сыйлағым.

Елге үлесем жақсы атақты тапқасын,  
Дұға тиіп, Алла атымды сақтасын.

Тілегім сол: қызметшім — кейінде,  
Қалса байып — малға, жанға, пейілге.

Өзім көшсем, аман қалып бар халық,  
Дұға қылса, жаны егіліп, жан налып!

### Өгдүлмiштің Елiкке жауабы

- 3025 Өгдүлмiш те жауап берiп, дедi: — Елiк,  
Бұл iске тек ақыл, бiлiк керегi .  
Басқа не бар, өлiп адам, сорласа?  
Соңында егер жақсы атағы болмаса!  
Тiрлiк үшiн төк күмiстi, тарылма!  
Көрге бiрге әкетем деп жаңылма!..  
Алтын-күмiс алмас жер жоқ, тегiнде,  
Кеңiт елдiң тынысын да, шегiн де!  
(Алтын-күмiс тарат та, Елiк, қарасаң,  
Қолың жетер — қандай елдi қаласаң.)  
Не дегенiн тыңда дана кiсiнiң,  
Жайын бiлген билiк-бектiк iсiнiң:
- 3030 «Қазына шаш — жасақта әскер, ерiндi,  
Сонда жауың сындыра алмас белiндi.  
(Мал үлестiр, қалың жасақ ұстағын,  
Даяр болсын дәйiм жауға қыспағың.)  
Қазына емес, әскер-қолың көп болсын,  
Бек бай емес, қалың елiң тоқ болсын.  
Әскер болса — берекелi ел, ерiктi,  
Әскерi жоқ бекке кiмдер сенiптi!?  
Егер әскер тұрса бекке бағынып,  
Қай ел болсын, келер бекке табынып.  
Болса жаһан бектерiнiң қолы ашық,  
Қос жаһанда төрге оларға жол ашық!»
- 3035 Бiлiктi тiл, айтыпты бiр себебiн —  
Сарандықпен басқара алмас бек елiн:  
«Екi нәрсе сыйыса алмай, қашады;  
Жомарт — жеңiп, ал сарандық — сасады!  
(Екi нәрсе бiр-бiрiмен симайды,  
Сараң жақпас, сақиды өбiп, сыйлайды!)

Сарандықтан адам бiткен безiнер,  
Сақилыққа iздеп жүрiп кезiгер.

Бiтiспес жау бектiк пенен сарандық,  
Сараң маңы — өшпейтiн дау, арамдық.

Басқа екi күш, сақтап елдi қалатын,  
Бiрi — қылыш, екiншiсi — сара алтын!

- 3040 Сақилықпен ел бекiнер кеңейiп,  
Сақилықпен бек жетiлер, ей , Елiк!

Ер қылышын жарқылдатса жасындай,  
Не iстесiн жау бұғынып, жасымай!

(Гүр алып ер алса жасын темiрiн,  
Кесiледi азулы ерлер тамыры.)

Бектiң қолын ұзартады алтыны,  
Елдi ұйытар қылышсыз, тiл арқылы.

Ел де, ер де екеуiне жүгiнер,  
Осы екеуiн ұстанған бек — ұлы ер.

Саф алтынмен серпiледi — түңiлген,  
Саф алтынмен түзеледi — бүлiнген!

(Саф алтынмен қас кiрбiнi жоғалар,  
Саф алтынмен бұзылған iс оңалар.)

- 3045 Қайда қылыш ұрса — күмiс қоры сол,  
Қайда күмiс жатса — қылыш жолы сол.

(Күмiс қайда — қылыш солай сермелер,  
Қылыш қайда — содан күмiс теңделер.)

Күмiс шашсаң, жақсыларың жиылар,  
Күмiс жисаң, жасақтарың сұйылар...

Қылышты ер, көр, күмiске құмарсың,  
Алтын жисаң — қылыш қауып тынарсың!

(Әскер жисаң — алтын жатар жолында,  
Алтын жисаң — кеттiң жаудың торында.)

Қазына жияр сараң бектер тырысқақ,  
Сақи бектер шауып алар қылыштап!

Өмір заңы, қолдан келсе, сақи бол:  
Сараңдар — қор, мадақталар сақи — зор!

\* \* \*

3050 Сөзін үзіп, Өгдүлміш, жерді сүйді,  
Дұға қылып Елікке басын иді.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Сөздерді естіп ол ағынан жарылды,  
Қолын жайып, жаратқанға жалынды:

Ай, мейірбан, жаппар ием, жаратқан!  
Қиналғанда тапқан ием, жаратқан!

Сенен өзге сүйенішім жоқ менің,  
Сенде — үмітім, сенде көңіл көксерім.

Шапағатың қалды ма мен көрмеген,  
Арыз-тілек қалды ма сен бермеген.

3055 Сөзім — дұғам, шындығым бұл іштегі —  
Сен мұңсызсың, менің мұным бітпеді!

Сенен медет, сенен қуат тілеймін,  
Тура жолға сілте, солай жүрейін.

Бұл Өгдүлміш ізгіліктің көбінен,  
Артық шықты толды соған көңілім!»

Біліп, сенің мейірімің екенін,  
Мен күніне мың шүкірлік етемін!

Жанын салып жүргізеді бек ісін,  
Көбейтеді жұрт дұғасын мен үшін,

3060 Күш бер маған, енді хақын өтейін,  
Сүйіндіріп, жанын жақын өтейін!

Тағы да айтты: — Ақылдылар, естілер,  
Мақтан тұтып, Өгдүлміштен ес тілер!

Ақыл тілер болса, тұнған ақылсың,  
Сенімді, адал, бауырмалсың, асылсың!

Білік күтсе, кемел кеніш — білімің,  
Ұшсаң — қанат, жортсаң жүйрік күлігің.

Қызметің асып түсті ақыннан,  
Ешбір істі асырмадың басыңнан.

3065 Енді мен де саған қайыр өтейін,  
Тірлігімде қарызынды өтейін!

Мені елеген Алла сені елесін,  
Дәл өзімдей сүйіндірсін, жебесін!

\* \* \*

Елік сөзін үзді де, ойға кетті,  
Қызметшісі тағзым қып, жерді өпті.

\* \* \*

Шықты бектен қуанышы жетелеп,  
Атын мініп келді үйіне төтелеп.

Қызмет қылды күндіз-түні, еленді,  
Бақ қақпасын ашып, құтқа бөленді.

3070 Толысты ақыл, тереңдеді білігі,  
Қол ұзарды, арылды бар күдігі.

Дәулетімен даңқы шыққан дананың,  
Бұл жөнінде не дегенін қарағын:

«Дәулет қонса, басын көкке тигізер,  
Көкке тиген басты кімдер игізер!?

Келе берсе, дәулет-дүние жамырап,  
Кісі көңілі өсер, жүзі жадырап.»

Бұл жөнінде ақсақал да айтыпты,  
Көкірегіне көмбе көміп қайтыпты:

3075 «Кім бай болса, қолы соның қарымды,  
Терісі — оң, ойлы, тілді, алымды.

Малсыз ойшыл ой тартқанмен тереңнен,  
Сөзін тияр, қанша тілді дегенмен!

(Сөзі қисық шыққанымен, майлы ауыз —  
Түйе берер төреліктің байлауын!)

Бұл жаһанның әдеті осы жылдардан —  
Дәулет атты: түбі опасыз сұм жалған;

Жүзін бұрса — ажарланар жауыз да,  
Көзін салса — өсер кішік, бауыр да.

Дәулет келіп қонса кімнің басына,  
Іші-тысын жөндей бастар асыға.

3080 Егер келсе, бар тілегін әкелер,  
Даңқын жайып, ат-абырой әперер!

Егер кетсе, бергенін ап шығады,  
Көктен басын қара жерге тығады!

Ай, ақылды ер, дүние қуып шатылма,  
Арбағанға сеніп бәле шақырма!

Не қыласың түн-түнекке тұншығып,  
Мәңгі жарық еліңе\* ұмтыл құлшынып.

Дүние-түннен күдерінді үз, сабыр қыл,  
Әсем орда, жұртыңды тап, дамыл қыл!

3085 Не дегенін тыңда, ай, жаны тазаны,  
Барлық істе көңілі түзу дананы:

«Ай, құштар жан, ұста өмірдің өзегін,  
Толып-шалқыр сонда, бақыт — өзенің.

Түбін ойла. Көшер дүние кезегі,  
Дүние — жалған, безбесең — ол безеді.

Жафашыл ол, сен де оны қапа қыл,  
Жафа шексе, ерер қойып шатағын.

(Ку дүние бір опасыз ойласаң,  
Жаутаң қағар, ойыншық қып ойнасаң.)

Ай, адасқан, бас қатырып, желікпе,  
Түбі — ұйық, сұм жалғанға елікпе!

3090 Иірімге түскен әрі жұтылар,  
Қайта шықпай, тұншығар һәм тұтылар.

Ұйықтан шық, жүл өзінді жоғары,  
Ибадатты, құлқы оңды — оңады!

Қайта бастар, берер тірлік берерін,  
Тіліңді тый, ойла өмірдің тереңін!»

\* \* \*

Содан бері жан пиғылын оңады,  
Халыққа әділ саясатты қолдады.

Халқы оңалып, арықтары тойынды,  
Ел сүйініп, жауы әлсіреп, жойылды.

3095 Қуаныш пен шаттықта күн өткізді,  
Жұрт жақсы атын күллі әлемге жеткізді.

Осы күйде күн өткізді кенелді,  
Бөрі менен қозы, тоқты теңелді.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Елік бір күн Өгдүлмішті сынады,  
Кешкен күнін, өткен ісін сұрады:

— Өткен күндер қалай өтті, қайда өтті?  
Ел ішінде кедей көп пе, бай көп пе?!

Ел ішінде қанша жауыз, зұлым бар?  
Айтқын, қалай жұрттың халі бұрыннан?

3100 Қалай елде ойдың, сөздің өрісі?  
Мақтай ма әлде көбірек пе сөгісі?

Мінім көп пе, көп пе өнерім, сұрайын,  
Айтып бергей, бір дауасын қылайын!

(Маған деген ниет, көңіл аласын,  
Айтқын ашық, ойланайын шарасын.

Жарата ма, қаламай ма заңымды?  
Ақтар бүкпей ел туралы барыңды?!

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Қадірлейміз бекті ізгі,  
Тілек келді, қолымызды жеткізді.

Әлем гүлдеп, саялады саянды,  
Мұң азайды, сүйініш, бек, баянды.

Ел байыды, көктеді жер кезерген,  
Көңіл өсіп ұлыс, қала безенген.

3105 Ел басынан күндер зулап жатты ізгі,  
Түндерін тек сүйінішпен өткізді.

Жұрт мақтайды бектігіңді, затыңды,  
Тілеуіңді тілеп, қоштап атыңды.



Заң су дерсін, зұлымдық өрт есірген,  
Өртті сумен булықтырып өшірген.

Заңды түзеп, оңдадың ел пиғылын,  
Көрінбейді еш қиянат, қиғылық.

Бек үш істен қорлық көрер өлгенше,  
Бірі — жалқау, осал болса, сөзге ерсе!

- 3110 Екінші — қор, бектікті ұстай алмаған,  
Үшінші — ашкөз, халық баурын жалмаған.

Елік, сенде бірі де жоқ бұлардың,  
Елге қайдан қиянат, зорлық, шығар мұң!

Сен әділсің елдің жәйін ескерген,  
Тәңір саған білім, сезім, ес берген!

Ізгілікке тіктің тірлік, басыңды,  
Ел тойынды, мұнан көзі ашылды.

Шүкірлік ет, сақтан, сақта еліңді,  
Сен сақтансаң, сақтаушың да сенімді.

- 3115 Сырттан тиер кесел, қырсық кездесе,  
Мен құлыңмын, тұрам жауға бермеске!

\* \* \*

Шүкірлік қып, Елік қатты шаттанды,  
Қолын жайып, қуанышын ақтарды:

— Мейірімді ұлы иемсің, құлыңмын!  
Қадірледің, қуат бердің, құбылдым.

Маған күллі жақсылықты ұсындың,  
Қарыздармын. Өтесем деп, қысылдым.

Қарызымды қалай ғана өтермін,  
Өзіңе-өзің менен өтеп өтерсің?!

(Жалбарынам, өте өзіңе мен үшін!?  
Сенің арқаң ырыс-бақыт, жемісім!)

#### **Еліктің Өгдүлмішке жауабы**

- 3120 Елік айтты: — Өгдүлмішім, Алланың  
Шапағаты, сені тауып алғаным!

Себепкер сен, ізгілікті жебегін,  
Заңды түзеп, зұлымдықты тежегін!

Алла күллі жақсылықты қаратты,  
Сені өзгеден он есе артық жаратты!

Бектің өзі тырысқанмен сіресіп,  
Құлсыз, жалғыз, ісі өнбейді білесің!

Бек өзі — ішті, құлы тысты шолады,  
Жанашыр құл көз де, сөз де болады.

- 3125 Көзім де — сен, тілім де — сен, қолым да,  
Атым ізгі, оңым да — есен, солым да...

Не дер екен естіп, байқа Қаһанды,  
Билеп көрген елді, жерді, жаһанды:

«Жанашыр құл тапса бектер, түрлі іске,  
Оны ұстасын көміп алтын, күміске.

Адал кісі тапса, бектің бағы асар,  
Тыным тауып, құт тірлігі жарасар.

Сара ісші — мейірімді. Адам, шын  
Құтты құлды қайдан іздеп табарсың?!

- 3130 Бауырмал һәм сара жоқта жаһанда,  
Кісілік те толық болмас қашан да!»

Есіркеймін, ай, Өгдүлміш атаңнан,  
Маған қалған — жалғыз өзің, бата алған.

Тағы бір ер ерсе саған, қарасып,  
Оң-солыңда жүрмес пе еді жарасып.

Бір өзіңсің, ай, ақпейіл, сенімді,  
Сен жоғалсаң, таба алмаспын теңіңді!

Жалғыздығың жанға батып тұр тосын,  
Өсіп-өнгір, болса тағы бір досың.

- 3135 Саған дағы түспес еді бейнет көп,  
Дұға тиіп, өтер едім зейнетпен.

Іздеп көргін қандастарды аралап,  
Бар ма, сұра, саған ерер саралар!

### Өгдүлмiштiң Елiкке жауабы

Айтты Өгдүлмiш: — Елiк, болсын есендiк,  
Iстi колға алсақ — кетпес есең де.

Елiк тыншып, рахатқа батқайсың,  
Бар тiлегiң келiп, ләззат тапқайсың.

Еңбегiмдi хан алтынға баламай,,  
Оң көзiмен, оң көңiлмен қарағай!

(Хан қосшысы бейнетiмдi ұмытсын,  
Алакөңiл болмай, жаны тынықсын.)

3140 Еңбек келсе, рахат та келедi,  
Рахат пен еңбек бiрге себебi!

Егер Елiк ел iсiне пайдалы,  
Кiсi iздесе, ел басы елдiң қаймағы.

Дана сөзiн естiп, өзiң салмақта,  
Естi сөздiң әр түйiнiн тармақта:

«Жәрдемшiсi көп болса, бек ырысты,  
Көңлi тоқ, өркендi елi, тынысты.

Көп болса елде берекелi, зерделi,  
Iсi гүлдеп, рахаттанар ел бегi!»

3145 Жоқ емес бар, ондай кiсi қандаста,  
Асып туған, бiлiгi артық, марқасқа!

Өнерi көп, көңiлi ояу, жайсаң жан,  
Алған iсiн құлпыртатын майталман.

Аты — Одғұрмыш, түзу құлқы, тәлiмi,  
Қол жеткiзген жақсылықтың бәрiне.

Бiрақ безiп бұл дүниеден түңiлiп,  
Тауға кеткен, хақ жолына жүгiнiп.

Бұл дүниеден жүзiн бұрып, қамыққан,  
Күнәларын арылтсам деп жабыққан.

3150 Жүз есе үстем менен оның өнерi,  
Сарасы елдiң, бiлген жаңа, көненi.

Сол туысым бiрге болса қасымда,  
Бiлiгiмен жүрер бар iс басында!

Ханның елi көңiлi өсiп, шаттанып,  
Ғұмыр кешер дүниеден бақ тауып.

(Елiк, сен де кенелер ең алтынға,  
Әлемдi ұстап тұрар едi халқың да!)

### Елiктiң Өгдүлмiшке сауалы

Елiк айтты: — қазiргi арыз-тiлегiм,  
Оны тауып, көрiп, сенсе жүрегiм!

Iстiң қалай келтiрерсiң амалын,  
Маған жақын табыстырсаң, саналым!

3155 Не деп, қалай шақырамыз осында?  
Кiм шақырсын, ақылыңды айт, тосылма.

Хат дұрыс па, жаушы жөн бе? Өзiң шеш!  
Қайсысы жөн, анда да атқар, төзiм — кеш!

### Өгдүлмiштiң Елiкке жауабы

Айтты Өгдүлмiш: — Шағылмасын тауаның,  
Айттың өзiң сауалыңның жауабын.

Айттым ағам бар екенiн, есiмiн,  
Келер, келмес айта алмаймын кесiмiн.

Келсе, жақсы — сөздi қадiр тұтқаны,  
Келмесе егер — сөздiң құны ұшқаны.

3160 Елiк қапа болып қалып ғайыпта,  
Бұйырмағай келiп менi айыпқа!

### Елiктiң Өгдүлмiшке сауалы

Елiк айтты: — Мен өзiм ғой сұраған,  
Жауап бердiң, ойынды айттың ұнаған.

Шақырып көр. Келсе келер, келмесе —  
Сөгем несiн, сөзiме мән бермесе.

Айттың оның өнер, даңқын — естiдiм,  
Шақырып бiр көргiм келдi кескiнiн.

Бiлiмдi, асқан дана дедiң тағы да,  
Одан да әрмен жаға түстi жаным.

- 3165 Білімді, ойлы адам әркез адам да,  
Малдан аумас надан аз ба ғаламда!?
- Істі білсе — білер зерек, білікті,  
Істі істесе — істер зерек, білікті.
- Мұны мегзер ойлы сөз бар тараған,  
Ай, ержүрек, тыңдап соны қарағын:
- «Бар тас түйін шешіледі білікпен,  
Білік біліп, ақыл ұққын тірліктен.
- (Тас түйіннің бәрі ақылмен шешілер,  
Ақылды ұққын, білік білгін, есіл ер!)
- Білімді біл, тұтар күнін біл тағы,  
Үйрен тағы, жетесіздік құртады.
- (Білім — кілті, күллі берік қақпаның,  
Білімді біл, білген құлды қақпағын.
- Тура сөйлеп, білімді іске арнағын,  
Үйрен тағы, бүгін қапы қалмағын.
- Білім үйрен, керексізден жирен де,  
Білгеніңді қор қылма құр күйбеңге!))»
- 3170 Жалғыз маған пайда ма оның білгені,  
Саған да бір себі тиер ілгері...
- Қандас болса, қандасыңмен мұндасқын,  
Қандас жоқ па, достар тауып, сырлас қыл!
- (Бауыр жоқ па, достарыңды бауыр қыл,  
Еңсең биік сонда алдында жауыңның.)
- Көр, елбасы жақсы айтып, байлапты,  
Туысты жан барлығынан қайратты:
- «Қайраты зор туысы бар кісінің,  
Айбаты зор достары бар кісінің!
- Туыс жоқта — туыс болсын ер, жолдас,  
Ізгі досың бауырыңнан кем болмас.
- (Қарындасты ер қалың жаудан қашпайды,  
Қарулас ер — досын ойлап, саспайды.
- Туыс болса — мығым, берік тұрарсың,  
Досың болса — бейне ордалы шынарсың!))»

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

- 3175 Айтты Өгдүлміш: — Елік, байқап көрейін,  
Шын тілесен, айтқаныңа көнейін.
- Бұйырса Елік, өзім соған барайын,  
Шақырайын, сөзімді айтып бағайын.
- Тілді безеп, түсіндіріп берейін,  
Ақыл, білім қосып, сөзді терейін.
- Өз қолымен хат жазса Елік, кішік ер,  
Көзі қанып, хан жарлығын түсінер!
- Мен деп қалмай, сенсін бүтін сенгесін,  
Жарлығыңды естіп, кете бермесін.
- 3180 Мен сұңқылдап сөйлегенмен, кеңессе,  
Елік жазған жарлық күші ерекше!
- Айтқан текті: «Көңіл құстан аумайды,  
Бек жарлығы қара\* көңілін аулайды!»
- Білікті өзі айтқан жақсы, ғажабы:  
«Бектің сөзі қам көңілді жазады!»
- Бегі құлын жылы сөйлеп қылар мас,  
Жылы сөзді ол өмірі естен шығармас.
- Бектің шырын тілін ешкім қимайды,  
Үлкен, кіші — халқы сүйіп, сыйлайды.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

- 3185 Елік айтты: — Осы болса шарасы,  
Хат жазайын, хатым тордай қамасын.
- Барар болсаң, сен жолыңа дайындал,  
Баяндайын хатта істің жайын бар!

### 39. КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ХАТ ЖАЗЫП, ЖОЛДАҒАНЫ АЙТЫЛАДЫ

Жазу жазды дәуіт, қағаз алдырып,  
Хатқа ісін түзді жетік, нандырып.

Сөз бастады Алла атты ақ есіммен,  
Жаратқан! — деп, — ырзық берген, кешірген.

- Алла атымен жаздым үшбу хатымды,  
Күллі дертке бұл ат дауа, асыл-ды!
- 3190 Шексіз құрмет, шүкіршілік мыңдаған,  
Етемін мен ажалы жоқ Аллаға!
- Бір жаратқан бар тірлікті жаратты,  
Жан бітірді, ризығын таратты.
- Қүдіретті ол, беруші әділ, адал заң,  
Күші жеткен күллі елге жаралған.
- Жасыл-көкті, Күн мен Айды жаратты,  
Түнді, күнді, ай-жылдарды санатты.
- Айналдырып қойды күллі ғаламды,  
Хақ үкімі тағдырмен тең қаланды.
- 3195 Жаратпастан — қазаны алға жүргізді,  
Бойыңды бер, қаза барын білгізді.
- (Не тілесе, дайын болды тілегі,  
Не қаласа, сол боларын біледі.)
- Қалағанын — қылды, істер — қаласа,  
Айтса — болды, болар — айтса, қарасаң...
- Ханнан сәлем жолдап, тетік\*, хат жаздым,  
Саулық тілеп, көңілімді ақтардым.
- Тән саулықта, аман-есен бармысың,  
Заман жүгін арттың қалай? Армысың!
- Сенің құлық, біліміңді естідім,  
Ешбірі тең келмес бүгін тұс-теңің.
- 3200 Алла саған жақсылық қып сеніпті,  
Білім, ақыл, өнер, бақыт беріпті.
- Сипатыңды естіп күнге теңедім,  
Аңсап сені, дидарлассам деп едім.
- Туысқаның\* Өгдүлмішті жібердім,  
Сөзімді ұғып жеткізгенін тілермін.
- Туған-туыс жақыныңнан безіпсің,  
Ұлыс, қала, елден кетіп, кезіпсің.

- Жалғыз өзің иен тауды асыпсың,  
Құлшылыққа, ибадатқа қашық тым.
- (Сен безгенмен сұм дүние оңар ма?  
Жалғыздықтан жарлы көңіл толар ма?!)
- 3205 Бауырларың неден көңіл қалдырды?  
Бетті бұрып, басың неге қаңғырды?
- Қорландың ба, мұң есіңді алды ма?  
Өкпең бар ма? Айтсаң келіп алдыма.
- Әділет пен саған медет берейін,  
Сүйініште жаса, тасып мерейің!
- (Туғанынан туған қалай безеді,  
Безгенімен, өртенбей ме өзегі?)
- Туысқаннан туысқанға пайда бар,  
Адам жаны пайдаменен жайланар.
- Ағайынмен достарыңдай барыскын,  
Достарыңмен ағайындай табыскын.
- 3210 Қайда болса, жарастық пен жақындық,  
Көзі сол іс пайданың, көр, асылдың.
- (Жарастыққа көнсін патша көңілің,  
Жарастықсыз құлар іргең сөгіліп!)
- Шайыр сөзі: «— Адамға адам қарасса,  
Береке ғой екі жақсы жарасса!
- Жарасса, егер жер, су, күннің шапағы,  
Мың-мың гүлдер күліп шешек атады.
- Жарасса, егер ағайын мен достарың —  
Қандастардың қалың жолын қосқаның!»
- Егер тағат-құлшылыққа беттесең,  
Шаһарда істе, дін жолынан кетпе сен!
- 3215 Ибадатшы қала, ұлыста толып жүр,  
Құр тентіреп, дала безген — тозып жүр.
- Құлшылыққа — білік біліп, үйрен бек,  
Білімсіз іс — берекесіз бір бейнет.

Екі кісі — кісі атанар, қысқасы,  
Бірі — шәкірт, екіншісі — ұстазы.

Ал қалғанын хайуанға санайды,  
Өз еркінде, кім қайсысын қалайды.

### Еліктің Одғұрмышқа кеңесі

— Екеуінің біреуі бол, ашқайсың,  
Қалауынды айт, үшіншіден қашқайсың!

3220 Білім жиып, білген болсаң өнерді,  
Еңбектеніп, пайдаланып көр енді.

Үйрен, ұмтыл, егер білім білмесең,  
Ибадат жоқ, қолға білік ілмесең.

Айтқан сөзін есті білім бергеннің,  
Білімімен құлшылық қып келгеннің:

— Біліміңмен қызмет қыл хаққа да,  
Білім таңба болар — күллі қақпаға.

Сауабы мың тағат қылсаң біліммен,  
Сауап таппас біліксіз құр жүгінген.

3225 Құлдығынан біліксіздің ұқпаған,  
Сауабы артық білімдінің ұйықтаған.

Ұлыс, кентте — құлшылығың құп болар,  
Иен жерде жарымы оның жоқ болар.

Ондағы ісің — намазға ұйып тұрарсың,  
Тағы бірі — ораза ұстап шығарсың!

Онда басқа не құлшылық етесің!?  
Айт көрсетіп! Қай мұратқа жетесің?

Өзіңді өзің захидпын\* деп атадың,  
Құлшылыққа азап болды атағың...

3230 Енді өзіңді алдандырған боласың,  
Құлшылығың бекер, қалай оңалсын.

Құлшылық қыл, оны жұрттан жасырғын,  
Көп табынсаң, «аз» — деп, тағы асырғын.

Жақсы кісі оңашада табынар —  
Жұрттан сақтар, есік-тесік жабылар.

Айтқан сөзді осындай іс жайында,  
Ісіңе қос, ай, ізгі, естіп пайымда:

«Тәу еткенін жасырады ерен ер,  
Жүз жыл қызмет етсін, аз деп шегелер.

3235 Құлшылықты сақта, кісі көрмесін,  
Бұл сөз — сырым, айттым жөні келгесін!»

Ел, кентке кел, кетер шелі құсаның,  
Бар ізгілік ашар қақпа, құшағын.

Елге пайдаң тисін, ойла ол жағын,  
Туғандарға бейіл беріп қолдағын,

Көргін, қалың жетім, жесір, мұқтажды,  
Соқыр, ақсақ, шерлі, қайғы жұтқанды.

Намазға ұйы жамағатпен, қарағым,  
Кедейлерге арна жұма намазын.

3240 Кемтарларға тарат адал малыңды,  
Қайырым ет, жұмсап қолда барыңды.

Мұның бәрі құлшылық боп саналар,  
Содан жаның рахат тауып, жаңарар.

Жараспайды жалғыз өмір сүргенің,  
Тек ораза, намаз ұстап жүргенің...

(Бәрін қойып, кісі киік болғаның,  
Жалғыздығың — бақыт емес, сор қалың!)

Тек өз пайдаң — ораза, намаз қауымсыз,  
Өз пайдасын күйттеген жан — бауырсыз!!

Ісі болмас азабымен басқаның,  
Бейшара жан ойлаған тек бас қамын.)

Жақсы айтыпты кісілердің сарасы,  
Көңілі — сара, сөзі — сара данасы:

3245 «Кісі ізгісі өз пайдасын ескермес,  
Біреу үшін машақатқа дес бермес.

Ер бауыры еріп тұрса адамға —  
Жол көрсетсе жақсыға да, жаманға!»

Тірі пенде бергені жөн пайдасын —  
Өлгені жөн туса кісі пайдасыз!

Кісі ізгісі пайда берер кісіге,  
Ізгі жанға жылыр халық іші де.

Құлшылыққа иланған құл — мандымас,  
Тәңірінің рахымы оған шалдырмас.

3250 Бір Алланың рахымы ма — тілерің?  
Мұсылманға өзің рахым тілегің!

Құлдығыңа мұңлық\* емес құдайың,  
Құлдық ұрып жақсы ат қалдыр ылайым!

(Заты құлдың қылығы бір құлшылық —  
Құлшылықсыз құл аты тек құр тұрық.)

Атың құл ма, құлшылық қыл, себебі —  
Құлшылықсыз құл алдамшы келеді.

Құлдың хақы — құлдық ұру, құлдық ұр,  
Осы жолды берік сақта, көңіл бұр!

Жақсы айтыпты білігі кең дана ер,  
Ай, қолы кең, іске тұтып ала бер.

3255 «Қызметім көп, табындым деп, күпінбей,  
Құлдық — әзіз, хаққа құла бүтіндей!

Құлшылық ет, тек жүрерсің кесірден,  
Табындым деп адаспа ақыл-есіңнен!»

Ай, Одғұрмыш, шақырдым мен, білер деп,  
Ойлама сен, өз пайдасын тілер деп.

Егер келсең, пайда тиер саған да,  
Келмесең, жоқ маған келер залал да.

Елге жақсы пайдаң үшін шақырдым,  
Халқың үшін қырсық қыспай, басылғын.

3260 Сөздерімді айтқан байқап көрерсің,  
Қонса ойыңа, тұрып бері келерсің.

Бірге тұрып, көмегіңді берерсің,  
Пақырларды жақсылықпен елерсің.

Саған — пайда, маған қалар жақсы атың,  
Қос жалғанда қайтпас тілек, мақсатың.

Ізгілікке жеткіз мені, ізгі бол,  
Ізгі ерден түзер кісі ізгі жол.

Себеп болып, ізгілікте демегің,  
Саған Алла сәтін салар, ей ерім!

3265 Не дегенін есті тәжік ғалымы,  
Аты шыққан ойшыл, тәжік алыбы:

«Еліне бек адал болса, жағымды,  
Барша халық көрер құтың, бағыңды.

Өзіңе емес, тіле ізгілік бегіңе,  
Ізгі болса, пайдалы бек еліңе!

Ізгі болса қара — елмен теңелер,  
Ізгі болса бегің — халқың көгерер!»

(Ізгі болса, қара — өзі гүлденер,  
Ізгі болса, бегі — елі күн көрер.)

Қай кісіні айта аламыз кісі деп:  
Кісілікті көп жасаса ісімен.

3270 Ізгілікке іңкәр адам баласы,  
Ардақтайын, қане, ізгі, сарасы.

Ізгілік — сол, пайда берсе еліңе,  
Сол пайдадан қызыр қонса жеріңе!

Ізгі кісі болар елге бауырмал,  
Бауырмал бол — болдың сара қауымнан!

\* \* \*

Сөздерімді ұзақ жазып, оралдым —  
Сөз түгесіп, қаламымды доғардым.

Тағы нендей сөздерім бар, сіз білер,  
Туысқаның тіліменен білдірер!

\* \* \*

3275 Хатты түріп\*, байлады өзі таңбалап,  
Берді ұмсынып, оны Өгдүлміш алды орап.

\* \* \*

Елік айтты: — Ойлым, барып қайтарсың,  
Қарымды сөз болса, ауызша айтарсың.

Оны маған жеткізер сәт келді ақыр,  
Онсыз босқа қайтып келме, ей, батыр!

Дана сөзін тындап, сақта есінде:  
«Есті елші бер — сөздің құнын кетірме!»

Енді қандай сөзін берсем тілімнің?  
Сөздің бәрі өзінде, ей, білімдім!

3280 Қай сөз лайық, тұндыр нәрін тіліңе,  
Қай іс қажет, тындыр бәрін тіріде!»

\* \* \*

— Солай болсын! — деп, Өгдүлміш жөнелді,  
Жан еді ол тәрбиелі, көргенді.

Атын мініп, қайта үйіне айналды,  
Үйге түсіп, белін шешіп, жайланды.

Күн еңкейіп, басын жерге тигізді,  
Жарық жалған жүзін түнге күйгізді.

(Күн жанды да, басын жерге сүйеді,  
Алаулады жарық жалған реңі.)

Аспан шашын жайып, түйді нұр жүзін,  
Ару зүлфі\* толып, шашты жұлдызын.

3285 Дәрет алып, оқып құптан намазын,  
Төсек салып, бұрды ұйқыға назарын.

Белең алып, бас көтеріп қарады,  
Ашылыпты қара зәңгі қабағы.

Дәрет алып, таң намазын оқыды,  
Дұға оқырда тасбих ұстап отырды.

Шетін түрді тұман торғын перденің,  
Әлем күліп нұрландырды жер бетін.

#### 40. ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА БАРУЫ АЙТЫЛАДЫ

Атын ерттеп, кетті суыт аттанып,  
Үйден шығып, туысқанын бетке алып.

3290 Қарындасына жақын келіп, кідірді,  
Аттан түсіп, әрі қарай жүгірді.

Жетті ақыры, есік қақты қолымен,  
Шықты Одғұрмыш ізет қылып оңымен.

Есік ашып, тағаттарын тауысты,  
Жүз көрісіп, есендесті, қауышты.

Қолын алып, бастады үйге, төріне,  
Орын беріп қан жүгірді өңіне.

Көзайым боп қуанышқа бөлелді,  
Аллаға көп шүкір қылды ол енді.

3295 Қандай жақсы туғаныңмен қауышқан,  
Айырылып — саламатпен табысқан.

Қандай жақсы бауырыңмен алыста —  
Жақындасып, сағынысып қауышсаң!

Жарасып бір тұрар еді, қарашы,  
Көңілі жақын болса ағайын арасы.

Қандай көркем, егер бауыры — бауырын,  
Жандай жақын көрсе езіліп бауыры!

Не дегенін тында ердің мейірлі,  
Жақын тұтқан жатырқамай көңілі:

3300 «Күллі ғайып\* — көз көріссе, ғажайып:  
Шаттық шалқыр, сағыныш-мұң азайып!»

Айырылысқан суыныспай, өзгеріп,  
Қандай жақсы сау қауышса, көз көріп!»

#### Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы

Ағайынды сұрап білді Одғұрмыш,  
«Бәрі есен!» — деп хабар берді Өгдүлміш.

Қалай келдің? Неге келдің маңыма? —  
Деп Одғұрмыш сауал берді тағы да.

Естіп едім бірге жүр деп Елікпен,  
Елге қызмет істеп жүр деп, білікпен!

3305 Қалай келдің қойып бәрін әр таман,  
Халық жүгін мойныңа артып, арқалап!

### Өгдүлмiштiң Одғұрмышқа жауабы

Айтты Өгдүлмiш: — Саулығыңды қалаймын,  
Сен деп келдiм, ай, көрiктiм, арайлым!

Көңiлiңдi ашайын деп келдiм мен,  
Сағыныш, мұңды басайын деп келдiм мен.

Аңсап едiм, жөнiн iздеп көрудiң,  
Бүгiн ғана сәтi түстi келудiң.

Бүгiн ғұмыр өттi, сенi көрмедiм,  
Мұрсат таппай, iш өртенiп шөлдедiм...

3310 Жолықтым да, тарқағандай құмарым,  
Сәтi түстi, соған шүкiр қыламын.

Кiсi есен-сау болса, қайтпай меселi,  
Ай, козы, бiр тiлегiне жетедi.

Не дедi екен көсем кiсi көп көрген,  
Көп сынаған, күндi бастан өткерген:

«Тiрлiк болса, кiсi табар тiлегiң,  
Тiлек болар тек тiрлiкте — бiлерiң!

Тiрi кiсi тiлегiмен табысар,  
Есен болса, кеткен қайта қауышар.

3315 Тiрлiк тiле, бiлсең, тiлек тiлеме,  
Тiлек туар — кiсi текке жүре ме?!»

Алла бердi, ақыр, маған тiлектi,  
Есендiкпен қауыштырдық бiлектi.

Бұдан басқа, тағы да бiр бар сөзiм,  
Оны да айтсам — көңiлiң хош алса — өзiм!

### 41. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҰЛМIШПЕН СҰХБАТТАСҚАНЫ АЙТЫЛАДЫ

Жауап бердi, айтты Одғұрмыш: — Сөзiңдi,  
Естiдiм мен, сөзiмдi естi менiң де.

Жақындығың үшiн тәңiр бақ берсiн,  
Мың-мың түмен ырыс, iзгi ат берсiн.

3320 Тағы да бiр сөзiңдi де айт, қысылма —  
Тiлге келген сөздi кейiн ысырма!

### Өгдүлмiштiң Одғұрмышқа жауабы

Айтты Өгдүлмiш: — Сөзiмдi әрi созайын,  
Сенi көрiп сергiп, болдым көзайым.

Жорыса кiм өз жөн-жолын, тiлегiң,  
Опық жемес, ей, бiлiктiм, бiлерiм!

Не дегенiн естi сыншыл кiсiңiң,  
Ай, кеңпейiл, ал мәнiсiн түсiнiп:

«Қай iске де шапса ықылас, тiлегiң,  
Аяқ бассаң, сол тiлегiң — тiрегiң!

3325 Тiлектесе — жақын болар алысың,  
Жүз көрiссе — жаныңды ұғар танысың!

(Тiлек болса, жақын тартар қашық жер,  
Жүздi көрсе, жан бiр өлiк асыл ер!)»

Айтты Өгдүлмiш: — Өзiң үшiн күйiнiп,  
Үзе алмаймын айтар сөздi үйiрiп.

Бездiң — ұлыс, қала, ағайын, туыстан,  
Жолдас, жораң, бiлiсiң жоқ ұғысқан.

Аш, жаланаш, бейнет шегiп, күйзелiп,  
Иен тауды жалғыз кезiп, күйредiң...

Бар туыстың көңiлi — шер сен үшiн,  
Сенi көрмей қалай шерi ерiсiң?!

3330 Жалғыздықтан азар адам баласы,  
Дауасыз зар — жалғыздықтың жарасы.

Күйiнiшiм шаңырағымды тербедi,  
Сағынышым жанға маза бермедi!

Жаратпаған саған деп хақ тозақты,  
Сен шексiн деп айтпаған бар азапты.

Неге мұнша өзiңдi өзiң торлайсың?!  
Неге мұнша өзiңдi өзiң қорлайсың?!

(Неге мұнша өзiңдi-өзiң қинадың,  
Мен бiлейiн, айтқын сөздi тыймағын!)

### Одғұрмыштың Өгдүлмiшке жауабы

Жауап бердi Одғұрмыш, былай дедi:  
— Сенi естiдiм, тыңда ендi құлай менi!



3335 Жанашырлық жылы сөзің жайдары,  
Туыстықтың, жақындықтың айғағы.

Қандас қамын қандас жемей, кім жейді,  
Ол болмаса, жат жаныңды білмейді.

Өзім қимас туғандардан кетісіп,  
Мына жерге келдім неме жетісіп!?

Дінім — әлсіз, біліп, қайғы жеп едім,  
Игілікті осы жер ме деп едім.

Содан келіп, мекен тептім бұл жаққа —  
Жалғыз қалып тәу етсем деп бір хаққа.

3340 Шырмалса адам бұл дүние ісіне,  
Ол дүние қамы кірмес түсіне...

Бұл халыққа бар қақпаны жапқанша,  
Сиынбассың жаратқан бар хаққа онша...

Тәннен — нәпсі, құмарлықты сығарсың,  
Сонда ибадат дәмін татып шығарсың.

Не дегенін есті ойшылдың ірісі:  
«Нәпсіменен үйлеспейді дін ісі.

Нәпсі, құмар — жауы ұлықтың, жандырар,  
Осы екеуі ісші құлды аздырар.

3345 Құмарға ерген көрер нәпсі тұтқынын,  
Тән тояттап, алар мені құл қылып.

Нәпсіге ерме, ақылмен кес түбірден,  
Бас көтерсе — тәніңді бас біліммен!»

Осы іс үшін ұлыс, кентті қалдырып,  
Мұнда жеттім ауыр бейнет талдырып.

Егер жұрттан болмаса алыс тұрғаным,  
Құрғақ сөйлеп, иә ғайбат қылмадым.

Жалғызсың! — деп, кінәлайсың, туысқан,  
Алла менің досым еді ұғысқан...

(Жалғызсың деп арттың міннің ауырын,  
Алла жалғыз — мен жалғызбын, бауырым!)

3350 Ет жақыннан жырақ кетіп жатқаным,  
Оларға аш-тоқтығымды артпадым.

Ел көңілі жұқа, қиын алмағың,  
Көңіл сынса, әділдік тап Алладан,

Елге қанша пайдам тимей кеткесін,  
Ел соншалық менен зиян шекпесін.

Пайда-зиян, жақсы-жаман — барлығы,  
Хақтың ісі, соның берген тағдыры!

Бұл ғарыш пен жер астының арасы,  
Бәрі бірдей хаққа мұқтаж, қарашы!

3355 Ел ішінде не боп жатыр, ей, күлік,  
Пайда, зиян — бәрі саған белгілі.

Табынғаннан пайда не? — деп сұрарсың,  
Құлдық — құлға есік ашар ұғарсың.

Күндіз-түні құлдық ұрып, табынды —  
Құл аты оның атағы боп таңылды.

Қабыл алсын, Алла қабыл алмасын,  
Құлдық аты тілде аталсын, қалмасын.

Жазығы жоқ жалғыздықтың бұл маған,  
Болды содан тән мен жаным дін аман.

3360 Бәйітшінің, есті айтқанын, түсін ер,  
Тысын көрме, мәнін байқа, ішін көр:

«Жалғыз кісі, саған төрің, көрің құт,  
Жалғыз жүріп, өз сөзіңді өзің тұт!

Табынушы табынса өзі қамалып,  
Елге қалай тисін жалғыз залалы?!»

Кісілермен қатыс дейсің, қандасым,  
Қалай жүрем, арбасып һәм жалғасып?!

Сен келгелі бүгін, міне, қарағым,  
Құлшылықты қойдым үзіп, қарағын!

3365 Қатысқаным үшін тек бір сенімен,  
Зиян шектім, күштемегін тегінде!

Өзім кірсем енді елдің ішіне,  
Қашан тиер қолым құлдық ісіне!

### Өгдүлмштің Одғұрмышқа жауабы

Айтты Өгдүлмш: — Сөздеріңді естідім,  
Мен сөйлейін, сөзің бұрмай естігін.

Сөздеріңнің жаны да бар қанығар,  
Ақиқатын айтсам, міні тағы бар.

Тірі кісі кісілігін асырсын,  
Кісіліктен зұлым пысы басылсын!

3370 Тірлігіңнің қандай нышан белгісі?  
Тіріде адам бір жақсылық көрмесе?

Әйел алып, ұл-қыз сүйгін жадырап,  
Ұлсыз ғұмыр қаңыраған шаңырақ!

(Әйел алғын ұл-қыз туып, өрбісін,  
Ұлсыз десе, сөгіс ерге, ол бір сын.)

Естіп, байқа сара сөздің салмағын,  
«Нәсілді үзбе тірлігіңді жалғағын.

Ұрпақсыздар өлерінде өкінер,  
— Кейінгілер, бала өсір! — деп өтінер».

Кімнің ұлы қалса артында, атадан,  
Тірі дегін, оны өлдіге санама!

3375 Ұлсыз кісі өлсе — тұқымы өшеді,  
Жаһанда — аты, орны құрып, көшеді!»

### Одғұрмыштың Өгділмшке жауабы

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Бұл да шын,  
Мұнан да өзге басқасы бар, ол да сын.

Егер ұл-қыз жақсы болса, зерделі,  
Айтқаныңның айнымай дәл келгені.

Егер жаман болса, сені ұлытар,  
Өзің өлсең — тәрк етер де ұмытар.

Қарғыс тиіп, жақсы атыңды қаралар,  
Бас көтеріп, жауың сөгіп табалар.

3380 Ұл-қыз дұшпан болса, дұшпан не керек!?  
Жаусыз тірлік қандай жақсы, керемет!

Не сәулесі түссін жаудың, есердің?  
Жаудың ағы-ақ куәлігі кеселдің!

Не жақсы ілім берген білім егесі:  
«Ұл-қыз аты, ердің өшпес елесі!..»

(Не жақсы ілім береді екен білімді:  
«Ұл-қыз сақтар өңің, түрің, тілінді!»)

Мұны мегзер білікті сөз бар еді,  
Көңілі ақтың сөзі тұзу, әдемі:

«Күйетін сен, ұл-қыз деп бас тігетін,  
Ұл-қыз қайда бұл бейнетті білетін!?

3385 Һәрәм жиып өтесің, ол қалады,  
Сен қайғы жеп, ол тілегін табады!»

Қатын алған, кеме мінген деп білгін,  
Кеме міндің — көк теңізге кеп кірдің.

Ұл-қыз туса, сынар кеме\*, амалсыз,  
Кеме сынса, қалай тірі қаларсыз?!

Ұл-қыз ата жұбанышы, мақтаны,  
Ал атаның у жегені, татқаны.

(Ұл-қызға ата кешірімді, жафасыз,  
У жейді әмән ал ұл-қыздың атасы.)

Атадан соң, жаман ұл-қыз жетесіз,  
Ата-анасын аузына алмас, нетесіз?

3390 Мұндай жаннан қайтіп опа көрерсің,  
Құлқы — жауыз, қылқы — жапа: шегерсің.

Ұл-қыз үшін машақаттан күй кетер,  
Бала жүгін ата пілдей сүйретер.

Дос, туысқа жақын-жуық жүр дедің,  
Оның дұрыс, ол да бір жүк, білгенім.

Білікті бек жақсы айтқан нақ балап:  
«Кісі көңілі нәзік, қиын сақтамақ!

Көңіл бейне, құмыра, иә шарайна,  
Ай, ұланым, сындырарсың, абайла!

3395 Көңіл нәзік — тез суалып, тез толар,  
Ыстыққа — еріп, ал суыққа тез тоңар.

Дос көңілі қалса, қиқар жау болар,  
Жау жүрген жер — ұрыс-керіс, дау болар!

Жауың болса, тірлігің де татымсыз,  
Жау қайда да жаға қоймас, жасырсыз!

Сенен дұшпан кішік болса, ақылым:  
Оны сонша ұлық тұтқын, батырым!

Алып пілге дұшпан болды шыбын бір,  
Шақса пілді, мөңкіп жаннан түңілді!

3400 Өмірі өткен жауыменен алысып,  
Тыңда ердің жаугер, батыл арысын:

«Дұшпан әлсіз деп желпініп, есілме,  
Неге қорқам деп, құр сөзбен есірме!

Жауың болса, қапы қалма ұрыста,  
Жауға жау бол, дұрыс кара дұрысқа!

(Жаулық еткен, сенен жаулық күтеді —  
Сен қойғанмен, екі талай бітері!)»

#### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

Айтты Өгдүлміш, ашты тілін тербеді,  
— Айтар сөзді естіп, көңіл бер! — деді.

Бұл дүниені тәңір біліп жаратты,  
Халал қылып берді ішіп, жер тамақты.

3405 Қатысса кім, қарасса ізгі дос тұтып,  
Ізгі іс қылар, қосар досқа дос құтын.

Кім пайдалы, сыйлап жақын жүргейсің,  
Олжа салған кісі олжалы білгейсің.

Жалғыз жортқан кісі қыпшақ көшпелі,  
Шарапаты тимес елге еш, тегі.

Шарапаты тимес кісі — бір өлік,  
Өлік болма, пайда келтір, ер, күлік!

Көп болса ердің қолдаушы дос — орманы,  
Аты елге тарап, ісі оңғаны.

3410 Бұл жалғанда тілегенін алады,  
Ақыретте күтсе — медет табады.

Сағыныш — шер болса, өзі күйінер,  
Сүйініште, жайнап көзі сүйінер.

Елге жаяр даңқ, сипат-сыныңды,  
Тілін тияр, көрсе — мінің, мұңынды!

Жатқан ердің ұйқысын жау бүлдірер,  
Мін, айыбын — түгел елге білдірер.

Жау болмаса — елге ердің ерлігі,  
Аты, тіні, жетпес пе еді ендігі?!

(Жау болмаса, ерге ат қалай таңылар,  
Қашан атақ-даңқы тарап, танылар?!)

3415 Кімнің енді көп болса, даңқ, жүлдесі,  
Теңдессіз көп болар дұшпан, күндесі.

Кім даңқты, асыл текті, жаны нар:  
Күллі жұрты жау боп талар, жабылар.

Жақсы адамның, қарап тұрсаң, жауы көп,  
Жауыз — өлік, өліктердің жауы жоқ.

Қалың дұшпан кімге тиісіп, таласа —  
Сол өнерлі, ер болғаны тамаша!

Ердің аты шығар жаумен тіресіп,  
Жаусыз жанның аты естілмес, білесің.

3420 Айбынды ердің не дегенін естігін,  
Жібермеген тілегінің ешбірін:

«Мың дұшпансыз ер атанар несіне —  
Күніне мың сөкпесе, алып есіне.

(Мың кісіге айбат қалай бір кісі —  
Күніне мың ғайбаттамай мың кісі...)

Итке бөрі бұрылар ма жолынан?!  
Мың ит үнін естісе де соңынан!?

(Көп төбетті бөрі елемей жеңбей ме?  
Ит үреді, керуен көше бермей ме!?)»

Жалғыз, кісі іздемеймін дедің сен,  
Құр бекерге сөйлемеймін дедің сен.

Не сөйлерсің, кісілермен тұрмасаң,  
Араласып, өзің мойын бұрмасаң!

3425 Нағыз ер сол: жүріп жұрттың ішінде,  
Төрге шықса, бағып тілін, ісін де!

Қатты сөзге жұмсақ жауап қайтарса,  
Ащы айтқанға тәтті тілмен айта алса.

Кісі жүгін алса, жүгін артпаса —  
Жапа қылған жанға опа қып, мақтаса.

Өшін — кегін қуса жүрек түбінен,  
Ділінде бар — тұрса шығып тілінен!

Не дегенін есті ойлы нар адам,  
Ізгілікпен атақ-даңқы тараған:

3430 «Ауыр сөйлеп, тіл тигізбе адамға,  
Кеш жібиді, көңілде дық қалар да!..

Сені сөксе, мақта — оңбассың таласып,  
Ол қор болып, сен жақсы атта қаласың!

(Өзің мақта, сені сөккен наданды,  
Ол жер болып, арттырасың бағаңды!)

Жафаға — опа жаса, батпа қапаға,  
Мәрт опалы, жаман даяр жафаға!

Алыстаса сенен туыс — қарындас,  
Ай, бауырым, оларға өзің жақындас.

Егер, күшті күш көрсетіп қинаса —  
Кешір оны, діннің жолын сыйласаң.

3435 Жазықты боп қалса құл-күн, жазығын,  
Кешіре біл, беріп сыйын, азығын.

Ерлік, ерлер көтеріп жүк-азабын,  
Сабыр сақтап жүрер күтіп ажалын!»

Бүгін үйде тұрған жалғыз қарасың,  
Ай, ақ көңіл, не барқадар табасың!?

Рахат, тілек, құтты көзбен көрмедің,  
Күміс, гәуһар, алтын, бақыр термедің.

Сенде жер-су, сарай-жайдың түгі жоқ,  
Ат, ер-тұрман, ұл-қыз, қане, бірі жоқ.

3440 Қолың қысқа, билігің жоқ, мақұлда,  
Өзіңді ұстай алсаң, жақсы атың да.

Қане, нәрсең сені ел-жұрттан бездірген,  
Қай ақымақ сені захид деп жүрген?

Азды олжалап, молға ықылас қоймаса —  
Захид солар — қанағатты ойласа.

Захид болар тілегінен жаңылған,  
Айласы да қалмас өзге сабырдан!

Мың тілегі орындалса да нағыз ер,  
Жүзін бұрып, болмас текке әбігер.

3445 Жоқ-жітікке жеп-ішкізіп, қарасса,  
Ибадат қып хақ жолымен жанасса.

Дүние келсе — көңіл бөліп, алмаса,  
Кетер болса — қабақ түйіп қалмаса!

(Мән бермесе дүние-мүлік жеткенде,  
Қапаланып, қайғырмаса — кеткенде.)

Егер қолы жетсе арыз-тілекке,  
Өзін ұстап тілін, ділін түзетсе...

Бұған мына сөздің мәні келеді,  
Ай, ақпейіл, тыңда, болар керегі...

«Ердің ері — қай істе де күймесе,  
Істер жерде өзін берік билесе!

3450 Мың тілекке жетсе де, есін сақтаса,  
Мәрттің мәрті ол: өзін тыйып, лақпаса!»

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

Жауап беріп, деді Одғұрмыш: — Шыныңды айт,  
Тілегің не, көріктім, ай нұрындай?

Не сөйлесем, мен сөзімді иіріп,  
Жауап беріп, тоқтатасың шүйіліп.

Тілегің не, айтқын маған ашығын,  
Не құлқыңда, ашық айтсаң, асылы...

### Өгдүлмiштiң Одғұрмышқа жауабы

Жауап берiп, Өгдүлмiш айтты: — Өзiм,  
Тiлекпенен келiп ем, ашсын сөзiм.

3455 Күнтуды хан естiдi өзiң жайлы,  
Көрдi саған жұмсауға менi ыңғайлы.

Издедi бек, дереу сенi көрмекке,  
Сөзшiлiкке жеттiм ертiп келмекке.

Ауыр тисiн қаншама, жөн — барғаның,  
Жөн, Елiкке бiр көрiнiп қалғаның.

Изгi сұлтан, Елiк жан бiр пейiлдi,  
Жомарт жанды, елге жайлы, мейiрлi.

Құтты болар ханның жүзiн көрген ер,  
Қос жалғанда құты толып, көгерер.

3460 Не дер екен тыңда, бұл ел-кент бегi,  
Жаһанды ұстап, жарылқаған кенденi:

«Әдiл бекке құт үйiрсек, бiлгенге,  
Ол құтынан тиер үлес күллi елге.

Әдiл бектiң қайда даңқы тараса,  
Сол жерге бар, сонда ер құты, қаласа.

Көк тiрегi — тура, әдiл төрелiк,  
Тiрек тайса — шайқалғаны төбенiң.

Болмаса бек тiрлiкте адал сыйласар,  
Жетi қабат жердi Алла қиратар.

3465 Әдiл бектiң жүзiн көрсе, құт қонар,  
Сауап болып, күнә, мұңы жоқ болар!»

Бiлсең, бұл күн кiсi болдым алдыңда,  
Себебi, Елiк, тоқ көңiлiм, қарным да!

Тәңiр бердi ақыл, бiлiм, еңбектi,  
Барша изгiлiк, жақсылыққа қол жеттi.

Тауфик берiп Алла, бойды тiктедiм,  
Халық үшiн алдым ауыр жүктерiн.

Сенi де Елiк тiлеп отыр, есiл ер,  
Қол бiрiксе, берiк түйiн шешiлер.

(Қол бiрiксе, тұсау бiткен кесiлер,  
Тұсау кетсе, көңiл көлдей көсiлер!)

3470 Салды менi келiстiрiп, айтарға —  
Ай, мәрт батыр, менi жалғыз қайтарма.

Өз қолымен хат та жазып жiбердi,  
Не жазғанын, сөзiн оқып бiл ендi!

\* \* \*

Шығарды да, хатты ұсынды қолына,  
Ашты Одғұрмыш тынып ойдың торына.

### Одғұрмыштың Өгдүлмiшке сауалы

Көп ойланды, оқып хатты байыптап,  
Көп бiлiмдi берген хатқа лайықтап.

Елiк менi шақырыпты, келсiн деп,  
Санапты кiл жақсылықты сенсiн деп.

3475 Бұл қиын iс болды маған, көргейсiң,  
Не iстеу керек, кеңесiңдi бергейсiң!?

### Өгдүлмiштiң Одғұрмышқа жауабы

Жауап берiп айтты Өгдүлмiш: — Тiлiңдi,  
Кеспес Елiк: тiл қатты — естiрт үнiңдi...

Тiл тербесе, атыңды атап бiр сен деп,  
Көзiн ашса, бағып отыр көрсем деп.

(Тiл тербесе, сөзiнде атың жүредi,  
Көзiн ашса, көрсем деп көз тiгедi.)

Көңiл кiмдi ери сүйсiн, тiлесiн,  
Тiлде аты жүрер сөзге iлесiп.

Бәйттi оқы, не дер сүйген шынайы,  
Сүйгенiңнiң жүзi — көңiл шырайы.

3480 «Көңiл кiмдi сүйсе, көзден қалмайды,  
Көзiң қанша көрсе де, еш қанбайды.

(Көңiл сүйсе, көз алдыңнан кетер ме,  
Көре-көре көзiң талар бекерге!)

Көңiлде не тiлек жүрсе жүгiнер,  
Ауыз ашсаң, бәрi тiлге iлiнер!..

(Арыз-тілек жүрсе көңіл төрінен,  
Ауыз ашсаң — тілден сөз боп төгілер!)»

### Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы

Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Батырым,  
Не істеген жөн. Қажет кеңес-ақылың?

Сенің жалғыз қандас, бауыр, жақыным,  
Өтеуін бер туысқандық хақының.

Бұл істе мен еттім сені кеңесшім,  
Біліміңмен бұл кеңеске теңескін.

3485 Қадашымсың\*, бол тілесей — адашым,  
Адаш — қадаш тұтас, бөлмес арасын.

(Қандасымсың, бол тілесей — жолдасым,  
Айырма жоқ қандас — жолдас болғасын.)

Өзің бүгін шын жанашыр, сенерім,  
Не қылайын, айтқын, ерік беремін.

### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

Былай деді Өгдүлміш жауап беріп:  
Ай, құтты ер, сұрама мұны сеніп.

Хабаршы қып жіберген Елік мені,  
Кеңесші етіп, білмексің енді нені?

«Баралық» — тек сөзім сол, қайталарым,  
Барма деп өзім қалай айта аламын.

(Баралықтан басқаны айта алмаймын,  
«Барма!» — деп те сөзімнен қайта алмаймын.)

3490 Пайдасы көп өзіңмен бірге жүрсем,  
Қандай ақыл беремін, біле білсең...

(Бірге болсаң, пайдаң көп теңдес келмес,  
Өз пайдасын көздеген кеңес бермес.)

Не депті аңда, білімдісі шегілдің\*,  
Біліксіз, ұқ, бойды беріп, иілгін:

«Кеңеспе, өз пайдасын көздегенмен,  
Себі тимес, ей , құтты ер, сөйлегенмен.

Кеңессең, сондай жанмен ақылдасқын,  
Өз пайдасын ойламай жақындассын.

Пайда ойлаған пайдасы үшін жаныңар,  
Жарамдыны жарамсыз дер, тарылар.

(Өз пайдасын ойлап іші күйеді,  
Кері сөйлеп, бір зияны тиеді.)

3495 Қай істе де кісі керек кеңесер,  
Көңіл сүйген ісіңе не теңесер!?

Өзіңе өзің бауырмалсың өзгеден,  
Сөзіңді тый, жанға сенбе көлденең!»

Сен өзің біл, бір шешімге келерде,  
Бұл істе ақыл сұрамағын менен де?!

Сені алғалы келдім алыс жолды асып,  
Кеңесім сол — тұр, аттандық қолдасып!

Кісілерден бұйыратын ізгілік,  
Мына жерден табылмайды, жүр біліп!

3500 Ұлыс, шаһар жақсылығын, аңғарсаң,  
Айттым түгел, енді таңдап-алғарсың.

Білерсің сен, шын сөзді айттым ылайым,  
Тілеуіңді тілеп, куә құдайым.

(Біледі ием, тілеп саған жақсылық,  
Білерсің сен, айттым сөздің нақ шынын!)

Не істеді, кісілерден жерісің,  
Кісі ісін істе, аралас — ерісің...

(Не істеді, кісілерден қашасың,  
Кісілермен қатыс — өрге басасың.)

Мұсылмандық жаса, жоққа қарасып,  
Жұмақ төрін, Алла берсе, аласың.

Тіл, көңілді түзе, қыңыр түспегін,  
Қайда жүрсең, құтты қылық істегін.

3505 Кісімен бол, кісілерден безбегін.  
Кінәнді біл, кісі айыбын термегін.

(Кісікік болып, жұртты бөлмегін,  
Өзіңнен көр, кісі айыбын көрмегін!)

Мұны мегзер бәйтті, бек, қарарсың,  
Оқып, ұғып ішке түйіп, бағарсың:

«Қайда жүрсең, жақсы бол, төк терінді,  
Ізгілік ку, қума асыл тегінді!

Кісі ізгісі, көр, өзін де ұмытпас,  
Қайда жүрсін, теріс жолға жуытпас.

(Бағар өзін, жақсы кісі жөн білер,  
Қайда жүрсін тек қана ізгі жол тілер!)

Қылығы ізгі, көңілі ізгі ер — көгерер,  
Қайда істесін, мың шаттыққа бөленер.

3510 Барлық жерде жақсы — жақсы боп қалар  
Жақсылыққа жақсылықты көп табар.

Құлқынды оңда, ессіз болма, торықпа,  
Қайда жүрсең сонда жүргін, қорықпа!

#### 42. ОДҒҰРМЫШ ӨГДҮЛІМШКЕ ДҮНИЕ АЙЫПТАРЫН АЙТАДЫ

Айтты Одғұрмыш: Сөздерінді тыңдадым,  
Енді сен де айтқанымды тыңдағын.

Бұл дүние сүйгізіпті өзін бек,  
Бар айыбы — саған сұлу көрінбек.

Таңданба сен, мысал да бар білсеңіз:  
«Күллі нәрсе мінсіз болар — сүйсеңіз!»

3515 Сүйгеннен соң бар айыбы әлемнің,  
Көрінеді, ай, әлді ұлық, әдемі!

Тыңда сөзін сүйіп, ойын түйгеннің,  
«Сүйкімді боп тұрар міні сүйгеннің!»

Айдан анық сүйгендіктің белгісі:  
Кемістігі көркі болар, ей, кісі!

Дүниені сүйгенің біл, айырып,  
Көңілің сұлу тұтыпты бар айыбын.

Бұл дүниені мақтадың сен не дейін,  
Бар айыбын саған айтып берейін.

3520 Алла адам жаза басса, қинады,  
Дүниені түнек қылып «сыйлады».

(Күнәһәрға ием қатал қарады,  
Дүниені зындан етіп қамады.)

Түнектен сен қандай тілек тілерсің,  
Құт-жәннатты жұмақта деп білерсің.

Жәннатта адам ұжмақтың дәнін жер,  
Бұл жалғанда тазармаққа жанын жер!

Хақ лағнет қылғанды шайтан арбап,  
Тағы сүйер, қудалар Алла қарғап...

Хақ жарылқап, қолдаса қалған құлын,  
Дүние бермей, тазартып ашар жолын.

3525 Бұл дүние құты аздырар, кездірет,  
Алладан да, иманнан да бездірет.

«Құдаймын!» деп, ессіз кісі есірді,  
Дүние қуды, өтті өзі ит секілді.

Ел байыса купірлікке салынар,  
Кедейлікте бар күнәдан арылар!

(Байлар шалқып елге сыймай есірет,  
Кедей көрпе көлемімен көсілер.)

Жалаңаш туған кірер көрге жалаңаш,  
Дүние жиып нең бар, қалар, жарамас...

Ай, ажалды, неге құлқын торлады,  
Екі күндік қонақсың бар болғаны!

3530 Білесің сен, келер тірлік ажалға,  
Өлім сәтін тұрар күтіп, аларға!

Өмір есік ашса, тұрар ажалы,  
Ашылса есік — өлімге жұрт барады.

(Өмір ашса есікті, өлім кереді,  
Ашса есігін — өлімге жұрт енеді.)

Екі күндік қонақтыққа — тарылма,  
Зорықпа өзін, күймесін құр жаның да!

Мына жалған опасыз, біл, айтарым —  
Не берсе де, алады тез қайтарып!

Кісілерді бек деп, құл деп қарамас,  
Сараламас: жақсы-жаман аралас.

3535 Бірін бек қып, ертеңінде суынып,  
Күнде өңін өзгертеді, құбылып.

Бақсаң, дүние көлеңкеден аумайды,  
Қусаң — қашып, қашсаң еріп қалмайды!

Мұны мегзер келді сөздің кезегі,  
Мәнісін ұқ, түйгін, болар керегі:

«Бұл дүние қусаң — қашып, безеді,  
Егер қашсаң — аңдып, қуып, ереді.

Бұл дүние дінге де өш, жазғырар,  
Ойлан, байқа, дініңді жеп, аздырар!»

3540 Бұл дүние безеніп бір көрінер,  
Жас келіндей жасанар — нұр төгілер.

Көңіл берсең — түрі аумаған қарғадан,  
Кемпір күнде жағаңнан ап, қорғанар!

Жафа шашып, құлқы опа қылмайды,  
Бегімен бір үш ай толық тұрмайды.

Көңіл беріп, кім түссе — оның қолында,  
Қапа болар, ессіз тірлік торында.

(Оған ерсе, ауып кімнің көңілі,  
Ессіздікпен текке өтер өмірі.)

Бұл тірліктің күні ғажап, сұлу-ақ,  
Бекер іске салсаң сөніп, суымақ.

(Қыз-тірліктің мәнін ұққан оң болар,  
Қапалы іске қоссаң тозып, қор болар.)

3545 Кіл ізгілік — тірлік, сақта есінде,  
Ай, білімді, оны зая кетірме!

Дүниенің үш мәні бар бағарлық:  
Бірі — адалдық, шүбә және арамдық.

Адалға — есеп, арамға азап бұйырар,  
Шүбә болса — сақтан, қарап түйіп ал!

Жаһан бірде — сүйіндірсе, жат қылар,  
Көңілінді шат қылар да сап тынар.

Сүйінішпен бірде жанды семіртер,  
Бірде аздырып, қайғысына кеміртер.

3550 Сүйінішін көрсең, түбі — күйініш,  
Күйінішін кешсең, келер сүйініш...

Үші\* сәтті болса, мехнат береді,  
Басы михнат болса, ізгілік келеді.

Қайғылы ер не дегенін елерсін:  
«Алыстау тұр, дүние зарын шегерсің!»

Байлық сенің — пақырлығың, қарасаң,  
Кедей — пақыр сенен де бай орасан.

Сені сөксе, кешір, жібер есеңді,  
Кейін қара жерде аларсың өшінді.

3555 Тарыдай боп бар тергенің шашырар,  
Жиганыңның бірі қалмай шашылар.

Бұл дүние тәрк етер де аттанар,  
О дүние мәңгілікке сақталар.

Кетуші әр күн кете берер алыстап,  
Келуші тез келіп саған таныспақ.

Кетушіге көңіл бермес білімді,  
Келушіге сақтар ақыл, ілімді.

Өлімді ұққан тірлігіне сүйінбес,  
Өлім көрген опынбас, көп күйінбес.

3560 Жүрген кісі жолда үй-жай салдырмас,  
Көшкен кісі мүлкін жұртта қалдырмас.

Сен қонақсың түстенген бұл жаһанға,  
Еш мұршаң жоқ керіліп көп жатарға.



Ізгі демен ай, дүние, қылығың,  
Кімнің болсын бұзар пиғыл-кұлығын.

Әулиелер бадал\* қылды мал, жанды,  
Әмбиелер тәрк етті жалғанды.

Бұлар тұзақ саған, көзге шалынбас,  
Дүние ісі — ашылмас та, шашылмас.

3565 Адам ғафыл, сұғанақ көз тоймайды,  
Мүлік — торға түссе, ойланбай тойлайды.

Саки басы не дегенін естігін,  
Тірлікте істің құтқармаған ешбірін:

«Жеміті арбар, тұзақшысы көрінбес,  
Дегбір қалмас қыз көргендей көңілде еш...

Дәмін татсаң, ашкөздіктен аптығып,  
Аяғыңды буып түсер қатты ғып!..»

Бар дүние тисе бүтін бәріне,  
Мың жыл жасап, дән қосылса дәніңе!

3570 Пайдасы не, ақыры көр айқарар,  
Қара жерге еніп, түбі жай табар.

Кешкен тірлік көрген түстей, сынарсың:  
Не істесең — түгел жауап қыларсың.

Өкініп құр, бұл күн текке жаңылма,  
Қылығыңа ай-күн куә жаныңда.

Ләззатты өмір үш нәрседен таратар,  
Сол үшеуі — бір-біріне парапар.

Ішпек — жемек әуелгісі бұлардың,  
Қатын алмақ — бірі рахат-құмардың,

3575 Үшіншісі — тән саулығың, тірлігің,  
Бұл үшеудің сақтау қажет бірлігін.

Бұл үшеуге күллі ләззат таласпас,  
Тағы үшеу бар, ей, ел бегі, жанаспас.

(Бұл үш нәрсе бар ләззаттан асыл-дүр,  
Басқа үшеуге тиме, есіл ер, қашық жүр.)

Ішпек-жемек ол бір ләззат, ағайын,  
Жамандық боп кейде жалмар маңайын.

Үш саусақпен ауызға алсаң болады,  
Соның нәрі барса қарның толады.

Ас сінбесе тәбет, тәнің бұзылар,  
Тән бұзылса, кесел өршіп қуырар.

3580 Ең аштысы — адамға ажал келгені,  
Рахат жоқ өлімде — опат жеңгені,

Тағы да бір ләззат — қатын ләззаты,  
Суық суға жуынғандай мехнаты.

Одан кейін ұл-қыз туар, карап тұр,  
Ұл-қыз жүгі машақатқа жарап тұр.

Бәйітшілер былай деген деседі:  
«Қатын, ұл-қыз ердің күшін кеседі:

Қатынменен сұхбат — шырын, жалынды,  
Суық суға жуынғандай — қарымы.

3585 Ләззат қайда, сонда бірге азабы,  
Тәтті қайда, сонда ащысы, ғажабы!»

Болса осындай, егер тірлік татымы,  
Дүние құр бейнет жолы, ашығы!

Ләззатты-ақ дүние, күнім-ғұмырым,  
Ақыры, өлім ащы қылар шырынын!

Бұл дүниеде үш рахат — тұғыры,  
Ай, ақпейіл, ал жауабын ұғынып.

Бұл жалғанда екі жау тор құрады:  
Бір жауың — тән, екіншің — жан құмары.

3590 Үшінші жау — шайтан, діннің ұрысы,  
Хақ сақтасын зиянынан, дұрысы.

Жауың жауыз болмас асқан бұлардан,  
Көп күйгізер тәнің шықпай құмардан.

Алла атын айтсаң, шайтан сасады,  
Өзің қисаң — дүние де қашады.

Тән-жаныңнан қалай безіп шығарсың,  
Өлсең — қалар, өле-өлгенше шыдарсың!

Білікті бек жақсы айтыпты ерекше,  
Дана сөзін тыңда, жарар керекке:

3595 «Мұңға салып жүр жан-тәнім бүлдіріп,  
Бір жылатып, көрсең бірде күлдіріп.

Тілек қуып жаһан кезіп бағамын,  
Бірде тоқпын, бірде аш — жалаң қағамын.

Бір тілекке жетсем, бірі кезігер,  
Тағы бірі жетпейтіндей сезілер!

Баса алмаймын өзім нәпсі-тілекті,  
Мейірімді ием, тиып бер сен, жүдетті!»

Бұл тән-нәпсі тойып бермес қомағай,  
Семірсе ол, жалмай берер жағалай.

3600 Ат семірсе — мөңкіп, тулап, қызынар,  
Жерге иесін жыға қашып, бұзылар.

Тәнің, білсең, аңшы итімен бірдей-ді,  
Ит семірсе, аңшы ақысын білмейді!

Қарны тойса, жатады аңға шаппайды,  
Иесі айтса, бармайды, елең қақпайды.

Тәнің-жаның кейде балғын ұландай,  
Теңін іздеп ойнар, тойса, ұлардай.

Тән тойынса, жойылар жан-жүрегің,  
Бере берме тәннің барлық тілегін.

3605 Тірлігіңнің күллісі өзі үш-ақ күн,  
Қалғандары түс, кіл өңкей түнек түн.

Бірі атқан таң, бірі өтіп кеткен түн,  
Ұласар ма ертеңге бұл жеткен күн.

Бұдан басқа еш тірлікке қарама,  
Кесіп айтам, тіршілік деп санама.

Қатынменен сұхбат бірер сәт, кара,  
Еркек отын басу үшін тек қана...

Бұл отты әйтеу өшірерсің, тұсарсың:  
Көрікті не көріксізді құшарсың.

(Не ару, не күң құшағы ашылар,  
Содан кейін мауқың өзі-ақ басылар.)

3610 Ауыз қамы — қарын тойса болғаны,  
Қарын тойса, пайда ойламас ол-дағы.

Арпа, халуа бірдей — тойса, қарының,  
Артып қалар, кірер жолы тарылып.

Шекер, халуа, арпа жесін, ашығы —  
Тойып жатса, тұрар таңда ашығып.

Өзі кедей, көңілі тоқ, көзі тоқ,  
Не дейді екен кембағалдың сөзін ұқ:

«Қолың ұзын, шекер, май жеп, саспадың,  
Тағат қылып, кебек жеп жан сақтадым.

3615 Екеуміз тең, тойып кешке жатамыз,  
Келмес күндер кетіп, тағы татамыз!..»

Мал жиғанмен өлесің — жан кетеді,  
Белгілі ғой, онда екі бөз жетеді!

Бай-кедейді теңер өлім бір демде,  
Бірдей болар қара жерге кіргенде!

Екі күндік дүниені малданып,  
Несін тірлік кешіп жүрсің алданып?

Сұқтанасың сен — дүние жиғалы,  
Сұқтанады өлім сені тиғалы.

3620 Тірлік сенен күнде безіп кетеді,  
Жауыз өлім тамырыңды кеседі.

Тірі — ажалды, мәңгі өмір сүрмейді,  
Тек қай күні өлетінін білмейді.

Кіші: сақал өссе екен деп ойлайды,  
Сақал шықса, ағарса деп қоймайды.

Келгені өлім, сақалға ақ тараса,  
Табылмайды оған құрал, араша!

Өзінді отқа дүние үшін тастама,  
Өзінді-өзің қарап тұрып қақтама.

3625 Бұл дүние тұзды судан аумайды,  
Ішсең тілің құрғап, шөлің қанбайды!

Құрғақ құмға ұқсас екен бұл адам,  
Дария күйсе толмайды көз сұғанак.

Дүние ісі сағымдай боп көрінер,  
Қолың созсаң, сусып, тұрмас, төгілер!

(Қарап тұрсаң, ұшар көзден сағым да,  
Қусаң безер, тұрмас сенің жаныңда.)

Нәпсіні ұстап, қызмет еткен — ақ алмас,  
Жауы да оның осал жерін таба алмас.

Нәпсіге ерік берме, име бойыңды,  
Ләззаты — мұң, тілегі оның ойын-ды.

3630 Кешкен тірлік өте берер келгісіз,  
Қалған тірлік қанша екені белгісіз.

Қалған күнді текке зая кетірме,  
Өлімді күт, ибадат қып бекін де.

Не дейді екен кісі пейілі ағарған,  
Кінә, кірден жанын сүзіп тазарған:

«Өтті өтері кештің бастан, түніңді,  
Кешермісің енді келер күніңді.

Кешкенің мен кешпегеннің арасы —  
Бір қонақтық, сол тірлігің шамасы...»

3635 Мұнда тірлік зая кетті деп едім,  
Кешіп бәрін уайым-мұң жеп едім.

(Тазарсам деп иен жерге келіп ем,  
Оңашада өзімді өзім жеңіп ем.)

Бүгін мені шақырдың ел, қалаға —  
Нәпсім жеңсе, кім құтқарып қала алар?

Тәнің — бір жау, білсең нәпсі тырнағын,  
Тұзақ, торын құрып тастап тұр бағып.

Тілекке ерме, қуат жиып, қайрат қыл,  
Тән, нәпсіге тізгін бермей айбат қыл!

Не деді екен өзін ұстап, басқан ер,  
Құмарлықты жеңіп, күші тасқан ер:

3640 «Тәнге тұтқын болма, ұлық ақылды,  
Дінді құрбан қылар, тықсаң басыңды.

Барлық істе құмарлықтан қайта алмас,  
Ерді ешкім білікті деп айта алмас.

Тәнге құл боп ере берсе, көз жұмып,  
Нағыз надан, ойлы деме, сөз қылып!

Ақымақ деп айтар әркез ашығын,  
Жүрген ерді бір нәпсі үшін шашылып!»

Зейін-есін нәпсі буып алғасын,  
Ессіз кісі — тірі өлік, қандасым.

\* \* \*

3645 Міне, осындай бұл дүние, нансын деп,  
Бар айыбын ашып айттым, қансын деп!

#### 43. ӨГДҮЛМІШ ОДҒҰРМЫШҚА БҰЛ ДҮНИЕМЕН БІРГЕ О ДҮНИЕ ҚАМЫН ОЙЛАМАҚТЫ АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Ай, құтты ер, сөзінді,  
Айттың, естіп мен жеткіздім көзімді.

Бұл сөзімді ұғып алғын белгілеп,  
Ақылға һәм білімге де үлгі деп:

Білсең дүние халі сондай екенін,  
Тірлік жолын ащы қылып нетесең!?

Кең дүниені күшпен тар қып алмағын,  
Күнәһар құлға пейілі бар Алланың.

3650 Азабы көп болса, көп қой рахымы,  
Күнәһарға кешірім — әзіз, асылы.

Азаптан қорық, үмітпен күт рахымын,  
Ибадатпен жөнін біл құл атының.

Әлем халқы тастап елді, шаһарды,  
Жүгін артып, кезсе тауды, жаһанды.

Жаһан азып, құрыр қала, даласы,  
Ұрпағы өшіп, тозар адам баласы.

Бар халыққа екі үйді жаратты,  
Бірі — тамұқ, бірі — ұжмақ жәннатты.

3655 Бұл жалған деп, жастық көрмей құлағы,  
Шуылдап ел, түнді күнге ұрады.

(Бұл дүние күллі елдің — сұрары,  
Арпалысып түнді — күнге ұрады.)

Тозаққа еніп, құлшылықсыз қомағай,  
Жұмақ-жәннат қаңырап бос қалмағай?!

Екіден көз, құлақ берген құлға хақ,  
Қос жалғанды қатар бағып, тұр қарап.

(Қос қол берді, ұмтылса — еркін алсын деп,  
Қос дүниені бірдей құшып қалсын деп.)

Екі-екіден аяқ берді жүрсін деп,  
Бірі — мұнда, бірі анда тұрсын деп.

3660 Ғажап жақсы айтыпты бек білімді,  
Аты әлемге кең тараған ілімді:

«Есің болса, осал болмай бағарсың,  
Сақтан, күнә, кесіріне қаларсың!»

Жаратты хақ қатар екі жалғанды,  
Мұны таптың, асық солай қарман да.

Жаратты хақ күллі адам ұланын,  
Тәннен — тойып, бірде ашығып тұратын.

(Адам — пенде, ашынар да, басылар,  
Тәні бірде тояр, бірде ашығар.)

Қарынға — ас, киім керек ілуге,  
Інім, бұлар қажет өмір сүруге.

3665 Онсыз тірлік жоқ, қарағым — қанатым,  
Құлқынды — ас, иықты тон жабатын!

Адал дүние, адал асың табылса,  
Кедейге үлес, жұртпен бөліс барынша.

Ас — арқауың, онсыз күнің қараңғы,  
Құлқын — ауыз билемесін адамды!

Қорқып тұрғай кәрінен бір Алланың,  
Күтіп жүргей, содан — үміт, арманың.

Бұл екеуі — құлшылық жол, адаспа,  
Жаңылма һәм жамандыққа жанаспа.

3670 Жақсы айтқан ой тез тарайды ғаламға,  
Білікті сөз білім берер наданға:

«Үміт, хәуіп — осы екеуін қанат қыл,  
Арасында тірлігіңді жәннат қыл.

Құлқынды онда, хақ жолынан жаңылма,  
Сарайға ұшып кір, сүйініп дамылда!»

Үміт, хәуіп — сенер екі қанатың,  
Екеуі, ұшсаң — көкке де жол табатын.

Күнәм көп деп үмітіңді үзбегін,  
Ибадат қып, қызметіңді істегін.

3675 Құл тірлігін қызметке арнасын,  
Аты құл ма, құлшылықтан танбасын.

Әзіз деп біл жаратқанның әмірін,  
Құлшылықпен асар сенің қадірің.

Кедей, өзің өзінді іспен демей біл,  
Күнәға бай — құлшылыққа кедей кіл!..

Өзіңді өзің кісі сұмы деп сана,  
Сөзің, өзің ізгі болар тек қана.

(Өзің кісі жаманымын деп білгін,  
Жұртқа мейір, шуағыңды жеткізгін!)

\* \* \*

Бағанадан білгенімді ақтардым,  
Лайықтысын көкейіңе ап қалғын.

3680 Егер менің айтқанымды алмасаң,  
Жауап қайыр, ерім, алам — арнасаң.

Сөздер ұзын болған сайын пайдасыз,  
Тағы ұзарса, одан әрмен пайдасыз!

### Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы

Одғұрмыш та басын ұстап тұрды көп,  
Ақырында, ойлы жүзін бұрды кеп.

Айтты: — Інім, қиналдың-ау өзің де,  
Қандастықпен арнап айттың сөзіңді.

Қамымды жеп, жақсы айттың білемін,  
Тәңір саған қайырым етсін, тілерім!

3685 Ай, мәрт батыр, байқа, ойым он болды,  
Бұл істе мен көре алмадым оң жолды.

Қаламай тұр көңіл қашып бұл істен,  
Қатер — істен, көңіл жатпай кіріскен.

Көңілі жүйрік, өзі сүйген, сүйікті,  
Дана, өнеге сөзін былай түйіпті:

«Қандай іске келсе өзіңнің кіріскің,  
Ең әуелі көңіліңмен кеңескің.

Кісілермен ашып айтып, ақылдас,  
Көңілің қалап тұрса ғана жақындас.

(Көңілің соқпас жерден әмән жырақ жүр,  
Адамдардан ақыл-кеңес сұрап жүр.)

3690 Өзіңе-өзің бәрінен де жанашыр,  
Сөзіңді тый, қаламаса жан асыл.

Іс істесең өз жаныңа жақпайтын,  
Ақкөңіл ер одан пайда таппайсың!»

Көңілім сүйіп, қаламай тұр, тосылдым,  
Қойдым сөзді, осыдан-ақ шошындым.

Өзім үшін сенен пұрсат алайын,  
Ей, ізгі адам, босат мені, қалайын!

Еш пайдам жоқ тигізетін Әмірге,  
Құлық, қылық, сөзім келмес тәлімге.

3695 Дүниеден қашып мұнда келіп ем,  
Не деп қайта ораламын кері мен.

Алла ісіне арнағанмын өзімді,  
Кісі ісіне баспан, тидым сөзімді.

Енді мені тәңіріме\* жібергін,  
Дұғашың боп, жақсылықты тілермін.

Көрістірсем десең бізді, ағайын,  
Маған келме, өзім іздеп барайын.

Бейнет — маған, рахат саған бөлінсін,  
Елікке істеп, пайдаң елге төгілсін.

3700 Мейірімді, ісін білген кісінің,  
Жанашырлық сөзін тыңда түсініп:

«Жүрсе кісі, еркіне еріп жүректің,  
Жақындары анық күллі тілектің.

Тілек қуған адам азып, талмайды,  
Тілек қолдап — арып жолда қалмайды.

Аңсары ауса, кісі ешбір кідірмес,  
Жетер түгел, шаршағаны білінбес!»

Ел сүйсінткен мәрттігі мен ерлігі,  
Сүйікті ердің сөзін есті, ендігі.

3705 «Көңіл жақын болса, жақын алыс жер!  
Көңілді бақ! Алыс кейде, қарыс жер!

Бір өрлем жер Туар — Батар\* арасы,  
Жақын хақы — опалылық, қарашы!»

### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш: — Өзіңді,  
Естідім мен, тыңда менің сөзімді.

Ай, аға, өзге ерсең мақсат-тілекке,  
Зорламаймын, қаяу қылма жүрекке!

Сөзді қойдым, тусын күнің алдында,  
Хат жаз ханға, мені ұятқа қалдырма!

3710 Елік хатты өзі жазды, аңдасаң,  
Хатың барсын, оған өзің бармасаң.

Мен көнейін, жауап бергін, сауап тап,  
Тіліңді өлшеп, сөздеріңді сараптап.

Хатқа түсір, айтқаныңды айтайын,  
Ай, білікті ер, мен Елікке қайтайын.

#### 44. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ ХАТ ЖАЗЫП ЖОЛДАУЫ АЙТЫЛАДЫ

Айтты Одғұрмыш: — Аялда, ерім, не дейін,  
Керек десең, хат та жазып берейін.

\* \* \*

Дәуіт, қағаз, қалам алып сайланып,  
Елікке хат-жауап жазды ойланып.

3715 Алла атымен сөзін жазды алғашқы,  
Уа, жаратқан, кешіргін!.. — деп жалғасты.

\* \* \*

Аллаға осы тілімменен, діліммен,  
Сансыз тәуба, шүкір еттім бүгін мен.

Жер, Ай, Күнді, көк Көкті сол жаратты,  
Кедей мен бай, қараңғы мен жарықты.

Жаратты елді, сансыз тірлік иесін,  
Берді аш қоймай ризығын тиесі.

Жарастырды екі дүние тірлігін,  
Есеп жетпес айтуға оның бірлігін!

3720 Өзі — жалғыз, бар екені шүбәсіз,  
Түрін емес, ділін сақта, күнәсіз.

Ұлы да өзі, ұлық та өзі, қадірлі,  
Барша жұрттан еркі бөлек, әмірлі.

Жаратты көп, күллі сансыз құлдарын,  
Тілегенге берді пайда, пұлдарын.

Тік көтерді жасыл көкті жаратып,  
Зерледі ай, күн, жұлдыздарды қалатып.

Түнек басқан еді күмбез түндігін,  
Күдіретімен жағып қойды күнді іліп.

3725 Жерді гүлдеп, жасыл суды жайнатты,  
Желмен желпіп, қызыл отты қайнатты.

Құрлық пен су, ыстық пен бу арасын,  
Жарастырып, берді ризық қарасып.

Тілегенін жаратты һәм реттеді,  
Оған демеу-көмек керек етпеді.

Құлшылықсыз құлын қолдар, тілесе,  
Құлшылықты құлын қорлар, тілесе!

Нені тілеп, «Бол!» десе, сол болып тұр,  
Әр үкімі не десе де қонып тұр.

3730 Мың-мың сәлем пайғамбарға қадірлі,  
Дұрыс жолға салған тірлік, жаныңды.

Ханға, міне, дұға оқып, хат жаздым,  
Саулық тілеп, сәлемімді ақтардым.

Хан хатынан мейірімі шашылды,  
Оқып жүзім жайнап, көзім ашылды.

Ізгі жарлық, түрлі кеңес, ақылы,  
Барша сөзі, таңдайыма татыды.

Ізет, құрмет, ішіп-жемек, киімді,  
Уағда етіпті — бәрі ізгілік, тиімді.

3735 Бұл тілеуді қуып іздеп пенделер,  
Күллі әлемді шарлап, кезіп, сенделер.

Қызмет етпей артса құрмет, мерейім,  
Бұл дәулетке разы болмай не дейін.

Мұның біраз зияны бар, қарағын,  
Өзім барсам, жетер еріп залалым.

Бірі — менде қызмет қылар білім жоқ,  
Қате істесем, жұртқа қарар түрім жоқ.

Заң білмеймін, жоқ құлық, жөн, рәсім,  
Жөн-жосықсыз таппайды ісің ұнасым.

3740 Екіншіден, көрдім дүние жапасын,  
Жафа қылдым өзім, күтпей опасын.

Бір Аллаға сыйындым һәм сыйладым,  
Сақтар енді тәңір, дінім — иманым.

Тамағым бар, бар иыққа жабарым,  
Артық мүлік жиып қайда барамын.

Қуып қайтем ас пен киер киімді,  
Жаппар ием кем қылмайды күйімді.

- Ол жаратты, асырады бағыма,  
Ай, ел бегі, сақтар енді тағы да!
- 3745 Саған дүние берді. Есіркемеді,  
Сақи ием маған бермес пе еді!?
- Күллі ізгілік, кедейлігім — байлығым,  
Жаратқаннан, ең аяғы — қайғы, мұң.
- Ибадат қып, бақтым хақтың есігін,  
Түбі күллі ел келер жер сол, шешімім...
- Бағып сенің есігінді, түнейін,  
Тірлік жұмсап, сонда, нені тілеймін?!
- Екеуміз де бір Алланың құлымыз,  
Сол құлдықтың ішінде тең құнымыз!
- 3750 Құлға құлдың табынғаны жараспас,  
Қызметшілер қадірлеспес, қараспас.
- Ыстық ниет болса жұрттың бәрінде,  
Шын жүректен тәует етсін тәңірге.
- Білікті ер сәтті айтыпты, бағала,  
Ай, ақжүрек, естіп сіңір санаңа:
- «Қызмет қылма, тоққа-дағы, ашқа да,  
Табынбағын бір тән үшін басқаға.
- Бір Аллаға табын, күтіп кесімін,  
Күндіз-түні бағып ашық есігін!»
- 3755 Әуелі, Елік, төрт шартымды орында,  
Табынайын, бетті басып қолыма:
- Мәңгі өлмейтін тірілікті тілеймін,  
Қартаймайтын жігіттікті тілеймін.
- Күллі кесел-аурудан сақтағын,  
Бай қыл, кедей тауқыметін артпағын.
- Бұл төртеуін берсең қарап қалмайын,  
Табынайын, ғазиз жанды арнайын.
- Осыларды берсең маған, ей, Елік,  
Қол қусырып, құлың болып келейін.

- 3760 Мұны істеуге күдірет-күшің жетпесе,  
Менен артық не айырмаң бар, айт, кесе!?
- Киім де бар, тарықпаймын тамақтан,  
Тағы керек болса, берер жаратқан.
- Құрмет, қорлық — бір құдайдан, мұңайман,  
Тірлік, ажал тағы да сол құдайдан!
- Мұны білген-білімдардың ерені,  
Өзге не бар, ей, өркенді ел ері?!
- Бір жаратқан сақтар мендей пендені,  
Тек асырай алмайсың, бек, сен мені.
- 3765 Келіп сені асырасам, асылы,  
Мені Алла сақтар, сөздің ашығы!
- Өзің тоймай, татырмассың маған ас,  
Мен тойғанша, хақ тамаққа қарамас.
- Мұңайғанда хабаршы да іздемен,  
Сезеді өзі, айтпасам да тіл безеп.
- Қақпашы да, құл да бағып тұрмайды,  
Тірі пенде күштеп, зорлық қылмайды.
- Жаза бассам, кешірмейсің сыңайың,  
Күнәмді ием кешіреді ылайым!
- 3770 Не дегенін есті құлдың жазықты,  
Көңіл сырын тілмен толғап бағыпты:
- «Ей, мейірлі, жаппар ием, тәңірім,  
Мейірбан тек, сенің әділ әмірің!
- Құсалансам, сенің көңілің иеді,  
Жарлылардың сенсің арқа сүйері.
- Дертке — шипа, күйінгенде — сүйініш,  
Зеріккенде — ермек, шерде — сүйеніш.
- Қуанышым, уанышым, сауығың,  
Сүйінішің ішінде тұр, ай, ұлық!
- 3775 Көп күнәға баттым енді расында,  
Бәрібір аз рахымыңның қасында.

Күнәмді кеш, жоқ саған еш залалы,  
Қинама көп, кім рахат табады?!

Күнәм да мол, рахымың мол қарасар,  
Рахымыңды берсең — саған жарасар!

Сен қинасаң — қиналмаққа лайықпын,  
Сен кешірсең — кешірімке лайықсың!

Білесің сен, білсең, мұнда мен — жалғыз,  
Білемін мен, бір сен онда, сен — жалғыз!

3780 Кінәлімін, кінә, азапқа батырар,  
Сен — әділсің, ақ нұр сенен шашырар.

Аманатқа алсаң адал жанымды ал,  
Өзге түк жоқ менде сүйіп, табынған!»

Ай, хан, мына өткінші өмір озады,  
Күн-күн санап кеми-кеми тозады.

Несі қажет құр мұнайып, қамығу,  
Неге қажет сүйініп құр, жанығу.

Атаң кетті, кетер інің, ұл-қызың,  
Анаң кетті, сөнер құрбың, жұлдызың!..

3785 Өлгендерді көрдің, сен де өлерсің,  
Бір күн жерге кірер бәрі, өрерсің.

Қапы қалма, Елік, ойлан, абайла,  
Өзіңнен соң жақсы ат қалдыр қалайда!

Зая қылсаң бастан кешкен күніңді,  
Зая өткізбе енді келер түніңді.

Өткен күннен керегінді аларсың,  
Келер күнге дайындалып қаларсың.

Осы халды көзім көріп тұрғанда,  
Не пайда бар, өзіңе жол бұрғанда.

3790 Сұм дүниеден көңілімді көшірдім,  
Сүйенішім жалғыз Алла, кешіргін!

Қойғын мені, өзімше өмір сүрейін,  
Осында, Елік, тілеуңді тілейін.

Барғаныммен еш пайдам жоқ беретін,  
Өзіңді өзің қолда, берер кеңесім.

Мен түңілдім, жөн саған да — шеттемек,  
Екеумізге кісілерден жоқ медет!

Енді қалған күннен дұрыс кетейін,  
Ибадат қып, парызымды өтейін.

3795 Бары жетер, жоқ артықтың керегі,  
Дүние түбі — ұйық қой, жоқ кемері.

Өмір өтті буырқанып борандай,  
Күйінемін, кетті мәңгі оралмай.

Киім бүтін, тамағым тоқ, дұрысы —  
Пайдасы жоқ дүниесі құрысын!

Айтқан екен құлқы бүтін тоқ көңіл:  
«Жетер! — десе, — құт-қанағат бекке бұл!»

Жақсы айтыпты қанағатты баққан ер,  
Қанағаттан құт-ризық тапқан ер:

3800 «Ауыз үшін ризық еттім тапқанды,  
Иық үшін киім еттім жапқанды.

Тірлік болса, тамағымды табармын,  
Ием берер, керегімді алармын!»

Пайдасы үшін Елік мені шақырса,  
Жоқ еш себім, жоқ білім де, ақыл да!

Ел ішіне жарап қалар десе егер,  
Кесіп айтам, жоқ жарайтын еш өнер!

Десе, егер іске жүрсін жұғысып,  
Істейді інім мың кісінің жұмысын.

3805 Егер мені ізгі тұтсаң, ей, Елік,  
Өзің де ізгі бол, осыған келейік!

Ұстағанша мың жақсының етегін,  
Жағанды аман тұтсаң әмән, жетеді.

(Мың іс бастап тастағанша бітірмей,  
Бір-ақ іске пейілді бұр бүтіндей.)



Даңқы шыққан не түрлі ерен, бағына,  
Жиылыпты түмен қол боп жаныңа.

Елік менен қандай пайда көреді,  
Пайдасыз іс — татымсыз, жоқ көмегі.

Өзімді өзім сұранамын алдыңда,  
Босат мені ашуға бой алдырма.

3810 Тағы не бір сөздер қалды жазылмай,  
Естіді інім айтар түгел жасырмай.

\* \* \*

Түгесіп сөз, тұрды, хатты байлады,  
Інісіне берді, жолға сайлады.

\* \* \*

Айтты: — Жаздым, тілегімді, сөзімді,  
Тілмен айтқан сөзді естідің өзің де.

Ауызша өтін, Елік естіп жақтасын,  
Қоя берсін, маған қолын артпасын!

Сөз әкелген елші жауап жеткізер,  
Жауап сөзді естідің, тез жеткін ер.

3815 Үш Орданың ханы айтқан сөз көшелі,  
Күллі жұртқа тарап кеткен деседі:

«Сөз бұрмайтын Елшіге мін тағылмас,  
Сөздің шынын жеткізсе ол жаңылмас.»

Түркі ханы жақсы айтыпты байыптап:  
«Тура айтса Елші, бұйырмаңдар айыпқа!»

Өлім де жоқ, түк жоқ елші мүдірер,  
Естігені тура шыкса тілінен.

Елші деген тілші, тілмен бірдейді,  
Тілі сөзін айтса, ажалды білмейді.

3820 Болса елші зейін, тілдің ұстасы,  
Мақтап тілін, сый бер сөздің қысқасы!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Айтты Өгдүлміш жауап беріп: — Түгелдей,  
Естіп алдым сөздерінді жібермей.

Хатқа хатпен жауап жаздың, есті ер,  
Маған бергін, аман болсам, жеткізем,

Айтсам, бірақ күдігімді қалдырмай,  
Елік қоймас, өз қасына алдырмай.

Сырбаз туыс, мені Елік қайтарар,  
Сені алдырмай қалай жаны жай табар.

3825 Тағы өтінер, біл, мінезін білмесең,  
Көңілі қалар, егер сонда жүрмесең.

#### **Өгдүлмішке Одғұрмыштың жауабы**

Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Бауырым,  
Жанға — жара, айтпа сөздің ауырын.

Бұл жерден мен кете алмаймын, одан да,  
Өзіңді өзің қинап, қайта оралма.

Тілеу жаман — болмайтұғын тілекті,  
Сөз қадірсіз қозғамайтын жүректі.

(Жаман болмас тілегіңді қозғаған,  
Айтып, жауап ала алмаған сөз жаман.)

Не дер екен, тыңда, білген адамды,  
Бастан кешіп көрген жақсы-жаманды:

3830 «Бермегенді, сұрап, күштеп жүдеме,  
Алмағанды тілеп, күштеп тілеме.

Жетпес жерге жүріп аяқ жетер ме?  
Шықтың екен — төктің терді бекерге!»

(Сұрап алмағанды күшпен ала алмайсың,  
Тілеп бармағанға күшпен бара алмайсың.)

\* \* \*

Айтты Одғұрмыш: — Аттан, дұрыс пейілмен,  
Қайта айналып келме, енді ей, інім!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Өре тұрып айтты Өгдүлміш: — Жүрейін,  
Сөзді қойып, саған құлақ түрейін!

\* \* \*

Жолға ұзатты, Өгдүлмішті жақыны,  
Тағы айтты білген кеңес-ақылын.

- 3835 Атқа мініп кетті Өгдүлміш асығып,  
Суыт келіп түсті үйіне, басылып.
- Күн алаулап, жерге жүзін жасырды,  
Көк төріне кара сусар асылды.
- Жаһан жүзі көмірдей боп қарайды,  
Көз жұмылып, ұйқы басты маңайды.
- Өгдүлміш те төсекке кеп жантайды,  
Көз шырымын алып мызғып, марқайды.
- Жалын ойнап туардан, боялды бел,  
Келіндей көзін ашқан оянды жер.

- 3840 Көтерілді гәуһар-маржан қалқаны,  
Жайнап жаһан ақ меруерт алқалы.

\* \* \*

Үйден шығып, сарайға енді келгесін,  
Құзыр сұрап, күтті. Елік көргесін.

#### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Сұрады Елік Одғұрмыштың қандайын,  
Айтқын, — деді, сонсоң, — істің мән-жайын.

Не сөз болды? Ісің қалай, көне ме?  
Тілегіңе не деді? Өзі келе ме?

\* \* \*

Өгдүлміш ең әуелі хатты берді,  
Елік алып, ашты да, оқып көрді.

- 3845 Қызарды өңі, өзгерді, жүз ойланды,  
Күлімсіреп сонсоң біраз толғанды.

\* \* \*

Деді: — Інің ірі сөздер теріпті,  
Торқа берсем, тікен түйіп беріпті.

Мін жоқ сөзде. Шын сөз мірдей кескілер,  
Тура сөз — шын, шындық ащы естілер.

Тілмен не айтты, нендей ойға кенелдің?  
Түгел жеткіз не естідің, не көрдің?!

#### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Естігенін айтты Елік аудармай,  
Түгел тізіп, бір де сөзін қалдырмай.

- 3850 Талай сөздің, — деді, — мойнын қайырдык,  
Ол да, мен де айттық, жөнін айырдык.

Бар сөзіме түгел жауап қылады,  
Тағы қыссам, көзін қатты жұмады.

Не қылсам да, өзі бері келмеді,  
Сөзді сөзбен кесіп, пейіл бермеді!

\* \* \*

Естіп, оқып Елік ұқты мәнін де,  
Ақыл, білім сөзінің әр дәнінде.

Тағы аңсады, көңілін шер кернеді,  
Көңілі шерлі кісіні — мұң жеңгені.

- 3855 Мәрт басшы ер жақсы айтыпты, түсінем:  
«Көңіл кетсе — ерік кетер кісіден!»

Бұл көңіл — бек, күллі мүше құл бұған,  
Бегі қайда, құлдар солай құлаған.

Тілек тілер болсаң — көңіл құласын,  
Ол тілекке жетпей тынбас, құлазып...

#### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Өгдүлмішке тағы айтты Елік: — Бұл сенің,  
Аған, ойлы адам екен, білсеңіз!

Сөзін естіп, сезбеппін ой-білігін,  
Құлық, қылқы қандай, қандай білімі.

- 3860 Естіп, оқып, көңілімнен өткіздім,  
Қайтсең де енді тілегіме жеткізгін.

Өз елімде тұрып сөзім өтпесе,  
Не болғаны тілегіме жетпесем?!

#### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — күллі бектің сарасы,  
Құлқы сұлу, мейірлі, ел ағасы,

Туысыма қайтарда: — Сезем,— дедім,  
Елік қайта жіберер, келем дедім.

Қадірле оны, бүгін жүр, — дедім тағы, —  
Қалдырмайды, ақыры алдырады.

3865 Түңілдіріп, кесіп айтты, келме! — деп,  
Мен бармаймын, күш-зорлыққа сенбе! — деп.

#### **Еліктің Өгдүлмішке жауабы**

Елік айтты: — Ұқтым. Айтар налалы ер,  
Бұл сөз іске аспас, өзің бара бер.

Не болғаны, бек тілегін тілесе,  
Көңіл елтіп, қолы жетпей жүдесе!?

Бекте не ерік, сөзін ешкім ілмесе,  
Күллі жарлық ел ішінде жүрмесе?!

Ұлылықтың бір белгісі біле бер:  
Тілегіңе қолың жетсе тілеген.

3870 Не нәрсені аңсап көңіл қаласа,  
Тілегіңе жеткіз — ем сол тамаша!

Бұл тілегім енді кесел, дерт болды,  
Емдемесе, өлтірердей жеп болды.

Не дейді екен, бұл бәйітті оқып ал,  
Мәнісін ұқ, көңіліңе тоқып ал:

«Күллі дерттің шипасы бар белгілі,  
Шипагердің шарттары бар белгілі.

Тілек тілеп болса жаның ауырар,  
Іздеп тапса, құлан-таза сауығар!»

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

3875 Айтты Өгдүлміш: — О, құтты Елік, бағамда,  
Дауасы жоқ не бар дейсің ғаламда!

Ұзақ өмір кешкей, Елік, дін-аман,  
Өзің үшін, жаным пида сұраман.

Бұл сөзді айтам өтінгеннен жүгініп:  
Еш пайда жоқ өкінгеннен түңіліп.

Былай депті ақылды ер бір өткен:  
«Айтарыңды сайлап сөйле, жүректі ер!

Тілді тиып сөйлемесең — бір тәлім,  
Өкіндірді сайрап, талай бұл тілім!

3880 Сөйлемесең сөзің саған құл болар,  
Сөйлеп қойсаң сені өзі құл қылар.

Санап сөйле, асықпай сен толғанып,  
Асықтың-ақ, өкінішке қалғаның!»

Одғұрмышты, ойламадым келмес деп,  
Шақырғанда, тілегімді бермес деп.

Бір тілесей, мен мың мәрте тілегем,  
Келіссе, өзім көмек көріп жүрер ем.

Тілегім сол, бірге болсақ деп едім,  
Қол ұстасып, қызмет қылсақ деп едім.

3885 Мен қаншама қатты айтсам, өтімді,  
Ол соншама қатты қақты бетімді.

Тағы бару қажет болса, барайын,  
Айтар болса, тағы да айтып қалайын.

Елік тағы бір хат жазып жіберсін,  
Оқып хатты сенсін, ойға тірелсін.

#### **Еліктің Өгдүлмішке жауабы**

Елік айтты: — Хат жаздым ғой атына,  
Тас толтырып жауап берді хатыма.

Енді не деп хат жазайын. Барарсың —  
Хат орнына хатқа өзің де жарарсың!

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

3890 Жауап берді Өгдүлміш: — Ай, құтты Елік,  
Олай болса, көр тағы хат жіберіп.

Елші қанша түзу болсын оқтан да,  
Хат болмаса, сөзге көңіл тоқтар ма!?

Таныс жанға, хат — сенімнің кепілі,  
Кепіл болса жабық айла есігі.

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Елік айтты: — Осы болса қаларың,  
Хат жазайын, сөзбен тағы қадалып.

Хат жазайын. Хаттың аты хат, білсең,  
Хатқа сенбей, шамырқанып бір көрсең.

3895 Нені сөйлеу керек, сөйлес, мүдірме,  
Шақыр, сендір, келтір! Өсте түңілме...

### 45. КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШҚА ЕКІНШІ ХАТТЫ ЖАЗЫП, ЖОЛДАУЫ АЙТЫЛАДЫ

Қағаз, сия жеткіздірді алдына,  
Хат бастады қолға қалам алды да.

Сөз бастады құдіретті есіммен,  
Жаратқан деп, ырзық берген, кешірген:

— Мың-мың алғыс үкімі ақ тәңірге,  
Құлқы, заңы мейірімді, әділ де.

Жалғыз өзі-ақ, таза нұрын таратқан,  
Жоқтан барды, бардан жоқты жаратқан.

3900 Бірге болып, оны сақта діліңде,  
Ибадат ет, жүрсін жүрек, тіліңде!

Не қаласа, қалағанын береді,  
«Болсын!» — десе, тілегені келеді!

Тырбанғанға ырзық берер, біле бер,  
Тірі өлікке бір өлімін жіберер.

Өзіздік те, қаралау да қолында,  
Ұлы да оның, кіші де оның торында.

Оның тілек ойын ешкім ұға алмас,  
Қазасын да ешкім тиып тұра алмас.

3905 Мың-мың сәлем пайғамбарға, қолдай гөр,  
Тура жолға рахымды Алла жолдай гөр!

Достарына мың-мың алғыс жолдадым,  
Аллам, дәйім жарылқағын, қолдағын!

Ең әуелі сансыз сәлем арнадым  
Мен өзіңе, ақылы кең ардағым!

Хал-жайыңды сұрап жаздым хатымды,  
Күйің қалай, құрметтейміз затыңды!?

Мен өзіңе туысыңды жолдадым,  
Сен келсе деп тілек етіп болмадым.

3910 Оны өзің қаламадың, келмедің,  
Назарыма түсіп, мені көрмедің.

Жауабыңды жазған хатың білдірді,  
Айтқаныңды інің айтып үлгірді.

Хатыңды оқып, сөздеріңді ұғындым,  
Қашқақтамай ойды тыңда, бұрылғын.

Шекерден де тәтті сөздер айтқанмын,  
Удан ащы жауабыңды қайтардың.

Тағы мына сөздерімді жібердім,  
Көңіліңе тоқып өзің, біл, ерім:

3915 Өзің сеніп, діннің жолын қаладың,  
Содан бері Захид атың тарады.

Бұл атағың ел ішіне жайылды,  
Биік белгі болып, жұрттан айырды.

Атың үшін дұрыс оған барғаның,  
Өзіңді ойла, несібеңнен қалмағын.

Егер жұрттың көзі тисе қызығар,  
Зая кетер ибадатың бұзылар.

Хаққа табын, бүрке бірақ пердесін,  
Перде бұл күн елге еш сыр бермесін.

3920 Сүйген құлын тәңір өзі қолдайды,  
Оның жөнін халық ұға қоймайды.

Құл өзі өзін білмес бақсын-бақпасын,  
Қайдан білсін хаққа жағар-жақпасын?!

Осында кел, жаса халық ішінде,  
Білмейді ешкім, шаруасы жоқ ісінде.

Адал мал тап, өзіңді өзің сүйіндір,  
Ашын елдің тойындыр да, киіндір.

- Ізгі кісі тапса ақ жол, адал ас,  
Қос жалғанда, әсте қолға қарамас.
- 3925 Бұл сөзді есті, келмей қалған, ей, маған,  
Не дейді екен ақылды, есті ойлы адам:  
«Жақсы адамға дүние малы тисе егер,  
Қос жалғанда төңірегі гүлденер.  
Жей білмесең, дүние жиып құнығып,  
Арттым дей бер ауыр жүгін ұрының!»  
Хақ құлына тисін пайдаң, ей, бегім,  
Пайдаң тисе, нағыз ерім дейді елің.  
Күштеп сені, ай, захид ер, ақылдым,  
Мұсылманның пайдасы үшін шақырдым.
- 3930 Келіп бері, тіле жұрттың тілегін,  
Кісілерге пайдасыз жан — бір өлік!  
Адам ба, адам өз пайдасын күйттеген,  
Адам нағыз — ел пайдасын діттеген.  
Сахи емес, нәрсе беріп жанасқан,  
Сахи нағыз — жанын қиып қарасқан.  
Қайырымды ма өзін-өзі демеген,  
Қайырымды сол — ел пайдасын елеген.  
Ізгі адам дер, оған кімді теңерсің,  
Ай, білгір бек, оны да айтып берерсің?
- 3935 Жақсы кісі? Жақсы ер сол, бағыңа,  
Дауа болса, қайғырғанда, жаныңа!  
Ай, ақпейіл, ай білімді ер, мойында,  
Бұл сөзіме ой жіберіп, пайымда.  
Растығын сарапта, бұл сөздердің,  
Рас десең, болма әуейі, тез келгін.  
Ұзын сөздер зеріктіре жайылар...  
Есті ерлер сөзді қысқа қайырар.  
Сөздеріңді азайт, енді есілме,  
Ақыл, білім құнын сөзбен кетірме!
- 3940 Қалған сөздер болса, несін тізейін,  
Бауырласың баяндар, мен үзейін!

- \* \* \*
- Хатты аяқтап, тұрды, қатты байлады,  
Көктің желі желпіп, хатты шайқады.
- Хатты алып басты үстіне таңбасын,  
Өгдүлмішке берді әзірлеп алғасын.
- \* \* \*
- Айтты Елік Өгдүлмішке: — Аяңда,  
Хатты беріп әрі ауызша баянда.  
Қандай лажы болса, істеп, торып бак,  
Ұлыс-кентке келтірудің жолын тап.
- 3945 Не тілесе, тілегенін берейін,  
Келсін мұнда қорғап-қоштап, демейін.
- \* \* \*
- «Әлбетте!» — деп, шықты Өгдүлміш сайланып,  
Ізгілікті ер келді үйіне айналып.  
Келіп түсті, үйге кіріп жайланды,  
Ішті, жеді, демін алып, ойланды.  
Руми қызы\* жүзін жерге жасырды,  
Жаһан өңін зәңгі-түнек қашырды.  
Қап-қара құс тұтып, аспан налыды,  
Толды әлемге қара құстың мамығы.
- 3950 Төсегінде кешті ойдың тереңін —  
Тумасына көріскенде не дерін.  
Мызғып қана, оянды: бар алабы  
Көмір қара түнге оранып барады.  
Ұйқы қашып, тұрды басын көтеріп,  
Қап-қара түн түріп апты етегін.  
Күн де басын жерден алып, көрінді,  
Нұрлы жүздің нұры аспанға төгілді.  
Тұрғаннан соң, таң намазына ұйыды,  
Намазды өтеп, дұға қылды, сыйынды.
- 3955 Бір ұланмен атын тездеп ерттеді,  
Күле шығып, үйден жолға беттеді.

Қандасына келді жақын, бірақ та,  
Хақын сақтап, түсті атынан жырақта.

\* \* \*

Жүріп барып ақырын есік қақты,  
Өре тұрып ағасы есікті ашты.

Кұлшылығын тоқтатып, шығып барды,  
Сәлем қылды, байқағын, қолын алды.

Қайта кірді Одғұрмыш қолын ұстап,  
Орын берді құрметтеп төрді нұсқап.

#### Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы

3960 Айтты: — Інім, бекер бейнет шеккенің,  
Мен сеземін, тегін қайта жетпедің.

Кесіп айттым, естіп — айыл жимайсың,  
Не үшін зорлап, күштеп мені қинайсың!?

Не айтты тыңда, білім берген адамды,  
Сынап білген жақсы менен жаманды:

«Бір көріссе жетер кісі тануға,  
Бір тілдессең, жетер сырын алуға.

Мыс алтынды көзбен айыра алмасаң,  
Жетер алып сәл сыр тасқа жану да!

(Сынасуға бір көріссең жетеді,  
Білісуге бір тілдессең жетеді.

Мыс, алтынды айырмаса ер жігіт,  
Алып аз-маз тасқа сүртсе жетеді!)

#### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

3965 Айтты Өгдүлміш: — Ойлап келдім бабыңды,  
Маған кейіп, жаралама жаныңды.

Бегін көрер қызметші көз ашса,  
Істер оқтай не істе деп бегі айтса.

Елікке хат-жауабыңды тигіздім,  
Айтқаныңды еш бұлжытпай білгіздім.

Хатқа жазып, жауап қылды сөзіңе,  
Өз қолымен жолдады оны өзіңе.

#### Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы

Одғұрмыш қолына алып ашты хатты,  
Көрді де оқып, ол қалың ойға батты.

3970 «Неге екенін, — деді, — інім, білмедім,  
Бегің мені сонша неге іздеді!?»

#### 46. ӨГДҮЛМІШ ПЕН ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕКІНШІ ҚАЙТАРА ӘНГІМЕ-СҰХБАТ ҚҰРҒАНЫ АЙТЫЛАДЫ

Жауап беріп, Өгдүлміш тілін шешті:  
— Ай, туысқан, біліп ал, сөзімді есті.

Хан тілейді ізгі жолын, ізгі ол,  
Ізгіліктің ішіндегі ізгі жол.

Бұл жердегі дұрыс-ақ ибадатың,  
Білесің ғой, қандайлық қиналасың.

Ел ішінде, мен айтқан кент ішінде,  
Бар жақсылық не түрлі, кел, түсін де.

3975 Дүние, құт та жамандық емес сонша,  
Баянды боп, бағыңа даңқ қосса.

Захид қылар дүниеден безіп жүрсең,  
Сауап болар қызығын көріп жүрсең.

Дүние құтын қимаңыз жамандыққа,  
Бергін елге — шаттансын амандықта.

Жақсы айтыпты басшысы сақылардың,  
Ай, ізгі ер, соны оқып, жадыңа алғын:

«Мал-дүние жол басы ізгіліктің,  
Мал-дүние дауасы күллі дерттің.

3980 Дүние болса, табарсың ілім-білім,  
Қолы жетер бәріне білімдінің.

Малды адам тілесе, жақсы тілек,  
Көкке өрлер, ал малы болар тірек.

Қажылықты тілесен — қажет тауар,  
Өзіздікті тілесен — малың жарар.

Болмаса ердің нәрсесі алып-берер,  
Ізгілік жоқ, қайран жоқ қолдан келер!»

Бұл жақсылық қадірін түсірмегін,  
Ойлы сөзді сен неге түсінбедің!

3985 Ибадатқа сенген ғана жүгінер,  
Тәу еттім деп қарап жүрсең, түңілер.

Табынумен таппас Алла әзір, құл,  
Табынушы жолы, білсең, нәзік жол.

Неше мың жан талай жылдар табынды,  
Жан шығарда оң жолынан жаңылды.

Тәу етпеген күнәһарлар неше мың,  
Ақырғы сәт тапты жолын, есебін.

Алланың бар сүйініші білемін —  
Құлшылықтың ішінде, ұлық, жүрерін.

3990 Білмесе адам, тәу етуді, түбінде,  
Ұқпағаны құлшылықтың түгін де.

Татқың келсе бар ләззатын ақтарып,  
Түгел орында құлшылықтың шарттарын.

Айтқанымды ақылға сап көрерсің,  
Айтқанымдай шықса, жауап берерсің.

Егер, шыны шықса болып осындай,  
Көңілі ізгі, сөзімді ал, тосылмай.

Болма әуейі, бас көңілдің желігін,  
Елмен қатыс, парызды атқар беріліп!

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

3995 Жауап беріп айтты Одғұрмыш: Ей, қадаш\*,  
Мұңға салдың, зәһар болды ішкен ас.

Болсын делік, саған құлақ асқаным,  
Елікке де барып, қызмет бастадым.

Қызмет үшін білу керек заң-жөнің,  
Құлығы оң боп, сезу керек сөз лебін.

Кірген-шыққан, отырыс хәм тұрыста,  
Жөн білмесе, түсер реніш ұрысқа.

Былай депті қызмет білген білікті,  
Білген ойын сәл ұшынан іліпті:

4000 «Бекке қызмет етсең, болсын ізетің,  
Сөзіңді бақ, көңіл, тілді түзетіп.

Ісіңнің заң, шарттарын ұқ, қарағын,  
Қызмет білсең, сен өзін де жарадың!»

Өзім жұрттан жырақ кеткен жан едім,  
Құлық, сөзде жоқ әдетім, әдебім.

Бекке менен болар қызмет не қылған,  
Байқа, маған онда есік жабылған.

Мені неге күштейсің өзің тұрып,  
Бекке қызмет істе деп, сөзді бұрып.

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

4005 Айтты Өгдүлміш жауап беріп: — Бұл сөзің,  
Жақсы емес, ақ көңілдім, білсеңіз.

Мұныңды Елік көтереді, білгейсің,  
Қажет пе — отыр, қажет десең — жүргейсің!

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Мұның да,  
Ай, құлықтым, тым жақсы емес, шынында!

Саған, маған, тұрмас соның жарасып,  
Жөнді білмей, лағып жүрсек адасып.

Жұрт басқарып, тегінде, елді түзету —  
Бектер ісі — әлемді ондап, күзету.

4010 Ел басқару — бектің ісі қашаннан,  
Заң тәртіптің күшімен ол жасалған.

Сол үшін де бектер қолын ұзартқан,  
Ақыл, білім берген, ілім — бұлақтан,

Жақсы айтыпты оны халық басшысы,  
Әлем ісін есті атқарған, бастысы:

«Ақыл керек жаһанды ұстап тұруға,  
Жүрек керек елге билік құруға.

Бұлар болса, қызметші керекті,  
Заңға жүйрік, іске зерек ерек бір.

- 4015 Бұлар түгел болса, күші тасынар,  
Жауын жаншып, өшін алар қасынан.

Заң, тәртіпті тізушінің көзіміз,  
Жараса ма, бұзсақ оны өзіміз!»

#### **Өгдүлмiштің Одғұрмышқа жауабы**

Айтты, Өгдүлмiш, жауап берді: — Қадашым,  
Қиын емес, істе — үйреніп аласың.

Мен білемін заң, тәртіптің шарттарын,  
Өзің тыңда, айтайын мен ақтарып.

Білмегенін кісі үйреніп кетеді,  
Білген кісі бар тілекке жетеді.

- 4020 Мұны мегзеп айтқан екен білікті,  
Ұқпағанның білем деуі күдікті.

«Кісі үйренер, іштен біліп тумайды,  
Тіл де сайрар, туа сөйлеп тумайды.

Кісі үйреніп барып білім алады,  
Біліктінің қолында ісі жанады!»

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмiшке жауабы**

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп: — Білерім,  
Тілерім жоқ, осы болса тілегің.

Әуреледің бүгін сүйреп өзіңе —  
Айтшы, қане, қызметіңнің жөні не?

- 4025 Көңліме кірер ме екен тыңдайын,  
Үйренер ме екем өзім, аңдайын.

Қане, енді заңның жөнін сарала,  
Жөн-жүйесін бас-басына сана да!

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмiшке жауабы**

Айтты Өгдүлмiш, жауап беріп: — Адасып,  
Түзу сөзге жаңа келдің жанасып.

Алғаш жолың алыс еді ақылдан,  
Дұрыстыққа енді келдің мақұлдап.

Мен айтайын тыңда, көзің ашылсын,  
Үйреніп бақ, санаңа оттай басылсын.

- 4030 Үйренемін десең енді, егер де,  
Сөзінді тый, тіл тербеме бекерге!

### **47. ӨГДҮЛМІШ ОДҒҰРМЫШҚА БЕКТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ІСТЕУДІҢ ЗАҢДАРЫ МЕН ТӘРТІП-ТӘСІЛДЕРІ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ**

Екі түрлі болады қызметші кісі,  
Қызмет етсе, оңалар күнде ісі.

Бірі ұлан кезінен іске кірер,  
Енді бірі толысып білек түрер.

Екеуінің жақсысы түсін, бірақ,  
Жастайынан істесе көңіл құлап.

\* \* \*

Бүгін қанша сөз айтсаң да, саспайын,  
Бұл сөздерді кішілерден бастайын.

- 4035 Сөзді ортадан тұтсақ, соңы жоғалар,  
Соңы жоқтың, басы да жоқ оралар...

Пісір сөзді, пысықтықты тілесен,  
Түзу бол, сен түзулікті тілесен.

Кім ашқысы келсе қызмет қақпасын,  
Кішкентай жас кезінен-ақ бастасын.

Жөн-жосықты, білсе заңды, әдепті,  
Кіріп-шыға білсе, болып әдепті.

Ерте тұрып қызметке кіріссе,  
Тілін бағып, құлқы игі боп, біліссе...

- 4040 Іскер, шапшаң, қызметке бап болса,  
Құлақ, көзі алғыр, ұшқыр, сақ болса.

Қызмет етсе, өзінен үлкен ұлыққа,  
Тілін бағып, сүйенсе әдеп-ғұрыпқа.



Ондай адам кішік болса тегінде —  
Ісін ондап жақын жүрсе бегіне.

Олар бекке еркін кіріп шығады,  
Арыз, хабар, істі баян қылады.

Бек те байқап, ондай кішік кісіге,  
Сенер еді, қосып тілек, ісіне.

4045 Зерек болса, құлқы бүтін, жағымды,  
Өтінішке жүрер, ондап бағынды.

Мерген болса, болар қару, оқ басы,  
Құлқы түзу болса, болар таңбашы\*.

Құлығы пәк, болса өңі шырайлы,  
Ыдысшы етіп, бек көңілі құлайды.

Есеп-қисап білсе — қазына қаратар,  
Ақылдыны хатшылыққа жаратар.

Осылардың қайсысына ер жараса,  
Сақ қараса, ісін істеп тамаша.

4050 Не дейді есті, өзі қызмет еткен жан,  
Қызметімен тілегіне жеткен жан:

«Тұрар болсаң бекпен өзің жүзбе-жүз,  
Именіп тұр, сақтықтан қол үзбеңіз.

Құлық, жүрек һәм өзінді күзетіп,  
Шират сөзді, көңіл-тілді түзетіп!»

Қызметпен жақсы іске жетерсің,  
Қызметпен жақсыны дос етерсің.

Қайырым қылып құрметтесең өзінді,  
Қызмет қыл: Нұр жуады жүзінді.

4055 Егер бекке бетпе-бет кеп жүгінсең,  
Құлақ — төрге, көзің жерге тігілсін.

Қол қапсырып\*, түзе аяқты — оң болғын,  
Оң қолыңды қой үстіне сол қолдың.

Оң аяқпен атта енгенде есіктен,  
Жарлық берсе парасатпен есіткін.

Тілек айтсаң — түзу таза ұстап қол,  
Тізеңмен шөк, сыпайы әрі жұмсақ бол.

Қия баспа, оңға-солға қарайлап,  
Сөз — ақылын ұғып, тыңда абайлап.

4060 Сөз сұраса — айтқын сөздің шындығын,  
Жарлық берсе — қаз-қалпында тындырғын.

Ішпе ішімдік, жүрме бекер, тасыма,  
Қаш, жолама жарамсыз іс қасына.

Естімеген бол, естіген сөзінді,  
Көрмеген бол, жұмып көрген көзінді.

Кім жараса іске осылай, есебі —  
Ісі өрлеп, құты күнде өседі.

Әскербасы болар бірі жау жасқап,  
Болар бірі атқамінер ел бастап.

4065 Әскербасы не хажыб боп шығады,  
Қайсыбірі ғылымға бой ұрады!

Қызыметпен бірі атақ алады,  
Ұлық болып, бар тілегін табады.

Бірі ақылмен кеңесшілік етеді,  
«Көк айықлық»\* атқа бірі жетеді.

Бірі — ынанш\*, бірі шағры\* бек болар,  
Бірі текті, бірі атақты бек болар.

Бірі — иабқу\*, бірі нұқрұш\*, ел бегі,  
Бірі асқан атақты, асыл еңбегі!

4070 Егер құлдың атақ-даңқы тараса,  
Даңқтан бар байлық-мүлік аласа.

Жетсе осы істің біреуіне ер егер,  
Ұлық болып, тілегіне кенелер.

Қызмет етсе, атқа жетіп құрметті,  
Пайда, атаққа кенелтеді құл бекті.

Лауазымға жақындатсаң наданды,  
Бүлдірер де, бегіне ашар аранды.

Келістіріп айтыпты әкім ақылды:  
«Тексіз жанға берме ісің мен асыңды!»

(Жақсы айтыпты ақылды, есті ел бегі:  
«Тексіз жанды дәрежелеп, сенбегін!»)

4075 Бұдан да артық айтылыпты толымды:  
«Надандарға берме, бегім, қолыңды!»

Ақылсыздар білім сорын қайнатар,  
Білімсіздер халықты кеп жайратар.

Білімсізді биіктетсе, өзі егер,  
Бек жазықты, бекке күдік көбейер.

Ұлықтыққа жетсе егер надандар,  
Иесінің басын жұтар, қарандар.

Дұрыс бекке құлын әділ бағалап,  
Жарылқаса — білім, ісін саралап.

4080 Сынап қатты құлдың құлық, қылығын,  
Ақыл-есін байқап алғын, ұлығым!

Құл жанқияр, серік болса бегіне,  
Сол ғой бекке берерінің өзі де...

Тыңда, адамды, заң-жарғыны басқарған,  
Заң жөнімен бектік ісін атқарған:

«Құл аты құл, ұлықтыққа жеткенмен,  
Қызметші ол бекке демеп-жеткерген.

Бек аты бек, қанша кішік дегенмен,  
Қызметшіден бектік ерек еленген!

4085 Бектер сыйлап, ұлық болған адамдар,  
Қадір тұтып, бекті ұлы деп қарандар.

Бұл бектермен өшігіспе, теңеспе,  
Сүйіп сөйле, тиіп сөйлеп, егеспе!

Олар — құтты, ұзын қолы құттының,  
Олар — оттай, күйдірер кеп ықтырып.

Замана — олар, заманаңмен жарасып,  
Жүру керек сүйінішпен санасып!»

Жақсы айтыпты бәрін сынап білген ер,  
Тілек, құтын қызметпен ілген ер:

(Дана сөзі қандай жақсы, жарқын сөз,\*  
Дана сөзін құлақ ассаң — баршың жүз)

4090 «Көзі күліп, бектер сені барласа,  
Сүйінбе ұзақ, онысына нанба аса.

Көңіл демдеп, қызметке нанбағын,  
Бек жаңылса, салар сұсын, салмағын!»

Кішік, ұлық, мәшһүр иә батыр ма,  
Қызметші дәйім қызметші сапында...

Тырыс, бекке қызметте сүрінбе,  
Іс жолынан тайып, азып, бүгілме!

Бектер қанша жақын тұтсын, құнықпа,  
Түзу жүргін, өзінді әсте ұмытпа!

4095 Секем алғын, қанша жақсы қарасын,  
Сенбе, ойлап тұр беретұғын жазасын.

Бірде от боп, бірде су боп — бүлдірер,  
Бірде егілтіп, бірде сені күлдірер.

Үш нәрсеге қоңсы қонба, жақындап,  
Бек көзі һәм от, су тұрған лақылдап.

Гүр арыстан сияқты бұл бектерің,  
Нақ жібектей еркелетіп — ептедің.

Ерегессен, буырқанар — бас алар,  
Тамыр тесер, қаныңды ішіп — қасарар!

4100 Ашу қысқан бекке жақын бармағын,  
Бардың екен — бір пәлеге қалғаның.

Сұраса — айт, шақырғанда — кір барып,  
Сау-сәламанат, қадірлесіп, тұр бағып.

Сөз көп. Білсең — таза естімей, қоя сал,  
Көзің көрсе — көрмегенге сая сал.

Не дейді екен, аңда, өзін тұтқан ер,  
Тілектерін, кіріп, айтып шыққан ер:

- «Кіргін!» десе, қадірінің болғаны,  
«Шыққын!» десе, бетің қайтып, сорладың.
- 4105 Ұстамды боп һәм көзіңе қарағын,  
Ұстамды — әзіз, ғаламда алар аларын!..»
- Үш нәрседен алыс жүр, сақ, байқағын,  
Бірі — қатты, қырсық болма, айтарым.
- Бірі — жалған, сұғанақтық — үшінші,  
Үшеуінің түбі қорлық, түсінші!
- Кісі сөгіп, ұсақ сөзге берілме,  
Тура сөйле, сөзді терме, тегінде!
- Адал болғын, біл, адалдық — киелі,  
Бектер — адал, адалдықты сүйеді!
- 4110 Сарайға енсең, байқа, түсін, біл сезіп:  
Қадірле сен, қадірлесе кім сені!
- Кергіп, қолды ( қалтаңа) сап кірмегін,  
Қол алысып, һәм тұтысып жүрмегін.
- (Кірсең, ойлап, әдебіңмен келіп кір,\*  
Тұрма тағы. Сәлемін ал Еліктің.)
- Отырғанда өз орныңды білгейсің,  
Кішік болып, жұртты көзге ілгейсің.
- Жөткірінбе, қақырынып, түкірме —  
Надандық бұл. Қадірінді түсірме.
- Бағдаш\* құрма, жата кетпе жантайып,  
Қауқылдап көп, қарқылдама шалқайып.
- 4115 Тырнақ алма, мінгестірме аяқты,  
Құтың қашар, наданды кім аяпты.
- Өзіңнен де зорлар сөзін қозғаса,  
Құлағың сал, сөйлеп әуре болма аса.
- Түзу сөйле, жүзің жарқын болады,  
Ізгілікке ашылсын сөз орамы.
- (Тура сөйле, жүзің нұрға бөленер,  
Тілдеспе құр, болмаса ешкім теңелер...)

- Ұста өзінді, ішіп кірме сарайға,  
Мастық — настық. Қор боласың қалайда.
- Үш нәрсе бар. Сақтанбаса солардан —  
Басын берер. Үшеуі үшін солар жан:
- 4120 Біріншісі, бектер сөзін бек ұстау,  
Тән-жаныңды сақтағандай бұлжытпау.
- Екіншіден, елге жайып салмаса,  
Топалаң күн туса да естен танбаса.
- Үшіншіден, сарайда да түзу жүр,  
Жарамсыздан көзді алыс үзіп жүр.
- Кісі үшеудің бірін тыйса, есіл ер,  
Қаншама ұлық болса да, бас кесілер.
- Ай, ақ пейіл, жүре берме өңмендеп,  
Уақсыз уақта көзге түспе көлбеңдеп.
- 4125 Егер өзін төрде отырсаң жайланып,  
Кісі кірсе, тұр ізетке сайланып.
- Қашан бектер сауал берсе, ер жігіт,  
Сөзді ұзартпа, жауабын бер келтіріп.
- Сұрай қалса — білгеніңді айт, жасырма,  
Сөзін кессе — қой, сөзіңді асырма.
- Шақырса, егер бектер сыйлап тамаққа,  
Әдеппенен іш-же, жерге қаратпа.
- Оң қолмен ал қойған асты алдыға,  
Әуелі Алла аты түссін аузыға...
- 4130 Қол созба асқа тұрған кісі алдында,  
Ал, ай, зерек, қойған асты алдыға.
- Пышақ алма, сүйек қажап кемірме,  
Тамсанба асқа, үндеме елге тегінде.
- Әйелдердей түсіп кетпе қызығып,  
Әйелдердей қалма ашығып, сызылып.
- Тоқ болсаң да, бектің асын қайтарма,  
Бектің асы — ізет басы, найқалма!

- Не істесең де, пейілінді қасыңа ал,  
Жаныңды сал, сонда көзің ашылар,
- 4135 Білікті ер жақсы айтыпты саралап,  
Тұт бұл сөзді саф алтынға бағалап:
- «Егер, бектік тисе, өсіп беделің,  
Білікпенен ісінді атқар, ей, ерім!
- (Егер, сөздің еркі тисе, батырым,  
Салауатты бол; билесін ақылың\*.)
- Егер асқан йабғы\* болсаң теңдессіз,  
Опалы бол: күштен есе бермессіз.
- Егер әскер басы болсаң, ерулі,  
Ай, мәрт ерім, сақ бол, нық бол, сенімді!
- Тисе үй-жай, мүлік пен мал жайлаған,  
Қолыңды ашып, малыңды іске пайдалан.
- (Тисе саған бір топ әскер, басшылық,  
Қылыш алып, мал таратып, ал шығын\*.)
- 4140 Уәзірлік тисе, қолың ұзарып,  
Саясатты түзу, таза жүр алып.
- Кеңесшілік тисе, кеңес ақыл тос,  
Жаңылса бек, жол көрсетіп, ақыл қос.
- «Көк айықлық»\* тисе, тұрғай сенімде,  
Құт белдеуі жүрер бекем белінде.
- Әскер басы әрі ел басы... білерсіз —  
Көз-құлақты бағып, тура жүрерсіз.
- Хажыб болсаң, пара ап күнә қылмағын,  
Кемтар, жетім, тұлдың сөзін тыңдағын.
- 4145 Қазынаға қазынашы қылып жіберсе,  
Тура, шыншыл жүріп, оны үнемде.
- Хатшылыққы алса, сақ бол бұдан да,  
Құпия, сырды сақтап, сөзді шығарма!»
- Қызметтер, міне, осылар секілді,  
Бұдан басқа түрлері бар не түрлі.

- Тағы қанша жетіп жатыр ісшілер,  
Төсекші, аспаз және аңшы, құсшылар.
- Жырақ тұрсаң бұл істерден, еңбектен,  
Рахат көрмей, көз ашылмас бейнеттен.
- 4150 Тілесен сен дәйім құрмет өзіңе,  
Құрметте елді, қара кісі көңіліне.
- Ұлықтарды — ұлы көріп, қадірле,  
Ұлы берер бақыт, ырыс, бәрін де.
- Не депті қарт, көпті көрген басы бар,  
Қария сөзін естісең — көз ашылар:
- «Жаһан заңы — құрмет тұту үлкенге,  
Үлкен келсе — тік тұрып күт, іркілме!
- Ұлыға кішік құрметі бек жарасар,  
Кішіге ұлық құрметтесіп, санасар!»

\* \* \*

- 4155 Сөзін үзіп, Өгдүлміш былай деді:  
«Бек қызметінің сипаты бұлай еді:
- Айттым түгел, естідің сен, түсіндің,  
Қандайлығын бекке қызмет — ісіңнің.
- Бекке жасар қызметің осылар,  
Қызмет етсе — құт қақпасы ашылар.
- Білген дұрыс қай қызмет тиімді,  
Егер білсең, кіріс, бекті сүйіндір!»
- Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**
- Жауап беріп айтты Одғұрмыш: — Сөзінді,  
Естідім мен, түсіндірдің, ей, ізгі!
- 4160 Сенен сұрар тағы бар бір сауалым,  
Оның маған бергей дұрыс жауабын.
- Кентке ханға қызметші боп кіргенде,  
Баруым шарт есігіне мен күнде.
- Білу керек, қарекетін-мінезін,  
Тірлігі де өзге олардың білесің.

Қатынасу керек шексіз, ерлермен,  
Жандай болып терезесі тең келген.

Бүгін соның бәрін маған баянда,  
Мен ұғайын қосылу жолын қалайда!

#### 48. ӨГДҮЛМІШ САРАЙДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАЛАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ

4165 Айтты Өгдүлміш жауап беріп: — Барлығы,  
Керек саған, айтайын, сен ал біліп.

Енді мұны берейін мен үйретіп,  
Қалай жүру керек ойға түй жетік.

Тірлікте елмен тәтті болсаң, ұтарсың,  
Бірін — туыс, бірін — жолдас тұтарсың.

Сарайдағы жұртпен түгел жарасқын,  
Барыс-келіс, қатыс әмсе жанасқын.

Оларменен шығыспасаң жарасып,  
Ай, ізгі ер, оңбас тірлік таласып.

4170 Не дейді, есті, қызметкер кісіні,  
Әділ билеп, жөнін білген ісінің:

«Жақын болғың келсе өзің бекпенен,  
Сарайдағы елмен қатыс шеттеме.

Десең өзің ұлықтыққа жетемін,  
Қызметшіңмен тіл табысып, жете біл.

Бектер сені жақын тұтса қаншалық,  
Қызметшілермен жақындау бол соншалық!»

Сарайдағы ел үш топ болып жіктелер,  
Күллі тірлік соларменен істелер.

4175 Бірі олардың — ұлық сенен жоғары,  
Ұлыққа қызмет етсең, құтың толады.

Ұлықты ұлық тұтып, сөзін қабыл ал,  
Сені де ізгі тұтып, жүзің жадырар.

Жақсы айтыпты бек білікті, алғыр да,  
Бектер сөзін текке шетте қалдырма;

«Кішіге — ұлықтық ұлықтардан болады,  
Ұлыққа қызмет етсең, құт та қонады.

Ұлық сөзін тындыр, жүгір, жұмыс қыл,  
Сөйтсең келер бәрі тілек, ырыстың!»

4180 Құт ұлықта, құтты болғың келсе егер,  
Қызмет қыл, құт ісіңмен өлшенер.

Тағы бір топ өзіңнің тең-тұстасың;  
Сырттасаң — жау, тартсаң — досың, қысқасы...

Бұлар сенің қатар, құрбың, ұштасар:  
Жауапқа тең жауап беріп, ұстасаң...

Үшінші топ, сенен соңғы кішілер,  
Сүйінсең де, күйінсең де түсінер.

Басындырма, кішілерді қатты тұт,  
Әзілдеспе жөн-жосықсыз сөзді құрт.

4185 Қызмет қылса — нәрсе бер де, аяла,  
Бос жіберме, кінәлі ме — аяма.

(Жазықтыны — ұр, қызмет қылса — малың бер,  
Бос жіберме, ісін білгін, қамын жеп!)

Жолдас-жора, ағайынмен аралас,  
Көп болса дос, мақтар, қырсық жоламас.

Білмей жатып ерді өзіңе жау қылма,  
Шаттық болмас жауы бардың алдында.

Дұшпаның аз болса да бар залалы,  
Дұшпан әркез дұшпан болып қалады,

(Зияны мол, дұшпанмен сәл егестің,  
Дұшпаныңнан пайда тиер демес тіл!)

Не дейді ұққын ердің сөзін жиналған,  
Дұшпанынан зиян шегіп, қиналған:

4190 «Бір дұшпаның болса, оның мың зияны,  
Мың досың да аз, біреудей-ақ сияғы.

Кісі жаудан әсте пайда таппайды,  
Пайда көрсе, өз ниеті ақтайды.

Истесе не, саған сенген достарың,  
Сен де сонша қайтар, досты қоштағын.

Құрбы-досты туыскандай елегін,  
Тең-тұстасың қатарың һәм сенерің.

Ес көрме, аулақ тұр ессіздің маңынан,  
Ессіз доспен адам жолдан жаңылар.

4195 Қалам десең сақтап ізгі атыңды,  
Жаманнан без, бол жинақы, қатулы.

Күллі жәндік, көрдім, білер үйірді,  
Кісі, жылқы, құрт та, құс та үйірлі.

Не дейді екен, тыңда елдің басшысы,  
Жақсы-жаман, бәрін көрген бастысы:

«Сығыршұқты\* ұшқан қақтың\* ішінде,  
Көрдім: қара — екеуінің түсі де!

(Қараторғай көрдім ұшқан жарасып,  
Жұбы екеуі бірдей қара, қарасам! )

Байқа аққуға жанаспайды қарға-ұзақ,  
Қарақұс пен аққу жүрер кіл жырақ!...»

4200 Құс екеш құс білгенде үйір, тобырын,  
Кісі, сен де кісінді ізде, жолығып...

Екі түрлі бұл достықтың себебі,  
Сол үшін жұрт табысады, сенеді.

Бір достық бар тәңірді алған араға,  
Болмайды онда қалтарыс та, нала да.

Тағы бірі тек пайда үшін достасар,  
Мұнда адамдық болмас, түбі қоштасар.

Достассандар тәңірді алып ортаға,  
Жүгін бөліс, ашуланба, шаршама.

4205 Бұл дүниеде тілеме одан еш пайда,  
Анда, тәңір берер, кетпес ешқайда.

Егер пайда үшін дос боп табысса:  
Қатынаспа, түйінін шеш, қатысса.

Не дейді анда кісі сөзін досты ұққан,  
Жаман-жақсы сырын білген достықтың:

«Сына досты жамандықта, пайдада,  
Бұл жерде аяқ тірегін сен қайда да!

(Сына досты жақсылықта, жаманда,  
Сына да біл, біл де тіре табанды.)

Дос тілегін білгің келсе, өзің де,  
Сөйле ашумен, суыт түйіп жүзіңді.

4210 Білгің келсе сені сүйер, сүймесін,  
Сұра қимас, өзі сүйген дүниесін.

Осы екеуін ұкса, түймей қабағын,  
Ондай жанды жан жолдас деп санағын!»

Өсекшіге араласпа жақындап,  
Өсекшінің өртер тілі лапылдап.

Әлем содан бүлінер һәм ашынар,  
Мәртебелім, ғайбатшының басын ал!

Дүниеқоңыз, пайдакөске жолама,  
Шүбәсіз, ол — жауың, жау дос бола ма?

4215 Дүниеқоңыз шетін көрсе пайданың,  
Сенен кетпес «шеше», «әке» деп, айналып.

Тілегенін бермесе егер, сұрланып,  
Көрмегендей бойын тартар тұлданып.

Ақжүректі туыс, жолдас, бауыр тұт,  
Сен соларға — болмас қайғы, ауырлық.

Дос, туыс сол қуанышта қуанар,  
Қайғы келсе, қасында боп уатар.

Сүйсін десең, көп достарың өзінді,  
Тұз-нан ұсын, жарқын ұста жүзіңді.

4220 Бұл қос құлық кісі есінде сақталар,  
Жаман, жақсы күндерде ісін атқарар.

Айтыпты ер келтіріп бір бабына,  
Ай, ақжүрек, түй бұл сөзді жадына:

«Тұз, нан сыйла кісілерге көңілмен,  
Ашық жүзбен, қоштап шырын сөзіңмен.

Бұл қос қылық құл қылады адамды,  
Басқа амал жоқ, сен таппасаң амалды!»

Екі түрлі болар жау да айырғын,  
Жауы болса, тұзағы ердің дайын тұр.

4225 Бірі — діншіл діні бөтен дұшпандар,  
Бұл кәпірлер, жаулық жолын ұстанған.

Тағы бірі — пайда көздеп туады,  
Бұл жолды адам өштікпенен қуады.

Кәпір — дұшпан, күрес, жұмса барынды,  
Пида қыл да, сал додаға жаныңды.

Пайда-зиян үшін туса дұшпандық,  
Бер пайдасын, жарастықты ұстанғын.

Пайда көрсе, жау да жақын тартады,  
Дұшпандығы тарап, пайдасы артады.

4230 Жарасып бақ, жауларыңмен жақындас,  
Саламат боп жүрер аман асыл бас.

Жаулықтан жоқ пайда, есте жаттағын,  
Пайдасы жоқ іске қолды артпағын.

Ісінді атқар, көбейтпе жау-қасыңды,  
Жаулық қуып дауға салма басыңды.

Дос тұт кісі жақсысы мен сарасын,  
Жауыз достың бір тартасың наласын.

Жақындыққа жақсы кісі іздесең,  
Екі түрлі, тыңда егер, білмесең.

4235 Бірі — асыл, ізгі, кісі сарасы,  
Достас, келсе ондай адам баласы.

Тағы бірі — сақи, білген тәңірді,  
Кісілікті берер кісі кәдімгі.

Жақындықпен екеуін де сүйегін,  
Бұлардың тек жақсылығы тиеді.

Атышулы жамандарға қарама,  
Олардың іс, қылығы тек қара дақ.

Ай, әсілі ақ, жақындаспа қараға,  
Аққа қара тез жұғады, шамала!

4240 Білімді адам ізгі білім беріпті,  
Білікті ұқса, ғұмырына серік-ті:

«Ай, жақсы ер, қосылма сен жаманға,  
Айналарсың құлқы жаман адамға.

Жақындаспа жауыздарға, ей, сара,  
Атың кірлеп, дақ қалдырар, бейшара...

Жақын жүрме пенделерге жарамсыз,  
Жағадан ап жетер саған, нанарсыз!

Талай көрдім ізгі, атақты жандарды,  
Жамандармен жаманатқа қалғанды.

4245 Жақсы көрдім, ессіз досқа қайырылып,  
Кесір тапқан күш-жігерден айырылып!»

Бектер тұрар үйдің атын «Қаршы»\* дер,  
«Қаршыдағы» тұратындар қарсылар...

Сарайда әркез өкпе-реніш жетеді,  
Белгілі оның ұрыс-талас екені.

Сенен үлкен ұлық сені қорлайды,  
Отқа салып, оттан алып зорлайды.

Тең-тұсың да көре алмайды, күндейді,  
Күндерінді қараң қылып, жүндейді.

4250 Қызғанысып кішілер де іргелес,  
Күндестікпен жақсылығың тілемес.

Осындайдан қаршы-қарсы жік туар,  
Екі қарсы бірін-бірі жеп тынар.

Тырыс, күнім, кісілерді тілдеме,  
Тура жүргін — күндеме де, үндеме!

Бұл күндестік дауасы ұзақ бір кесел,  
Өзін өзі жалмап барып, бір кетер.

Хақ үкімі — күллі жақсы, жамандық,  
Күндестірсе, құтылмассың амал қып!

4255 Қызғаныштан жұрт не пайда табады?  
Қызғаныштың соңы дерт бір алады!

Жақсылық қыл, шамаң келсе, баршаға,  
Шүбәләнба, қайтар қарым қаншама.

Кімге шаттық келсе, бірге қуан сен,  
Кімге қайғы төнсе бірге жұбан сен.

Атың ізгі болып, жұртың сүйінер,  
Қатыспаққа шашылар да, жүгірер.

Жау көбейтпе. Аш қабақты, уысты,  
Көбейт, жина қаншама дос, туысты.

4260 Егер, жауың торын құра бастаса,  
Тұзағыңды сайла да, күт, саспа аса!

Не дегенін тыңда ердің жау қуған,  
Жеңіп, құртып жауды есінен тандырған:

«Осал болма, жақындама шалдырып,  
Жер жастандыр, өзін ғафыл қалдырып.

Сен сынама, ұлы деп біл дұшпаным,  
Таяқтыға темір қалқан ұстағын!»

(Ұлы деп кіл ойла жауың жайында,  
Таяқтыға темір қалқан дайында!)

Жүгін көтер, дос көңілін қалдырма,  
Бұл сөзімді ұмытпа, ұста алдыңда.

4265 Дос жау болса, қас қылады жаныңа,  
Көзін тігер жиған, терген малыңа.

Іш-тысыңды досың жетік біледі,  
Оны білген дүниенді іледі.

Нәрсене қол тигізеді, тілесе,  
Жаныңа иелік жүргізеді, тілесе!

Өзіңді өзің қаншалықты күзетсең,  
Досыңды да соншама сақ күзет сен!

Сақтау қиын, дос таппағың оңай-дүр,  
Жараспақ — күш, жау болмағың оңай-дүр.

4270 Жауың болса, жаныңды бақ дауынан,  
Адамдар аз, аман қалған жауынан.

Жолама ерге екі түрлі, қатыспа,  
Қатыстың ба, бастар шатақ-шатысқа.

Бірі — өсекші, шағымшы әрі құңкілшіл,  
Бірі — күндес, екіжүзді күдікшіл.

Және ішкішті жолдас етпе, мәй құмар,  
Опа қылмас, көңіліңді қалдырар.

Көңіл берме, досқа пайда көздеген,  
Пайдаң жоқ па, дұшпаның боп өзгерер.

4275 Ұзақ дос боп жүрем десең, шыда да,  
Райын бақ, сұрарыңды сұрама.

Сүйінішпен десең тірлік етемін,  
Қастық қылма, дос қадірін жете біл.

Құл қылайын десең, түгел жатыңды,  
Сақалдан ал, төк те сара алтынды.

Жақыныңды жат қылуды ойласаң —  
Сұрағанын бермей, сөйлей қоймасаң...

Ұзақ тірлік тілесең сен, егер де,  
Сақи бол да, нан-тұзды мол бер елге.

4280 Тілесең сен болуды елге сүйікті —  
Тәтті сөйлеп, көңіл-тілді біріктірі.

Десең өзің қадір-құрмет табайын,  
Кісілерді қадірлей біл, ағайын.

Болам десең, белгілі әрі кемел бай,  
Қанағат қыл, сенен аспас нелер бай.

Мақтан тұтсын жұртым десең өзіңді,  
Қылығыңды — өз, жарық ұста жүзіңді.

Міне, осындай кісі асылы, белдісі,  
Кісілерге кісілік — кісіліктің белгісі!



4285 Білгің келсе, кісі әсілін, құлығын,  
Сөзін тыңдап, көргін байқап қылығын.

Бұл бәйітті жақсы айтыпты иесі,  
Сөзін зерлеп мағынамен тиесі:

«Білгің келсе, кісі әсілін анықтап,  
Көңіл, қылық, тіл — бұл істі танытпақ.

Ізгі қылық, дұрыс көңіл, түзу тіл,  
Түп-тегіңе бұлар куә тізілген!»

О, асыл ер, қатынаспа аярға,  
Беттің арын кетер төгіп, аяр ма!

4290 Заң адамы не дегенін естігін,  
Надан ертпей тұтқан ақыл, ес, білім:

«Әдепсізге қосылма сен, тыныш бол,  
Түбі жанжал — әдепсізден, ұғын, ұл!

Ызақормен жақын болма, асылы,  
Достық хақын бұзар, қисса ашуы!»

Көңіл сырын аша берме тектен-тек,  
Ашсаң егер, шегерсің сен тек бейнет...

Үнемі үстем жақындықты ойласаң,  
Ашкөзденбей, тіршілікке бойласаң!

4295 Шырайлы өң, шаттықты әмісе қаласаң,  
Турашыл боп, құзырға адал қарасаң.

Сөзге, өзіңе ұзақ ғұмыр тілесең,  
Қолды қысқа тұтсаң аман жүресің.

Сен тілесең абыройлы ғұмырды,  
Тіліңнен кұр шығарма сөз жырынды.

Қайда дәулет бас көтерсе, ей, ізгі ер,  
Болысқын сен, қолдап оны пейілмен.

Өшікпей сен, бұл дәулетпен жарассаң,  
Зәһар қылар асыңды ол, талассаң.

4300 Тілесең сен сөздің өткір, ашығын,  
Сұрағанда, турасын айт, асылын.

Шақпа жұртты, сөз болмасын ермегің,  
Кек сақтама, ұсақ сөзді термегің.

Сөз борандап, қарыр, көңіл қалдырар,  
Көңілі қалған кекпен есің тандырар.

Тілді қысқарт өз бегіңе келгенде,  
Қисық-қыңыр айтпа, жауап бергенде.

Ұлығыңды қадірле де, құрмет тұт,  
Ұлықтық та келер саған қонып құт.

4305 Тең-тұсыңмен өзің келіп-барысқын,  
Қатыс, қосыл, берісіп һәм алысқын.

Қадірлесе, қадірле шын, барыс, біл,  
Ол жиренсе, сен де жирен, алыс жүр!

Ол не қылса, солай қайтар қылығын,  
Шырын сөзге қосқын тілдің шырынын.

Күллі ізгіге арна ізгілік жолыңды,  
Жамандыққа — жамандық қыл, орынды.

Жақсы айтты заң-жобаны білген ер,  
Заң-низаммен елді түзеп берген ер:

4310 «Сіз» дегенге өзің-дағы «Сіз» дерсің,  
Мүмкін, бұдан жақсы жауап іздерсің.

Жаңғырыққан қия-құздан кем бе едің,  
«Сен!» — десе, оған қайтарып сен: «Сен!» — дегін!»

\* \* \*

Сұхбат-сырдың шарттары бұл, адалы,  
Қатынаспақ болсаң, дауа-амалы.

Айттым түгел тиген сөзді құлаққа,  
Көңілге түй, жауабыңды ұзатпа.

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы**

Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Тыңдадым,  
Сөздеріңді көңілі түзу, тұлғалым!

4315 Бұдан басқа тағы да бір бар сөзім,  
Жүзі нұрлым, оны-дағы айт өзің.

Бұл күн қала, елдің ішін аралап,  
Қатысуым керек жұртпен жағалап.

Қалай жүріп-тұру керек олармен,  
Айтып берсең ақыл-кеңес болар тең.

### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

Жауап беріп айтты Өгдүлміш: — Шынында,  
Құлқы түзу, қажетті сөз мұның да.

Қажет болар сөзді менен сұрадың,  
Мен айтайын, түрік болсын құлағың.

## 49. ӨГДҮЛМІШ ОДҒҰРМЫШҚА ҚАРА ХАЛЫҚПЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫНАСУ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ

4320 Жай халықтың ісі, өңі, құлқы да,  
Сай келеді білік, ақыл, құлқына.

Қара халық әдеп, жөнін білмейді,  
Қатынасса, заң-жосықпен жүрмейді.

Тағы оларсыз іс бітпейді емес пе?!  
Жылы сөйлес, жақындасып теңеспе.

Қара құлқы болар түгел қап-қара,  
Өзің қара жағып алма, сақ қара.

Пейілі хошсыз, әрекеті кем келер,  
Іс-қылығы құлығына тең келер.

4325 Жеуді білер, болса — риза — қарны ток,  
Бір құлқыннан басқа оларда қайғы жоқ.

Не дейді, есті, қара құлқын білген ер,  
Кісі парқын сынап, сөйлеп жүрген ер:

«Қара халық қайғысы бір тамағы,  
Құлқын үшін бәрі жанын салады.

Құлқын үшін өліп қанша халықтар,  
Жер астында, от ішінде жаныпты!»

Қара қарны тойса, тілі басырар,  
Тежемесең бектік сұрар, бақ сұрар.

4330 Олармен де араласқын, қандасым,  
Ішіп-жемін беріп, тілдес жалғасып.

Жылы сөйле, қалағанын бергейсің,  
Берген алар, пайдасы бар, көргейсің.

Көп сөйлеме, тілді бағып, аралас,  
Көп сөйлеген сөзде қадір қалар аз.

Не дейді, есті өзін тілден тыйған жан,  
Өзін ұстап, білім нәрін жиған жан:

«Күллі сөзді сөз деп тілден шығарма,  
Көніп, сақтап керегін айт ұғарға.

4335 Ақылдыны көрдім өзі аз сөйлеп,  
Өкінгені, сөзім айдын көп қой деп...»

## 50. ӘУЛИЕЛЕРМЕН ҚАТЫНАСУ ЖАЙЫ АЙТЫЛАДЫ

Құлдан бөлек, бек кісіден ерекше,  
Адамдар бар, араласар керексе.

Бірі олардың — пайғамбардың әулеті,  
Қадірлесең қонар құт пен дәулеті.

Сүй оларды көңіліңмен, жаныңмен,  
Нәрсе сыйлап, жақсылық қыл барыңмен.

Туысы бұлар пайғамбардың етжақын,  
Пайғамбарлық қақы үшін сүй, ей, жаным!

4340 Сұрастырма еш қарекет, сырларын,  
Айтқан сөзін еш қайтармай тыңдағын.

## 51. БІЛГІР, ҒАЛЫМ АДАМДАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫНАСУ КЕРЕКТІГІ АЙТЫЛАДЫ

Тағы бір топ ғалымдар мен даналар,  
Ілім беріп, халық жолын саралар.

Қатты сүйіп, қадірле сөз, түйгенін,  
Көп пе, аз ба білімдерін үйренгін.

Солар жарар-жарамасты парықтар,  
Тура, таза жолды ұстанып, анықтар.

Олардан сен ілім үйрен, білім біл,  
Жақсылықты жаса, тартып тіліңді.

4345 Хақиһат, дін зердеге сап жаттары,  
Білімдері — шын шарифат шарттары...

Ғылым, дана болмағанда жаһанда,  
Жерде игілік\* өнбес еді қашанда.

Шырақ болды елге олардың ілімі,  
Адастырмас — жанса түннің түнегі.

Шырын сөзбен үлесіп тұр мүлкіңнен,  
Қызмет жасап, дәм бер жылы күлкіңмен.

Именіп\* тұр, тілмен текке есілме,  
Ғайбат сөзді удай сақтар есінде.

4350 Тіліңді тый, тұз-дәмді келтіргін,  
Қадір тұтып, сыйла оларды, желпіндір.

(Тұз-дәм татыр, сөзден қуырдақ қуырма,  
Қадірле де, көтер сыйлы тұғырға.)

Істе айтқанын, білімін ұқ, жатта да,  
Қылық-құлқын жамандама, даттама.

Ілімі ғой олардағы керегің,  
Айтып берсе тура жолдың дерегің.

Олар — серке, қой ішінде бастаған,  
Бастаса, қой тұзу жолдан қашпаған.

Бұларменен араласып, сыйлас бол,  
Екі дүниеде құт дарытар, қимас бол!

## 52. ОТАШЫЛАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫНАСУ КЕРЕКТІГІ АЙТЫЛАДЫ

4355 Бұдан басқа талай топтар тағы бар,  
Білімі де, білігі де алуан.

Соның бірі — оташылар, ғажабы —  
Күллі дерт пен кеселінді жазады.

Ең керекті кісілерің, оларсыз,  
Тірлік ісі оңалмайды — соларсыз...

Тірі жанды кесел мен дерт буады,  
Оташылар емдеп шипа қылады.

Кесел — кісі өлімінің дос-жары,  
Өлім — кісі тірлігінің қас-жауы!

4360 Бұларды да жақсы көріп, жақын жүр,  
Керек жандар, құқын сақтап, хақын біл!

## 53. ҚҰШНАШТАРМЕН (БАҚСЫ, БАЛҒЕР) ҚАЛАЙ ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Бұлардан соң афсыншылар\* меселді,  
Емдер келген жын-періден кеселді.

Олармен де қатысқан жөн жақсылап,  
Пері-жынның кеселіне қарсылап.

Тисін десен, егер саған көмегі,  
Ай, мәрт бағыр, жақсы қарап, демегін.

Бақсы сөзін оташы елең қылмайды,  
Оташыға бақсы жүзін бұрмайды.

4365 Ол айтады: Дерт дәрімен айығар,  
Бұл айтады: жазба\* жыннан айырар.

## 54. ТҮС ЖОРУШЫЛАРМЕН ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Тағы бірі — түс ілімі деседі,  
Түс жорушы жақсыға жол кеседі.

Кісі ұйықтаса, түрлі түстер көреді,  
Жори білсе, айтқаны анық келеді:

Түс жорушы жақсылықты мегзесе,  
Көңілің өсер, сол жақсылық кез келсе.

Егер, түсің болса жайсыз һәм жаман,  
Садақа бер, ең дұрысы сақтанған.

4370 Түс ілімі — хақ мейірі шынында:  
Жақсылық қып, аян берер құлына.

Түсі жақсы болса, көріп сүйінсе,  
Жаман болса, бір Аллаға сиынса.

Пақырларға тауар, күміс таратса,  
Пәле бетін қайырар хақ, жаратса.

Жақсы жоры, түс — жорудан, сенгейсің,  
Түс көруші, түсті әйбәт көргейсің!

Ондай түсті жақсылыққа балайтын,  
Ақылдылар бар, жақсылық қалайтын.

4375 Туысқаным, бұларды ізгі санасаң,  
Қаласаң — дос, туысқан қыл қаласаң!

### 55. ЖҰЛДЫЗШЫЛАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫНАСУ ТУРАЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Мұнан басқа жұлдызшылар бар енді,  
Бақсаң, бұл жол — өте нәзік, дәлелді.

Жыл, ай, күннің саны болар бұларда,  
Бұл қисаптың керегі көп ұғарға.

Білгің келсе, хандасаны\* жатқа алшы,  
Сонда ашылар есеп-қисап қақпасы.

Көбейту, бөлу, бөлшектерді\* білгейсің,  
Кемел біліп, емтиханды\* бергейсің.

4380 Тазифті\* де, тәнсифті\* де талдарсың,  
Егер білсең, жұлдыз тауып, барларсың

Қосу — алу, місәхатты\* игергін,  
Жеті қат көкті жіпке тізіп үйренгін.

Тілесей сен мұқабәлды\* қарасаң,  
Ұқлидистің\* қақпасын қақ, қаласаң!

Бұл дүние, ақырет ісі қандай-ды,  
Дана адамдар қисаппенен барлайды.

Ай, ізгі жан, егер қисап бұзылса,  
Ақырет, жалған ісі қирар, ұғынсаң.

4385 Атқармақшы болсаң істің сен бірін,  
Сұрау керек сәтті-сәтсіз мерзімін.

Күн мен Айдың бар құтсызы, құттысы,  
Ай, ақпейіл, таңда құтты — мықтысын.

Жақсы айтыпты қария ойлы, білімді:  
«Білімдіден біліп алғын ісінді».

Адам ісін бастаса егер біліммен,  
Мақсатына жетер тілеп — жүгінген.

Қай ісін де білімменен гүлдейді,  
Білім кейін қалса, қолың жүрмейді.

4390 Тез иланба, олардан сөз сұрарда,  
Білетін тек тәңір, естен шығарма.

Жарасқын да, жақсы қара бұларға,  
Ділінді бақ, салма тілді бұлаңға!

### 56. АҚЫНДАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫНАСУ ЖӨНІНДЕ АЙТЫЛАДЫ

Шайырлар бар сөзден кесте төгуші,  
Кісілерді мақтап, даптап-сөгуші.

Қылыштан да өткір, ащы тілдері,  
Қылдан нәзік ойларының іздері.

Ұққың келсе жырдың нәзік сөздерін,  
Естіген әр сөздің тінін көздегін.

4395 Ақын жанның теңізіне енеді —  
Бейне інжу, гәуһар, жақұт тереді.

Мадақтаса — мақтауы елге жетеді,  
Егер сөксе — маскара, қор етеді!

Жақсылықпен араласып жүр, досым,  
Шоқ тіліне ілінбе (өртер), біл, досым!

Мақтау күтсең — көңілін тап, сүйінсін,  
Сүйінштен тілімен бал үйірсін.

Не қаласа, бергей түгел, аяма,  
Ая өзіңді от тілінен аяла!

### 57. ДИҚАНДАРМЕН (ТАРЫШЫЛАРМЕН) ҚАЛАЙ ҚАТЫСУ ЖАЙЛЫ АЙТЫЛАДЫ

4400 Тағы бір топ — диқандардың әулеті,  
Ең керекті жұрт ол биік дәулеті.

Қатынасып, ыңғайыңды бергейсің,  
Ас-тағамнан еш кемшілік көрмейсің.

Одан жанның бәрі пайда табады,  
Ішпек-жемек күллі дәмін алады.

Аш па, тоқ па, тірі жанның барлығы,  
Тірісінде мұқтаж оның алдында.

Еш шүбә жоқ, бұл кісілер қажетті,  
Солар билер тамақты да, тәбетті.

4405 Бұларменен қатыс, көңілің толады,  
Құлқының таза, асың адал болады.

Не дейді, аңда сақилықты басқарған,  
Түрлі еңбекті ықтиятпен атқарған:

«Нәзік, түзу жолды ұстанам десеніз,  
Ай, ақжүрек, ділге пәктік берсеңіз.

Сақилықты ұстансаң без харамнан,  
Киім, асың болсын дәйім адалдан.

Кедей болмай, байлық жолын қусаңыз,  
Тырысып көп, зиналықты тисаңыз.

4410 Құрмет, қадір болсын десең өзінде,  
Зинадан без көңілде де, өмірде.»

Зиналықтан түп-тамырың кесілер,  
Зинақорлық жақсы ізінді өшірер.

Өшкен өртті зинақорлық қоздатар,  
Қонған құтты ұшырар да боздатар.

Жақсы айтқан, сұлу қылық серісі,  
Білімімен іс тындырған ер кісі:

«Құмарлыққа жақын жүрме, ерме сен,  
Фәсад \* қайда — сонда қорлық кездесер!

4415 Зинақормен дәулет тұрмас, малданба,  
Бір түнерлік қонағың ол, таңданба!»

Дикандардың жомарттықтан қолы ашық,  
Бергенге Алла көңілі кең, жолы ашық.

Жердегі бар жорғалаушы, жүруші,  
Аяқтысы — ас, қанатты дән теруші.

Бұларменен араласып өтерсің,  
Жылы сөйлеп, жүзіңді ашық етерсің.

## 58. САТУШЫЛАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫСУ АЙТЫЛАДЫ

Мұнан басқа сатушылар болады,  
Сатып — алып, тынбай пайда табады.

4420 Тірлік іздеп бар жаһанды шарлайды,  
Ақыл, көңілін бір Аллаға арнайды.

Оларменен қатыс келіс-барысып,  
Не сұраса, бергей беріп-алысып.

Бар оларда күллі әлемнің аңсары,  
Таңдаулы, асыл, сара — көркі баршаның.

Туар\* беттен — батар\* бетке кезеді,  
Тауып сенің тілегінді келеді.

Дүниенің таңсық, қымбат нәрсесі,  
Бар оларда, ай, ер, биік еңсесі!

4425 Кезбесе олар жаһанды, ұлы — кішікті,  
Киер ме едің қара сусар ішікті?!

Қытай керуені жүрмегенде жосылған,  
Қайдан келер еді мың-мың асылдар.

Кезбесе олар күллі жаһан іздерін,  
Көрер ме едің інжу-маржан тізбегін?

Санай берсе, таусылмасы білінді,  
Сөзді созбай, шиырайын тілімді.

Саудагердің бәрі осындай. Қақпанды,  
Ашық ұстап, қатынасып аш жанды.

4430 Жүр олармен ізгілікпен жарасып,  
Жақсы атың жырақтарға тарасын.

Солар жаяр дүниеге атыңды,  
Жаман-жақсы болсын, танып затыңды.

Азды-көпті сыйлық қылса саған да,  
Сүйіндіріп қарымта бер табанда.

Сезгіш пайда-зиянды тез бұлар да,  
Аралассаң, мұны есіңнен шығарма.

Не дегенін, тында, дүние кезген ер,  
Бастан кешіп, көп нәрсені көрген ер:

4435 «Жақсы атыңды жайғың келсе жаһанға,  
Мүсәпірді\* жақсы қарсы ал, қашанда.

Тарасын деп тілесен сен атағың,  
Саудагерге жақсы нәсіп жасағын.

Жақсы атыңды шықсын десең, сайлы бол,  
Мүсәпір мен керуенге жайлы бол!

Араласқын саудагермен баптанып,  
Жаса жайнап, жақсы аттанып, шаттанып.

## 59. МАЛШЫЛАРМЕН ҚАЛАЙ ҚАТЫСУ АЙТЫЛАДЫ

Малшылар бар берекелі іс тындырған,  
Күллі жылқы\* алдарында мыңғырған.

4440 Бәрі ақкөңіл, шыншыл, елдің адалы,  
Адамдарға жоқ салмағы, залалы.

Жемек, кимек, мінбек — айғыр, байталдар,  
Жүк таситын жануарлар, шайқалған,

Қымыз, сүт-май, ірімшік, айран, сүзбе, құрт,  
Киіз, сырмақ, перде — құрсаң үйге құт.

Бұл адамдар құтты жандар, пайдалы,  
Бұларды да тұтқын жақсы жайдары.

Қатыс, қосыл, ішкіз-жегіз қолдағын,  
Түзулікпен кешсін тірлік жолдарын.

4445 Керегінді ал, қалауын бер, аяма,  
Көзім көрді, жоқ пайда мен айлаңа.

Жосық, білім, жөн іздеме бұлардан,  
Кең пейілді, қарымы кең қыраннан.

Қосылсаң да жүргін бірақ абайлап,  
Жөн-жосықсыз жасап жүрер тағы айбат.

Жылы сөйлес, дос болуға жүгірме,  
Білімсіз жұрт ұғынбайды түгін де.

Жақсы айтыпты заң шығарып, білген ер,  
Халықпенен араласып жүрген ер:

4450 «Білімсізді жіберме тым жақынға,  
Қылмағанды қылар жүріп қасыңда!»

Дана кісі жақсы айтыпты бұдан да,  
Біліммен кел әр іске қол ұрарда:

«Біліксізден без, өзінді тұтып жүр,  
Өзін тұтқан — құты тасып, ұтып жүр.

Білімсіздің өзі, сөзі дарақы,  
Білімсізден аулақ жүру — шарасы!»

Малшылардың бәрі осындай қарарсын,  
Аралассаң сөзімді еске аларсын.

4455 Баяндадым бәрін саған жасырмай,  
Не істеріңді ойланарсың — осындай...

## 60. ШЕБЕРЛЕРМЕН (ҚОЛӨНЕРШІЛЕРМЕН) ҚАЛАЙ ҚАТЫСУ ЖӨНІ АЙТЫЛАДЫ

Шеберлер бар, қолдарында түрлі өнер,  
Қол өнерін пайдаланып күн көрер.

Бұлар да бір ең қажетті кісілер,  
Жақын жүргін, көп-көп пайда түсірер.

Қырманшылар, етікші һәм темірші,  
Садақшылар, сыршы, зергер, жебеші.

Солар істер бұл дүние ғажабын,  
Таң қалдырар кең жаһанның алабын.

4460 Таусылмайды санын тізсең олардың,  
Аңғар өзін. Мен сөзімді доғардым.

Араласып, түсінісіп жүрерсің,  
Сүйіндіріп — сүйініште сүрерсің.

Ісінді істеп берсе, қайтар құнын тез,  
Ішкіз-жегіз, мол ауқат бер, сырын сез.

Ел ішінде абыройыңды төкпесін,  
Қатты қара, атың былғап, сөкпесін.

Жақсы айтыпты білікті бір сөзінде,  
Мейірлі елге, ақкөңілді өзі де:

4465 «Тірлік емес, ізгі ат тіле — тілесен,  
Ізгі атың — тірлігің ол, білесің!

Өзің өлсең, қалар ақыр атың да,  
Атың ізгі болса — тірлік татымды!

Кімнің аты кірлей түссе — аштырақ,  
Болғанынан болмағаны жақсырақ!

Өмір — зая, жақсы ат тіле мәндірек,  
Жамандықсыз жақсы ат қалдыр мәңгіге!»

## 61. КЕДЕЙ, ПАҚЫРЛАРМЕН ҚАТЫСУ ЖАЙЛЫ АЙТЫЛАДЫ

Бұлардан соң ел ішінде кедей жүр,  
Ішкіз-жегіз, жақсылық ет, елей біл.

4470 Дуасы тиер кедейлердің, ағайын,  
Дуа да бір жақсы нәрсе, ағайын.

Жауап күтпе, бар ма тауар керегі?!  
Сауабы — Алла жәннаттан жай береді.

\* \* \*

Ел ішінде кездеседі осылар,  
Сенің — онда, оның сенде ісі бар.

Ісі түссе — мейірім ет, қарай жүр,  
Сонда сені бәрі жақын санайды.

Екі дүние қызығына қанасың,  
Даңқың тарап, жақсы атақпен қаласың.

## 62. ҚАНДАЙ ӘЙЕЛ АЛУ КЕРЕКТІГІ АЙТЫЛАДЫ

4475 Әйел алмақ болсаң егер, қарарсың,  
Жіті бағып таңдаулысын аларсың!

Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы,  
Пәк, ұятты, болсын жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,  
Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.

Сені сүйіп, басқа жанды білмесін,  
Жаман, тексіз қылық істеп жүрмесін.

Тегі өзіңнен төмен қызды аларсың,  
Асыл текке өзің құл боп қаларсың.

4480 Тындап қара, сынаған ер дегенін,  
Сынаған ер білер істің беделін:

«Түзігін ал, алсаң — тегі төменін,  
Сүйінішпен өтер дәурен — көрерің!

Көркін емес, ізгі құлқын қаларсың,  
Жақсы болса құлқы — жайнап, жанарсың!»

Өз теңінді ал, алсаң — қатын алмағын,  
Ердің ері, ей, тақуасын таңдағын.

Көркін қуып, алма қылқы\* кемісті,  
Құлқы жақсы болса — кемел, келісті!

4485 Сұлуқұмар, сұлуды аңсап сор қума,  
Қызыл жүзді сарғайтпа һәм қор қылма.

Әйел алсаң төрт белгісін көздеші,  
Бұл төртеуден кездеспейді өзгесі:

Бай әйелді біреу іздеп жүреді,  
Енді бірі сұлуға көз тігеді.

Бірі тілер тұқымы асыл, тектіні,  
Қуаныш боп ұлықтығы, бектігі.

Бірі нәзік, ақылдысын таңдайды,  
Оны тапса, көңілде алаң қалмайды.

4490 Таңдаулысын айтайын мен бұлардың,  
Әйел алсаң, түргін маған құлағың:

«Ай, таңдаушы, бай әйелден үміткер,  
Құлы болып қалма оның, білікті ер.

Көңілі мүлік болып, тілін ұзартар,  
Көтерерсің — болса малға құмартар.

Кісі ізгісі, гөзәлді іздеп шоларсың...  
Сұлуды алма, елге күлкі боларсың.

Шырайлыны күллі ел сүйер, жақтар мың,  
Оны хақтың күдіретімен сақтарсың...

4495 Асыл текті, бек әйелді таңдарсың,  
Өміріңді қор қып, талды қармарсың.

Асыл текті, бектер тіні тым зәрлі,  
Қатынға құл болма, ділі ызғарлы!

Тақуа, нәзік жар іздегін, бекзада,  
Төртеуі де, тапсаң сонда бір ғана.

Кездестірсең ақылды, ізгі адамды,  
Ай, ізгі ер, алғын қойып алаңды.

Тілегің мал болса, берер мал тізіп,  
Байытады, жүзіңе қан жүргізіп.

4500 Тұзу болса, құлқы — шырай, шырығы,  
Білген білер, әйел көркі — қылығы!

(Мінсіз мінез, пәктік — шырай, шырыны,  
Біле білсең, әйел көркі — қылығы!)

Пәк, тақуа болса, асылға баларсың,  
Үш сипаттың бәрін содан табарсың!

Ақылдысын, ізде — іздесең, ай, бегім,  
Есті болса, болар түгел төртеуі.

Мұндай жанды тапсаң, ширап, қуан да,  
Ай, мәрт кісі, ұста, қолдан шығарма!

### 63. ҰЛ-ҚЫЗ ТУСА, ОЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕУ АЙТЫЛАДЫ

Ай мандайлы ұл-қыз туса алдыңда,  
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма.

4505 Тәрбиеші ал ізгілікті, көшелі,  
Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі.

Ұл-қызына әдеп үйрет, білім бер,  
Қос жалғанда нәсіп көріп, күлімдер.

Әйел әпер — ұлға, қызды ерге бер,  
Қайғы-мұңсыз тірлікке не тең келер!?

Ұлды үйрет күллі өнер-білімге,  
Ол өнермен дүние табар түбінде.

Ұлынды бақ, бекерге бос жүрмесін,  
Бейбастақ боп кетер бекер жүргесін.

4510 Қызынды үйде бексіз ұзақ ұстама,  
Ауырмай-ақ өлерсің сен құсадан.

Ағайын, дос, кесіп айтам, тыңдасаң,  
Қыз тумаса иә тірі тұрмаса!

Туа қалса — жердің қойны жайлырақ,  
Үйі өліктер жайы болса сайлырақ.

Әйелді үйде қатты күзет, қорғанда,  
Әйелдің іш-тысы бірдей болған ба?!

Әйелді үйден шығарма, жат кіргізбе,  
Жолдан таяр, жаттың көзін тигізбе.

4515 Көз көрмесе, көңілің де тілемес,  
Көзің ауса, көңіл ауу түк емес.

Көзді бақсаң, көңілің де аңсамас,  
Көңіл жоқ па, жоқ жүректе — жанталас.

Жеп-ішісте ерге әйелді қоспағын,  
Егер қоссаң, бұзылмақты тосқаның.

Әйелді үйден ұзатпа алыс, жүгін ер,  
Егер шықса, тура жолдан сүрінер!

Қыз да бір ет, сақта, бапта қалайда,  
Сақтамасаң, ет бұзылар, не пайда?!

4520 Қадірле де, не қаласа — бер тауып,  
Жуытпа еркек, жүр есікті бек жауып.

Ежелден бұл опасыз ғой ауаны,  
Көзің қайда түссе, көңілі ауады.

Жафаменен өсіп, өнген ағаштың  
Жемісі — у, татпа, улайсың — жанастың...

Неше мың мәрт ерлер даңқты, құзырлы,  
Әйел үшін бұзылды хәм үзілді.

Талай сұлу, даңқты ерге шер қонды,  
Әйелдерден жарық жүзі жер болды.

4525 Талай мың ер, бәһадүрді ірі, дөй,  
Бұл әйелдер жерге көмді тірідей!

Оларды кім қалай сақтап, ақтасын?  
Тәңір өзі көз қырын сап, сақтасын!



#### 64. ҚОЛ АСТЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ ЖАЙЫ АЙТЫЛАДЫ

Қызметшіні қолда, ұста күтімде,  
Ішкіз, жегіз, киімдерін бүтінде.

Күшіне сай жүк арт, қинап талдырма,  
Жауаптысың ол үшін хақ алдында.

Зорықтырып, артық бейнет шектірме,  
Тәңір кегін алар артық кеттің бе?!

4530 Бір Алланың құлдары олар шынында,  
Зұлымдық қып, тозаққа өзің ұрынба!

Сен ұлықсың, олар сенен кішіктер,  
Кішіге ұлық болуы шарт кішік, кең.

Ұлық болдың, көңіліңді кішік тұт,  
Ұлықтарға, ұл, жарасады кішіктік.

Тыңда, ақылды не дегенін ай, саған,  
Кең білімді, ай, бұл сөзді іске пайдалан:

«Халыққа бек, ұлық болсаң егерде,  
Тіл, көңілді кішік тұт, ел елер де.

4535 Өзіңді ойла, тура жолдан жаңылма,  
Келер бақтың жолын кесіп, қағылма!»

Үй-мүлкінді таза ұста, қолы ашық,  
Дәулет саған келер, ойлым, жол ашып.

Ас, тамақты, тұз-дәмінді мол тұтын,  
Атың шығып, келе берер мол құтың.

Кіріске сай, шығысты да санағын,  
Шығыс болса, кірісті де қарағын...

Ізгі, ыңғайлы бол алымға-берімге,  
Пайдаң болса, жолың ашық сенің де.

4540 Қолың қысқа болып қалса, тегінде,  
Кісіге, ерім, мұның шағып, егілме.

Сүйгенің де қол тигізбес ісіңе,  
Сүймегендер күлер тынбай ішінен.

(Сүйгенің бермес қол ұшын,  
Сүймеген күлер сол үшін!)

Сырт айналар дос, ағайын, туысын,  
Зарға толар көңіл, кеуде қуысың.

Кісілікті кісілермен жарасқын,  
Кісілермен кісілікпен қарасқын.

Үлес қуып, дүние жисаң — мұң даяр,  
Қызыл жүзің өкініштен сарғаяр.

4545 Үлкен жолға жақын салма үйінді,  
Қатер-қауіп кетіреді күйінді.

Қоңсы болма бек өзенге тасыған,  
Алыстау жүр, ұқсаң, қамал қасынан,

Көршіліктің бұл үш түрі пайдасыз,  
Зиян шексең, таба алмайсың айласын.

Үй іздесең, көрші жайын сынарсың,  
Жер іздесең, судың жайын сұрарсың.

Саламат жүр, жамандарға жалынба,  
Ақ көңілмен арғымақтай арында.

4550 Бек атанып, қанағат қыл барыңа,  
Қайғыңды еріт тіл мен сезім балына.

Ояу жүргін — өлім барын ұмытпа!  
Көз ашылар, иең барын ұмытпа.

Қайғы келмес — сөзді ойлап сөйлесең,  
Өкінбессің — күнді зая бермесең.

Асқақтама — бір тосқауыл табарсың,  
Сараң болма — сөгіс естіп қаларсың!

Тыңда, айтыпты нәзік жанды, кең кісі,  
Кісілікке кісілік еткен ер кісі:

4555 «Болсам десең өзің жұртқа жақсы атты,  
Жомарт болғын, сақилық деп мақсатты.

Сақилықпен сал мүлкінді — қыл құрық,  
Аласың сен кімді болсын құл қылып.

Басым көкке тисін десең сен тұрып,  
Біліммен іс істе сәтін келтіріп.

Десең атың дүниеге тарасын,  
Мүсәпірді мүсірке, атың жарасын.

Сүрсем десең, әзіздікпен шатты өмір,  
Осалдықты сырып таста, ақ көңіл!

4560 Хаққа қызмет қылсам десең, сен келіп,  
Тән-жаныңның есігін жап, берме ерік!

Десең, егер жақсылықпен күн кешем,  
Нәпсіңді тый, құмарлықты биле сен!»

Жақсы айтыпты тақуа жан білгенін,  
Іске алу үшін ішке түй керім:

«Бұл нәпсіге ерме, берме тілегін,  
Берсең — алар, басың болар тігерің.

Жақсылық қылсаң, ол жамандық қылады,  
Жамандық қылсаң, бойын иіп, тынады!»

\* \* \*

4565 Сөзін үзіп, айтты Өгдүлміш: — Туысқан,  
Қызметшілер құлқы осындай, ұғыссаң...

Айтып бердім, құлағыңмен естідің,  
Ұққан болсаң, сөзіңді енді кес бүгін!

### Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп: — Түгелдей,  
Естідім мен, ақкөңіл жан, жібермей,

Сенен сұрар бір сөзім бар әлі де,  
Соны айтып, қанықтырсаң мәніне.

Аралассам бұл жандармен өмірде,  
Барыс-келіс жасауым шарт көңілді.

4570 Әлбетте, олар мені асқа шақырар,  
Мен шақырып, сонсоң маған қатынар.

Қалай сыйлап, асты қалай алған жөн?  
Шақырғанда қайтіп, қалай барған жөн!?

Мұны да айтқын, естіп-ұғып алайын,  
Бұл істен де үлгі біліп қалайын?!

## 65. ӨГДҮЛМІШ ОДҒҰРМЫШҚА АСҚА (ҚОНАҚҚА) БАРУДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН АЙТАДЫ

Айтты Өгдүлміш жауап беріп: — Ағайын,  
Бұл да аса керекті, айтып бағайын.

Шақыратын адамдар сан алуан,  
Қонақасы, сый-құрмет те алуан.

(Түрлі-түрлі шақырудың жөні де,  
Түрлі-түрлі қонақасы, төрі де...)

4575 Соның бірі: неке тойы оңды аса,  
Сүндет асы, шілдеhana, болмаса...

Шақырар не тең-тұс, құрбы-құрдасың,  
Үлкен, кіші, туыс, бауыр, сырласың.

Иә, қазаның азасына шақырар,  
Атақ алып, асқа жатын шақырар.

Бұл ас-судың қайсыбірі болмасын,  
Әуелі, аңдап шеш барарың-бармасың!?

Ағайын, дос, туыс-бауыр шақырса,  
Ләзім барып, көріп мауқың басылса.

4580 Аста көрсең сыйла жатты, басқаны,  
Аз ба, көп пе — дұрыс дәмнен татқаны.

Жақын, көрші, көңілдестер шақырса,  
Тәңірлік дос ілтифатын асырса,

Бар оларға, аула көңіл-пейілін,  
Сүйіндір де, сүйін өзің, ей, ұлым!

Егер құрмет өз атыңа арналса,  
Бар, сүйіндір, бәлсінгенше-танғанша.

Бұдан басқа шақырудың біріне,  
Бармай-ақ қой жара түсер діліңе.

4585 Меймандостық жүдеу болып, сызынан,  
Асыл тектім, көңілің жаман бұзылар.

Есіріктер ұстасып, дау шығарар,  
Асың сіңбес, көңілің азып, қуарар.

Бір тоятын тағам үшін сорлама,  
Өзіңді өзің зорлама сен, қорлама!

Не дейді екен аузын тиып ұтқан ер,  
Құлқынына ие болып тұтқан ер:

«Нәпсіңді тый, нәпсіге шыр-пыр болма,  
Құлқын үшін құлқынына құл болма.

4590 Талай көрдім әзіз, сыйлы ерлерді,  
Құлқындарын ұстай алмай сенделді.

Талай көрдім даңқты, ұлық ерлерді,  
Құлқынға құл болып, бәрі жерге енді.

Талай байды көрдім, құлқын алқымдап,  
Азып-тозып, кедей болды қалтылдап.

Құлқынға құл болып, аран ашпассын,  
Құлы болсаң, құтылар жол таппассың!

Қай қонаққа барсаң да сен, тағамды  
Әдеппен іш, аша берме аранды.

4595 Жөнді білмес, ес-құлықсыз пенделер,  
Тәртіп көрсе, басы қаңғып сенделер.

Қолын асқа созса үлкен, бек кісі,  
Сен кейін соз — көргенділік белгісі.

Оң қолыңмен ал асыңды: — Алла, — деп,  
Баянды құт құйылады барға кеп.

Кісі алдында тұрғанды алма, ұмтылып,  
Өз алдында тұрғанды же ұмсынып.

Сүйек алып, пышағыңды шығарма,  
Болма ұшқалақ, түспе түлкі бұлаңға.

4600 Тоқ болсаң да, дастарханға кел, қосыл —  
Кісі асты кісіге қарап жер, досым!

Ұзақ талға тісіңе не бассаң да,  
Бістық асты үрме ауызбен, сассаң да.

Асты алдыға тартпа, теже құлқынды,  
Кісі кейпін бұзба, түзе құлқынды.

Бұл жөнсіздік, жөн әдепті сақтаған,  
Кісі қоры — кісі әдептен аттаған.

Жақсы айтыпты тәртіпті адам: «Әуелі,  
Әдептінің түр-түсі де әдемі!»

4605 Әр нәрсенің бар тәлімі, жөндері,  
Жөнді жанның ашық-жарқын өндері.

Жөнді білмес кісі құлқы болар нас,  
Кісілерге қатысса, ісі оңалмас.

Зауықпен же, асты қолың жиі ілсін,  
Үй бикесі сені көріп сүйінсін.

Асын берсе, кісі еңбегін-зейнетін,  
Тастай жұтып, зая қылма бейнетін.

(Еңбекпенен келген асты қалдырма,  
Обалды ойла, ренішке шалдырма».)

Көңілі ояу тура айтыпты тереңдеп,  
Түрлі мәнді толғап сөзі кемелдеп:

4610 «Кісі көңілі нәзік шиша, шар айна,  
Мұқият бол, шағып алма, абайла!

Кісі көңілі қалса — әзәзіл есірер,  
Пайда үзіліп, жақындығың кесілер!

(Кісі көңілі қатса — кетер татымы,  
Пайда үзілер, жырақтасар жақыны.)

Достық күтсең, көңіл аулап, үңілгін,  
Көңіл қалса — жақындық жоқ, түңілгін!»

Мейірленіп же тағамды, шамалап,  
Бұл туралы айтыпты есті ер саралап:

«Көп жеген ас сіңбей, маза бермейді,  
Ас сіңбесе, кісіні дерт меңдейді.

4615 Аузыңды бақ, енер содан кесел де,  
Талғамменен аз ішіп-же, жесең де!»

Бұл дерт тұтса, тозар адам қалтылдап,  
Емдемесе, өлім алар алқымнан.

Елші\* хакім жақсы айтыпты, келісті,  
Хакімдердің сөзін кімдер кеміс дер:

«Дерт өлімнің хабаршысы алғашқы,  
Кісі ауырса, қоңсысы өлім албасты.

Кесел — михнат, жаршысы ол ажалдың,  
Ажалда — опа, жоқ жақсылық, адалдық!»

4620 Мен кісімін деген адам баласы,  
Білсін бөліп ыстық-суық арасын.

Тәбетінді біліп барып — жеген жөн,  
Тартпады ма, ысырып қой дегенмен.

(Көңіліңе жаққанын же, біліп ап,  
Жақпады ма, әуре болма тіліңе ап.)

Ыстық көп пе, салқын ішіп теңестір,  
Суық көп пе, ыстық ішіп келістір.

Дәуренің жаз, болсаң жігіт жасында,  
Қанды суыт, суық ішіп басыл да!

Күз күндері болса, ассаң қырықтан,  
Жөн ішінді ыстықпенен жылытқан.

4625 Уағың — қысқа, жас алпысқа келгенде,  
Тек ыстық іш, без суықтан, желден де.

Құрғақ, суық артса — ыстық суды тап,  
Бұл екеуі оған жауап, дауа нақ.

Суық, дымқыл алса ауыртып мазанды,  
Ыстық, құрғақ молайтылса жазар-ды...

Ағзаң суық болса, күшейт ыстықты,  
Ыстық болса, күшейтерсің суықты.

Егер, жанның жәйін тауып білмесең,  
Ыстық-суық арасынан ізде сен.

4630 Осылайша тәнді бағып жүрерсің,  
Амандықта, жайлы ғұмыр сүрерсің.

Оташының не дегенін тыңдап ал,  
Көп жасағыр, қозым, мәніс — сырға қан:

«Жан-тәніңді мен айтайын, біліп ал,  
Қызыл, сары һәм ақ, қара түрі бар.

Бір-біріне жаулық тұтқан жайы бар,  
Жау жауына жақындасса — айырар.

Жан мен тәнін ақылды аңдап, талғаса,  
Не жағатын болса, соны таңдаса.

4635 Айырмасы осы адамның жылқыдан,  
Жаққанын жер, ай, ұл, тән мен құлқына!»

Тында енді көкшіл сақал не депті,  
Тұрып қалма, ұқ сөзінді керекті:

«Білмесе өзін адам қырық жасында,  
Айырма жоқ, мал ғой малдың қасында!»

Сынап көріп, үйренбесе білімді,  
Оны кісі санама, ей, ілімді.

(Қырық жасап, кісі тәнін сөзбесе,  
Қанша айтсаң да; малмен бірдей ендеше!

Сынап, көріп кісі білім алмаса,  
Оны кісі санатына алма аса).

Бастан кешіп, білмесе өмір парығын,  
Кісі емес, хайуан деп танығын.

4640 Заман кешіп білмесе, егер кісі көп,  
Жылқы дегін, атамағын кісі деп.

Көріп бақсаң, жақсы айтыпты емшілер:  
«Асты аз жесе, есен тірлік ер сүрер!»

Тілесен сен дертсіз тірлік жайнаған,  
«Аз» деген бір дәріні, ерім, пайдалан...

Тыныш тірлік тілесен һәм мұратты,  
Ай, ақпейіл, етті жегін «Тіл»\* атты.

## 66. ӨГДҮЛІМШ ОДҒҰРМЫШҚА АСҚА (ДӘМГЕ) ШАҚЫРМАҚ ЖӨНІН АЙТАДЫ

Шақырамын десең, кісі шақырғын,  
Күту ісін, бірақ баптап асырғын.

4645 Таза болсын, үй-жай, төсек, ыдысың,  
Ішіп-жемек, ас-тамағың — ырысың.

Табак — таза, болсын дәмді тамағың,  
Қолын созсын зауықпенен қонағың.

Ас-су міні, шақырмасаң, бір болар,  
Келіп көрген бір мініңді жүз қылар.

Ойла, астың дәмін, бабын, шамасын,  
Меймандарың тойып, жақсы тарасын.

Дос, туысың, алысың ба, жақын ба,  
Хақын сақта, тұз-дәміңе шақыр да.

4650 Келгендері келер, егер келмесе —  
Көңілі қалмас; қалар көңіл бөлмесең!

Дәм өкпесі — дүниенің жаманы,  
Кек-өш туып, өле-өлгенше қалады.

Қара, көпке жегіз, жеткіз тамақты,  
Кешіккенді тойғыз, бағып қабақты.

Кісі ас жесе, сен ішімдік тосып тұр,  
Оны ішсе, тағы еселеп қосып тұр.

Жемек жерде, ішпек керек болады,  
Ішіп, жеуді теңгерген оң болады.

4655 Ішер даяр болмай, болса тағамың,  
Жесе де оны, у жеді деп санағын.

Тілесө — боза, бер тілесө шырын, нәр,  
Тілесө — сөл, тілесө бер шарап, бал.

Бұдан басқа не бересің бұл жағын,  
Менен емес, білгендерден сұрағын.

Үлкендер жеп болғаннан соң тамағын,  
Ас, су беріп, кішілерге қарағын.

Түгел жеткіз, бағып жетер-жетпесін,  
Аш қайтарып, сені сөгіп кетпесін.

4660 Астан кейін, ұсын шырын, тұнбалар,  
Түрлі жеміс, миуа, тәтті құрмалар.

Шамаң келсе, жыртыс жыртып, сый бергін,  
Жөн-жөнімен тең бөлуді үйренгін.

Ас, ішімдік ісі осы айтарға,  
Қайтса кісі, есігіңді аш, қайтарма...

Шақырылар жандар болар төрт түрлі,  
Баратұғын адамдар да төрт түрлі.

Бірі, күллі шақырудан қалмайды,  
Не берсе де ішіп, жейді талмайды.

4665 Енді бірі үйге кісі шақырмас,  
Үйде асқа мұрнын тығып, бас алмас.

Тағы бірі қонаққа да барады,  
Асын ішіп, қарымта етіп бағады.

Тағы бірі шақырғанға баспайды,  
Шақырмайды, өзі де есік ашпайды.

Тірі өлік — ол. Тіріге оны санама,  
Тіршілікте араласпа, қарама.

Тағы бір топ, шақырғаннан безеді,  
Қонақ қылып, малын\* сойып береді.

4670 Бұлардың ең жақсысы да осылар,  
Бек, даналар мақтап, соған қосылар.

Қонақ, дәмге барарсың не бармассың,  
Құлқынды тый — тірлікті әрмен жалғастыр.

Мешкей адам дерт-кеселден арылмас,  
Сарғайып жүз, мешкей деп ел жаңылмас.

Мұны мегзеп оташы сөз қалдырған,  
Тәнді білген, білімімен қандырған:

«Кісіге ас пен дерт ауыздан енеді,  
Дерт қартайтып, жасқа жетпей семеді!

4675 Аранды тый — дерт тірлікті оздырар,  
Дерт кісінің қызыл жүзін тоздырар!»

Міне, осындай ас-су жайы, қарағын,  
Шақырғанға — барсаң, келсе адамың!

\* \* \*

Айттым — ұқтың. Тоқталайын мен енді.  
Сөзді ұзартпа. Мұны ұғар кез келді.

Дүние халі, жосығы бұл — білесің,  
Егер жұртпен қатыспақты тілесен.

Көңілімнің жарығы — адал, ардақтым,  
Сөздерімнің мәнісін ұқ салмақтап.

**67. ОДҒҰРМЫШ ӨГДҮЛМІШКЕ БҰЛ ДҮНИЕДЕН ЖҮЗ  
БҰРЫП, БАРҒА ҚАНАҒАТ ЕТПІ, О ДҮНИЕГЕ ПЕЙІЛДІ БОЛУ  
ТУРАЛЫ АЙТАДЫ**

4680 Жауап беріп айтты Одғұрмыш: — Сөзіңді,  
Мен естідім, жауапты есті өзің де.

Кім сөзіңді ұғып, бағып өтеді,  
Жаһанда бар тілегіне жетеді.

Бірақ өмір көрем деген кісінің,  
Білікті бек, алғаны жөн түсініп.

Кісі мұнша бейнет шегіп нетеді,  
Мал жиғанмен, қысқа тірлік етегі.

Адам дүние соңына ерсе жамырап,  
Ибадаты қалар тоқтап, қаңырап!

4685 Бүгін өзің келгелі де, айтарым —  
Құлшылығым қалды тоқтап, байқағын.

Бір кісімен қатынасу үшін де,  
Мұнша зиян көрдім. Қыспа, түсін де.

Менің өзім барсам шаһар, ұлысқа,  
Болады елмен сөзім, ісім, жұмыс та.

Тәу етпекпін қалай, жай жоқ табынар,  
Маған ол жақ есігі анық жабылар.

Кішілікте кетіп, бұл күн қартайдым,  
Шүкірлік қып, Алланы ойлап — марқайдым.

4690 Қайта оралу, бос тірлікке қарайлап,  
Мейірбан жан, енді маған жарай ма?!

Білімі — өзен, жақсы білім беріпті,  
Есті мұны, құлқы түзу — көрікті:

«Қарттық қамын жігіттікте істегін,  
Қартайған соң, ісің өнбес, күш кемір!

Жігіттіктен хаққа тәует еткейсін,  
Кәрілікте одан зиян шекпейсін.

Ұланбысың, жақсы құлық жолын қу,  
Ұлғайғанда ұшқан жалын, отың — бу.

4695 Қандай жақсы жігіт шағың, мәнімен,  
Үлес тисе, жақсылықтың бәрінен!

Жараспайды-ақ қартайғанда кісіге,  
Араласса жігіттіктің ісіне!

Тірлік үшін дүние-мүлік, мал қайғы,  
Тірлік бітсе — мал қайғысы қалмайды.

Өмір өтер жиюмен мал-ырысын,  
Қалдырасың кімге, үзілсе тынысың?!

(Мал жиюмен өтер өмір қас-қағым,  
Өзің өтсең, оны кімге тастадың...)

Сен айтқандай, Елікке іске жүрейін,  
Жөн-ақ, жұмыс, халық құлқын білейін.

4700 Не пайда одан, өлсең өзің түбінде,  
Екі бөзден өзге ілмейсің түгін де...

Неге керек суып, күйіп-пысынбақ,  
Екі тілек — бар болғаны, мұсылман!

Бірі — өзіңді дүние малмен зор қылу,  
Тағы бірі — сөзіңді елге жөн қылу!

Жақсы-ақ жетіп екеуіне аңсаған,  
Өлім келмей, мәңгі тұрып қалса адам.

Бұл ләззаттың екеуін де алды өлім,  
Білікті ер, қызығар нем бар менің?!

4705 Құтты адамның болар белгі, шырайы,  
Төгіп тұрар күнде ізгілік райын.

Адамды, егер құтсыз болса; зарлатар,  
Қартайғанда құлқын бұзып сорлатар.

Жақсы айтыпты білімі кең, дана бек,  
Ай, шырайлым, мұны тыңдап, санаңа ек:

«Бақытты сол, қартайғанша жаңылмай,  
Жақсы болса, жамандық қып тарылмай.

Қартайса да, қу нәпсінің соңында,  
Жүгіргендер, біл, құтсызың, сорың да!»

- 4710 Қане, әлемді қолына ұстап елірген,  
Өзіне шаһар-бекет салған темірден?!\*
- Қайда, төбет, дүние кезіп шарлаған\*,  
Қарақұс мініп жасыл көкке самғаған?
- Қане, «Тәңір өзіммін!» — деп бақырған,  
Тәңірі өзін көк теңізге батырған?!\*
- Қане, дүние малын жиып алушы\*,  
Байлығымен жер қойнына барушы?!
- Қане Туар — Батыс кезіп, барлаушы —  
Дүние тұтып, елді алып, жаулаушы\*.
- 4715 Қане, асасы жылан болып қолында,  
Айырылып теңіз, жүріп өткен оны да\*.
- Қане, дию пері, құсқа, адамға,  
Ұлық болған, пейілі таза жаһанға\*.
- Қане, өлікті тірілтіп жан ұшырған,  
Ақыры ісін өлім торлап тұтылған\*.
- Қане, адамның таңдаулысы ең ірі,  
Құр дүние қалды, толық кеміді\*.
- Алды бәрін, өмірге өлім тоя ма,  
Ай, құлқы пәк, алмай сені қоя ма?!
- 4720 Осындай бұл дүниенің жазмышы,  
Ұстан оны, ұстанба — жоқ озмышы.
- Енді, қара жер қойнына қарағын,  
Қанша кісі кірді — орта араны.
- Ашып көрсе қара жердің қабатын,  
Жатыр не ерлер қайғы қиған қанатын!
- Қанша бектер жатыр қара жер болып,  
Қанша дана сінді жерге жер болып.
- Бекті құлдан айыра алмай қаламын,  
Бай-кедейді танымайды жанарым.
- 4725 Қанша батыр, білмеген дерт-кеселді,  
Қаны тоқтап, қара жерді төсенді...

- Сондай жандар қара жерде қалғанда,  
Сен иә мен тұрар ма едік жалғанда.
- Жолаушы — адам, жүріп-тұрып, тынбайды,  
Ұлы жолда жолаушы үй-жай құрмайды!
- Үміт-тілек күллісінен арылдым,  
Қойдым. Қолдар, бір Аллаға табындым.
- Сұғанақтық — құл қылатын пендеңді,  
Көзім де тоқ, сұқкөздік жоқ менде енді!
- 4730 Не дейді, бұл дүниені қойған жан,  
Дүниеден көңілі қалып, тойған жан:
- «Бұл жаһанда тілегіме жетілдім,  
Жанарымнан ашкөздікті кетірдім.
- Дүние үмітін қойдым, аршып есімді,  
Үзілді сөз — қалай тілек кесілді!»
- Егінжай бір бұл дүние көлемі,  
Немене ексең соның ертең өнеді.
- Жақсы ұрықтан жақсы өніп толады,  
Сол жақсылық киім, тамақ болады.
- 4735 Жаман ұрық ексең, жаман өседі,  
Жаман жүк боп, мойныңды ертең кеседі.
- Тия алмасам, бүгін нәпсі, сезімді,  
Қиямет күні қинармын тек өзімді.
- Сені қоймай, бұл дүниені қоярсың,  
Саған тоймай, одан бұрын тоярсың.
- Сен қоймасаң, оның өзі-ақ қояды,  
Сен тоймасаң, оның өзі-ақ тояды.
- (Тастамасаң — оның өзі-ақ тастайды,  
Жасқамасаң — оның өзі-ақ жасқайды.
- Сен кетпесең — оның өзі-ақ кетеді,  
Сен безбесең — оның өзі-ақ безеді.)
- Ақыр, қалса, неге қажет бұл ғалам,  
Өзің бастап, кетіспекке бұр қадам!

- 4740 Қойып мұны, ол дүниені ойлағын,  
Сонда мәңгі рахатқа бойлағын.
- Бұдан да әбден мәнді тірлік іздесең,  
Қос жалғанды ұмыт, үміт үз де сен!
- Тіле, екі әлем иесінің тілеуін,  
Не етесің ақырет, жалған екеуін.
- Жаратқанға ер — жаратқаны сенікі,  
Тудырғанға ер — туғандары сенікі.
- Туылғаннан қорықпа, тілеп, табынба,  
Жаратқаннан қорық, жолдан жаңылма.
- 4745 Жаратқанға ибадат қылмай, тарылып,  
Кісіге қызмет еткен қандай жағынып?!
- Қызметші ісі екі түрден аспайды,  
Не ісі өрлеп, басымен көк жасқайды.
- Не қызмет, еңбегі өнбей, жарамай,  
Тірлік, уақыт, күні зая қалады-ай!
- Қызметі ұнап, бек көтерсе жоғары,  
Сол күнге өзі еге болмай қалады.
- Жүгірген жөн, тоқтықта да, аштықта,  
Бегің жатса, бұл бейнетпен аптықса!
- 4750 Егер зая болса, қызмет қылығың,  
Қапа болар бүкіл кешкен ғұмырың.
- Айтшы, қане, қызметші көрер пайданы,  
Қызметтердің ішінде не пайдалы?
- Ыла еркіні\* не дейді екен, тыңдағын,  
Айтыпты ол қызметтің сырларын:
- «Бабы қиын бектік ісі, бақсаңыз,  
Жақпас кісі, қаншама істеп жатсаңыз.
- Ұнаса ісің — сен еріксіз боларсың,  
Ұнамаса — күннен-күнге соларсың.
- 4755 Қызметші, ай, қызметке тасыма,  
Ол, ақыры, бәле әкелер басыңа.

- Сөгер, зекір — ол сүйінді дегенше,  
Кәрін төгер — ол суынды дегенше.
- Қылықтарын түгел біліп болмайды,  
Аларыңды және іліп болмайды!»
- Түбі бір жел бұл дүние, ай, ұлым,  
Тұрағы жоқ көлеңке бір, көр, ұғын.
- Сағымданып, көлбең қағып шоқталар!  
Ұстайын деп, қол ұмсынсаң, жоқ болар!
- 4760 Бақсаң дәулет көрінер де елп етер,  
Опасыз ол тез қартаяр, тез кетер.
- Бұл дүниені аңсап, ерім, не теңім —  
Кезбе құтты кезе қуып не етемің!?
- Ием аты сүйінішім, тірегім,  
Жарлығы оның табынарым, білерім.
- Ием сүйсе, қайтем өзге сүйгенді,  
Жауым — шайтан, әу бастан-ақ түйгем-ді.
- Тілегім — сол, сол үмітім — жұбаныш,  
Сиынар ием, күтем содан қуаныш!
- 4765 Қойдың жүні — тоным, арпа жегенім,  
Ай, бауырым, түгел менің дегенім.
- Үңгірдегі тақуаның бауырмал,  
Не дегенін тыңда, шеттеп қауымнан:
- «Жаһанда алдым несібемнің тигенін,  
Асым — кебек, қойдың жүні кигенім.
- Шекерден де татымды асым кебектен,  
Өрім тоным кем емес еш жібектен!»
- Қарын тойғыз күллі ішіліп-жемекпен,  
Арпа ма әлде ботқасы ма кебектен.
- 4770 Асты, ағайын, өлмес үшін талғасаң,  
Жаның азар сиырдайын жалмасаң.
- Тәтті қума — тәттінің зор азабы,  
Терең шұңқыр — ләззатшылдың табары.



Ащы, тәтті ас — ләззат тілді үйірет,  
Оны қусаң, сені малдай иірет.

Шәйі, жібек, тон киеді кісілер,  
Жан-тәніңді жабуды ойла, түсін, ер!

Қарның тойса, екі-ақ күнге жетеді,  
Кисең, бір тон екі жылға кетеді.

4775 Екеуі үшін өзімді өзім құл қылып,  
Қызмет етсем, жараса ма бұл қылық?!

Биік көктен жерге дейін төменгі,  
Мұқтаждықпен жүрет барша ел енді.

Мұңсыз жалғыз Алла ғана рахымды,  
Білген күллі мұңды, кәрі-жасыңды.

Көңілімді бір тәңірге бұрдым мен,  
Тілекші боп, соны тілеп тұрмын мен.

Маған шәксіз барлығы анық білінді,  
Көңілім, тілім, ділім түгел жүгінді.

4780 Пейіліммен тілеп, көзді ілмеймін,  
Қайдан тілек табарымды білмеймін.

Иемді іздеп, өзіме ұйқы бермедім,  
Нышаны бар — көрінбеді, көрмедім.

Тіле, тынба, ұйықтамас тілекші,  
Жатып қалма бермеді деп тілекті.

Тіле тынбай, оған түгел жету жоқ,  
Таппадым деп, жанбас тесіп жату жоқ.

Тілекшілер жүгірген жөн үнемі,  
Тыныш жатса келмес өзі тілегі...

4785 Тынбай тілеп — неге тілек таппасын?  
Тілегенін кім береді, жатқасын?!

Сүйіп мені тіледі ол алдымен,  
Сүйініп оны тілеушімін енді мен.

Ол әуелі мені тілеп, жаратты,  
Содан іздеп, бердім пейіл, қабақты.

Бұл иемді қалай ғана сүймейін,  
Тілеуі үшін қалай ғана күймейін.

Жабырқасам, мүсіркейді, елейді,  
Қайғы-мұңға түссем, мені жебейді.

4790 О бастан-ақ, қалап мені таңдады,  
Ауды сонсоң, көңілім тыншып қалмады.

Сөздің шыны, жаратқан сол өзімді,  
Асырады, киіндірді, өсірді.

Түңілдім де елден, соған табындым,  
Жебеушісі, пірі енді сол жанымның.

Жалғыз қалсам, ием аты — медеуім,  
Сөз сөйлесем, иемнің аты — демеуім.

Жұбанышым, сүйенішім, ақтаушым,  
Аштықта да, тоқтықта да сақтаушым!

4795 Не дейді, есті, кісі көңілі ағарған,  
Иесіне шын беріліп, тазарған:

«Көңілімнің сырын саған ашармын,  
Үмітімді алып, саған ұшармын.

Қуанышым, сүйенішім, уанышым — бір ием,  
Барлығынан безіп, саған қашармын!»

Бұл дүниедей онда орын табарсың,  
Мұны қоймай, оны қалай аларсың?!

Жүзді бұрып, бұл дүниеден қашарсың —  
Сонда есігін ақыреттің ашарсың!

4800 Сұм жалғанды қолға ұстап қалмақсың,  
Қалай ғана мәңгілікке бармақсың...

Шәрбеті — у, қатерлі бұл дүние,  
Ішіп-жемді тұтқын таза күйінде.

О дүниеден табу үшін жақсы жай,  
Бұл дүние құлқын тыйып тастағай.

Өгдүлмішім, мұны шындық деп білгін,  
Келді саған білгенімді жеткізгім.

- Бұл төрт істі бітпей кісі тамамдап,  
Ол төрт істі тындыра алмас алаңдап.
- 4805 Бұл дүние ісін тәрк етпей толық,  
Ол дүние ісін қылмассың, ұлық.
- Кісіден жырақ кеткенше, қадаш\*,  
Тәңірге құлдық ету жоқ, адаш\*.
- Сыдырмай тілек, құмарлық — бәрін,  
Туралық жолға кіре алмас тәнің.
- Бұл дүние мұңын көңілден шығар,  
Хақ сүйіп сонда, пейілін бұрар.
- Мұсылман үшін бұл дүние түнек,  
Күдер үз, рахат іздеме, жүдеп.
- 4810 Тәнге ерік берме, мықты ұста қолға,  
Шығарсың сонда, туралық жолға.
- Жіберме зая күніңді өтер,  
Өткен түн келмес, өтер де кетер.
- Күйігі қиын текке өткен күннің,  
Келмейді қайта, текке өткен тірлік.
- Не депті, тыңда, білімі теңіз,  
Көңілге сара мінезі егіз:
- «Ұлыстан-ұлыс көшерде кісі,  
Көш басын түзсе — оналар ісі.
- 4815 Көш алды кетсе, көшпестен бұрын,  
Пайдалы ол жетсе, жайнар көз нұрын.
- Көшіңді жібер-жіберме — мақұл,  
Болмағын осал, көшерсің ақыр!..
- Қаласаң бек бол, қаласаң құл бол,  
Қалмайсың мәңгі, өлімге — тұр жол.
- Қаласаң, жаса: он сегіз, мың жыл,  
Жақсы атақ қалдыр, өлесің бір күн.
- Қаласаң бай бол, немесе шығай\*,  
Тірлікті жейді кешкен күн, жыл, ай.

- 4820 Бас көкке жетіп, бектігің тасар,  
Қара жер қойны — орының жатар.
- Тірлігін кісі өткізсе босқа,  
Ол бір мал өзін тастаған отқа!»
- Есен боп, ердің текке өтсе жасы,  
Көріксіз тірлік бұл, бауырым, расы.
- Қайғымды жеме, болмайын масыл,  
Өз қайғыңды ойла, төгіп көз жасын.
- Бұл дүние саған тұзағын құрар,  
Тұзаққа түспе, пұшайман қылар.
- 4825 Құт келіп бүгін, тілегің болар,  
Иланба оған, қолма-қол оңар.
- Болма осал, өлім жүр ғой деп жырақ,  
Шыққанда тосын, білерсің бірақ.
- Осалды мың-мың, басқан да өлім,  
Байлықты талай шашқан да өлім.
- Не депті, тыңда, көңілі ояу:  
«Өлімге сақ бол, сорлатар қаяу;
- Көп жұртты өлім таратты, қара,  
Ойласам, жас боп ағады нала.
- 4830 Менмендер өтті көкірек керіп,  
Қару мен әскер қылмады себеп!
- Болма осал, тірлік — белгісіз желдей,  
Кешкен бұл күнің, зарлатар келмей.
- Күн өтер текке, рахатқа сенбе,  
Иланба құтқа, тұрақсыз — кезбе.
- «Биікпін!» деген талайды құртты,  
«Ұлықпын!» деген талайды жұтты!
- Бұзды ұлыс, қала, орданы өлім,  
Бұзды үй, сарай, корданы өлім.
- 4835 Неше мың тірі өлік боп жатыр,  
Күтумен бізді келер деп ақыр.

Көзінді ашып, соларды көргін,  
Бек пенен құлды айырып бергін.

Өлімге бектік дәрменсіз қалды,  
Қашарға одан дүние тар-ды!

Пайғамбарларды әкетті алып,  
Қару мен дауа кім берер тауып.»

Жафашы жаһан, көзді арбар сырты,  
Опасыз сұм ол, тұрақсыз құлқы.

4840 Қалайша кешсең, күн озар солай,  
Жақсылы-жаман, қыңыр һәм оңай.

Тоқтар да өлер, аштар да өлер,  
Бек пе, бай, құл ма — құтылмас, көнер.

Рахат, бейнет созылмас ұзақ,  
Не керек шапқын-сүргін боп шулап.

Жақсы айтқан еді, білімді бек бір,  
Көңілі, құлқы сайма-сай текті:

«Аз баққа адам, ұмытар өзін,  
Көк көктен әрі ұшырар сөзін.

4845 Бұл өлім талай кәрі мен жастың,  
Шығарып көзін, кеудесін басты!»

Мейірім түсіп, айтпағым еді,  
Айттым мен сахи, жаттағын енді.

Кім білсе шындап, бұл халдың хақын,  
Бұл дүниені өзі көрмейді жақын.

Жігіттік өтті, жетілді жасым,  
Жұпар жоқ, ақ түс бүркенді басым.

Бұл күннен кейін ей, ізгі адам,  
Шүбәсіз өлім, көңілім алаң.

4850 Сүйініш кетті, шерлі өлім торлап,  
Өлімнен кейін, қандай іс болмақ?!

Алаңмын өзім, қайғы-мұң меңдеп,  
Елікке өзім барармын не деп?!

Елікке менен еш пайда болмас,  
Септессін десе, оным да оңбас.

Ол дүние үшін тілесе егер,  
Жүрер де түзу, келді деп білер...

Ат беріп, адам баласын құдай,  
Екі ісі үшін жаратқан бұлай.

4855 Тамұқ не жұмақ бегі болуға,  
Әзіз ер не ел қоры болуға.

Әзіздік десе, нұсқады бағыт,  
Қорлықтың жолын айырды танып.

Атқару керек пенделік хақын,  
Хақ тауфиқ беріп, қолдаса жақын.

Тапса егер тауфиқ Алланың құлы,  
Ашылар жолы, аршылар мұңы!

Қызмет етсе күш жұмсап қатты,  
Игілікке мол, ашылар қақпа.

4860 Осылар еді білгенім менің,  
Сөйледім саған, ей, ізгі ерім.

Сендерге қажет, пайдалы сөзім,  
Өзімнен гөрі ізгірек сөзім:

«Ақырет жолы — болсаң сен тілер,  
Бұл дүние сырын — білесіз түгел!

Ашылсын бағың, құйылсын құтың,  
Тілесен нені — бұйырсын бүтін!»

Не ізгі іс болсын өзімде бөлек,  
Сендерге, ізгі ер, беруден көмек.

4865 Тәңірге Елік жіберсін жолдап,  
Дұғаммен ізгі жүрейін қолдап.

Сұраса білім, білгенімді айттым,  
Естідің, өзің айта бар, қайтқын.

Тұтыңдар сөзді, тұтпасаң егер,  
Ерте ме, кеш пе баршасы келер.

Айтыпты жақсы білімі теңіз,  
Тұтынсаң іске, нұрландым деңіз:

«Бұл сөзім бүгін, түс болар саған,  
Көр ертең, анда тұс болар саған.

4870 Болма осал, тырыс, сөзді іске тұтқын,  
Тұтпасаң егер, төнгені жұттың!

Еліктен өтін, кешірсін мені,  
Шарасы не екен, жасарсың емін.

Бейнетті шектің сен барып-келіп,  
Қайтарсын тәңір күндей нұр беріп.

Ауыр ап, жанды шерлі етпе, тегі,  
Суытып қанды, шеттетпе мені!

### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Өгдүлміш айтты, ойланып болып,  
Ұқтым деп енді, ақиқат жолын.

4875 Сөзінді ұқтым, тыңдадым бәрін,  
Сөзімді кестім, аңдадым мәнін.

Турасын айттың, сөз — шындық толған,  
Басқаның бәрі, кіл қыңыр жолдар...

Сенікі — шындық, менікі — ойын,  
Бой ұсындым шынға, ойынды қойып.

Барайын енді, қал жақсы, аман,  
Қос дүние нұрын көргейсің әмән.

Бауырым, Алла күш, тауфик берсін,  
Дұғанда атап, қамымды жерсің!?

4880 Алладан мені тілей бер оңдап,  
Көңілімді ашсын, тәңірім қолдап.

\* \* \*

Үзді де сөзін, орнынан тұрды,  
Қоштасып, үйге ол жүзін бұрды.

\* \* \*

Атқа мініп, келді үйіне оралып,  
Түсіп, кірді, тынды біраз демалып.

Ішті, жеді. Біраз ойға торықты,  
Естіген сөзін пісірді де, қорытты.

Күннің жүзі түнек буып, жоғалды,  
Бүкіл әлем қара түске оранды.

4885 Руми қызы\* жүзін шашы жасырды,  
Күллі әлемге қап-қара шаш шашылды.

Аспан зәңгі\* болып, түнек асылды,  
Құстар тыншып, жүрер аяқ басылды.

Дәрет алып, оқып түнгі намазын,  
Орын сайлап, бұрды ұйқыға назарын.

Біраз ұйықтап, оянды да қарады:  
Төбесінен Бақыр\* ауып барады.

Және көрді: Үркер ауып өтіпті,  
Туардан «адан\*\*» туып, өрлеп кетіпті.

4890 Тағы біраз жатты ұйқы көрмеді,  
Безгек қысқан адамдай көз ілмеді.

Жатты ұйқысыз, ойынан ой түледі,  
Әппақ болып, бозарды аспан реңі.

Абыр\* бүркеп, түйді аспан қабағын,  
Жерден арай өніп, шашты шапағын.

Күн өрледі, жерден нұры алаулай,  
Түсі жайнап желбіреген жалаудай.

Тұрды Өгдүлміш, жуынды да, күтінді,  
Білгенінше намаз оқып бітірді.

4895 Қызыл қалқан найза бойы асқанда,  
Сарайға кеп, кірді тура жасқанбай.

\* \* \*

Келгендігін естіп Елік жол берді,  
Кірді Елікке, қауыштырып қол берді.

Елік ымдап, отырар орын нұсқады,  
Бұл орынға барды әдепті ұстанып.

### **Еліктің Өгдүлмішке сауалы**

Біраз тұрып, айтты сөзін Елік те:  
Ай, құлқы оң, сөйле, келтір, ірікпе!

Не болды ісің? Ағайының не деді?  
Тілегің не? Досың қашан келеді?

### Өгдүлмiштің Елiкке жауабы

4900 Жауап бердi, айтты Өгдүлмiш сөздерiн,  
Не айтылып, ненi естiп, сезгенiн.

Екеуара болған сөздi түгелдей,  
Айтты Елiкке ештеңесiн жiбермей.

\* \* \*

Бiраз Елiк тұрды ойланып, қамығып,  
Көзiнен жас төктi, көңiлi жабығып.

### Елiктің Өгдүлмiшке жауабы

— Ағайының, — дедi, — дұрыс сөйлеген,  
Сөздiң сөзiн айтқан, болса үй деген.

Өзiмiздi күштеп бүгiн бағармыз,  
Оны-дағы күштеп, өш қып алармыз.

4905 Өтер дүние, қайта айналып келгiсiз,  
Қалған тiрлiк қанша екенi белгiсiз.

Бақи дүние, шүбәсiз, келер-жетер,  
Рахат, бейнет ұзамас, өтер-кетер.

Мәңгiлiк сол — ол онда рахат тапса,  
Орны, iсi оң болар, көңiлi шат та.

Бәрiн ұққан қандасың бекем екен —  
Шақырып келтiрем деу бекер екен.

Бәрiмiз құмарлықтың боданымыз,  
Текке өтiп жатыр күндер, заманымыз.

4910 Тыңда ендi, дiлi тiрi не дегенiн,  
Сөзiмен не ақыл берiп, мегзегенiн:

«Нәпсi мен құмарлық — жау. Күш алса егер,  
Күнә өш алып, жан-тәнiң бейнет шегер!

Нәпсi жеңсе, көңiлiң өлер анық,  
Көңiл өлсе, мiнәжат өшер қалып.

Тұтқынбыз, бiздiң көңiл өлген, сөнiп,  
Нәпсi, құлкын жалмаған жаудай төнiп.

Ұлықтық, бектiк, дәулет һәм жасың да,  
Ұзақ тұрмас, ақпейiл ер, басыңда!

4915 Жалғанның бейнетi көп, рахаты аз,  
Қарғыс-сөгiс ауыртып, қатады бас.

Жақсы айтыпты бiлiмдi адам пендесi,  
Әлемдi сынап, ашылған көз, зердесi:

«Ұлықтыққа қуанба артық, күлiмдеп,  
Ұлық болдың, бас ауыртар күнiң көп.

Сүйiнiштiң бәле жүрер соңында,  
Рахаттың бейнет тұрар жолында!»

### Елiктің Өгдүлмiшке сауалы

— Өгдүлмiшiм, — дедi Елiк, — бiле бiл,  
Шақырғанда мынау едi тiлегiм:

4920 Жақсылыққа тисе себiм, себебiм,  
Тiрiлер ме едi көңiл, ей, бегiм!

Тұрып алды, көнбей мұнда келуге,  
Дос-жар, туыс, таныс жүзiн көруге.

Айтқан сөзi кiл ақиқат, ұққанға,  
Болмас ендi, оны күштеп қыстауға!

Өзiң қанша бейнет шегiп, бүгiлдiң,  
Сөйлеп тiлмен, арып-ашып жүгiрдiң.

Күтелiк те, көрелiк, ай, сақы ұлым,  
Не боларын уақыт, заман ақырын.

4925 Келер iстi тұрар бүркеп жауып түн,  
Ей, iзгi дос, ашар оны жарық күн.

Құрулы тұр бұл заманның садағы,  
Не пайдасы, тиедi не залалы.

Күллi iсiңдi берген тәнiр жөнiне,  
Кезi келсе, жөнге келер өзi де.

Қай iс болмай, үзсе жiбiн үмiттiң,  
Жөнiне оны қоя берсең, бiлiктiм!

Бұл дүние жайы: қусаң — қашады,  
Қойып қойсаң, өзi жолын ашады.

4930 Біраз оны күтейік те, сынайық,  
Заман, күннің халын бағып, тынайық.  
  
Бізді іздер өзі-ақ қайта айналып,  
Өз жағдайын, жақсылығын ойланып!

\* \* \*

Осымен Елік сөзін тамамдады,  
Өгдүлміш, шығып кейін аяңдады.

Күндер өтті... Елік ойын аңдады,  
Шығып істің алды-артына, барлады.

## 68. КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ОҒДҰРМЫШҚА ҮШІНШІ ЖОЛЫ ШАҚЫРТУ ЖІБЕРУІ АЙТЫЛАДЫ

Шақырды Елік Өгдүлмішті бір күні:  
— Саған бір іс істеу ләзім, біл мұны.

4935 Туысыңды шақырғанда келмеді,  
Менің арыз-тілегімді бермеді.

Ол тілеген тілегімді тастадым,  
Тілегімнің жөні енді басқа-дүр.

Көр, бүгінгі менің тілер тілегім,  
Бір көрейін өзім оның жүз-өңін.

Зиярат үшін, ей, шырайлым, гүлжүздім,  
Мен барайын, не ол келсін, білгізгін.

Ақыл-кеңес берсін, түссін түстеніп,  
Қайтсын сонсоң, жасай берсін істерін.

4940 Зияным жоқ, тигізсін ол пайдасын,  
Былғаныштан тазарайын, жайғасып.

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Бұл сөз шынға шығатындай тіпті, — деп,  
Айтты Өгдүлміш: — дұрыс сөз, — деп, — құтты бек!

Тілесем Елік, бұл істі де қылайын,  
Жарлық етсе, шақыруға шығайын.

Барайын мен аршып сөздің арнасын,  
Келтірейін, Елік өзі бармасын.

Жарылқасын\* Елік тағы хат жазсын,  
Жақсы кісі, мұнда сеніп аттансын!

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

4945 Елік айтты: — Қайтесің хат дегенді,  
Хаттан толық ендігі хат сен енді!

Хатты сенбес адамдардан берісер,  
Сенен өзге кім бар бізге сенісер!

Бүкіл істі ақылменен істеген,  
Иағма бегі не дегенін естігін:

«Елшіге бек сенсең, хатың не керек?  
Болар іске әзірленіп не керек?»

Тіліңмен айт, есті сөзді тілінен,  
Тағы бір хат, ай, ақылдым, не керек?!»

4950 Онша қиын іс емес бұл, сасарлық,  
Белең алып, шошып одан қашарлық.

Неге керек мұнша сөзге хат жазып,  
Сенерім сен, хатым да өзің, мақтаным!

Маған келсін, жүздессін де тез қайтсын,  
Ерік бердім. Күштемеймін... сен де айтқын.

Қажет үшін жұмсадым мен, жасырман,  
Ізгілікпен шақыр, күштеп шақырма!

Мен барайын, келе алмаса ол бері,  
Көріп өңін, оралайын тез кері.

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

4955 Жауап беріп, Өгдүлміш айтты: — Тілек,  
Болар түгел, қолдаса тәңір желеп!

Қатуланып мен алдынан өтермін,  
Арыз-тілек бәрін түгел етермін.

Бергей Алла Еліктің бар тілегін,  
Есен-аман болсын, Елік! Жүремін!..

\* \* \*

Тұрып шықты, аттанды да жетгі ол,  
Түсіп, үйге кірді, тонын шешті ол.

Сары болды күннің қызыл ажары,  
Әлемді алтын реңі орап, тарады.

4960 Күн жүзіне сары зафран жағынды,  
Жаһан көкшіл минә\* реңді жамылды.

Қабак түйіп, аспан суық түрге енді,  
Жаһан қара зәңгі түсті бүркенді.

Ішті, жеді, жуынды, оқып намазын,  
Төсек салып, кетті ұйқыға қамалып.

Сары сандуғаш сайрап қоя бергені,  
Белең алып оянды, ұйқы келмеді.

Ояу жатты, оны қанша тыңдады,  
Сүйініштен ғажап үнге таңданды.

4965 Ұйқы қашып, түні артық ұзады,  
Аңсар болды жарық күннің шығары...

Аспан жыртты киген қара көйлегін,  
Жүзі ашылып, көтерді күн иегін.

Күліп бақты, өрлеп, сұлу қыз жүзі,  
Бұл дүниенің жарқырады жер, құзы.

Күн тауға өрлеп, нұрлы жүзін жайнатты,  
Жарқыратты дүние, өзен, аймақты.

Жуынды да, киінді, сай тұрды ол,  
Өзі игілік жорып, намаз қылды ол.

\* \* \*

4970 Бір ұланмен атын ұстап, ерттеді,  
Сүйініп, күліп туғанына беттеді.

Таяғанда ақырын жүріп аяндап,  
Түсіп, баяу келді есікке жаяулап.

Тоқылдатты, үй есігін тұтты да,  
Туғаны тез шықты алдынан, ұқты да.

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Өгдүлмішті көзі көріп түнерді,  
Айтты: — Інім, істі ұзатып жібердің.

Өзің күштеп, неге бейнет шегесің?  
Неге маған қарысасың, егесіп?

4975 Жүр, келген соң, сөйле, үйге кірелік,  
Қайта айналып неге келдің, көрелік...

\* \* \*

Екі туған жүріп, кірді үйіне,  
Захид қасын түйіп алды ініге!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Келгені айтты: — Сенің басың асыл-ды!  
Сөзді тыңда, түйме ашумен қасыңды.

Сенің айтқан сөздеріңді айнытпай,  
Елікке ұзақ баяндадым қаймықпай.

Есітті Елік, сөзді түгел тыңдады,  
Сөзінді естіп таңдады, көп таңданды.

4980 Қоя берді, сені қақпай бетінді,  
Бұдан бөлек бір тілегін өтінді.

Сол іс үшін сөзші болып келемін,  
Мені ұятқа қалдырма сен, ей, ерім!

Әр нәрсенің, аян, бар шек-шамасы,  
Істің сәтін алма өткізіп, ағасы.

Тыңдап алғын, ақылды тіл не деді,  
Бұл сөз мәні бар нәрсеге келеді:

«Алма өткізіп әр істің сәт, шамасын,  
Өткен екен, істен қашық қаласың.

4985 Әр нәрсенің бар түр, түсі, жосығы,  
Бар нәрсені сақтар солар қосылып!»

Қойды Елік ол тілегін ақыры,  
Түсін, отыр бір зийаратқа шақырып.

Не сен барғын, не өзіңе ол келсін,  
Ай, мейірбан, дидарыңды бір көрсін.

Бұдан саған еш зиян жоқ, ағайын,  
Ай, тас бауыр, илан, мойныма алайын.

Елік — асқан ізгі сұлтан, жаны асыл,  
Кедей, кемтар, жамандарға жанашыр!

### Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы

4990 Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Бұл өзі,  
Ұғымға шақ, ай, ақкөңіл, жөн сөзің!

Мүсілімге мүсілім туыс, барысып,  
Зийарат қылар, ай, ақкөңіл, танысып.

Бұл сөзге мен иілдім, бой беремін,  
Бүгін оған зийарат қылып келемін.

Бұдан бұрын оған өзім бармадым,  
Қалар еді онда пайда алғанын.

Оны қойды, тұтты жолдың адалын,  
Туралыққа көндім, тілін аламын!

4995 Мен барайын Елікке, Елік келмесін,  
Маған тисін бейнет, оған тимесін.

Елік — елдің бегі, халық ұлығы,  
Соған: құрмет, сый-сияпат шырыны.

Сөзін түзер, жөн жол-жосық түзілер,  
Аршыр елді ессіздердің ізінен.

Білімі теңіз не дегенін тыңдағын,  
Ақылымен егіз көңіл сырлары:

«Бек жарлығы бұқараға міндетті,  
Үлкен-кіші қадірле естіп, бұр бетті.

5000 Үнді\* болсын сатып алған күміске,  
Бектің сөзін, бектің өзін құрметте!»

Бек жарлығын құрметтеймін мен енді,  
Болам жақын, зийарат қылып келем де.

Жүр, қайт енді, Елікке айт сөзімді,  
Келеді де, жетермін мен өзім де.

Жарық дүние жүзін перде жапқанда,  
Барайын мен, дайында ескі жай жатқанға.

Күндіз мені кісі көрсе, шатағы:  
Мені сөйлеп, өзін отқа атады.

5005 Аттан үйге, енді сабыр сақтағын,  
Мен келгенше біраз күткін, жатпағын.

Ең әуелі саған барып түсейін,  
Не істерімді, сонда жорып білейін!

### Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы

Сүйінішпен айтты Өгдүлміш жауабын:  
Тым әдемі болды, аларсың сауабын!

Барайын мен енді Елікке, тұрайын,  
Келеді деп қуанышты қылайын.

Менен кейін сен сөзінді жасытпа,  
Жеткін өзің уағдаласқан уақытта!

\* \* \*

5010 Екеуі бір сөздің ұстап астарын,  
Сүйінішпен шықты, жазып қастарын.

\* \* \*

Және түйіп қайталады ол: — Қандасым,  
Сөзді қима, келгін, көңілім қалмасын!

Жүзін жауып, күн жерге еніп жатқанда,  
Дүние жүзі көмір түске батқанда.

Күтем сені, кел үйіме жайланып,  
Отырамын күтіп сені сайланып!

\* \* \*

Атын мініп, келді Елікке оралып,  
Түсіп кірді, құзырына жол алып.

5015 Айтты түгел болған сөзді жаңағы,  
Сүйінді Елік, ашылды көз, қабағы.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

— Бұл бір ізгі іс болды, — деді, — келелі,  
Сен айтқандай, шын болса оның дегені.

Және айтты Елік: — Қай уақытта келеді,  
Ай, білімдім, көзім қашан көреді?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Жауап берді, айтты Өгдүлміш: — Кешкісін,  
Жарық дүние жүзі түнді кешкесін.



Үйіме ол келмекші, дем алмақшы,  
Қашан келсін десең, сонда бармақшы.

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

5020 Елік айтты: — Көп жүгірдің бейнетпен,  
Тәңір берсін сауабын сай зейнетпен.

Бұл дертімді дауасымен емдедің,  
Сүйіндірдің көңілімді демдедің.

Сен үйде күт, келсе маған хабарла,  
Келер менен шақырушы адам да.

Туысыңмен маған келгін, шырайың,  
Зийарат қылып, көрейін мен тынайың.

Мұны мегзер — білгін сөздің түбірін,  
Не дейді екен, тыңда да ұққын жүгініп:

5025 «Кісі көңілі ізгілікті ұнатар,  
Үмітпенен өзін өзі жұбатар.

Түгел тапса, егер арыз-тілегін,  
Көңілі өсіп, қояр сөзін, жүдеуін.»

\* \* \*

— Әлбетте! — деп, шықты Өгдүлміш айналып,  
Үйге келіп, төсек-орнын жайлады.

Күн жерге еніп, жүзін жауып жасырды,  
Қара тұман туып дүние басылды.

Әлем тұлдың тонын киіп тұлданды,  
Аспан жүзін қара жауып мұнданды.

5030 Қыбырлаған түгел ұйып жұмды көз,  
У-шу тынып, кесілді тіл, тынды сөз.

### 69. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҰЛМІШКЕ ТАМАН КЕЛУІ АЙТЫЛАДЫ

Тұрып, ақыр, келді, қара, Одғұрмыш,  
Көріп, күтіп алды оны Өгдүлміш.

Сәлемдесіп, соңынан қол алысты,  
Екі ақылды үйге кіріп барысты.

Ас, ішімдік шығарды ол құрметтеп,  
Кісі кетті ханға хабар бермекке.

Естіді Елік жауап берді ашылып,  
Жақын тартып, алды оларды шақырып.

### 70. КҮНТУДЫ ЕЛІКТІҢ ОДҒҰРМЫШПЕН КӨРІСУІ АЙТЫЛАДЫ

5035 Барды екеуі таяп жақын әмірге,  
Көріп Елік, қарсы алды қадірлеп.

Ең әуелі көріп сәлем берді Елік,  
Захид тұрып, сәлеміне деді: — «Әлік!»

Хан Захидпен қол алысты жайдары,  
Хал сұрады, күлім қағып жайнады.

Орын беріп, өзіне аса тақады,  
Мейіріммен құрмет-ізет жасады.

Айтты: «Мұнда өзің жаяу келіпсің,  
Ей, Одғұрмыш, көп машақат шегіпсің!»

### Одғұрмыштың Елікке жауабы

5040 Айтты Одғұрмыш: — Өзіңді, Әмір, ғұрыптым,  
Көзім көріп, бейнетімді ұмыттым.

Келсем енді, мен өзіңе тіленіп,  
Не машақат болушы еді біл, Елік!?

Жүріп-тұрса, адам тілеу, ниетпен,  
Арып қалмас, жетер тездеп тілекке!

Не дегенін, аңда, ердің қаһарман,  
Ақылымен даңқын алыс апарған:

«Жырақ жер де жақын — көңіл қаласа,  
Жетер анық ол тілекке тамаша.

5045 Тілегіне ұмтылса ер көңілмен,  
Тез жақындар үмітке алыс көрінген.

Аяқ бассаң көңілің соқпай, тегінде,  
Қашық болар, қанша жақын жерің де!»

Аяғыңмен жүрсең михнат жетеді,  
Көңіліңмен жүрсең михнат кетеді.

Көңіліммен келдім саған ей, Елік,  
Қалай бейнет тисін маған сен, Елік!

Бақсаң, көңіл кімді сүйіп, қаласа,  
Қанша жырақ болсын, жақын сол аса!

#### Еліктің Одғұрмышқа сауалы

5050 Елік айтты: — Сөзден бұрын, сауалым,  
Бар өзіңе, айтып бергей жауабын?!

Көңіліңмен келдің маған, жөн делік,  
Бұл қай ісің, өзің жауап бер, ерім!? —

Білесің сен сәлем ауыр жол аса,  
Кім алдымен сәлем берсе, сол ашар.

Көріп тұрып, маған сәлем қылмадың,  
Сәлем беріп, неге мойын бұрмадың?

#### Одғұрмыштың Елікке жауабы

Айтты Одғұрмыш: — Әу, баста ұғып, сенгемін,  
Біле тұрып жорта сәлем бермедім.

5055 Сәлем — жолы есендіктің адамға,  
Сәлем бердің — саулық бердің аларға.

Сәлем — аман бол дегенің әмәнда,  
Сәлем қылсаң, аман болар адам да.

Мұны мегзер келді сөздің кезегі,  
Көңілі түзу, есті мұны сен енді:

«Сәлем берген берер ерге амандық,  
Сәлем алған саламаттық алар-ды.

Сәлем ерді жамандықтан қағады,  
Жауап берген амандықта қалады!»

5060 Кішілерге сәлем берсін ұлылар,  
Алдын алса, күллі ісіңнің ығы бар.

Кіші үлкеннің сөзін тұтып, атқарса,  
Әмәнда аман жүрер көзін жапқанша.

Аман болса кішік ұлық кәрінен,  
Қайыры тиіп есен қалар бәрінен.

Ханға менен не шер келсін алаңдар,  
Мен — кішікпін. Кішікте не залал бар.

Елік қолы ұзын барша халыққа,  
Не қылса да қылар, тулап-тарықса.

5065 Қор, қаралар бекке сәлем қылмайды,  
Ай, білікті, оның мәні сондайды.

Қызмет етсе деп әуелі санадың,  
Шақырттың сен, өзің тілеп — қаладың.

Қабыл көріп, мен сөзіңе ермедім,  
Қу дүние байыбына сенбедім.

Оны қойып, жүздесуге шақырдың,  
Енді алдыңа келдім аман, бас ұрдым.

Тағы именіп едім сенің алдыңда,  
Аман-сәлем бердің, қолды алдың да.

5070 Қозғар ма деп, сол сөздерін қайтадан,  
Тағы именіп, сенен сәл-пәл тайқағам.

Түгел сендім, нандым енді табанда,  
Шапағатың тигей сенің маған да!

#### Еліктің Одғұрмышқа сауалы

Елік айтты: — Бек жараспас бектерге,  
Тілі сөйлеп, өзі тайқып кеткен де!

Ұлықтық па қолы ұзын сайлы жан,  
Тілі айтқан сөзден қайтып, айныған?!

Елге иелік ете алмайды, шындығы,  
Сөзі жалған, мәнсіз құлық-қылығы.

5075 Ол халыққа болсын қалай бек, ұлық,  
Сөзі — жалған, болса қолы, тек, құрық!

Бұдан да артық сөз айтылған мақаладап:  
«Сөзден қайтсаң, құтың қайтар — қашар бақ!»

Ер жаманы жалтақ, жалған айтқандар,  
Ең жаманы уәдеден қайтқандар.

(Жалған айтқан ең жаманы адамның,  
Серттен тайған ең жаманы жаманның!)

Дұрыс айтқан тура сөзді келелі ер,  
Сөзі түзу ерге тәңір бере бер:

«Бек шын айтып, болу керек сөзге ие,  
Өз сөзінен айныса, оны ер деме!»

5080 Тілі айтқан сөзден қайтпас ерен ер,  
Сөзден қайтса қатынға ол теңелер!»

### Одғұрмыштың Елікке жауабы

Айтты Одғұрмыш жауап беріп: — Ер Елік —  
Бұл ізгі іске қолы жеткен теңеліп.

Арттырсын һәм хұда сені қолдасын,  
Жақсы қылық, құлқың сені қорғасын!

Бектер елдің таңдаулысы сарасы,  
Болсын сара қылық, сөзі, санасы.

Білік беріп былай депті білген ер:  
Әділ, ізгі бектің елі гүлденер.

5085 Не дейді екен, тыңда, ақ басты адамды,  
Ұзақ жасап, кешкен бастан ғаламды:

— Құлқыңды онда, ай, тұтушы жаһанды,  
Келуші құт кетер, қайта қашар-ды.

Жақсы ат қалдыр, тырыс сен де өзіңе,  
Жафа қылма, жат қылар құт сені де!

Ай, қолы ұзын, жамандыққа бармағын,  
Сөз, қылықты ізгілікке арнағын.

Бек, ұлықтық жүзін бұрар, ақылым —  
Тек жақсылық айнымайтын, батырым!

(Бек, ұлықтық сенен бетін бұрады,  
Тек жақсылық құбылмай нық тұрады.)

5090 Изгілік ет, халық жүгін көтер де,  
Жақсылығың қайтар, дәурен өтер де!

Тірлік күні ізсіз боран, жел екен,  
Құт сенімсіз, аттап сенен тез өтер.

### Еліктің Одғұрмышқа жауабы

Елік айтты: — Білікті ұлық, білерсің,  
Тілегім сол, жолымды ашып жүрерсің!

Саған мұнша құлдық ұрдым, аңсаттың,  
Осы еді, асыл тектім, мақсатым.

Енді ақыл-кеңес бергін, болысып,  
Изгілікке қолым жетсін, толысып.

5095 Кісілер көп құлқын қамын аңдыған,  
Ай, сақи, жоқ мейірімді, арлы жан.

Бектер барша тілектерін табады,  
Көңілін демдер демеу таппай жанады.

Сарайда көп қалтақтаған қалың бас,  
Біреуі жоқ сүйеу болып, жаңылмас.

Бәйіт, сақи, айтар мұның жосығын,  
Ұққың келсе, ең әуелі осыны ұқ:

«Кісімін деп жүргендердің саны көп,  
Кісілерге пайдалысы, қане, жоқ.

5100 Мың кісінің ісін істер бір кісі,  
Атқара алмас қаптап оны мың кісі!»

\* \* \*

— Ай, Одғұрмыш, — деді Елік тағы да, —  
Хақ пейілін аударыпсың бағыңа.

Жарасады қылық-құлқың атыңа,  
Бақ, тілеуің берсін Алла басыңа!

Хақ бергеннен маған үлес байларсың,  
Тіріліп көңіл, нәпсі өлікке айналсын!

### Одғұрмыштың Елікке жауабы

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Көрдің бек,  
Кісімін мен мақтарға тән сыртым тек.

5105 Білсең егер, ай, бек, менің ішімді,  
Бүгін қуар едің, салып түсінді!

Маған «Захид» деген атақ тағылды,  
Ибадатқа жүк боп жеді жанымды.

Мені құртқан осы лақап тағылған,  
Осы ат үшін жан сарайым жабылған.

Дүкенімді безендірдім көрерге,  
Сауда ізі жоқ, жоқ пайдасы берерге.

Сыртын көрме, сен, ай, Елік, кісінің,  
Ісін қара, сырын аңда ішінің.

- 5110 Тысы сонша көркем қауын болады,  
Хош иісті, көздің жауын алады.

Ол қауынның ішінде дәм болмаса,  
Тысқа тастар, ұстамас та қолға аса!

Жаны ояудың сөзін есті, мән бере:  
«Безе ішінді, сырт бойыңды сәндеме!

Мәні ішінде күллі заттың жағалай,  
Іш болмаса, қалар тысы жарамай!»

#### **Еліктің Одғұрмышқа жауабы**

Жауап беріп, айтты Елік: — Жан таза,  
Ішің-сыртың бірдей түзу, тап-таза!

- 5115 Бұл дүниеден безіп, жүктен арылдың,  
Мен ілініп, ауыр жүктен арыдым.

Бұл дүние ісі қылды пұшайман,  
Хаққа ибадат ету қайда, жоқ айлам.

Маған ақыл-кеңесің бер, тұтайын,  
Тазарайын шын сөзіңнен құтайып.

#### **Одғұрмыштың Елікке жауабы**

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Ей, бегім,  
Жақсылыққа жақсылықты теңдегін.

Ең қоры — мен, хақ құлдары ішінде,  
Білімі дария, білме өңгені, түсін де.

- 5120 Менен жаман тәңір құлын іздесең —  
Тағы өзіммін, егер, Елік, білмесең.

Сөздерімнен қандай пайда келеді,  
Өсиетім қандай демеу береді?

Және иемнен үмітімді кеспегем,  
Кешер ием — сол, күнәмді істеген.

Жазықты құл не дегенін тыңдағын,  
Жазығын біліп, тілмен құзыр қылғанын:

«Күнәһар, надан құлыңмын мен жазықты,  
Бақсаң, мені күнә буып қалыпты!

- 5125 Сенен өзге ием де жоқ табынар,  
Күнәмді кеш, баста құтқа, жалынам!»

#### **Еліктің Одғұрмышқа жауабы**

Жауап беріп: — Көңілі ояу! — деді Елік,  
Құлқың қандай, сөзің қандай келелі!

Өзіңді қор санағаның үшін де,  
Жақсы, сыйлы боларсың жұрт ішінде.

Тіл, көңілің тазарды, өзің көріндің,  
Бір кеңес бер, себі тисін сөзіңнің.

Ай, ісі ізгі, қылығы шын, асыл ер,  
Мейірім ет, маған кеңес-ақыл бер!

- 5130 Алла саған бар жақсыны берді үйіп,  
Ізгілік жолын ашқын маған, ей, күлік!\*

Ізгі ер, енді, маған ақыл берерсің,  
Тәңір сені, киямет күні демесін!

### **71. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ЕЛІККЕ АҚЫЛ-КЕҢЕС БЕРУІ АЙТЫЛАДЫ**

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Ей, Елік,  
Тілекке хақ қол жеткізсін, теңегін.

Жалған дүние, өткінші әлем әрқандай,  
Талай бекті қартайтты, өзі қартаймай!

Сендей талай бекті «сүйіп» өшірді,  
Саған қарай енді назар көшірді.

- 5135 Сен бұған шын пейіліңді бермегін,  
Опа қылмас, түңіл, елтіп ермегін.

Тірлік сыры осы, білсең, сен елеп,  
Менің үгіт-насихатым не керек!?

Сенен бұрын жаһан тұтқан болар мың,  
Қайда кетті, қане күші солардың?

Ойла, олар қанша жүрді, біл хақын,  
Саған-дағы солай барар күн жақын.

- Саған тиді бектік енді, дұрыс та,  
Іс жасай жүр, ұзақ тұрмас уыста!
- 5140 Пайда қылған болса қай іс оларға,  
Соны жаса, дәмін тат, құр жоғалма.
- (Неден рахат көрсе олар — соны істе,  
Неден бейнет шексе — соған келіспе!)
- Өлерінде неден олар өкінсе,  
Содан қашық жүр, жақсылық — өтін сен.
- Жақсы айтыпты, бек білікті, бақытты ең,  
Білікті сөз тең ғой інжу, жақұтпен:
- «Көрдің бе, Елік, сен де тірі қалмайсың,  
Құлқынды оңдап, әзірленіп алғайсың!
- Ай, қылқы осал, өлім сырын танып қал,  
Өтер тірлік, үлесінді алып қал.
- 5145 Тілек құлы, жүрген қамсыз қарманып,  
Бастықпа, өлім келер ақыр алғалы!
- Байқап қара, кешкен күн мен бұл күнді,  
Ойла: түгел көрген түстей бір түрлі...
- Егер, өзің қылған болсаң ізгілік,  
Өзіңе пайда жасағаның мәңгілік.
- Зая өткізсең тірлігінді егер сен,  
Күні-түні өкініш, зар шегерсің.
- Тілеуменен өткен тірлік оңалмас,  
Жігіттіктің күші қайтып оралмас.
- 5150 Зая қылма дәуренінді қазірден,  
Ибадат қып, ақ өлімге әзірлен!»
- Сенен бұрын, Елік, байқап біл: ерен,  
Бек еді атаң түрік елін түзеген.
- Қазына, әскер, қошеметке бөленіп,  
Тілегі боп, құрды қанша төрелік.
- Ақыры өлім тұтты жетті, сүйреді,  
Құрмет, даңқтың еш пайдасы тимеді.
- Өсиетін айтты атаң кетерде,  
Ата сөзі — тұтсаң — қант\*, шекер\* де!

- 5155 Мұны мегзер, мына сөздің мәсі бар,  
Пайдасы көп, ұқсаң көзің ашылар:
- «Атаң өлсе, айтатыны аян-ды,  
Қашан болсын: — Қара, ұлым, оян! — деп.
- Өлім тұтты, кеттім. Келер саған да,  
Жақсы ат қалдыр, қарекет қып ғаламға!»
- Ұғып алғын, ата-анаңның өлімі,  
Ұл-қызға үлгі, тіршіліктің тәлімі.
- Ата-анаңды алды өлім, қоймады,  
Уақыт жетсе, қоймас сені, ойлағын!
- 5160 Дүние қысып жапа қылды оларға,  
Құлқын оңдап, саған опа қылар ма!?
- Керек іске жұмса өмірді жарасып,  
Сауабын ал, елге үлесіп қарасып.
- Керегінді ал көшер күндер ішінен,  
Дайындал, сені текке қапы түсірер.
- Өзің мұнша халық жүгін көтердің,  
Қисапты біл, сақ бол, қапы кетер күн!
- Сені қалың аш бөрілер торып жүр,  
Ай, ел ері, қойды қатты қорып жүр.
- 5165 Бола қалса, біреу егер, еліңде аш —  
Алла оны сенен сұрар, көзіңді аш!
- Бүгін шамдай жанып көзді қарыдың,  
Ай, пәкзада, басқа үшін жарығың.
- Тірлік тозып, жасың азып, сөнерсің,  
Ешкім саған қолын бермес, көрерсің!
- Кісі үшін өзіңді отқа салмағын,  
Өзіңді өзің зорлап, қорлап жанбағын.
- Қалар бәрі — ұлықтық та, ұлылық,  
Есік ашып, салса ажал құрығын.
- 5170 Туралықпен адал бектік құр ұдай,  
Билігің нық тұрар ұзақ, мызғымай!

Білікті ұлық берген тәлім, қабылда,  
Бұл сөзді еске түйіп, жолдан жаңылма:

«Келсе, бектік жөнін берік ұстағың,  
Әділ болып, шындық жолын нұсқағың!

Ол дүниені қолға тұтсам десеңіз,  
Шындықты ұстан, сөзді осымен кесемін!

«Бекпін» деуші кеуде керіп, күпінбе,  
Опасыз бұл дүние түңіл, күтін де!

5175 Нанбағын бұл дүние — құтқа малданып,  
Жафа шегіп, қаларсың құр алданып!»

Ай, Елік, бұл — сарай, орда, тағыңыз,  
Тіккен саған бір қонақ-жай, наныңыз.

Сенен бұрын талай түсіп өткен-ді,  
Түстен тұрмай, көзін жұмып көшкен-ді.

Саған енді тиді орын да, орда да,  
Көшті өзіңнен бұрын сайла жолға да!

Бүгін мұнда салма орда, үй, сарай,  
Қоймас сені, өтіп жатқан жыл, күн, ай!

5180 Өзің жатар орныңды көр, сайлап ал,  
Жақсылықпен жақсы қылып жайлап ал!

«Бүгін сарай менікі! — деп санарсың,  
Ақылдылық емес, шынын, бағарсың...

Тыңда өзің, саған қарсы не дерін,  
Байқап көрсең, шын айтады, ей, ерім :

Өзеурейсің: «Менікі, — деп, — менікі!»  
Неге айтасың? Қане, несі сенікі?

«Шық!» — дер саған, кейінгілер өзіңнен,  
Кіргенше ол да: «Менікі, — дер, — менікі!»

5185 Дүние бегі, түнек, зындан бұл жаһан,  
Зындан мұңсыз болған емес, бір қапам.

Тілеме артық бұл зынданнан сүйініш,  
Жұмақта асыл уаныш та, сүйеніш.

Рахат деме рахатты кететін,  
Сүйініш деме сүйінішті өтетін.

Дәулет баста тұрмас мәңгі, қашады,  
Жиған-терген малды түгел шашады.

О дүниені мәңгі орным деп сана,  
Соған бет бұр, бұл дүниені таста да.

5190 Баянды бақ тіле, қойып ләззатты,  
Мәңгі ләззат жолы да ауыр, азапты.

Хақтың пейіл, ықыласын айтамын,  
Қанша ізгілік жасады ол, байқағын.

Қалың халық ұзын қылды қолыңды,  
Тіл, тілекті берді оңдап жолыңды.

Саған ұқсас, өзіңдей хақ құлдарын,  
Саған мұңлық қылды, көрдің сұрларын.

Шүкір қылып бүгін, Елік, ғұрпына,  
Қайырымды бол Алланың бұл жұртына!

5195 Тәңір сені әділет үшін қолдады,  
Әділ жүріп, әділ тұрсаң болғаны!

Күллі ісінді ақылменен атқарып,  
Нәпсіге ермей, жаныңды ояу сақтағын.

Барша елге мейіріммен қарар бол,  
Үлкенге де, кішіге де адал бол!

Халық құлқы бұзылса, тез ескеріп:  
Қатты тұтып, түзет оны тексеріп.

Тыңда адамды, білім-теңіз білінген,  
Жүзің жарқын, іс істесең біліммен:

5200 «Бүгін ізгі болсын десең күллі ел,  
Өзің ізгі болғын елдің ішінде, ер!

Түзетемін десең бәрін, біле бер,  
Өзіңді өзің түзе, халқың түзелер.

Бұл бектер — бас. Қайда маңса ел басы,  
Солай еріп, барар маңып баршасы.

Халқы азса, оны бектер түзетер,  
Бек азса егер, оны кімдер түзетер?!

Онда өзіңнің қылығыңды, құлқыңды,  
Жаның тыншыр, құлқын оңдап халқың да!

5205 Өзің тілеп, жақсылыққа бастасаң,  
Сөзді тиып, жамандыққа баспасаң!

Арсыздан — без, ластан алыс қонарсың,  
Бұл екі істен жүзіқара боларсың.

Жарамсыз, жауыз нәрсені өзің қумағын,  
Жарамсыз іс қылма, ақыл қылғаным.

Шарап ішпе, рахат қума, көпірме,  
Бұлар теңіз, жоқ өткелі, көпір де!

Құлқыңды онда, қылығың соған теңессін,  
Ақыл жолшың, білім болсын кеңесшің.

5210 Діліңді онда, әділетке табын да,  
Өзіңді ұстап, дұрыс жолдан жаңылма!

Кішік болғын, кекірейме, кекіреп,  
Әскер, күшім көп деп керме көкірек!

Не әйгілі, тәкаппар, паң ерлерді,  
Өлім жеңді. Топырақ жапты, жерге енді!»

Жақсы айтыпты білікті ер ұққанға,  
Білімдінің сөзі пайда тұтқанға:

«Қазынам көп деп, мардымсыма, тасынба,  
Қосын, әскер көп деп, иық асырма!

5215 Күшеншек ер күшін айтып болмапты,  
Бір шыбынға әлі жетпей сорлапты!»

Азап көріп, істен жеріп, саспағын,  
Өкпең келсе, өзінді өзің сақтағын.

Діннің ісін асып-сасып атқарма,  
Аптыққан жан істен пайда тапқан ба?

Сый берерде — тез бер, созып қашыртпа,  
Жазаларда — таяқтауға асықпа.

(Сүйін де, тез сыйла — сыйға келгенде,  
Таңда, сабыр сақта — жаза бергенде!)

Болма ұшқалақ сөзде, істе, қауымда —  
Сабыр сақта, жақсы атанар сабырлы...

5220 Сақи болғын, елге үлес мал, сыйыңнан,  
Бектер сараң болса, атағы сұйылған.

Қыңыр сөзге ерік берме — бол берік,  
Қырсық сөзден суыр көңіл, тез жеріп.

Бар кісіге сөйле шырын сөзінді,  
Маңдайды ашық, жарқын ұста жүзінді.

Ел сайлады — қылық, ісің сай болсын,  
Көңіл, тіл оң, жөн-жосығың бай болсын.

Жақсы болса — жақсылығы қараның,  
Өзіне болар, ай, таңдаулы ер, қарағын!

5225 Егер, ізгі болса бектер қылығы,  
Күллі жұртқа тиер мейір, жылуы.

Жаман болса бектер құлқы, қылығы:  
Жаман жеңіп — жақсы күйреп, құрыды!

Жаман болма, жаман атқа қалмағын,  
Жаманды қыс, ерік беріп алмағын.

Жамандық — у, уды жеуге болмайды,  
Уды жеген, тірі қалып оңбайды.

Кім ақылды болса, соны жақын тұт,  
Білікті сөз болса, ұғып, хақын тұт.

5230 Аты ізгі шын асылды таны да,  
Ісінді бер, жақын тұтып жаныңа.

Алдамшы әлем, бойында — мың айла аңғар,  
Осал болма, сақтан, жолы тайғақ, тар.

Безеніп кеп, көр, көңілді арбайды,  
Көңіл берсең, жалт береді, алдайды.

Өлімді ойла, қайғы-мұңға көмілме,  
Ай, құтты елші, ғаріп болма өлімге.

Ұйқы — ғафыл, ұйықтама, ей, Елік,  
Есірме, естім, бұл бектікке сен еріп.

5235 Бір күншілік рахатқа малданба,  
О дүние жәннатын бақ, арманда...

Сүйініші, ләззаты мол, тұттың ба,  
Рахат болса, сондай болсын тұп-тура.

Рахат қусаң — өзің жақсы, ізгі бол,  
Мәңгі немат ішінде жүр, үлгі бол.

Не дер екен, тыңда, білім қонған ер,  
Білігімен елге сыйлы болған ер:

«Алла берсе, рахымының шегі жоқ,  
Рахатыңның рахметі тегі көп!»

5240 Егер безсең, қорлығың бар табатын,  
Ол қорлыққа кімнің шыдар тағаты?!  
Бейне оташы, Елік, бүгін сен де бір,  
Мұңын шағар саған бүтін ел келіп.

Қайсыбірі күші қайтып, қорлаған,  
Қайсыбірі кедейліктен сорлаған.

Қайсысы — аш, қайсыбірі — жалаңаш,  
Бірі қайғылы, қан мен жасы аралас.

Сенде, бақсаң, ем-дауасы бәрінің,  
Дауашы бол, емдеп дару дәрімен.

5245 Егер дауа жасамасаң, обалсыз,  
Ел-жұртыңа тірлік жұты боларсың.

Қияметте тәңір сұрар, қазірден,  
Ат қалдырып, жауабыңа әзірлен.

Бектік қалар, тірлігің тез көшеді,  
Жетер саған атың қалса көшелі.

Дүние, Елік, бір тарыжай, қарасаң,  
Нені ексең, қолға соны аласың!

(Дүние, Елік, бір егінжай орасан,  
Нені ексең, ертең соны орасың!)

Жақсылық қыл, ек жақсылық ұрығын,  
Мәңгі аялап тұрар жақсы қылығың.

5250 Не дейді аңда, ел басқарған елші бек,  
Бектік ісін, жолды білер белді бек:

«Халыққа ұлық болушы бек, дер едім:  
Көңіл, тілді кішік тұтсаң — беделің!

Ай, қолы үстем, басболушы, кіріссең,  
Ең әуелі білікті істет күллі істе.

Күллі түрлі істі істе іліммен,  
Барлық істің келер көркі біліммен!

Өтер жалған, ештеңе жоқ көшпейтін,  
Жақсылық қыл, өзің кетсең өшпейтін!

(Кетер бәрі, қалмас тұрып бұл жалған,  
Жақсылардан өшпес жақсы нұр қалған...)

5255 Қалар дүние, туған өлер ақыры,  
Жақсы-жаман атың қалар асылы!

Жаманнан қаш, күйіндірер-күйгізер,  
Ізгі атың — ізгі ізінді білгізер.

(Жаманнан без, жаласына жанарсың,  
Жақсы аттан — жақсы жосын табарсың!)

Ширап, Елік, қырағы бол талаптан,  
Қаперсізді қатер қағар қабақтан.

Сақ, сергектік — бұлар бектік тамыры,  
Содан болар дүние қусаң тағы бір.

Осал болма, осал бектік құриды —  
Осал улап екі әлемде ұлиды.

5260 Өзіңе жау іздеме де, төкпе қан,  
Бұл қос күнәң ұлытады кетсе жан.

Арамнан без, сақ бол, ұзын құрығы —  
Харам жеуші орны — тозақ құдығы!

Барша елге бауырмал бол, қарасып,  
Жанға жаулық қылма, жолдан адасып.

Шарап ішпе, азғындықтан қорғанғын,  
Бұл екеуі бұзар сарай, ордаңды.

Өлім үшін туар — жарық көрген жан,  
Атымен із қалдырады өлген жан.

5265 Тұтам тірлік таусылар да, тарқалар,  
Жаман-жақсы болсын, бақсаң, ат қалар!

Тербер дүние алданышпен, алданып,  
Ғафылат күні ұйықтап ғафыл қалмағын.

Бұл ғафылдық ұйқымен ес тандырар,  
Ұйықтаған жан күллі істі қалдырар.



(Ұйқы талай ерді торға түсірді,  
Ұйқы — өлім, өлі қайтсін ісінді!)

Болмаса — адам — бұл ғафылдық кинамақ,  
Періште боп, қылар еді ибадат!

Жақсы айтыпты білімді өз сөзінде,  
Көңілі — жаз, ұғып ал, түй көңілге:

5270 «Бар ғафылдық — сүйінішпен меңдейді,  
Ғафылдықпен кісі азап теңдейді!

(Бар ғафылдық — рахат боп таралып,  
Адам ғафыл қалар, бейнет қадалып.)

Ғафыл болма, қалма ішінде мұнардың,  
Сақта, ғафыл ұйқысынан, раббым!»

Жіті ұста көз-құлақты елінде,  
Күллі елге мейірімді бол, тегінде.

Ақыры, анық, тәңір сенен сұрары,  
Хақ сұрағы — күнәһардың тұзағы.

Тақуа кісі, не депті, ұқсақ оң болар,  
Тақуа сөзін тұтсаң, ісің оңдалар:

5275 «Ай, бос жүріп, баққан жұрттың ауанын —  
Сұрақ берер хақ, әзірле жауабын!

Ай, кесірлі, ерген көңіл желіне,  
Бір күн тәңір жауапқа алар сені де!

Ай, ішіп-жеп, текке жүрген өмірде,  
Есеп беріп шығатығың жол ізде.

Бәрін Алла жауапқа алар, саспа әлі,  
Құтылатын жерің бар ма, қаш кәні!»

Қылыш, қамшы, Елік, сенің қолыңда,  
Қамшы ойнасын жамандықтың жонында.

5280 Жамандықтан жамандар қол үзбесе,  
Қамшыны бас, жазаны да үзбе сен!..

Көнбесе — ығып, таяғыңнан жамандар,  
Сақтан өзің, алыс тұрғын олардан.

Елік, жаман болса, дүние қағынар,  
Тиюшы жоқ болса, жолдан жаңылар.

Жақсыларды құрметте, істеп ізгілік,  
Халық түгел жақсы болар, ей, күлік!

Ойынды қой, шира, тастай түйіл де —  
Қалды аз күнің, рахатқа сүйінбе!

5285 Туралықпен, әділ заңнан жаңылма;  
Әділдікпен тұрар бектік бабында!

Қатуланып, тырыс күшің жеткенше,  
Қателессең — құзыр сұра — өткенше.

Не дейді екен ел басқарып кеткен ер,  
Әділдікпен ел сыйына жеткен ер:

«Ай, бек, тырыс, ағат кетпе тасалап,  
Әділет қыл, тигіз елге шапағат.

Егер нұқсан келсе, құзыр сұрарсың,  
Тіліңменен күнде тәубә қыларсың».

5290 Көп қазына жима алтын-күміспен,  
Не болса да беріп, көппен үлескін.

Өлім тұтса, қалар кейін өзіңнен,  
Ұл-қыз шашар жаманатқа көрінген.

Мал-дүниеден тірлігінде арыл да,  
Сауабын ал, қисап қуып сарылма!

Жақсы айтыпты, халық бегі — данасы,  
Халық бегі — кісілердің сарасы:

«Байлық жиған дүние бегі, талдың ба...  
Өзіңнен соң қазынаңды қалдырма!

5295 Қызығын — жат, қисабын сен көресің,  
Асыл текті, елесі тек — үлесің.

Бай болушы, ай, ел бегі, сарасы,  
Тарат та оны, саубыңды ал аласы!

Опасыз сұм — жалған, көңіл бұрмағын,  
Жафа қылар ақыры — бой ұрмағын.

Бұрын елге бек болушы, ойлағын,  
Бектікті ерте беріп, орын сайлағын.

Ай, сұқ көзді, күйттей бермей бабыңды,  
Өлмей тұрып таратып бер барыңды!

- 5300 Өлім тұтса, ақыр малдан пайда жоқ,  
Қалар нәрсен, ала кетер айла жоқ!?»
- Асты аз же, ибадат қыл көп енді,  
Сөзді аз сөйлеп, үйрен барлық өнерді!
- Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,  
Шын әділдік — соларға көз бұрғанда.
- Жақындатпа өсекшіні қасыңа,  
Пасықтан без, шырмау болар басыңа.
- Мұндайлар сұм, зиянкестер тек қана,  
Зиянкесті жаудың жауы деп сана!
- 5305 Сұқкөзге елде орын берме, қол берме,  
Күмәнданба, бұзар елді ол демде.
- Қатуланып, ауаша жүр тозақтан,  
Ізгілік қыл, сақтар Алла жұбатқан.
- Ізгі болсын түгел — келер түндерің,  
Күн артынан келер түн мен күндерің!
- Жақсы айтыпты ғалым, әділ ақ адам,  
Күллі ісінді хатқа жазып қараған:
- «Бұл күнге ертең, жауап берер күн келер,  
Ертеңді ойлап, әділдікпен тілге кел!»
- 5310 Ұйықтап, ғафыл қалма, ұйқыға берілме,  
Кірпік ілме, ұйқыны ұмыт, тегінде!»
- Бұл дін «далы», дүние «далы» қабыспас,  
Қарсы-қияс жолдары да жанаспас.
- (Бұл дін ділі, дүние ділі кірікпес,  
Қайшы екеуі, жолдары да бірікпес.)
- Діл дүниемен бірікпейді табысып,  
Біл, екеуі қосылмайды қауышып.
- Таяса бірі — бірі безер, әрі асар,  
Тұтса екеуін, кісі жолдан адасар.
- Дәл дүниені жел, жаңбырға теңесен,  
Гүрілдеп тез, келер де — үні тез өшер!
- 5315 Қалың құт кеп, қақпаңа бақ кептелер,  
Көңіл берсен, басқаларға жалт берер.

- Баймын десен, пақыр болып шығарсын,  
Әзізбін де, жер боп ақыр, тынарсын.
- Дүние тоқтығы, бәрі аштыққа жай болар,  
Сүйініш, рахат, көр, бейнетке айналар.
- Өз нәпсіңмен қатты күрес, ей, Елік,  
Берме аңсарын, зауығын тый шегеріп!
- Жауыңның ең зұлымы осы, айырар,  
Жақсылықты жамандықпен қайырар.
- 5320 Опа қылсаң, жауап берер жафа қып,  
Жафа қылсаң, көтереді опа қып.
- Бұл нәпсіні қорла, рахат жан табар,  
Білімің — бек, ал ақылың хан болар!
- Дүние — жау, нәпсің — жаудың аяры,  
Екі жауың саған тұзақ жаяды.
- Шалқып құтқа, көңіліңді көтерме,  
Қу тірлікке сене берме бекерге!
- Бек, ұлықтық көшеді де құриды,  
Күллі дәулет оты өшіп, суиды.
- 5325 Ай, асыл бек, бұл жөнінде не дейді,  
Мейірбанның сөзі, тұтсаң — жебейді:
- «Көтерме иық сен бектікке мақтанып,  
Артық көкірек керме, өзінді сақтағын!»
- Бұл жалғанды ұмыт, ойдан шығарып,  
Анда Алла берер немәт басқа мың!»
- Таңдап, Елік, тауып ал үш кісінді,  
Тапсыр сонсоң соларға істер ісінді:
- Бірі — қазы, таза, зерек, пәк болсын,  
Өзі сақи, халыққа өзі жақ болсын.
- 5330 Екіншісі — халифа, бек сай болсын,  
Өзі жайлы, халқы аман, сай болсын.
- Үшінші — асқан сара уәзір керегі,  
Не келсе де елге содан келеді.
- Болса осы үш кісіңіз сайлаулы,  
Барақатта елдің күні жайнайды.

- Ел жетіліп, халық байып, көгерер,  
Елік, саған дұға қаулап жөнелер!
- Бұл үшеуі — жайсыз болса, сол — қайғы,  
Барша елдің күнкөрісі оңбайды!
- 5335 Мұны мегзер сөз реті келіп тұр,  
Есті сөзді естіп алғын, көріктім!
- «Уәзір — бектің жетекшісі, демеуші,  
Елді бағып, бектік ісін жебеуші.
- Егер жолдан тайса уәзір жетегі,  
Мен айтамын, түгел кері кетеді!»
- Дүние, бейне, мол жайылған дастархан,  
Кісі соның дәмін татып, ас тартар.
- Бізден бұрын талай жандар келген-ді,  
Жеді, тойды, қанды, өліп жерге енді.
- 5340 Ұлы тойға — жатыр күтіп, шақырып,  
Барамыз, көр, еш шүбәсіз, ақыры...
- Тағы бір әулет, ол — қарында жатқандар,  
Бізден кейін дәм татуды баққандар.
- Кетуімізді күтіп отыр бұлар да,  
Келуімізді күтіп жатыр олар да...
- Дастархан дәмі бүгін бізге бұйырды,  
Қанша киіп, жейміз... айту қиын-ды.
- Өлгендер де шақырып: «Кел, тез!» — дейді,  
Қарындағы (қулар) «Тұр!» — деп, мегзейді.
- 5345 Бірі шақырып, бірі қуып бағады,  
Екі ортада кім рахат табады?!
- Ғафыл болма, Елік, ұзақ толғанба,  
Ұзақ ғұмыр жоқ, қорған, сен қорғанба!
- Харамға, Елік, жақындама бір қадам,  
Көңіліңді қарайтады бұл харам!
- Сақ болайын десең, Елік, зарардан,  
Халалды же, үлес көтер халалдан.
- Не дейді екен халал жеген күшті адам,  
Сақи басы, адал сөзді ұстаған:

- 5350 «Адал жесең, жоқ тәңірге жазығың,  
Адал болсын ертең де жер азығың!»
- Кімнің таза болса ауызы, тамағы,  
Күнәдан пәк болар, таза жаны, ары!
- Тазалық қусаң, таза болсын тамағың,  
Құлқын таза — теңіз пайда — аларың...
- Ел пайдасын көзде, пайда түсірме,  
Өз пайдаң бар, ел пайдасы ішінде.
- Не дейді, есті, ұлық, бегі шаһардың,  
Күллі істе парасатты ер атанған:
- 5355 «Халыққа құт беру керек, сол құт — бек,  
Құтайса елі, елдің қарны тойсын бек...
- Бектер — теңіз, түбінде інжу-маржаны,  
Байыр адам жақындаса болғаны!
- Алтын-күміс кеніндей бұл бектерің,  
Кен қазғандар көрдік байып кеткенін.»
- Бектер жомарт болу керек, қолы ашық,  
Жаһан халқы тоқтық көрсе, жаны ашып.
- Жайна, ел бегі, күндей сәуле түсірген,  
Халық сеніп, тапсын сенен ішіп-жем.
- 5360 Хақ мойнына аманатты жүктеді,  
Сұрар сенен, сақтан, дайын күт тегі!
- Елік, өзің өзінді көр шамалап,  
Қанша нәрсе жисаң саған жарымақ.
- Теңіздегі гәуһар бітпей, қоймассың,  
Түбіндегі інжу бітпей тоймассың.
- Жер астынан алтын-күміс қазасың,  
Қазынаны жиып-теріп аласың...
- Тау қойнынан шығар гәуһар, көп алмас,  
Ай, ер саған қазып түгел бере алмас.
- 5365 Қара жерде өніп-өскен дәнді бар,  
Қазынаға жиып түгел алдырар...
- Ұшқан, жүрген, суда жүзген балық та,  
Құтылмас, кеп түсер тулап ғарыпқа.

Керуен кезіп әлемде елдер арасын,  
Жібек, сусар, тиін жиып аласың.

Дүние таңсығы Руми, Үнді жібегін,  
Қазынаң толмас жатқанымен жіберіп!

Кәвал тазы, бүктәл, тағы , арғымақ\* —  
Қораң толды, толмас сұқтық ал, бірақ!

5370 Таңдаулы, көп, мың-мың түйе жиылған,  
Жайылымда — ат, ақырда — өгіз, сиырлар.

Қырда-тауда қойың жатыр мыңғырып,  
Күң, құлың жүр, әй, мәрт, істі тындырып.

Қалың қодас жүр құзында, әнеки,  
Сиыр, өгіз жүр түзінде және де.

Киік, теке қияларда секірген,  
Ер бек, сенен құтыла алмас шетінен!

Бұғы, марал, теңбіл киік, ор киік,  
Жеп тауыса алмассың бек, ол қиын.

5375 Құлан, бұлан, көк теке ме керегі,  
Ай, бек, ұстап алдыңа әкеп береді.

Қасқыр, түлкі, арыстан, аю, доңыз да,  
Құтыла алмас, өлер сенің торыңда.

Аққу, қордай, болсын тырна, иә йуғақ,\*  
Той, тұт, йүгдүк, иә тодлыш, иә қақ.\*

Қара құс та самғап ұшқан көктегі,  
Сенен қашып құтылмас, ей, көк бөрі!

Алғыр құсың ұшқандарды ұшырмас,  
Жортқан барыс, иттеріңнен құтылмас!

5380 Аталылар жалғыз қалар атасыз,  
Аналылар жетім қалар анасыз.

(Жалған дүние ата-анадан асыл ма?!  
Тұқымың да қалар жүрген қасыңда...)

Бүтін жаһан бұйырмайды, ойласаң,  
Құдіретті ер, тойдырмас сен тоймасаң!

Аз болғандай киім, ішер тамағың,  
Бар дүниені тердің, өлсең — қалады.

Пайдасы не, тердің дүние, малыңды,  
Тамырды үзіп, терер ажал жаныңды.

Қарап тұрсаң, сұғанақ көп жалаңдар,  
Қалай тойсын сұғанақ сұқ адамдар.

5385 Тыңда, көзі тоқ кісі не деді екен,  
Көз тоқтығы — байлық көзі, береке:

«Қолға алса да, сұқ көз түгел жаһанды,  
Бай деме оны! — деген еске ал мақалды.

Кедейлерді кім кемсітіп: «Кедей!» дер,  
Бай болса да, сұқкөздер шын кедейлер!

(«Кедей!» деп, кім айтсын кедей пақырға,  
Ашкөзді бай — сол кедей де, тақыр да!)

Баюдың да сұқкөзге жоқ пайдасы,  
Ай, тоқ көңіл, жарылқашы, ойлашы!

(Сұқкөз — жұт көз, Байыса да: «Жоқ түк!» — дер,  
Жарылқап сұқты, көңіліне тоқтық бер!)

Ашкөздерге дүние жетпей жылмандар,  
Бақыттылар, беу, қанағат қылғандар!

5390 Сұқкөз көзі тоймас дүние-малға онша,  
Аясына топырақ толып болғанша!»

\* \* \*

Осылар еді, Елік, менің білгенім,  
Ұққанымды айттым, беріп тілге ерік.

Сен естідің, мен сөйледім ашына,  
Ұқсаң ойлап, көңіл-көзің ашылар.

Себі тиер сөзімді ұғып, құптасаң,  
Өзіңе жүк болар, егер тұтпасаң.

Ақылды ер не дейді екен, құлақ сал,  
Саған үгіт-насихат ол, ұнатсаң:

5395 «Пайдасы көп берер кеңес-ақылдың,  
Кеңес тілеп тұрса ғана, ашылғын.

Сөз қадірін білмесе егер, ояу ер,  
Араласпа, күйсін отқа, қоя бер!»

(Айтқаныңды түсінбесе, жасқама,  
Күйсін өзі, жайыңа кет, таста да!)

### Еліктің Одғұрмышқа жауабы

Бұл сөздерді естіп Елік таңданды:  
«Ай, ақылдым, — деді, — адамның абзалы!

Ай, хош көңіл, таптың сен де салауат,  
Бектік маған болды енді бәлекет!

Білдім енді, көзім менің ашылды,  
Өзімнің мен отқа атыппын басымды.

5400 Туралықтан азыппын мен, ей, ұлық,  
Түзу жолын айттың, алдым мен ұғып.

Дұға қылғын, Одғұрмыш, сен мен үшін,  
Тәңір тауфиқ берсін, ізгі жемісін!»

### Одғұрмыштың Елікке жауабы

Айтты Одғұрмыш, жауап беріп: — Бек, ұдай —  
Тілекке жет, тауфиқ берсін бір құдай!

Ақылыңмен тый нәпсіңді жел берер,  
Қор болады құмарлыққа ерген ер.

Құртар сені тән мен жанның құмары,  
Құмар қусаң — азар жанның құнары...

5405 Күнә толы, кәрі дүние алдады,  
Құлқы түзу талай бекті жалмады.

Қарғайтқан ол сендейлердің талайын,  
Сені де ұзақ ұстамайды, ағайын.

Олар кетті, сен жайғастың орнына,  
Енді әзірлен, уақытыңды қор қылма.

Ұмытпа, Елік, өлім түбі жеңеді,  
Күмәнданба, уақытың тез келеді!

Ұмытпа, Елік, сақта өзіңді шыда алда,  
Ұмытсаң да, әсілді естен шығарма!

5410 Ұқпаса кім, бұл екеуін, сабылар,  
Туралықтың жолынан кіл жаңылар.

Не дейді есті, өзін өзі білген ер,  
Құмарлықты ақылымен бүрген ер:

«Көрің, жұртың — өлімді сен ұмытпа,  
Арың жұрты — өзіңді өзің ұмытпа!

Жаралғанның бірісің, «Мен!» демегін,  
«Мен!» десең, жан орны дегін денені...»

Тасада аңдып, өлім көзге шалынбас,  
Шықса — табар, өз жолынан жаңылмас.

5415 Еш қиындық көрмесе өзге өмірде,  
Жетер ашық — бір қараса өлімге.

Өлімнен соң таппасың ат, затын да,  
Шіріп, құрыр қара жердің қатында.

Бұдан басқа қанша іс бар қарасаң,  
Барша көрер, жол ашса ажал алашақ.

Бұл халді ұғып, түсінген соң ақылды ер,  
Қалай тыныш ұйықтап, қалай асын жер.

Не дейді есті, елге білім берген ер,  
Құн-қадірін ақылымен білген ер:

5420 «Бағанды біл, көтер көңіл-сезімді,  
Түңіл, жібер, бұл жалғаннан безін де.

Дүние — түнек, іші — оқ жылан, қамдан да,  
Ұмыт, бұрыл нағыз жарық жалғанға.

Таза жаның қара топырақ жамылар,  
Ай, сақи жан, тәнің көрге бағынар.

Бұл дүние — зындан, құдық қараңғы,  
Бәле, бейнет қинар мұнда адамды.

Сен зынданнан не рахат табарсың,  
Не үміт тілеп, не қайырым аларсың.

5425 Қой бір уыс топырақты, жайланба,  
Мәңгіні ізде, несиеге айланба!

Бұл шаң, тозаң, тұманнан тез өзің қаш,  
Мәңгі, таза мекен ізде, көзіңді аш!»

Сен неше мың жаса, ақыры бұл өлім,  
Қуып жетіп ұстар сені, күн ерім!

Озған сайын дүние, дерті қаптайды,  
Қаптайды, ерім, камар, қарап жатпайды.

Неше мың жыл жасап, тілек тілерсің,  
Ешкім жетпес бар тілекке, білерсің!

5430 Не дейді екен, тыңда, ай, таза көңілдім,  
Көңлі жарым, оғы тиген өмірдің:

«Мың жасағын, түгел болмас тілегің,  
Түгел болып, түгенделмес керегің.

Түгел тілер кісі тілек тілесе,  
Тілек бітсе, білмей қалар өлерін!»

Сөз пайдасы — көп жырлаудан емес, біл,  
Қайран қалып, көп тыңдаудан емес, біл.

Сөз пайдасы — айтқаныңа құласа,  
Ішке түйсе, көңіліне ұнаса!

5435 Естідің түгел, көп сөйледім толғанып,  
Пайдасын ал, сөзімді іске қолданып.

Тілім тынбай, сайрады көп құбылып,  
Сөз азаймай, азайды оның шырыны.

Саған Алла тауфиқ берсін, ай, Елік!  
Бар жақсыға қолың жетсін, ай, Елік!

Тәңірің сақтап, тілегіңді бергей-ді,  
Дұғанда әркез еске алғайсың мендейді.

\* \* \*

Сөзін үзіп, тұрды орнынан қозғала,  
Тоқтатты Елік: — Отыр! — деді, — аз ғана!

5440 Ішіп-жейтін түрлі тағам шығарды,  
Ай, ізгі, аздап татқын, — деді, — бұл дәмді.

Қол ұсынып, алды Одғұрмыш тағамнан,  
Ішті-жеді дәмін татып аз-аздан.

Тағамнан қол тартты, басқа алмады,  
Хақты ауызға алып, «Шүкір!» арнады.

\* \* \*

Өре тұрды, айтты Одғұрмыш сәлемін,  
Елік тұрып берді ықылас-жауабын.

Шықты Одғұрмыш, аттануға бет бұрды,  
Елік өзі ұзатып сап, ниет қылды.

5445 Есендесті қоштасарда қайырылып,  
Қол алысып, Елік қалды қайғырып.

\* \* \*

Тұрағына жетіп, кетпекті ұйғарды,  
Қолын өбіп, жан бауыры қиналды...

Туысқанын қайтарды үйге Одғұрмыш,  
Хош-қайыр деп қайтты кейін Өгдүлміш.

Келді үйіне, көңілін мұң мендеді,  
Қайғы-алаңмен көзіне ұйқы келмеді.

\* \* \*

Бас көтерді күн шығыстан оянып,  
Дүние толды аққу түске боянып.

5450 Шықты биік, көкірегін Күн керіп,  
Нұрланды әлем әппақ сұлу түрге еніп.

Жайнады әлем періштенің өңіндей,  
Кафур сеуіп тұрғандай көк өрімдей.

\* \* \*

Тұрды Өгдүлміш төсегінен асығып,  
Жуынды да, намаз етті бас ұрып.

Киім киіп шықты үйінен көр енді,  
Сарайға кеп, кірді оған, көр енді.

Аттан түсіп, сарайға кеп кірді бұл,  
Шақырды хан, бұл көрінді, көрді ол.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

5455 Одғұрмышты сұрап білді алдымен,  
Қанша болды? Қашан кетіп, барды екен?

Және айтты Елік: — Өгдүлмішім, қарағым,  
У болды енді ішер асым, тағамым.

Бұдан былай, қалай тұрам, түңілдім,  
Шөкті иінім, түзей алмай бүгілдім.

Неге керек халық жүгі, бұл бектік,  
Сағыныш — қайғы тамырын үзді жүректің.

Елді әскерсіз болмас әсте басқарып,  
Бір бек бектік ісін жүрмес атқарып.

5460 Әскер ұстау үшін қажет мал, тауар,  
Бұл болмаса, жиылмас ер, жалтарар.

Не дейді есті, әскер басы болған ер,  
Бектік істе басына құт қонған ер:

«Қазына, әскер — бектің қайрат, беделі,  
Бұл екеуін сайлаған ер жеңеді.

Бұл екеумен бектің даңқы артады,  
Екеуі берік болса — берік тәж-тағы!»

Қосын жиған мол дүние береді,  
Мал, дүние, білсең, күшпен келеді!

(Мол шығынмен қосын-әскер жиылар,  
Қазына-байлық, білсең, күшпен құйылар!)

5465 Тұрған бойым, жалғыз мойным, тамағым,  
Неге мұнша елдің жүгін аламын?!

Қанша пақыр болғандар да аш қалмас,  
Тіріде өлім өшін алар, жасқанбас!

## 72. ӨГДҮЛМІШ ЕЛІККЕ ЕЛ БАСҚАРУ ЗАҢЫН АЙТАДЫ

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш. — О, Елік!  
Күллі іске қолды тигіз әуелі.

Жарамсыз, сұм сөзге бұрма тілінді,  
Хақ құптамас, ай, дария білімді!

Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп,  
Берді тәңір, рахымымен белгілеп.

5470 Бұл бектікті берді саған даралап,  
Ай, білікті, шүкірлік ет бағалап!

Хаққа табын, сеніп адал құлқыңа,  
Бауырмал бол, түзу қара жұртыңа.

Құмарлықты ақылыңмен қиғайсың,  
Білігіңмен нәпсінді сен тиғайсың!

Біліктінің айтқанына құлағын,  
Білімімен тиған нәпсі, құмарын:

«Нәпсінді үз бойдан, жаның ағарар,  
Нәпсі өлсе, ділің-тілің тазарар!

5475 Сақ бол, нәпсі құлы болма, құрысын,  
Құмарлық, нәпсі — екеуі дін ұрысы!»

Көңілің неге орта түсті, ай, ханым,  
Жақсылық қыл бар қуатың, бар халың.

Мұнша қатты қайғы жұттың несіне?  
Тірлігіңді ащы тұттың несіне?!

Қазынаң мол, әскер-қосын, басың бар,  
Барлық іске жолшы білік, ақыл бар.

Сүйіндіріп қазынаңнан үлес те,  
Сол әскермен жеткін мың-мың тілекке.

5480 Не дейді есті, жаугер батыр, гүр алып,  
Алтын-күміс берсе, жауды қырады:

«Әркез үстем тұтсын десең, қолдарың,  
Мақтап мәртін, әскерінді қолдағын!

Қошта әскерді, тілегінді тілегін,  
Жау иіліп, болар күллі тілегін!»

Қалың әскер ұстап, сыйла, тарылма,  
Солар саған қияр шыбын жанын да!

Кәпір жауды жаншы, сақтан жәбірден,  
Ақ пейілмен пәрмен тіле тәңірден.

5485 Кәпір үшін қару-жарақ, қол ұста,  
Кәпір өлмес, сұм ажалға тоғытса.

Бұрханын\* шақ, өрте үйін, мал-жанын,  
Жөн орнына жұртқа мешіт салғаның!

Ұлын құл қыл, қызын күң қыл, қосын ал,  
Дүниесін қазынаңа қосып ал!

Шариатты тарат, ұқтыр, таны да,  
Ізгі атағың бірге тарар бағыңа.

Мұсылманға қол тигізбе, жақындап,  
Хақтың өзі қорғайды оны, мақұлдап.

5490 Мұсылманға — мұсылман, біл, туысқан,  
Туысқанмен жұлыспай, жөн, ұғысқан.

Әділ заң құр, ел марқайып, шаттансын,  
Дұға қылып, ізгі атың мақталсын!

Алла өзі берер саған берерін,  
Екі дүние сендік болар, ей, ерім!

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Елік айтты: — Ұқтым нәрлі сөзіңді,  
Істі солай атқарармын өзім де.

Қане, соны пайдаланар ісім, ер,  
Қолдануға маған өзің жәрдем бер.

5495 Әуелі елді сүзіп, жөнге салған жөн,  
Іші-тысын, құлқын біліп алған жөн.

Сүйгендерді пайда беріп сүйіндір,  
Сүймегеннен без, сүріндір-күйіндір.

Бұдан бұрын жөн еліңді түзеген,  
Тазартып іш-тысын, мінін күзеген.

Заңмен түгел түзелсін ел алаңсыз,  
Арылсын жұрт іс-қылықтан жарамсыз.

Қане, елді қалай жөндеп, не істерміз,  
Көз ашқызбай қабаттасты іске — іс!

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

5500 Өгдүлміш бұл берді жауап: — Ей, бек! Сен,  
Істі созба, кіріс тездеп, еңбектен!

Бітер істі неге ұзақ созасың,  
Үлгірмесең, өмірден құр озасың!

Бітпеген іс — ертең тағы жүк болар,  
Іркіліп кеп іс үстіне іс толар.

Ертеңге — деп, бітер істі тастама,  
Қалар кейін, шықса ісің басқа да».

Түзетіп тұр, тазалап тұр ел ісін,  
Елге, өзіңе болар ертең — кенішің.

5505 Жаман болма, жаманға қу жаманды,  
Шығар елден барлық жаман, арамды.

Тура болып, түзет ділді, тілеуді,  
Жамандықты жақсы құлық түзейді.

Бар қылығы қырсық — қырсық кісінің,  
Қырсық кетпей, қыры келмес ісінің.

Жаласы бар жолама сен жаманға,  
Өмір сүргін қосылып ақ адалға!

Былай депті көңілі ақ, адал жан,  
Қылық-құлық тілінен нұр таралған:

5510 «Тура жүріп, жамандыққа жұғыспа,  
Күні қараң қатар бұрыс-дұрысқа!

Кім арамдық қылса, көрер арамдық,  
Қияметте жолы ашық адалдың.

Қосын жина, өзге шараң жоқ, Елік,  
Елді түзер әскермен бек көгеріп.

Әскеріңді сайлап, жасқа қасыңды,  
Ашты — тойғыз, байыт кедей-пақырды.

Қызмет еткен жүрер үміт-сеніммен,  
Кетер, тұрмас үміт үзіп, жерінген.

5515 Қызметші де түрлі-түрлі ойласаң,  
Танып, талғап жұмса, жолдан таймасың;

Бәрі тілер абырой, бақ, беделді,  
Қыбы қанса, бер абырой дегенді.

Тағы бірі тілер сенен мал-тауар,  
Жанын пида қылар, тауар алса олар.

Тағы бірі байлық тілер, даңқ тілер,  
Ат-тон тілер, һәм абырой-бақ тілер!

Ержүрекке, бер аямай күмісті,  
Қылыш ұрсын, ашсын кентті, ұлысты.

5520 Болса ойлы, ақылды әрі білікті ер,  
Жомарт қолмен, қадірлеп мал-мүлік бер.

Қолпаштама болса залым, құлқы тар,  
Ел билетпе, ол өзіңді ұлытар.

Байлық беріп есіртпе сен есерді,  
Шәксіз, у қып қайтарады есенді.



Тыңдап көргін білімді бек бүй дейді:  
«Кісі қоры — байыса бас имейді!»

Байытпағын, ай, ер, надан, жаманды,  
Байыр надан — байыр бірге арамдық!

5525 Қолы қысқа болса ізгі, игінің,  
Жаны жүдер мұқтаждыққа килігіп.

Мұқтаж болса, кісі ізгі қылықты,  
Бұзылар да, құртар ізгі құлықты.

Құлқын түзер, жамандарды жасқағын,  
Жақсарсын кеп, жақсыларды мақтағын.

(Құты қашсын, жамандарды азапта,  
Құты тассын, жақсыларды мадақта!)

Мейірбанды жақын тұтып, жақ болғай,  
Ұятсызды жырақ тұтып сақтанғай!

Кім зарарлы, кім пайдалы, залалсыз,  
Ай, білгір бек, талғап, танып аларсың.

5530 Сүйетінін, сүймейтінін таны да,  
Сүйгенді — сүй, жасындай ти жауыңа!

Сүйеуінді қаламаса — алыс қыл,  
Сүйгізбе де, бермей ішті қарысқын.

Аманатты қиянатпен теңгерме,  
Жарамдыны жарамсызбен тең көрме!

Бұйырма, айтпа бір істі екі кісіге,  
Болмай, бітпей қалар бітер ісің де.

Ісіңді істі білгендерге берерсің,  
Іс білмесе, өзі мұң жер, көрерсің!

5535 Жағынғаны үшін ерге іс берме,  
Таңдап тапсыр, іскерлігін ескер де!

Ел пайдасын, өз пайданды тіле де,  
Кісі ақысын аңдыма да, жүдеме.

Пайдаң үшін көңіл аулап жағынба,  
Ел пайдасын ойла, өзің тарылма!

Пайдалыға пайдаң тисін, алайда,  
Пайдасызды маңайлатпа, абайла!

Қадыр тұтып сен пайдалы кісіңді,  
Тапсыр оған, Елік, керек ісіңді.

5540 Сен атқарар істер осы, ей, Елік,  
Мұны істесең — гүлдер елің түзеліп.

Жақсы атанып, құтаярсың өзің де,  
Сенен кейін қалар атың, сөзің де.

Халық байыр, елдің орны түзелер,  
Қалауыңша қазына-байлық түзілер.

Не дегенін тыңда жаны бай кісі,  
Мейірімі тіл, діліне сай кісі:

«Қай ел бегі жақсы болса, дуалы,  
Сол ел халқы байып, күні туады!»

5545 Ел байлығы — бек байлығы саналар,  
Қаласаң — оны, тұт қаласаң мынаны!»

Ұлыс, кентті аршы ұры-қарыдан,  
Аман өтсін керуен, құл арыған.

Елдің ішін зорлықшылдан тазала,  
Тысын күллі қарақшыдан тазала.

Жаза кесіп, түзет құлқын наданның,  
Жарасады жамандыққа — жамандық!

Жамандарды ұстау керек зынданда,  
Босат оны жақсыға ой бұрғанда.

5550 Бұдан да өзге адамдар бар алуан,  
Жолың ашық болсын, бөліп танып ал.

Тағы бірі — білім қуған ғалымдар,  
Ғылымменен береке-құт табылған.

Қадірле, олар не айтса да ергеісің,  
Шариат ұстап, иіліп, бой бергейсің!

Тыйма хақын, ас-ауқат бер оларға,  
Мұңайтпағын, ай, бек, қара, обалға.

Білім беріп, көңілденсін, күйленсін,  
Білімсіздер одан білім үйренсін.

5555 Мұһтәсіптер мүлде бөлек бұлардан,  
Қолы күшті болсын, берік шынардан.

Тиып ұстап пасық, қырсық, кезбені,  
Мешітке тарт жамағатты елдегі.

Қызметші бар, қия бассаң — басынар,  
Осал болсаң, басқа шығып тасынар!

Жүк көтермес, өзің жүгін артарсын,  
Жүгін тасып, сор-азабын тартарсын.

Бұдан басқа, қара халқың қалады,  
Әділ заңмен, оларға оң қарағын.

5560 Бұлар — үш топ. Мұны-дағы еске тұт,  
Зорлық қылма, зорлық қылсаң — елге жұт!

Бірі — байлар, көзі шелді, шелді іші,  
Бұл халықтың күштілері, белдісі.

Бұлардан соң, қара, орта кісілер,  
Қол тигізбес олар байдың ісіне.

Бұлардан соң келер кедей бейшара,  
Бәрінен де соларды күт, ей, сара!

Байдың жүгін орташаға артпағын,  
Орташалар бұзылады мастанып.

5565 Орта жүгін артсаң егер — торығып,  
Кедей байқұс аштан өлер зорығып!

Сүйе — кедей орташаға ауысар,  
Тырысса — орта байлықпенен қауышар.

Орта — байып, орта болса пақырын,  
Байыса орта, баииды елің ақыры...

Ел түзеліп, табар халық ырысын,  
Дуа тиіп, жайнар ғұмыр, жұмысын.

Үш орданың ханы айтқан, білерсің,  
Соңыңда ізгі ат қалғанын тілерсің:

5570 «Кім өлгенде болса ізгі есімді,  
Үзілмейді аты дұға секілді.

Қалса атың әрі мәнді, әрі ізгі,  
Ұмытылмассың қайта туған тәрізді.

Жер үстінде, не астында жатарсың,  
Жетер, өзің жақсы атпен атансаң.

Ғұмырыңды жақсы атпен жасағын,  
Өлсең, мәңгі қалар жақсы атағың!»

Үш хақы бар бұқараның, көр, сен де,  
Хақын өте, күш көрсетпе өлсең де.

5575 Күміс елде таза болсын, саф болсын,  
Йиәрін\* бақ, әппақ болып қақталсын.

Тағы бірі — халқыңа әділ заң бергей,  
Бір-біріне күштімсітпей, теңгергей!

Үшіншісі — күллі жолды қорғағын,  
Қадағалап қаракшы, ұры болмауын.

Өтеп осы хақыларын жұртыңның,  
Ай, сақи бек, өз хақыңа ұмтылғын!

Бұқарада үш хақың бар сенің де,  
Құлағыңа, құй оларды тегінде:

5580 «Біріншіден, қадірленсін жарлығың,  
Не болса да, тез тындырсын барлығың.

Екіншісі, қазына хақын жемесін,  
Ай, қолы ашық, дәл уағында төлесін.

Үшіншіден, жауы болсын жауыңның,  
Сүйсін ділін сені сүйген қауымның.

(Үшінші, қас-жауы сенің қасыңның,  
Досы болсын, сені сүйген досыңның!)

Өтер болсаң, сен өзіңнің хақыңды,  
Олар да өтер қарызыңды, ақыңды.

Бек жол жүрсе, жүргені жөн осылай,  
Ұлық, ел де болса болсын осындай.

5585 Содан халқы білсін бектің бағасын,  
Бегі игі боп, атақ-даңқы тарасын.

Сенің құтың осыларда, ай, Елік,  
Екі әлемде көрер қызық, керегің.

Одан кейін білгір, дана, ғалымың,  
Тынбай елге берсін білім, тағлым.

Мұһтәсіптер қолы күшті, табанды,  
Жамағатты кезіп, тисын жаманды.

Саудагерлер аманатын сақтасын,  
Шәкірттерің насихатын жаттасын.

5590 Тарышылар баптап егін, даласын,  
Малшы-жалшы көбейтсін мал, қарасын.

Әскер қалды енді ісіне ұстарға,  
Қарсы жортар бөріге де, дұшпанға .

Сүйіндіріп, оларға сый арнағын,  
Бөліп алып, бөтен іске салмағын.

Сыйла еңбегін, дүние бер нешеме,  
Қадір тұтып, байыт, күшін еселе.

Бөрі, жауға күш, қаруын сайлатқын,  
Досқа дос боп, жауды өлім боп жайратсын.

5595 Іс, тілегін болып тыныс аларсың,  
Күллі ісің бітіп тынышталарсың.

Қос жаһанның қызығына қанарсың,  
Тәңіріңнің ризығын табарсың!

Туралық бұл. Тура тірлік етерсің,  
Туралықпен тілегіңе жетерсің.

Туралығың үшін сүйер тәңірің,  
Өштеспе елге, ұстан жолдың әділін.

Көкірегі ояу, сәулелі ердің сөзі бұл,  
Мәнісі ойдың — куә, көзі, өзі бұл:

5600 «Шындық үшін тұп-тұнық боп тұнар көк,  
Өлмес үшін жерді жарып шығар көк!

Тайсалма сен, шындықты бақ қашанда,  
Шындық көрер қайсар екі жаһанда!»

Елік, бұлар білгендерім, түсінгін,  
Соны айттым, жайдым іші-тысымды.

Қос әлемде ғибрат етер сөздерім,  
Осы еді. Ұқтыруды көздедім.

Жақсы атаққа жақын жаһан қызығы,  
Тиер саған түбі, жұмақ шырыны.

5605 Дүние озар, қалар, құлдай ерсең де,  
Жақсы атағың қалсын, өзің өлсең де.

Ғалым сөзі мұны жақсы меңзепті,  
Сөз бен мәнін түйіп, мірдей көздепті:

«Атым жақсы болсын, өлсем, мақұлда,  
Ақыр тірі өлсе, қалсын атым да...

Жақсылық қыл, шығар жақсы атыңды,  
Атағыңмен ұзарт мәңгі жасыңды!»

\* \* \*

Бұл сөзді естіп Елік қатты шаттанды,  
Көңіл, көзі жанып, рахаттанды.

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

5610 Көп мадақтап Өгдүлмішті мақтады,  
Айттың, — деді, — білгенінді ақтарып.

Алла тауфик, баян берсін бүгіннен,  
Ұстанайын сөздеріңді жүгінген.

Жәрдемшіге сені берген раббым,  
Не тілесем қайтармас деп ұғамын.

Тәңір берсін тілеуінді іздеген,  
Түгел бердің тілегімді, ізгі ерім!

Енді маған мейірінді себерсің,  
Жаны жайсаң, құптап жәрдем берерсің!

5615 Саған сендім, шын иландым, расында,  
Ай, көріктім, сөз, сырынды жасырма.

Бүгін күндей жарығыңа бөлендім,  
Енді сенің саянда күн көрермін.

Жақсы айтыпты ділі нұрға толған ер,  
Қосылып діл, тілі — толық болған ер:

«Көңілің кімге сенсе, сана, айнаңдай,  
Өзіңді одан таны, қара ойланбай!

(Көңілің сенсе, көзден таса қылмағын,  
Содан таны өз бейнеңнің сырларын.)

Жайсаң кісі айнаң болар, қаласаң,  
Түзер құлық — мінезіңді, қарасаң!

5620 Кімнің жаны болса өзіңе шын жақын,  
Сеніп соған, дұрыс жақын қылғаның.

Сенгеніңмен еркін сөйлес, қорықпағын,  
Сенген кісің айтса, сөзге тоқтағын!»

\* \* \*

Өгдүлміш хан сөзін естіп, діттеді,  
Көзі жайнап, сүйінді де, «Құп!» — деді.

Елік сөзін үзді, үнсіз тынды да,  
Кетті аттанып, енді Өгдүлміш тұрды да.

\* \* \*

Содан бері Елік тыным көрмеді,  
Бейнет шегіп елін түзеп, жөнделді.

5625 Қалды жаман, жиды бәрін жақсының —  
Жақын тартты, сеніп жұмыс тапсырып.

Түзелді де, елі-жұрты тазарды,  
Ай, күн, жылы, тілі тыншып, жаңарды.

Ел толысып, артты тірлік татымы,  
Сүйінішпен күлді, ырысы тасыды.

Өгдүлмішті қолдады Елік сенді де,  
Қадыр тұтты, іс тізгінін берді де.

\* \* \*

Кешті Өгдүлміш уайыммен көп күнді,  
Еңбекпенен біраз ғұмыр өткізді.

5630 Байқап көрді өзін, құлқын, істерін,  
Сөнген шоқтай жігіттік шақ өшкенін.

Көзін ашып, көңілі өксіп жүдеді,  
Жан-тәнімен тазармақты тіледі!

### 73. ӨГДҮЛМІШТІҢ ТЕККЕ ӨТКЕН ТІРЛІККЕ АШЫНЫП, ТӘУБАҒА КЕЛГЕНДІГІ АЙТЫЛАДЫ

Ғафылдықпен, — деді, — текке күліппін,  
Тірлік зая кетті, босқа жүріппін.

Ғұмыр өтті, буын кетті, әл тайды,  
Қолға таяқ тиді, тәнім қартайды!

Өкінді, айтты: — Ессіздікпен күн өтті,  
Тірлік бітті. Түнім қара түнек-ті.

5635 Тілек, мүлік — бәрін малдай жалмадым,  
Малдай тірлік кештім, талғай алмадым.

Деді: — «Бекер масайраппын алаңсыз,  
Күнім өтті, қапы қалдым, амалсыз.

Жігіттіктің күні өтті асығып,  
Күйінемін, әл тайған соң ашынып.

Өлім жетті, тірлік тынып тоқтады,  
Құтылатын жоқ шарасы, соқпағы.

Бозарды бас, бозарды көз суалып,  
Күзгі шөптей сақал қалды қуарып.

5640 Отыз екі тісім — әппақ інжулер,  
Жібі үзіліп, сетінеді бір-бірлеп.

Күндік жерді шолар, қайран, жанарым!  
Қасымдағы ерді көрмей қаламын!..

Тұнып құлақ еститұғын қиырды,  
Енді ымдасып сөйлеу маған бұйырды.

Құзғын түстес қара еді басым да,  
Басқа аққу қонды, жетті жасым да.

Қайтар уағым болды, енді құдайдың,  
Күнім үшін, кешірімін сұраймын.

5645 Уақыт келді қайтатығұн, есіл ер,  
Мінәжат еттім, күнә болса — кешірер.

Бар жарамсыз қылығымды тастадым,  
Көңілімді тез тазарта бастадым!»

\* \* \*

Тәуба қылып, тілек тілеп, жүгінді,  
Тәңірінен кешірім сұрап, бүгілді!

\* \* \*

Ойына алды, айтты: — Енді саспайын,  
Сабырсыздық — жау, жаулыққа баспайын.

Әуелі, істі алу керек кеңесіп,  
Қуу керек жамандықтың елесін.

5650 Кеңесіп іс жасау керек кеңінен,  
Кеңеспеген кісі өкініп, еңірет.

Тыңда, бұған сара кісі не деді:  
«Ақыл-кеңес күллі істің дауа, емі!»

Кеңескен жөн жақыныңмен сенісіп,  
Күллі іс бітер кеңесумен келісіп.

Кісі өз ісін кеңесумен оңдайды,  
Кім болса да, кеңеспесе — сорлайды.

(Кеңеспеген өкініште қалады,  
Кеңессе адам ісін оңдап алады!)

Енді мен де туысыма барайын,  
Бұл іс жайлы ақыл-кеңес алайын.

5655 «Жарайды!» — деп, құптаса, істі бастайын,  
Қоштамаса, құр кеңесті тастайын.

Кісі өз ісін біле бермес бағамдап,  
Басқалардан сұраған жөн хабарлап.

Ер кеңессе — білігі артып, бекінер,  
Кеңес, білік қосылса қол жетілер.

Кісі өз ісін тындырады кеңеспен,  
Не дейді екен, тыңда адамды кеңескен:

«Не істесең де, ер кеңесін елегін,  
Кеңеспейтін кісіні дос демегін.

5660 Қор болмассың, кеңесіп ал әуелі,  
Кеңесті асыл тілегіңе теңегін!»

\* \* \*

Кеш жатты да, ерте тұрып баптанды,  
Атын мініп Елік жаққа аттанды.

Рұқсат сұрап, жөн-жобамен келді еніп,  
Қадір тұтып, оған орын берді Елік.

### Өгдүлміштің Елікке сауалы

Өтінішін айтты, қалмай сыр бүгіп,  
«Бауырыма барғым келіп тұр бүгін.

Тез келемін, жарылқасаң, барайын,  
Зийарат қылып, ақылдасып қалайын.»

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

5665 — Ай, біліктім, барсаң барып келгейсің,  
Деді Елік, — менен сәлем бергейсің!

Хаққа сырын ашқан күні, егіле —  
Ұмытпасын дұғасында мені де.

Жазығымды сұрап берсін хұдадан,  
Кешірет кәрім, болып дуа дұғадан!

\* \* \*

«Жарайды!» — деп тұрды Өгдүлміш, аттанды,  
Үйіне кеп түсті, жаны шаттанды.

Жаһан жүзі алтын түске шағылды,  
Күннің жақұт өңі запыран жамылды.

5670 Түнерді өңі, түйіп аспан қабағын,  
Ұйқыға енді, жұмып күллі ел жанарын.

Намаз оқып, төсегіне ол енді,  
Көзін жұмып, ой-қиялға кенелді.

Мызғып алып, қиял кешіп бірауық,  
Ояу жатты, кетті қара түн ауып.

Төсекті оңдап, батты ұйқыға тереңдеп,  
Кетті оянып, елегізіп, елеңдеп.

Содан қайта көз шырымын алмады,  
Ояу жатып ойды — ойға жалғады.

(Содан қайта ілінбеді екі көз,  
Уайым меңдеп, жеді жанын жегі сөз!)

5675 Жерден ұшқан от-жалындай лапылдап,  
Қаракұс та ұшты қанат сатырлап\*.

Иылдырық\*, айғыр\* туып көрінді,  
Әрәнтір\* кеп қосылды да, төгілді.

Сүкіш\* ұшып көтерілді қалықтап,  
Ыбры\* айтып үні шықты шалықтап.

Шығыстан күн нұры шықты, ай батып,  
Бас көтерді жердің жүзін жайнатып.

Найзадай нұр бұлтты түрді ұзарып,  
Алабұртты көктің жүзі қызарып.

5680 Жаһан жайнап, алтын шапақ кернеді,  
Қайғы-түнек тарап, шаттық тербеді.

Дәрет алып, таң намазын атқарды,  
Атқа мініп, бетке алды тау, шатқалды.

Келіп түсті, қақты ақырын қақпаны,  
Туысқаны қарсы алды, ішке аттанды.

\* \* \*

Сәлем берді ықыласпен Өгдүлміш,  
Жауап берді сәлем алып Одғұрмыш.

Үйге кірді қол ұстасып, тілдесіп,  
Сөзге — сөзі, ойға ойы бірлесіп.

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке сауалы**

5685 Сұрады ол: — Бауырым, не болды? — деп, —  
Ай толған жоқ, жолыққалы соңғы рет.

Көңілің пәс, басыңқы үнің — қарасам,  
Қызыл жүзің сұп-сұр тартқан — қарасам.

Қандай қайғы аш бөрідей торыған,  
Сырыңды аш, арыл күдік торынан.

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Айтты Өгдүлміш: — Бауырыңның денесі,  
Жарақатты, тиді тағдыр жебесі.

Уақыт жылтып, жарық берсе — қан жүрер,  
Өлген көңіл, сөнген тәнге жан кірер.

5690 Өзім ғафыл, ұйқыда еді көңілім,  
Мені оятты түртіп тағдыр, өмірім.

Көңіл көзі, ой көзімен барладым,  
Өз жолымды өзім аңдап, таңдадым.

Жүгім ауыр, тірлік өтіп кетіпті,  
Күнәдан жан өртенер кез жетіпті.

Қызыметпен қайран өмір ағыпты,  
Ғафыл боппын, тәңір жолы қалыпты...

Бұл дүние келер, тірлік көшеді,  
Дүние қалар, қайран тірлік өшеді.

5695 Тірлік үшін тіледім жер-жаһанды,  
Керегі не, енді тірлік тақалды.

Өткізермін бүгінгі бұл күнімді,  
Көре алам ба, білмен, келер түнімді.

Шашым жазғы солған шөптей ағарды,  
Лашын түстес күлгін тартты сақал да.

Әзірленсем: артым — түнек, қайғы — алдым,  
Ай, ақылды ер, ертеңімді ойға алдым.

Мұны меңзер келді сөздің кезегі,  
Бұл сөзді тұт, іске кебі келеді:

5700 «Өкінемін — өтті ғұмыр, көнеміз,  
Енді қанша қалды дейсің, сөнеміз.

Зая кетті жігіттік шак, дәуренім,  
Келер түнім тек кетпеске, әуремін!» —

Есімде айтқан біліктінің кеңесі,  
«Бүгінгі істі — тындыр, келер — келесі!...»

Қапы қалма, іссіз текке теңселме:  
Бүгінгі ісің — даярлығың ертеңге!

Іштім, жедім, жүрдім малдай бекерге,  
Құр өтті өмір болмаған соң жетенде!

5705 Дүние, тілек көптігінен семірдім,  
Арықтайтын кезім келді, жеңілдім.

Рахатқа бөкті тәнім ылжырап,  
Аяқ басып, тік тұратын туды шак.

Көп адамды қас қып алдым шіреніп,  
Көңілдерін хош қылайын түзеліп.

Кісіге көп тигіздім тіл, қолымды,  
Құзыр сұрап, табайын оң жолымды.

Кісілерді көп қорладым, басындым,  
Енді өзімді айыптайын, ақылдым!

5710 Хақтан безген күнәһармын, наданмын,  
Күллі күнә, кінә көмген һараммын.

Бүгін оған тәубамен мен барайын,  
Иемнен мен пұрсат тілеп қалайын.

Тәу етейін жаным бойдан ұшқанша,  
Мұрша бермес, өлім тұтса мыстанша!

Не дегенін, тыңда, ғалым көреген,  
Ай, тасбауыр, бұл саған да өнеге:

«Ажалды ойла, Алланы ойла тірінде,  
Өлім тұтса, опынарсың түбінде...»

5715 Тәуба қылып, бұл тірлікті бағамда,  
Қапы қалма, өлім қолы жағанда!

Жігіттікте қызмет ет, қайраттан,  
Қарттық келсе, қаларсың күш, айбаттан.

Өмір барда мекерліктен қашарсың,  
Өлімді ойлап, тірлік қамын жасарсың.

Өлім келмей, ояу, сақ бол қалайда,  
Өлім жетсе, амал болмас, абайла!»

Осы оймен келдім саған, білгейсің,  
Өзің ақыл-кеңесінді бергейсің.

5720 Жан бауырым, қан-жаны бір, сенерім,  
Не істейін, ақылыңды бер, ерім!

#### 74. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛІМШКЕ КЕҢЕС БЕРУІ АЙТЫЛАДЫ

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Тыңдағын,  
Мен сөйлейін, інім, көңіл сырларын.

Бұрыпсың сен оң ниетке жүзінді,  
Хұда тауфик беріп, ашсын көзіңді!

Бұл іске амал білік емес бір ғана,  
Сан түрлі іс бар қолға алатын толғана.

Айтайын, біл, бірінші оның шарасын,  
Әзірленіп, істе, көріп шамасын.

5725 Бүгін саған онда тұрған жақсырақ,  
Бүгін маған мұнда тұрған жақсырақ.

Елге бүгін сенің пайдаң көп тиер,  
Ал тимесе — елің қарғап, көп сілер.

Ел ішінде қолыңды ұзын етті Елік,  
Сауабын ал — жақсылық қыл ескеріп.

Ел рахат көріп, халқың жүгінер,  
Дұғамен бір атың түспес тілінен.

Не дегенін, тыңда, ердің данасы,  
Әділ кісі — кісілердің сарасы:

5730 «Елге пайда берсе, болып ісі оң,  
Кісілердің ішіндегі кісі сол!

Безер кісі пайдасыздың маңынан,  
Пайдалы ердің кетпес елі жанынан!»

Жақсы болса ердің ниет-құлығы,  
Іс-тілегі түгел болар ғұмыры.

Ниеті оң — тек жақсылық табады,  
Ниеттен-ақ жанға сауап алады.

Әділ заңың елге ырыс үйірет,  
Хан мен халық сүйер сені, сүйінер.

5735 Заң түзелді — жақсылық кең жайлады,  
Кетті құрып зар жамандық айлалы.

Тастап бәрін, келсең мұнда отырып,  
Іс бұзылар — өкінерсің, опынып!

Іс бұзылса, заң бұзылса — ер азар,  
Ел бұзылар, бағы қайтып, жер азар.

Орнына ессіз келе қалса, білгін ер,  
Еліңді езіп, ойран қылып бүлдірет.

Жаман — елді жаман жолға тартады,  
Жаман із сап, бар жамандық артады.

5740 Мұны сенен сұрайды ертең жаратқан,  
Жақсы атақпен құтылмассың жауаптан.

Заңды бұзба, жамандарға ермегей,  
Жаманнан без, қол ұшың да бермегей!

Не дейді, ойлан, сенген жақсы ғұрыпқа,  
Өсиет қылды ол, өнегесін ұмытпа:

«Заңды бұрма, ессізден қаш, ерме сен,  
Құлқы зұлым ессізге қол берме сен!

Жақсылық қыл түзу заңды ұстанып,  
Қос жаһанда еш жамандық көрме сен!»

5745 Жақсылыққа тауфиқ берді саған хақ,  
Жолың ашық, еш тайсалма, алаңдап.

Жақсылықты несіне енді бұзасың,  
Жаласына қаласың да, тынасың!

Елден безіп, құтыңнан қол үзгенмен,  
Не жақсылық іздейсің сен бұл жерден!?

Бұл жер маған ыңғайлырақ дегенім,  
Мынау еді айтсам мәніс, себебін:

Маған дүние-дәулет бітіп көрмеді,  
Тілегімнің бірі қолға келмеді.

5750 Қатыспадым, біліп ел-жұрт арасын,  
Бектер құлқын сезбедім мен, жанасып.

Бұл жалғанның дүние-малын көрмедім,  
Жаман-жақсы кісі халын көрмедім.

Халім оңбас, енді онда барсам мен,  
Біліп тұрып құлшылықтан тансам мен.

Егер кісі алтын-күміс көрмеген,  
Көрсен, құрып, буынан-ақ өртенер.

Сөзді тында сарттар басы аңдаған,  
Қытай, жерді керуені шарлаған:

5755 «Кедейлікпен күн өткізді пақырың,  
Байып кетсе, болар нағыз тасырың!

Байып кетсе, қайыршы да бағы бар,  
Бұрынғы ақ жолынан тез жаңылар?

Құтсыз-бақсыз, дәулет бітсе құт қонып,  
Құлқы өзгеріп, тиер елге жұт болып.

Әкім болса, әкімдікті білмеген,  
Қатты тиер елге қолмен, тілменен!»

Көрдін, білдің: мал-дүние жидың да,  
Көңіліңді һәм нәпсіңді тидың да.

5760 Көзің тойды, көңілің де бабында,  
Жарастықпен жүрсің Елік жанында.

Мұның бәрі бір хұданың пейілі,  
Берген күллі жақсылығын, мейірін!

## 75. АДАЛДЫҚҚА — АДАЛДЫҚ, КІСІЛІККЕ КІСІЛІК ЖАСАУ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ

Бұл бір түрлі, тағы бірін айтамын,  
Тындап мәнін, мағынасын байқағын:

Жаңылдың ба, қарайды ма жанарың?  
Қандай оймен мұндай істі қаладың?

Ай, әзіз ер! Опалы, есті адамға,  
Мақтау-мадақ, білсең, көп-ақ ғаламда.

5765 Сүйенеді заңға жаһан, жер, кісі —  
Кісілерге кісілік қой белгісі!

Қайырымға жасар кісі қайырым,  
Жақсылығын он есе өзі қайырып!

Асыл болса кімнің ата-тегі егер,  
Одан елге пайда тиер сене бер!

Ұрық суын ұрлап алса анасы,  
Ұл туса одан, тиер елге наласы.

Ұмытпа енді жақсылығын бегіңнің,  
Сені демеп, киіндірген-жегізген.

5770 Ақыл-білік, күллі құрмет-беделге,  
Есік ашқан Елік, өзің келерде.

Ұлық қылды, атақ беріп демеді,  
Ізгілікке есік ашып, еледі.

Ұмыттың ба жақсылықты сен енді,  
Жақсылықпен жауап берер кез келді!

Айттым, достым, ащырақ та, ашық та,  
Ашуланба, көңіліңді жасытпа!

Ақиқат сөз көңілге ащы соғады,  
Сіңіре алсаң, балдан тәтті болады.

5775 Ашуланба, қатты тисе — қалар сөз,  
Өзің ащы болма, ащы адал сөз!



Мұны мегзер келді сөздің кезегі,  
Ай, шырайлым, есті сөзді елегін:

«Шын сөз ащы, у да болса сіңіргін,  
Тиіп пайда, сүйіндірер, сіміргін!

Шын сөз — ащы, қатқыл тиер жаныңа!  
Басқа асыл сөз бар ма, қане, тағы да?!»

Әкең өлді сенің сәби шағында,  
Көрмедің сен өнегесін, бағын да!

5780 Тәрбиелеп баулыды Елік, өсірді,  
Санатқа сен кірдің, жиып есінді.

Құл-күн, жер-су, ат-айғырлар — баршасын,  
Сайлап Елік, ашты дәулет қақпасын.

Күллі дүние, жақсылықты игердің,  
Жайылды елге абыройың, күйлендің.

Жарар ма енді: ойлан, жина есінді,  
Жау сияқты кері бұрсаң бетінді.

Пайдаң тиер шақта сенің, шалғайға,  
Қашқаныңнан ер көңілі қалмай ма?!

5785 Жақсылығын жасап Елік сенген соң,  
Жауап беру керек, кезі келген соң!

Көрген кісі мақтап, ерге балайды,  
Опалы! — деп, атың елге тарайды.

Не дегенін тыңда ізгі ер кісі,  
Кісілік қой шын кісілік белгісі:

«Кісілікпен ай, мәрт ерім, ұлы бол,  
Кісілікке түсер содан ұлы жол!

Адамшылық жаса адамға, адам бол,  
Адам атын мақтаньш қып алар бол!»

5790 Көрдің ханнан мың жақсылық, мың сауап,  
Жақсылықпен жақсылыққа қыл жауап.

Кісі ізгісі — қайырымды кең кісі,  
Ел сарасы, кісіліктің белгісі.

Білімсіз, жас балақанның бірі едің,  
Құт дарытып, сүйеді ол — түледің.

Жан-тәніңмен еселе енді ырысын,  
Күні-түні жатпа, тындыр жұмысын.

Жақсылыққа жақсылық қып жетесің,  
Берер саған хақтың өзі есесін.

5795 Мейірімді, кісілікті кісінің,  
Ай, ақ көңіл, ұққын сөзін түсініп:

«Кімнің асын ішсең — соның ісін біл,  
Мейірі өсер, асың да адал — түсінгін!

Түз-дәм хақын бағып, өтеп адалдар,  
Басын берер — асын берген адамға!»

Бар тілегің болып, таптың ізгі жол,  
Енді өзің мейірімді, ізгі бол!

Кидің өзің небір жібек, асылды,  
Көз қарығып, қас-дұшпаның басылды.

5800 Енді Еліктің даңқын шығар, шагтансын,  
Басын иіп жатып, жауы жасқансын!

Тілек, мүлік бәрін алдың арындап,  
Бұқадай дәл мойын, жалың қалыңдап.

Бұл күшінді арна Елікке, тартынба,  
Ұзақ жасап, дұға тисін халқыңнан.

Дүние малын жидың байып, қонды бақ,  
Міндің кілең тазы тай\* мен арғымақ.

Байла Елікке, көрсін күллі пайдасын,  
Тілегі боп шагтансын да жайнасын!

5805 Хан тағында күшті отырсын, қайратты,  
Жауы сассын, сезіп ерен айбатты.

Қол ұзартты, сөз бен билік ұстадың,  
Қабағыңа қарады дос-дұшпаның!

Сен енді оған жақсы дұға арнағын,  
Ұзақ жасап, артсын дәулет, аруағың!

Әсілі оңды кісі ізгілік жасар да,  
Мәңгілікке аты қалар жаһанда.

Араб сөзі жақсы айтыпты саралап,  
Білу жөнін, кісі әсілін бағалап:

5810 «Кісі әсілін танытады\* қылығы:  
Ісі қандай — сондай тіні, құлығы.

Құлқы ізгінің қылығы да әдемі,  
Оңбағандық — оңбас құлық әлегі!»

Елік құлқы бұзылса, өзің оңдарсың,  
Қайтарарсың, білік қосып қолдарсың.

Елік — басшы, күллі ізгілік басында,  
Одан қашып шеттеме, бол қасында.

Маған сеніп, өзің кеңес сұрадың,  
Айттым саған білгенімнің құнарын.

5815 Айтқанымды көңіліңмен шамала,  
Сарала да, іске асырып бағала!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Сүйінішпен айтты Өгдүлміш: — Қандасым,  
Сондай болмақ кісіліктің арнасы!

Келісті айтқан сөзіңе жан сүйінді,  
Шешіп бердің шешілмейтін түйінді.

Перде жапқан сөздің мәнін, астарын —  
Ашып бердің, пердені алып тастадың.

Өзім енді бұл тілекті қояйын,  
Қолдап жүргей мені ләйім құдайым!

5820 Жаппар ием сақтасын һәм қорғасын,  
Қылық-құлқым, пейілімді оңдасын!

Дұғанда атап, медет беріп, демегін,  
Мені ұмытпа, сенсің тірек, сенерім!

\* \* \*

Сөзін үзіп, тұрды, шықты ақырын,  
Қош айтысып, басын бұрды атының.

Келіп түсті, кірді үйіне жадырап,  
Асын ішіп, демін алды азырақ.

Зеңгір аспан қара киім киінді,  
Шашын жайып, жарық жүзі түйілді.

5825 Өрген шашын жазғандай күн, құлпыртып,  
Дүние ішін жапты түсі бұлғынның!

Төсек салды. Жатты, біраз керілді,  
Сонсоң тыншып, тәтті ұйқыға көмілді.

Оянды да, қарады ашып қабағын,  
Қыздай күліп көрсетті аспан ажарын.

Күн шықты да, алтын шапақ таралды,  
Күллі жаһан аққу құстай таранды.

Тұрды Өгдүлміш, жуынды да тазарды,  
Намаз оқып, асын ішті азанғы.

5830 Атқа мініп хан сарайға барды да,  
Келіп кірді тура Еліктің алдына.

#### **Еліктің Өгдүлмішке сауалы**

Сұрады Елік Одғұрмышты арнайы:  
— Есен-аман бар ма? — деп, һәм жағдайын.

Ала ма екен дұғасында мені еске,  
Жанды қорғар хақ дұғасы емес пе!?

Дұғасымен кісі ізгілік көреді,  
Дұғасымен жұмаққа да енеді.

Жақсы дұға жоқ болса бұл жаһанда,  
Ерлер туа жерге кірер қашанда!

#### **Өгдүлміштің Елікке жауабы**

5835 — Дұрыс айттың, — деді Өгдүлміш, — өзің де,  
Білікті, оңды, еш жалған жоқ сөзіңде.

Жалғыз қалды ол, қайтарды да інісін,  
Дұға қылып, мұңлық болып біз үшін.

Бізден басқа кімнен күнә шығады?  
Біз күнә істеп, сол оқиды дұғаны!

Елік үшін жан ұшырып, табынып,  
Дұға оқып жүр, жан-тәнімен жанығып.

Мейірбанды одан ешкім аспаған,  
Біз үшін ол өз қайғысын тастаған!

5840 Бізден осал кім бар, Елік, білмедім,  
Қол тимейді, өтті текке күндерім.

Мал-дүние, қу тілекке семіріп,  
Рахатта құр жатыппыз керіліп.

Тәніңді құрт-жылан жер, бір өлерсің,  
Жан шығарда — бәрі өкініш, көнерсің!

Есті сөзді естіп, ұғып аларсың,  
Содан, қозы, сен шапағат табарсың:

«Жылан, құрттың жемісің — көп семірме,  
Қонар-кетер қонақсың — көп елірме!

5845 Көрген түстей өтер-кешер тірлігің,  
Белгісі оның қуған күндер бір-бірін!»

#### Еліктің Одғұрмышқа жауабы

— Ай, біліктім! — деді Елік, — айтқайсың,  
Қалай жүріп, қалай жанды сақтайсың?

Маған сенен мейірбан жоқ, қиналдым,  
Саған сеніп, саған ғана иландым.

Мен жатырмын сарайымда алаңсыз,  
Барша істен алыс әрі хабарсыз!

Көз — құлағым өзіңсің, сен қарарсың,  
Қыңыр кеткен істі түзеп бағарсың.

5850 Менен жәрдем керек болса — хабар қыл,  
Қай істің де бір амалын табармын.

Бір-бірімен табысса әскер жан-жағың,  
Қапа қылма, тынышымды алмағын,

Кетсін елден аяр баққан пайдасын,  
Білік жайлап, білімсіздер жайрасын!

Халық байып, ел түзелсін, жайнасын,  
Шүкір қылып, менің тілім сайрасын.

#### Өгдүлмiштiң Елiкке жауабы

— Ай, бегім! — деп, айтты Өгдүлмiш жауабын,  
Тәңір\* тауфиқ берсін, қайтпай тауаның!

5855 Тiлерiм сол, керегiм сол, қысқасы,  
Тәңiрiм ақ, адал жолын нұсқасын!

Ұзақ болғай ханның құты, жасы да,  
Бейнет, кесел түссін менің басыма.

Қидым саған өмірімді, жанымды,  
Ай, елші ұлық, жасап баққын бағыңды.

Бір тілегім бар өзінде, сенгейсің,  
Сүйінішті түйіп ішке, бергейсің.

Бектер кімді жақын көрсе, білесің,  
Соны ел сөгіп, қатырарын сілесің.

(Білесің, бек тапса сенер адамын,  
Күллі ел соның кем-кетігін санарын!)

5860 Мені қанша жақсы көрсең, бағала,  
Шырай берме ғайбатшыға, жалаға.

Батыр ердің сөзін тыңдап көргейсің,  
Есті сөзге ықыласты бөлгейсің:

«Жүрек — бір ет, ет бұзылар, білгейсің,  
Ай, батырым, сақтап, бағып жүргейсің!

Көнбеген ер қанша ғайбат, жалаға,  
Құлақ түрер, өсек кірсе араға.

Қанша ақылды, берік бегің, қарасаң:  
Жалақорды жақындатса-ақ адасар!

5865 Тән-жаның — құл, көңілің — бек, сыз батар,  
Сөз көңілді бір жылытып, бір мұздатар!

Бар тәніңнің төрт белгісі арбасқан\*,  
Шагтандырып, енді бірі зарлатқан.

Ширатар да, енді бірде бүлдірер,  
Жылатар да, енді бірі күлдірер.

Сүйініш күт: күйініш кеп — қашарсың,  
Күйініш де, сүйініш кеп — сасарсың!»

Именерім — Елік, құлақ түрерсің —  
Бұл жалақор иттен жаман, білерсің!

5870 Көңілің қалса, түңіліп мін тағарсың,  
Еңбегің еш болар, теріс қарарсың.

Тілегім хәм өтінішім: Кімде-кім,  
Жала жапса — жөн өзімнен білгенің!

Түгел сұрап, талдап-тергеп, тексергей,  
Неге шағым қылса, соны ескергей!

Шағымшының сөзін тыңдап, талдағын,  
Айырып біл шындығын хәм жалғанын.

Жақсы айтыпты бұрынғылар алдында:  
«Сөзді тыңда, көңілде дық қалдырма!»

5875 Бұдан ұтқыр сөз бар, тыңдап көрерсің,  
Ішке түйіп, істе көңіл бөлерсің:

«Керегінді ал, күллі сөзді тыңда да,  
Керексізден қаш, малданып жырғама!

Бәрін тыңдап, ақ-қарасын аңдағын,  
Шыншылын ал, жазала да жалғанын.

Өтірікші дүниені күйретер,  
Ай, қолы ұзын, шыншыл өрге сүйретер!»

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Жауап беріп, Елік айтты: — Ей, ерім,  
Тілеуің — оң, сөзің — рас, сенемін!

5880 Алла саған кісілік пен бақ берді,  
Көңіл, тіл һәм қылық, дұрыс ат берді.

Қалай шықсын сенен зұлым, жамандық?  
Сүтпен сіңген ізгі қылық, адалдық!

Сені сөгіп сөйлер болса кімде-кім,  
Ол маған жау, біліктім, жөн білгенің!

Аз сөйлер һәм көп сөйлер бұл ағайын,  
Олардың құр сөзін қалай алайын!

Ұлық болдым, несін билеп жаһанды,  
Айырмасам күллі жақсы-жаманды!?

5885 Бек атанып: қалай елді билемек,  
Оң-теріске есі жетпес күйгелек!

Қашан елге дұрыс билік құра алған,  
Сынаса ол кісілерді сыналған?

Заң түзуші қай мұратын табады,  
Айыра алмай тұрса ақтан қараны?

Хақтың берген шың сыйысың бүгінгі,  
Шештің күллі шешілмейтін түйінді!

Жан-тәніңмен қызмет еттің, сенемін,  
Түз-дәмімнің хақын адал төледің.

5890 Қызмет еткен өміріңе тегінде,  
Жақсы жауап бергенім жөн менің де!

Тыңда сөзді қасиетті ер таратқан,  
Адалдықпен елді аузына қаратқан:

«Кішілікпен ұқсаң кісі бағасын,  
Ізгі кісі — кісі ішінде данасың!

Кісілікке кісілікпен бер жауап,  
Сол үшін де, кісі атанып қаласың!»

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Өгдүлміш те жауап берді: — Ей, Елік,  
Жеткіз елге құтты білік, керегін!

5895 Екі жаһан құтын бергей құдайым —  
Тілегіңе қолың жеткей ұдайы.

Аспан саған тұрсын бұрып пейілін,  
Тілегің боп, төксін тағдыр мейірім.

Ай, ақкөңіл, құлқы түзу, ерен ер,  
Есендікте, құтты ғұмыр көре бер!

Бар жақсылық сенен тиіп — сүйіндім,  
Құрмет, дәулет бердің, іштім, киіндім.

Қызметіңе белді будым, кірістім:  
Тәңір өзі тауфик берсін, біліктім!

5900 Айтты Өгдүлміш: — Сенің асыл затыңды,  
Қасиеттеп жайды хұда атыңды!

Хақ құт берді, ізгі тілек қылғайсың,  
Бақыт қонды — көңілді оңға бұрғайсың!

Баянды ұзақ бектік құрсам десеңіз  
Төрт шартты орында, түгенделер есеңіз.

Бірінші — тіл: ақ сөйле, айт ашығын,  
Екінші — заң: ұстан адал, асылын!

Үшінші — елге қолың ашық, сақи бол,  
Жанашыр бол, жұртпен мәңгі бақи бол!

5905 Төртіншісі — керек қуат, қайсарлық,  
Жаудың мойнын иіп, тегіс жайпарлық!

Бек қолынан бұл төртеуі келмесе,  
Жасып, жүдеп, бола қоймас елде еңсе!

Бек жұлдызы сонда ғана жанады,  
Бектік ісі сонда жөнін табады.

Осы жолдан тайма, бұзба алаңдап,  
Бұл жол қалған бұрынғы өткен бабаңнан.

Осы жолдан қай бек тайса, оңбайды,  
Бектік бағы ұшар, қайта қонбайды!

5910 Адамның үш түрін қоштап, сүйерсің,  
Мен айтайын, сен есіңе түйерсің:

Бірі — алып, құрыш жүрек кісілер,  
Қылышымен елге пайда түсірер.

Екіншісі — елші, ғалым, даналар,  
Кеңестерде елдің ісін бағалар.

Үшіншісі — хатшы, зерек күллі істе,  
Қазынаң толар, білгір шығыс-кіріске.

Сен бұларды айырып ал, байыптап,  
Сый-құрмет қыл, еңбегіне лайықтап.

5915 Сонда ісің өрлеп, құрмет көбейер,  
Ел байлығы тасыр, жерің кеңейер.

Жақсы атың шығып, даңқың тарайды,  
Жаһан халқы жүз көруді қалайды!

Ойлы кісі айтқан сөздің ақ шынын:  
«Кісі өлсе де, өлмес аты жақсының!»

Не ғұмырлы, тек ізгі атың ғұмырлы:  
«Кісі өлер, жақсы ат жықпас туыңды!»

Мәңгі тірі аты жақсы ер өткенмен,  
Шіріп, қара жер астында кеткенмен.

5920 Тірлік емес, жақсы ат тіле — тілесен,  
Атың жақсы болса, мәңгі тірісің!

Тірлік қандай? Жақсы ат қандай? Айырып  
Айтқын, есті ер, жаса маған қайырым.

Бұл жақсылық — шындық, пәктік көзі ғой,  
Ал тіршілік — жақсылықтың өзі ғой.

Кім ізгілік етсе — тірі ол, тірегің,  
Кімнің құлқы харам болса — тірі өлік!

Көшер жалған, ізгі құлық көшпейді,  
Құлық болса, жөн-жосық та өшпейді!

5925 Фәни жалған жүзін теріс бұрады,  
Қайырым қыл, сол тіршілік мұраты.

Нәрсеге құл болма, Елік, күйерсің,  
Опа бермес бұл дүние, білерсің!

Ойын сынды бұл дүние мінезі,  
Аяғын күтсең, бірден басын тігеді.

(Бұл дүние құлқы сиқыр, ұғынсаң,  
Басың кетер, аяғына жығылсаң!\*)

Өсіп-өңгір, қатыспа сен ойынына,  
Ал қатыстың, тұзақ түсер мойныңа.

Жазбасы бар хатқа түскен ілімнің,  
Ей, ақжүрек, ұмытпа оны біліп жүр:

5930 «Бұл дүние қылығы ойын, ойын құр,  
Сен, қатыспа не қыласың ойынды!»

Құлдық ұрып, орында үкімін иеңнің,  
Орындамасаң, онда иіп бойыңды!»

Міне, Елік, менің біліп-түйгенім,  
Іші-тысын бірдей саған сөйледім.

Сөзімді алсаң — алғай, егер алмасаң,  
Шүбәң қалмас, өзің көріп, аңдасаң!

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Елік айтты: — Тауфик бергей, не дейін,  
Бір Алладан медет, көмек тілейін.

5935 Тілеуімді беріп, тәңір жар болғай,  
Нұрыңды құй, түнекке орын тар болғай!

Күллі істі көзден таса қалдырма,  
Сақ бол, құлақ, жанарыңды талдырма.

Күшің жетсе — тындыр, маған қарама,  
Жәрдемдесем, көнбесе іс шамаңа!

\* \* \*

Елік сөзін үзді, тілі байланды,  
Тұрды Өгдүлміш, кетуге енді сайланды.

Атын мініп, тез жетті үйге қайтарда,  
Кірді үйіне, тонын шешіп жайланды.

5940 Кешке жатып ерте тұрып аттанды,  
Кірді ордаға, албарында ат қалды.

Қайраттанып істі Өгдүлміш басқарды,  
Бар жұмысты тізе бүкпей атқарды.

Халық рахат көріп, жаһан жайнады,  
Сүйінішпен Елік ұзақ жайлады.

Тарады елге жақсы лепес сенгісіз,  
Аты қалды мәңгілікке сөнгісіз!

Не жақсы, көр, әуелі әділ заң жақсы,  
Әділ заңмен бектің аты қалмақшы!

5945 Осындай бек болса елдің басшысы,  
Берекелі болар ел-жұрт, баршасы.

Құлқы түзу, іскер болса халқы бар,  
Онда бектер күні туып жарқырап.

Бұл бектерді хұда қолдап-бағыпты,  
Елі жақсы болса, бегі бақытты!

Елі сорлы болса, бегі сорлайды,  
Сорлыға сорлы қосылса — оңбас, сол — қайғы.

Ел түзелсе, бектің құлқы ағарар,  
Бек түзелсе, ел одан да тазарар!

\* \* \*

5950 Тағы біраз күн, ай өтті, жыл өтті,  
Байыды ел, дүние көркін түзетті.

Тұман тарап, ашылды көк ғажайып,  
Түзелді өмір, құрыды лаң азайып.

Тәңірге Елік шүкір қылды мақтады,  
Мадақтады, мақтады көп, жақтады!

## 76. ОДҒҰРМЫШТЫҢ НАУҚАСТАНЫП, ӨГДҮЛМІШТІ ШАҚЫРТУЫ АЙТЫЛАДЫ

Бұл Өгдүлміш бір күн түнде кеш келді,  
Басын қойып енді ұйқыға кеткен-ді.

Үн естілді, шу қақпаға тірелді,  
«Шығып, көр!» — деп, қызметшісін жіберді.

## Ұланның Өгдүлмішке жауабы

5955 Қызметшісі: — Бір ер келіп тұр, — деді,  
Рұқсат сұрап сөзім бар деп, кіргелі...

## Өгдүлміштің қызметшісіне сауалы

Және де айтты: — Барғын. Сұра. Сөзінің  
Мәнісі не? Не демекші? Өзі кім?!

## Ұланның хабаршыға сауалы

Қайта шығып, ұлан айтты: — Кім едің?  
Қайдан келдің? Қандай бізге тілегің?

## Хабаршының қызметшіге жауабы

— Одғұрмыштан келдім, сәлем берейін,  
Сөзін айтып, туысқанын көрейін.

## Қызметші Ұланның Өгдүлмішке жауабы

Қайта кіріп, айтты ол не дегенін,  
Ағасының бұған хабар бергенін.

## Өгдүлміштің хабаршыға сауалы

5960 Тез орнынан тұрып, оған берді ерік,  
Бұл ер, сонсоң, сәлем беріп келді еніп.

«Қайдан жүрсің, неге келдің сен?» — деді,  
«Тілегің не? Жөніңді айтып бер!» — деді.

## Хабаршының Өгдүлмішке жауабы

Мені Одғұрмыш аттандырды өзіңе:  
«Келсін, — деді, — бір көрінсін көзіме!»

Халі ауыр, жатыр жаны қиналып,  
Жанашыры, қасына жүр, жиналып.

## Өгдүлміштің хабаршыға жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Кел, тағамнан дәм алып,  
Ауқаттанып, әлден, бірге баралық.

## Хабаршының Өгдүлмішке жауабы

5965 Айтты ұнатпай: — Халі нашар, жаман-ды,  
Аттанардай бегім, жолын тәмамдап.

Мен алдымен, сенен бұрын барайын,  
Сен соңымнан үлгірерсің, ағайын!

Қақпа алдынан қайтты Өгдүлміш жабығып,  
Қолын жайды қамығып һәм аңырып.

Үйге кірді һәм жабығып, қамығып,  
Қайғы жеңді, алды шаттық, сабырын.

Жатып еді, қашқан ұйқы келмеді,  
Жылдай ұзап түн де тыным бермеді.

5970 Ұйықтамақ боп, көзін жұмды қалжырап,  
Көзден ұйқы кеткен ұшып, жамырап.

Қайта тұрып, бас көтеріп отырды,  
Сары таңды көзімен ол атырды.

Гүл ішінен бұлбұл үні төгілді,  
Жүрек талып, қабырғасы сөгілді.

\* \* \*

Атқа мініп, келді де, енді үш аттап,  
Көзайым боп, сүйді ағасын құшақтап.

Жатыр сұлап, әрең-әрең қас қағып,  
Шапан төсеп, басқа жеңін жастанып.

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

5975 — Не болды, аға?! — деп, елжіреп қарады, —  
Сені көріп болды жаным жаралы!

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

— Бауырым! — деді, — жолым, дәмім таусылды,  
Өлім бүріп, құшағына қаусырды!

Шақыртқаным, бір көрейін деп едім,  
Бейнеттеніп жеттің — көрдім, демедің.

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Айтты Өгдүлміш: — Тіршілікте, бауырым,  
Жан бола ма қиналмайтын ауырып?!

Тіліңді тый, жамандыққа жорыма,  
Ауру-сырқау күнәһардың соры да!

5980 Білікті сөз, тыңда, ойыңды өрбітер,  
Көңіл шаңын қағып, жанды сергітер:

«Кісі кінә, күнәсі үшін ауырап,  
Ал күнәсіз пенде бар ма жаны бар!?»

Кісі ауырса — бірге кетер күнәсі,  
Күнә кетсе, сырқатынан арылар!»

Азды-көпті күнә жасар барлық ел,  
Күнәсізге зәру жаһан, жарлы — жер!...

Дертін кетер, сауығарсың дін аман,  
Сауап болып, арыларсың күнәдан!

5985 Неге ауызға алдың, хакім, жаманды?  
Қайдан білдің өлеріңді, ажалды?

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,  
Түсіне еніп раббы аян бергенін:

— Түсім айқын, айтып берді, сенемін,  
Өлерімді ұқтым анық, ей ерім!

Хақ жаман ба, жақсы ма — ажал келгенде,  
Аян берер түнде, ұйқыға енгенде!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Айтты Өгдүлміш: — Есті сөзде — есендік,  
Ай, ақжүрек, бар сөзіңде бекерлік!

5990 Өле берсе ауырған жұрт шетінен,  
Кісі қалмас, құрып жердің бетінен!

Тіріде адам еш ауырмай кете алмас,  
Түп-тұқымын тіпті де ажал кесе алмас.

Кісі ұйықтаса түс жүреді иектеп,  
Жорушылар жорыр жақсы ниетпен!

### **77. ӨГДҮЛМІШ ОДҒҰРМЫШҚА ТҮС ЖОРУ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ**

Түс ілімін аса жақсы білген жөн,  
Сонсоң бәрін жорып, сезіп жүрген жөн.

Түс жорудың түрлі-түрлі түрі бар,  
Ай, ақылды ер, ұғып түгел біліп ал.

5995 Біліксізге түсіңді айтпа, тіс жарма,  
Біліктіге айт, ескіреді кеш қалма.

Кешегі, ескі, түс жоруы бір бөлек,  
Жаңа, күндіз көрсең — жөні өзгерек!

Түс ілімі — шарттары көп ілім бір,  
Ақылға сап, әуелі жөн, жігін біл.

Көрген түсті жорыма өзің өзіңше,  
Және де айтпа көрінгеннің көзінше!

Деп жүрмегей түстің бәрі түс қой деп,  
Түстің жөні, жоруы аса көп қой, бек!

6000 Түс жорыма, біліп жоры — жорысаң,  
Түсініп ал мәні, астары, жолы сан.

Түс көрсе адам, жорытуға асығар,  
Жори білмес — түстің құтын қашыар!

Ойы теңіз ер сөзіне қанғайсың,  
Жүзің жарық болар, ұғып алғайсың:

«Жақсылыққа жоры ойлап түсін де,  
Жоруына қарай бағар түсің де!..»

Солай болар, түсті қалай жорысаң,  
Қор қылады сұмдықты еске түсірме...»

6005 Талай түс бар, бірі — түске ас кірер,  
Жарамсыз ас — жамандық, нас, қас біл, ер!

Тағы бір түс жыл мезгілін аңдатар,  
Тән күшейіп, табиғатын барлатар.

Жас жігіттің түсіне енсе нұр көктем,  
Қара жер мен қып-қызыл түс гүл бөккен.

Тасып қаны, күшейгені сол болар,  
Айтқын оған қан ағызған оң болар.

Мезгіл жаз боп, түсіне енсе жігіттің,  
Сары-жасыл түрлі нәрсе үгіткен.

6010 Ай, бек, оның запыраны артқаны,  
Азайтудың жөн амалын тапқаны.

Күздің күні, көрсе ер орта жастағы,  
Тау, құдықты, жерді қара аспаны.

Көз қарайтып өршігені құмарлық,  
Дәрі ішкен жөн оны азайтып, қуарлық.

Қарт түсінде қарды көрсе, қыс көрсе,  
Ағынды су, аяз бен сыз, мұз көрсе.

Суық буып тастағаны денені,  
Ыстық ішіп, қыздырынсын керегі.

6015 Тағы бірі — түсініксіз құр елес,  
Жоруы жоқ, жоруды ешкім тілемес.

Нені ойласаң — соны көрсең түсінде,  
Оны жорып қасиетінді түсірме.

Бір түстердің, сайтан білсін, не екенін,  
Оны көрдің — суға түстің, есебі...

Жүрсең егер, ас пісіріп, іс істеп,  
Жорыма оны, қиын жорып біліспек.

Мұның бәрін талғап, талдап, тануға,  
Білім керек жорып, айырып алуға.

6020 Не дегенін тыңда ақылды адамның,  
Түс жорушы, жөнін білген ғаламның:

«Жөнін білмей түс жорыма, сүрінбе,  
Не жорысаң — сол болады, түбінде.

Қуанып жүрсең, қайғырарсың өңінде,  
Реніш көрсең, қуанарсың, түңілме!»

Түс жорудың түрлі-түрлі өзегі,  
Ей, дана ер, зерделі өзі сезеді!

Қара халық түсін жору бір басқа,  
Бек пен ұлық түсін жору бір басқа.

6025 Ойын-тойда жүрсең жайнап, шаттанып,  
Қайғы-мұңның қақпасын сен қаққаның.

Түсте жафа шексең, жылап, суалып,  
Уанарсың өңінде мың қуанып.

Енді бірі кіріп сенің түсіне,  
Жақсылығы тиер басқа кісіге.

Кісісіне қарай түсті жориды,  
Неге лайық келсе, адамға сол игі.

Біреуге түс ұлықтықты мегзейді,  
Басқаға ол түс қайғы-кесел теңдейді.



6030 Мұның бәрін білу керек, туысқан,  
Түс жоруы шықпас сонда уыстан.

Не түс көрдің, айтқын маған ашылғай,  
Мен жориын, қалтарысын жасырмай!

#### 78. ОДҒҰРМЫШ ӨГДҮЛМІШКЕ ТҮС КӨРГЕНІН АЙТАДЫ

Айтты Одғұрмыш: — Дұрыс көңіл бұрғаның,  
Мен сөйлейін, ықыласпен тыңдағын.

Саты көрдім, тіп-тік әрі тым тайғақ,  
Тұп-тура елу баспалдағын тұр сайлап.

Бір-бір басып көтерілдім сатылап,  
Санап шықтым баспалдағын бақылап.

6035 Бір атты адам су ұсынды басында,  
Қанғанымша іштім, шөлім басылды.

Сол сәт биік көкке ұшып самғадым,  
Сіңіп, ізсіз-түссіз кеттім, қалмадым!

#### 79. ӨГДҮЛМІШТІҢ ОДҒҰРМЫШТЫҢ ТҮСІН ЖОРУЫ АЙТЫЛАДЫ

Айтты Өгдүлміш: — Түсің жақсы екен! — деп,  
Пайдасы көп, сен толқыпсың бекер, — деп.

Неге жаман жорисың өз түсінді,  
Түс жоруға бұрылады, түсінгін.

Ұшып жүрсең, мәртебенің артқаны  
Қанша биік ұшсаң, сонша асқаны.

6040 Қанша биік ұшсаң — құтың тасады,  
Бағың жанып, атақ-даңқың асады.

Саты ұшына шықтың — құттың жеткені,  
Ұлықтықпен атың тарап кеткені.

Мына бір сөз сөздерімнің дәлелі,  
Жорушы өзі-ақ жорыпты ғой әдемі:

«Түсіңе енген саты — құрмет көрінген,  
Әр басқышы қадірге сай бөлінген.

Қанша шықсаң — сонша қадір, мәртебен,  
Мыңғырып мал, құт құйылар төріңнен!»

6045 Суды түгел ішіп, шөлің қанғаны —  
Тірлігіңнің жұлдызы ұзақ жанғаны.

Ұшып көкке, самғап бара жатқаның —  
Тәңірден бар тілегінді тапқаның!

#### 80. ОДҒҰРМЫШТЫҢ БҰЛ ТҮСТІ БАСҚАША ЖОРЫҒАНЫ АЙТЫЛАДЫ

Жауап беріп, айтты Одғұрмыш: — Түсімнің,  
Жоруы бұл емес, достым, түсінгін.

Бұл түсті өзің көрген болсаң егерде,  
Жорыр едің ашып-анық, сол жерде.

Бұл жалғанға ауған сенің ниетің,  
Дүние бақсаң, дүние ғой, тиетін.

6050 Бұл жаһанды қойып өзім қашқанмын,  
Осы жерде жүріп бейнет тартқанмын.

Бұл түсімді түгел жорып бермедің,  
Жоруымды тындап байқа, сен менің.

Басқышы — елу, биік саты көргенім —  
Елу белес тірлік кешіп келгенім.

Сол сатының басына өрлеп шыққаным —  
Тірлік, дәмнің таусылғаны, ұққаным!

Шыққанымда, атты адамның келгені,  
Шөлді бассам, қанып ішіп бергенін —

6055 Ол аттылы аталыны атасыз,  
Қалдырады, ай пәк, ұққын сен мені!

Ол аттылы бәрін бұзып, шағады,  
Тірі жүрген жанның жанын алады.

Ыдыстағы суды өмірге баладың,  
Қандым — ұзақ, баянды деп санады.

Сен айтқандай, бейне тірлік болса су —  
Жартысын ішіп, ал жартысы қалсашы!

Бөліп ішіп, ал жартысы қалғанда,  
Жарты ғұмыр қалар еді жалғанда.

6060 Ыдыстағы суды сарқып, сімірдім,  
Қош-аман бол, бітті тірлік, жүгіндім!

Ойшыл хакім айтқан екен, ұқ, нені,  
Хакім сөзі сөз біткеннің түп-тегі:

«Түсімде ішсем, ыдыстан су жарымын,  
Бар болғаны — әлі көрер жарығым.

Әгәр ішсем, суды түгел тауысып,  
Тірлік бітіп, қазылғаны қабырым!»

Жоғары ұшып, ғайып болып жүргенім,  
Жасыл көкке еніп, будай сіңгенім.

6065 Шыбын жаным көкіректен тысқары,  
Жерге қайтып келместей боп ұшқаны!

Хақ түсімде аян берді, батырым,  
Өлімге енді дайындалған жөн, ақырын.

Бұл түсімнің жоруы осы, қатесіз,  
Ал басқаша жорып, оны нетесіз!?

Жадыратып, көңілімді аулайсың,  
Өлім келді, оны алдай алмайсың.

Ей, тірі жан, оң-солыңды байқа, көр,  
Қара жерде қазды ажал, қанша көр!

6070 Қаншама орда, сұлу сарай, қаланы,  
Өлім бұзып, ойран қылып талады!

Қаншама ұлы, паң бектерді ірі, дөй,  
Өлім буып, жерге тықты тірідей!

Қанша күшті, білектінің жинаған,  
Өлім шашты қазынасын қимаған.

Таң қалдырмас, тірі адамның өлері,  
Тірі пенде ажалға, ақыр, көнеді.

(Туғанда адам, ажал тұрар алдынан,  
Тірі жанға бір өлім бар аңдыған!)

Таң қалдырар, ажалдының өлімді,  
Мүлде ұмытып, сайрайтыны көңілді.

6075 Сезді адам — табады ажал жаңылмас,  
Ғафылдықпен ұйқысынан арылмас.

Аман қалар амалым жоқ өлім хақ,  
Өлгеннен соң не хал кешем, бір жұмбақ.

Достым, бір ой алған менің есімді,  
Өлгеннен соң ондаса хақ ісімді!

Қанағат деп барға, өзімше күн кештім,  
Бейнетпен де, зейнетпен де бірге өстім.

Қолды қысқа ұстап, тауар термедім,  
Нәпсі — тілек біріне діл бермедім.

6080 Барша күнә-жазығымды білемін,  
Жазығымды жеңілдетсем деп едім.

Білім берген хакім сөзін аңдағын,  
Мейіріммен жұртқа кезек арнаған:

«Қапы қалма, тарт жүгінді, қажыма,  
Қылдан нәзік жолың, сақ бол сағыңа...

Бітер істі бүгін бітір, аянбай,  
Өтер-өшер қапаны ұмыт, налыма!»

Және де айтты: — Ей, бауырым, жанашыр,  
Мен кетемін, сен соңымнан барасың!

6085 Саған талай сөзімді айттым — жаттарсың,  
Мен кеткен соң, есінде ұзақ сақтарсың.

Өле-өлгенше жанашырың өзіммін,  
Өлгеннен соң мәнін тергей сөзімнің!

## 81. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨГДҮЛМІШКЕ ӨСИЕТ БЕРГЕНІ АЙТЫЛАДЫ

Айтар сөзім: — Інім, қапы қалмағын,  
Тірлігінді құр өткізіп алмағын.

Адалдықтан еш айныма, тура бол,  
Бар тілекке жеткізеді тура жол.

Тірі жанға мейірінді арна да,  
Жан-тәніңмен қызмет қыл Аллаға.

6090 Мұңды қысқарт, қызмет ет жасқанба,  
Ашуда — сақ, сабырлы бол сасқанда.

Дайындала жүр, өлімді де ұмытпай,  
Тегінді біл, өзінді де ұмытпай.

Қарауланба, дүниеге сұқтанба,  
Өкінерсің өмір өте шыққанда!

- Ісінді атқар, көніп хақтың құқына,  
Пайда тапсаң, пайда тигіз жұртыңа.
- Тура сөйле, адал сөздің кіді жоқ,  
Жаман жанның сөзі жалған, тілі шоқ.
- 6095 Жылы жүзбен күле сөйлес, жадырап,  
Бақыт қонып құтың тасыр жамырап.
- Жомарт, сақи болып, тұз-дәм татырғын,  
Кісі айыбын ашпа, сөкпе, жасырғын!
- Нәпсінді тый, өкпе-кекті тастағын,  
Тәнің қисық жолға бұрса, баспағын.
- Пайда кума, ел пайдасын ойлағын,  
Өз жүгінді өзгеге артып қоймағын!
- Садақа қыл өзің тауар, барынды,  
Сүйіндіріп елінді, ұлық қауымды!
- 6100 Сара кісі кісі үшін шырқырар,  
Жаны күйіп, сай-сүйегі сырқырар.
- Жақсы айтыпты таңдаулы хәм асыл жан,  
Миы толы білім менен ақылға:
- «Пайдалы ер — кісілердің данасы,  
Қайырымды ер — ол елінің сарасы.
- Кісілікке екі нәрсе қос қанат:  
Бауырмалдық, жомарттыққа тоқтамақ.
- Бұлардан да қымбат — ақыл, ұққанға,  
Олжалы жол — ақыл жолы, тұтқанға.
- 6105 Жомарт қандай? Кімді айтамыз сақи деп,  
Сақи жан тек ер хақына бас имек!
- Сақи емес күміс шашып бөлгендер,  
Сақи — елге жанын қиып бергендер!
- Дүние беріп, сый көрсетсе елге кім —  
Қайтарар ел оның қолдап бергенін!
- Екі нәрсе түзер дүние сыңайын,  
Бірі — мүлік, екінші — атақ, шырайың!
- Мың жасағын, қолға екеуін қаратып,  
Өлім тұтса, өзге болар хал ақыр.

- 6110 Қолдаса елі бек қадірі артылар,  
Үзеңгі болса, тізгін қатты тартылар.
- Бұл құт-дәулет бола бермес қарадан,  
Болғанша, алжып, бек те кетер арадан!»
- Көшерсің сен, атың сенің көшпелі,  
Көшір — өлім, ақыры бір жетеді.
- Көшуші адам орда-сарай тұрғызбас,  
Жолаушыға жолы мойын бұрғызбас.
- Інім, кетер жолаушымын деп сана,  
Қуанба көп, сақтама көп кек-нала.
- 6115 Шалқып басып бұл жаһанды бергісіз,  
Ажалды жүрер, өлер күні белгісіз.
- Өлім дәйім даяр ұстар тырнағын,  
Қапы қалсаң, саған тастар қармағын.
- Дүние-тағам, татып соны аңсаған,  
Адам қанша? Айтқын, айтар жоқ шамам.
- Құмарланба тый, нәпсінді, жалаңды,  
Тілінді тый, ғайбаттама адамды!
- Не дейді есті, көңілі ояу зиялы,  
Бұл сөзді ұққан кісі көрмес зиянын:
- 6120 «Тілек, шіркін, балдан тәтті таттың-ақ,  
Сұрауы, әттең, ащырақ хәм қаттырақ.
- Ащы — тәтті, дәмді — дәмсіз шарпысар,  
Өрлеу — еңіс, шың — шыңырау тартысар!»
- Қыз қылықты бұл дүние арбайды,  
Ай, ақкөңіл, аңдамасаң алдайды!
- Сендейлердің талайын ол өшірген,  
Талай бекті жер бетінен көшірген.
- Көзін қадап, қолын созды саған да,  
Ай, көзі ашық, қапы қалма, амалда!
- 6125 Не берсе де, түгел қайтып алады,  
Не жисаң да, төгіп-шашып қағады.
- Қанша күлсең, бір жылатып тынады,  
Не тұрғызсаң, соны бір күн бұзады.

- Қылығы — жафа, құлқы оңбаған, масқара,  
Жарығы аз, түтіні көп қап-қара!
- Ол безеніп кісіге өзі тақайды,  
Көңіл бердің, аяғыңды матайды!
- Шекерімен арбап алып\* — у берер,  
Ай, біліктім, баянсыз бақ бұл деген.
- 6130 Не дегенін, тыңда, ақылды ерен ер,  
Бақыт сырын бағып көрген кемеңгер:
- «Көңіл берме, өтер дүние ку жалған,  
Әркез одан, бақсаң, жафа, мұң қалған!»
- Жақсы айтыпты, көр, таңдаулы, есті ер,  
Біліктіні тыңдағанға ес кірер:
- «Құт — опасыз, еріп, жолдан жаңылма,  
Бақ — тұрақсыз, жағынба да табынба!
- Дүние, дәулет көлеңкеден аумайды,  
Көлеңке көшіп күніне мың аунайды!»
- 6135 Дүние — қор, қадірін біл дініңнің,  
Өзің қылар дінің, дария білімдім!
- Құтқа құл боп, рахатқа салынбай,  
Бір Хақты ойлап, қызмет қылып табынғай!
- Дәулет сені есіртпесін қонғасын,  
Ес жиғанда — тия алмассың көз жасын.
- Халық бегі айтқан сөзді аңдағын,  
Сынап көрген ақылмен сөз салмағын:
- «Дәулет қонып, кім есіріп, елірер,  
Қара жерде ет жүрегі егілер.
- 6140 Ұлықтыққа кім есіріп, кердеңдер —  
Сыбағасын алар көрге кіргенде!
- Мастығы бұл жігіттік, құт, байлықтың,  
Шараптан да артығырақ, ай, мықтым!
- Шарап ішіп, болса есінен жаңылар,  
Ұйықтап тұрса — айығар да, арылар.
- Ал дәулетке масайраса, мастанып,  
Өле-өлгенше мүлгір ұйқы жастанып!»

- Құл екенсің, бектен бойды асырма,  
Қызмет істе, басқа бәле шақырма!
- 6145 Тірлік күні баста мәңгі қалмайды,  
Ұлықтықтың үні алысқа бармайды.
- Неше мың жыл жаса — бір күн өлерсің,  
Өкінерсің, үзілерсің — көнерсің!
- Мұны мегзер сөзді тыңдап біл, енді,  
Көңіліңе түй де, текке түнерме:
- «Күллі тілек, ләззатыңды табарсың,  
Тірлік суын тамсап ішіп, қанарсың,
- Қолды созып көк күмбезін аларсың,  
Төбең көкке тисін — жерде қаларсың!»
- 6150 Ай, бауырым, тілім тура сөйлесін,  
Көңілі бір, жасырайын мен несін.
- Бұл дүние байлығын кім сүймейді?!  
Рахат, ләззат шоғына кім күймейді?!
- Тиылған жөн күллі аңсар, құмардан:  
Бұл қақпасын жапқан маған сұм жалған!
- Сұм дүние Алладан да бездірер,  
Қайырымды істен безіп, ел жүрер!
- Дүниені білген қорқып, түңілер!  
Бейнет шегіп, жаһан кезіп жүгірер!
- 6155 Бірі — үңгір тауда жүрер қаңғырып,  
Көк шөпті жеп, ішіп көктің жаңбырын.
- Қайсыбірі шөлде жүрер қаталап,  
Хақтан қорқып, қайғы-шерін арқалап,
- Бүкірейіп, өрім-өрім киініп,  
Жүрер бірі жұтып зар, жас, күйігін.
- Қайсыбірі — тамақ ішпес, мандымас,  
Енді бірі — түн баласы қалғымас!
- Сондай болар оянған, сақ адамдар,  
Ұйқы басқан, жайымыз жоқ алаңдар!
- 6160 Сақ бол, інім, сенікі бұл дүние,  
Өзің бассың, өзің енді бір ие!

Нәпсіні тый, құмарлықтан арылғын,  
Белгісі бұл ерлік, ақыл, арыңның!

Ол екеуі ердің күшін алады,  
Құл болса оған, көп зияны-залалы.

Кетем бүгін, мен бәрінен адамын,  
Жолың осы, болғай құтты қадамың!

Жаманнан без, бол мейірбан, рахымды,  
Қос жаһанда жаман қорлар затыңды!

6165 Тыңда сөзін көңілі тоқ адамның,  
Іс тындырған, алдын орап ажалдың:

«Жамандықты күшпен тыйып тастағын,  
Жамандық — у, жамандыққа баспағын!

Ел сарасы, кешпе тірлік наласын,  
Өлім келер, тездет оның дауасын!

«Мен! Мен!» — деуші, қойып «Мен! Мен!» — дегенді,  
Дайындала бер, түбі ажал жеңер-ді.

Дүние құлы, сұқкөз, пасық, ашқарақ,  
Өлім сұғын қадап тұр о бастан-ақ!»

6170 Мұның бәрін айттым, әттең, бауырым,  
Екі жайға өкінем, жан ауырып:

Бірі, Алла қызметінен қалармын,  
Екінші, атын атай алмай барармын!

Бүгін, ертең дүние теріс бұрылса,  
Дұға етіндер, менің көзім жұмылса!

Дұғанда, інім, мені ұмытпай жүрерсің,  
Менен кейін сен келесің, білерсің!

Көрерсің де, бұл халыме қанарсың,  
Қапы қалмау үшін ғибрат аларсың.

6175 Ажал жетті, мұңға бөгіп барамын,  
Саған да енді келіп қалар, қарағым.

Айырылысып кеттік бүгін мұңайып,  
Қауышамыз қашан, білер құдайым.

Тыңда ерді беті бері қараған,  
Өлерде ұлып, басымен жер сабаған:

«Өкінішпен өліп, көзім суалар,  
Тәттіні — ащы, дәмсіз етер бұл ажал.

Өлімнен соң екі айырық жол жатыр,  
Қайсысына салып мені қуалар?»

6180 Жан — бауырым, — деді тағы, — айнымас,  
Жан ауыртып жабырқама қайғыма!

Менен кейін жаныңды жеп жылама,  
Сабыр етіп, ширық, ұйы дұғаға!

Егілме артық, ұста өзіңді, есті жи,  
Бұл тәңірдің қылған ісі, сөзді тый!

Жинал енді, қайта айналып үйге бар,  
Қайғы-мұңмен көңілінді қылма тар!

Қажет сөзді саған түгел ақтадым,  
Ай, ақкөңіл, ұмытпа, есте сақтағын!

6185 Менен сәлем айт Елікке, тегінде,  
Бұл сәлемім — соңғы, тынар демім де!

#### **Өгдүлміштің Одғұрмышқа жауабы**

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш қайғырып:  
— Қалай кетем, сені бұлай қалдырып!?

Дертпен өзің, ауру меңдеп қаларсың,  
Асыл тектім, жалғыз не істей аларсың!?

#### **Одғұрмыштың Өгдүлмішке жауабы**

Айтты Одғұрмыш: — Аттанғаның жөн! — деді,  
Қамымды жеп, қайғымды сен көрмегін.

Сүйенерім, сыйынарым құдайым,  
Көрер, колдар, ісімді ондар, шыдайын!

6190 Жақсы көріп, кімді хұда елесе,  
Күллі ісі түгел болар, демесе!

Жақсы айтыпты көне\* сөзді өрген ер,  
Жіті көзді, талай істі көрген ер:

«Кімге Алла жәрдем беріп, қарасар —  
Бұл жалғанда соның құты — бағы асар!

Кімді Алла көңілі ауып қолдайды —  
Қос жаһанда халы жаман болмайды.

Егер, жеріп, сырт айналса — бітті өмір,  
Көк бөрі де, бұратылған ит те бір!

6195 Сөзін тиып, айтты Одғұрмыш: — Шыда да,  
Аттан, інім, қош-есен бол, жылама!»

\* \* \*

Өгдүлміш Одғұрмышты тұрып құшты,  
Көз жасы жерге тамып, өбіп, қысты.

Егіліп, қайғы жұтып, шықты бері,  
Аттың басын үйіне бұрды кері.

Түсіп, кірді үйіне қайғы басып,  
Мұң кеулеп, көңіл жүдеп, жаны жасып.

Неткен мұңлық бұл адам, тұрсаң қарап,  
Сүйініш аз, қайғы көп туғаннан-ақ!

6200 Тілеуін берсе — шаттығы күлдіреді,  
Қайғы келсе — қасірет күйдіреді.

Аңсағанын көргенде, сылдырайды,  
Ажырасса, қайғымен тұнжырайды.

Не қауышу қуантып — жадырайды,  
Не қоштасу жылатып — аңырайды.

Ауыр не бар қоштасудан — мұң-күйік?  
Қайғысы оның теңізден де тұңғиық!

Тірі болса тірілер — табысады,  
Тілеулесіп, бір хабар алысады.

6205 Жолы да, соңы да ауыр — ажалыңның:  
Шарасы, дауасы жоқ тажалыңның.

Ерте, кеш пе, табарсың қанша қоштас,  
Айырған соң сұм өлім қайта қоспас!

Мұңы мегзер бәйітті оқып қара,  
Оқып, мәнін ойыңа тоқып қара:

«Бәрінен де қайғылы ажал — тажал:  
Жылай-жылай суалар қайран жанар!

Тірі айырылсаң үмітпен күн өткізіп,  
Айырса өлім, түңіліп жаның қалар!»

\* \* \*

6210 Ауқаттанып Өгдүлміш тынды біраз,  
Тұрып сонсоң, намазға қойды ықылас.

\* \* \*

Күн еңкейіп, жерге жүзін жасырды,  
Көк күмбезі ізін қуып асылды.

Төсек жайлап, жатты — ұйқысы келмеді,  
Кірпік ілмей тынды, қайғы меңдеді.

Сыртқа шықты, жасы жуып жанарын,  
Жаһан бейне зәңгі, түйген қабағын.

Үйге кіріп, төсегіне жантайды,  
Ішті өртеген қайғы қайтсе тарқайды!?

6215 Руми қызы жүзін жерге жасырды,  
Зәңгі өңді жаһан тынып, басылды.

Ұйқы келмей, қайта тұрып, қарады,  
Түн жамылып үркер ауып барады.

Көзін көкке тікті түрмен қамыққан,  
Түнерді түн, еш сызат жоқ жарықтан.

Қайта жатып, сәл мызғып ап, тұрды да,  
Жасыл көкті тінтті, көзін бұрды да.

Көтерілді қара құс\* та шығыстан,  
Жылтырады от, жаққандай жау зымыстан.

6220 Иетікен\* бас көтеріп алыпты,  
Иылдырық\* айғырға\* кеп қалыпты.

Ерентірдің\* басы жерге жақындап,  
Нұрын шашып, шықты Күн де жарқылдап.

\* \* \*

Қайта тұрып, жуынды да, киінді,  
Бірдің\* оқып, намазына иілді.

Жаһан өңі алтын түске көмілді,  
Дүние жүзі қызған шоқтай көрінді.

Тонын киіп, мінді де тез атына,  
Сарай жаққа барды үйінен асыға.

6225 Келді ордаға, өңі-түсі қуарып,  
Шақырды Елік, кірді жаны құлазып.

Өгдүлмішке Елік көзін қадады:  
Ізгі ердің сынық екен қабағы...

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Сұрады Елік: — Халың қалай? Қабағың  
Сынық неге, ай, сабырлы саналым!?

Нені бүгін ауыр алдың діліңе,  
Көрдім қайғы нышаны енген түріңе.

Қызыл жүзің неден солып, түйілді!?  
Дүние саған неге мұнша шүйілді!

6230 Құтың жүзін беріп, бағың тасып тұр,  
Жалған жаһан саған нұрын шашып тұр.

Уақыт саған бұрар дәйім шырайын,  
Тілекшің боп туар енді Күн-Айың!

Түймедім мен саған көзім-қасымды\*,  
Жылы жүзбен сүйіндім, біл, расымды.

Халың қандай? Тынышыңды алған кім?  
Айтқын, сені қайғы-мұңға салған кім?

Бұл қайғыңның мәнісі не, ей, ұлым,  
Айтшы маған, алайын мен ұғынып!?

6235 Саған төнсе бейнет, қайғы-күйініш,  
Қайдан болсын менде рахат, сүйініш!

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Түсіндірді Өгдүлміш өз мән-жайын,  
Ағасының дертін, халін, жағдайын.

Айтып берді қалай барып-қайтқанын,  
Не көргенін, ағасы не айтқанын.

### Еліктің Өгдүлмішке сауалы

Көңілі босап, Елік жасы төгіліп:  
— Аһ, дариға, — деді, — ізгі адам еді бір!

Бағыштасын Алла оның өз жанын,  
Суытпасын, аздырмасын тән, қанын!

6240 Қалай қиып қалдырдың!? — деп сұрады,  
Халы қалай? Дәтің қалай шыдады!

Қандай халде жатыр жалғыз дерт меңдеп,  
Кім күтеді? Кім қарайды дертті емдеп.

Өзің қалып, неге сабыр етпедің?  
Көріп тұрып, кімге сеніп кеткенің?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Айтты Өгдүлміш: — Осы сөзді жария,  
Сөйлеп едім, ай, білімі дария!

Тілімді алмай, деді үйіңе жет, кері,  
Сөз қайырып көрдім, күшім жетпеді!

### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

6245 Елік айтты: — Тәңір өзі қолдасын!  
Шипа беріп, тұрғызсын да, ондасын!

Ол Аллаға жан-тәнімен берілген,  
Оу, ұл, бір хақ жафа қылмас тегіннен.

Егер де құл барлығынан түңілсе,  
Жаратқанға жалбарынып, жүгінсе.

Шүбәсіз, хақ оны сақтап қолдайды,  
Жақсы ат беріп, тілектерін оңдайды.

Мұны мегзер сөзді тыңдап көрерсің,  
Ойға түйіп, істе көңіл бөлерсің:

6250 «Бәрінен без, бір хұдаға жалын да,  
Көңіл, қылық, тілді пәк тұт, арыл да!

Алла берер саған барша тілекті,  
Сайтанды қу, беріп хаққа жүректі!»

Бекін! — деді, — Өгдүлміш, ес жина да,  
Қайғы-мұңмен жүрегіңді қинама!

Жақсы кісі ол, жақсылықты таратқан,  
Егер өлсе, қолдар өзі жаратқан!

Ай, бек, бұл күй келер енді бізге де,  
Не өмір болмақ! Бұйырады бізге не?

6255 Өтті текке жас, жігіттік күніміз,  
Бір оңбады ақылымыз, діліміз.

Кешкен тірлік көрген түстей болып тұр,  
Қалай өтті? Айту қиын соғып тұр.

Қалған күнді енді зая қылмасақ,  
Құмарлыққа текке көңіл бұрмасақ!

Алады ақыр, ажал айыл жимайды,  
Өлім келсе, мың өкініш қинайды!

Бүгіннен сен сырттан бағып бәрін де,  
Халық күйін көр, сүйініп, қадірле!

6260 Құтқар мені, өзінді де азаптан,  
Адал жолын берер, бәлкім, жаратқан!»

Не дейді есті, сөзін адал кісінің,  
Хақтың күллі құлын сүйген түсініп:

«Кім жақсылық етсе, қайтар қарымы,  
Тәңір көзін ашып, шығар қарығы!

Кім зұлымдық етсе — өзін буады,  
Зұлымдықтан тек зұлымдық туады!

Қалағаның жамандық па, жасағын,  
Ұлырсың тек, өзің тартып азабын!»

#### Өгдүлміштің Елікке жауабы

6265 Айтты Өгдүлміш: — Осылай сен әрқашан,  
Баршаға ақыл-кеңесіңді арнасаң.

Күллі жұртқа заңың әділ болғай-ды,  
Бектігіңді Алла қолдап, қорғайды.

Құттың құтын көруі үшін әмірдің,  
Жан-тәнімді қиюға мен әзірмін!

Жақсы аттан артық не бар өлгенге,  
Атын мәңгі қалдырса хақ, көмгенде.

Бір тұтсам деп, өлім сені бағып жүр,  
Ұйықтап кетпе, басыңды аман алып жүр!

6270 Біліктінің тілі әдемі айтыпты,  
Бұл сөз, бақсаң, шындығымен айшықты:

«Тасадан кеп аңдып тұрар сұм ажал,  
Қапы кетер тұсты бағып, сығалар.

Жақсы-жаман болар бәрі қара жер,  
Тура келсе, ажалға жоқ түк амал!»

#### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

— Тәңір енді тауфик беріп, демегін,  
Әділ заңды ұстанамын, — деді Елік!

\* \* \*

Сөзін үзіп, Елік үнсіз бөгелді,  
Өгдүлміш те тұрды орнынан, жөнелді.

6275 Тағы арада күндер өтті тізіліп,  
Жүрді Өгдүлміш қайғы жұтып, түңіліп.

Ағасы үшін уайым жеп, қуарып,  
Шөгіп кетті, сарғайды өңі суалып.

Шыдамады, тағы хабар алмаққа,  
Белін бұды ағасына бармаққа.

Ханға барды, жаны мұңға көмілді,  
Шақырды Елік, кірді алдына, көрінді.

#### Өгдүлміштің Елікке сауалы

Өтінді: — Елік, ағайыма барайын,  
Зииарат етіп, халім біліп алайын.

6280 Халі қандай екен, көріп қалайын,  
Тірі ме екен, қайран менің ағайым!?

#### Еліктің Өгдүлмішке жауабы

Елік айтты: — Бару міндет-парызың,  
Барғаның жөн, туысқандық қарызың.

Бар, сәлем айт, көңілін сұра мен үшін,  
Көңілін аула, кеселін біл, сергісін.

\* \* \*

«Хош!» — деп, қайта жолға шықты сайланып,  
Үйіне кеп, тыным алды ойланып.

Тамактанып, атын ерттеп, түйіліп,  
Жүріп кетті жұтып қайғы-күйігін.

6285 Таяғанда, жаяу жүріп келді ол,  
Қағып қақпа, аш деп белгі берді ол.

## 82. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ҚҰМАРЫ ӨГДҰЛМІШКЕ ОДҒҰРМЫШТЫҢ ӨЛІМІН ЕСТІРТЕДІ

Шықты алдынан ағасының құмары\*,  
Сәлем беріп, сонсоң өксіп жылады.

— Ой, бауырым! — деді жақын келгенде,  
Тәңір қуат берсін, болма шерменде?!



Бұл жалғаннан өтті ағаң, мықты бол,  
Өзің енді ұзақ жаса, құтты бол!

Өзіңді ұста, еңіреме бүгіліп,  
Өлімге өзге шарасы жоқ тірінің!

6290 Туған — өлер, шырын жаның кетеді,  
Бек пе, құл ма, пайғамбар ма — өтеді!

Өлім бізге даяр тұрар, қашанда —  
Амал да жоқ, құрал да жоқ ажалға!

\* \* \*

Естіді де, сорлы Өгдүлміш егілді,  
Өзін өзі ұрып, жасы төгілді.

### 83. ОДҒҰРМЫШТЫҢ ШӘКІРТІНІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ КӨҢІЛ АЙТУЫ

Қолбаласы көңіл айтты, жұбатты:  
— Хақ үкімі, бұр тіл, ділің, құлақты.

Баршаны өлім алар күні алар-ды,  
Ол өлді, өзің ойлан енді ажалды.

6295 Текке, ай, ұл, еңсеңді езіп, тарылма,  
Кім бар қорлап, ұрып-соққан — шағылма!?

Алла өзі шыбын жанды сыйлады,  
Беріп өзі қайта алды, қимады!

Қайта бермес, сенбе тағы келер деп,  
Безер түбі бізден, сенен, менен де!

Зиарат қылып қабірінің басына,  
Көріп аттан, бойыңды жи, жасыма!

### 84. ӨГДҮЛМІШТІҢ ЕГІЛІП ОДҒҰРМЫШТЫ ЖОҚТАУЫ

Қабіріне барып көріп, құлады,  
Жерді құшып, зар еңіреп жылады.

6300 «Жан бауырым! Бас көтеріп, қарашы,  
Бір көрінші, қайғы-шерім тарасын!?

Үміттеніп келіп едім көргелі,  
Жаптың неге жүзіңді, мен келгелі!?

Жайсаң жаның жаныма пір, тірегім,  
Сенсіз енді қалай тірі жүремің?!  
.....\*

Көрген түстей, бір елестей көріндің,  
Көзімді ашсам — жоқсың, жас боп төгілдім!

### 85. ЕЛІКТІҢ ӨГДҮЛМІШКЕ КӨҢІЛ АЙТЫП ЖҰБАТУЫ

Естіді де, сарайынан келді Елік,  
Көңіл айтып, жұбатты күш, дем беріп.

6305 «Ай, Өгдүлміш! Есіңді жый, — деді Елік,  
Дұға оқып, өлген ерді жебегін!

Одғұрмышты жарылқап хақ, қолдасын!  
Күнәларын кешіріп хәм қорғасын!

Қайғың үшін бергін алда адал жол,  
Хақ рахымы түссін, өзің аман бол!

Жүз жасырып, қойып ауыз ашқанды,  
Жолды кесіп, бекітіпсің қақпанды.

Жараспайды, бұл қылығың болмайды,  
Жөн-жосыққа, ақылға еш қонбайды!

6310 Айтшы, маған: кім жәбірлеп, күштеді?  
Кім кек түйіп, кімдер қастық істеді?

Бір Алланың бұйрығы — адал қазасы,  
Құлқыңды онда, ауыр жанның азасы.

Неге сонша зарлап, сорлап шағылдың,  
Жақсы құлық емес мұның, сабыр қыл!

Туған — өлер, анық ұшқан — құлары,  
Берген — алар, ал жүрген бір тынады!

Өлім де бір ғибрат, сабыр сақтағын,  
Қант-шекер болсын енді татқаның!

6315 Өлім көріп тірі жүрген адамдар,  
Ғибрат алсын, өлім жайлы бағамдап.

Өлген пенде айтар: «Маған қараңдар,  
Өлім тұтты — кеттім, келер саған да!»

Мұны мегзер бәйітті енді оқып ал,  
Оқып ұғып, көңіліне тоқып ал:

«Ерте өлгендер сені қапы қалар деп,  
Ғибрат берер: «Маған қара, маған!» — деп.

Ғафыл жүріп көп өкіндім тірімде,  
Өлім тұтты — кеттім, келер саған!» — деп.

\* \* \*

6320 — Қалай өлді Одғұрмыш? — деп сұрады,  
— Білгеніңді айт, сөйле, сенде құлағым.

### Өгдүлмiштiң Елiкке жауабы

Айтты Елiкке көргендерiн тағдырдан,  
Өсиетiн өлерiнде қалдырған.

Құмыра мен таяқ алып, тақалып,  
Мұрасы деп қойды алдына апарып.

«Осы, — дедi, — одан маған тигенi,  
Бар мұрасы, мүлiгi осы үйдегi.

Жәдiгерге алсын Елiк бiреуiн,  
Құтайтқай бұл, түгенделсiн тiлеуiң!»

6325 Елiк асатаяқты алды қолына,  
— Құтайтқай! — деп, — құт берсiн деп жолыма!

— Құмыраны ал, — дедi, — өзiң жабығып,  
Аңсағанда, қолға аларсың сағынып!

Құмыраны алды Өгдүлмiш ұмсынып,  
Көңiл босап, жасы саулап, тұр сұлық.

\* \* \*

— Бұл ғибрат, — дедi, — өлiм жайында,  
Ғұмыр мәнiн ақылыңмен пайымда!

Өмiр сүрдi бұл жалғанды малданбай,  
Қалды жаһан. Өттi арбалмай, алданбай!

6330 Сөзiн тыңда ақылды, ойлы кiсiнiң,  
Санасымен жөнiн тапқан iсiнiң.

«Бұл дүние көп болса да — жарытпас,  
Аз дүние — табар жөнiн, арытпас!

Дүниенiң ләззаты бiр — мұңы мың,  
Қалай кешсең, солай өтер ғұмырың!

Байлығыңның пайдасы не өлген соң,  
Рахатын өзге көрер, көрген соң!»

Ағаң күллi дүние-малдан безiндi,  
Шоқпыт киiп, арпа жедi, көз iлдi.

6335 Солай тiрлiк кештi, өлiп қалмады,  
Байлықты емес, кiсiлiктi таңдады.

Күнi-түнi жүк көтерiп, қарманып,  
Өттi артып ел азабын малданып.

Атқарды iсiн, құтылды ендi, тыншыды,  
Бiздiң iс қой, түйiн-түйiн қырсығы!

\* \* \*

Айтты түгел Елiк iзгi ақылын,  
Жаныменен ұғып түйген асылын.

Қайтты сонсоң сарайына өзiнiң,  
Ауыр ойдың салмағынан езiлiп.

\* \* \*

6340 Өгдүлмiш те көп күн қара жамылды,  
Тiрлiк жеңдi, жан жарасы жазылды.

Ұмытылды қайғы-шерi, күйiгi,  
Iштi, жедi, күлдi қайта сүйiндi.

Жақсы айтыпты ер халықты басқарған,  
Бiлiгiмен ел-жұрт iсiн атқарған:

«Қайғы сенi бусын, қанша алаңда,  
Жылаған көз күлер сонша табанда!

Бұл жалғанның ережесi ежелгi —  
Тұрмас, өтер жақсылық та, жаман да!»

6345 Өгдүлмiш те қайғы-зарын түгестi,  
Iсiн бағып, қызметiне кiрiстi.

Құштарланып, күш-жiгерiн үстедi,  
Таңды — күнге ұрып iсiн iстедi.

### Елiктiң Өгдүлмiшке сауалы

Шақырды Елiк Өгдүлмiштi бiр күнi,  
Айтқын, — дедi, — ел-жұрт жайын бiлдiрiп.

Ел халi не? Қалай жұрттың жағдайы?  
Заман қандай, айтқын, — дедi, — арнайы!

Күллi iсте көз-құлағым бiр өзiң.  
Ашылып айт, менiң сенен тiлегiм.

6350 Истен қалдың, қайғың ұзақ торлады,  
Енді, қазір, ісің қалай қолдағы?

**Өгдүлмiштің Елiкке жауабы**

Жауап бердi Өгдүлмiш те: — Ай, бек! — деп,  
Дуасы артқан, ел-жұрт халi әйбәт! — деп.

.....\*

**Өгдүлмiштің Елiкке жауабы**

.....

Бiрi — нәпсi, құлқын, сұқ көз, құр қу сөз,  
Құлшылықтың жұты болар, жұртым сез...

Бiрi — аз сөйлеп, бiрi тыйса ауызын,  
Жағаламай жамандықтың ауылын.

Құмарлықты қатты тыйып тастаса,  
Ашуды ұстап, таспаса һәм саспаса.

6355 Бiлiктi де, ақылды да сол болар,  
Оның әрбiр харекетi оң болар!

Ақылды жан өзi ақылдай бейне бiр,  
Дұрыс, түзу болар үлгi, белгi бiр.

Жарамсызды жақтырмас һәм қаламас,  
Керексiздi көрмес, тiптi қарамас!

**Елiктің Өгдүлмiшке жауабы**

Елiк айтты: — Мына сөзiң ғаламат!  
Өзiң — асыл, сөзiң — кемел, жамағат!

.....

**Өгдүлмiштің Елiкке жауабы**

Опасыз тән, нәпсi жафа шектiрер,  
Жафашыға — жафа қылсаң, шет жүрер.

6360 Нәпсiге ерiп, сүйiндiрсең дененi,  
Жапа сонша зұлымдықпен өредi.

Жақсы айтыпты ғалымдардың сарасы,  
Бұл жафашы тәннiң дауа, шарасы.

«Кiмге опа бердiң — күткiн жафасын,  
Жафашының жаласына қаласың!

Кiмге iзгiлiк етсең — қорқып, сақтанғын,  
Зар жылатып, тартқызар сол наласын!»

Үш нәрсенiң жаман семiз болғаны:  
Бiрi — тәнiң, ит пен құсың — қалғаны.

6365 Баптау үшiн — ашықтырған пайдалы,  
Бабын тапсаң — ұшқыр, алғыр, айлалы!

Құс ширькпай — ұшпас, дәмiн қаға алмас,  
Тоқ, семiз ит — жүгiрмес, аң ала алмас.

Тойынған тән бурадай нақ шабынар,  
Ерiк берсең, тулар — естен жаңылар!

Құс алмаса, бiр үйрегiң кем болар,  
Ит шалмаса, бiр сусарың кем болар.

Ал сен өзiң бурадай жын шақырсаң,  
Еңiретiп отқа сүйрер — тасынсаң!

6370 Тоқ жүредi, тойынбаған пақырлар,  
Байдың байы — қанағатшыл тақырлар!

Асын iшiп, лыпа болса — жамылып,  
Ис тындырар тынбай, һаққа табынып.

Бектiк дәулет, құттан кiсi есiрiп,  
Тигiзедi iске, жұртқа кесiрiн!

Тәкаппарсып, Алладан да «қорықпас»,  
Ақылдылар жолдан тайып торықпас.

Бай да үзiлер, кедей, шiркiн, қиылар,  
Екi кез бөз, бiр қара жер бұйылар!

6375 Кедей өлсе, жоқшылықтан құтылар,  
Бай қысылар — малын қимай құтырар!

(Кедей өлсе, михнаттан құтылар,  
Бай қиналар — қалар мал мен құты бар!)

Мұны мегзер сөз мәнiне қанарсын,  
Өнегелi ойдан үлгi аларсын:

«Өлiм — зейнет, ей, иесi бейнеттiң,  
Өлiм — бейнет, ей, иесi зейнеттiң!

Кедей өлсе, бар бейнеттен арылар,  
Бай өлсе, егер, есебiнен жаңылар!»

### Еліктің Өгдүлмішке айтқан сөзі

Елік айтты: — Бұл дүние, шамасы,  
Жылан, шаян ұясындай, қарашы.

6380 Асы аз да, татар уы көбірек,  
Мақтауы аз да, сөгіс-шуы көбірек!

Ақылдының қолын созып алары аз,  
Білікті — аш, талғайтын дәм-тамағы аз.

(Ақылдылар — қалағанын таба алмас,  
Біліктілер — шөлін басып, қана алмас.)

Білімсіздер сауық құрып тойлайды,  
Сұм жалғанды жұмақ көріп ойнайды.

Ақылдыға қалың тікен бұл ғалам,  
Аяқ басса — ақ, кіріп қаны саулаған!

Дүние іші біліктіге у екен,  
Ас іше алмай күші үзіліп, күні өтер.

6385 Захит жандар безіп ұл, қыз, үйінен,  
Құлшылық қып, кетті тірлік күйінен.

Біз де бүгін осындайға таядық,  
Сақта, хұда, құтқар бізді, аяғын!?

### Өгдүлміштің Елікке жауабы

Жауап беріп, айтты Өгдүлміш: — Түгел сөз,  
Ақылды, шын, көкіректе жүрер сөз.

Қылық, құлқы аждаһадай ысқырған,  
Сұм дүние кім-кімді де ықтырған.

Өзі өсіріп, өзі баптап семіртер,  
Өзі сорып, әлсіретіп, жем етер!

6390 Ұқсаң қарап бұл жаһанның айбатын,  
Басылады тасып тұрған қайратың.

Адам, Хауа бұл жаһанға түсті де,  
Ұрық шашты дүниенің үстіне.

Содан бері кімдер келіп — кетпеді,  
Өтті талай ерлер, бектің бектері.

Бірі — алып, бірі — ғалым боп туды,  
Бірі — асқақ, бірі — залым боп туды.

Бірі — дана, бірі — ойлы, зиялы,  
Бірі — жынды, бірі — еріншек, қияли!

6395 Туды қанша елшілер һәм пайғамбар,  
Жол көрсетіп, Алла үкімін жайғандар.

Қайсысы аз, қайсысы көп жасады,  
Қайсысының артты сөзі, атағы.

Қайсыбірі жаратқанды жау санап,  
Жауласып — оқ атты, күнә арқалап.

Бұл бәйітті оқып, әбден қанарсың,  
Мағынасын ұғып, пайда аларсың.

«Данышпан бол, қаласаң — мың жасағын,  
Жаһан құтын көр, шалқысын атағың,

6400 Өлім тұтса, өкінішпен ақыры,  
Анық, өліп қара жер боп жатарың!

Қанша ғалым, хакім, дана жүрмеді,  
Тілеп — ұзақ, баянды өмір сүрмеді!

Бүгін көрсен — тумағандай өмірде,  
Жатыр өліп жер астында, көрінде!

Қанша кісі не түрлі ер келмеді?!  
Көр құшты да, шеттерінен жер жеді!

Орда, сарай қалып, талай қамығып,  
Жатыр жерді төсеніп һәм жамылып.

6405 Ұйқыда ма, үні де жоқ, тілі жоқ  
Халі қандай? Білгізетін түрі жоқ!

Бұл күн мұқтаж ізгілікке өздері...  
Киінерге, жеуге жоқ қол, көздері...

Өкініштен жатыр жүнжіп, күйініп,  
Жақсылыққа сусап, жердей түйіліп.

Бұл күнді хақ берді бізге, сыйынған,  
Құр жіберсе болмас сәтті бұйырған.

Заң түзуші — ай, жақсылықтың бәріне,  
Тауфиқ берсін бүгін қолдап тәңірім!

\* \* \*

6410 Көр, Өгдүлміш, мақтап, тілін тербеді:  
«Ұзақ жаса, ай, білікті ер! — деді.

Сенсіз қалып жаһан аза тұтпасын,  
Тәңір сенің тұқымыңды құртпасын!

Саған тәңір ашсын күллі қақпасын,  
Бар тілегің келсін, кері бақпасын!

Тағы қандай болса тілек, үмітің,  
Хұда түгел бергей, сақи жігітім!

Сүйініште баянды өмір сүргейсің,  
Рахаттың ішінде, ерім, жүргейсің!

6415 О, дариға, сендей асыл азамат,  
Қара жерде жататыны жаман-ақ!

Дүние ісі, тәңір солай жасаған,  
Ай, ел басы, не қыласың, не шара!

(Жаһан ісі — хақтың ісі, не етеміз,  
Жаратылыс заңы солай — кетеміз!)

Егер өлсең, сені өлдіге санамас:  
Жүректерден жақсылығың тарамас!

Ұзақ жаса, дәм тауысып өл, мейлі,  
Жақсы сөзің, жақсы атағың өлмейді!

Сүйінсін көп, досың жерге сыймасын,  
Жерің кеңіп, дұшпандарың қирасын!»

\* \* \*

6420 Жерді өпті, шықты сөзін аяқтап,  
Атқа мініп, кетті үйіне аяндап.

Жетті үйіне, тамақтанды — марқайды,  
Белін шешіп, тыныс алып жантайды.

Ерте тұрып ісін қайта жалғады,  
Пұрсат берді, істеді, ісін барлады.

Таза жүрек, тілмен істі күзетті,  
Жөнін — «жөн» деп, қисықтарын түзетті.

Жайнап жаһан, жақсы дұға көбейді,  
Құттың күні туды, тыныс кеңейді!

6425 Олар кетті, қалды жақсы аттары,  
Ат, құрметі жоғалмасқа сақталды!

\* \* \*

Көріп барла, енді кісі тініне,  
Кісі ме әлде періштенің бірі ме?!

Кісі десек, өткендерді бұрынғы,  
Кімдер дейміз айтшы, жұртты бүгінгі?!

Өлімізді кісі десек егер де,  
Шәксіз, олар шын періште тегінде!

Қылық, құлқы, сөзі — құтты олардың,  
Естіп, ұқсаң қолыңа ырыс қонар мың.

6430 Ақылды — ұғар, біліктілер біледі,  
Дүние шәксіз, қалар, тірі — өледі.

Енді қалған күнің зая кетпегей,  
Қайтып келмес, қызмет қыл шеттемей.

Мұның ұлы ғибраты бар әуелден,  
Сенен бұрын жасағанның бәрі өлген.

Қалар орда, сарай, қала тізіліп,  
Ғибрат қылмай, кетер адам үзіліп.

Қанша берік бекет, орда қаланы,  
Жермен жексен етіп ажал талады!

6435 Қанша шаһар, қаншама бау жайнаған,  
Қалған қурап, бағын өлім байлаған.

Қалар саған сарай, орда, кара орман,  
Аларсың сен мұра ғой деп, уа, жалған!

Қайда қолың қол бастаған қаһарман?  
Жерге кірді, әскер қалды жасанған!

Ашкөз қайда, елім аз деп жылаған?  
Көп елді алды — билей алмай құлаған!

Күшпен алған қайда жерін басқаның?  
Жатыр енді құлаш жерді жастанып!

6440 Мұсылманның қанын төккен қайда екен?  
Күші қайда? Жерге енгені жай ма екен?

(Қайда, қане, қанын төккен мұсылман?  
Күші қайда? Көрге неге қысылған?)

Қатыгездер қайда адамды қорлаған?  
Қорлағандар неге жер боп сорлаған?!

Қайда пенде дүние үшін қандасқан?  
Өзі өлді, қалды дүние, алдаспан!

Қайда пасық тауар жиған қиырдан?  
Оған да тек, екі кез бөз бұйырған!

Қайда кісі жердің жүзін аңсаған?  
Жерге кірген, айырылып баршадан!

6445 Дүние халі, білсең, міне осындай,  
Ұғып түгел, құт қақпасы ашылғай!

Шағтығы — мұң, ал ләззаты — азабы,  
Қадірі — қорлық, рахаты — ажалы.

Не бұйырса, көтер жүгін түңілмей,  
Рахат-бейнет өте шығар білінбей!

Ай, сабырмен көп бейнетке шыдаған,  
Ерді тыңда, білік беріп сынаған:

«Құт иесі, шүкірлік қыл, сүйін де,  
Сор иесі, сабыр қылып күйінбе!

6450 Сабыр етсең, сорың құтқа айналар,  
Шүкір етсең, өсер құтың, күйің де!»

\* \* \*

Ай, білікті, бақсаң заман сынайын,  
Бәрі өзгерген, өзгерткен ел райын.

Біліктіге есе бермей қорлады,  
Ақылдылар тілін ашпай сорлады.

Көбейді елде қорлаушы да, зорлар да,  
Бас көтермес сорлы болды қорланған...

(Зұлымдардың қолы елді жайлады,  
Момындардың жолын жоқтық байлады!)

Намаз қалып, жүзін жуған шарапқа,  
Ер атанып, аты шықты алапқа?!

6455 Пасықтарды ерен десті, жаратты,  
Сараң десті татпайтынды шарапты.

Ораза, намаз ұстағанды жақтырмай,  
Жәдігөй деп жаманатты тақты ұдай...

Адалдықты түгел арам таптады,  
Арам ниет жердің жүзін қаптады.

Адалдықтың аты қалған, көзі жоқ,  
Қарақшы — арам, әттең, тоқтау, тезі жоқ!

Қане кім бар арам деген арамды,  
Арамнан бір қорғап қалған адалды?!)

6460 Жаны таза адал қайда, ақ қайда?!  
Қияметте адалдыққа жақ қайда!?

Арам біткен жапты жұрттың көңілін,  
Адалдықты қайдан таптым, ей, ұлым!

Сөз кезегі келді мұны мегзеген,  
Тындап, ай ұл, түйіп алғын зердеге:

«Көңілім кір, қара болды араммен,  
Білімді іске қоспадым бір амалмен.

Сырымды ашсам, иілмеген жан-тәні,  
Құлшылықсыз нәпсі құлы, арам мен!»

6465 Жаһан құлқы мүлдем бөлек болды, көр,  
Кісі жаны тілден бөлек болды, көр!

Опа кетті, жұртты жафа жалмады,  
Сенетін бір кісілікті ер қалмады.

Опа кетті, елде жафа сүйреді із,  
Сүйенерлік, сенетін жан сиреді.

Бауырынан бауыр безіп суысты,  
Жатбауыр боп сөкті туыс — туысты!

Кішіде — әдеп, қалмады ақыл ағада,  
Сыйластық жоқ, бөктік дау-шар, жалаға!

6470 Жақындықтың бәрі пұлға сатылды,  
Адал адам таппай жаным ашынды!

Қане, кім бар аманатты ақтаған?!  
Өсиеттің сөзін кім бар сақтаған?

Қайда, қане, қайырымды асыл ер?!  
Қане арамдық жолын қиған жасын ер?»

Саудагерлер аманатты ұмытты,  
Ұста\* өнеге, мұрагерін құрытты!

Білікті айтпай ақиқаттың ашығын,  
Ұят кетті, әйел беті ашылып!

6475 Кетті әділдік, сұм-аярлық арбады,  
Құдайшылық сұрар кісі қалмады!

Ел ақшаның құлы болды, табынды:  
Күміс кімде болса, соған жағынды!

Мешіт аз да, жамағаттар көп еді,  
Мешіт көп те, жамағат аз келетін.

Не дегенін тыңдап ойлы кісінің,  
Ай, жақсылық иесі, алғай түсініп:

«Бар ма әділдік жолын қуған, қанеки?!  
Бар ма хақтың ісін қылған, қанеки?!»

6480 Күллі жаһан бастан-аяқ бүлінді,  
Таңданған бір пенде болса, қанеки?»

Мұсылмандар бір-бірімен жауықты,  
Тыныш жатып кәпір рахат тауыпты.

Мұсылманның күллі малы таланды,  
Қане, ерің, тыйған арам аранды?!

Зинақорлар ұйықтатпас түнімен,  
Қане, тыйса құран, ілім үнімен.

Діл қатайып, тіл мүләйім боп алды,  
Қалды иісі, шындық өзі жоғалды.

6485 Атасына, көр, аталық етті ұлы,  
Ұлы — бек те, ал атасы бек құлы!

Тірлік қысты, өршіп-өсті қайғы-мұң,  
Сұғанақтық өрді, жүрек шайлығып!

Кейде жетім, тұлды демер пенде жоқ,  
Азды жаһан, таңырқайтын ер де жоқ!

Жақсы айтыпты білімі кең, ғалым жан,  
Жаһан кезіп, жомарттықпен танылған:

«Заман ақыр келді, жарғы бұзылды,  
Жамандарды көріп жақсы бұзылды...»

6490 Ақылды ұғар, біліктілер біледі,  
Жыл, ай, күн мен заман түгел құбылды!»

Ұмытты ұл-қыз ата-анаға құрметті,  
«Қария» аты ерді қорлау іспетті.

Заң-жосықтың бәрі өзгеріп, құрыпты,  
Ақ-қараны айырмастай былықты!

Мұның бәрі ақырзаман белгісі,  
Белгі берді, келер келген келгісі.

Иманды бір Алла сақтап, кешіргей,  
Бітнә-бәле сұмдық ізін өшіргей!

\* \* \*

6495 Төрт жүз де алпыс екінші жыл еді бұл,  
Мен түйгенде үлгілеп сөз өрімін.

Ақылым жеткен сөзді түгел түсірдім,  
Оқушы, өзің үлгі аларсың, түсінгін!

Қандай болмақ жосық, жолың, айналаң,  
Айтып бердім, аз да болса пайдалан.

Дүние жолы бұл өзі әрі дін жолы,  
Жөн-жобадан жаңылмағын біл де оны!

Қаласаң бұл дүниені, жолы осы,  
Ақырет жолын қусаң, егер, ол да осы!

6500 Құлқыңды онда, қуат берер бір Алла,  
Үшінші жоқ, таңда бірін құп ал да!

Бұл сөздерді бастаудағы тілегім,  
Не екенін өзің, Алла, білесің.

Қызықпадым атақ-даңқ, атқа да,  
Пайдам тисін дедім жақын, жатқа да.

Оқушы оқып ұқса, мені түсінер,  
Дұғасында есіне бір түсірер.

Тілегім де, үмітім де осы еді,  
Оқып, маған дұға қылса — жетеді.

6505 Тілім сөйлеп, қолым жазды бұл сөзді,  
Қол да, тіл де семер — өлер, біл, өңдім!

Қол мен тілдің нышаны осы жазғаным,  
Бітіп енді, ерім, саған арнадым.

Мен жалғаннан озып жерге кіргенде,  
Оқып, мені еске ал, тірі жүргендер!

\* \* \*

Ай, ұлы ием, мәңгі мұңсыз, ғұмырлы,  
Жарылқай жүр, мендей мұңлық құлыңды!

Кінәлі бір құлыңмын, көп жазығым,  
Күнәмді кеш, ием, шықсын қарығым!

6510 Өзің — ием, мен — құл, құлдың аты — құл,  
Ием сенсің, иелік ет, рахым қыл!

Ием өзің, мен құлыңмын, есірке,  
Жарылқағай, жазығымды кешір де!

Алып жатқан шығыс — батыс арасын,  
Момындарды жарылқағын, ей, асыл!

Күнәһармын күнәліден — көп жала,  
Күнәмді кеш, түзет, мені қолда да!

Жұпардан тек жұпар иісі шығады,  
Пәледен\* тек сасық аңқып тұрады.

6515 Үмітім сен, өзің үміт — сенерім,  
Үмітімді үзбе, ай, үміт, елегін.

Жазықтымын, құлмын құлқы жафалы,  
Опалы ием, өзің маған опа қыл!?

Жафадан тек жафа келер, көнгемін,  
Опадан тек — опа, өңгені көрмедім.

Жарылқағай күллі момын пендеңді,  
Жүрсем кешір, арасында мен де енді!

Пайғамбарға мың-мың сәлем жолдадым,  
Дұрыс жолға бағыт беріп, қолдаған!

6520 Сәлем бердім серігіңе төрт бірдей,  
Уа, Алла, мұны толық жеткізгей!

## I. ЖІГІТТІККЕ АШЫНЫП, ӨКІНІП, ҚАРТТЫҚ ХАҚЫНДА АЙТҚАНДАРЫ

Жортқан бұлттай жігіттіктен ауыстым,  
Ескен желдей тірлігімді тауыстым.

Есіл жастық, қайран жігіт күндерім,  
Тұта алмадым, қадірінді білмедім!

Жігіт дәурен, оралшы бір құстайын,  
Бұлде төсеп, алақанда ұстайын!

Беу, жігіттік, қайда жолың тұрағын?  
Таба алмадым, кездім қанша, сұрадым!

6525 Тірліктің бар жан ләззатын, шырынын,  
Тек жігіттік беретінін ұғындым!

Жастық балын, жігіттіктің қызығын,  
Жоғалттым мен, енді ұстарда — құрыды...

Кәріліктің қорлығы жоқ, оң жолды,  
Өткен өмір текке кетіп, қор болды!

Сені есіркеп, жігіттік шақ, ашындым,  
Шырқымды алдың, ажарымды қашырдың!

Әркұбандай қызыл еді нұрлы өңім,  
Запырандай сарғайдым да, жүдедім.

6530 Жұпар қара басыма ақты жолаттым,  
Толған айдай жүзді қайда жоғалттым?

Көктем едім мың гүл-шешек гүлдеген,  
Қазан түсіп, құртты бәрін, тонаттым!

Оқтай түзу, қайыңдай тік едім мен,  
Садақтай боп иілдім де егілдім.

Текке өткен тірлігімді сағынып,  
Көзден қанды жасым ақты қамығып!



- Балалық өтті, жігіттікті қумадым,  
Күнім қараң болды, өзім қурадым!
- 6535 Ішпек-жемек болса, малдай жалмадым,  
Нәпсі аңсаса, шаң көтеріп, талмадым.
- Құмарланып аң ауладым, құс ілдім,  
Арғымақты құстай өрден ұшырдым.
- Ағайын, дос үшін жанды тосыпшын,  
Ал жауымды түс көргендей шошыттым!
- Қанша жанды жерлеп-сөгіп, күйгіздім,  
Жазықсызға тіл, қолымды тигіздім.
- Кеуде кердім жауды жеңген батырдай,  
Қалдым қатып қара тастай — тасырдай.
- 6540 Мас адамдай ұйықтап есін жинаған,  
Жолдан тайып, хақ алдында қиналам!
- Тәңір ісі қалды, ісімен пенденің,  
Жаһан кезіп, зыр жүгірген кезбемін.
- Көп жүгірдім тілек, нәпсі қысымдап,  
Жаһанға ұлып бөрідейін құтырған.
- Кісі тұтып, күшпен алдым пұл-малын,  
Кімді қинап, кімді үркітіп шырмадым.
- Мұның не? — деп, сұрай қалса жаратқан,  
Ұяттымын, тосыламын жауаптан.
- 6545 Бұдан да асқан кей ақымақ қылығы,  
Күйбең күнге елтіп, өтті ғұмырым!
- Рахат кетті, бейнет те өтсе кезінде,  
Ай, күн — зая, өкініштен езілдім.
- Хұсырау, иә Қайсарша өмір бастайын\*,  
Шәддәдуше\* бейіш бағын баптайын.
- Ескендірше\* бар жаһанды алайын,  
Нұхтың\* жасын жасап ұзақ қалайын.
- Өзі болып қылышы жайдай Қайдардың\*,  
Рүстемдей\* даңқпен жерді жайлармын.

- 6550 Не Иса\* боп ұшып көкке шығайын,  
Нұшырбандай\* әділ заңды құрайын!
- Иә, Қарындай байлық жиып алайын,  
Әсхаби — Растай темір қала салайын!
- Не пайда!? Ақыр, қара жерге кетермін,  
Дүние қалып, екі бөзбен өтермін!
- Жалаң келдім, жерге жалаң кіремін,  
Дүниені мұнша несін тіледім!?
- Көшер ғұмыр көшті желдей ақыры,  
Фәни жалған тұтқыны етті ғафылдық...
- 6555 Тірлікке үлес қане ізгі қылығым,  
Қайда септім жақсылықтың ұрығын?
- Нені ексем — соны орармын ақыры,  
Нені орсам — соны алармын асылы.
- Жастық өтті, кәрілікті бастадым,  
Қайта қайтқын, талай сөзді тастадым...
- Ұзын тонды\*, жатпа, табын хұдаға,  
Оян, тынбай күнәнді жу, жыла да!
- Жылан, қоңыз, құртқа жем боп қалармын,  
Бұл рахат үшін несін жаралдым?!
- (Жылан, қоңыз, құрттың жемі денемді,  
Несін бағам бұл ләззатпен мен енді?\*)
- 6560 Ұйқышы, оян, жыла тынбай жалынып,  
Халің мүшкіл, табын хаққа шағынып.
- Қарттық жетті, жігіт дәурен жоғалып,  
Тірлік дәмі азды, ендігі — жол анық.
- Сұм дүние көп арбады халықты,  
Қайсысы мен, сүйгендігім анық-ты...
- Көз қырыңнан жаппар ием, қалдырма,  
Сыртқа теппе, ділім таза алдында!
- Жарылқа да, ием, асыл құлықтым,  
Күнәмді кеш, жазығымды ұмыттым!

## II. ЗАМАНЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫН, ДОСТАРДЫҢ ЖАФАСЫН АЙТАДЫ

- 6565 Тұрайын да дүниені шарлайын,  
Опалы жан кезігер ме барлайын.
- Кісі сирек, қайда іздейін — тілегім,  
Іздеп тапсам, бір көрейін реңін.
- Бәрін таптым, тек кісілік таппадым,  
Тілек болса, жүзін көру, баққаным.
- Опа құрып, жафа толды ғаламға,  
Аз-маз опа қалды қандай адамда?
- Опалы ерді тапсам, егер, ағайын,  
Мойныма артып, жанарымдай бағайын!
- 6570 Опалы жан табылмаса не етейін,  
Тағы киік ішінде өмір кешейін!
- Көк отын жеп, қақ суына қанайын,  
Құмда түнеп, кенептен тон жабайын.
- Бақсы\* болып шөлді кезіп кетейін,  
Елден жырақ бұл жаһаннан өтейін.
- Бұл болмаса, дүниеден танайын,  
Желдей есіп, өзендейін ағайын.
- Жафа шектім, ием, мұңлы сияғым,  
Опалы кім, шыбын жанды қиямын!
- 6575 Кісі аты бар, кісіліктің өзі жоқ,  
Қайда кетті? Іздегенге ізі жоқ.
- Жаһанда іздеп бауырмал жан таппадым,  
Қатыгезді қайтем, көңіл тартпады.
- Кімді өзіме жақын балап, қарасам,  
Албасты боп шықты, қалай жанасам?!
- Кімді сүйіп, жақын тарттым жаныма,  
Жафа қылды, кімді сүйем тағы да!
- Кісі жанын танытатын сөз бен тіл,  
Тіл, жан ала болды, сенсін кімге діл!

- 6580 Бүгін мұнда кімді жақын санайын,  
Кімге сеніп, кімді досқа балайын?!
- Көңіл беріп, кімге мұңым шағайын,  
Мұңымды айтсам, мұңаярсың талайың!
- Үміт үздім ағайын-дос, жаттан да,  
Бауырың — жат, құлқы жаман қастан да!
- Сақталса антпен иман, сенім, қасиет,  
Ант ұстаушы бар ма? «Ер!» — деп, бас ием!
- Тұз-дәм жақын сақтайтын бір жан бар ма,  
Мен бөлейін алтын, күміс, гәуһарға!
- 6585 Көрші, қане, бірге күйіп, сүйінген,  
Бәрін беріп, мен кетейін үйімнен.
- Дос-жараннан кім бар сенер, ағайын?  
Оны бек қып, өзім құл боп қалайын!
- Кісі таппай, жалғыз басқа мұң толды,  
Мұңым мендеп, сүйінішім құл болды.
- Ел неге азды? Заңды неге бұзады?  
Қай заманға келдім, қалай тұрамын?
- Иә, жынды, иә ақымақ шығармын,  
Айтқанымды ұғындыршы — ұғармын!
- 6590 Ми тозды ма әлде әңгіме күшейіп,  
Елес пе әлде өзім дәрі ішейін.
- Кезікті ме кіл сондай жан, қайтейін?  
Қырсық адам өзім бе әлде, қайтайын!
- Опалы адам, қане, қарап қанайын,  
Мақтанайын, мақтап ләззат табайын!
- Қалдырса олар жарғы, заңын, ағайын,  
Көріп бүгін, бір сүйініп қалайын!
- Немесе айтсын заң, жарғыны, сынайын,  
Түзік — төрге, бұзықтарын қуайын.
- 6595 Жақсылармен кетті заңның талайы,  
Қалды осалдар, қайдан жақсы табайын!

Пенде болса бойын түзеп, тік жүрген,  
Ол кеткендер періште екен, кім білген!?

Олар өтті, бұлармен не табармын?  
Қалай жүріп, қандай іске жарармын!

Айта-айта, бітірмеспін сөзімді,  
Мен кетейін, тиып өзім өзімді!

(Сөз бітпейді, сөйлегенмен нешеме,  
Жетер осы, сөзің бар ма, кетейін!)

Еш жақсылық таппадым мен, не етейін,  
Шаһар, ұлыс, жұрттан безіп, кетейін!

6600 Атымды естіп, көз көрмеске көшейін,  
Сөзді үзейін, таба алмастай — өшейін!

Қалай шыдап жүрем, азып шыбындап,  
Шаян, шыбын шағып, иттер ырылдап!..

(Шыбындай жеп, шаяндайын шағады\*,  
Үреді иттей — қайсысын мен қағамын!?)

Сұм-сұғанақ ортасында ұлыдым,  
Күні-түні азап артып құрыдым!

Тимесін бар маған жафа-жәбірі,  
Бұзық, сұмнан тұрайын һәм әрірек!

Пайғамбардың өңін берсе, ей, Алла!  
Төрт сахаба жүзін көрсем, ей, Алла!

### III. КІТАП ИЕСІ ҰЛЫҒ ХАЖЫБ ЖҮСІП ӨЗІНЕ АҚЫЛ-КЕҢЕС БЕРЕДІ

6605 Білік біліп — төрден орын аларсың,  
Білік білсең — түзу, берік адамсың.

Біліксіз тіл, жүрек неге жарасын,  
Жанды судай біліктен күш аласың.

Қанша білсең, ізден тағы, тағы да,  
Білікті адам жетер тілек, бағына.

«Білем!» — десең, жырақсың сен білімнен,  
Хас білікті: «Наданмын!» — деп түңілген!

Білік — түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз,  
Қанша сімір, сарқылмайды, білсеңіз!

6610 Біліммен ер басын алып жүреді,  
Ал білімсіз басын оққа тігеді!

(Білімменен өз басыңды сезесің,  
Біле алмаған өз-өзіңнен безесің!)

Білік біліп, биіктей бер, адам бол,  
Иә, елден тыс, мал атанған надан бол.

Білікті бір ойдан, мұннан арылмас,  
Біліксіз құр ыржақтаудан жаңылмас!

Қайғы кешсе білікті, ойы жетектеп,  
Тұрмас надан тау ешкідей секектеп.

Білік — кісен, білікті оймен алаңдар,  
Ал біліксіз тұра шауып, арандар!

6615 Сен — кісенде, білімсіз жүр шідерсіз,  
Кісендесе, кісенді үзер, білерсіз!

\* \* \*

Қол ұмсынып, білім іздеп терледім,  
Сөзді сөзге өріп, тізіп зерледім!

Түркі сөзін көрдім тағы киіктей,  
Ептеп ұстап, қолға үйретіп, демдедім!

Сылап-сипап бақтым, көңіл берді тез,  
Әлі де үркек, сақ һәм жаны шерлі еді...

Мәпеледім сөзім қолға қонғанша,  
Жұпары аңқып, бұрқырап бір бергені.

6620 Сөзді тура, ащы, қатты сөйледім,  
Түзу сөзді ұғар түзу ел дедім...

Оқушыға аса ауыр келмесін,  
Ашық айтып, көрінгенді термедім!

Тура сөзден өзге сөзді сөз деме,  
Дұрыс-бұрыс парқы ақ — кара, бейне бір!

\* \* \*

Төрт жүз де алпыс екінші жыл еді, біл,  
Бұл сөзді айттым жанымды сап, беріліп.

Он сегіз ай құрастырдым, талғадым,  
Теріп түгел сөз сарасын таңдадым!

6625 Тізіп болып, мәпеледім — бүрледі,  
Жұпар шашып, шешек атып гүлдеді.

Қаншама айтсын сөзді кімдер сарқады,  
Бір тынбайды тас бұлақтай артады.

Уа, Жүсіп, керек сөзді тыңдағын!  
Керексізін тіл ұшына алмағын!

Көп сөйледің, сөзің су боп кетпесін,  
Жұрт зерігіп, сөзден жафа шекпесін!

Фәни жалған — опасыз сұм, арбалма,  
Ойлым, өзің алыстау тұр, малданба!

6630 Бұл жалғанға біріктің де кіріктің,  
Қатуланып, үзгін көңіл, үмітті...

Бұл жалғанға сенбе, тастай ішті түй,  
Хакқа сыйын, жалбарын да, соны сүй!

\* \* \*

Фәни жалған қанша елді қайғыртты,  
Қанша жанды тура жолдан айнытты.

Сәнденіп бір таяр саған жымындап,  
Сүйме, сенбе! Қина азырақ, ұрынба!

Жаһанды алған қаншама бек, егіліп,  
Өлім құшып, кетті көзі телміріп!

6635 Өтті күнім, кетті жафа шеккізіп,  
Жігіттікті өкінішпен өткізіп.

Сан мың жаса, ақыры бір өлесің,  
Жиған нәрсең қалар, өзің көнесің!

Сақта, тәңір, сыйынарым бір өзің,  
Ғафыл қылма, сергек қылғай — тілегім!

Жазығым көп, ұятсыз бір құлыңмын,  
Рахым келсе, сенен келер, ұғындым!

Көп күнәға баттым сенен көз жазып,  
Бүгін келдім, жалбарынып мен ғарып!

6640 Неменеге сендің, мұңлық дәуренім?  
Қайдан келдім, түсінбестен әуремін!

Ай, жолыңды, пейіліңді түзегей,  
Қос жаһанда төрден орын тілегей!

Бұл дүние сүйініші өтпелі,  
Ең дұрысы, ол дүниеге көшкенің!

Құлқынды тый, тыйып тыныс, тіліңді,  
Көзінді жұм, тыңдама өлі-тірінді!

Иә, раббым, қолда күллі момынды,  
Рахым еткей, беріп әділ жолыңды!

6645 Мың-мың сәлем пайғамбарға жебеуші!  
Және де төрт серігіне демеуші!

*1976 жыл, наурыз —  
1995 жыл, қыркүйек.*

## ТҮСІНІКТЕР

Шығарманың қарасөзбен, өлеңмен жазылған кіріспе тарауларына, мазмұны мен негізгі бөліміне түсініктер мынадай жүйемен берілді:

Кіріспелердегі (I, II) түсіндірілмек сөз рет-ретімен цифрлармен көрсетілді.

Ал дастанның негізгі бөліміндегі сілтемелер бәйіттің рет санымен сәйкес келеді, тек түсіндірме жасалған бәйіттің тұсына жұлдызша қойылды.

«Құтты біліктің» түпнұсқасында әрбір бәйіт тұтастай рет санымен таңбаланып отырған. Біз де сол жүйеге сүйендік, тек рет саны әр бес бәйіттен соң көрсетілді.

### I

#### *Бісмилләхи-р-рахмани-р-рахим!*

*Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!*

1. **Шын** — Солтұстық Қытай.
2. **Хакім** — қазіргі қолданылып жүрген «әкім» мағынасында емес, контекске қарағанда бұл сөздің мағынасы білікті, озық ойлы, «парасатты, білімді адам» (интеллектуал, интеллигент) дегенге саяды.
3. **Машын** — Оңтұстық Қытай. Машынды Табғаш деп те атаған. Ортаңғы Шынды «Хытай» деп атаған, ал Қашқар — төменгі Шын. (В.В. Бартольд. Сочинения. М., 1966. Т. 5. С. 87).
4. **Мәшрық (көне түркі тілінде)** — Шығыс.
5. Бұғрахан — Түркістан өлкесін 840—1212 жж. билеген Қарахандар әулетінің аты. (Бұл шығарма сыйға тартылған ханның толық аты: Тауғаш — Бұғра Қарахан Әбуәли-Хасан, Сүлеймен Арслан — Қарахан ұлы.)
6. **Мәлік (арабша)** — әкім, хан, патша. Бұл жерде түпнұсқа мәніне сүйеніп мемлекет деген мағынада қолданылды.
7. Бұл аталған шығармалардың бұл күнде елге кеңінен танылғаны «Шахнама» ғана. (Фердоуси, 940 — 1030 жылдар шамасы.) Қалғандары белгісіз. Сондықтан да, бұл бір шығарманың әртүрлі атаулары емес, сол кезде мұндай жанрдың кеңінен таралғандығын білдіреді деген де болжам бар. (Академик Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласағуна и его поэме «Кутадгу билиг!» — Советская тюркология, 1970, №4.) Әйтсе де, түрлі елдердің ғалымдары қабыл қылып, бұл кітапқа «әрбірі әртүрлі лақап ат берді» деген түпнұсқаның өз сөзіне сенген дұрыс...  
*Туран ( түркілер елі)* бертіңгі аталуы — Түркістан.
8. **Мәшрық мәлігі** — Шығыстың әкімі. Нақтырақ айтсақ: Шығыс мемлекетінің бегі.
9. **Хас Хажыб** — (Хажыб, араб сөзі), ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі. Махмұд Қашқаридың ұғындыруына сүйенсек, бұл сөздің түркіше мәні «Тая ану», «Таяныш», яғни хан тірегі, мемлекет таянышы. («Диуани-лұғат-ит-түркі».)
10. **Зүлжәләл** — 1) Бір өзіне аманат; құрметті; 2) Алланың бір сипаты.
11. 6232 сілтемені қараңыз.
12. «**Әнисул Мәмәлік**» бұл атауды қарасөзбен жазылған алдыңғы кіріспеде «Әйинул Мәмләкәт» дейді. Ташкент, Шыңжаң басылымдарындағы түпнұсқа мәтін транскрипцияларында да осындай екі түрлі болып жүр.
13. **Мүлік (мүлік)** — түпнұсқадағы тұлғасы сақталды. Қазіргі «мүлік» мағынасымен үйлескенімен, байырғы мәні — «мемлекет, ел басқару» дегенді білдіреді. (ДТС., стр. 352)
14. **Мәлік** — үкім етуші, әкім, шах.
15. **Мүлікәт** — иелік ету (ДТС., стр. 352);  
**Мүлүк** — иелік етуші, билеуші (ДТС., стр. 352).

16. **Құз орда** — Баласағұн қаласының бір кездегі аталуы. Жетісу өлкесіндегі (Шу өзені, Талас өңірі) көне қала. Көне түркі сөздігінде «Құт орда» деп те жазылған (ДТС., стр. 588).

#### Тақырыптары хақында

«Құтадғу біліктің» бізге жеткен үш нұсқасында да ( Вена—Герат, Каир және Наманған—Ферғана) тараулардың тізімі ( мазмұны) өзара өзгешелеу, тұтастай сәйкес келмейді. «Құтты білікті» зерттеу тарихында үш мәтінді де салыстыра отырып, дастанның тұтас құрамды нұсқасын әзірлеп, жариялаған Түркия ғалымы Рәшит Рахмат Араттың еңбегі елеулі екені мәлім ( Рәшит Рахмат Арат. Құтадғу білігі. Стамбул, 1947). Бұл басылымда да орыс тіліндегі аудармасын жасаған С. Н. Ивановтың, ұйғыр тіліне аударған шынжаңдық аудармашылар тобының тәжірибесін ескере отырып, Рәшит Рахмат Араттың жасаған мазмұнның негізгі басшылыққа алдық. Және қайталауға ұрынбас үшін түпнұсқадағы мазмұнды жарияламауды жөн көрдік. Зерттеушілер түпнұсқадан да тауып таныса алады. Шындығында ұсынылып отырған мазмұннан елеулі, мәнді айырмашылығы да жоқ. ( Шыңжаң басылымында түпнұсқадағы және кейінгі толықтырылған мазмұнның екеуі де қатар ұсынылған.)

Бәйіттердің рет саны да Р. Р. Араттың ұсынған құрамдас мәтін басылымына сәйкес алынды, бұл дүние ғалымдары таныған ортақ үлгі. Түпнұсқа мәтіннің түсіп қалған тұстары ( 84, 85-тарауларда) көп нүктелермен белгіленді. Олардың рет санына ешқандай қатысы жоқ. Түрлі басылымдарды (түпнұсқа, аударма) салыстыра отырып көптеген айырмашылықтарды байқадық. Бірі түпнұсқаны жете сезінбегендіктен, бірі көшірмелерден, әртүрлі оқылудан, бірі көркемдік ізденістің әсерінен кеткен. Солардың ықпалынан туындаған кейбір бәйіттерді ойды неғұрлым толық жеткізу мақсатымен жақшаға алып, қосымша ретінде ұсынып отырдық.

#### ҚҰТТЫ БІЛІК

15. «**Тауққ**» — куә, дәлел. Сәл мағыналық түрлендірумен, қазіргі қазақ тіліндегі «тану», «танық» сөздеріне ұластырып қолдандық.  
«Қос дүние» — бұл жерде «екі дүниені» айтып отыр: «бұл дүние» мен «ол дүние».
45. Түпнұсқада, екінші жолында: « ... Кәдін болды тамға қамұғ савшықа» — дейді. Яғни «кейін барлық пайғамбардың таңбасы болды». («Савшы» — елші, пайғамбар). Мұхаммет — пайғамбарлардың соңғысы, бар пайғамбарларға «таңба» болды демекші (Құран, 33-Ахзап сүресі, 40). Сондықтан «таңбаны» мағыналық тұрғыдан аудардық.
51. **Атық (араб)** — азат етуші, бостандық әперуші. Әбубәкірдің лақап аты.
53. **Фарұқ (араб)** — қайырымдылық пен зұлымдықты айырушы. Әділ деген мағынада Омарға берілген лақап ат. Хақ пен нахақты айырып беруші. Бұл желі Ә. Науаидың «Құстар тілі» дастанында да бар.
54. Шарифатты жария етті демекші; 50—54-бәйіттердегі діни, мифологиялық жайлар хақында В.В. Бартольд шығармаларынан біраз мағлұмат білуге болады. (В.В. Бартольд Сочинения. М., 1966. Т. 6.)
60. **Төрт тұғыр ( негіз)** — От, су, ауа, топырақ...
63. **Тұғар** — Шығыс.
63. Осы тараудың тақырыбындағы «Жарқын жаз» дегендегі «жаз» (көне түркі) сөздіктерде «көктем» деп аударылған. Мағыналық жағынан дұрыс та. Қазақ тілінде «жаз» сөзі болғандықтан тақырыпты сол күйінде қалдырып, мәтінде мағынаға орай «көктем» деп қолдандық.
66. **Балық Қозы** — Он екі шоқжұлдыздың екеуі. Көне түркіше. Қазақ ұғымынан не айырмасы бар?! Орысшасы: «Рыбы, Овен». Қазір (Х.Әбішев терминологиясы) көбінесе «Токты», «Балықтар» деп те жүрміз. Біздіңше, көне түркіше аттары өте орынды әрі ғылыми — мәдени тарихымызға қатысты ерекше мәні бар. Сондықтан да бұржы (зодиак) жұлдыздырының аттарын көне түркіше алдық.  
Бұл жерде Балық — қыстың ақырғы айы, Қозы көктемнің бастапқы айы болғандықтан

- «Балық құйрығынан қозы тұмсығына» ( түпнұсқадан жолма-жол алсақ) деп, бейнелі тілде «қыстан көктемге көшті» дегенді мезгеген.
71. **Кін** — киіктің ерекше иісті безі.  
**Саба** — таң, яғни «таң самалы».
72. **Қыл** — құстың бір түрі. Құр?  
«**Қылқұйрық**» деген ұғым содан қалуы мүмкін.
74. **Көкіш** — құстың бір түрі (ДТС, стр. 313).
78. **Ыбры сүресі** — Дәуіт пайғамбардың мұқаммен оқыған сүресі.
94. **Үнді райы, Кайсар** — жыл құстарын сипаттап отыр.
98. «Хош иісті шырақ; хош иіс, шылым» — деп түсіндіреді (ДТС, стр. 601). Дұрысы шылым шегетін түтікше болар.
120. **Қияметқайым**, ақырзаман болғанша, жер мыстай қызарып жанғанша деген мағынада.
123. **Лұқман** — Шығыстың аты аңызға айналған дана ғалымы.
- 124—147. «Жеті жұлдыз он екі бұржы туралы» тарауда Шығыстың ғарыштану ілімінің заңдылықтары сипатталады. Ғарыш құрылысының бұл жүйесі ІУ— У ғасырларда өмір сүрген грек-сириялық ойшыл Дионисия Псевдо — Арпагиттың космологиялық көзқарастарымен үйлеседі. Аталмыш тарауда жұлдыздар ( планеталар) жерге жақын Айдан бастап емес, керісінше, ең алысынан бері қарай рет-ретімен аталған. Жалпы, Шығыстың көне дүниедегі шығармаларында ғарыш құрылымын, аспан денелерін суреттеу дәстүрлі заңдылық екені ғылымда мәлім жағдай. Бұл Әлішер Науаидың әйгілі «Құстар тілі» дастанында да бар.
- Бұрж ( бұржы) тура мағынасында Зодиак ұғымын береді. Күн жолы. Күннің жыл бойғы қозғалысы өтетін аспан белдеуі. «Бұржы», «Бұрыш» сөзінің синонимі ме деп те ойлап қалғандаймыз. Мысалы: «Он екі бұрыш...»
- 128—129. **Құлабыз** — екі бәйітте аталады. Барлық сөздіктерде «желшы», жол сілтеуші, бағыт-бағдар беруші мағынасында түсіндіріледі. Біз «Құлабыз» сөзінің өзін келтірдік, себебі қазіргі «құбыланаманың» төркіні осында жатқан жоқ па екен деп ойлаймыз. «Құбыланамадан» гөрі «Құлабыз» (компас) әлдеқайда тілге оралымды, шымыр емес пе?!
131. **Секәнтір** — Сатурн, Зұхал; қазақша — Қоңырқай жұлдыз. (Қараңыз: М. Исқақов. Халық календары. Алматы, Қазақстан, 1980. 211-бет. М. Исқақов бұл пайдалы еңбегінде Жүсіп Хас Хажыб дастанында «...ерте кезде белгілі болған бес үлкен планета, бірақ бұл планеталардың көне түрікше (түркіше — *А. Е.*) атаулары келтірілмеген» — деп жаңсақ айтқан). Планета (нысан), жұлдыз атаулары түпнұсқада қалай кездессе солай сақталып, түсінік берілді.
132. **Оңай** — (Юпитер, Мүштәрий). Қазақ тілінде — Есек қырған.
133. **Күруд (Көрүт)** — (Марс, Миррих) Қызыл жұлдыз.
134. **Күн** — түпнұсқада: «Иашық».
135. **Сәбит** — ( Венера, Зухра) Шолпан.
136. **Арзу** — (Меркурий, Утаруд), Кіші Шолпан.
137. **Иалчық** — Ай.
138. **Он екі Өкәк** — Он екі бұрж ( Зодиак).
139. **Қозы** — (Овен, Хамал). Қазіргі оқулықтарда «Токты» деп жүрміз. «Қозы» қандай жарасымды әрі ертедегі ілімге де сәйкес термин...  
**Уд** — **Үді**; ( Телец, Сәуір) «Торпақ» (?) деп жүрміз. М. Қашқари «Уд иылы — Сыйыр жылы» дегенде келтіреді.  
**Ерәндір (Ерентүз)** — Егіздер (Близнецы, Зауза). М. Қашқарида «Мезон» («Мизан») жұлдызы.  
**Қушық** — (Рак, Саратан.) қазіргі оқулықтарда — «Шаян».
140. **Арыстан (Арслан)** — Арыстан (Лев; Өсет).  
**Бұғдай басы** — Бидай басы (Дева; Сүмбіле).  
**Үлгу (Үлгуу)** — Өлкі; Таразы (Весы; Мизан).  
**Чадан** — Шаян (Скорпион, Ақырап). «Бүйі» деп жүрміз.  
**Иа** — Сұрмерген (Стрелец, Қауыс). «Мерген» деп жүрміз.
141. **Оғлақ** — Ұғылақ. Ешкінің лағы (Козерог, Жәді); «Ешкімүйіз» аталып жүр.  
**Көнәк** — Көнәк. (Водолей; Дәлу). «Сукдүшы» деп аталып жүр.  
**Балық** — Балық (Рыбы, Хұт).

- 142—143. Жазғытұрымғы, яғни көктем жұлдыздары (үшеу): Қозы, Үді, Ерентүз; Жаз жұлдыздары (үшеу): Қушық, Арыслан, Бұғдай басы; Күз жұлдыздары (үшеу): Үлгу, Чадан, Иа; Қыс жұлдыздары (үшеу): Оғлақ, Көнәк, Балық.
197. **Иалнұқ (Йалаңұқ)** — адам баласы, пенде. (С. Малов). Жаңылысуға бейімділігі, ғафылдығы болды адамның аты «иалнұқ» болды деген мағынаны аңғартады.
206. **Бұрындық** — көне түркі текстерінде «Б» мен «М» әріптерінің ауысып түсетін жайлары жиі. «Мұрындық» сөзінің бір транскрипциясы.
241. **Заххак** — Иранның эпикалық шығармаларында айтылатын зұлым шах («Шахнама»). Оның екі иығында адамның миымен қоректенетін екі жылан ұялапты-мыс.  
**Фариддун** — Заххакты жеңген әділ, адал мифологиялық қаһарман (Афридун).
264. Терең мағыналы бәйіттердің бірі. Осы жолдарды шынжандықтар да, өзбектер де, Н. Гребнев, С. Ивановтар да аса ықылас қойып, құлпыттып аударған. 264-жол ұйғыр тіліндегі аудармасында да, С. Иванов аудармасында да бірдей. «Невазна, где сесть — во главе ли, в придверье» (С. Иванов), «Ол мейлі есікте, ио төрде тұрар». (Ұйғыршаның жолма-жол көшірмесі.) Біз де түпкі мағынаны ұстандық. Бұларды оқығанда қазір де ел ішіне кең тарап кеткен, Мұхтар Әуезов айтыпты-мыс десетін: «Төр иесі қайда болса, төр сонда!» деген сөздер еске түседі.
268. **Сүзәр (көне түркі)** — сүзіп тазартар, түзіп жөндер, аршып жүйелер деген мағынада.  
**Алып Ер Тоңа** — Афрасиаб. (М. Қашқари, 1-том, 41-бет. Б. Аталай басылымы.)
290. **Нушичрауан** — VI ғасырда өмір сүрген, әділдігімен аты шыққан Иран шахы.
295. **Телбә** — жарымес; ессіз (ДТС, стр. 551).
310. **Кимиэ** — химия.
357. **Ақыбет** — ақыры, соңы; Ақырет.
394. **Шәһадат** — иман сөзі (ДТС, стр. 521).
436. **Елік** — ел басшысы, елбасы, хан.
436. Яғни оған барша жағдай ( жабық қақпа) ашылып, мәлім болды деген мағынада.
485. **Тауар** — түпнұсқа тұлғасы сақталды. «Мал, дүние» мәнінде.
499. **Отағ** — үй, баспана (ДТС, стр. 373); қазақта «отау», «отау үй» сөзі болғандықтан, назар аудару үшін «үй» демей, «отау» деп алдық.
564. **Қыз**. Үш түрлі мағынасы бар; 1) Қыз бала; 2) Қыз, күн; 3) Қымбатты, сирек; аз (ДТС, стр. 449). «Аз» мағынасы жөн.
744. **Ай бұржы...** Айдың бұржыдағы (Зодиак) қазіргі орны — Саратан. Ол үнемі қозғалыста, тынбай айналады, сол орнымен, үйімен Ай да бірге қозғалады дегенді білдіреді.
833. Күннің бұржыдағы қазіргі орны — Сәбит. Ол берік, орнықты деген мәнді меззейді.
852. **Күлік** — атақты, әйгілі адам. Қазіргі «күллі» сөзімен түбірлестікті сезу қиын емес.
874. **Есіз, (Эсіз)** — жаман, зұлым. Біз контекске қарай бірнеше жерде «ессіз» деп әдейі қолдандық.
1053. **Тадулар, төрт таду** — бұл жерде адам жаратылысындағы көне Шығыс медицинасында айтылатын төрт қасиет, төрт сөлді мензеп отыр. Олардың тепе-теңдігі бұзылғанда тән де бұзылады (5866).
1064. **Шәлисә** — мумие.  
**Тіриақ** — апын; ұды қайтаратын дәрі.  
**Матридуэ** — ішімдік дәрі; шығарушының атымен аталған.  
**Өзіт** — шөп дәрі.  
**Чұрны** — 1. **Шырынжан чұрны** — кәргізден жасалған ұнтақ дәрі; 2. **Бес отлыг чұрны** — бес түрлі (дәрілік) шөптен алынған ұнтақ дәрі; 3. **Иүрек сықылмақтың бозмагның чұрнысы** — жүрек қысылғанда, тұншыққанда (ішетін) дәрі; 4. Ас қорытатын; іш жүргізетін қоспа дәрі.
1114. **Иулүш** — үлес (қыз-қалпында); Бұл жерде «пара» деген мағынада. Өлбетте, ол кезде «пара» деген жоқ ұғым. Сондай-ақ «елдің басы» дегенді «ел жуаны» деп контекске жақындата аудардық.
1388. **Мүсәпір** — жолаушы ; байырғы мәні контекске қарағанда «қонақ». («Үйден қырық қадам шыққан адам мүсәпір»). Өсте де қазіргі «мүсәпір» емес.
1473. **Жан алғыш** — Өзірейілді мензеп отыр.
1519. **Шаһадат** — иман сөзі: «Алладан басқа тәңір жоқ» (Лә-илләһә иллә Алла!).
1623. **Ұрықлыг кісі өлсе ұрғы қалар** — Ұрықты кісі өлсе, ұрқы қалар. (Жолма-жол, тура мағынасы). Біз осы мағынаны ұстанып, көркемдік, қазіргі түсінік-таным талаптарын ескеріп аудардық.

1697. *Адаш-қолдаш* — дос-жолдас, құрбы-құрдас;  
*Ердәш* — таныс, дос-жаран.  
 1699. *Арқа* — арка, тірек, таяныш.  
 1704. *Көгүт мег* — басқа аудармашыларда бірде «бос ат тектес», бірде «көш секілді» деп түсіндіреді. Біз мағынасына қарай «Күрүт» (Марс) жұлдызы болар деп топшылаймыз.  
 1758. *Иагма* — түркі руларының бірі.  
 1765. Мұның барлығы асыл текті ( жоғары мәртебелі) бектікті білдіретін белгілер ретінде айтылып отыр. (Ат, қару, таңба т.с.с.).  
 1868. *Өзг уа мегіт* — орта дәулетілерден шыққан ақсақалдарды, қағанның кіші балаларын солай атаған. (М. Қашқари.); «Өгә» жеке тұрғанда ойшыл, ақылды дегенді де білдіреді.  
 1907. *Сәбән* — себеп; Бұл жерде дәлелі, себебі деген мағынада.  
 1953. *Білік ламі кетсе, бек аты қалар* — бұл жерде «Білік» сөзінің араб әліпбиімен жазылуын мезгеп айтқан. «Ләм», яғни «л» әрпін алып тастаса, құр «бек» деген сөз ғана қалады демекші...  
 1962. *Өтүкен* — Жер аты (М. Қашқари).  
 2032. *Ниймәт (Низмәт)* — нәсіп; Тіршілік ризығы.  
 2104. *Фәсәд (араб)* — бейбастақтық, зинақорлық.  
 2107. *Қара* — қара халық.  
 2129. *Құжжәт (араб)* — дәлел; куәдүрлік.  
 2132. *Көк иылдыз* — қосарланып келгенде «тұғыр, негіз» дегенді білдіреді. Көк пен жұлдыздың мәңгілігіне қарай бейнелеп айтылған сияқты.  
 2227. *Төрүтмәзда ашнұ байат бұ гәлам, Төрүтті иорытты бұ ләвһ-у-қәлам*  
 Тәңрі бұл әлемді жаратпастан бұрын, әуелі,  
 Бұл тақта мен қаламды жаратты, жүргізді. Исләм дінінің түсіндіруі.  
 2248. *Еш, ес* — дос, серік.  
 2251. *Білішін* — білісін.  
 2260. *Қарасы* — қара халқы.  
 2278. *Мал* — бұл жерде дүние-мүлік, нәрсе мағынасында. («Нән...» яғни «зат», нәрсе).  
 2342. *Иәзәк* — шолғыншы; барлаушы.  
*Тұтақы* — шарлаушы, түнде жіберетін атты шолғыншы. «Тұтушы, ұстаушы» деген дұрысырақ.  
 2347. *Тойұқ* — ставка, қол басқару орны; Біз «орда» деп алдық, «Ханорда», қолбасшы ордасы...  
 2477. *Қывчак (Қыушак)* — 1. Қыпшак (ру); 2. Қауашак (іші бос, кеуек). С. Н. Иванов «злосчастный» деп аударған. Ұйғыр зерттеушілері «Қуучак» (іші бос, кәуәк) деп алыпты. Өзбек тіліндегі түсіндірме «қифшак (мардан булған) кісі». Біз түпнұсқадағы (Наманған) бәйіттер мәніне орай екі мағынасын да жеткізгенді дұрыс көрдік.  
 2510. *Теңсіз (тең)* — бұл жерде әдеттегіден тыс, жайсыз іс, қылық деген мағынада.  
 2529. *Қануғ баишлар* — қақпа басылар (сөзбе-сөз аударма). С. Н. Иванов «управитель дворца» деп мағыналық жағынан дұрыс аударған. Ұйғыр аудармашылары «Есік ағасы» деп, әрі түпнұсқаға сүйеніп, әрі шығыс әдебінің әдемі жарасымына үйлестіріп алған. Сірә, босаға бағушы, үйді сақтап-күтуші мағынасына орай, түркі халықтарының есік-босағаға байланысты ұғым-нанымдары ескерілген болу керек. Қақпаны күзету ғана емес, ұлы лауазымның құзырына кіруді, қабылдауды, ел-жұртпен байланысты ұйымдастыратын, сарайдағы күллі істі басқаратын міндетті білдіретін «Сарай басы» деген атқа қызыға тұра, «Қақпа басы» деген түпнұсқа тілінен бұра тартқымыз келмеді. Мәтінде, «сарай басы» мағынасында қолдандық.  
 2561. *Тон-толым* — түпнұсқадан қаз-қалпында алынды, қазір де тілімізде кездесіп қалатын тіркес. Тон және ұсақ-түйек жабдық, құрал-сайман дегенді білдіреді. Мысалы, «киім-кешек».  
 2633, 2783. *Хандаса* — Геометрия.  
 2634. *Нард* — дойбының Шығыс елдерінде ертеден кең тараған бір түрі.  
*Шатранж* — шахмат.  
 2635. *Чөген* — ат үстінде арнаулы имек таяқпен доп қуып ойналатын спорттық ойынның бір түрі.  
 2682. *Өтүкен* — түрік жұртының бір тайпа не руының аты да болуы керек. Моңғолияда

- Орхон өзеніне жақын тау сілемдері Өтүкен (VI—VIII ғғ.) деп аталған. Солтүстік Моңғолиядағы қазіргі Ханғай жотасындағы Түкен тауы да кезінде Өтүкен аталыпты.  
 2693. *Бәлағат (Балиғат)* — Қызыл сөз; шешендік. Қазіргі «балағаттың» төркіні осында жатса керек.  
 2714. *Ел* — тек «мемлекет» мағынасында.  
 2715. *Қара* — сия, бояу.  
 2834. *Иағы болса кімкә иадығлық ағы* — Кімнің жауы болса — құрулы ауы. Осы транскрипцияда «Иадығлық» «жайылған», құрылған мәнін білдіреді де, «ағы» кәдімгі ау, тор мағынасына үйлеседі. Ал «ағы» емес, «ағу» болып оқылғанда «у» (ДТС, стр. 24) мағынасын білдірер еді де, поэтикалық жағынан әлдеқайда ұтқыр, контекске дәл шығар еді. Онда, «иадығлық» сөзі (ДТС, стр. 223) «Идышшы» (ДТС, стр. 203), не «ыдығшылық» (ДТС, 217-б.) болып оқылып, ыдыстағы «у» мағынасына үйлескен болар еді. Бірақ қалыптасқан транскрипцияны сақтағанды жөн көрдік.  
 2881. *«Идишши башы»* —кәдімгі ыдыс басшысы, сұйық сусын (шырын, сөл, шарап т.б.) ұстаушылардың басшысы.  
 2887. *Гүәріш* — ас қорытағын;  
*Мәжсүн* — іш тиятын;  
*Чурны* — іш жүргізетін тұнба дәрілер.  
 2904. *Жүләңбін, жүләб* — шырын, тұнбалардың аттары.  
*Жүләңбін* — бал тұнбасы, балдан әзірленген сөл.  
*Жүләб* — қызғылт сусын. Балды немесе шекерді қызғылт шырынға араластырып әзірлеген тұнба.  
 Құрғатылған, кептірілген жеміс.  
 2970. *Тариқат* — діни тәлім, ілім сатысы.  
 2971. *Мүрруәт* — имандылық. Бұл атаулар сопылық ілімнің сатылы тармақтары саналатын — шарифат, тарикат, хақиқат, муарикат атауларынан алынған секілді.  
 3002. *Сарт, сарттар башы* — саудагер, саудагерлер басы.  
 3083. *Мәңгі жарық елге* — ол дүниені мезгеп отыр.  
 3173. (және 3485). Қалаш — қандас, туыс, ал «адаш» «дос-жар», «жолдас» деген сөз. Өзбек аудармашылары «қадашты» «қарындас» деп ұтымды қолданған (қарындас, құрсақ-тас, бір құрсақтан шыққан бауыр). Бізді «қарындас» сөзінің мағыналық астарының құбылысы қызықтырғанын жасырмаймыз. Сондықтан да, бірнеше жерде солай қолдандық та. Әйгілі «Қарындастың болғаны қандай жақсы...» деген халықтық тіркестің мәнін де осындай кең мағынада түсінген жөн сияқты.  
 3181. *Қара* — қара халық.  
 3197. *Тетік* — Осы сөзді алғашқы басылымда «дана» («бөгү») деп аударған едік, бұл жолы түпкі тұлғасын қалдырдық; зерек, сергек, түсінігі бар саналы (адам) деген мағынаны береді.  
 3229. *Зәхид* — Бұл дүниеден бәз кешіп түңілген, дүние қызығынан безген жан. Кісікілік.  
 3251. *Мұңлық* — Бұл жерде мұқтаж, зар деген мағынада.  
 3275. *Түріп* — түру мағынасынан. Орады, бүктеді мағынасында. Түпнұсқаның «бітік (жазба, хаг) түрібі» де түсінікті.  
 3284. *Зүлфі* — шаш;  
*Кесмә* — кекіл.  
 3300. *Ғайыб* — ғайып болу; жоғалу. Бұл жерде: айырылысқандар, жоғалғандар дегені.  
 3387. *Оәұл қыз төрусә кемесі сынұр* — Ұл-қыз туса, кемесі сынар. Мағыналық тұрғыдан екіұшты. Бірақ «төрү» сөзі тек қана «туу», «пайда болу» мәнін береді. Түзу («көнү»), түзулікті бұзған десе қисынға келер де еді. Түпнұсқада, барлық транскрипцияларда бір ғана «төрү» тұлғасы сақталғандықтан, сол күйінде алдық.  
 3439. *Ат ұстәм* — Ат, ер-тұрман, қару-жарак.  
 3407. *Қытшақ* — жауыз, зұлым деп түсіндірілген. Сөздіктерде де солай (ДТС, с. 449). Бірде «қауашак» деп іші бос, кеуек мәніне меззейді.  
 3485. 3187-ні қараңыз.  
 3491. *Шігіл* — 1. Түрік жұртының бір этникалық тобы (М. Қашқари); 2. Қара халық, құл-құтан (ДТС, с.145).  
 3551. *Үші* — басы, бастауы, үші деген мағынада.  
 3563. *Бадал* — 1. Жалған; айырбас қылу (ДТС, с. 90);  
 2. Бедел; бедел қылу; алдану.

3697. **Тәңірі** — түпнұсқа осылай болғандықтан, бергінгі ұғымдарға бейімдемей, сол күйінде қалдырдық.

3706. Туар; Батар — кәдімгі *туғар*, *туар* мен *батар* ұғымдарынан туған — «Күншығыс» пен «Күнбатыс»... «Өрлем» сөзін де сол күйінде алдық.

3948. **Рүми қызы** — Күнді мезгеп отыр.

3995. 3485-ті қараңыз.

4046. **Таңбаши** — Бұл жерде, мөр ұстаушы, «мөрші», «танба басушы» мағынасында.

4056. **Әліг қапшұру** — «қол қусырып» деген ұтымды тәрізді.

4067. 4142. **Көк айықтық** — лауазым дәрежесі. («Түркмендерде бастықтарға берілетін атақ»; Ташкент басылымы, 1972 ж.). Қазақтың «көк етікті» деген тұрақты тіркесі де бар. С.Н.Иванов өз аудармасында (1983 ж.) «наперник» деп, ең сенімді, етжақын адам (С. Ожегов) деген мағынада қолданыпты.

4068. **Инани, шағры, тегін** — лауазым, дәреже аттары.

4069. **Иабғы, ұқрұш, ел бегі** — қызмет, атақ, дәреже атаулары.

4089. Жақшаға алынған егіз жол Ташкент басылымында ғана бар. Басқа басылымдарда жоқ болғандықтан кірістірдік.

4111. Бұл жерде екінші тармақтағы «...иәмә тұрмағыл», «...иәмә кірмәгіл» деген құрамдас сыни текст пен Наманған жазбасының арасындағы транскрипциялық оқылуы айырмашылығынан екі түрлі жол туып тұр. Әрі екеуі қарама-қайшы мағынада. Сондықтан мұны оқырмандарға да аңғарту мақсатымен кейде әр жазбаның мәндік астарын білдіру үшін осылай жеткіздік.

4114. **Багдаш** — аяқты астыға бүгіп отыру (ДТС, с. 77) (Малдас — ?).

4137—4138. Наманған нұсқасы бойынша аударылды.

4139. Жақша ішіндегі қос жол Наманған үлгісінен мүлде өзгеше (алдыңғы қос жол).

4198. **Сығыршұқ** — Қараторғай (М. Қашқари).  
**Қақ** — қаздың бір түрі

4198. Бұл тармақтың жақша ішіндегі нұсқасы Наманған жазбасы негізінде аударылды. Ал ондағы «қақыра» құрамды сыни мәтінде «қақ ара» («қаз арасында») деп те оқылған.

4246. **Қаршы** — Сарай.

4346. **Иәгу** — жеу; жейтін нәрсе.

4349. **Әймәнүк** — ұят; ұяңдық. «Аймандай» сөзінің мағыналық тұғыры ма деп те ойлаймыз.

4361. **Афсыныш** — құшнаш; бақсы; сиқыршы.

4365. **Бітік** — жазба; бұл жерде тұмар мәнінде.

4379. **Зачв, қисмат, күсүр** — көбейту, бөлу, бөлшек.  
**Иттихан** — емтихан.

4380. **Тәзыйф** — сандардың өсу қатары.  
**Тансиф** — алу.

4381. **Мәсахат (Місәхат)** — жер өлшеу, жер бөлу.

4382. **Мұқабал** — алгебра.  
**Ұқлидис** — Евклид.

4415. 2104-сілтемені қараңыз.

4423. 3706-сілтемені қараңыз.

4435. 1388-сілтемені қараңыз.

4439. **Жылқы (ыылқы)** — мал деген мағынада. Қазіргі қазақ тілінде тек «жылқы» мағынасында болса, онда күллі төрт түлік малды білдірген тәрізді.

4448. **Қылыниш** — құлық. «Қылық, іс-әрекет» деген мағынасы бар.

4643. Айтқан тілді ал, ақыл-кеңесімді ұқ деген мағынада.

4710. Халық аңыздарында кездесетін қаһарман Шаддатты мезгеп отыр. Жәннат бағына кірерде Шаддаттың жанын Өзірейіл алады.

4711. Мифологиялық патша Намрудты айтады. Аңқұмар патша бүркітті ерттеп мініп, көкке ұшқанда аралар шағып өлтіреді.

4712. **Перғауын** — Өзін құдаймын деп санаған зұлым. (Құран, 28-Қасас сүресі, 38.); Тәңірі оны теңізге тастап жіберген (Құран, 28-Қасас сүресі, 40; 40-Ғафыр сүресі, 36, 45, 46.)

4713. Аты әйгілі Қарұн. (Құран, 29-Ғанкәбүт сүресі, 39).

4714. Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский б. э. д. 356—323.). (Құран, 18-Кеһф сүресі, 83, 84, 86.).

4715. Мұса пайғамбар, жылан бейнелі сиқырлы асатаяғы болған. (Құран, 7-Ағраф сүресі, 104, 107, 117; 26-Шұғара сүресі, 31, 32, 63.).

4716. Сүлеймен пайғамбар. Аңыздарда айтылғандай, Сүлейменнің жүзінде жазылған, ауызға алып айтылмаған Алланың құдіретті, өзгеше есімі тек соған ғана мәлім болыпты-мыс. (Құран, 2-Бақара сүресі, 102.).

4717. **Иса (Ғайса)** пайғамбар. (Құран, 5-Мәида сүресі, 78,110.)

4718. **Мұхаммет пайғамбар**. (Құран, 2-Бақара сүресі, 129,142.)

4752. **Ыла еркіні** — Ыла руының батыры, басшысы.

4806. **Қадаш** — қандас, туыс-туған.  
**Адаш** — дос, жолдас.

4819. **Шығай** — кедей, пақыр. «Шық бермес Шығайбайдың» атымен үндестігі де «Құтты біліктің» қазақ әдебиетіне туыстығын білдіреді.

4885. **Рүми қызы** — Рүм қызы; Күнді мезгеп айтылған.

4886. **Зәңгі жүзі** — Зәңгі өңді; Қара түнді бейнелеп отыр.

4888. **Бақыр соқын** — Миррах — Марс. (Қызыл жұлдыз).

4889. **Чадан** — Шаян, ақрап.

4892. **Ғәбир** — хош иіс; жұпар.

4944. **Иарлықасын** — жарлықасын; жарлық етсін.

4960. **Минә** — эмаль.

5000. **Хинди** — үнді, үнділік.

5130. 852 — сілтемені қараңыз.

5154. **Шәкәр, қант** — бұған дейін барлық зерттеушілер, осылай оқып, осылай аударған. «Шаһар, кент» деп түсінген дұрысырақ көрінгенімен, қалыптасқан үлгісінен шықпадық.

5369. **Кәвәл тазы** — алғыр тазы.  
**Бүктәл** — жылқы тұқымы.  
**Арқұн** — Жабайы жылқымен буданнан шыққан жүйрік арғымақ.

5377. **Той, тұт, үгдүк, тодлыш, қақ, қордай, иузақ** — құстардың атаулары.

5486. **Бұрхан** — пұт.

5575. **Ийәрі** — алтын, күмістің тазалығы, хас асылдық деңгейі.

5675. **Қарақұс** — Юпитерді мезгеп отыр.

5676. **Иылдырық, Азғыр, Ерентір** — жұлдыз атаулары.

5677. **Сүкіш** — қырғауыл; Фазан (В. В. Радлов).

5803. **Тазы тай** — асыл тұқымды арабы тұлпар.

5810. «Көне түркі сөздігі», С.Е.Маловтың сөздігі бағалы еңбектер. Әйтсе де, сөздіктерге сүйене отырсақ та, түпкі нұсқадағы қазіргі тілімізге етене жақын, төркіні бір бірқатар сөздерді көп жағдайда сол күйінде пайдаландық. Мысалы, «Тануқ» сөзін С.Е.Малов «куә» деп түсіндіреді. Ұйғыр аудармашылары да («гуә»), С.Н.Иванов та осы мағынада қолданысқан. Біз «тануқ» сөзі сыртқы-ішкі бітімінің өзімен-ақ қазақтың кәдімгі «тану», «танылуына» үндесетіндіктен, түрлендіруге бара қоймадық.

5855. Қазіргі аударма тәжірибесінде «құдай», «жаратқан», «хақ», «алла», «тәңір» т. б. сияқты сөздердің түрлі рендері, мағыналық астарлары қалыптасып, жүйеленгені белгілі. Бірақ бұл шығарма ежелгі түркі тіліндегі рухани жақын, төл мұрамыз болғандықтан, аса еркін түрлендіруге ерік бермей, түпнұсқада «тәңір» деген жерде «тәңір», «байат» деген жерде «хақ», ілуде бір «құдай» т. с. с. деп сол күйінде алып отырдық. Бұл қағидат көне тарихи — әдеби мұраға қатысты болғандықтан, өзін-өзі ақтайтынына кәміл сенімдіміз.

5866. Ежелгі Шығыс медицинасында адам тәнінің тіршілік негізі төрт түсті сұйық зат екендігі түсіндіріледі. Оның бірі: қызыл түсті сұйық — қан, сары түсті — өт сөлі, қара түсті — ірін, ақ түсті — сілекей. Көне медицина бойынша осы төртеудің өзара тепе-теңдігі бұзылса, адамның жан-тәнінде де ауытқу, ауру-сырқау болады деп сендірген. Бұл Гипократтың дененің төрт «сөлі» туралы ілімімен сәйкес келеді, бәлкім, соның негізі болуы да мүмкін. Бұл ілім бойынша адам мінез-құлқының, қабілетінің төрт ерекшелігі жіктелген: сангвиник — қан, флегматик — сілекей, холерик — өт сөлі көп болғанда, меланхолик — қара сөл көп болғанда.

6191. Көне түркі тіліндегі «көні» сөзі «тура», «дұрыс», «түзу» деген мағынаны береді. Мысалы: «Көні төрі» («түзу заң»), немесе «түзу сөз». Осылай аудардық та.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Әйтсе де қазақ тілінде «көне» сөзі бар ғой. Әрине, мағынасы бөлек. Осы сөздің этимологиясына назар аудару мақсатымен, бұл бәйітте «көні» деп түпнұсқадағы тұлғасын қаз-қалпында қалдырдық. Шынында, екі мағына да контекстке үйлесе кетеді. Әрине, «көне» деп оқығанмен, түпкі мағынасы «тура», «түзу» деп ұққан жөн.
- 6216 **Үлкер** — Үркер.  
6219. 5675-сілтемені қараңыз.  
6220. **Иетікен** — Жетіқарақшы.  
6221. 5676-сілтемені қараңыз.  
6222. **Бірдің** — белгілі жағдайларда оқылатын дұғалардың бірі.  
6232. Саңа түгмәдім мен бұ қашим көзүм — бұл жерде, кәдімгі қазақ тіліндегі «қабағымды түймедім» әлдеқайда жағық, сауатты. Әйтсе де «көз қасымды түймедім» деген түпнұсқа тіркесінде сол дәуірдің белгі-бедері жатқаны күмәнсіз. Әрі қазіргі оқырманға ұғынықты болса, несіне түрлендіреміз.  
6286. **Құмары** — өсіет, насихат; қолбала. Бұл жерде Одғұрмыштың өсіетін аманатқа алған шәкірті, қызметшісі я қолбаласы мағынасында .  
6305. Түпнұсқада мәтін осы тұсында үзілген.  
6432. **Пәнд** — өнеге; насихат. Біз ғұмыр шындығы, сабағы деген мағынада алдық.  
6474. **Ұз** — шебер; өнерлі. Біз «Ұста» сөзін кең мағынасында қолдандық.  
6514. **Пәлід** — кір, лас; сасық; қазақша «пәле» ұғымы болғандықтан түпнұсқадағы «пәлені» сақтадық. 1986 жылғы басылымда «Шірік» деп аударған едік. («Шіріктен тек шірік аңқып тұрады»)  
6531. С. Н. Иванов аудармасында «һазанды» «күз» деп алған, біз қазан күйінде қалдырдық.  
6547. **Хұсрау** — Иран шахы (590—628).  
**Қайсар** — Рум шахы.  
**Шәддәду** — 4710-сілтемені қараңыз.  
6549. **Қайдар** — Қазірет Әлінің аты, «арыстан» дегенді білдіреді.  
**Рүстем** — «Шахнамадағы» қаһарман батыр.  
6550. **Иса** — пайғамбар. 4717-сілтемені қараңыз.  
**Нұшырбан (Нуширрауан)** — Иран шахы (539—579), күшті, қуатты әмірдің поэтикалық бейнесіне айналған.  
6551. **Әсхаби Рас** — мифологиялық тұлға.  
6558. **Ұзын толлы** — әйел.  
6559. **Нығмет** — «Құран кәрімде»: «ырыс, игілік, рақаттылық» деп түсіндіреді. «Рақат, ләззат» мәнін алдық.  
6572. **Бақшы** — тағы; кісікіік. Біз алғашқы басылымда «Тағылықпен шөлді кезіп...» деп, өз мағынасында аударғанбыз. Түпнұсқадағы «Бақшы» төл тіліміздегі «Бақсымен» үндес болғандықтан әрі мағынасы да аса өзгермейтіндіктен, осы редакцияға тоқтадық.

1. *Ақынжанов М.* Қазақтың тегі туралы. Алматы: Қазмембас, 1957.
2. *Арат Р.Р.* Құтадғу билиг. I. Метин. Истамбул, 1947.
3. *Әуезов М.* Шығармалар. Он екі томдық. Алматы: Жазушы, 1969. 11-т.
4. *Баласағунский Ю.* Наука быть счастливым. М.: Худ. лит., 1977.
5. *Баласағунский Ю.* Благодатное знание. М.: Наука, 1983.
6. *Валитова А.А.* Юсуф Баласағунский и его Құтадғу билиг. М., 1951.
7. *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995.
8. *Егеубаев А.* Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. Алматы, 1999.
9. *Егеубаев А.* Құлабыз. Алматы, 2001.
10. *Егеубаев А.* Идеино-художественное влияние поэмы “Құтадғу билиг” Юсуфа Баласағунского (XI в.) на развитие казахской литературы (вопросы традиции, поэтики и перевода). Автореферат канд. дисс. Алматы, 1989.
11. *Егеубаев А.* Кісілік кітабы. Алматы, 1998.
12. *Жолдасбеков М.* Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1990.
13. *Жүсіп Баласағұн.* Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев). Алматы: Жазушы, 1986.
14. *Жүсіп Баласағұн.* Құтты білік (Ауд. А.Қ.Егеубаев). Пекин: Ұлттар, 1989.
15. *Жүсіп Ыас Ыажиб.* Құтадғу билиг. Пекин: Ұлттар, 1984.
16. *Иванов С.Н.* О “Благодатном знании” Юсуфа Баласағунского. М., 1983.
17. История всемирной литературы. М.: Наука, 1985. Т.2.
18. *Келімбетов Н.* Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. Алматы: Мектеп, 1986.
19. *Келімбетов Н.* Көркемдік дәстүр жалғастығы: ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары. Астана: Елорда, 2000.
20. *Кляшторный С.Г.* Эпоха “Құтадғу билиг”// Советская тюркология. 1970. №4.
21. *Кононов А.Н.* Поэма Юсуфа Баласағунского “Благодатное знание”. — В кн.: Баласағунский Ю. Благодатное знание. М., 1983.
22. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской литературы. М.-Л., 1951.

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов двадцатитомного сборника “Әдеби жәдігерлер” (“Литературные памятники”), издаваемого в рамках Государственной программы “Мәдени мұра” (“Культурное наследие”).

Пятый том данной серии включает в себя поэму “Құтты білік” видного тюркского поэта, мыслителя и ученого Юсуфа Баласагуна (1017—1075).

“Құтты білік” (“Благодатное знание”) — выдающееся произведение тюркоязычной литературы средневековья. Это — философское произведение, в котором анализируются смысл и значение человеческой жизни и определяются обязанности и нормы поведения человека в обществе.

Поэма “Благодатное знание” Юсуфа Баласагуна является первым произведением классической тюркоязычной литературы. Это произведение — не только политический трактат: поэма включает в себя сумму знаний по различным областям науки, культуры эпохи средневековья. В ней рассматриваются проблемы смысла жизни, предназначения человека, его места и роли в мире. Поэма содержит детали быта кочевников и охотничьего обихода, где встречаются изречения, пословицы и крылатые выражения.

Поэма “Қутадғу биліг” стала известна западному миру благодаря усилиям австрийского востоковеда фон Хаммер-Пургшталя, которому данная рукопись попала в 1796 году в Стамбуле и была подарена им Венской библиотеке. Первое издание на немецком языке было осуществлено известным востоковедом Г. Вамбери. В научный оборот текст поэмы был введен в полном объеме В.В.Радловым в 1891—1900 годах, представившем наряду с оригиналом перевод его на немецкий язык. На русский язык отрывки из поэмы впервые перевел известный ученый С.Е. Малов. Вольный перевод под названием “Наука быть счастливым” был осуществлен Н.Гребневым в 1977 году. К.Керимов перевел поэму на узбекский язык в 1896 году. Р.Р. Арат провел большую работу по критическому осмыслению текстов всех рукописей и представил в 1947 году научно достоверный свод поэмы. Под названием “Благодатное знание” полный текст “Қутадғу биліг” перевел на русский язык С.Н. Иванов в 1983 году. В 1986 году известный ученый-литературовед, поэт, доктор филологических наук, профессор А.К. Егеубаев (1950—2006) впервые перевел поэму “Қутадғу биліг” на казахский язык.

Настоящий том подготовлен на основе последнего издания “Құтты білік” (2006, перевод, предисловие и комментарии А.К. Егеубаева) и в соответствии с принципами издания серии “Әдеби жәдігерлер”, снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемом тексте поэмы и его различных изданиях, краткий историко-литературоведческий и текстологический анализ поэмы “Құтты білік”, данные об исторических и религиозных деятелях, мифологических персонажах, имена которых встречаются в тексте поэмы, словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, а также астрономических и географических названий, список использованной литературы, резюме на русском и английском языках.

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of twenty volume collection “Adebi zhadigerler” (“Literature monuments”) in the frame of the State program “Medeni Mura” (“Cultural heritage”).

Fifth volume of the mentioned series includes the poem “Kutti bilik” (“Graceful knowledge”) of the well known Turkic poet, philosopher and scientist Usup Balasagun (1017—1075).

Ethics-didactic poem “Kutti bilik” (“Graceful knowledge”) is an outstanding work of Turkic language literature of the medieval period. This is the first original composition of Turkic language fiction which includes philosophic analysis of the meaning of human life, responsibilities and norms of human behavior in the society.

“Kutti bilik” is not only political work but also a summary of knowledge in various fields of science and culture of the medieval epoch, the poem includes summary of the material with philosophic understanding of the author’s life positions, human intention, place and role in the society. Balasagun’s work presents a wide system that highlights both issues of general philosophic character and life-practical, ethnical and esthetical aspects.

Poem “Kutti bilik” became well known to the West countries thanks to the efforts of von Hammer-Purgstal the Austrian researcher of Oriental studies who found this manuscript in 1796 in Istanbul and donated it to the Vienna library. First edition of the poem in German language was done in 1870 by the well known Oriental studies specialist G.Vamberi. The full volume of text of the poem was introduced by the well known researcher of Oriental and Turkic studies V.V.Radlov in 1890-1900. The fragments of the poem have been first translated into Russian language by the researcher S.E.Malov. Free translation under the title “Science how to be happy” was done by N.Grebnev in 1971. In 1896 K.Kerimov has translated the poem into Uzbek language. R.R. Arat has done great job on critical understanding of the texts of all three manuscripts (Vienna, Cairo, Namangan) and has presented scientifically authentic text of the poem in 1947. In 1983 S.N.Ivanov has translated into Russian language the complete text of the poem under the title “Graceful knowledge”.

In 1986 the well known researcher, specialist of literary studies, poet, Doctor of Philology, professor A.K. Egeubaev (1950-2006) first translated the poem “Kutadgu bilig” into Kazakh language. This translation of A.K. Egeubaev was republished in 1989 in Beijing and in 2006 in Almaty.

The book includes the detailed description of the nomads life and hunters life with the sayings, proverbs and pithy expressions.

This volume is based on the last edition of “Kutadgu bilik” in Kazakh language (2006, translation, foreword and comments of A.K.Egeubaev) and according to the principles of the edition “Adebi zhadigerler” the volume has scientific supplements which include the following: data on published text of the poem “Kutti bilik” and its various editions, brief historic- literary and textologic analysis of the poem; data on historical and religious figures, mythology personages of the literary works, whose names are mentioned in the text “kutti bilik”; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, geographic and astronomic names; list of used literature; summary in Russian and English.

## МАЗМҰНЫ

Түркі әлемінің ұлы мұрасы .....	7
I. Қарасөзбен жазылған кіріспе.....	52
II. Өлеңмен жазылған кіріспе .....	54
III. Тақырыптары.....	59
1. Өзіз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады .....	63
2. Өләйхис-сәләм, құдіретті пайғамбар! .....	65
3. Төрт сахабаның қасиеттері, құдіреті туралы айтылады .....	66
4. Жарқын жаз, аса қадірлі ұлық Бұғрахан қасиеті айтылады .....	67
5. Жеті жұлдыз, он екі бұрұж туралы айтылады .....	71
6. Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады.....	73
7. Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады .....	74
8. Кітап иесі өз құзырын айтады.....	77
9. Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары айтылады .....	79
10. Білім, ақылдың қасиетін, пайдасын айтады .....	83
11. Кітапқа ат қойылуы және қарттық туралы айтады .....	87
12. Сөз басы — Күнтуды Еліктің өзі .....	91
13. Айтолдың Күнтуды Елікке қызметке келуі айтылады .....	95
14. Айтолдың Күнтуды Еліктің қызметіне (құзырына) көрінуі айтылады .....	105
15. Айтолды Елікке өзі Дәулет екенін айтады.....	107
16. Айтолды Елікке Дәулет сипатын әңгімелейді .....	110
17. Күнтуды Елік Айтолдыға Әділдің сипаттарын айтады.....	118
18. Күнтуды Елік Айтолдыға әділдіктің сипатының қандай екендігін айтады.....	120
19. Сөздің қадір-қасиеті хәм турашылдығы, шыншылдығы жайында .....	131
20. Құттың құбылмалығы мен дәулеттің баянсыздығын әңгімелейді .....	138
21. Айтолдың ұлы Өгдүлмішке айтқан ақыл-өсиеті .....	146
22. Айтолдың ұлы Өгдүлмішке өсиеті .....	154
23. Айтолдың Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады .....	158
24. Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады.....	173
25. Өгдүлміштің Елікке жолығуы баяндалады.....	175
26. Өгдүлміштің Күнтуды Елікке қызметке кіруі айтылады.....	176
27. Өгдүлміш Елікке ақылдың қасиеті туралы әңгімелейді.....	195
28. Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады .....	201
29. Өгдүлміш уәзір қандай болуы керектігін айтады .....	219
30. Өгдүлміш Елікке әскер басшылары, қолбасшылар қандай болуы керектігін әңгімелейді .....	225
31. Өгдүлміш Елікке ұлығ хажыбтыққа қандай ер керек екенін айтады .....	237
32. Өгдүлміш Елікке қақпа басыға қандай ер керектігін айтады .....	244
33. Өгдүлміш Елікке елшілікке жіберуге қандай кісі керектігін айтады.....	249
34. Өгдүлміш Елікке шежіреші-хатшылыққа қандай кісі керектігін айтады.....	254
35. Өгдүлміш Елікке қазынашылыққа қандай кісі керек екенін айтады .....	259
36. Өгдүлміш Елікке асбасшы /хан салар/ қандай болуы керектігін айтады .....	265
37. Өгдүлміш Елікке ыдысшы басшысы қандай болуы керектігін айтады.....	269
38. Өгдүлміш Елікке қызметшілердің хақы, бектердің парызы қандай болуы керектігін айтады .....	275

39. Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа хат жазып, жолдағаны айтылады .....	291
40. Өгдүлміштің Одғұрмышқа баруы айтылады .....	298
41. Одғұрмыштың Өгдүлмішпен сұхбаттасқаны айтылады .....	300
42. Одғұрмыш Өгдүлмішке дүние айыптарын айтады.....	314
43. Өгдүлміш Одғұрмышқа бұл дүниемен бірге о дүние қамын ойламақты айтады.....	323
44. Одғұрмыштың Елікке хат жазып жолдауы айтылады .....	328
45. Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа екінші хатты жазып, жолдауы айтылады .....	340
46. Өгдүлміш пен Одғұрмыштың екінші қайтара әңгіме-сұхбат құрғаны айтылады.....	345
47. Өгдүлміш Одғұрмышқа бектерге қызмет істеудің заңдары мен тәртіп-тәсілдері туралы айтады .....	349
48. Өгдүлміш сарайдағы қызметкерлермен қалай қарым-қатынас жасау туралы айтады .....	358
49. Өгдүлміш Одғұрмышқа қара халықпен қалай қатынасу керектігін айтады.....	368
50. Әулиелермен қатынасу жайы айтылады .....	369
51. Білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігі айтылады.....	369
52. Оташылармен қалай қатынасу керектігі айтылады .....	370
53. Құшнаштармен (бақсы, балгер) қалай қатынасу туралы айтылады.....	371
55. Жұлдызшылармен қалай қатынасу туралы айтылады.....	372
56. Ақындармен қалай қатынасу жөнінде айтылады.....	373
57. Дикандармен (тарышылармен) қалай қатынасу жайлы айтылады .....	373
58. Сатушылармен қалай қатынасу айтылады.....	375
59. Малшылармен қалай қатынасу айтылады .....	376
60. Шеберлермен (қолөнершілермен) қалай қатынасу жөні айтылады .....	377
61. Кедей, пақырлармен қатынасу жайлы айтылады .....	378
62. Қандай әйел алу керектігі айтылады .....	378
63. Ұл-қыз туса, оларды қалай тәрбиелеу айтылады .....	380
64. Қол астындағы қызметшілерді қалай ұстау жайы айтылады.....	382
65. Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (конаққа) барудың салт-дәстүрлерін айтады ....	385
66. Өгдүлміш Одғұрмышқа асқа (дәмге) шақырмақ жөнін айтады.....	389
67. Одғұрмыш Өгдүлмішке бұл дүниеден жүз бұрып, барға қанағат етіп, о дүниеге пейілді болу туралы айтады.....	392
68. Күнтуды Еліктің Одғұрмышқа үшінші жолы шақырту жіберуі айтылады ....	408
69. Одғұрмыштың Өгдүлмішке таман келуі айтылады .....	414
70. Күнтуды Еліктің Одғұрмышпен көрісуі айтылады.....	415
71. Одғұрмыштың Елікке ақыл-кеңес беруі айтылады.....	421
72. Өгдүлміш Елікке ел басқару заңын айтады .....	442
73. Өгдүлміштің текке өткен тірлікке ашынып, тәубаға келгендігі айтылады.....	453
74. Одғұрмыштың Өгдүлмішке кеңес беруі айтылады.....	458
75. Адалдыққа — адалдық, кісілікке кісілік жасау туралы айтады .....	461
76. Одғұрмыштың науқастанып, Өгдүлмішті шақыртуы айтылады .....	472
77. Өгдүлміш Одғұрмышқа түс жору туралы айтады.....	475
78. Одғұрмыш Өгдүлмішке түс көргенін айтады .....	478
79. Өгдүлміштің Одғұрмыштың түсін жоруы айтылады .....	478
80. Одғұрмыштың бұл түсті басқаша жорығаны айтылады .....	479
81. Одғұрмыштың Өгдүлмішке өсиет бергені айтылады .....	481
82. Одғұрмыштың құмары Өгдүлмішке Одғұрмыштың өлімін естіртеді.....	493

83. Одғұрмыштың шәкіртінің Өгдүлмішке көңіл айтуы .....	494
85. Еліктің Өгдүлмішке көңіл айтып жұбатуы .....	495
I. Жігіттікке ашынып, өкініп, қарттық хақында айтқандары.....	509
II. Заманның бұзылғанын, достардың жафасын айтады .....	511
III. Кітап иесі ұлығ Хажыб Жүсіп өзіне ақыл-кеңес береді.....	514
Түсініктер.....	517
Пайдаланылған әдебиеттер .....	529
Резюме .....	530
Summary .....	531

*Ғылыми басылым*

## **ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР**

**Жүсіп Баласағұн**

**ҚҰТТЫ БІЛІК**

Көне түркі тілінен аударып,  
алғы сөзі мен түсініктерін жазған

**А.Қ.Егеубаев**

*Редакторы З.К.Башбаева  
Техникалық редакторы Г.А.Сәбитова  
Көркемдеуші редакторы С.Бахретдинов  
Компьютерде беттеген А. Молдахметова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ №13

Басуға 22.08.07 ж. Қол қойылды. Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылым.  
Офсеттік қағаз. Әріп түрі “Times New Roman”.  
Шартты баспа табағы 33,5. Есептік баспа табағы 30,0.  
Таралымы 3000 дана.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС.  
050026, Алматы қаласы, Ғ.Мұрағбаев көшесі, 61-үй  
Тел./факс 234-18-45, тел.: 234-18-46, 234-18-47, 234-18-48